83.3 К23 7
М 88

СӘБИТ МҰҚАНОВ ТАҒЛЫМЫ

СӘБИТ МҰҚАНОВ ТАҒЛЫМЫ

Әдеби-сын мақалалар

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1990

ББК 83.3 Каз 7
С 28

Құрастырып, баспаға дайындағандар С. Мұқанов музей-үйінің директоры *Нәйла Мұқанова* және музейдің ғылыми қызметкері *Қайрат Раев*.

Пікір жазғандар: *Қ. Ергөбеков, Қ. Керейқұлов*

Редакторы *Б. Ақбұзауова*

С $\frac{4603020100-146}{402(05)-90}$ 173—90

ISBN 5-605-00675-4


30606

© «Жазушы» баспасы, 1990

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. Муканова г. Петропавловск

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖОЛ ТАПҚАН БАР ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮРЕГІНЕ





Ғабит ***МҮСРЕПОВ***

ХАЛҚЫМЫЗ ТАНЫҒАН ЖАЗУШЫ

«Қазақ ССР тарихының» екінші томында «Қазақ совет әдебиетінің тарихында Сәбит Мұқановтың еңбегі ерекше орын алады» делінген. Бұл — елу жасқа толғанын мерекелегелі отырған, іргелі жазушыларымыздың бірі Сәбитке тарихымыздың берген бағасы, халыққа танылған жазушының әдебиет майданындағы отыз жылдық мол еңбегіне берілген әділ баға.

Қазақ совет әдебиетінің отыз жылдық өсу-өркендеу тарихында жазушы Сәбит Мұқановтың орны ерекше екендігіне ешкім таласа алмайды. Октябрь революциясының от-жалынды толқынында туған қазақ совет әдебиетінің алғашқы айқын даусы — Сәбиттің даусы еді. Бұдан 30 жыл бұрын, революцияның ұлы күніне араласа, қуаныш кернеген жүректен шыққан жас бір дауыс «Бостандық» десе, бүгінгі Сәбит — қазақ совет әдебиетінің негізін қолынан қаласып, бар табысына кесек-кесек романдар, ұзақ желілі поэмалар сияқты үлкен енші қосқан, халқымыздың шын сүйікті, ең өнімді жазушыларының бірі. Мүмкін, бұдан 30 жыл бұрын жас ақынның «Бостандық!» деп салған айқайы онша алысқа бармаған шығар, қазір Сәбиттің мол дауысы Совет Одағына түгел таныс.

Жазушы Сәбиттің тарихтан алатын ерекше орны — егіз екі саламен келіп, бір арнаға құятын жазушылық

еңбегінің нәтижесі. Сол екі сала әр кезде жұбын жазбай қоса өріліп, жазушының отыз жыл бойы үзілмей келе жатқан ерекше қасиеті болып қалады. Оның бірі — әдебиет қазынасына қосқан Сәбиттің өз шығармалары болса, екіншісі — қазақ совет әдебиетінің қозғалысын ұйымдастыру, басқару жағындағы еңбегі.

Сәбит — еңбек бұқарасының топырағында өскен ұрық. Шевченко, Некрасов, Горький сияқты Сәбит те қалың бұқараның өзінен өрбіген бұтақ. Сәбит поэзиясы бір дәуір Шевченко, Некрасов поэзияларымен сарындас сияқты әсер ететіні де, Сәбиттің басқа ақындарымыздан гөрі Маяковский дәстүрлерін тереңірек меңгергені де, партия ұрандарына сергектігі де осындай таптық үндестіктен туады. Оның үстіне, Сәбит барлық тәлім-тәрбиені, саяси және мәдени білімді Ленин партиясынан алды. Сәбит шығармаларындағы таптық тілек пен идеялық бағыттың айқындық себептері де осында.

Қазақстан топырағында болып өткен қоғамдық үлкен күрестерді Сәбит көлденең көзбен көріп, бейтарап суреттеген жоқ, совет жазушысының көзімен көріп, алға сүйрер өз ойын ұсынып отырды. Таптық күрестердің айнасы ғана болып қойған жоқ, ұраншысы да болды, еңбекші бұқара жұртшылықтың социалистік жаңа өмірін белсене бірге жасасты.

«Шоқпыттың шаруасы», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» («Батырақ») сияқты шығармаларында Сәбит өзіне таныс жалшы өмірінің бұрынғы кезін суреттей келіп, қазіргі жалшының оянғандығын, жаңа өмірдің кірпішін қаласып жатқан жаңа адамның бейнесін көрсетеді. Бұл дәуірінде ақында олақтық та бар; оқыс кету де бар, бірақ ақынның не айтқысы келген адал ойы бұрмалауға жатпайды. Бұл шығармалардан дала жалшыларының бай есігіндегі ит-салпақ сорлы күйін көрсек, «Сұлушаштағы» Алтай мен «Бүгінгі жалшыдан» тұрақты сана, терең сезім сияқты адамгершілік ішкі қасиеттерді көреміз. Ақбөпе, Бәтес, Сұлушаш образдары арқылы әлеуметтік әр топтан шыққан қазақ әйелінің әр дәуірдегі бейнесін бейнелеген. Ботагөз арқылы революция жалынында пісіп-қатқан қазақ қызын көреміз. Шоқпыт пен «Бүгінгі жалшы» жазушыны «Сырдария» романындағы Сырбайға әкелсе, ол — ескі із емес, жаңа дәуірдің жаңа адамы. Сол сияқты, Гүлнар мен Айбарша да қазақ әйелінің бүгінгі өскен кезеңін көрсетеді.

Сәбит творчествосының алғашқы он жылдың ішіндегі ден салмағы поэзияда жатады. Бұл дәуірде Сәбит про-

заға араласқанмен әзір сенімді түрде кіріспегенін, жаңа жанрдың төсегін байқап қана жүргенін көреміз. Сонымен қатар шығармасының бұқара көпшілігіне түсінікті болуын көздеген ақын, халықтық ауыз әдебиеттің дәстүрлеріне көбірек бұрылды. Кезінде бұл заңды да, көпшілік үшін ұғымды да болды. Сәбиттің орыс халқының классикалық ұлы әдебиетін шұғылдана оқи бастағаны да осы дәуірдің ішінде. Маяковский сияқты революция ақынына ойысқаны да осы кез. Бірақ бұл дәуірін Сәбит халықтық поэзияның жақсы үлгілеріне көбірек сүйеніп аяқтайды. Қазақ совет поэзиясының, соның ішінде Сәбит поэзиясының бір дәуіріне қорытынды сияқты болып қалған «Сұлушаш» мұны дәлелдейді. Өлеңмен жазылған «Сұлушаштың» ерекшелігі де кейін қайталанбаған, енді қайталанбас қымбатты шығарма болып қалғаны да осынысында. «Сұлушаш» қазақ совет поэзиясының екінші бір биік белге шығып қалғанын көрсеткен.

Алғашқы он жылын ұсақ өлеңдерден бастап, ұзақ поэмаларымен қорытқан Сәбит екінші он жылдық дәуірдің ішінде сан жағынан да, сапа жағынан да үлкен сындар көтере алатын кесек еңбектер берді. Бұл кезде Сәбит — тақырып шеңбері кеңіген, өзіндік стилін айқындап алған, совет әдебиетінің белгілі шеберлерінің бірі. Оқушы жұртшылығымызға мәлім Сәбит творчествосының бар ерекшелігі, өзіндік көркемдік қасиеттері осы дәуірде әбден сұрыпталып, тұрақты қалпын табады. Поэзия мен прозаны қатар өрістетіп, қазақ совет әдебиетіне Сәбиттің оннан артық поэма, бес-алты үлкен роман қосқан өнімді дәуірі де осы.

Сәбит поэзиясының бұл дәуірдегі басты ерекшелігі — дарынды ақынымыз совет дәуірінің ең талантты ақыны Владимир Маяковскиймен толық үндестік тапқанында. Үлкен идеяларды ақын жаңа теңеулермен, көркемдік жаңа бір сапамен береді. «Майға сәлем», «Жемісті ағаш», «Ақ аю», «Ант тысяча», «Поэзия маршалы», «Колхозды ауыл осындай», «Сөз — Советтік Армия» сияқты өлеңдер мен поэмалар Сәбит поэзиясының екінші дәуірде шыққан биігі. Сонымен қатар бұл шығармалар сол дәуірдегі әдебиетімізге салмақты түрде кірген жаңа сапа болып, барлық ақындарымыздың алдына жаңа талаптар қойды, ауыз әдебиетінің байырғы үлгілеріне қарайлауы басым болып келе жатқан қазақ совет әдебиетін орыс халқының революцияшыл озық әдебиетінің жолына жетеледі. «Жол анасы — із» дегендей, талантты аға ақын өз қаламымен сол «ізді» салып берді.

«СССР-ді етуге бөлшек-бөлшек
Ойласа жау,
Олармен күшті өлшеп
Көреміз бүгін
Біз күзет мықты,
Жауға жәрдем бермейміз жалғыз вершок»,—

деген сияқты Маяковский арнасымен келетін өлең Сәбиттен басталды да қазір барлық ақындарымыздың шығармасына кіріп қалды.

Іштей бірнеше түрге бөлінетін, шын мағынасындағы проза бізде революциядан кейін туды. Әңгіме, очерк, повесть сияқты түрлерінен бастап, көлемді романдар арқылы қазақ совет әдебиетінің бойын өсіріп, салмағын күшейткен ірі жазушыларымыздың бірі — Сәбит Мұқанов, «Адасқандар», «Теміртас», «Балуан шолақ» сияқты бір қайнауы ішінде кеткен романдардан кейін, Сәбит «Жұмбақ жалау» («Ботагөз»), «Менің мектептерім», «Сырдария» сияқты үлкен шеберге лайық романдар жазды. Бұл шығармалардан революцияның алдындағы жылдардан бастап осы күнге дейін қазақ бұқарасының басынан өткен күрес күндерін көреміз. Жазушы әр дәуірді өзінің төл бейнесінде көрсету арқылы, шығармаларына тарихи шындық маңызын береді. «Жұмбақ жалауда» бұқара халықтың әр жігінен шыққан Асқар, Кенжетай, Амантайлар арқылы қазақ халқының Октябрь революциясына құшақ ашқанын көрсек, әлеуметтік өмірден қағажу қалған қазақ әйелінің сана-сезімі оянған кезін де көреміз. Қазақ қызы Ботагөз сол кездегі қазақ әйелінің бойына сыярлық шындығымен өсіп келіп, саяси күреске қатынасады. «Жұмбақ жалау» романының кітап оқушы көпшілікке ең ұнаған романдарының бірі болып қалғаны да сол кездегі өмір шындығы мен адам бейнелерін жазушының жақсы көрсете алғанында.

Сәбиттің «Менің мектептерім» дейтін романында революция кезіндегі қазақ аулының бейнесін көрсетуден басқа бір үлкен маңыз бар. Ол — жазушының проза жанрында Горький мектебінен оқып өскендігін көрсететін творчестволық жаңалық. «Менің мектептерім» алғашқы басылып шыққан түрінде Горький шығармасына сыртқы жақтарымен ғана ұқсаса, қазіргі қайта жазылып шыққан түрінде іштей көп байыған, образ жасауға, адам мінездерін ашуда жазушының көп тереңдегенін көрсетеді.

Совет жазушыларының өзіне өзі қатал талап қойып, шеберлік күшін аямай төгіп, айрықша жауаптылықпен суреттеуге тырысатыны — осы күнгі өзіміздің өмір, социалистік еңбек майданындағы совет адамдарының еңбегі.

Еңбектегі совет адамдарының әр алуан образдарын жасауға арналған үлкен романдардың бірі — Сәбиттің ең соңғы жазған «Сырдариясы».

Жазушы әрі қиын, әрі оқушы жұртшылықтың үлкен құрметпен қарайтын тақырыбын таңдап алған. Бұл тақырыпқа жұмсалған жазушы еңбегі де құрметті. Қазақ совет әдебиетінде өзі тың жатқан, талайларымыздың талай соғып, талай сыналатын, сынасатын тақырыбымыз да осы еңбек айналасындағы жаңа адамдар болады. Осы тақырыпты Сәбиттің басқалардан бұрын бастауы — коммунист жазушының батыл қимылына жататын, бағалай білуді керек ететін нәрсе.

Сәбиттің бұл романында идеялық екі үлкен мағына бар: біріншісі — социализм елінде еңбек азап емес, азаматтық абырой-атаққа жеткізетін жаңа мағынасын тапқандығы; екіншісі — Ұлы Отан соғысының бар салмағын жапа-жалғыз көтерген совет халқының социалистік құрылысты тоқтатпай, қайсар, қажымас жүргізе бергендігін көрсету. Романның көркемдік жағында елеулі кемшіліктер жиі кездесіп отырса да, игілікті идеясы үшін жұртшылық оны қатал сынаған жоқ.

Дегенмен, жұртшылық аузынан адал да, әділ де айталған сындарды жазушы қатты ескеріп, қазір романды қайта жазып шықты. Құрметті аға жазушының елу жасқа толған қарсаңында жұртшылық алдына салып отырған тартуы — осы «Сырдария» романы. Бізше, бұл — бұрынғы үстірттіктерінен арылған, еңбек жұртшылығына ой салатын, жақсысына қуанып, қисығын түзетуде жәрдем ететін, сүйсініп оқитын құнды шығармалардың бірі.

Сәбитпен тұстас, иә болмаса кейінірек шыққан қазақ ақын-жазушыларының одан ағалық қамқорлық көрмегені, тәжірибе алмағаны кемде-кем-ақ. Совет құрылысының қуат-құдіретіне қалтқысыз сенген жазушы Сәбит әр кезде арқасын партиямыздың ұлы саясатына берік сүйеп, адал күшпен, алаңсыз, риясыз сеніммен совет әдебиетін жасасты. Сәбиттің әдебиет тарихындағы айрықша орны осындай үлгілі қасиеттерінен туады.

Совет халқы — тез өсетін халық, біздің заман — тез өсіретін заман. Біздің оқушы қауым — сол совет халқы. Сол халықтың рухани тілегіне сай шығарма беруге міндетті совет жазушысы, бір кезде шыққан биігінде тұрып қалмай, жоғарылай беруге тиісті. Жазушылар көпшілігіне айтылар осы тілекті, халқымыз танып, елу жасқа толғанын тойлап отырған, бір майдандағы жолдасымыз, абырой-атаққа ортақ досымыз Сәбитке де айтамыз.

ДОСЫМ СӘБИТ!

Сіз жалынды коммуниссіз. Ленин партиясының ісіне шын берілген ақын, драматург, жазушысыз. Қаламыңыздан туған көркем шығармалар бүкіл бір халықтың тамаша рухани азығы. Алпыска келген күніңізде әлі де осы мақсатқа аянбай қызмет етеді деп шын жүректен сенуге рұқсат етіңіз.

Құшақтап кеудеме қыстым,
С. Маршак

Темірғали НҰРТАЗИН

ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ ӨМІР

...1916 жылы Таспай ағасы майданға кетіп бара жатқанда, оның «жолына қарап, жылауды ғана» білген С. Мұқанов, 1919 жылы революциялық, советтік поэзиямыздың көрнекті тұлғасы —«Бостандық» өлеңін жазды. Не бары үш жылда ақынды сонша өрелендіре өсірген революциялық өмір.

«Сұлушаш» романы — жалпы қазақ әдебиетінің зор табысы. Отызыншы жылдардың басында Сәбит сол шығармасын «идеялық зор қателігім» деп баспасөз бетінде бірнеше рет жазды.

Жақсы шығарманы жамандатып, қате пікір айтқызған да, кейін қателікті түзеп, «Сұлушашқа» әділ баға берген де әдеби орта, қоршаған қауым.

Совет күнделігі — бейтарап емес, құдіретті әсері бар күнделік. Ол өз бағытындағы қаламгерлерді өрлете дамытып әдеби идеяға «қыңырларды» тезге салып, өз ырқына икемдеп келеді.

С. Мұқановтың жетістік, кемістігінің түп сыры қырық жылдық өміріміздің белгілі кезеңдерімен, қоршаған әдеби ортамен, жалпы өмірімен байланысты.

Сол жайды ескеріп, біз С. Мұқанов творчествосын

советтік өмір алқасында, қажет дәрежеде әдеби айналасымен байланысты қарауды мақұл деп таптық; соған орай кітапты «Жазушы және өмір» деп атадық.

* * *

Қаак совет әдебиетінің басты қайраткерлерінің және қаламгерлерінің бірі — Сәбит Мұқанов совет заманы туып жатқанда санамалы пионерлердің қатарында советтік жаңа әдебиеттің негізін қаласты.

С. Мұқановтың советтік өмір жолына бақсақ, Ұлы Октябрь революциясы қазақтың қалың бұқарасына не берді?— деген сұраққа көп шешім табамыз.

«Октябрь менің анам да,
Октябрь таңы атқан соң,
Ие болғам қаламға.
Октябрь көзді ашпаса,
Нақ осындай болам ба?
Октябрьден туғам мен»,—

дейді жазушы. (Таңдамалы шығармалар, IV т, 187-бет.)

Кісі есігінде жүрген С. Мұқанов революцияның құдіретті демі жел беріп, 1918 жылы жырақтағы Омбыға оқуға аттанды. Сол қадам ескі әлеммен байламды үзіп, революция толқыны көтерген жаңа әлемге ентелей енудің басы еді.

Қазақ совет әдебиетінің орыстың классикалық әдебиетіндей Чехов, Горький, Маяковский дәстүріндей бір шеті пролетариат әдебиетімен, социалистік реализм әдебиетімен астасқан бай дәстүрі жоқ еді. Саяси, мәдени дамуымызда да мешеулік көп болатын. Сондықтан біздің әдебиетіміздің даму жолында қиыншылықтар көп кездесті.

Қазақ совет әдебиетінің алдыңғы буын қайраткерлерінің бірі — Сәбит Мұқанов, жаңағы қиыншылықтардың бәрін басынан өткерді.

Творчестволық жолы кең, дарыны күшті С. Мұқанов қазақ совет әдебиетінің дамуына, маркайып баюына зор үлес қосты. Ол — әрі ақын (жүздеген өлеңдері бар); оннан астам роман, повестер жариялаған және көптеген әңгімелері, очерктері жарық көрген үлкен прозашы; қазақтың драматургиясы мен сахна өнерінің дамуына елеулі сыбаға енгізген драмашы; сын мен әдебиеттану салаларында бірнеше кітаптар шығарған ғалым.

С. Мұқанов Ұлы Октябрь социалистік революциясының Қазақстандағы жеңістерін жырлаушы ретінде 20-жылдардың басында әдебиет алаңына шықты. Оның творчестволық тақырыптары сан-сала, кең. Ұлы Октябрь күшімен оянып, әлеуметтік күреске белсене араласа, жемісті әрекет жасаған кешегі құл-құтандар, совет тұсында зор тұлғалы қайраткер бола бастаған, кешегі қорлар, бүгінгі зор болуға дейін көтерілгендер — міне, С. Мұқановтың басты геройлары.

Бұл бағытта Сәбитпен үзеңгілес, онымен тақырыптас тағы да бірсыпыра жазушылар бар (Б. Майлин, кейініректе Қ. Әбдікадыров т. басқалар). Алайда кісі есігінде тесік өкпе болғандарды, совет тұсында азап дүниесінен азаттанып, қоғам қайраткері болуға дейін өсу сапарындағыларды көрсетуде С. Мұқановтың еңбегі де, табысы да ерекше.

Совет дәуірінде қазақ совет поэзиясында публицистикалық лирика дәстүрі дамыды, лиро-эпикалық жанр (поэма, өлеңді роман, баллада) дамып, толық тұлғаланды, қазақ поэзиясы насихатшылық, өсиетшілдік, жалпыламалықтан түгел дерлік арылып, өмірдің реалды көріністерін даму барысында бейнелей суреттеп дағдыланды. Қазақ совет прозасы туып, өсіп, әдебиетіміздің басты саласына айналды. Бұрын дамымаған жанр, сын мен әдебиеттану кең өріс алып өсті.

Қазақ совет әдебиетінің осындай сала-сала болып, кең өріспен көркеюінде С. Мұқановтың сіңірген еңбегі зор.

Қазақ совет әдебиетінің кең тынысты, көп жанрлы болып дамуына басты себеп — революциялық мол мүмкіндікті ашқан совет заманы. Тағы бір ескеретін нәрсе — қазақ әдебиетінде орыстың классикалық әдебиеті мен советтік әдебиетінің тікелей құнарлы әсері болды. Социалистік реализм әдісін меңгеру, өмір уақиғаларын реалистікпен бейнелеу мәселелерінде де орыс әдебиетінің бізге ұстаздығы мол.

С. Мұқановтың көп жанрлы шығармалары, сол орыс әдебиетінен тынымсыз үйрену үстінде марқайды.

Қазақ халқы Октябрь революциясының арқасында капитализмге соқпастан, патриархалдық-феодалдық мешеуліктен социализмге төтелей аяқ басты. Капитализмнің шексіз азабына соқпай өту, халқымызға үлкен бақыт болды.

Алайда капиталистік, тұтас бір дәуірге соқпай өтуден туған көптеген қиыншылықтарға да кездестік. Шынында

капитализм — адам баласының бастан кешіруге тиісті тарихи дәуірі. Маркс, Энгельс, Ленин капитализмнің толып жатқан қаталдықтарын аша отырып, оның прогресстік жақтарын да толық айтқан болатын. Олар капитализм социализмге қажетті факторларды, жағдайларды дайындайтынын айтты. Өндіріс күші орасан дамиды, үлкен завод, фабриктерде күнделік қамында жүріп ұйымдасқан пролетариат қауымы құралады, техника жоғары сатыға көтеріліп, еңбек мәдениеті мен еңбек өнімділігі орасан артады. Капиталистік қанауға қарсы шыққан пролетариат революциялық идеямен қаруланып, санасы бар жағынан жетіліп, социализм үшін белсенді күрескер болады.

Капитализм дәуіріне соқпай өткен қазақ қоғамы жаңағыдай көптеген жетістіктерден кенде еді. Ең бастысы, өмірдің бар саласында жаңалық жасаушылар,— еңбеккер адамдарымыз еркін шыңдалып, ұйымшылдыққа, іске икемділікке, жетілген жоқ-ты; еңбекте мәдениеттік дегендерге олқы болатын; шала басылып, қарпылмаған киіздей болжырлық көп-ті.

Осы жағдайдың бәрі белгілі дәрежеде әдебиетке де әсерін тигізіп отыр. Қазақ әдебиетінде аңыздық, ертегілік, түймедейді түйедей ете немесе таудайды тарыдай ете бейнелеу кездесе береді. Абай, Алтынсарин әдебиетте реалистік дәстүрді дамытуда көптеген еңбектер істеді. Бірақ олар ауыз әдебиеттің таскын судай кейде арнасыз жайылатын алып күшті дәстүрін жеңе алған жоқ-ты.

С. Мұқанов та, онымен қатар көптеген қазақ совет әдебиетінің алғашқы кадрлары да сол дәстүрде болатын. С. Мұқанов бала жігіт кезінде ауыз әдебиетімен құмарта әуестеніп, көптеген шығармаларды жатқа айтып, ауыл арасында кәсіп қылғаны белгілі. «Сал-сал», «Зарқұм», «Сейпілмәлік», «Мақпал» тағы толып жатқан киссаларды, жырларды ақын осы күнге дейін жатқа айтып отырады. Бұл — жастық шақта мейлінше ынталана құмартудың нәтижесі. Ауыз әдебиетінің дәстүрін еліге дәріптеген Сәбит Мұқанов ауыл арасындағы айтыстарға да араласады.

Ол айтыспен байланысты туған ауылдағы толып жатқан қаңқулардың да өзінше қызығы, поэзиясы бар екені сөзсіз. Бірақ, соның бәрі қамсыз, парықсыз, барға әзір, жоққа өкпелемейтін бейқам ауылдың өмірін елестететін.

С. Мұқанов жаратылысынан ізденгіш, жаңалыққа ынтық. Ол ауыз әдебиеті мен киссаның ләззатын қанағат

тұтып, тоқырап қалған жоқ, ізденіп ілгері баса берді. Сол іздеу, тамашалай құмарту жолында ол татар әдебиетінен, татардың данышпан ақыны Ғабдолла Тоқайдан көп үлгі-өнеге алды.

Ақыры оның қолына Абайдың 1909 жылы Петербургте басылып шыққан өлеңдер жинағы түсті. Ғабдолла Тоқай мен Абай шығармаларынан қандай ғажайып әсер алғанын С. Мұқанов «Өмір мектебі» атты кітабында тебірене жазады.

Мұның бәрі революцияға дейін болған оқиға.

Революциядан кейін оқып, білімденіп, санасы тез кемелденген С. Мұқанов жер жүзі және орыс классиктерінен үйренді. М. Горькийді, В. Маяковскийді ұстаз тұтты, туған ауыз әдебиетін жаңаша пайдаланды. Соның бәрінің нәтижесінде ол өзінің творчестволық жолын, әдісін құрады; тек өзіне ғана тән идеялық көркемдік, сюжеттік, синтаксистік, лексикалық, ешкімге ұқсас емес қаламгерлік сипатымен тұлғаланды.

«Сезіне бастағанда мен ақын боп,
Лениндік бостандықты таң ату деп,
Міндеті әр ерікті адамзаттың
Кеңірек таң сәулесін тарату деп,—
Ұрандап жатыр екен ерікті жұрт
Сол дуда мен де олардан қалмадым сырт.
Құлшынған жұртта ұран біреу екен:
«Мылтық, найза, қаламмен жауды тез құрт!»
Мен сонда қатар аттап заманменен,
Сеніммен бөгеттерді алам деген,
Ер қаруы бес қару: мылтық, бомба,
Найза, қылыш, аттандым қаламменен»,—

деді ақын.

Жазушының сол бағыттағы көптеген табыстарын жоғарыда қысқаша айттық. Ал кемістігіне келетін болсақ, ол жазушының дара басында ғана емес, көп жағдайда жасаң өскен жалпы әдебиетімізге ортақ кемістік. «Поэзияға біз сан рет шабуыл жасадық»— дейді революцияның жыршысы В. Маяковский. Совет дәуірінің бастапқы жылдарында жұрттың бұрын еті үйренген поэзияны жиып қоя тұрып, тек қана революцияны жырлайтын жырды жасау керек деген көзқарас болды. Осы ұмтылыс Сәбит творчествосында да күшті болғаны байқалады. «Өмір мектебінің» екінші томында («Әдебиетке партизандық жүрмейді» деген, екінші тарау) жазушы Петропавлда өткен әдебиет кешіндегі уақиғаны баяндайды.

Клубта жас әдебиетшілер өлеңдерін оқымақ. Зал толған кісі. Күні бұрын губерниялық милицияның бастығы Угар Жәнібековпен келіскен С. Мұқанов Мағжан Жұмабаевты үндетпей қойып, ұзақ уақыт өзінің өлеңін оқиды. Гуілдеп қобалжи бастаған залды Угар Жәнібеков ақырып, мылтық кезеп тындырып тастайды. 1923 жылы Орынборда А. Байтұрсыновтың 50-ге толуын тойламақ болады. С. Мұқанов жұмыскер факультетінің студенттерін ертіп барып, шіріген картоп лақтырып, жиналысты ыдыратып жібереді.

Осының бәрі жан-жақты дамып, жетілмеген қазақ қауымының Совет дәуірінде талай қиындыққа ұшырай, балаша арандай өскенін аңдатады.

Сәбиттің:

«Айқайда жоқ көбіне ырғақ, үйлес.
«Жайларға ондай өлең тым тез тимес».
Деген оймен, проза, мақаланы
Қаптаттым мен: «Жауларды сен де түйрес!»
Жыр емес, өлең маған болды сапты,—
Көргем жоқ оны еш уақыт баққа сатып»,—

деген жолдарынан жоғарыда айтқандай қолма-қол айқастардың талай сырлары танылады.

С. Мұқановтың ауыз әдебиеті мен қиссалардың мұхитынан мол қорлануының игі пайдасы мол болды. Жазушының шығармалары көпшілікке сүйкімді, түсінікті; кең мағынада халықтық. Қаламгердің сюжет құруға шеберлігі көпшілікке аян. Мұнда қиссаның жағымды әсері бары сөзсіз. Бірақ жадына өшпестей ұялаған ауыз әдебиеті мен қиссалардың кейде келісімсіз ықпалы да байқалады. Ондайда байыпты реализмнің орнына ертегіге тән ғажайыптар, асыра әсірелеулер ұшырасады.

Ерекше есте тұтарлық тағы бір жағдай бар. «Сөйлерге сөз болмай көше құрысып бітті»,— дейді Маяковский. Көше деп отырғаны көшеге лық толған бұқара халық. Ақын соларға қажетті революциялық көркем сөзге мұқтаждық күшті болғанын айтады.

...Нам
требовалось переорать
И вьюги,
и пушки,
и ругань!—
(Дауылдың да,
Зеңбіректің де,
Сыбай даттаушылардың да

Үнін өшіре
ақыру
қажет болды),—

дейді Маяковский.

«Мен солай сөйлеп кеттім қалам ала,
Қаламым тікен болды, тілім — ара»,—

деген С. Мұқанов, советтеніп жатқан қазақ бұқарасына қажетті сөзді Маяковскийдің үлгісімен мезгілінде айтуға, жаулардың жан-жақтан көтерген шуын өшіре сөйлеуге асықты. Осының бәрі жазушының творчестволық әдісіне салқынын тигізбей қойған жоқ. Асығыстау жазу, шығармасының идеялық бағыты түзу болуын қамдап, көркемдік жағына кейде салақсырау жазушының творчестволық биографиясында кездеседі. С. Мұқановтың өлеңдерінің, поэмаларының, прозасының ішіндегі өмір сынынан өтпеген санаулылары — жоғарыда айтқандай жағдайда жетілмей туғандар.

Үлкен жазушының сан құбылмалы шығармаларында олқылық бірде болмаса, бірде ұшырауы таң емес. Соның төңірегінде асыра сынау, дәлелсіз мін тағу да кездеседі. Кейде бұрынғы әдеби заңға, үлгіге сүйеніп, жазушының нақты өмір талабына орайлас жазған жаңашыл шығармасын орынсыз сынау, мұқату да болады.

Алайда әдеби жұртшылықтың жазушыға кейде типтендіруін үстірттеу, кейде шұбалаңдық бар, кейде кейіпкерлердің сөзін даралауын жетілте түсуді керек ететіндей деп мін тағуы орынсыз емес. Әдебиетіміздің даму дәрежесі Октябрьге дейін төмен болғанын, шығарманы төрт құбыласын сай етіп жасау шеберлігі қол жетпеген нәрсе екенін,соның салдарынан революциядан кейінгі дамуда әдебиетіміз көптеген қиыншылықтарға ұшырағанын жоғарыда айттық. С. Мұқанов творчествосындағы олқылықтар да солармен сабақтас.

Революцияға дейінгі қазақ поэзиясында (ол кезде поэзия әдебиетіміздің негізгі түрі болатын) ақыл айтуға, өсиет сөзге негізделген дидактика басым еді. Абай, Алтынсарин, Торайғыровтар қазақ поэзиясын ақылгөйсуден бірсыпыра арылтып, образдылыққа қалыптастырды. Алайда ғасырлар бойы дәстүрге енген шешенсуден, ақылгөйсуден поэзия бірден арылып кете алған жоқ. Олар түрлі сипатта, түрліше ғажайып тұлғаларда шығармалардың тәніне араласа өсіп, тіршілік етіп келеді. Қазіргі шығармаларымыздың бірсыпырасына сығалай қарасақ, шешенсу, ақылгөйсудің сілемі бары байқалады. Ол сілем

өте аз түрде болса да С. Мұқановтың да кей шығармаларында ұшырайды.

Біздің әдебиетімізге қиын бөгеу болған нәрсенің бірі — схематизм. Өмірдің жанды уақиғаларын табиғи түрде қиюластырып, қорытындылай, түйіндей бейнелеудің орнына, күні бұрын жасап алған схема — жоба бойынша жасалған шығармалар қазақ совет әдебиетінің даму кезеңдерінің әрбір шағында кездесіп келеді. Өлең ұйқасына сиысқан ұрандар, нақтылы бір науқанға орайлас ұйқастыра салған сөздер, ағаштан жонып жасай салғандай ешбір қалтарысы жоқ кейіпкерлер, немесе бүкілдей зұлым, я дүниедегі әділет пен ізгілік бір өзіне түгел ұялаған періште секілділер; ертегіде ғана ұшырайтын оңоңай жеңістер, бірыңғай бір сәтті боп, үйіріліп тұрған уақиғалар, міне, схематизм мен табиғи реалистіктен алшақтаудың зардабы осындай хикметтерге де ұрындырады. Солардың аз-маз зардабы біз сөз ғып отырған үлкен жазушының бірлі-жарымды шығармаларына тигені бар.

Алайда С. Мұқановтың творчестволық ұзақ жолы аса құнарлы, үлкен табысты.

Қазақ совет әдебиеті туа бастағанда бесігін бірге тербескен С. Мұқанов көркейген әдебиетіміздің үлкен жүгін көтерген басты қайраткерлерінің бірі болды. Жазушының аты қазақтың қалың көпшілігіне мәшһүр. Ол Қазақстанның бұрыш-бұрышында шын мәнінде халықтық боп танылып, шығармалары көпшіліктің санасына берік ұялады. Бұлай болу себебі: С. Мұқанов Октябрь революциясы арқасында еркіндікке қолы жетіп, күнделік күресінде өсіп, өз тарихын өз қолымен жасаған совет адамдарын, коммунистік алып істерді ұйымдастырып, бастап отырған совет интеллигенциясының, партия қайраткерлерінің келісімді образдарын жасады, оларды өзінің шығармаларына басты қаһарман етті. Жазушының кітаптарынан оқушы жұртшылық өзінің советтік өмірін, қиындығы, сүрінісі, мүдірісі бар күресті әрекетін, тынымсыз майдандасуда қолы жеткен жеңістерін көреді, сүйсінеді, жазушымен іштей қарым-қатынасқа енгендей болады.

С. Мұқановтың бірқыдыру шығармалары орыс тіліне аударылып, байтақ Совет Одағының түкпір-түкпіріне тарады. Украиндықтар, белорустар, латыштар, литвандар, эстондар, кавказ халықтары, өзімізбен іргелес қырғыз, өзбек, түркмен, тәжіктер жазушының кітаптарын өз тілдерінде оқиды.

С. Мұқановтың басты шығармалары Европа елдері-

нің, Азиядағы бірсыпыра сырт халықтарының тілдеріне аударылып, көптеген шет жұрттарға жетіп отыр.

Республикамыздың үлкен жазушысы Мұхтар Әуезов С. Мұқановтың творчествосы жөнінде төмендегідей пікір айтады: «Сәбит Мұқанов қалыспай әрдайым замана талабының дәрежесінде қайрат жасап келеді. Жазушы Ленин партиясының идеясын көпшілікке насихаттай отырып, бір кездегі мешеу Қазақстанның индустриялы колхозды озық республикаға айналуының поэзиялық күнделігін жасады. Сәбиттің поэзиялық және прозалық шығармаларындағы геройлардың бойында патриотизм, еркіндікке құмарлық, бақытты болашаққа сенім көзімен қарау, ұлы орыс халқымен мызғымас достықты ынтыға қолдау секілді қазақ қауымына тән тамаша қасиеттер мол.

Мұқановтың татымды шығармалары әлдеқашан мектептің хрестоматияларына енді. Кітаптарының идеялық мазмұны мен және күнделікті сүйемелдеу арқылы Мұқанов қазақтың көптеген ақын, жазушыларының творчестволық жолда аяқтанып кетуіне тікелей қолқабысын тигізеді». («Казахстанская правда» газеті, 1945 жыл, 30 январь).

С. Мұқанов — халықтық жазушы, ол бір кезде халық алдында:

«Уа, халқым, ақын ұл ғып мені тапқан,
Тағы да артсаң жүкті талай батпан,
Жолында сен беттеген коммунизм,
Жүгінді жерге қойып, өлмей, жатпан!»—

деп өте орынды, аса жауапты серт берген болатын.

Елімізді коммунизмге бағдарлай жүргізген айбынды күрестердің көрігінде шыңдалған қаламгердің шығармалары партиялық жеңімпаздық пафоска толы. С. Мұқановтың дүшпанға рақымсыз, отты өшпенділігі мол туындылары — түп мәнінде гуманисшіл. Өйткені, олар адам баласын қанаушылық қаталдықтан азаттандырып, бақытты, еркін өмір құруға ынталандырады, белсендіреді.

Жазушының революцияшыл өр заманның өр идеясымен суарылған кітаптарының мазмұн, түр жағынан да жаңашылдық, новаторлық мәні өте зор.

С. Мұқановтың партияның жалынды, сара идеясына сүйене отырып, жазған сан-сала тартымды еңбектері — қазақ халқының образды пікірін молайта дамытар бағалы қазына.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. Муканова
г. Петропавловск
30606

Сәбит аға жас ұлттық әдебиеттің негізін салушы аға буын өкілі еді. Біз Мұхтар Әуезов, Садриддин Айни, Ғафур Ғұламнан қалай үйренсек, одан да солай үйрендік.

Интернационалдық достық жыршысы бола білген қазақ халқының ұлы, Сәбит Мұқанов, әрбір қырғыз ауылына белгілі және сүйікті еді. Оның образы, оның еңбегі ешқашан ұмытылмасына мен сенемін.

Қажым ЖҰМАЛИЕВ

ОЙ ТІЛМЕЙТІН СӨЗ

Өз дәуірінің жыршысы, келешек заманның жаршысы, ұрпағына өлмес мұра, ұмытылмас даңқ қалдырған ірі жазушы, үлкен тұлғалардың өмірі мен ісіне көз салсақ, олар өз кезінің жемісі екендігін және олардың әдебиетке келу жолдары да, тарих сахнасынан алатын орындары да әр басқа екендігін көреміз.

Біз қазақ совет әдебиетін сөз еткенде, ол — социалистік Ұлы Октябрь революциясының бел баласы дейміз. Бұл — тарихи шындық. Демек, оның негізін салушылар да Октябрь революциясының қаһарлы күндерінде оянып, азаттықтың айбынды туына бас иді. Күн шұғыласындай қызыл байрақтардың қуатты нұрына бөленіп, оған қызмет етуге айнымас ант, бұзылмас берік серт берді.

Арқаның елдігі мен өрлігін бойына жиған Сәкенді біз әдебиетімізде Ұлы Октябрь революциясының алғашқы дабылшысы, қазақ совет әдебиетінің негізін салушы болды десек, оның өкшесін баса, ғасырлар бойы бай-дардан азап көрген қазақ кедейлерінің арманы мен тілегін, мұңы мен шерін өз көкірегіне сыйғызып, соқасын сүйрете Бейімбет, жасынан асқарменен тілдесіп, «шұбар құспен» мұңдаса өскен нәзік жан, жұрт қайғысы жүрегінде жалын боп жанған сұлулық сұңғыласы — ақын Ілиястар әдебиетімізге келді.

Тап сол революциялық күндерде, дүниеге көз ашқаннан бері өмір қыспағы арқасына аяздай батқан он жеті жасар, бұрын белгісіз, жас ақын Сәбит Мұқанов та

жоғарғылардың сапына келіп қосылды. Бәрі — Ленин туының астында табысты.

Ұлы революцияның қызыл солдаты, күресте шыныққан Сәкен, ол бастаған үздік талант, үлкен суретші, тепсе темір үзерлік күшті топ сол қаһарлы жылдарда жан сала жұмыс істеп, жалынды жырларын жаңа заман, жаңа дүние, жаңа адамдарға арнады. Ленин жолына шын жүректерімен берілген, өкімет өзіміздікі деп ұққан жаңа дәуір жыршылары, өздерінің бойларындағы нәрі мен барын халық мүддесі үшін, партия мен совет үкіметінің әр алуан шараларын іске асыру үшін жұмсады, барлық іске аянбай ат салысты.

Сәбит Мұқанов алдыңғылармен салыстырғанда жас, білімі әлі саяз болатын. Ол ауылдағы дүмше молдалардан үзіп-қаша оқыған, хат танырлық қана біліммен әдебиет майданына араласты. Бірақ талантты, тынымсыз ізденімпаз жас ақын совет өкіметінің арқасында тез өсіп, тез жетілді. Оқи жүріп жазды, жаза жүріп оқыды. Әдебиетке келісімен-ақ тап тартысына шешіне кірісті, күрес үстінде өсті.

Сәбит Мұқанов әдебиетімізге осылай келді.

Сәбит Мұқанов Ұлы Октябрь революциясының алғашқы жылдарында келіп әдебиет майданына араласты десек, ол содан бері қазақ совет әдебиеті, жалғыз қазақ қана емес, бүкіл совет әдебиетімен бірге өсіп, біте қайнап келеді. Сәбит қазір Одақ көлеміндегі даңқты қалам қайраткерлерінің бірі екені жұртшылығымызға мәлім.

1919 жылы жазылған «Бостандық» өлеңінен бастап, күнделікті тақырыпқа жазылған саяси лирикасында болсын («Жалшыға», «Менің тойым», «Ленин», «Қаралы күнде», «Бүгін», «Қызыл арна», «Кедей баласы», «Әжем», «Еңбекші әйел», «Еңбекші жас серігім» т. б.) ұзынды-қысқалы поэмаларында болсын («Қанды көл», «Құланның құны», «Батырақ», «Октябрь өткелдері», «Жұмаштың өлімі») ауылдағы кедей, жалшылардың өткені мен қазіргісін карама-қарсы қойып, суреттеу арқылы олардың ой-санасын көтеруге күш салды. Ғасырлар бойы езіліп келушілер, айналасындағы үлкен өзгеріс, ұлы жаңалықтарды ұғынып, оған белсене араласуы керек екенін жыр етті. Ескі феодалдық өмірдің ауыр дерттей құлғаналық жақтарын өз қалпында, шындық бейнеде көрсете отырып, Ленин партиясы бастаған жаңа өмірдің жарқын болашағын еңбекші халыққа түсіндіру — Сәбит өлеңдері мен поэмаларының өзегі, ой қазығы болды.

«Мен сендерді баскадан бұрын көрем,
Мен қолымды сендерге бұрын берем.
Сендерге көп алысар жау табылса,
Мен бәріннен қолында бұрын өлем.
Сен жыласаң көзімнен жас ағызам,
Сен қуансаң тілімнен бал тамызам.
Сенің егер өзегің талып кетсе,
Баскадан бұрын саған нұр тамызам»[1].

Бұл ақынның халқына аңғартқан жан сыры, жүрек сүйісінің сәулесі еді десек, екінші бір өлеңінде Сәбит:

«Уа, халқым, ақын ұл ғып мені тапқан,
Тағы да артсаң жүкті талай батпан.
Жолында сен беттеген коммунизм,
Жүгіңді жерге қойып, өлмей жатпан»,—

деп, сендіре серт берді. Сол сертін орындау жолында Сәбит Мұқанов ерінбей еңбек етіп, талмай жырлаумен келеді.

Мұқановтың творчестволық өсу жолының өзінше тарихы бар. Алғашқы кездегі негізгі тақырыбы ауылдағы тап тартысы, оның әр алуан көрінісі болды. Бұл тақырыпқа: «Құланның өлімі», «Қанды көл», «Батырақ» тағы бірнеше поэма жазды. Бірақ бірінші он жылдығында Сәбит поэзиясының мазмұны және түрі жағынан шауып шыққан биігі —«Сұлушаш» поэмасы. Бұл оның тек өзінің ғана емес, кезіндегі бүкіл қазақ совет әдебиетінің табысы болды.

«Ескі өмір құрысын құмар емен,
Ескіге емес, алдағы күнге сенем
Бірақ ескі өмірдің мұңды зарын,
Жаңа өмірге үлгі үшін айтып берем».[2]—

деп ақынның өзі айтқандай, қазақ өмірінде тап тартысы әріден келе жатқанын, кедей батырақтардың ауыр хал, азап өмірін романтикалық қызық сюжетке бөлей отырып, ақын көп шындықтың бетін ашты.

Жұртшылықтың эстетикалық сезімін оятарлық құдіретті поэманың мазмұны жағынан әлеуметтік мәні зор болды десек, көркемдігі жағынан да әдебиетімізге өз ерекшелігін ала келді.

---

[1] *С. Мұқанов.* Шығармаларының толық жинағы. II том, 1926 ж., 151-бет.

[2] *С. Мұқанов.* Таңдамалы шығармалары, IV том. 1956 ж., 105-бет.

«Сұлушаш» өзіне дейінгі лиро-эпикалық поэмалардан тек реалистігімен, бұрынғы поэмаларда жиі ұшырайтын ғажайып оқиғаларының жоқтығымен ғана өзгеше емес, ең алдымен тақырып, сюжет, оқиға шиеленістерінің жаңаша меңгерілуімен, қазіргі тап тартысының тамыры тереңде жатқандығын көрсету, мәселенің жаңаша қойылуымен бұрын талай жырланған сүйіспендікке арналған тақырыпты, таныс сюжетті жаңа бір қырынан көрсетуімен жаңа, өзіне шейінгілерден өзгеше шығарма болды.

«Сұлушаш» композициясы жағынан орыс, европа әдебиетінің классик ақындарының поэмаларына ұқсас. Орыс, европа әдебиетіндегі поэманы сюжеттік бір линияға құру үлгісі «Сұлушашта» берік сақталынған.

Оқиғалы поэмалар Сәбит Мұқановтың өзінің де, сол кездегі оның замандастарының да ырықтарына көнбей, сәтсіздікке ұшырап келсе, идеясына түрі сай, сәтті күні дүниеге келген қазақ совет әдебиетіндегі бірінші сюжетті поэма «Сұлушаш». Оның тарихи мәні мен құндылығы осында. Сонымен қатар «Сұлушаш» поэмасы Сәбиттің тегеуіріні мықты, шын тебіренсе тереңге бұлқырлық қабілеті мол, ұзаққа сілтей алатын үлкен ақын екендігін де танытты.

Әрине, «Сұлушаш» Сәбит поэзиясының жеткен жері емес, ақынның творчестволық өсу жолының белгілі бір кезеңдегі биігі ғана, «Сұлушаштан» кейін Сәбит «Ақ аю», «Жүйткі, қара айғырым». «Алатаудың алыбы», «Колхозды ауыл осындай», «Сөз — Советтік армия», т. б. поэмалар жазды.

Сөйтіп, Сәбит Мұқанов өзінің лирикалық өлеңдерінде болсын, не ұзақ поэмаларында болсын, Маяковский мен Сәкендер бастаған партиялық поэзияның традициясын дамытушы ақын болды. Әрине, алғашқы кезде, оның жалаң үгіт дәрежесінен аса алмаған өлеңдері де аз емес. Бірақ өз кемшілігін тез сезіп, әділ сындарды тез қабылдағыш Сәбең қатесін кезінде жөндеп, өлең, поэмалардың тамаша көркем үлгілерін жасау дәрежесіне шейін көтеріле білді.

Жасырақ кезінде өзі Маяковский, Сәкен сықылды аға жазушыларға еліктеп өссе, кейін өзі қазақ поэзиясына өлеңнің жаңа ырғақ, жаңа түрлерін енгізген — аға ақын болды. Жастар үшін мазмұны ғана емес, көркем түр жағынан Сәбит поэзиясының үлгі алар жағы көп.

Осы поэмаларының және бір құнды, жастар үшін өнегелі жағы өлеңді ойға құру, өлең жолдарында айтайын деген негізгі пікірге қатысы жоқ сөздерден

аулақ болу. Өлеңге әр берерлік поэтикалық образдарды ойға құрылған өлеңдерде де бере алуға болатындықтың үлгісін көрсету. «Колхозды ауыл осындайда» ақын өз Отанының көркем табиғатына жаны рақаттана отырып, лирикалық шегініс арқылы оған өз қарым-қатынасын көрсететін бір жерінде:

«Шығыс жақ ұқсап бейне біздің туға,
Малынды қып-қызыл боп алтын буға,
Торғын көк көлін көктің көлбей жүзген,
Ұқсады күміс түкті күн аққуға,
Сүйем мен таңды таудай, туды таңдай,
Таң нұры жүрегімнің қаны — жандай.
Мен жырлап көрген емен жүрегімді
Ту менен таң нұрына бірдей малмай».

Сәбит Мұқанов поэзия мен прозаны қатар бастап, қатар жазды. Оның бірінші әңгімесі «Түсімде» 1922 жылы басылды. Қазір ол көптеген қалың романдардың авторы, халық қалаулысы, сүйіп оқитын жазушыларымыздың бірі. Сәбит Мұқановтың алғашқы ұзақ туындысы «Адасқандар» (1929), осыдан кейін ол «Теміртас» (1935), «Ботагөз» (1938-1948), «Балуан Шолақ» (1942), «Сырдария» (1948), «Менің мектептерім» (1950), «Өмір мектебі» (1955), «Тыңдағы толқындар» (1957), «Мөлдір махаббат» (1960) тағы басқа көптеген шығармалар жазды.

Сәбит Мұқанов тек қана үлкен романист емес, қазақ совет әдебиетіне драма жанрында үлес қосты. «Күрес күндерінде», «Алтын астық», «Гвардия, алға», «Шоқан Уәлиханов» сықылды пьеса, операға либреттолар жазды. Сәбиттің драмалық еңбектерінің әрқайсысы өз кезінде саяси-тәрбиелік мәні болғандығы сөзсіз. Солардың ішінде, қазақтың бірінші демократ-ғалымы, әлеумет қайраткері Шоқан Уәлиханов туралы жазған пьесасы қазақ драма театрының репертуарынан мызғымас берік орын алған драмалық туындылардың бірі.

Күні бүгінге шейін Сәбит Мұқановты зерттеушілер оған ақын, жазушы ретінде тоқталды да, сын-әдебиеттану, ғылыми еңбектері жайлы мықтаса ат түсті тоқтайды, не мүлде ештеңе айтпайды. Әр жазушы, әрбір ғалым өз замандастарынан мақтау тілемесе де, еңбегін бағалауды күтеді. Өйткені, олар өз жазғандарын халықтың керегі үшін жазады, кетігіне бітеу, жыртығына жамау болуын арман етеді. Сондықтан оқушы, сыншы жұртшылығының аз сөзі оларға кейде көпке татуы мүмкін. Әрине, сынау оңай, бағалау қиын.

Біз жоғарыда, Сәбит Мұқанов ұзақ жол, ұлы майданға

әлсіз күйінде келіп араласты, бірақ совет үкіметінің арқасында тез өсіп, тез жетілді дедік.

А. В. Луначарскийдің М. Горький туралы айтқанын біз Сәбит Мұқановқа жанастыра айтсақ, басында қоқырайған қара папаха, аяғында саптама етік, үстінде шолақ тонымен әдебиет майданына Сәбит кіріп келгенде, мәдениет саласын одан бұрын баурап алған қазақтың ұлтшыл оқымыстылары «мынауың кім?», «мына кескінімен бұл қайда барады?» деп, бір-біріне оқырая қарасты. Бірақ оған Сәбит айылын да жимады. 1923 жылғы «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» атты мақаласынан бастап, әдебиет майданындағы күрестерге шешініп кірісті.

Сәбит Мұқанов әдебиетіміздің тарихына арналған екі үлкен монографияның авторы: «XX ғасыр қазақ әдебиеті» (1932), «Қазақтың XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942). Сонымен қатар фольклор мәселесімен байланысты да бірнеше зерттеу мақалалары бар, «Айтыс» (1942) т. б.

Сәбит Мұқановтың мұра туралы жазған ғылыми еңбектерінің, әсіресе бір құндылық жағы фактісінің байлығы, екінші қандай мұра, қай мәселе болсын өз пікірлерін батыл айтушылық.

Мұра туралы зерттеулерінде ол кейде біреуді асыра мақтау, не тұқырта жамандау сықылды қателіктер жіберді (Абай, XX ғ. демократ жазушылар жайлы). Бірақ, ол қателіктерін кезінде өзі мойындап, жөндеді де. 1938 жылы «Абай халық ақыны» деген мақаласында өзінің ол туралы бұрынғы пікірлерінің терістігін сөзде емес, іс жүзінде түзеді. Абай творчествосының идеялық, көркемдік ерекшелігіне дұрыс баға берді.

С. Мұқанов — біздегі көп зерттелген жазушылардың бірі. Оның творчествосы туралы бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды. Т. Нұртазин жолдас С. Мұкановтың шығармаларын молынан қамтитын, монографиялық еңбек жазып, докторлық диссертация қорғады. Бірақ осылардағы бір кемшілік — жазушының өзіне тән творчестволық ерекшелігіне мейлінше аз тоқталды. Ол үшін зерттеушілерді кінәлаудан аулақпыз. Әйтсе де шындықты жасыру — қажетсіз.

Оның негізгі себебі — бұл мәселенің айрықша зерттеу, көп бақылауды талап ететіндігі. Ақын-жазушылардың стилін айқындау теориялық жайттарға тіреледі. Зерттеулердің тая соғатыны да сондықтан. Әйтсе де, соңғы жылдарда, жас әдебиетшілердің бұл мәселеге батыл бара бас-

тағандары аңғарылады. Үлкен жазушының өзіне тән творчестволық ерекшелігін түгел қамтымасақ та, оның поэзиясымен байланысты стиль ерекшелігі жайлы оқырмандарымызға кейбір пікір ұсынбақпыз.

Поэзияда шын мәніндегі өзіне тән Сәбиттің ерекшелігі «Майға сәлем» өлеңінен басталады. Осы өлеңнің құрылысы «Ақ аю» (1935), «Колхозды ауыл осындай» (1937), «Мен кіммін деп мақтанам?» (1944), «Сырласу» (1946) тағы басқа өлеңдерінде қайталанады.

Бұл өлеңдердің құрылысындағы өзгешелік неде? Бір қарағанда бұларда пәлендей ерекшелік бар деу де қиын тәрізді. Барлығының да буын саны он бір, үш бунақты, қара өлең ұйқасы. Әйтсе де, әр жолы: «Мен сіздерге таныс, бұрынғы он бір буынды өлеңдер емеспін, мен олардан өзгеше, Сәбиттің қаламынан туған өлеңдермін»,— деп тұрғандай.

Бәрімізге мәлім қазақтың ескі заманнан келе жатқан он бір буынды қара өлеңдері үш түрлі. Ағым да үшке бөлінеді. Ол өлең жолының ішіндегі үш буынды бунақтың баста, не ортада, не аяқта келуімен байланысты. Қазақтағы он бір буынды өлеңдердің әркайсысы үш буынды бунақтың қай жерде (баста ма, ортада ма, аяқта ма) келуіне қарай белгілі бір әнді керек етеді.

Дағдыдағы он бір буынды өлеңдер әр түрлі өз ағымын ақындардан берік сақтауды, бастан-аяқ бір ырғақты болуын талап етеді. Солай болып шығады да. Жалпы он бір буынды өлең жолдарында ой екі жолмен, көбі төрт жолмен бітіп отырады. Егер бірінші жолда ой бітпесе, оның соңынан кіші тыныс белгісі қойылады да, сабақтасып келген екінші сөйлем екінші жолда, немесе шумақтың аяғында барып бітеді.

Он бір буынды өлеңді жоғарыда айтылғандай белгілі жүйеге салушы ақын — Сәбит. «Майға сәлемнен» бері қарай көбіне осы әдісті қолданып, көптеген өлеңдерін сол жүйеде жазып келеді. Он бір буынды өлеңді бұлай етіп құрастырудың элементі Сәбиттен бұрынғы тек Абайдың ғана кейбір өлеңдерінде кездесетін. Ал Сәкен, Бейімбет, Ілияс тардың бұл әдісті кездейсоқ болмаса, жүйелі түрде қолданғанын көре алмаймыз. Сондықтан, он бір буынды өлеңнің бұл түрі тек Сәбитке тән ерекшелік. Қазіргі поэзияға көп ақындар осы үлгіні қолданып та жүр. Мысалы:

«Мың сәлем саған
мәңгі, жолдас Майым!
Сен жылда жас жігіт боп келген сайын,

Жер жібек, барқыт киіп,
жасыл жібек
Бүркенеді: үйеңкі, терек, қайың.

(«Майға сәлем»)

«Сен оған айт: «бір емес, тобымыз де,
«Әкеп тұрған бұл астық — қорымыз» де.
«Бейбіт күнде нанымыз, соғыс болса
Бір бидай — жауларға бір оғымыз» де.

(«Колхозды ауыл осындай»).

Бұл екі үзіндінің екеуі де инверсия заңына сүйеніп жазылған. Дағдыда әр сөздің сөйлемде алатын өз орны бар. Қазақ сөйлемдерінде әуелі бастауыш, сосын баяндауыш келеді. Сол сияқты анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштардың да сөйлемде өз орындары болады. Ақын-жазушылар осылардың дағдыдағы қалыптасқан орындарын өзгерту арқылы суреттемек өмір құбылысына оқушыларының көңілдерін аударарлық, сөйлемге жинақылық береді.

Алдыңғы үзіндінің біріншісін алсақ, проза түрінде, «Мәңгі жолдас майым, саған мың да бір сәлем!» болып шығар еді. Өлең сөйлемде сөздердің орындары мүлде өзгеріліп, кейбір сөздер айтылмай, тек сезілетін ғана дәрежеде басқаша құрылған да, соңғы жолында «үйеңкі, терек, қайыңнан» соң келетін «жасыл жібек» бөлек бір жол етіліп, ең ақырында келетін «бүркенеді» деген сөз жолдың басына келтірілген. «Бүркенеді, үйеңкі, терек, қайың» деген жолға мағына беріп тұрған —«жасыл жібек». Онсыз бұл жолдан еш мағына шықпаған болар еді.

Екінші үзіндідегі инверсия — негізінде, сөйлемді жаңаша құру «сен оларға айт!» деген қаратпалы сөйлеммен, әр жолдың аяғында ұйқас үшін қолданылған көмекші етістік «де» арқылы жасалынған.

Төмендегі шумақ есімді және атаулы сөйлемге негізделінеді.

«Қәрі, жас, әйел, еркек —
бәрі сонда
Жоқ дейсің, нелер халық, не ұлт онда?!
Бәрінің кескінінде күлкі...
Өлең...
Музыка...
Желбірейді тулар қолда»

(«Ақ ау»)

«Өлең. Музыка» деген сөздер өлең жолдарында жеке бір сөйлемнің мағынасын беріп тұр. Бұл екі сөз мағына жағынан сол шумақтың шеңберінен шығып кетпесе де, алды-

артындағы жолдарымен тікелей байланысы жоқ. Өз алдына жеке мағына береді.

«Аттаныс. Қамау. Толқын, толқып, қаптап,
Терезеден аңдардай түсті аттап...»—

деген жолдардағы: «Аттаныс», «қамау» сөздері де атаулы сөйлемдер.

«Қазақ өлеңі туралы» деген мақаласында («Жүйткі, қара айғырым» т. б. сондай өлеңдерімен байланысты) Сәбит мұндай өлеңді жазуда екі мақсат бар дейді. 1. «Бір жолдағы сөздер, бір сөйлемде, бір мағынаға ғана жататын сөздер болсын деген заңды қатты қолданудан. Қайталама пікір беретін керексіз сөздерді көп кіргізбеуден шығады. 2. Театр, клуб, әдебиет кештері сықылды мәдениет істері күшеюмен бірге, өлең жалғыз әндік қана болудан шығып, тақпақтап айтылатын құрал болады. Қазақ өлеңінің көпшілігі тақпаққа айтылатын құрал болады. Қазақ өлеңінің көпшілігі тақпаққа, әнге лайықталынып жазылған. Бұдан былай өлең әнге ғана тіркелетін заңнан шығуы тиіс»[1],— деді.

Өз өлеңдерінің практикалық жағы және сөйлемдегі сөздерде мағынаға қатысы жоқ, басы артық сөз болмауы жөніндегі автордың пікіріне біз де қосыламыз. Шынында Сәбиттің «Майға сәлем» үлгісінде жазылған өлеңдерінің бәрінде де әр сөз белгілі бір ұғым, мағынаға негізделеді. Өлең жолдарының буынын толтыру үшін сөз қолданушылықтан Сәбит соңғы өлеңдерінде арылған ақын деуге болады.

Екінші, тақпақтап айтуға өте қолайлы әсіресе үлкен аудиторияларға оқуға жақсы. Ол, талассыз.

Бірақ ақынды осы тәрізді өлеңдер жазуға жетелеген идея — өлеңді ойға құру тәрізді. Көп ақындардың өлеңдерінде кездесетін өмір құбылысын образ арқылы береміз деп, орынды, орынсыз сырлы сөздерді төпелеп өлең жолдарына енгізе беруге, өлең жолдарының ішкі логикалық байланыстарына көңіл бөлмеуге қарсы Сәбит сөйлемдерінде логикалық байланысы берік, ойға қатыспайтын бір де сөзі жоқ, он бір буынды өлеңнің басқа үлгісін ұсынады. Тілімізде жаман сөз жоқ, кінә сөзді орнына қолдана білмейтін ақындардың өзінде, әр сөзге сөйлемдегі өзінің таңдаулы, талғаулы орындарын дұрыс тауып бере білсе,

---

[1] *С. Мұқанов.* «Әдебиет майданы», № 6-7, 1931 ж.

жай сөздің өзі де поэтикалық тілдің ролін атқарады деген пікірдің ұшығын көрсетеді.

Егерде ақындарымыз көркем эпитет, үздік терең, өткір метафора, кейіптеу, тағы басқа формалық поэтикалық тілдерге әуес болса, жолдарының ішкі логикасы нық байланысқан, негізгі қазығы — ой, сөйлемдері басы артық сөзден әбден арылған өлең түрінде де ол мүмкіншілік қабілеттерін пайдалануына болады, тек ойға қатысы жоқ, көпірме сөзден қашу керек деген нысананы меңзеді.

Қорытып айтқанда, жоғарғы келтірілген мысалдар мен талдаулар Сәбит поэзиясындағы жаңа түр — бір алуан ерекшеліктері деп білеміз. Әрине, бұлар тек негізгілері ғана. Тереңірек зерттесек, Сәбиттің диалогтарында да басқаларда жоқ, өзіне тән ерекшеліктер аз емес. Біз бұл мақалада ақынның поэтикалық тілдері, онда кездесетін жаңа сөз образдарын, жаңаша метафора, теңеу, не фигураларға тоқталғанымыз жоқ. Бұл да бір зерттеушілеріміздің көңілін аударарлық мәселе.

Қазіргі академик жазушымыз Сәбит Мұқановтың сын, зерттеу еңбектері әсіресе қазақ совет әдебиетінің партия жолымен дұрыс дамып, өсуі жөніндегі еңбектері бүгінгі әдебиет тарихының шаршы төрінен орын алмақ.

1960 ж.

Дмитрий СНЕГИН

С. Мұқанов — шын мәніндегі интернационалист, халық жазушысы. Ол өмір бойы халықтар достығын жырлаумен өтті. Сондықтан да осы ұлы қазақ біздің көп ұлтты Отанымыздың барлық халқына, жерлестерімізге етене жақын, әрі қымбат.

Мәлік ҒАБДУЛЛИН

КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ

Қазақ халқының ардақтайтын азаматының бірі, қазақ совет әдебиетінің негізін қалауда өзінің көрнекті шығармаларымен айрықша үлес қосқан талантты ақын-жазушыларымыздың бірі Сәбит Мұқанов елу жасқа толды.

Сәбиттің елу жасқа толуын бүкіл еліміз мерекелеп өтті.

«Сәбит әдебиет майданына Октябрь күндерінде, елімізде жасалған социалистік революцияны, жаңа қоғамды, советтік дәуірді жырлау арқылы шықты. Алғашқы жазушылық қадамын совет тақырыбына шығармалар жазудан бастады. Ол ескі дүние күйреп, жаңа өмірдің алғашқы кірпіші қалана бастаған кезеңде, ғасырлар бойы екі жақты қанаудың азабы еңсесін басқан қазақ еңбекшілері революция дүбірімен оянып, өмірді өзгертушілер тобына қосылған дәуірінде, сол еңбекшілердің ортасынан шығып революция жырын жырлаумен танылған жазушы. Октябрь революциясы бұғаудан босатқан күштердің бірі — халықтың таланты, оның өр мінезді ұлдарымен, өрен қыздары болса, соның бірі — Сәбит Мұқанов. Жаңа заманның, жаңа мәдениетіне қазақ қойшысының таяғын ұстай кірген Сәбит Мұқанов бүгінгі түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің көрнекті қайраткері дәрежесіне көтерілді» (Қазақ совет әдебиетінің тарихы туралы очерк, 1949 ж).

Сәбит алғашқы әдебиет майданына араласқан күннен бастап, халқымыздың бай ауыз әдебиетіне бой ұрды, ол қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев пен татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың шығармаларын сүйіп оқыды. Кейіннен елімізде Ұлы Октябрь революциясы жеңіп, Қазақстанда совет өкіметі орнағанда, ол ұлы орыс халқының ұшан-теңіз бай әдебиетіне бас қойды. Оған әсіресе социалистік реализм әдісінің негізін салушы А. М. Горькийдің шығармалары мен советтік дәуірдің ең таңдаулы, талантты ақыны В. В. Маяковскийдің өлеңдері өте ұнады. Сәбит жаңа шығармалар жасауда осы екі алыптың әдебиеттік әдісінен көп оқып, көп үйренді.

Сәбиттің әдебиет майданына араласа бастағанына отыз жылдан асады. Осы уақыттың ішінде ол ондаған роман, поэма, жүздеген өлең-әңгімелер жазды.

Сәбит өзінің творчестволық қызметін өлеңнен бастаған адам. Алғашқы өлеңдерінің өзінде-ақ ол тап күресін, совет өкіметін, жаңа дәуірде теңдікке қолы жетіп, қатарға қосылған қазақ еңбекшілерінің жайын жырлай шықты. Революция жеңістері үшін күресу, халыққа адал қызмет ету арқылы өзін еңбекші таптың жыршысы екенін танытты. Сәбит қазақ әдебиетіне еңбекші бұқараның өкілдерін шын мәніндегі жағымды образ етіп енгізді де, өзін халық жыршысы екендігін көрсетті. Сондықтан ол:

«Мен сендерді басқадан
бұрын көрем,
Мен қолымды сендерге
бұрын берем.
Сендермен кеп алысар жау табылса,
Мен бәріңнен қолында бұрын өлем,
Сен жыласаң, көзімнен жас
ағызам,
Сен қуансаң, тілімнен
бал тамызам:
Сенің егер өзегің талып кетсе,
Басқадан бұрын саған нәр
тамызам»,—

деді.

Осы жолды мықты ұстаған Сәбит отыз жылдан аса қазақ еңбекшілерінің өмірін, ерлік ісін жырлаумен келді. Ол өзінің өлең, поэмаларымен советтік дәуірде қайта туған қазақ халқының тарихи істерін суреттеп отырды. Октябрь революциясы қазақ ауылын советтендіру, азамат соғысы, жер бөлісі, байларды конфискелеу, еңбекші шаруаларды колхоздастыру, бесжылдықтар, совет адамдарының еңбек майданындағы ерлік істері, Отанымыздың батырлық бейнесі, Ұлы Отан соғысындағы жеңістеріміз т. б. ақынның шығармаларына негізгі тақырып болып отырды. Ол елімізде болған ұлы істерге өзінің жырларымен де белсене қатынасып, совет адамдарының батырлық образын жасады.

Сәбит өзінің ақындық творчествосына, оның даму жолдарына әр кезеңде ірі-ірі шығармаларымен, қорытынды жасап отырды. Алғашқы он жылына «Сұлушаш» пен қорытынды жасаса, бергі кезеңдерде «Ақ аю», «Сөз — Советтік Армия», «Колхозды ауыл осындай», «Мен кіммін деп мақтанам» атты шығармаларымен қорытынды жасады. Біз атағандар ақынның өскендігін көрсеткен шығармалар ғана емес, ол қазақ совет поэзиясын — жаңа белеске, үлкен дәрежеге көтерген шығармалар болды.

Қазақ совет әдебиетін үлкен дәрежеге жеткізу үшін проза жанрын дамытуды мақсат еткен Сәбит, осы жолда көп еңбек сіңірді, он шақты роман жазды. Бұл романдарында ол қазақ халқының тарихи даму кезеңдеріндегі бірнеше маңызды мәселелерді қамтыды.

Сәбиттің прозалық шығырмаларының ішінде күрделісі «Ботагөз» («Жұмбақ жалау») романы. Бұл роман қазақ совет әдебиетінің дамып өскендігін, жаңа белеске шыққандығын, әдебиетімізде өмір шындығын барлық жағынан алып, көрсете аларлықтай үлкен проза жанры жасалғандығын дәлелдеген шығарма болды.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, әдебиет кадрларын дайындау жөнінде де Сәбиттің еңбегі үлкен. Жұртқа мәлім, Октябрь революциясына дейін қазақ әдебиетінде шын мәнінде ғылыми зерттеу жұмысы жүргізілген емес. Бұл жұмыс тек советтік дәуірде ғана қолға алынды. Бұған алғаш рет белсене араласқан адамның бірі Сәбит болды. Оның қазақ фольклоры туралы және Абай, ақындар айтысы, батырлар жыры, XVIII—XIX ғасырдағы қазақ Жамбыл жайында жазған зерттеу еңбектері, жалпы қазақ әдебиеті туралы және бүгінгі әдебиетіміз туралы жазған еңбектері, орынды айтқан пікірлері әдебиетіміздің тарихын дұрыстап зерттеуімізге аса көп пайдасын тигізуде.

Бүгінде қазақ совет әдебиеті партиямыздың басшылығы арқасында Одақ көлеміне шыққан, барлық жанрда өсіп-жетілген үлкен әдебиетке айналды. Үлкен әдебиетті жасаушы әдебиет қорлары өсіп жетілді. Сол кадрларды тәрбиелеу, оқыту-үйрету, творчестволық іске баулу — совет жастарынан әдебиет кадрларын дайындап өсіру арқылы қазақ совет әдебиетінің дамып өркендей беруі жөнінде Сәбит көп еңбек сіңірді.

Сәбит елуге келді, бұл оның творчестволық күш-қуаты толған, ой-өрісі ұлғайған, жазушылық шеберлігі кемеліне келген, әбден ысылған кезі. Біз Сәбиттің бұдан былай да социалистік Отанымыздың бейнесін, бүгінгі сәулетті советтік өміріміз бен ертеңгі жарқын болашағымызды көркем түрде суреттеп беруіне, Сталиндік заманымызға сай жаңа шығармалар жазуына тілектеспіз. Сондықтан да біз Сәбиттің коммунистік қоғам құру үшін күресіп отырған совет адамдарының жарқын бейнесін көрсете алатынына кәміл сенеміз.

Ян ЛЕНЧО

Сәбит Мұқанов талантына тағзым етемін, оның кітаптарын менің елімде де сүйіп оқиды.

ЖАЛЫНДЫ САЯСИ ЛИРИКА

I

Сәбит Мұқанов қоғам жұмысына, әдебиет майданына Ұлы Октябрь социалистік революциясы күндерінен бастап араласты. Сонан бері қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін өркендету ісіне белсене қатынасып келеді. Оның аты республика жұртшылығына, бүкіл Совет Одағына, халықтық демократия елдерінің біразына мәлім.

Сәбит қазақ совет әдебиетімен бірге туып, бірге өсіп келеді: ол ірілі-уақты жүздеген өлең, ондаған поэма жазып, қазақ совет әдебиетінің поэзия саласын дамытуда көп еңбек сіңірді; он шақты роман, повесть, көптеген әңгіме, очерк жазып, қазақ совет әдебиетінің проза жанрын өркендетуде елеулі еңбек етті; ол драма жанрына да араласып, бірнеше пьеса жазды; әдебиет сыны мен қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде де бірқатар еңбек етті.

Яғни Мұқанов — әрі қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, әрі қазақ совет әдебиетінің әр жанрда жазып жүрген көнекті қайраткері. Оның жазушылық сапарының кезеңдері қазақ совет әдебиеті тарихының даму кезеңдерімен дәл келіп отырады.

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жақында Сәбит Мұқановтың таңдамалы өлеңдер жинағын басып шығарды.

Сәбит Мұқанов әдебиет майданына ұлы революциялар, сұрапыл күрес-соғыстар дәуірінде келді. Алғашқы адымынан бастап жетім-жесірлер, жаншылып жапа көргендер мүддесін, Октябрь революциясы идеясын жырлады.

Ақынның 1917-1920 жылдары жазған өлеңдерінің таңдаулылары: «Көңілім», «Неге тудым?» (Бір жетім баланың аузынан), «Жалшының зары», «Шығар күнді», «Албасты», «Малипаға», «Бостандық», «Жазғы таң» деп аталады.

Бұл өлеңдерінде Сәбит өзінің, қазақ кедей-жалшыларының революциялар мен азамат соғысы жылдарын-

дағы тұрмыс жайын, мұң-мұқтажын, көңіл-күйін, ізгі тілегін суреттейді. Езіліп, жапа шеккен кедей-жалшы, жетімжесір өзінің туғанына өкінеді; ерікті, бақытты өмірді аңсайды, оны түсінде көреді. Ұзамай ол түсі өңіне айналады, бостандық болады, қуанады. Ақын өзінің, жалшының қуанышын жыр етеді, революцияны дәріптейді.

Ақын, сонымен бірге жалшы бірте-бірте бостандықтың, революцияның мән-жайын, оған қалай жеткенін, өздерінің ондағы ролін, ендігі міндеттерін аңғара бастайды.

«Бостандыққа белді буып берілдік...
Енді еркінбіз, күн біздікі, құлеміз...
А кедейлер!— деп жүрмеңдер — бос қалдық
Еңбек етсең, білім, өнер сенікі,
Өзің ие, міне, саған бостандық!»—

дейді.

Қазақ совет әдебиеті дамуының, Сәбит жазушылық сапарының екінші кезеңі — елде жаңа орнаған совет өкіметін нығайту, соғыстар, революциялар кезінде күйреген шаруашылықты қалпына келтіру, мәдениетті өркендету дәуірі еді.

Осыдан қазақ совет әдебиетінің, Сәбит өлеңдерінің бұл дәуірдегі негізгі тақырыптары — Ұлы Октябрь социалистік революциясы, Ленин, Совет өкіметі, Коммунист партиясы, Қызыл Армия, қазақтың бостандық, теңдік алған кедейлері мен әйелдері, ауылдағы жаңа тұрмыс болды.

Мұны Сәбиттің 1920-1930 жылдар арасында жазған өлеңдерінің тақырыптары айқын сипаттайды. Жинаққа ақынның осы кезде жазған 57 өлеңі енгізілген. Олардың аса көрнектілері «Ленин жолдасқа», «Қызыл арқа», «Пионер», «Әжем», «Менің тойым», «Шоқпыттың шаруасы», «Сүт заводы», «Мәңгілік ұлы халықтың», «Құтты болсын мейрамың», «Егістік», «Мәдени майдан» деп аталады.

Сәбиттің бұл жылдардағы ойы мен сөзінің өзегі Октябрь революциясы, Ленин, Совет өкіметі, Коммунист партиясы; осылардың қазақ еңбекшілерін ғасырлық құлдықтан азат еткені, саяси, шаруашылық теңдікке жеткізгені, ауылда жүргізілген науқандар, сүт заводы, сериктік, мектеп, қызыл бұрыш, пионер ұйымы сияқты жаңалықтар. Ол осыларды үгіт, насихат етіп айтады.

«...Ленин
— Ол — ер, адал ұл, ол — кемеңгер...
Октябрь!
— Ол тарихтың ұлы беті...
Октябрь!
— Жаңа дүние есігі ол...
Октябрь!
— Жер жүзінің шырағы ол...
Октябрь!
— Коммунизм босағасы!
Ленин коммунизмнің қос ағасы!»—

деп қорытады ақын.

1930—1941 жылдар арасы елімізде социалистік қоғам құру дәуірі болды. Бұл кезде Сәбит бесжылдықтар тұсында Қазақстанда өндірістің, колхоздың, совхоздың, халық мәдениетінің өркендеуін, Советтік Конституцияны, халықтар достығын, советтік патриотизмді жыр етті. Жұртқа солардың саяси, тарихи маңызын түсіндірді.

Сәбиттің бұл дәуірдегі өлеңдерінің әрі ең көрнектілері, әрі ең тамашалары «Майға сәлем», «Конвеер», «Қарағанды», «Күннен күшті большевик», «Ол туралы ән мен күй», «Колхозды ауыл осындай», «Гүл бақшадай Отаным», «Сөз — Советтік Армия», тағы басқалар. Осы өлеңдерінде ақын социалистік қоғамның, совет адамдары тұрмысы мен ісінің ерекшеліктерін жете, келісті баяндайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Сәбит Мұқанов «Поэзия маршалы», «Біздің күш», «Майданға хат», «Ленин қаласына», «Жеңімпаз Қызыл Армия» деген сияқты көптеген өлеңдер жазды. Ол өлеңдерінде ақын совет адамдарының тылдағы, майдандағы ерліктерін, социалистік Отанымызға, Коммунистік партияға шексіз берілгендігін, жауды жеңу жолындағы жан қиярлығын жырлады. Совет адамдарының ерекше қасиеттерін суреттеп, тамаша бейнесін жасады.

Сәбит Мұқановтың Отан соғысынан бергі жердегі өлеңдерінің негізгі тақырыптары: Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмге қарай бет алып бара жатқан совет халқының шөл дала, жапан түздерге су шығару, ағаштар егу, тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі қажырлы еңбегі, сәнді тұрмысы, жаңа соғыс өртін тұтатпақшы болғандарға қарсы күресі.

Қысқасы, Сәбит Мұқанов — өз заманымен қатар аттап, еліміздің өміріне белсене араласып, оның әр кездегі күнделікті, көкейтесті, түйінді мәселелерін жыр етіп келе

жатқан ақын. Оның өлеңдері еліміздің көркем сөзбен жазылған шежіресі тәрізді.

Сонымен бірге Сәбит өзінің жазушылық сапарының барлық кезеңінде үнемі ілгерілеп, өсіп отырған, жылдан жылға тақырыбы көбейіп, күрделеніп, ой-пікірі тереңдеп, жетіле түсіп, қаламы төселіп, шеберлігі ұстарып отырған.

II

А. Фадеев бір сөзінде: «Біздегі шығармалардың, ақындар өлеңдерінің тақырыбы бір сияқты. Бәрі совет шындығы, советтік патриотизм болып келеді. Егер әр шығарманың көркемдік жағы, әр ақын өлеңінің өзіне ғана тән ерекшеліктері, әр ақынның өзіндік қана қасиеттері ашылмаса, онда біздегі барлық ақын бір кісідей болып шығады. Әр шығарманың көркемдік ерекшеліктері, әр ақынның тек өзіндік қана қасиеттері ашылсын»,— деген еді.

Мәселенің осы жағына, Сәбит Мұқанов өлеңдерінің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне, оның өзіндік қасиеттеріне келсек, олардың кейбіреулері мынадай деуге болады.

Сәбит Мұқанов — құлашы үлкен, қармауы мол, тынысы кең ақын: өлеңдерінің тақырыбы сан алуан, күрделі, маңызды. Қазақ халқының Октябрь революциясынан бергі қоғамдық өмірінің Сәбит назары түспеген, Сәбит сөз қылмаған жайы, жырламаған маңызды, көкейтесті мәселесі жоқ.

Сәбит Мұқанов — сыршыл, лирик ақын, оның өлеңдері түгелдей дерлік саяси лирика: күнделікті, маңызды. саяси тақырыптарға жазылған, кейбірі үгіт, насихат, кейбірі үндеу, ұран, кейбірі байсалды кеңес, байыпты түю, кейбірі сын, әшкерелеу болып келетін жалынды саяси лирика.

С. Мұқановтың лирикасы совет оқушысын өзінің социалистік Отанын, Коммунистік партиясын сүюге, еңбекке, ерлікке, тапқырлыққа, қырағылыққа тәрбиелейді; Отанды өркендету, жаудан қорғау, коммунизм орнату жолында жан қиярлықпен күресуге үндейді.

Саяси лириканың бір ерекшелігі — онда барды баяндау, табысты жырлау, жақсыны мадақтаумен бірге кемкетікті, мінді көрсету, сынау, сықақ, әжуа, әзіл болады. Жарасымды, өткір әзіл, әжуа, сықақ, сын әшкерелеу, тіпті саяси лириканың жаны десе де болады. Мұндай лирика ескіні, мешеуді, жатты, жауды өлтіре сықақ етеді. Жақсыны, жаңаны, өршілді дәріптейді; солар арқылы болашақ қасиеттерін бейнелейді.

Бұл қасиет Мұқановтың лирикасында да бар. Жинақтағы «Ит үреді, керуен көшеді», «Пұшық мұрын қайнаға», «Ағай мен жеңгей», «Бүгін қатын биледі», «Пай-пай-пай, шіркін келуін!» «Трумэннің түсі мен өңі» деген сияқты бірсыпыра өлеңдер доска әзіл, өзара сын болып, жауға әжуа, сықақ, әшкерелеу болып келеді.

С. Мұқанов өз өлеңдерінің бұл ерекшелігі жөнінде былай дейді:

«Мен солай сөйлеп кеттім қалам ала,
Қаламым тікен болды, тілім — ара,
Деп, дұшпан, ойбайлады сол уақытта:
«Мынаның өлеңінің түрін қара!»

Мен сұға бердім тілді одан да әрі,
Жауымның ойбайлауға келмеді әлі,
Кешікпей үні өшті,
Достарыма —
Шырындай өлеңімнің болды дәмі».

Бұл жағынан Мұқанов жолдастың өлеңдері совет жастарын ескіден, кертартпадан, мешеуден жирендіреді, жауға кектендіреді. Яғни, С. Мұқановтың лирикасы, халық поэзиясының алыбы Жамбыл айтқандай, жауға — оқ, доска — жыр.

Лирикалық өлеңді тартымды, қызықты ететін бір нәрсе — оның сюжетті, әңгімелі, мықты композициялы, бас-аяғы жинақы болып келуі.

С. Мұқановтың өлеңдерінде мұндай қасиеттер де бар. Оның қай өлеңі болсын, белгілі бір композицияға құрылады; көп өлеңдері сюжетті болып келеді. Жинақтағы «Сүт заводы», «Шоқпыттың шаруасы», «Жемісті ағаш», «Колхозды ауыл осындай», «Гүл бақшадай Отаным», «Домбыраның сәлемі» тағы-тағылар қызық сюжетті, әңгімелі өлеңдер.

Мысалы, ақын «Гүл бақшадай Отаным» деген өлеңін сюжетті аңызды етіп келтіреді: Советтер Одағының саяси, мәдени тұрмысын, күш-қуатын, болашағын қызықты аңыз етіп айтады, аз сөзбен көп әңгіме баяндайды. Осыдан оның өлеңдерін халық қызығып оқиды.

Сәбит Мұқанов өлеңдерінің сырты, көркі, тілі, өлең құрылысы (өлшемі мен ұйқасы) барынша қарапайым: кейде ырғақты қара сөз тәрізді десе де болады. Ақынның өзі, мен өлеңдерімді жабайы жұрт түсінер деген тілмен жазам, дегенді айтады.

Бірақ оның өлеңдері мәнді, лепті, екпінді болып

келеді. Осыдан ол өлең оқылады, барлық оқушының көңіліне қонады, сезімін тебірентеді.

Сондай-ақ, Мұқанов жолдас өз өлеңдерінде күнбе-күнгі өмірде, іс-әрекет, әңгіме-кеңес үстінде көп айтылатын, қалың бұқараның өмір, тіршілігінде көп ұшырайтын, солар айтатын сөздерді, атауларды әрі көп, әрі орынды қолданады.

Мысалы, С. Мұқановтың «Қолхозды ауыл осындай» деген ұзақ өлеңін алсақ, онда ақын колхоз өмірінде көп ұшырайтын, колхозшылар тұрмыста, жұмыста көп айтатын сөздерді жиі қолданады. Қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген зәру, өмірде көп қолданылатын техникалық атауларды да ол кірістіріп отырады.

Осыдан ақынның өлеңдерінің тілі, атаулары, сөз байламы тақырыптарына, ақындық лирикалық кейіпкерлеріне сай келіп, сондықтан да көрікті болып тұрады.

Мұқанов жолдас — өлеңнің көркі, өлшем ұйқасы жөнінде көп ізденуші, жаңалық қарастырушы ақындардың бірі. Ол өз халқы мен орыс халқының бұрын-соңды үлгілі поэзиясындағы қолайлы, жақсы, жаңа деген жайттар мен тәсілдерді өз поэзиясына енгізуге, сол арқылы қазақтың ақындық мәдениетін байытуға тырысады. Бұл жөнінде Сәбиттің кейбір игі табысы бар.

С. Мұқанов көп ретте өлеңінің ырғағын әдейі өзгертеді: қазақтың ежелгі буын, шумағы санаулы, шырқамалы, әнді өлеңін еркін ырғақты, диалогты, әңгіме-кеңесті өлең етіп келтіреді. Мысалы:

— Сен оған айт:— бір емес тобымыз — де,
— Әкеп тұрған бұл астық қорымыз — де,
— Бейбіт күнде нанымыз, соғыс болса —
Бір бидай жауларға бір оғымыз — де.

(«Колхозды ауыл осындай».)

Сәбиттің мұнысы — жаңалық, орынды, қажетті жаңалық: өлеңді өмірге жуықтату, қарапайым ету, өмірді айнытпай беру, бұл тәсілі өлең жазушы дәл өмірді көзімен нақты көріп отырып, колхоз, өндіріс өмірінің ортасында жүрген адамдардың әңгіме-кеңестерін, сөйлескен сөздерін естіп келіп жазған тәрізді болып шығады. Оның лирикасынан өмір лебі есіп тұрады.

Ақын көп ретте қазақтың бұрынғы 11 буынды, 7-8 буынды өлеңдерінің әр тармағын бунақ ретімен бөлшектеп, бірнеше тармақ етіп жазады. Мысалы:

«Тоқтат,
Дүние,
Дабырды!
Не керек
Күңкіл
Ескі оймен,
Тыңдайық жаңа дабылды,
Жолдас
Маяковскийден». *(«Поэзия маршалы»)*.

Бұл жаңа өлшем, жаңа ұйқас емес, кезек ұйқаспен келген 7-8 буынды бір шумақ жыр. Негізі былай:

«Тоқтат, дүние дабырды,
Не керек күңкіл, ескі оймен.
Тыңдайық жаңа дабылды
Жолдас Маяковскийден».

Бірақ ол Сәбиттің қиыстау шумақтауында бұзылып, ерсі, өрескел болып тұрған жоқ, қайта жарасып, өлеңді ашып, өткір, күшті етіп тұр. Сондықтан ақынның бұл тәжірибесін де жаңалық деп білу керек.

Онан соң, қазақ халқының ертедегі өлеңінің тармақ ұйқасы бір, екі, үш, төрт буынды болып келетін. Сәбит осыны да өзгертпекші болады. Ол кейде өлеңнің тармақ ұйқасын бес, алты буынды етіп келтіреді. Мысалы:

«Малшының аты Кенбай — сөз ұясы,
Басы бір жалғанның кең дүниясы.
Ертегі, өлең, жырдың, шежіренің
Миы бай, көркем, сұлу антологиясы».

Осында Сәбит «сөз ұясы», «дүниясы», «антологиясы» деген сөздерді ұйқастырып отыр, алдыңғы екі сөз төрт-төрт буынды, кейінгі сөз алты буынды.

Егер осы ұйқастардың бәрі де алты буынды болып келсе, ол Сәбиттің жаңалығы, зор табысы болар еді. Олай болмай, алдыңғы екі тармақ ұйқасының буыны кем қалып, кейінгі тармақ ұйқасының буыны артып кетіп, содан шумақтың ұйқасы аса жарасты болмай тұр.

Асылында, бұл — батыл бастама, тамаша тәжірибе. Ақын оны дәл, барлық жол ұйқасында бес буынды яки алты буынды етіп келтіріп, әбден меңгеріп алу, қазақ өлеңіне сіңістіру керек.

Бізде Сәбит Мұқановтың поэзиясы туралы сөз болды десе: Сәбит Маяковскийден үйренді, әсер алды; Сәбит — Маяковский деп өршелене тұрушылық бар.

Рас, Маяковский — совет заманының өте талантты новатор, ұлы ақыны; совет әдебиетінің негізгі әдісі болған

социалистік реализмнің негізін салушылардың бірі. Онан совет ақындарының қай-қайсысы болсын үйренді, үйрене де бермек. Солардың ішінде Сәбит те үйренді, үйренбек.

Бірақ Маяковскийден үйрену, әсер алу — дәл Маяковский болу емес. В. Г. Белинский ұлы ақын, жазушының басқа ақын-жазушыларға әсер етуін күннің жерге әсер етуімен теңейді: күннен әсер — нұр, күш алған соң жер күн болып кетпейді, өзінің күшін, қасиетін, өзіндік қасиетін көрсетеді дегенді айтады.

Сондықтан біз Сәбиттің, тағы басқа көрнекті ақындарымыздың Маяковскийден үйренгенін, әсер алғанын айтқанда, оны айнығысыз Маяковский дей салмай, өзіндік қасиетін ашуымыз, егер өзіндік қасиеті болса, ол Маяковский өлеңдерінің қасиетіне теңдес болса, өзінше Маяковский деуіміз жөн.

III

Таңдамалы өлеңдері жинағына Сәбит Мұқанов пролог ретінде өзінің әйгілі «Сырласу» деген көлемді өлеңін, эпилог ретінде «Коммунистік партия» деген ұзақ өлеңін берген. Оларда ақын өзінің халыққа, отанға, партияға, Ленинге шексіз берілгенін, өзінің адамдық, ақындық сертін, асқақ ой-қиялын әрі айқын, әрі шебер айтқан:

«Қайталап айтам: бойда барлық күшім,
Қолымнан келетін барлық ісім
Сен үшін жұмсалады,
Саған сәлем,
Ленин үшін, Коммунистік партия үшін»,—

дейді ақын «Сырласуда».

Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, кексе ақынымыз Сәбит өлеңдері — қазақ совет поэзиясының мол қазынасы, жалынды саяси лирика. Оның жинақ боп басылып шығуы — орынды болған, қуанарлық іс.

1955.

Сәбит Мұқановтың есімі мен творчествосы қазақ халқы сияқты, еліміздің барлық халықтарына да етене жақын әрі қымбат. Бір кездегі жалшының баласы өзінің жомарт талантының гүлденіп, ашылуы үшін, өз сөзімен айтқанда, түгелдей Ұлы Октябрь социалистік революциясына қарыздар. Сәбит Мұқановтың жазушылық дарыны қазақ халқы өзінің дәстүрге өте бай байырғы мәдениетін үрдіс дамытудың аса кең мүмкіндігін алған кезде толық ашылды. Сәбит Мұқанов артына ерекше жан-жақты және эпикалық сипаттағы творчестволық мұра қалдырды. Оның дарынының қайнар көзі — халықтың қалың ортасында, өзінің кең-байтақ даласында.

Совет халықтары мәдениетінінің осылайша ерекше жемісті түрде өзара баюына Сәбит Мұқанов үлкен үлес қосты. Оның әдеби таланты біздің еліміздегі сан алуан бүкіл мәдени процестегі жарқын көріністердің біріне жатады.

Әбділда Тәжібаев

СӘБИТ МҰҚАНОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Мен Сәбеңнің 70 жылдығына жасаған баяндамамның атын осылай қойған екенмін. Бүгінгі сөзімді де солай атадым. Және мен бүгінгі әңгімемді де сондағы сөзіммен бастағалы отырмын. Өйткені солай ету қажет екен. Мен опера театрына лық толған жақсы мен жайсаңның ортасында, үлкен ағамның тойында әуелі былай деппін:

«Ай артынан ай, жыл артынан жыл жөңкіп өтіп жатыр. Артымызға анда-санда бір бұрылып қарасақ, біз өткен алыс жолдардың шаңы да көрінбейді. Бірақ өткен өмірдің бірде-бір оқиғасы ұмытқа айналған жоқ. Біздің ағаларымыз бен құрбыларымыз қатысқан азамат соғысының жаңғырығы әлі құлағымызда. Бесжылдықтар тұсында жарылған таулар, қопарылған шыңдар, аспандай өскен құрылыстар бүгін де көз алдымызда. Біздің ағалар, құрбылар ағызған дариялар мен олар орнатқан теңіздер — батпақ шөлдерді, қалың құмдарды көк шалғынға, көрікті ел мекеніне айналдырады.

социалистік реализмнің негізін салушылардың бірі. Онан совет ақындарының қай-қайсысы болсын үйренді, үйрене де бермек. Солардың ішінде Сәбит те үйренді, үйренбек.

Бірақ Маяковскийден үйрену, әсер алу — дәл Маяковский болу емес. В. Г. Белинский ұлы ақын, жазушының басқа ақын-жазушыларға әсер етуін күннің жерге әсер етуімен теңейді: күннен әсер — нұр, күш алған соң жер күн болып кетпейді, өзінің күшін, қасиетін, өзіндік қасиетін көрсетеді дегенді айтады.

Сондықтан біз Сәбиттің, тағы басқа көрнекті ақындарымыздың Маяковскийден үйренгенін, әсер алғанын айтқанда, оны айнығысыз Маяковский дей салмай, өзіндік қасиетін ашуымыз, егер өзіндік қасиеті болса, ол Маяковский өлеңдерінің қасиетіне теңдес болса, өзінше Маяковский деуіміз жөн.

III

Таңдамалы өлеңдері жинағына Сәбит Мұқанов пролог ретінде өзінің әйгілі «Сырласу» деген көлемді өлеңін, эпилог ретінде «Коммунистік партия» деген ұзақ өлеңін берген. Оларда ақын өзінің халыққа, отанға, партияға, Ленинге шексіз берілгенін, өзінің адамдық, ақындық сертін, асқақ ой-қиялын әрі айқын, әрі шебер айтқан:

«Қайталап айтам: бойда барлық күшім,
Қолымнан келетін барлық ісім
Сен үшін жұмсалады,
Саған сәлем,
Ленин үшін, Коммунистік партия үшін»,—

дейді ақын «Сырласуда».

Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, кексе ақынымыз Сәбит өлеңдері — қазақ совет поэзиясының мол қазынасы, жалынды саяси лирика. Оның жинақ боп басылып шығуы — орынды болған, қуанарлық іс.

1955.

Сәбит Мұқановтың есімі мен творчествосы қазақ халқы сияқты, еліміздің барлық халықтарына да етене жақын әрі қымбат. Бір кездегі жалшының баласы өзінің жомарт талантының гүлденіп, ашылуы үшін, өз сөзімен айтқанда, түгелдей Ұлы Октябрь социалистік революциясына қарыздар. Сәбит Мұқановтың жазушылық дарыны қазақ халқы өзінің дәстүрге өте бай байырғы мәдениетін үрдіс дамытудың аса кең мүмкіндігін алған кезде толық ашылды. Сәбит Мұқанов артына ерекше жан-жақты және эпикалық сипаттағы творчестволық мұра қалдырды. Оның дарынының қайнар көзі — халықтың қалың ортасында, өзінің кең-байтақ даласында.

Совет халықтары мәдениетінінің осылайша ерекше жемісті түрде өзара баюына Сәбит Мұқанов үлкен үлес қосты. Оның әдеби таланты біздің еліміздегі сан алуан бүкіл мәдени процестегі жарқын көріністердің біріне жатады.

Әбділда Тәжібаев

СӘБИТ МҰҚАНОВ ТУРАЛЫ СӨЗ

Мен Сәбеңнің 70 жылдығына жасаған баяндамамның атын осылай қойған екенмін. Бүгінгі сөзімді де солай атадым. Және мен бүгінгі әңгімемді де сондағы сөзіммен бастағалы отырмын. Өйткені солай ету қажет екен. Мен опера театрына лық толған жақсы мен жайсаңның ортасында, үлкен ағамның тойында әуелі былай деппін:

«Ай артынан ай, жыл артынан жыл жөңкіп өтіп жатыр. Артымызға анда-санда бір бұрылып қарасақ, біз өткен алыс жолдардың шаңы да көрінбейді. Бірақ өткен өмірдің бірде-бір оқиғасы ұмытқа айналған жоқ. Біздің ағаларымыз бен құрбыларымыз қатысқан азамат соғысының жаңғырығы әлі құлағымызда. Бесжылдықтар тұсында жарылған таулар, қопарылған шыңдар, аспандай өскен құрылыстар бүгін де көз алдымызда. Біздің ағалар, құрбылар ағызған дариялар мен олар орнатқан теңіздер — батпақ шөлдерді, қалың құмдарды көк шалғынға, көрікті ел мекеніне айналдырады.

Біздің құрбылар бастап жыққан фашизмнің қара туы бүгін де табанымыздың астында. Міне, енді біз жігіт ағасының жасынан аталық жасқа жеттік. Өшпей, өлмей бүгінге жеткенімізге, аса құдіретті совет халқының әбден шарықтаған дәуіріне жеткенімізге қуанамыз.

Осындай ғажайып дәуірде, ғажайып Отанымызда, социализмнің ірі жыршыларының бірі Сәбит ағамыздың 70 жылдық тойын тойлағанымызды біз өзімізге ұлы мәртебе деп білеміз»...

Сіз бұдан отыз төрт жыл бұрын жариялаған «Сырласуда» әдемі бір мөлдірлікпен төгіліп, ақ жүректен ақтарылған тап-таза сырыңызды айтқансыз, сондағы:

«Жан сырым, халқым, маған сенсең егер,
Борышым шашымнан көп саған берер.
Желкеме шор түсер деп аямай сал,
Мен сенің өгізіңмін өрге жегер»,—

дегенсіз. Әрине, Отанға қарыздар емес ешкім жоқ. Отан алдындағы борыш еш уақытта өтеліп болмайды. Дегенмен адам мен адамды салыстырғанда, жаңағы қарыздарлық бірдей, теп-тең бола бермейді. Сол сияқты жазушы мен жазушыны салыстырғанда да борыштарлық салмағы сан алуан. Мысалы: Отан алдындағы менің борышым шашымнан көп болса, Сіздің борышыңыз маған салыстырғанда әлдеқайда жеңіл болуы мүмкін. Өйткені Сіз менен әлдеқайда көп еңбектенген, барынша тындырымды еңбектенген жазушысыз. Сөйте тұра Сіздің «борышым шашымнан көп саған берер» деуіңіз тамаша кішіпейілдік.

Сәбит аға, бүгін біз әрқайсысымыз да Отан алдында Сіздің сөзіңізді қайталаймыз.

«Желкеме шор түсер деп аямай сал,
Мен сенің өгізіңмін өрге жегер»,—

дейміз.

Сәбе, біз Сізді еңбектен болдырады екен, қолына күш түседі екен деп аяған емеспіз, аямаймыз да, тек қана көңіліңізге күдік, жүрегіңізге дақ түсіруге аяймыз. Біз ғана емес, бүкіл халық солай аяйды. Өйткені әрбір бақытты елдің жетпіске жеткен бір Сәбиті болуы үлкен оқиға, үлкен қуаныш.

Сәбит аға, мен мына отырған дос қауымның атынан дақ түспеген, қуанышы кемімеген қызу жүрекпен — жүзбен де табысуыңызды тілеймін!» дедім.

Бірақ бұл тілегіміз орындалған жоқ. Сәбең жүздерге, мыңдарға шығармаларын қалдырды да өзі жөнеп кетті.

Бізде Сәбеңнен бұрынырақ, әйтпесе қатар шыққан, әдебиеттің барлық жанрында Сәбеңше еңбектенген, көркем шығармаларымен үлгі көрсеткен өзге ағаларымыз да болған. Мысалы, Сәкен Сейфуллин — совет әдебиетінің алғашқы қарлығашы, іргесін қалаушы, деп әуелі Сәбең бастап айтқан. Бірақ қалың елден талант іздеп табуда, ол тапқан жас таланттарға қолма-қол жәрдемдесіп, бапкер болуда ешкім де Сәбит Мұқановқа жеткен жоқ. Менің бұл пікірімді кешегі Қалмақан, Жақан, Асқар, Тайырлар да айтып кеткен. Сәбең өзі жетектеп әкеп қатарға қосқан жасқа сол күннен бастап жолдас деп қарайтын.— Сен менен үйрен, менің қол балам бол, сен маған қарыздарсың, соныңды өте алдымен — деп, Сәбең ешкімге міндет еткен емес, етпек тұрсын іштей де солай ойлаған емес.

Бұл оның ерлік, ағалық дерлік ерекше қасиеті еді. Адам біріне-бірі тең, адам бірінен-бірі кем емес деп бәріміз де айтамыз. Бірақ соны шын көңілмен жаны жомарт, жастықты қадірлегіш, гуманизммен егіз боп туған, нағыз боп туғандар ғана айта алады. Сол сирек адамдардың бірі Сәбит Мұқанов болатын.

Сәбеңнің бір бөлмелі пәтері қазіргі үш қабат Жазушылар одағынан кең болатын деп мен әлде неше рет айтқанмын. Сол ойымды бүгін де қайталаймын. Біз жапжас балдырған жігіттер 1930 жылдарда әмәнда Сәбеңнің үйінде кездесетінбіз. Оның төрінде отырып етін жеп, шайын ішетінбіз. Сәбеңе жан-жағынан бізден көрі жақын тұрған Қалмақан өзін сол үйдің бір тұрғынындай ұстайтын.

— Алыңдар, жігіттер, ішіңдер жігіттер,— деп дастарқан иесіндей көрінетін.

— Өлең де жазыңдар, совет жырын халыққа уағыздайтын мақала да жазыңдар,— дейді Сәбең.— Бізден, осы отырған өздеріңнен, бәрімізден жаңа поэзия туады дегенге сенбейтіндер, оны мазақ-мысқылға айналдырғысы келетіндер де аз емес. Біз ондайлардан да сақ болуымыз, оларға соққы бере алатын да болуымыз керек.

Сәбең бізді үйінде кездескенде ғана жақын тұтынбай, көріспей кетсек іздейтін. Алысырақ кетсек хат жазып хабарласатын. «Көрінбей, үндемей кеттің ғой, мұның қалай?» дейтін хаттарында. Бізді кәдімгі ересек, піскен адамдардай іздейтін. Сезім құрғақ болмас үшін жақында ғана архивімнен табылған Сәбеңнің 15.I.31 ж. бір хатын оқып берейін:

«Әбділда!

Сен Қызылордада екенсің ғой, мен сені Семей жағында деп жүргем.

Аманшылық, айдап істеп жатырмыз. «ҚазАПП» жүргеп боп жатыр. «ҚазАПП-ка» деген ағаш қамшының көп екенін өзің білесің ғой. Әрқайсымыз өз әбиерімізді көтеруге «Мен қазаптың пәлені» едім деп аузымызды көптіргенмен, іс жүзіне келгенде, көбіміз құрғақ сөзбен қалып жүргеніміз де мәлім. Ғабит пен менің полемикамды оқыған шығарсың, Ғабит жолдас орынсыз жерге әулиелік жасады. Мені қаралағанмен қоймай, Қызылжардың секциясын менің жігім қып көрсетті. Былтыр шет-жағасын көрген сықылды ең, партияның көркем әдебиеттегі ұранын орындауға талпынып істеген істі баяғы сасық жікке жыққысы келгеніне мен өзім қатты ренжідім. Сен маған бұл туралы көмектестік пікіріңді жазуға тиістісің.

Тегі мен өзімді «күн көру» үшін партияға кірген адаммын деп ойламаймын, жұмыскермін деп мақтанбаймын. Қазақ ауылындағы батырақтың ең езілгеніне қосылатын, көзімді Октябрьмен ашқан адаммын. Партияға кіргеніме он жыл. Содан бері партиялық міндетімді орындап жүрмін. Орындағанда, соқыр сана емес, белгілі саяси түсініспен. Қате деген нәрсе көпшіліктің басынан өтеді. Ол өз алдына бір мәселе. Осындай оймен жалпы еңбекшінің жырын жырлап жүрмін деп жүргенде демагогиясына мініп алып, орынсыз жерде айдауға тырысқан жолдастарға ренжімегенде адам қайтер... Бұл менің жігерім жасығандық емес, саған жолдастық ретімен әлдеқалай айтып отырғаным ғой.

Біздің алдымызда міндет көп сықылды, Әбділда жолдас! Өлкелік партия комитетінің пленумының «ҚазАПП-ка» тапсырған ісінің әлі жүзден бірін орындағанымыз жоқ. Ертең партия «не істедің» деп есеп сұраса, мен өзім ұялар ем. Бұл тапсырғанды түгел орындау жалғыз адамның қолынан келмейді. Жалпы еңбекші жазушылар қатынасқанда ғана бірдеме шығаруға болады. Осылай көптеп кету ретінде ешқайсымыз көзге көріне алып отырғанымыз жоқ. Соның біреуі сенсің. Саған жолдастық ретімен айтатын сөз: ортадан оза білімің бар, әдебиетте атың бар (мақтағандық емес) адамсың, сөйтіп отырып «ҚазАПП-тың» күнделік ісін көркейтуге салақтау қарайсың. Бізде «правление істейді» деген қате сенім бар. Осы сенім көп жолдастың іскерлігін кемітеді. Бұл ұсыныстыі тастап бәріміз көмектесіп іс істеуге тиіспіз.

Тағы да хат жазысармыз. Осы хатты берген жолдас «Әбділдаға хат салам» дегесін кітапханада отырып жаза

салдым. Заниматься етіп басым ауырып отыр еді. Саған тапсыратын нәрсе егер Қызылордада азын-аулақ күн болсаң, сонда бөлімшені оформить етіңдер. Сөйтіп, мүшелерінің тізімін жасап, правление құрып, өлкелік басқармаға бекітуге жіберіңдер. Бұл туралы Бейімбет «ҚазАППтың» тапсыруымен Жиенғали Тілепбергенұлына хат жазған. Сонымен сөйлес. Сенің осы үлкен бітірген жұмысың болсын.

Өзім жақында келдім. Тарихты айтып жатырмын. Қиынға соғатын, көш жүре түзелетін тәуекелмен бел будым. Баспаға майда берем. Менің адресім Қазиздат қой. Жолдастықпен: Сәбит

15.1.31».

Мінеки, Сәбеңнің 1931 жылдағы бір көрінісі осы, жас портреті деуге де болады. Қарапайым, бауырмал, коммунист қазақ. Көріп отырсыздар ғой жиырма бірдегі мені де сыйлаған. Жолдас деп сенген, азамат деп міндет артқан, әлеуметтік мағынасы бар жұмыстар тапсырған. Сөйте отырып жүрегін ашып сырын да айтқан. Аздап мұңын да шерткен. Өзі кітапханада отыр, көңілі жас дос менімен бірге, ойы көне тарихта. «Айдап жатырмын, көш жүре түзелер, майда баспаға беремін» дейді. Мен осындай Сәбиттің әрі інісі, әрі сенімді досы болғаныма бүгін де мақтанам, жолдастар.

«Менің елім, менің табым» деу үшін кісі әуелі өзінің кім екенін тануы, өзін-өзі қателеспей, өзгелер сенерліктей табуы керек. Ол үшін адам әуелі өзі іштей тазарып, ішіндегі кірлерден аршылып, «менмендігі» болса оны өзі сыдыратын дәрежеге жетуі қажет. Онсыз адам ел ағасы бола алмайды. Ақындыққа да жетпейді. Сәбең осындай дәрежеге жеткен жазушы. Сол үшін біз ол трибунаға шыққанда қызығып қарадық. Ол мінбеден бізге өз тілімізде бізді ойлантатын, адамдығымызды, халықтығымызды сыйлай білетін дәрежеге бастарлық ақылын айтты. Жырларын оқыды. Сонда біз оны ұстаздарымыздың бірі деп таныдық. Сәбитше өмір сүруге, Сәбитше халықтың ұлы болуға тырыстық. Бұл — жолдастар, үлкен ағаның өз жұртына сіңірген ұлы еңбегі еді.

Жақсының жақсы екенін танымау, оны өзгеге танытудан тартыну — жамандықтың бір түрі. Ондайды ойсыздар ғана істей алады. Ал ойсыздық, идеясыздық көзге байланған қара орамал. Ондайлар соқыр теке ойнауға ғана жарайды.

Ойдың үнемі дамып толығуы, іріленуі тоқтамау керек.

Өзімізді өзіміз дұрыс танысақ, өзгелерді тануымыз да жеңілдейді.

Біз Сәбиттерді, Мұхтарларды ойымыз есейген сайын анығырақ, қанығырақ танимыз. Сондықтан өзіміз есейе отырып оларды зерттеуімізді де есейте түсуіміз керек. Олар туралы бұдан он жыл бұрын айтқанымыз жетеді деп отырсақ, ол біздің өспегендігіміздің белгісі болар еді.

III

Сәбит Мұқанов әдебиетіміздің барлық жанрында жазған жазушы ғой. Солардың ішінде тиіп-қашып, өндірмей істегені драматургия деп білемін. Бұл менің ғана білігім, жолдастар. Ал өнімді істеген жанрлары поэзия мен проза және әдебиеттану ғылымы.

Сәбеңнің прозасы туралы аз жазылған жоқ. Оның атақты романдары «Жұмбақ жалау», «Сырдария», «Адасқандар», «Балуан Шолақ», «Өмір мектебі», «Есею жылдары» тағы басқалары туралы көптеген мақалалар басылған. Ал ғалымдарымыз Темірғали Нұртазин, Мұқаметжан Қаратаев Сәбеңе өздерінің монографиялық ірі еңбектерін арнады. Олар қазақ әдебиетінде социалистік реализм әдісінің берік қалыптасуына күрделі еңбек сіңірген санаулы жазушылардың бірі Сәбит Мұқанов екенін мықтап дәлелдеді. Сәбит шығармасының әлеуметтік және тарихи мәні, ондағы советтік адамдардың жарқын образдары көп жағынан ашылды және дәлелденді деп білемін. Бірақ мұнымен шектелуімізге болмайды. Біз Сәбит Мұқановтың поэтикасын әлі қозғап болғанымыз жоқ. Демек, оның эстетикасы мен этикасы, өзгелерден айырмасы халықтық әуенінің халық әдебиетімен терең тамырластығы, шеберлігі, тіл байлығы, осы сияқты жазушының өзіндік өзгешелігін терең танытатын еңбектер әлі туған жоқ. Бұл — біздің ғалымдарымыздың әсіресе жас ғалымдарымыздың алдындағы тың міндет.

Сол сияқты Сәбеңнің ғылыми еңбектері де әлі зерттеліп, бағаланып болған жоқ. Мұқанов әдебиетіміздің көне тарихын жүйеге салуда көп еңбектенді, эпос, толғауларымыз, айтыс жанрлары туралы жаңа пікірлер айтты. Сонымен қатар ол — совет әдебиетін басқарып жүріп, осы әдебиеттің әрбір кезеңдері туралы аталы сөздер айтқан адам. Қазақ совет жазушылары туралы айтысқа, полемикаға шақыратын да пікірлері болды. Біз осының бәрін зерттеуіміз, тануымыз, білуіміз керек.

Міне ки, осындай көл-көсір еңбектенген жазушының ең

мықты көрінген жанры — поэзия. Сәбит Мұқанов — совет поэзиясында барлық жағынан толық жетіскен, әсіресе отанымызда социализм рухын берік орнатуда, халқымыздың салт-санасын жаңғыртуда ғажайып еңбек сіңірген және жаңғырған совет адамының жанын, революциялық рухын терең танып жырлаған классик ақын.

Мен бұл жерде Сәбеңнің лирикасы туралы ұзақ сөйлеп, талдау жасағалы отырған жоқпын. Оны әлім келгенше 1960 жылы шыққан «Өмір және поэзия» деген кітабымда істегенмін. Менің ол бастамамды тереңдете, ірілендіре түсу енді зерттейтін жас, қайратты білімді әдебиетшілердің міндеті. Мен бүгін Сәбит лирикасындағы геройдың ақынның өзі бола тұра, қалған көпшілігі өзімен сырлас, сыйлас замандастары екенін аңғарғанымды қысқа ғана естеріңізге салғалы тұрмын.

Сәбең әманда өзі білетін, өзі қадірлейтін адамдардың аттарын атап, адрестерін көрсете отырып жырлайтын. Сонау бірінші баласы — тұңғышы Арыстан өлгенде атын атап, қабірін құшақтап отырып қандай жыласа, екінші Арыстаны туғанда да бесігін тербеп отырып қуанған. Екі өлеңде де қуанышы мен қайғысын бір ғана әке сезімінің көлемінде қалдырмай, адамзат қайғысы мен қуанышына айналғандай биікке көтерген. Біз жаңа туған сәбиді ақынның ғана баласы емес, қауымның жаңа бір үміті туғандай қабылдағанбыз. Бүкіл табиғат өзіне жаңа серік тапқандай сергіген. «Қуаныш құтты болсын» деп көлдегі құстар шуласа, шалғындар шайқалса, аспандағы күн де қуанышты жарығын әкелген. Ақын:

«Шаттықтан білмедім не етерімді...
Несімен бұл құрметті өтерімді.
Әлемге қуанышты жырламақ боп
Әнеки нұрлы күн де көтерілді»,—

деген.

Басы бір жалғанның кең дүниясы, миы өлең, жырдың антологиясы делінген Қенбай шал да Сәбеңнің колхозды ауылдағы жақын таныстарының, достарының бірі. Ақын колхоз қырманында отырып Қенбайдың көзімен кең дүниені мақтан тұтып көреді.

Оның көз алдында:

«Бір тісі қанша қыркса майырылмай
Бір сабақтың басынан айырылмай
Комбайн жұтты егін сабақтарын
Теңіздің балық жұтқан жайынындай.

Саулады бір өңештен қызыл бидай
Домнаның жалын аткан теміріндей

Бидайдан тазаланып ұшкан қауыз
Ұйтқиды желге қыстың боранындай».

Не деген ірілік, не деген ірілендіру.

Москвада, Мосторгта жүрген малшы қария да ақынның жақын достарының бірі. Қойшы қарт Мосторгта өзінің қазақы қалпын, қойшылық келбетін бұзбай, айнымай жүр. Бірақ рухындағы байлық, жомарттық қандай көрінген. Бүкіл Мосторгты сатып әкетуге әзір, соның бәрін аулына апарып үлестіруге дайын ғой.

Бұл Сәбеңнің өзгешелігі. Өзімен қатар жүрген адамдардың жақсылығын көре білгіштік қасиеті еді.

Ол осы отырған бізге де, мына саған да, маған да сол адам танығыш көзімен қарайтын, бізді өлеңге айналдырмаса да, өлеңге лайық геройларындай бағалап, солармен сөйлескендей сөйлесетін.

* * *

Көп жылдарға дейін жаңа жыл қонағын ешкімге бермей өзі шақыратын Сәбең, телефонмен өзі хабарлайтын.

— Мәкең бір дәуді жықты, қазысы тура табан. Күтеміз, аузың майдан қағылып қап жүрмесін,— дейді.

Қәріміз бар, жасымыз бар дегендей жаңа жыл кешінде Сәбеңнің үйіне түгел жиналамыз. Күлдіргі көңілді сөздер көп айтылады. Ет соңы асатумен аяқталады.

— Кешіріңіз, Сәбе, маған май асауға болмайды. Менің ішімнің гастриті бар ғой,— деп Жұбан шегіншектейді.

— Жұбанның сыбағасын да маған асатыңыз. Менің ішімде қасқыр итім бар ғой,— деп Сырбай екінші рет асайды...

Біз Сәбеңсіз келген тағы бір жылды осы үйде күтіп алдық.

— Ағаларың жоқ болса да, сыбағаларыңды жеңдер,— деп Мариям жеңешеміз шақырды. Көп жолдастар баяғы күйімізше жиналдық. Баяғыша отырып сыбаға жедік. Тамақ соңында Сәбеңнің он бес немересі түгел кірді тізіліп.

— Асату қайда?— деді ең алдымен тұрған кішкенесі.

Біз дем ала алмай тынып қалдық.

— Келіңдер асатайын,— деп Мариям өзі тұрды орнынан. Немерелер ең әуелі әжелеріне қарайды, содан

соң оның қолындағы, өздеріне шақталған етті асайды да үндеспей өтіп кетеді. Енді түсіндік. Ет асамасақ біз де елегізіп, бірдене жетпегендей сезінеді екенбіз. Ұзынды-қысқалы, жуанды-жіңішкелі болып қонақтар да Сәбеңше қимылдап тұрған Мәкеңе тақалып аузымызды аша бердік. Ешкім жылаған жоқ. Бірақ іштей жыламаған бір адам тағы болған жоқ.

* * *

Түзге шықса ат ойнатқан, үйге келсе құрт қайнатқан деген бір сөз бар ғой. Сәбең сондай еді. Мәскеуде өткен талай съезд, пленумдерге барып жүрміз ғой. Сәбеңсіз, Мұқаңсыз өткен жиындарда екеуінің орны әсіресе біз үшін үңірейді де тұрды. Сәбең басқарып жүрген жылдарда біздің сезінуіміз тіпті бөлек болатын. Төрде президиумда отырған ағалар көзі үнемі өзімізде. Өзгелермен сөйлесіп әр қайсымызды қолымен нұсқап көрсетіп отырады.

— Анау Тоқмағамбетов, анау Жароков деп кейде естіртіп айтады.

Тағы бір пленумда Сәбең Илья Сильвинскийді қолтықтай шықты.

— Әбділда!— деді, шығуға айналған мені дауыстап тоқтатып.— Бері кел, мына Ильямен таныс.— Содан соң орысшалай Сильвинскийді:

— Бүгінгі ұлы ақындарымыздың бірі,— деп таныстырды.

Сырт пішіні онша жарқылдай бермейтін тұйықтау көрінетін салмақты ақын «ұлы» деген сөзге ыңғайсызданып, қипақтаңқырап қалды. Содан кейін менімен қол алысты. Біз содан бастап Илья Сильвинскиймен жақын достарға айналып кеттік. Қанша жыл болды біз атақты ағаларсыз қалғалы. Содан бері әр алуан жастарымыз Жазушылар одағын басқарып жүр. Бәрін де өзіміз қол көтеріп сайладық. Бәріне де сәт-сапар тіледік. Істеңдер, басқарыңдар бізді жас, талантты бауырлар. Тапсырдық сендерге қазақ әдебиетінің тағдырын дедік. Бірақ ол тілегіміз орындалмады. Мен қазақ совет әдебиетінің мұншалық иесіздік күйге түскенін, үлкен басының кішірейгенін көрген емеспін.

Біз партия билетін ұстаған адамдар ғана емес, партиялық жаны, қаны бар, партиялық ары-ұяты бар Сәбит Мұқановтар басқаруы керек екен ғой.

Бүгін менің көзім соған әбден жеткен секілді.

* * *

Біздің сыйласып жүріп қинасып қалған жылдарымыз да болды. Кейде кәдімгідей кінәласып, жиналыстарда түс суыта сөйлеп, бірімізге біріміз сенбейтіндей сөздер айтысып, қатынаспай қалып та жүрдік.

Өсек, өтіріктің отын жаққыштар, түтінін бықсытқыштар бұрын да қазіргідей жұмыс істейтін. Ондайлардың біреулерге иттік жасамаған күні тамақтары бойына сіңбейтін. Бірақ араздасып қалған достар ашулары тараған соң, әңгіменің әділ бетін аңғарған соң бірлікті, татулықты бүтіндейтін жол іздейтін. Ақ сырларын айтысып, қайтадан табысатын! Осыған мысал болатын тағы бір әңгімені айта кетейін!

— Ай, Әбділда!— деді, телефондағы Сәбең даусы қарлығыңқырап естіліп.

— Салаумалейкүм, Сәбе,— деп мен танығанымды білдірдім.

— Боспысың қазір?

— Бос болсам ше?

— Шыға бер, мен қазір алып кетемін.

Жарты сағаттың ішінде мен машинедегі Сәбеңнің қасында болдым.

— Әнеугі жерге апар бізді — деді Сәбең шоферіне, қысқа ғана қайырып.

Біз қаптал жолмен қаладан шыққан соң, солға бұрылдық та, екі-үш жылдан бері айдалмаған көк шалғынның арасына келіп тоқтадық. Шофер жігіт лездің арасында кілемше жайды да, оның үстіне көрпеше, шағын көпшіктер төсеп тастады.

— Бәрін шығар, бәрін жай. Содан соң Мәкеңе барып жәрдемдесіп, үш сағаттан кейін осында бол.— Жігіт бәрін шығарды, бәрін жайды. Біз ағамыз екеуміз ғана қалдық.

— Май күндерінен артық уақыт бар ма дүниеде,— дейді Сәбең шешіне бастап.

— Рас айтасыз,— деймін мен де Сәбеңше әбден шешініп.

— Ал енді сен мені аударып көрші,— деді жалаңаш Сәбең етпетімен жатып.— Аударсаң, жүз сом ұтасың, аудара алмасаң, он сом ұтыласың.

Онда мен алыспай-ақ ұтылайын деп қалтамнан табыла қалған он сомды ұстатамын.

— Ендеше белбеу тартысайық.

— Тартыссақ, тартысайық.— Менен анағұрлым салмақты Сәбең мені үш рет қозғап кетті.

— Енді дем алайық, аздап ішіп-жейік,— деді Сәбең жеңіл халатын жамылып. Ол тураушы, мен құюшы болып жеделдеткен соң, лезде-ақ екі кісілік банкетке де кірісіп кеттік.

— Әуелі мен сөйлеймін, Әбділда — деді, аяғын жинап малдасын құрып,— мен ұзағырақ сөйлеп кетсем, асықтырма, жарай ма?

— Жарағанда қандай.

— Есіңде ме, сен әдебиетке алғашқы келгеніңде, мен сені жақсы көрдім ғой. Әбділдалардан қазақ Горькийлері шығады дедім ғой, есіңде ме?

— Есімде, Сәбе.

— Біз айнымастай достарға айналдық. Біз ортамызға Әуезов келген соң, айрылыса бастадық. Сен маған тура Әуезовшілге айналғандай көріндің. Оған шық жуытпасқа тырыстың. Мен сені сол қылықтарың үшін жауапты орындарда айқайлап тұрып сынадым. «Тәжібаев Әуезов рупорына айналды» дедім. Осындай қызу үстінде жарықтық «Абай» атты романға да тілім тиіп кетті. Құдай сақтады. Біз сөгіле бермей, қайта бүтінделдік. Табыстық, сол үшін бір ішейік, Әбділда жарай ма?

— Жарағанда қандай?

Сәбең бес-он минуттай ойланып жатты да, күле сөйлеп басын көтерді.

— Адам деген қызық қой, кейде темірдей берік, кейде қызып тұрған шыныдай әлсіз, су шашыраса оңай сына қалады. Мен саған тағы бір әңгіме айтайын, тыңдаймысың?

— Тыңдамағанда ше.

Былтыр сенің поэзия туралы кітабың шыққанда, мен больнисте жатыр едім. Қай уақытта жазып, бастыруға үлгіргенсің. Білсем бұйырмасын. Қалың кітап, сигнальниін бүгін алдық деп баспада істейтін бір жақын жолдас айтты. Мен бұл хабарға қуанған жоқпын. Менен бұл Әбділданың өш алатын жері шығар деп ойладым. Ойладым да, кітапты маған қазір жеткізуін, мен оқып ойымды айтқанша қозғамауларын сұрадым.

Мен сенің кітабыңды ұйықтамай оқып шықтым. Оқыдым да, сол дем алмаған күйімде «Қазақ әдебиетіндегі» басылған үлкен екі падбал мақаланы жаздым. Әбділда!— деді ағам тізерлей көтеріліп.— Мен сенің өжет екеніңді білуші ем, бірақ өшігуге бармайтын, табанды коммунист екеніңді білмеппін. Сен қазақ совет поэзиясы туралы

құнды кітап жаздың. Мен соның бәрін мақаламда ағымнан жарылып жаздым ғой, есінде ме?

— Есімде болғанда қандай, Сәбе!

— Мен мына шарапты тағы да — Аман бол, інім Әбділда,— деп ішемін...

«Мені Сәбит Мұқанов осылай мақтаған» деп кезінде оның газетке басылған сөздерін қайталаудың ыңғайсыз екенін жақсы білемін. Әйтсе де Сәбеңмен өткен бұл кездесуімізді жазбай қала алмадым. Оны жасыру, Сәбең туралы үлкен шындықты жасыру, Сәбеңе қиянат жасау деп түсіндім.

Барынша ақ көңіл, жұрттың бәрімен көрісіп сәлемдескенді ұнататын. Ауылға шыққа отырар орын, жатар жерді таңдай бермейтін. Етке тоймаса, шабыты да қозғала қоймайтын қарапайым Сәбең сезімтал, сергектік, сақтық жағынан да ешкімнен кем емес-ті. Қажет жерінде өзін керегінше ширатып, барлық сезім, түйсіктерін өз орнында ұстай алатын.

Сәбең бойын да, ойын да жинаңқырап алғандай басын көтеріп маған ширай қарады.

— Мен саған нені айтып, нені айтпауды жақсы білемін. Кітабыңа жазған, барлық шынымды айтқан мақаламнан кейін осының бәрін саған ауызба-ауыз қайталауға асықпауды да білдім. Біле тұрып асықтым. Өйткені саған шексіз сенеді екенмін. Соны айтқым келді.

Мен Сәбеңе үйреншікті арзан рахметті айта жаздап, тұрып қалдым. Онымды аңғарған Сәбең де түсіндім дегендей көрінді маған. Сәлден соң тағы да өзі сөйлеп кетті.

— Мен Мұхтармен де осылай ашылып сөйлескім бар-ды. Екі рет дәл сені шақырғандай, осында шақыра жаздадым, екеуінде де көтерген телефонымды қайта асып қойдым... Сендіре алатыныма сенімім жетпеді.

* * *

1961 жылы Мұхаң операция үстінде Мәскеуден қайтты. Мен балаларыммен Ялтада едім. Мұхаңның қазасын Сара телефонмен хабарлаған түні ұшып Мәскеуге жеткенімді, ертеңіне Мұхаңның әйелі Валентина Николаевнаны орталарына алып астанамызға келген Сәбит, Ғабит Ғабидендерге табысқанымды бұрынырақ та жазғанмын. Мен оның бәрін қайталамай, Сәбеңмен болған бір әңгімені ғана еске алғалы отырмын.

Күндіз Мұхаңды Жазушылар одағына апарып қош-

тасып, Алматыға әкететін темір табытқа салып үлгіргенше көп уақыт өтті. Біз бәріміз қатар орналасқан Москва мейманханасына шаршап-шалдығып жеттік. Мен жылап жатып ұйқтап қалыппын. Біреу мұрнымды қысады.

— Шешінбепсің де ғой,— деді Сәбең кейінірек отырып.

— Жүр, маған барайық, шай ішейік.— Сәбең мені телефонмен оята алмаған соң, өзі келіпті.

Мен дереу бетімді шайып, Сәбеңе ердім... Шай ішіп отырмыз. Қыска-қыска ғана тілдесеміз.

— Жыладың ба номеріңе келген соң?

— Ұзақ жыладым, Сәбе.

— Мен де жыладым жатып ап.

Сәбең мені өзіне тартып құшақтайды.

Енді мұрнымыз пышылдап екеулеп жылап отырмыз.

— Мен бүгін, Сәбе, жетім қалған баладаймын.

— Сен ғана емес, бәріміз де жетімбіз... Өңшең кәрі жетімбіз... Қайран Мұхаң... Дүлділіміз еді ғой...— Сәбең барып көзін шайып келді. Біз содан кейін жай отырып шай ұрттаған болдық, үндеспедік. Шығар алдымызда көзімізге ие болуға тырыстық.

Сәбең совет әдебиеті үшін күрескен, сол кездегі сөздермен айтқанда — пролетариат поэзиясының туын көтерісқен кемеңгердің бірі болғанын айттық қой. Сол жас кездегі ұранға шапқан ақын қартайғанша қызу шақтарын ұмытқан жоқ.

Ол өткен суреттерге қызығып қарайтын. Өткен үндердің жаңғырықтарын да қызығып тыңдайтын. Жауынгерлік оның ең ұлы қасиеті еді. Кемшіліктері де осы қасиетіне байланысты болатын.

12.II.1987 ж.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА

Сәбеңді біздің бәріміздің атамыз десек те лайықты. Өйткені, оның шығармаларында ата-бабаларымыздың өткен-кеткен дәуірі шынайы бейнеленген. Дәуір шындықтары қилы-қилы суреттерімен көз алдыңа келіп тұрады.

ЖЫРДЫҢ АҚ БАС АҒАСЫ

Сәбит Мұқанов туралы эссе әуелі «Қәдімгі Мұқанов» атты естеліктер жинағына, одан соң «Өмір өрнегі» аталған өз кітабыма енгізілді. Бұл кісіге қатысты өлеңдерімді ақындық шығармаларымның үш томдығынан оқуға болады.

Прозашы, драмашы, әдебиет зерттеуші, сыншы, аудармашы Сәбит Мұқанов жөнінде пікір білгізген жерім жоқ. Бұл салалардың қайсыбірі жөнінде де қалам тартуға менің даярлығым болған емес, оған ендігі жерде тіпті де мүмкіндігім жоқ. Ал Сәбеңнің ақындығы жөнінде осыдан отыз үш жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған бірсыдырғы өз ойларым бар екен. «Сырласу» деген атпен жарық көрген бұл мақала әр жылдардағы өлеңдерінің бір томдық таңдамалы жинағы баспадан шығуына орай жазылыпты. Бірақ өзінің табиғатына қарағанда сол сөзім рецензия деуден гөрі өз түсінігімнің сипаттамасына ұқсаңқырайды. Өзінде де сондай бір аңғартпа (оговорка) бар. Оның үстіне газет шыққан күнгі сәске мегдарында телефон арқылы ырзашылық білгізген Сәбең де «Сырласу» деген аттың өзін сол бағытта танығаны есімде.

Енді бүгін Сәбит Мұқановтың жалпы ақындық творчествосы хақында аз-кем ой түйіндегелі қолыма қалам ұстағанда, алдымда жатқан «Сырласуды» қайтсем екен деп көп ойландым: «Бүгін де айтылар сөздің негізін қамтып жатқан осыны сәл кеңейтсем бе екен? Кеңейту үстінде екінші ұзын өмірі әлдеқашан басталып кеткен авторға көзі тірісінде ұсынған азын-аулақ талап-тілегімді алып тастасам ба екен?.. Онда үлкен кісімен сырласқаным, саған ол кісінің риясыз көзқарасы, менің сондағы шамашарқымды қомсынбағаны, бәрі де сығылып қалмай ма?.. Сәбеңнің үлкен демей, кіші демей кісі тыңдағыштығының өзі бүгінгі бағзы бір шамшыл, өмірі сын көрмеген жолдастарға ескертпе болмас па?.. Тіпті басқаны қойғанда, «мен сол кездің өзінде өнегелі ақынды мінсіз мінездеген едім» деп, өтірік сәуегейсігенім өзіме жараса қояр ма?.. Ол жолы жаза басқан жерлерім болса, соған көзімнің тірісінде өз аузымнан пәтуа тағайындасам, дұрыс деген түсінігімді әлі де қуаттасам, кейінгіге керегінің өзі сол

емес пе?.. Қой... негізгі пікірім осы «Сырласуда» жатқаннан кейін соны өз күйінде қалдырайын да, қосымша (поэмалары туралы да) пікірімді соған тіркейін деген байламнан ақыры аса алмадым. Сонымен, 1955 жылғы 10 июньде жарияланған «Сырласудың» бір үтірін де өзгертпей қайталасақ, ол төмендегіше оқылады.

* * *

Бұл мақала әдеттегі рецензиялардан көрі, оқушының қатына, ақынмен сырласуына бейімірек. Сол себепті Сәбит Мұқановтың өлеңдер жинағына енген барлық өлеңді тізіп, бас-басына баға беру міндетін алмаймыз — тек ақын творчествосының кейбір негізгі мәселелері жөнінде ғана пікір айтпақпыз.

Сәбит өлеңдерінің осы таңдамалы жинағы баспадан шықты деген хабарды естігенде оны оқуға асыққандар аз емес шығар. Жарыққа жаңа ғана шыққан кітапты оқуға ынтығу әркімнің-ақ басында болады. Бірақ көптеген оқушының дәл осы жылы асығуына себеп ол болмаса керек. Өйткені мұндағы өлеңдердің дені дерлік жұртшылыққа ертеден таныс. Сонау бағзы бір кезде, халық алғаш рет қара тани бастаған тұста арап әрпімен басылған жырлар да кездеседі. Нақ осы себепті де сол өлеңдермен, ұзақ жыл бойы көріспеген ескі достай, дидарласуға ынтық болғандар көп-ау деп ойлаймын.

Әрине, жиырмасыншы жылдарда, одан да бұрын жазылған өлеңдердің бүгінгі көзбен қарасаңыз жетіспейтін жайлары толып жатыр. Олар, ең алдымен, аса көркем жасала бермеген. Бірақ бұл үшін бүгінгі Сәбитті кінәлауға тіпті де болмайды. Ол жырлар өз дәуірінде поэзияның әдемі үлгілері еді. Ал өлең мәдениетіне әдемі үлгілер әкелген авторды қай тұста болса да ол үшін кінәламас болар.

Ескі өлеңдерді қайта бастырғанда оларды мүлде жаңарта редакциялау бүгінгі Сәбиттің қолынан келмейді деп ешкім де айта алмайды. «Ескі өлеңнің» ішкі өміріне бүтіндей «Төңкеріс» жасау оның қолынан әбден келетін еді. Бірақ өз еңбегін өңдеу дегеннің жөні осы деп, дәл бұлай істеуге болмайды. Ондай жолға қазақ совет поэзиясының жүріп өткен ізін сыпырғышпен сипап тастауды көздейтіндер ғана тәуекел дей алады.

Айта берсек, осы ертеректе жазылған жырлардағы кеміс жайлар қазіргі кезге кәрі ананың әжіміндей жылы ұшырайтын да сияқты. Ол тұстағы шығармаларымыз бүгінгі үлкен Сәбитті де, ізін баса келген өзге ақындарды

да дүниеге әкелді, жетілдірді десек артық емес. Сондықтан біз ақынның ширек ғасыр бұрын жазылған өлеңдеріне ерекше құрметпен қарап, олардың бағалы жағын айтсақ дейміз.

Алғашқы жырлар туралы бөліп айтудан бұрын кітаптың өне бойындағы бір тұтастықты атап көрсетпей болмайды. Мұнда қайғы-қасіреттің терең түбінен шаттықтың биік шыңына тура тартқан өрлеу бар. Осы өрлеу бойында бұл поэзияның бүкіл азаматтық күрес жолы үзілмей, біріне-бірі жалғасып, дамып жатыр.

Коммунист ақынның бұл кітабын партия туралы шығармалардың жинағы деуге болады. Ұлы күрестеріміздің, даңқты жеңістеріміздің ұйымдастырушысы Коммунистік партия — бұл кітаптың негізгі кейіпкері. Оның ұлылығы нақты оқиғалар, құбылыстар арқылы өлеңнен ауысқан сайын толығырақ көріне береді. Кітаптағы әрқайсысы әр кезеңде жазылған жүз елудан астам өлеңнің көпшілігінің өзара тұтастығы, міне, осындай ғой деп білеміз.

Ақын поэзиясын қазақ даласында кескілескен тап күресі тудырады, сол шынықтырып, сол өсіреді.

«Бір қалыппен өткізіп талай жылды
Көріме алып кірермін қайғы, мұңды.
Бар ләззатым: бейшара қабіріме
Отырып бұлбұл сайрар жазғытұрғы».

Дүниеге келгеніне қатты өкінетін бейшара Шоқпыттардың (соның ішінде Сәбиттің өзі де) бұл сарындас мұңынан ақын біржола құрып бітуге қалған елді көреді, бір деп қалам ұстағанда-ақ он жеті жасар өлеңші «қой, сен бүйтіп қамықпа, ілгері ұмтыл, талап ет, өжет бол», деген ұранын көтере келеді.

Өлеңі «тұрпайы, бұдыр тастай» жас қойшының бір дегеннен енді саналы күреске шақыруы сол жылы жеңген революцияның жемісі болатын, тарихи күрес ұшқыны жас Сәбит көкірегінен лап етіп тұтанарлық тамызық тапқан-ды. «Қайдан кеп жабысқанын ақын аты» оның өзі де сезіп үлгермей қалған-ды. Міне, осы кезден бастап бұл поэзия ел өмірімен бірге тыныстайды. Бұл жыр жерсуға ие болған, бірақ әлі қолы хат білмейтін елге білім жолын нұсқайды, мал орнына күн кешкен Батсайы, Мүслима, Мәликелердің ендігі жайдары жүзіне бұл жырлардың жаны жылынады, жалынды жас коммунистердің қанқұйлы ақ бандылар, құйыршықтар қолынан өлуі бұл жырды ыза-кектің көз жасымен суарады, күреске белсендіре түседі.

«Денеден ыстық қанды суыртпаңдар.
Ұмтылып жетер күнге жуықтаңдар.
Қыр басына шық-тағы кейін қара,
Арманда өлгендерді ұмытпаңдар».

Өмір керуені көшіп ілгері тартып кете береді, жыр да жыл сияқты алға озады. Ақыры бойын түзеп, бұғанасын бекітіп қалған әсем жыр «Еңбекші Қазақ» газетімен бірге ел аралауға шығады. Ақын бұл тұста нені көреді?

«Керегемен тербеліп,
Желбірейді Қызыл Ту,
Үй іші толған жалба жең,
Кейі күбір, кейі шу.
Газет, журнал жайылған,
Үймелеген оқушы,
— Жалықпашы, қарағым,
Оқышы, інім, оқышы...»
(Бұлар ақынның баяғы Шоқпыттары)*

«Сиыры үшеу, қозысы, қойы бесеу, екі пар құнан өгізі мен ешкілері — әлденешеу» Шоқпыттардың енді өлгісі келмейді, оқудағы баладан жеміс күтіп, өздері де бірдемені білмекке әуестенеді.

Дегенмен «қоғам кемшілігі», «Ел ішіне бақсы емес, дәрігер керегі, байшылар қылығы әлі де болса көзге айқынырақ ілігіп, бұл тұрғылас мәселелерді ақын тақырыбына кеңейте, қаламын үшкірлей түседі, ащы сықақ, юмор керек жерінде, өлеңнің құрылысына дейін жаңа леп кіргізеді, диалог өлең дүниеге келеді.

— Мынау қай тап топтанған?
— Менің табым.
— Бұлар не етпек?
— Қарсы алды мейрамдарын.
— Бұл қай мейрам?
— Теңелген күні бүгін.
— Неше жүз жыл құл болған олар жаным.
— Кім құл етті бұларды?
— Бай құл етті.
— Кім бастады, қолдары қалай жетті?
— Білмесең мен айтайын.
Бұл құлдарды
Құлдықтан Ленин бабам азат етті.

Бәрінен де жас индустрияның алғашқы перзенттерін көргенде жыр мүлде жаңарып, бүкіл табиғатын өзгертіп сала беретіні қызық (ақын бұл тұста оқуда, орыс поэзиясынан еркін сусындау дәуірінде, мүмкін ол да өз әсерін тигізген шығар). Бұл пікірді әсіресе «Қазақстан» атты өлеңге байланысты айтып отырмыз.

Сөйтіп, бұл ақынның жиырмасыншы жылдар мен одан да сәл бұрынырақ жазылған өлеңдері жұртшылыққа кең көлемде танылады, оның өзіне ғана тән ақындық бетін айқындайтын атақты «Сұлушаш» поэмасының өмірге келуін қамтамасыз етеді (кітапқа енгізілмеген*). «Шоқпыт — Сәбиттің ол дәуіріндегі әр жерде-ақ суреттеп отыратын тұрақты кейіпкері. Кітапқа енгізілмегендіктен поэмаларға тоқталмаймыз. Шағын мақалада оларды қоса қамту мүмкін де болмас еді).

Шын мәнісіндегі жақсы жырға, тіпті жасыратыны жоқ, әлі күнге шейін ешбір қазақ совет ақыны жаза алмай жүрген өлеңге біз отызыншы, қырқыншы жылдар арасында кездесеміз.

Бұл дәуірде ақын алдына өмір қойған міндет түбірімен өзгерді. «Социалистік құрылысы — ұлы сарай, соған өз қолыңмен қазық қағыс», енді саған Шоқпыттар кездеспейді, ендігі сенің көретінің, шабыттана жырлайтының дүние жүзілік «мәдени бәсекеге» бел байлаған жасампаз, білімді халық, дейді өмір оған. Көрнекті қоғам қайраткері, ұлы заманымыздың жыршысы өзінің осы мақсатын барынша жоғары сезінеді.

«Мен өзгедей емеспін, жалаң әнші,
Мен әншімін егінші, ұста, малшы.
Өндіргіш қол, тапқыр ми менде ғана,
Сондықтан бар табиғат маған жалшы».

Өмір ұсынған, ақын қабыл алған осы талап атақты «Майға сәлем», «Сөз — Советтік Армия», «Н — тысяча», «Колхозды ауыл осындай» жырларын, бұлар арқылы үлкен суретші, новатор Сәбиттің өзін тудырады.

Ақын бұларды өзіне дейінгі халықтың мол, саф алтындай қасиетті қазынасын, әсіресе Абай қалдырған мұраны, олармен бірге ұлы орыс поэзиясының тамаша үлгілерін бойына еркін сіңіре отыра, өз заманының шындығын өзінше нақыштайды. Сәбит, өзі айтқандай, «Абайша да, Пушкинше де, Маяковскийше де, ешкімше де» жазбайтын, өзінше ғана жазатын кісі. Оған бұл қасиетті талантымен бірге өмір берді.

Күнделікті өмірдегі ғажайып өзгерістер ескірген шындыққа ақын шабытын тұп-тура қарсы аттандырады, осыдан келіп өлең мазмұнында революциялық өрлеу туады. Мұны растайтын екі-үш мысалға тоқталып өтпей болмайды.

Абайдың «Жазғытұры» өлеңі мен Сәбиттің «Майға сәлемі»— екеуі де жылдың бір мезгілі мен елдің сол

маусымдағы тіршілігін нағыз шындық тұрғысынан әдемі суреттеген өлеңдер. Бірақ бұлардағы екі шындық бір-бірімен мүлдем келіспейтін қайшылықта. Абайдың көктемге арнайы айтқаны.

«Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер,
Анамыздай жер иіп емізгенде
Бейне әкеңдей үстіне аспан төнер».

Мұнда көктемгі жер мені емізеді деу, табиғаттан рахым күту бар. Сол заманның шындығы да осы болатын.

Ал Сәбиттің көктемге арнап айтқаны.

«Қырды қыркып, жолында тасты жарып,
Сен шөлдер деп шөлдерге қаздым арық.
Сұлу су сылдыр қағып, Бетпақдала
Шөлін кезді,
сусында, досым, барып».

Мұнда көктемгі жерді мен еміземін деп табиғаттан рақым күтпеу бар. Бүгінгі заманның шындығы да осы.

Сондай-ақ, Абайдың «Күз» деген өлеңінде егін екпей көшіп жүрген елді қайтқан тырна аспаннан ғана көріп, бөгелмей өтсе, Сәбитте «егінге жолай алмай «күзетшіден» ыза боп тыраулайды тырна қатты».

Сол сияқты нақты адам образы да үлкен өзгерісте ашық бояумен көрініп отырады. Соның бір мысалы — «Колхозды ауыл осындайдағы» Кенбай карт. Шынына келсем, бұл өзі баяғы Шоқпыт. Өзгерген, өскен, дегеніне жеткен Шоқпыт. Ендігі әрекет-мақсаты да өзгеше. Сол себепті оның аты да өзгерген.

Өмір шындығынан туған жаңа мазмұн өзіне лайық жаңа түр іздейді. Осыдан өлең табиғатына өзгеріс енгізу талабы туады. С. Мұқанов жолдас — осы жайды қазақ совет ақындары арасынан ең бірінші болып ойластырған ақын және жаңалық табу жолындағы барлау жұмыстарының денін табыс ретінде тұрақтандырған ақын. «Ертегі, өлең-жырлардың, шежіренің, бай, көркем, сұлу антологиясы» болған Кенбай карттарға мол мінездеме беру үшін, осындай құрал керек-ақ. Сол сияқты Маяковскийге берілетін рапортта да.

«Сен бастаған полктың
Кім шыкпақшы алдына.
Кудық поэзиядан
Пайдашыл
Спекулянттарды да,»—

деу әбден заңды әрі жаңа.

Үлкен ойды жеткізе айту үшін, аса күрделі өлең сөйлемін жасау деген де бүгінгі ақындық дәуіріміз үшін ең бір тиімді жұмыс.

«Табиғаттың тарихында бірінші рет
Түннің қара қылшықты түгі түлеп,
Түн күндізге айналып, қалғытпады
Түн болса, тыныгымпаз ми мен жүрек».

Осы бір-ақ сөйлемдегі ұғымды қарасөзбен бермек болсақ, оны бір бетке әрең сыйғызуға тура келер еді.

Сәбиттің қырқыншы жылдарда, соғыс жылдарында жазған өзге өлеңдері де («Жүрегімді мандат қып», «Мен кіммін деп мақтанам», «Кітапхана», «Маршалдың приказы», «Гвардия бауырларға» т. б.) ерекше сөз етуді тілей қоймайды. Өйткені бұлар жоғарыда сөз болған белгілі жырлардың топырағында өскен бір нәсіл. Рас, бұлар ақынды тақырып жағынан біраз байытады. Әсіресе Отан қорғау тақырыбы жағынан біраз байытады.

С. Мұқановтың осы кітабында көзге айқын көрінетін бәрімізге ортақ бір мақтаныш бар. Ол — әр тұста нақты бір науқанға арналған өлеңдердің уақыт озған сайын күнделікті мәнділіктен тарихи мәнділікке ауысып отыратындығы.

«За охрану»— деп жинап
Алған қайран бақыр-ай,»—

немесе

«Елде оқу аз, кедейлер хат білмейді,»

«Қараны — қара, ақты олар ақ деп білмейді», дейтін жолдар да бір кезде жұртты күреске жұмылдыру мақсатында жазылған болса, енді бұлар өзге мақсатта оқылады. Атап айтқанда, бұлар өз тұсындағы өмір шындығымен таныстыру мақсатында, демек, тарихи материал ретінде оқылады. Осы фактінің өзі-ақ «күнделікті (злободневный) өлең» дейтін ұғымды жоққа шығарады. Әрбір жаңа оқиға тудырған жақсы өлең сол оқиғаның куәлігі сипатында өмір сүре алады. Өткен жолы, көтерілген белесі үлкен ұлттық-советтік поэзиямыз мұнысымен де беделді.

Сыншылардың кейбірі әдетте мақаланың екінші жартысында кемшіліктерді одан-бұдан теріп алып айту

шартты деп түсініп жүр. Біз сол түсінікті құптағалы отырғанымыз жоқ. Егер Мұқанов жолдастың кітабына принципиалдық тұрғыда қойылатын талап-тілегіміз болмаса, біздің мақаламыз осы жерде аяқталған да болар еді, мүмкін, онда бұл мақала «Сырласу» деп аталмас та еді.

Ең алдымен, автор соңғы кезеңде өзінің осы ірі шаруашылығына дұрыс көзбен қарамай жүр. Тіпті өзге жанрлардағы жұмыстары ақын поэзиясын лабораториядан шеттету есебінен жүргізіліп келеді. Бұл жағдай ақынды өлеңмен аз айналыстырып қана қойған жоқ сонымен бірге көріне көзге тотықтырды. Ақын өзінің ақындығын тосырқап қалғандығы соңғы некен саяқ жазылып жүрген өлеңдерінен байқалып отырады. Оның ұсақ мысалдарын тергіштеп жатпай, ақынның Кенбайға дейін келген баянды әрі ылғи өсіп, толысып отыратын кейіпкерлері соңғы өлеңдерде кездеспей жүргенін айтсақ та жеткілікті. Мұқанов Кенбай, Мәликелердің бүгінгі жанын, арманын жете біле бермейді десек, артық кінә емес.

Екіншіден, батыл табылған жаңалықтардың инициаторы бүгін ізденуін қойғаны өкініште. Өлеңнің бүгінгі өмірімізбен үндес үлкен философиясын ашу үшін бізге ең алдымен мол тәжірибе иелерінің, соның ішінде Сәбиттің қатынасы керек. Ал былтыр ғана жазылған Балтық жырларын Сәбит өлеңі деу қиын. Олар көркем ой қазанында жөнді қорытылмаған, жалаң бақылау материалына бейім, үлкен шабыттың қатынасы сезілмейді.

Бұл тұрғылас өлеңдер мастер Сәбиттің қолынан шыққандығы себепті де басқаға көңілсіз әсерін тигізбей, яғни өлеңге қойылатын жалпы талапқа нұқсан келтірмей тұра алмайды. Осы жағын ескеріп-ақ, бұл автордан бүкіл қазақ совет поэзиясы алдындағы өз жауапкершілігін ерекше сезінгенін тілер едік.

Рас, Кавказ жырлары да соңғы кезде жазылған. Біз оларды жақсы емес дей алмаймыз. Алайда оның «жақсы емес» өлең жазуға правосы жоғы өз алдына, тіпті жақсы өлең жазу да Сәбит сияқты ақынға аздық етеді. Біз Сәбиттен өте талантты жырлар күтеміз. «Алтын шыққан жерді белден қазғымыз» келгені үшін, бізге үкім де өкпе айтпаса керек. Мұндай талап қойылмайынша, советтік классика әр тұста жетіліп, жан-жақты толысып отырмауы ықтимал.

Міне, бұл кітапты оқып шыққанда авторына осындай ырзашылық, осы тұрғылас талап-тілек айтылу заңды

сияқты. Үлкен кеме үлкен теңізде жүзуін барған сайын мол көрсете берсе екен.

* * *

Бір ауыз сөз кітап шығарушылар туралы. Баспаның мәдениетсіздігі, ондағылардың жауапкершілікті жөнді сезінбеуі жайлы көп айтылса да, сол айтылғандардан тобықтай түйін жасамауы жүйкені құртатын-ақ болды. Емле қатесі көптігі оқушыны ылғи бөгейтіні өз алдына, тіпті сол қателер баспаны идеялық жағынан да бейпіл ауыздыққа ұшыратып жүр. Сәбитте. «Сөзім ок, үнім найза» болса, баспадан шыққанда «сөзім жоқ, үнім найза», Сәбитте «Волхов пен Днепрдей асауларды бөгедік» болса, баспадан шыққанда «Колхоз бен Днепрдей асауларды ағаттық» деп қарауды қоятын мезгіл әлдеқашан жетті. Советтік баспасөздің бас міндеті — қырағылықты жоғары ұстау. Оған ешкімнің нұқсан келтіруіне жол жоқ.

* * *

Міне, 1954 жылы, яғни бұл мақаладан бір жыл бұрын жазылған өлеңімде. «Жырдың ақ бас ағасы, бер қолыңнан жолдама»,— деп, ақындық табиғатын пір тұтқан таудай тұлғамен ол кезде осылайша ашық, еркін-дарқан сырласқан тұсым да болған екен. Таңдамалы жанрлардың бір томдығы Сәбеңнің өлеңдері туралы өз пікірімді жинақтауға сол кездің өзінде мол мүмкіндік берген екен. Олар жөнінде бүгін де осыдан озып айтарым жоқ. Классик ақынның үздік үлгілері, өзіндік ерекшеліктері, мазмұны, пішімі жағынан мектеп сипатында әжептәуір дәлелденген. Ендігі аз-кем пікір оның поэмалары хақында болмақ. Соған дейін мына бір жайттардың басын аша кетейін.

Жоғарыдағы мақаладан азын-аулақ сын оқыдық. Онда «Автор соңғы кезде өзінің осы ірі шаруашылығына дұрыс көзбен қарамай жүр, тіпті өзге жанрдағы жұмыстары ақын поэзиясын лабораториядан шеттету есебінен жүргізіліп келеді. Бұл жағдай ақынды өлеңмен аз айналыстырып қана қойған жоқ, сонымен бірге көріне көзге тотықтырды» делінген ғой. Бұның ақырғы сөйлемдеріндегі «көріне көзге тотықтырды» деген тұжырымның әділ еместігіне бүгін көзім анық жетіп отыр. Қай жанрда да ақынша сөйлей білген қаламгердің тотығуы мүмкін еместігін, әрине, Сәбең білуін білді, бірақ дауласқан

жоқ. «Негізгі пікірі дұрыс албырт неменің алдында ақталып жатам ба»,— дегені шығар. Ал осының алдындағы, артындағы, сөйлемдер ол кезде дұрыс айтылған сын болатын. Олардың енді дұрыс болмайтындығы Сәбеңнің дүние салғандығына байланысты емес. Әрине, менің сыным әсер ете қалып еді деп мақтанбаймын. Ал Сәбеңнің бұдан соңғы жылдар да қыруар поэзия жасағаны әмбеге аян. Басқасын былай қойып, «Жұпархан», «Алдабергенов туралы аңыз» атты роман тектес поэмаларды, философиялық ойға құрылған «Хамитқа жауап» атты жер туралы толғауын алсақ та жеткілікті. Міне, осы үлкен-үлкен дүниелер біздің сынымыздың бәрін сызып тастады. Ол кісінің өзіне де кейініректе тап осылай деп айтқаным есімде.

Сәбең өз шығармаларының корректурасын қарау жағына келгенде салақ болатын, баспадағылар ол кісінің сенімін ақтай бермейді. Мағынасы тұрпайы түрде өзгеріп кеткен сөздердің екі-үш мысалы «Сырласудың» аяғында да көрсетілген екен. Сондай кемшіліктер соңғы басылымдарда да жоқ емес. Оны екінші томды ашып жіберіңіз де, бірінші беттегі «Сұлушаштың» кілтіне, бәріміз жатқа білетін қасиетті прологқа қараңызшы. «Тап қолыма медеу қып ұстар талым»— дейтін сегізінші жолдың бастапқы сөзі «Топ» (группа) болып тұр. Бұл кітаптың ішінде де сүрінді жерлеріңіз баршылық. Қысқасы, Сәбит жырларының текстологиясын түгендеу алда тұрған жұмыстардың үлкен біреуі екенін ғалымдар ескерсе деймін.

Жә, енді поэмаларына қатысты аз-кем ойларымызға көшелік.

Алдын-ала ескертейін, мен ашқалы отырған ешқандай Америка жоқ. Мен тіпті жүз бөлмелі Сәбит сарайынан өзіме бөлек құс дәметпеймін. Неге?..

Ақын поэзиясының бойын, көлденең көлбеу, белдеу, бойлықтарын зерттеуші сыншылар жетпіс жыл бойы жете шарлады. Осы қыруар жұмыс барысында талай қызықтың куәсі болдық. Мен бұл арада Сәбиттің идеялық тынысына диагноз тағайындау үшін тамырын ұстап көргендерді есептен шығарып тастаймын. Мезгіл мерезі Сәбит атынан садаға... Ал қалғандары ше?.. Қалғандары бұл салада көп күш сарп етті. Олардың жұмыстарын, әзіл-шынын араластыра, натуралды күйге көшіріп айтсақ, олар Сәбит Мұқановты қарсы алдынан, ту сыртынан, қырынан, төбесінен төніп те түгендеп көрді. Жасыратыны жоқ елпең қағып иегінің астынан қарағандар да болды.

«Осы Сәбит — өзі ме, өзі емес пе?» «Осының өзі мынау революция тұсында қайта жаратылған Махамбет болмағай?..» «Осы Сәбит Маяковскийдің қазақ поэзиясына көшкен түрі боп жүрмесін?..» Бұндай жорамалдар жоғалып, көрініп жүр. Обалы нешік«Сәбит — өзі емес» деп те ешкім айтпады. Бірақ салыстырмалы цитаталар әлі де ауық-ауық жарысып-жарысып алады. Зерттеу барысында Сәбит поэмаларынан қарасөз (пересказ) жасап, кітап та шығарып жүр бұ жұрт... Осы бағыттағы істер нәтидесінде ғалым боп өскендер де, есімі ұмыт қалғандар да баршылық. Бұндай жағдайда қазылар қатарына енгендей менде де қуат болсын?.. Менің анық білетінім Сәбиттің тек қана өзі екендігі. Мен оның «ешкімге де» емеспін дейтінін он тоғыз жасымда, сонау 1935 жылы Сәбең Оралға барғанда, өзінің көз алдында бір поэмасынан үзінді оқып тұрған кезімде сезгем десем, оным сәуегейлік емес, сол кездің өзінде ақын жаратылысының сондай екеніне қарапайым интуициям иландырған. Ендігі менікі әншейін бір ақынның эпикалық қуатынан алынған екінші ақынның әсері ғана.

Түрі, түсі, ісі арқылы бірінен-бірі бөлек талай адам бейнесін өлеңдерден де көргенбіз. Сол өлеңдердегі шытырман ой қозғалысына сізді біршама тоғытып алмай тоқтамайтын. Ақындық «Мен»-нің өзі де бірде көктем, бірде күз, тұлпар, бірде өгіз болып нақты жұмыс атқаратын. Содан-ақ Сәбиттің ең алдымен лирик емес, ең алдымен эпик ақын екендігін білуші едік. Прозадағы романдарға да ол осыдан шығып барып жүр.

Өз түсінігімізді бүкпесіз ашық айталық, қазақ совет поэмасының негізін салушылар санатында интеллигент ақындармен, қатар шыққан жалғыз пролетар эпик — осы Сәбит Мұқанов. Ол бірден-ақ өз табиғатының талабына бақты. Атап айтқанда, ол ерліктің, серіліктің, сұлулықтың бәрінен бұрын бейшара Күңшаштың жетім қалған, ар-намысы тапталған он үш жасар Балбөпесін көрді, алғашқы дастанын соның көз жасымен суарды. Дәл осы жылы Балбөпені өлмейтін, жұрт қатарлы өмір кешетін жағдайға іліктірді де, өзі оның арғы түп төркініне қарай ат маңдайын түзеді. «Жетім қыз» атты дастанында Күнәйім сұлуды тарих тұңғиығынан бері тартып ала алмаған соң, өмірден әрі қарай —«о дүниеге» жөнелту арқылы қалмақ тұтқынынан босатты. Күнәйім биік жар қабақтан күркіреп жатқан жойқын өзенге секірерде қалмақтар кескен ағасының басын құшақтатып жібереді. Сәбит өзі қатігез тарихқа қанша лағынет айтса да.

«Татулық, достық
жапсырмақ
Ел мен елдің арасын»,—

деген сеніммен қайтты. Өзі өмір сүріп отырған мезгілге қайта оралғанда Сәбит көңілі жай таба қалды дейсіз бе?.. Қайдан-ау...

«Менде ақындық жалғыз сөз —
«жалшы» деген»,—

деп, айғайын сала, ауылды советтендіре бастаған жерге келсе байдың қаншырдай қатқан жазғытұрғы жарау бурасы жаншып, шайнап тастаған Қарашұнақ есімді сорлы жалшының сүйегі шашылып жатыр. Сәбит бұл орайда бай тоқалы Гүлжан сұлуды Қарашұнақ баласы Қозыбаққа қосып барып кек алады. Бұл дастан да дүниеге «Батырақ» деген атпен келді.

Араға екі жыл салып, білімін біртоға толықтырған соң да ақын баяғы беттен қайтқан жоқ. Қазақ совет эпикасының асқар шыңы делінген атақты «Сұлушаш» трагедиясынан Сәбең өлеңді роман жасап шықты.

Беу, дариға-ай... Еңлік пен Кебектен тым болмаса құндақтаулы шарана қалды деп еді... Ол өсіпті, өнігіпті деген сөз бар. Қыл құйрығына байлаулы екі жасты тепкілеп өлтірген, екі шақырым жер шапқылағаннан кейін қан тоқтаған шу асау да тірі қалған еді... «Әй, айуан-ай, сенен өткен тағылар құлағыңнан бұрап ұстап бұйрық еткен соң, сен қайтейін деп едің?..— деп, оның да сыртынан талай пенде мүсіркеп қараған шығар. Ал мынау төрт бейбақтың артында қасқыр жеген торы төбелдің төрт қара тұяғынан басқа не қалды? Бұл Сәбитке оңай соқты дейсің бе?.. Масқара қаза соңынан қағазға түскен сайын қайран Сәбең ауыр-ауыр күрсініп, қалам ұстаған шығар-ақ... «шығар-ақ» емес, нақ солай болғанын өз аузынан естігенім де бар екен-ау.

Жә, дәл осы араға ойдың негізгі бір түйіншегін қалдыра кетейік. Бұлайша өңкей бір сорлының өмірге өлу үшін келгенін, бейбақтардың түгелдей әрі дегеніне, әрі жасына жетпей өлгенін қазақта бұдан бұрын кім өз жырына өне бойы өзек етіп алды екен?.. Жоқ, Сәбиттен бұрын ондай эпик болған жоқ. Жаратылысы жаңашыл (новатор) деген атақ Сәбит Мұқановқа ең әуелі осы үшін беріледі.

«Неше жүз жыл бойына «қисапсыз төгілген осынша көз жасы мен қанның, сөзсіз, сұрауы бар... Соны сұрау,

қарымта қайтару Сәбит үлесіне де тиген. Сонда қайтпек, немен қаруланбақ керек? Өзіне дейінгі аһ ұрған абыздың гөй-гөйінен, бақсының зілді зікірінен, сарнауық тақуа жыршының тәңірге қылар зарынан Сәбит кәдесіне аскандай не бар?.. Солардан бірдеңе алу керек пе? Жоқ, әлде сыртқы қабығы сыдырылмаған бөренеден де дөрекі, ірі, тастан да ауыр әрі суық, оттан бетер күйдіргі сөздерді өз бетімен термек керек пе? Жоқ әлде, Жалбыр тымақ, Шоқпыт шидем, қазан Тұтқыштарын күрескер адамға айналдыратын сөздің құдіретті құдайын қолдан жарату керек пе?.. Қасіреттің астына от қойғанда ол қарғыс боп қайнау үшін, сосын қанаушы таптың қара жүрегіне дәл даритын жасын жайдың оғы болмақ үшін қаһарлы сөздің каптаған қара бұлтын жасақтау керек пе?..

Осындағы абыз, бақсы, молда жырау сөздерінен өзгенің бәрі керек. Сәбит соның бірін қалдырмай өз қажетіне тұтынды. Өзінің формуласымен айтқанда, ол өзіне сөзден Советтік Армия жасақтады. Болмысынан жаңашыл (новатор) етіп жараткан да, шын мағынасындағы классик эпик дәрежесіне көтерген де оның сондай Сәбит бола алғандығы.

Әрине, жаңашылдық та аспаннан алынбайды. Оның да қайнар көзі бар. Ол халық өміріндегі өзгерістерден суыртпақталады. Ал халық қашан да, қандай өзгеріс тұсында да өзінің болмысынан енеді. Ендеше, халық пен Сәбит, яки дәстүр мен жаңашыл талант жұбын жазбай қосарланып осы арадан көрінбес болар ма?.. Мына бір штрихтарға қараңыз. Бір күні Сәбең үйіне барып отырғанда:

— Домбыраңыз ылғи да осы қол созым жердегі журнал қойылатын жатаған столдың үстінде жатады. Соны үнемі шертіп отырасыз ба?— дедім.

— Шерткенде қандай... Бұған ақырындап ән де қосамын. Сөйткенде ұлттық нәр жиналады.

— Өлеңдеріңізді домбырамен термелеп айтуға көне бермейді ғой...

— Мен саған бәрін емес, ұлттық нәрін айтып отырмын.

Бұған қоса тағы да еске түсіретін бір жайт. Ел аралағанда кез келген сыпырылмаған алашаның үстіне отыра кететін, аса таза емес ыдыстағы қымыз, шұбатты да талғамай сіміріп салатын Сәбитті исі қазақ білуші еді. Бұл кісінің дастандары да нақ сондай ел тіліне, ел ұғымына етене жақын жаратылған. Сәбең дастандарында халықтың мақал, мәтел, нақылдары мол естіледі, «шыңы

тік», «құзы құлдыр», «сылдыр су», «сыбырлақ жел» т. б.

Мұқанов дастандары қою оқиғалы келеді деушілер дәл айтады. Оқиғасыз жерді сюжетке ден қойғыш ақынның табиғаты тартпайды. Жоғарыда өлеңі де оқиғалы дегенбіз. Жалпы бар ғой, бұл ақынның ұғымынша, өмірде оқиғадан оқшау орын жоқ. Байқап отырсаңыз Сәбеңнің барлық дастандарында сәл қыбыр еткен қимыл дереу бүкіл төңірегін астан-кестен күйге көшіреді. Жаңашыл таланттың дәстүрімен біте қайнасқан жерін, міне, дәл сондай тұста әбден көруге болады. Гүлжан тоқал Қозыбаққа қосылып, байды жерге қаратқанда «көгілдір тартып көк күледі, көкала болып шөп күледі», Балбөпе далаға шығып жылағанда айналадағы өсімдік атаулы өздерінің шаштарын жұлады, Алтай өлерде төңірегі түгел өртенеді. Сұлушаш, Күнәйімдер жардан секірерде төмендегі толқындар да «Қайран сұлу, өкси бермей, өзімізге келші, кезек-кезек тербетіп ұйықтатайық та, қайғыңды ұмыттырайық» дегендей, жүзі суық болса да аяушылық қылады. Ал қазақ бұл тәсілдерді (приемдарды) қай кезде де жатсынбақ емес.

Эпик Мұқанов өзінің жалт ойнаған қою қорғасын бұлттай бір кезеңін осылай тамамдайды да, «қара айғырмен» жүйткітіп» отырып күнгей беттегі екінші кезеңіне шығады. Жүйріктігі себепті қолды болып, жанжалдың ақырында иесін түрмеге қаматқан құла тай («Құланның құны» дейтін де дастаны бар ғой) «бір кісі мінетін» сәйгүлік емес, «мың кісі мінетін» Сәбит Қара айғырының бітімі бөлектұғын. Ол тіпті көсіле шапқанда әр тұяғының ізінде қазан шұңқыр, ор қазылып қалатын тарихтағы Тарғынның Тарланы, Қобыландының Тайбурылы да еместұғын. Түркстан мен Сібір арасын жалғастырған Сәбит Қара айғырының ізі бүгін қарасаңыз да «шойын жол» боп мәңгі бақи жосылып жатыр. «Жүйткі, қара айғырым» дастанының алғашқы оқырмандарын айыра-бөле білу керек. Олар — аттарына міне-міне паровозбен жарыса шапқан, разъезд сайын вагондардан кітап, мата, қант, шай, «шайтан арба» (трактор) жаңа завод, мойынсерік жабдықтарын сатып алғандар болатұғын.

Шыны керек, бұл дастанды әркім өз бетімен оқу дәрежесіне әлі де жете қойған жоқ еді. Дегенмен, жоғарыда біз әңгіме еткен жыр кітаптарын қойға сатып алған көшпенділер бұл тұста тұрақты қоныстанып болған. Кешке қарай жұрт жиналған Қызыл отауда да бұл дастанды сауаттылар дауыстап оқыған-ды. Ол кезде «Қанды көл» атты Сәбең дастанындағы Малдыбай қолы-

нан қаза болған Әбіл балалары әкесінің қаны төгілген шұрайлы жерге иелік етіп те үлгерген.

Бұның бәрі жақсы-ау, досым... Ал әлгі күнгей бетке шыққанның өзінде көзге ұрып тұрған мына сұмдыққа не дер едіңіз? Бір ғана 1926 жылы үш дастан жазған Сәбит Мұқанов «Қара айғырдан» кейінгі аттай бес жыл бойында дүниеге бірде-бір поэма келтірмеген. Ол тұста жазылған прозаларының өз де басқа уақыттың тақырыбына тайқып шыққан. Бұл маған бұршақ ұрған бақта бұлбұл сайрамай қалғандай әсер етеді. Қазақ жұртын аштан қырған асыра сілтеудің ұлы трагедиясы қайран ақынның жүрегін жұтатқан да, сол жүректің басынан у боп, үнсіз төгілгендей...

Менің Досшан атамда:

«Дүбірді көрсем қозамын,
Сабыр етіп тұра алмай»,—

дейтін бір сөз бар еді. Сол кісі айтқандай, әбден толысқан отыз бес жасында, әлгі іш құсадан арылып Қызыл профессураны бітірген шағында, бұрынғыдан да кеңірек дүниеге кеудесін керу үшін Сәбит ақын айрықша бір дүбір күткен еді. Бүкіл дүниені дүр сілкіндірген Челюскин жорығына арнап поэма жазу конкурсы Сәбит тілегіне сәтімен орайласты. Жарыста бірінші жүлдеге ие болған «Ақ аю» дастаны эпик Сәбиттің дәстүр мен жаңалық бірлігін тағы да бір биігірек сатыға көтерген дәуірін белгіледі. Айуанды адамша сөйлету де ежелгі канон. Қазақ нақылына сүйеніп бір сөзбен айтсақ, бұнда Қара аю Ақ аюға намаз үйретеді. Бұны жұрт жалпы цивилизацияға тың маршрут белгілеген жорық жыры деп айтады. Әрине, солай. Тіпті Қара аю мен Ақ аю айтысында хан емес, қара билеген елдің ақ патшалықтарға есесі де бардай. Тап күресінде шыңдалған тарлан ақын бұл шығармасында екі системаның арасын ерекше жіктейді.

«Көрпесі мың метр мұз, демі үскірік,
Демінен айдаһардың жел ысқырып.
Ұйықтауға мәңгі,
көрпе тұйықталған.
Тұншығып өзі ашпаса, кейде ышқынып,
Маңына жуығанның бетін қарап,
Басындың деп долданып,
мұзын жарып,
Құшағына қысып ап, тұншықтырып,
Тереңіне батырып қылған ғарық».

Он жолдан құралатын екі шумақ өлеңде әрең аяқталған осынау аса күрделі сөйлемде саналы түрдегі қарсылық (басындырмаймын дейтін), әрине, табиғат тарапынан емес. Бұл арада «төңірегін тереңге батырып ғарық қылатын» капитал дүниесіне табиғаттың дүлей күші параллель ғана. Егер менікі қате болса, «Жағада жер сілкінте ойналды марш» деп отырған ақын Мұз мұхиттың жеке басын өзіне көмекші сипатында меншіктемес еді, яғни:

«Мұхитта Кремльдей коммунизм
Ордасын қаласуға араласты»,—

демек еді, керек десеңіз, осы поэмада космосқа шығуды көксеу де, соған сену де бар, «Мен әлі айға да мінемін, күнге де мінемін» дейтін жерлері соны аңғартады.

Жырдың ішкі сыры мен сыртқы бітімі де мүлде өзгеріп мәдениетті поэзияның фольклорлық шеңберге сыймаған үлгісін де осы өлеңнен анық көріп отырмыз. Өлең табиғатына мұншалық революцияны Сәбиттен бұрын ешкім де жасай алмағанын, осы орайды пайдаланып, тағы да айтамыз.

Міне, осыдан соң ақын жиырма сегіз жыл бойы поэма жанрымен қоштасып, яғни, 1963 жылы жазылған «Жұпарханға» дейін бұл салада қалам тартпай қойды. Мен де өзім эпикалық жанрда әрекеттеніп жүргендіктен, Сәбең осы бағытқа бәлкім бұрылар, ой салармын деп сынаған едім ғой.

Жасы алпыстың бесеуіне толып, шашы аппақ қудай болған шағында Сәбең сырт елдерді көбірек аралады. Ұзақ-ұзақ сапарларда көрген неше түрлі қызықтарын біздерге әр жерде ауызекі әңгімелеп, жолжазбалар жазумен айналыспайтын секілді еді. «Жұпарханның» қай арада дүниеге келгенін сезбей де қалдық. Сөйтсек, екі жыл бойында жаза жүріп, бір жерін де білгізбеген. Менің мінезім де қызық қой, сол тұстағы бір ел басқару тәсілі жұртқа ұнамаған шолақ белсенді «елден бұрын оқып алыпты» деген соң, «маған да оқытыңызшы», деп қыстырыла қоймадым. Маусымдық баспадан оқыған үзінділер мені онша үйіріп әкете алмады. Тым кешігіп оқығандағы әсерім қандай дейсіз ғой?..

Кезінде «Жұпархан» хақында пікір білгізгендер жетіп айта алмаған тәрізді. Зерттегіш мамандар оны енді айтса жөн-ақ болар еді. Меніңше, көтеріп тұрған жүгіне қарағанда, бұл өзі өлеңмен жазылған романға

бейім. Ара-арасында жүріп отыратын әдеттегі қарасөздері өлеңге айналып кеткен қисса деп тануға да болар. Бұл шығармада ұйғыр елінің бастан кешкен тұтас бір дәуірі жатыр, сол тұстағы ұйғыр милләтының образы сомдалған осынау тағдыры топырақпен біте қайнасқан егінші жұрттың жүрген жерінде құм да құлпырып жаннат сипатына көшеді деген идея жырдың ұзына бойына өзек болған. Шамсинұрдың Жұпар атануы да содан.

Ұйғырдың жігіт, қыздарының бір-біріне махаббаты да өзі өсірген бақ саясында ғана өмір сүре алады, ал ол заңды жат біреудің ұшан-теңіз байлығы да, басқыншылық күші де бұза алмайды. Тұтқындағы Жұпардың өз есімінде «Хан» деген дәрежелі сөз қосылған тұста өлу себебі де содан. Сүйікті Жапарына қосыла алмасына көзі жеткен Жұпар Қытай ханына әйел болуды өзінің ғана емес, елінің арын сату деп түсінеді. Егер ер Жапар өз елінде егінге су шығарғалы жүріп қаза болмаса Жұпар сұлу ол үшін өзін жыланға әдейі шақтырып өлмеуі де мүмкін еді. Иә, ел бүтіндігі мен махаббат мұраты қашан да егіз. Сол негізде қыз өлсе де, жеңілмей өлді. Сәбең мәселеге бір жағынан келгенде сұлулықтың құдіреті армия қуатынан осал емес деген тұжырым жасайды.

Арудың ішкі жан сұлулығына берілген бұл сипаттамадан тіпті де кем түспейтін дене сұлулығын суреттеу үшін ақын оған достың емес-ау, дұшпанның көзқарасын пайдаланады. Жұпарды көргенде басы айналып, есінен танып қала жаздаған Қанси хан «Жердің жүзін жылыту үшін жаратылған сұлу емес» деген шешімге келеді.

Жұпархан, яғни бұрынғы Шамсинұр ешқандай бекзаттың емес, бар болғаны кетпенін иыққа салып, су жағалаған мұраптың қызы. Әу бастан еңбекші таптың жырын жырлаған ақын бұл жағдайды, интернационализм идеясымен тұтастырып, екі мұратына бірақ жеткен жыр жақсы оқылады. Бұрын да еркін ұйқасып отыратын өлең өзінің байырғы қайратынан қайтпаған. Сәбиттік сөздің нормасы да бұзылмаған, шығыс поэзиясына тән табиғат мінезінің ақын көңіл күйімен ортақтастығы да «Сұлушаштағыдай» сақталған.

Жасы жағынан біршама шау тартқан Сәбең оқырман дастанында «Қазақ даласының бүгінгісі мен артта қалдырған жағына қайтадан бір көз жіберіп көрейінші» дегенді мақсат тұтқан тәрізді. Шығармасына негізгі кейіпкер етіп өмірде бар әрі өзімен тұрғылас адамды сол үшін алғандай. Оның ол тарапқа да, бұл тарапқа да бұрылып жіті қарауына Нұрмолда Алдабергенов өмірі-

нің септігі мол еді. Поэманың «Алдабергенов туралы аңыз» аталуы да тегін емес «Жарты миы қалғыса, жарымы тұрған күзетте» Нұрекең марқұмның аңыз сипатты өмір кешкені рас.

Мұқанов кейіпкерлерінің өрлеу жолымен жүріп отырар болсақ осы Нұрмолдаңыз — тумысында баяғы Шоқпыттың дәл өзі. Бұл да жетім бала шағында бай қойын баққан кісі. Одан кейін де көп уақыт аузы аққа тиіп жарымаған. Жоғарыдағы бір орайда «бұршақ ұрған бақта сайрамай қалған бұлбұл» жайлы сөз шеті көрініп еді-ау... Мына поэмадағы Нұрмолда сол тұсқа соққанда.

«Адамның «ас» дегеннен
Мысық құйрық татқаны,
Күнде «қашан өлем мен?»—
Жан біткеннің айтқаны.

Голощекин антұрған
Осындай халге келтірген.
Күн көрер күш сарқылған
Айрылды ел түрден»,—

демей ме?..
Ол кезде «жүрегінің басынан у боп, үнсіз төгілген» ақын дертінің енді ашына дыбыс бергені осы емес дей аласыз ба?.. Иә, біз бұны ұрда-жықтар кезінде қағазға түспей қалған, іште өртенген жырдың жанығы деп білеміз.

Кейін, басына «жалғанның антологиясын» жинаған Кенбай қарт кезеңіне көтерілгенде Нұрмолданы екі мәрте Ер атануы ғана күтіп тұрған еді. Сәбит енді дала академигінің бұл сатыға биіктеген тұсын да көзімен көрді. Қашанғы қажымас қаһарманының Неру, Хо Ши Мин, Фидель Кастролармен жүздесіп, есімі жер-жерге кең жайылып, жырға айналған шағында, әрине, ол:

«Кең жайылған бұл жырға
Даусымды мен қосайын,
Тарлан тартқан боз жорға
Бүлкілдеп аяқ басайын»,—

дейді де, ел, жер жайлы ұғым өркенін ұзаққа созады.

«Осынау жерге сан ғасыр
Жүрдің-ау, қазақ, сыя алмай...
Ұйықтап бай, хан—масыл,
Төбелестің-ау ұялмай...

Алдабергенов басқарған колхоздың ақ шаңқан шаһарына жеткенше, оның келесі күнгі мерей тойына қатысқанға дейін қайран Сәбең осылайша ауыр-ауыр күрсініп үлгірген... Ендігің — елдігің жөніндегі ақын өсиетін тек осының өзінен таратсаң да жетер...

Міне, Сәбит Мұқанов поэмаларынан ерекше қастерлеп, екшеп алған әсерлерім осындай.

Арғы жағынан қандай да болса бір жалғасын тауып жататын биік шыңдар болады. Қазақ совет поэзиясында да ондайлар бар. Солардың қайсыбірімен де бой таластыра алатын Мұқановтың ақындық творчествосы дербес тау екені ұтыры келген жердің бәрінде айтылды. Ал дербес таудың аласа шоқыларын тек өзінің биігінен ғана көре аласыз. Құзында тұрып құзарын да көресіз. Табиғаттың ондай бітіміне өнер пайғамбарының бірі болмаса бірі түзету енгізді дегенді естімедік.

Біздің білетініміз, Сәбит ақын тауының бауырында қайнар бұлақтарының көзі бітпейтін өскелең өмір жатыр.

10 июнь, 1955—10 февраль, 1988 ж.

Ионас ШИМКУС

Сәбит Мұқановты Литва жазушылары аға тұтады және асқан ірі талант, шын мәніндегі халық жазушысы деп біледі. Сәбиттің еңбектерінен біз көп нәрсені үйрендік. Аса кішіпейіл қазақ халқы туралы баға жетпес мәлімет алдық.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

ЕСІМІ ЕЛІНІҢ АТЫМЕН ҮНДЕСКЕН

«Өлеңім — өр басына тіккен туым,
Соған қарай көшеді мендік ауыл».

Сәбит МҰҚАНОВ

Сен маған қызмет қылсаң аяғыңмен,
Мен қызмет қылайын төбемменен.

Нартай БЕКЕЖАНОВ

Адамның — өнерпаздың, суреткердің дарындылығын тану үшін, әдетте, оның бүкіл творчествосын бүтіндей оқып шығу қажет деп ойлаймыз. Және бұл дау тудырмайтын дана қағида. Сөйте тұра, кейде ақындық құдіретті таңдаулы туынды емес, қатардағы бір поэма емес, жай бір өлең емес, өлеңнің бірақ жолы, жалғыз тармағы ғана толығымен танытардай аса бейнелі, аса айқын суретті болып кездеседі...

«Сенен — бұлт, менен қайғы тарқамады» деген өлең үзігін оқыған не құлағымен естіген кісі әлгі автордың, анықтап айтсақ Мәдидің ақындығына күдік-шүбә келтіре алар ма екен?!

Сол сияқты, «Түннің қара қылшықты түгі түлеп...» деген жолда да дарын құдіретінің лебі бетке ұрып тұрғандай сезіледі. Қап-қара түннің аппақ таңға айналуы қандай баяу процесс, процестің динамикасын көз алмай қадалып минут сайын, тіпті сағат сайын бақылап отыруға келмейтіндей үрдіс. Тым сылбыр!— түннің таңға қарай жылжығанын көзбен үздіксіз бақылап отыра алмайсың... Осы шындықты ақын қылшығы біртіндеп жидіп түсіп, ең ақырында терінің ақ боз түске ие болуына балап, қап-қара түннің аппақ таңға ақырындап, жайлап баяу ауысатынын көзге елестеттіреді. Бұл — өзіне дейінгі ақындардың бірде-бірінің аузына түспеген, қаламына оралмаған метафора! Оқып үйреніп, үздік деген ақындар түгіл ұлы ақындарға еліктеп мұндай өнерлі олжаға қарық бола алмаймыз. Мынау табиғи таланттың, туа таланттың маңдайына біткен творчестволық тапқырлығының, хұсни құдіреттіліктің тікелей жемісі!

Бұл — отыз жеті жастағы қаламы әбден төселіп, өнері

ұшталған ақын Сәбит Мұқановтың өлеңі «Жүрегімді мандат қып». Ал сол Сәбит өзінің ақындық өнерін салған жерден, он жеті-он сегіз жасында да танытты ма, соны айтыңыз деушілер де табылар.

Жақсы, оған да жауап іздейік.

«Қорек қылып, қара нанның күйігін,
Сусын қылып, ащы іркіттің сұйығын...»

Шегіне жеткізіп, шірей айту деген осы! Осы екі жолды өлмешінің күнін кешкен, өзегі талып бұрлыққан бейшара жанның сұрқы сурет болып көз алдыңа елестемей ме?! Елестейді! Бұл он тоғыз жастағы жалшы Сәбиттің өзіндей өксікті қазақ жалшыларына арнап жазған «Бостандық» атты әйгілі өлеңі.

...Елу-алпыс жыл қалам тербеп келе жатқан кейбір ағаларымыздың өлең ұйқасындағы орашолақтықтан әлі арыла алмай жүргенін көресің де, Сәбит Мұқанов сияқты саңлақтардың поэзияның көркемдік сапасына тым ерте тиянақты ұқыптылық танытқанына сүйсінесің. «Соғыстан кейінгі кезеңде қазақ өлеңіне төрт буынды ұйқасты мен кіргіздім»,— деп кергитін кейбіреулердің аузына құм құярлық уәжді бір шумақты келтіре кеткеннің артықтығы жоқ:

«Шықты ол түні бойы безек қағып,
Жан кетіп бараткандай, өзек талып,
Кейде ышқына, тынысын жиілете,
Кейде баяу алады, тежеп барып».

Бұл Сәбиттің 1927 жылы жазылған өлеңі «Әнекей, нұрлы күн көтерілді» деп аталады. «Балталасаң да бұзылмайды» делінетін төрт буынды толық ұйқасыңыз осы емес пе?! Мен он алты томдық таңдамалысының бірінші томының өзі ашылған бетіндегі өлеңге үңіле салып, әлгі шумақты мысалға келтіріп отырмын. Сөйтсем, С. Мұқановтың балаң жігіт кезінде, яғни он жеті жасындағы «Неге тудым?» деген жетім бала зары жас ақынның ұйқас-үйлесімге ұқыптылығы тым ерте басталғанын нық дәлелдейді екен:

«Бай баласын сүйгенде шешелері,
Жүрегім суық мұзға төселеді.
Менің де сондай сүйер шешем болса,
Көңілім қандай шалқып өсер еді!»

Кім болсын поэзия босағасын аттаған жылдарда әдебиеттің «қара жұмысын» бастан өткереді. Оны аттап

өткен, аттап өтетін ешкім жоқ. Ондай қара жұмыссыз қалам. қайраткері өсіп шықпайды. Ондай сатыны оп-онай аттап өткісі келгендердің кейбіреулері лауреат атанса да стилистикалық шалағайлықтың шөп-шаламын жүрген жолында бұрқыратып шашып жүретіні содан.

Сәбит Мұқановқа сүйсінетінің: қаламның қара жұмысын қажырлылығы арқасында, қара терін төгуі нәтижесінде тым тез, ерте өткендігі ырзалық тудырады.

Тамшыдан теңіз суының дәмін айыруға болар, бірақ тамшы бүкіл теңіз картинасын толайым-түгел елестете алмайтыны сияқты, әрине, бір-екі өлеңімен танысып, ақынның бүкіл творчествосына барша ажар-көркімен, идеялық салмақтылығын қоса білем деу ағаттық болар еді.

Білу үшін, толайым-толық танысу үшін Сәбит Мұқанов сияқты 55—56 жылын қажырлы қалам еңбегіне сарқа жұмсаған, қыруар көркем мұра қалдырған, өзінің көзі тірісінде он алты томдық таңдамалысын шығара бастаған алыптың халық арманымен тыныстаған творчествосын түгел оқып шығып, ой қорыту керек болады!

Қазақ әдебиетінің қасиетті абыздарының бірі Ғабит Мүсрепов «Алыптар тобы» деп әділ атаған жұлдыздар шоғырының ең бір жарқындарынан саналатын Сәбит Мұқанов творчествосы — оның азаматтық ғибратты ғұмырымен тікелей байланысты құнды құбылыс.

Сол Ғабең кәрі жолдасы, қашанғы әріптесі, асық ойнаған ауылдасы, тұрғылас терезелесі дүние салған күні:

«Жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан туған еңбектер — өз алдына бір энциклопедия. Сәбиттің оң қолы ақ қағаздың бетінде миллиондаған километр сапар шекті»,— деп еді.

Басқа әдебиетті білмеймін, өзіміздің туған әдебиетімізде жүрегінен қазына қазуға осынша толассыз қайрат жұмсап, қара терге шомған Сәбит Мұқановтай қаламгерді ешкім де таба алмайды. Сәбит Мұқановтың ең бірінші тағлымы деп мен ел үшін емірене еңбек ету өнегесін, еңбеккерлігін ерекше айтар едім!

«Тәуліктер ақтамаса өз парызын,
Апталар таныта алмас озған ізін».

Қай қаламгер болсын, осы қағиданы естен шығармай, әдеби еңбек санымен ғана емес, сапамен де өлшенетінін ұмытпағаны абзал екен-ау...

Таланттар да әр алуан: ұстаз талант, үйренуші шәкірт

талант және еліктеушілік құрсауынан босай алмаған өріссіз, өресіз талантсымақ...

Ал Сәбит Мұқановтар жай ғана жазушы емес, кәдімгі ақын ғана емес, олар ұстаз таланттар! Ол — коммунист жазушы, жетекші басшы, қайраткер қаламгер, академик ғалым, суреткер. Ол топтың емес, көптің, мыңның емес, миллиондардың ұстазы болып өткен алып тұлға! Оның тағлымының көп қырлы-сырлылығы да осында!

Жанасып-жақындаскан пенделерінің ғана емес, тіпті қол алысып қатар тізе түйістірмеген бейтаныстарының өзінің де жігер отын тұтатып, ішкі шырағын жаққанымен де, ізгілікке үндегенмен де қадірмен жайсаң жандар!

Шын мағынасындағы шынайы халық жазушысы жайында өзімнің оқырмандық түсінігімді, ақындық пайымдауымды баяндап, 1967 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде жарияланған шағын мақалам бар еді. Соны қаз қалпында осы ойтолғанысыма кіріктірсем, ерсілігі болмас деп қосып отырмын.

АЛЫПТАР ТОБЫНАН

Есімі аталғанда елі есіне түсе кететін ерлер бар ғой, шіркін! Сондай ұл-қыз өсірген еліне сүйсінесің, еліне соншама биік мерей әперген еріне сүйсінерсің. Ерлердің қымбаттылығы осы бір ажырамас тұтас үйлесіммен жарасымды-ау, тегі.

«Күш жоқ кезде күштілерден жасқандық.
А, кедейлер!— деп жүрмеңдер —«бос қалдық».
Еңбек етсең, білім, өнер сенікі!
Өзің ие, міне, саған бостандық!»

Осы өміршең жолдарды, сергек те асқақ өленді он тоғыз жасар жігіт жазғанына қазір оқығанда әуелі нанбай қалғандайсың. Әлеуметшіл деген оқыған зиялылардың өздері де адамзат тарихына енген ұлы өзгерістің аңысын аңдып, анық та батыл кірісе алмай, аңырыңқыраған алғашқы жылдарда жас талапкер жар салып, жалпақ кедейге үн қатады.

Содан бері ол жарты ғасыр бойында қолынан қаламын сусытып көрген емес. Жарты ғасыр жаңа заман жаршысы болу — неткен өлшеусіз бақыт.

Сәбит Мұқанов — халықтың бел баласы. Ол жетімнің жерді ояр ащы көз жасын да, қылыштан өткір қиянат атаулының небір сорақылығын да өз басынан кешірген

бала, үңілген сәтте тудай боп тірлікке шақыратын арманды да, анасындай аялай туған азаттық таңының қадір-қастерін де өз жанын тебіренте сезінген жігіт, әлеумет үшін ат жалын ерте тартқан азамат, заманы жаңа туған халықтың жан-тынысын, жүрек лүпілін қалтқысыз баққан заңғар ойлы жазушы, ғұлама ғалым, академик, көрнекті қоғам қайраткері. Қара табан батырақтан атағы әлемге аян академик-жазушыға дейінгі аралыққа, қызық та қиын өмір жолына көз салыңызшы.

Қазақ халқының атам заманғы ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын бойына шырынды, нәрлі жемістей көріп тұшына сіңірген Сәбит он бір жасынан бастап, өзі де өлең шығаруға машықтанады. Бала ақынның даусы бар болғаны Жаманшұбарды ғана төңіректейді. Бертін қара танып, хат жаза білген кезде Абай мен Тоқай өлеңдеріне өзгеше құмартып, өнеге алады. Өнер сыры, өлең сыры өзгені өңсіз-сөлсіз қайталауда емес, өзіндік бірдеңе табуда екенін зерек жігіт тым ерте аңғарғанға ұқсайды.

Бертіндегі белеске шығарған белгілі де белді шығармаларын былай қойғанда, Сәбиттің сонау 20-жылдарда жазған «Жұмаштың өлімі», «Құрдас», «Балбөпе», «Қанды көл» атты поэмаларының өзі-ақ автордың жарғақ құлағы жастыққа тимей ізденгенін, тапқырлығын танытады.

19-20 жасар кезде «Үміттің тілі ауыр, сөзі қиын» немесе «Әр дәуірдің әр түрлі адымы бар, әр мезгілдің әр түрлі сарыны бар» деген тәрізді халық мақалына бергісіз нақыл тудыруы кімді болсын тамсандырған шығар-ақ.

Ақын мазмұн жаңалығы ғана емес, өлеңдік өлшемдерге де тың өзгеріс кіргізуді мұрат-мақсат етеді. Мәселен, 26 жасында жазған «Жетім қыз» поэмасында мынадай зар-нала бар:

«Алдадың,
Алдадың.
Сағымсың —
Құбылдың.
Ағынсың —
Ұрылдым.
Жалынсың —
Жандырдың.
Залымсың —
Қан қылдың!..
Әттең, өмір-ай,
Қайттың-ау, көңіл-ай...»

Мен осы өлеңге қатты қызығамын.

Неге? Себебі сіңіскен үш буынды өлең біздің поэзияда әлі жоқ. Ал алғыр талант сол соны өлшемді осыдан қырық бір жыл бұрын тапқан екен. Осы арайда айта кететін бір жайт Сәбит Мұқановтың алғашқы адымдарындағы жаңашылдығы — әлі күнге дейін жіті зерттелмеген сала, бір мәселеге әдебиетшілеріміз оралуға, үңіле зерттеуге тиіс, қалың қауымға танытуға тиіс.

Қазақ совет поэзиясындағы өлеңмен жазылған тұңғыш роман Сәбит Мұқановтың «Сұлушашында» небір керемет шырайлы да шұрайлы сөз кестелерін терсек, қолдан маржан тізген болар ек. Күзді суреттеген автор:

«Бұлтсыз аспан күмісті қамзол киіп,
Белуардан құс жолын алған буып»,—

дейді. Қандай бояулы қанық сурет. Аппақ суреттей аппақ аспан, пәк дүние! Адам жанын рақатқа батырар ақ нұрды құшқандайсың. Бұл —27-28 жастағы жігіттің аузынан шыққан суретті сөз.

Жалпы жаңа поэзиямыздың мәдениетін көтерудегі Сәбит ерекше. Он бір буынды қара өлеңге жаңа леп, жаңа интонация, тыныс-дем беру «Майға сәлем», «Ақ аю», «Сөз — Советтік Армия», «Колхозды ауыл осындай» сияқты туындыларда «мен мұндалап» тұрады. Мен өз басым 1930 жылдардағы Сәбиттің лирикасы ала бөтен оқшау дүниелер, мінсіз шығармалар, поэзиямызға мерей әперген мәйекті қазына дер едім. Сәкең бұл тұста сөзге өте сақ, үнемшіл.

«Жеткен соң қолы сөздің кен тасына,
Кен күйінде қазына болмасына
Түсініп,
Қорытуға әкеп төкті,
Мидың мың градустық домнасына».

Бұл әйгілі «Сөз — Советтік Армия» деген өлеңнен. Әдетте олпы-солпы бұйымды олай да, бұлай да тартқылауға, қайта пішуге болады. Ал әлгі шумақтың бір сөзін өзгерту мүмкін емес. Ол бітеу, бүтін дүние. Сызат түсірсең, сыны кетеді.

Бірыңғай поэзиясымен «отаса» берсе де, Сәбит Мұқанов сол осы күнгі Сәбиттігін сақтаған болар еді. Өнер иесі, шынайы зергер өз құдіретін сынға салғыш болады ғой. Сәбит те сөйтті.

Сөйтті де сүбелі-сүбелі прозалық туындылар берді.

«Ботагөз», «Сырдария», «Мөлдір махаббат» және «Өмір мектебі» трилогиясы. Осының әрқайсысы жеке-дара алғанда да бір адамға өшпес даңқ әперер еді-ау. Себебі, бұл шығармаларда шынайы шындық бар, шындық болғанда шытырман, күрделі қиян-кескі күрес бар, сол күресте шыңдалған не күйреген тірі бейнелер бар. Бәрі де бізге таныс бейтаныстар.

Халықтық сипат, білім берер, тәлім-тәрбие ұсынар қуаты мол туындылардан сюжеті қызғылықты, тартысы тартымды, композициялық құрылымы берік те нанымды туындыларды қалың қауым құмарта оқиды. Кейбір жеңіл ауыз сыншысымақтар Сәбитте қара дүрсіндік бар деп соғады. Осы — ағат пікір. Сәтті шығармаларында Сәбит қара дүрсін емес, шеберлік атанатын қарапайымдылықты үнемі алдыңа тартады.

Бір кезде Бальзак француз халқына 500 адам қосты деген екен жұртшылық. Ал Сәбит Мұқанов кейіпкерлері саны жағынан содан кем соқпаса керек. Әсіресе жағымды герой жасау проблемасын шешу мәселесіндегі Мұқанов еңбегі аса зор. Асқар, Ботагөз, Сырбай, Полевой, Гүлнәр мен Байжан, Айбарша мен Дәулет, Қозыбақ пен Гүлхан, Теміртай мен Теміртас, Болатов пен Кузнецов — бәріміздің бейтаныс таныстарымыз, етене жақынымыз, оңашадағы сырласымыз емес пе?!

Сәбит 1920 жылдардан бері әдебиетіміздің жас күш-терінің қамқоршысы. Жаңа талап жастарға жанашыр. Әдебиет әлеміне бет түзеген талайларға ақ тілеу айтқан да Сәбит. Қазір халқымыздың сүйікті қаламгерлері атанған Ғабит Мүсрепов, Ғабиден Мұстафин, Асқар Тоқмағанбетов, Әбділда Тәжібаев, Жақан Сыздықов сияқты майталмандардың тырнақ алды туындыларын Мұқановтың қолынан өткенін айтсақ та, бірсыпыра жайды аңғарғандаймыз.

Сәбит Мұқановтың үздік шығармалары дүние жүзіне жайылды, «Сұлушаш» сонау 1939 жылы француз тіліне аударылып, басылды. Қазақ сөзін Европаға танытқан 67 жастағы тарлан талант шабысынан танған жоқ. Өткен жылы «Сәкен Сейфуллин», «Алуа», «Мөлдір махаббат» деген үш пьеса жазды. «Аққан жұлдыз» деп аталатын Шоқан Уәлиханов жөніндегі трилогиясының екі кітабын аяқтады. «Сыйға—сый, сыраға—бал». Халықтың Сәбит Мұқановқа деген сүйіспеншілігі зор екені белгілі. Соның айғағы биылғы сайлауда Петропавл қаласы халқының академик-жазушыны Қазақ ССР Жоғарғы Советінің

депутаттығына кандидат етіп ұсынуы, Петропавл қаласының құрметті азаматы атағының берілуі.

Елдің баласы бола білмеген ағасы да бола алмайды. Сәбит Мұқанов — совет халқының баласы. Өзі айтпақшы:

«Сүйем мен таңды таудай, туды таңдай,
Таң нұры жүрегімнің қаны жандай.
Мен жырлап көрген емен, жүрегімді
Туым мен таң нұрына бірдей малмай».

* * *

Өзгелерді білмеймін: алыптар тобындағы ағаларды жиі іздейтін болып барам. Аяулы ағаларды жиі-жиі түсімде көремін. Әдеби шаруаңның реті келмей жатса да, сол кісілерді іздейсің. Бір төрешілден кердең мінез көрсең де сол... әділдерді іздейсің. Қаламгерлер ортасы өзімшілдік пен рушылдықтың, бұрушылдықтың қырсығынан шыршатаққа шарпыла-шырмала бастаса да, сыңар езулерді алыстан айбынымен тежеп отыратын батагөйлерімізді іздейсің...

Салтантты той-томалақтар төрі үңірейіп тұрғандай сезінгенде, абыройлы ағалар әне-міне келіп қалатындай алаңдайсың... Өздерін таба алмасақ та, соңында қалған салауатты сөздерін іздеп таба аламыз. Ұлағатты үлгі-өнегелерін еске аламыз, рухани өсиеттеріне бағамыз... Музейінде Сәбит сабағы өтер алдында іштей толғанып, сабақ тақырыбына сәйкес академик жазушының он алты томдығына қайталап үңілесің. Өйткені музейдегі сабақтарды жүргізуші бақыты пешенеңе бұйырғаны үлкен жауапкершілік те жүктейді... Аксиомалық ақиқатты қайталап-ақ айтсам, Сәбит Мұқанов таңдамалы шығармаларын қайрылып оқыған сайын соны жаңалықтар, тың қасиет-сапалар табамын да, жан-дүнием жадырап, бір жасап қалам. Мұның аты эстетикалық ләззат емес пе?! Мұның аты көркемдік тағлым емес пе?!

* * *

Қалың қауымның тануынша, тарихтың тануынша Сәбит Мұқанов көп қырлы, алуан сырлы аса биік дарын тұлға.

Ол — ақын. Ол — прозаик. Ол — драматург. Ол — журналист. Ол — публицист. Ол — очеркист. Ол — редактор. Ол — фольклорист. Ол — тарихшы. Ол — этнограф. Ол — аудармашы. Ол — әнші. Ол — әдебиет зерттеуші ірі ғалым. Ол табиғатында ақын боп туған жан.

Ол ең әуелі ақын боп танылды. Әбдәлда Тәжібаев сезімен айтсақ — «Ең мықты көрінген жанры — поэзия» Қазақ поэзиясы мәдениетін шыңға шырқатқан азғаналардың бірі.

Егер Сәбит Мұқанов бірыңғай поэзиямен болған күнде оның қандай биік көркемдік-шеберлік ғарышына шырқайтынын ешкім де тұспалдай алмас-ау. Орыс тілінде «Звезда первой величины» деген ежелгі тіркес бар ғой. Сәбең солардың — Блок, Есенин, Пастернак, Твардовскийлердің... қатарына көтерілер еді-ау деп ойлаймын.

Сәбең ауызекі бір әңгіме үстінде:

— Мен шарасыздың күнінен өзімізде, қазақ әдебиетінде әлі жоқты бар етуге бой ұрдым да, әр жанрға бір киліктім, тәуекелге талай бастым...— деп еді.

Европалық мағынадағы классикалық романды қазақ тарихында тұңғыш тудырған кім? Сәбит Мұқанов!

Батырлық эпостың жайын бірінші боп егжей-тегжейлі зерттеп, монография жазған кім? Сәбит Мұқанов!

Қазақ топырағанда өлеңмен жазылған романды алғаш ұсынған кім? Сәбит Мұқанов!

Айтыс өнерінің қыр-сырларын бізде ең алғаш білгірлікпен сөз етіп, тұңғиық ішіне үңілген кім? Сәбит Мұқанов!

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті жайында алғаш монографияның иесі кім? Сәбит Мұқанов!

Иә, оның ғылыми еңбектері өзі бір төбе, өзі бір сөре! Ол содан да академик атанған!

Сәбит Мұқанов феномені жылдардың жіті барлауымен, ғылымның көреген көзімен біртіндеп ашылатын әлем!

* * *

Біздің отанымыздағы халықтар достығы, тайпалар бауырластығы сырттан зорлықтың күшімен жапсырылған үрдіс емес,— бұл — социализмнің өз табиғатынан туған рухани қажеттілік, шынайы шындық, идея мен идеал-мұрат ортақтылығы, бұл — бірлік салтанаты, келешек қамы, бүгінгіміздің игілігі. Халықтар достығы қан туыстығынан да қымбат жан туыстығы. Біздің тіршілік тынысымыз, сәулетті салтымыз!

Сәбит Мұқанов — кіршіксіз коммунист, шынайы патриот болғандығынан Советтік заманды, сан күресте сыналып, шыңдалған халықтар достығын шын жүрекпен тебірене жырлаған қаламгер.

Қабинеттен шықпай-ақ та жыршы атану мүмкін шығар... Ал біздің Сәбит Мұқанов советтік халықтар

достығы мен пролетарлық интернационализмінің жалынды жаршысы және жыршысы ғана емес, сонымен қатар халықтардың риясыз ынтымақтастығының іс жүзіндегі жалаугері ретінде де сол достықты аялаушы, адал-айнымас жарастықтың өзгелер қызығарлық үлгі-өнегесін алға тартып өткен ардагер!

Мен 1967 жылы Солтүстік Қазақстан облысына командировкаға Сәбеңмен бірге бардым. Жетпіске иек артқан ақсақал ұзақ жолдан шаршап-шалдығып келгеніне қарамастан, поездан түн ортасында түскендіктен ұйқысы қанбағанына қарамастан, таңертеңгі шайдан соң, Қызылжардағы бауырластар зиратына тура тартты, өзінің жауынгер достарына тауап етті. Зиратта азамат соғысында шаһит болған орыс, қазақ, татар, украин большевиктері жерленген. Солардың әрқайсысын шапағатпен еске алып, жеке-жеке әсерлі әңгіме шерткені есімде.

Сәбит Мұқанов совет жазушыларының маңдай алдыларының бірі ретінде жаңа заманның классик қаламгерлері Алексей Толстой, Михаил Шолохов, Александр Фадеев, Сергеев-Ценский, Виктор Шкловский, Ғафур Ғұлам, Берді Кербабаев, Микола Бажан, Расул Гамзатов, Түгелбай Сыдықбеков, өзіміздің республикада Иван Шухов, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин және тағы басқаларымен ондаған жылдар бойында сырлас-сыйлас, тілектес-армандас, адал дос болып өтті.

Орыс халқының классикалық жауһары «Игорь полкы туралы жырын» соғыстан бұрын қазақ тіліне аударуы немесе ұйғыр халқының өжет сұлуы өмірінен «Жұпархан» атты ұзақ дастан жазуы неге тұрады?!

Сәбит Мұқанов тағлымдарының бірі деп біз осы интернационализмін айтамыз.

* * *

Біздің ұрпақ, менің тең тұстарым ауыз әдебиеті айдынын ақ шағалаша шарлап, аққудай еркін жүзе алмай өстік, себебі ол тұста — біздің он жылдық мектепте оқыған жылдарымызда «Батырлар жырларынан» басқа фольклор саласында комакты кітап жарық көрген жоқ. Алыптар тобының абзал ағалары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин түгілі, олардан гөрі шағындаулардың Сабыр Шәріпов, Қадыр Тайшықовтардың кітаптарының қарасын да көре алмадық. Халық қазынасын ел ортасында жүріп бойымызға дарытуға тағы да

мұршамыз болмай қалды — соғыс бұрқ етті, біз төрт жылымызды, кейбіреуіміз онан да аса көп уақытымызды әскери қызметке, майданға бердік. Сонда біздің ұрпақтың эстетикалық талғамын тәрбиелеген, рухани мұқтажымызды өтеген көзі тірі жазушыларымыздың көркем творчествосы болатын. Сол топтың ең ғибраттылары, әлбетте, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов, Қасым Аманжолов т. б. Мен өзімнің жастық дәуреніме орай айтып отырмын.

Әскер қатарынан жеті жарым жылын офицерлікпен өткізіп оралған өз басым тілдік тұрғыдан ізденісті қазақ жазушыларын оқып, керегімді теруден бастадым. Күні бүгінге дейін де осы!.. Рас, бертін алпысыншы жылдардан бері қарай ауыз әдебиетін тереңірек зерттеуім қосылды.

Өзгені білмеймін, өз басым оқыған дүниемнен керегімді теріп алып, қалың дәптерге көшіріп алу — көптенгі әдетім. Менің тілдік тұрғыдан, сөздік қорыма дәулет үстеу тұрғысынан тағлым алған басты авторларым мен қайнар көздерім аз емес: Абай, Сұлтанмахмұт, Ілияс, Сәкен, Бейімбет, Мұхтар, Ғабит, Сәбит, Қасым, Әбділда, Қалмақан... Бүкіл тарихымыз бойындағы халық ақындары (әсіресе «Бес ғасыр жырлайды», «Айтыстар» кітабы). Қазақ ертегілері, мақал-мәтелдері... Тілі шұрайлы өз замандастарымнан, аға-інілерден де (Тәкен Әлімқұлов, Сәкен Жүнісов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин т. б.) керегімді іздеуді ұмытпаймын...

...Міне, алдымда 1960 жылдардағы қойын дәптерім жатыр. Сонда Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» және «Аққан жұлдыз» романдарынан (соңғысының бірінші томынан) көшіріп алған мақал-мәтелдерім, идиомдар, тіркестерім қаншама! Жүз елу-екі жүз сөзден асады.

Дөңасар (зеңбірек). Үзбесі көп алтын шолпы (Шынжырдың звеносы деп аударғандарды да көргенбіз. Звено — үзбе. Қандай дөп!) Тоқтаулы билік. Екі аруақ, бір құдай. Инеп тұр. Тәуекелшіл ынта. Тірідей құрымға бөлеп. Арапшы (зымиян). Тісінің тұқылын қағу. Келер кер, кетер күш. Алдастырып аңду. Құмыққан ашу. Жалшы-жалаугер. Аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ, қойдай керей, қозыдай уақ. (Міне саған салыстырма!) Шайырғаласу. Қасабалы қатын... Бұлар «Аққан жұлдыздан».

Ал енді «Мөлдір махаббаттан». Шірік қарта бай. Ішкірнелеп. Ерейген ұзын, тапырайған қысқа. Тамаққа шебік. Тар кеңіп, тандыр иіп, тапшы ұлғайып. Не істесе

де рауа, Дәттетіп. Ауылдан сөгілген біз. Жылдыртпа сөз... Қәне, осыларды сөздіктен тауып көріңізші!

Ыждаһат-ынтасын салғандар, тіл құнарын айтқыш-ділмар ағалардан үйренгенін мен сияқты бүкпей мойындаса, шындықтар ашылып-ақ жатпай ма. Сонда қалың көп те көп сырға қанықпай ма?!

* * *

Кейбір кесір мінез қыңырлардың:

— Сәбит Мұқановтың тілі тым қарапайым, қара дүрсіндеу,— деп, реті келгенде күңкілдеп жүретіндері бар. Солар өздері суырылған шешен, ағындаған жүйрік болса, Мұқановтың қаламына оралған шұрайлы ойлар мен шырайлы оралымдарды өздері неге таппаған, бүгін неге таппайды?!. Мен ылғи да осындай сауал қоюмен келем, қырық жыл ішінде жауап таппай, жадап жүрем. Халық арасында Сәбиттің қаншама сәулелі ойлары мен хұсни құймалары қанатты сөз боп тарап жүргенінен кесір мінезді қиқарлар хабардар ма екен?! Нәрлі нақылдарынан төрт-бес мысал: «Шын білімде ұлттық кескін жоқ». «Әр мақсаттың алысы да, жақыны да бар», «Туды түйген жұдырық қана ұстайды», «Адам туа бұзылмайды, жүре бұзылады», «Тірлік дегеннің өзі — үміт»— бұлар бір ғана «Аққан жұлдыз» романының екінші кітабынан.

* * *

«Ойын-той қызып жатқан шақта жарысқа кеткен аттардың алды көрінді,— деген хабар келіп қалды. Қазақты ондайда иығынан басып отырғыза алмайсың». (XI том, 258-бет). Кітапты 1977 жылы оқығанымда әлгі тұсқа «Өлең!» деп белгі соғыппын. Сол сезімім бүгін де суыған жоқ. Автор жалғыз-дара сөйлем арқылы-ақ ат жарыс десе, делебесі қозғыш қазақ мінезін қандайлық дөп суреттеген. Алтын сөз! Қаншама динамика! Қопаң-қопаң қозғалып, қит етсе орнынан ұшып түрегеліп, алға ұмтыла қызу қикулаған қазақ баласы кейпін елестетіңізші! Білгір психологтың бойлағыштығы мен таным тереңдігін танытатын осындай жіті бақылауларды Сәбит прозасынан да көп кездестіреміз.

Ұлттық психологияға өрімдей күнінен бөгу — қаламгер үшін қапысыз бақыт екен ғой!

Александр Фадеевтің «А ведь литература — это труд, причем труд сложный. Он требует опыта и накопления

мастерства. Это работа писателя над словом начинается раньше, чем он начал писать свое произведение»,— деуі содан болар.

Советтік Шығыс халықтарының көбі «Родина» деген орысша атауды «Ватан» деседі. Татарда, башқұртта, өзбекте, азербайжанда, түрікте... солай. Ал біздің қазақ «Отан» деп алған. Революциядан бұрынғы әдебиетімізде осы атау кезікпейді. XX ғасырдың басында өткен Абайда да жоқ. Сұлтанмахмұт Торайғыровтан таппадым. Кітаби шайырлар шығармаларынан да ұшыраса қоймады. Әйтеуір, «Отан» атты оттан ыстық сөзді төл әдебиетімізде тұңғыш рет қолданған кім екен?» деген сауалға мен жауап іздегелі көп жыл болды. Таяуда Сәбит Мұқанов поэзиясын, қара сөзін қайта қарап отырып, оның «Қызыл Арқа» өлеңінде (1925 жылы жазылған) іздегеніме тап болдым.

«Сарғылт түсті Сарыарқа,
Сүреңі жоқ кең алқа
Қызыл арқа атанды,
Жасадың жаңа Отанды.
Сарғаю енді болмайды». (I том, 42-бет).

Автордың әріден ойлағаны да көрініп тұр. Тұтқиылдай көрінетін тосын сөзді кәдеге асырғанын ойлап, елдің көзіне ең алдымен түсетін есінде қалсын дегендей «Отан» атауын ақын Сәбит Мұқанов ой екпінін түсіре, екінші бір сөзбен ұйқастырып алған. (Әрі осы өлеңнің ұйқастық және шумақтық бітімі де қызық: қазақ поэзиясы үшін жаңа. Ұйқасы аа бб в гг дд в болса, шумағы он тармақтан құралған. Мұндай қолданыс бүгінгі поэзиямызда да көзге шалынбайды. Қай-қайсымыз болсақ та кәдеге асыруымызға әбден болатын өлшем).

Іздеңгіш ақын Сәбит Мұқанов қазақ совет поэзиясында «Отан» атауын алғаш қолданған (менің табуымдағыны ғана айтып отырмын).

Ал Октябрьге дейінгі дәуірде қазақ топырағында осы сөзді тұңғыш рет көркем әдебиетке кіріктірген Тайыр Жомартбаев екен. 1912 жылы жарық көрген «Қыз көрелік» атты романының беташар сөйлемін автор: «Семипалат шаһарының күнбатыс жағында Сарыарқа деген жерлерді отан қылып арғын, найман, керей деген қазақтың үш атасының баласы тұрады»,— деп бейімдеген. Әрине бұл контексте «отан» атауы қоныс, мекен деген сөздердің баламасы, синонимі ғана. Сәбит қолданысы — біздің

бүгінгі ұғымымыздағы масштабты, кең көлемді атамекен бүкіл советтік мемлекет, қызыл тулы Отан!

Жас талапкер кезінің өзінде-ақ ұйқас алуандығына, шумақ түрлілігіне, ырғақ тосындығына Сәбит Мұқановтың мәттақам-ұқыпты болғанын әдебиетшілер әлі тәптіштеп таратып айтқан емес. Тырнақ алдысы саналып жүрген «Көңілім» атты өлеңін он жеті жасында жазса да талапкер ұлан кәдімгі шалыс ұйқасқа құрған. Бұл — ол тұста сирек үрдіс. Талаптануы ғана емес, өзіне қатаң талап қоюшылығы сүйсіндіреді.

Бір тұста сегіз буынды «Еңбекші қазақ» атты өлеңді қара өлең ұйқасымен (аааба) жазыпты. Бұл — 1924 жылы.

«Қызыл арқа» атты өлеңдегі егіз ұйқасты төрт қайталап, екі қаусырма ұйқаспен шендестіруі де ізденгіштік (ааббвггддв). Әрі мұның өзі он тармақты шумақ.

«Газеттің досы — тілшілер» атты өлеңнің ұйқастары да бүгін кәдеге асар өлшем. (аабвггбв) және әр шумақтың төртінші жолын «Газеттің досы — тілшілер» деп рефренмен түюі өз тұсы үшін жаңалық. Алты тармақты, сегіз буынды өлең шумағы да сондай («Қызғалдақ», 1926 ж.). Байқасақ, осы түрді автор жиырмасыншы жылдарда жиі қолданыпты.

1931 жылы дүниеге келген «Мәдени бәсеке» атты өлеңнің ұйқас өлшемімен шығарма жазуға бүгін талаптанушылар шаруаның оңайға түспесіне көз жеткізер еді. Себебі әрбір ұйқассыз екі жолдан соң келетін ұйқас және үшінші тармақ болып тұр, әрі екі буынды ғана ұйқас, әрі жолдың басына орналасқан. (Ура-тура-шуға-туға-буға-кума-тума-дуда...) Оқырман жан-дүниесіне от тастар оқыс эпитеттер де С. Мұқанов творчествосында баршылық: ақ тұңғиық, (теңіз стихиясын қалай дәл, дөп бейнелеген!), құлдыр құз, жынды өзен...

Мәселе мынада: бұрынғылардан бұйырғанды тауфық тұтып, місе-мәз көңілмен мардымсып, бейқам жүре беруден Алыптар тобындағылар алты шақырым алыс жүрген. Жоқтан бар жасауды парыз санаған, ізденген, көп жағдайда іздегендерін тапқан да! Сәбит Мұқановтардың тілдік ізденістегі тағлымы да — бізге мектеп!

Сонау отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясындағы Сәбит Мұқанов ізденістерінің бір қыры — оның ана тіліміз үшін жаңалық боп есептелетін неологизмдер тудыруы. Мәселен, «Ақ аю» поэмасындағы:

«Адам, ол —
қайғырымпаз,
қуанымпаз,
Жиіркенімпаз, сүйімпаз, уанымпаз.
Дариядай шалқымпаз, шаттанымпаз,
Керкетімпаз, тасымпаз, суалымпаз».

Бір шумақтың өзінде ғана он неологизм бар екен! Немесе «Жүрегімді мандат қып» атты өлеңіндегі: «Түн болса **тыныгымпаз** ми мен жүрек» және «Тебіреніп, **қалғымпаз** ми тыныкпай».

Осындай тәсілдерді өзгелерді өзгелеріміздің жаппай қолдап әкетіп, қорландыра түспеуіміз салғырттық болып шыққан. Бірақ ұсынылған сабақтың тағлымы өшпек емес!

Әдебиетіміздің бүгін толығысып жатқан, ертең келетін резерв жаңа күштері Сәбит Мұқановтар тағылымына соқпай өтпейді, творчестволық ғибрат алады. Сонда осы неологизмдік ізденістер де ескерілмей қалмас: жаңа таланттар сөздік қоры мейлінше бай, оралымды, икемді, қолданыс мүмкіншілігі мол қазақ тілі потенциялынан жаңа игіліктер табар болар, сөйтіп әдеби тілімізді дәулеттендіре түсер!

* * *

Лексикалық тұрғыдан алсақ қазақ поэзиясына жаналық қосуда да Сәбит Мұқанов орны бір бөлек: ол өз өлеңдеріне интернационалдық терминдерді метафораландырып, мағыналық, көркемдік аясын кеңейте кіргізгені белгілі. Сәбитке дейін біздің ешбір ақынымыз сөзді армияға балаған емес.

«Сөз — Советтік Армия»— қанатты сөзге айналып та кеткені әлдекашан! Мода қуып, өзге тілдегі сөздерді оңды-солды тықпалаудан Сәбит бойын аулақ салды: әр терминнің өзіне лайықты орнын тауып, әрі халыққа танымдық мәнін таныта қолдады. Мәселен, «Мидың мың градустық домнасына...» Өнеркәсіп жайынан бейхабар, анығырақ айтсақ, металлургиядан мағлұматы мардымсыздар енді «домнаның» не екенін де білетін болды.

«Сөз тасқыны көмейдің насосымен
Фонтандай атқылады саулап тілден».

Мұқанов мұны қазақ білмейді-ау деп іркілмейді, білмесе енді білсін дейді. Сол тенденциясын берік ұсганып, қазаққа өзінің күнде тұтып жүрген көсеуі мен

кепсеріндей етіп, самаурыны мен шүмегіндей етіп насосты да, фонтанды да теңеу кәдесіне жаратады. Осындай мақсатпен истребитель, сүңгуір қайық, самолет, парашют, бомбавоз сияқты алыс ауылдағы оқырмандарға әлі бейтаныс терминдерді поэзияға батыл түрде енгізіп-енгізіп жібереді. Тұлдыр тізім емес, туындының жанды клеткасына айналдырады. Мәселен, «мандат» деген атауды метафораға айналдырған ақын С. Мұқанов бір өлеңінде «жүрегімді мандат қып» деп ат қояды.

«Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені **жүректің шахтасынан** халық оны мыңдаған жылдар қазып...»

«Жүрек шахтасы» деген метафора қазақ поэзиясы үшін қандай жаңа, әрі қандай қонымды!

Жасыратын не бар: ақын-жазушылардың кезінде, өзіңнің жас кезіңде сүйсініп, елти қызығып, елжірей оқыған кітаптарының бәрі бүгін сондағыдай сезімге бөлемейді, кейде зеріктіреді, жабықтырады, жалықтырады, кейде кеудеңнен кері итереді, өзіңді зорлап бақсаң да, қайталап оқуға мойның жар бермейді, ал керісінше, қайталап қайрылғанында бұған дейін көрмеген қасиеттерге кезігетін шығармаларың да аз емес, әрине көп те емес. Сол аз ғана асылдардың, өзім әлсін-әлсін оралып оқып, ләззат алып, үйренер өрнектер табатындарымның ішінде Сәбит Мұқанов лирикасы мен эпикасы бар. Ірі таланттардың бәрі ізденгіш. Олар үшін ұсақ нәрсе жоқ. Зәредей деталь жаңалығына да олар көңіл көзін салмай өтпейді... Бір кішкентай мысал: Сәбит Мұқанов Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарының бірінде жазылған кезекті өлеңінде:

«Соғысқа барлық күшті көмек білген,
Жандырма боска ұшқын электрден.
Әр директор ойласын: «Мен жұмысшы!»
Әр жұмысшы ойласын: «Директор — мен!»—

дейді. Осында үш бірдей «деп» көсемшесі түсіп қалса да, ой, мағына ұғынықты. Инверсия өте орынды. Қара сөзде де, поэзияда да осы тәсілді қолдансақ, оғаш па?!

Сіз жаңағы шумақтағы бір қитұрқы қолданысқа назар аударыңыз ба? Алғашқы тармақтың ең толық, ең дұрыс бітімі: «Соғысқа барлық күшті көмек деп білген» ғой. Халық «қалаға бардым» деудің орнына «қала бардым» деп ықшамдап та айтады. Сәбең де халықтан үйренгендігін танытып, «Көмек деп білген» демей, келтелендіріп, «Көмек білген» деп қайырады. Сөлекеттігі жоқ. Жаңағы инверсия жайына қайта оралайық.

Сәбит Мұкановтың әсіресе өз позициясындағы тосын

инверсия жасаулары қарапайым қатардағы оқырмандар түгілі, азуы алты қарыс ақындардың таңдайын қақтырғанына өзім талай мәрте куә болдым. Мәселен: «Сен оған айт: ақын тасыды де» сияқты инверсия мейлінше, атымен де, затымен де жаңа, соны болатын. Және сондай новаторлық әріптестерді де, жас буын, жаңа толқын қаламгерлерін де ізденімпаздыққа шақыратын. Иә, ізгі жарыс, игілікті өнер бәсекесі, құдіретті таланттардың күш сынасуы үздіксіз үрдіске осылай айналады!

Ұлы таланттардың әдебиеттегі ұйымдастырғыш өнегесі осылай көрініс тауып жатады, қасындағылардың және соңындағылар бойындағы поэтикалық потенциалдарды тұтатып, творчестволық тың қырларын аштыруда көрініс тауып жататын. Жаңашыл Сәбит Мұқановтың поэтикалық творчествосы жас талапкерлер үшін әдебиет теориясы да, практикалық курсы іспетті де іс жүзінде ықпал-әсер жасап, нақты пайдасын тигізетін.

Пролетариаттың халықаралық ынтымақ күні Бірінші майға өлең арнамаған совет ақыны табыла қоймас. Сәбит Мұқановтың «Майға сәлемі» өзіне дейінгілердің де, кейінгілердің де, тұстастарының да бірде-біріне ұқсамайтындығына кез келген ақынымыз куәлік бере алады! Бірінші Майға арнап Мұқановша жазып көрейікші деп талаптанғандар (мәселен өз топырағымызда) аз болды дейсіз бе?! Ұлы шығармалардың, жауһар туындылардың құдіреттілігінің бір қыры өзіне еліктеттірмейтіндігі екен, анығырақ айтсам, өзінен асыртпайтындығында екен! Және бір ой келеді. «Майға сәлем!» ана тілінде аса әдемі туынды болуы себепті орыс тіліне қолма-қол аударылып, «Известия» газетінде жарияланды. Жалпы алғанда, қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы мен өркен жаюына көркемдік куә болып, «Сұлушаштың», «Адасқандардың» жаңағы «Майға сәлемнің», Шоқан туралы пьесаның дер кезінде орысшаға аударылып, ерте басылуы автор үшін ғана мерей болған жоқ, бүкіл Советтік Шығыс үшін биік мәртебе болды. Әдебиетшілер, әдебиет тарихшылары тәптіштеп анықтайтын және насихаттайтын бір мәселе бар. Ол туған әдебиетімізден орыс тіліне, сол арқылы дүние жүзілік аренаға тұңғыш аударылған кімдер және қандай туындылар? Меніңше, бұл салада да Сәбит Мұқанов ең бірінші болмаса да, алдыңғы екі-үш орынның біріне ие боп шығатыны шүбә тудыра қояр ма екен?! Мұның өзі ақын, прозаик, драматург Сәбит Мұқановтың 30-35 жастағы кезінде-ақ бүкіл Одаққа кең танылғанының куәсі,

дәлелі. Иә, заңғар таланттарды заманы тудырады! Мұнда да Сәбит сабағы, тағлымы бар!

* * *

Қазақ совет әдебиетінде мен көрген қаламгерлер ішінен Сәбит Мұқановтай өлеңді интонациясын тауып, өнерлі оқитын өзге ақынды мен әлі білмеймін. Мәнерлеп, туындының мән-мазмұнын толық ашып, екпінін дауыс ырғағымен нықтап, асықпай байсалды-байыппен оқитын, әрі қазақ ақындары арасынан өлеңді жатқа оқығанын алғаш естігенім де — Сәбит Мұқанов. Мұнда бір сыр бар, қазақ совет поэзиясындағы интонациялық өлеңді алғаш жазған да — Сәбит Мұқанов.

1950 жылы қалалық саяси ағарту үйінде Владимир Маяковскийдің каза тапқанына жиырма жыл толуына арналған жиналыс болды. Жиналысты Сәбит Мұқанов өзі басқарды. Кештің соңында қорытынды сөз сөйлеген Сәбең ұлы ақынға бағыштаған лепті өлеңін жатқа оқыды. Өлеңнің түйіні:

«Ал мен болдым
(Автор пауза жасап, сәл-пәл кідірді).
Сөйлесін
Поэзия маршалы».

Өлең жолдарының әрқайсысының астын қызыл қарындашпен бадырайтып сызып, көз алдыңа тосқандай айқын, жарқын, асқақ оқығандықтан болар — міне, отыз сегіз жылдай өтсе де, әлгі екі тармақ менің жадымнан өшпепті... Оқығыштық деген осы емес пе?! Және әлдекімдер сияқты екі иінін ілгеріге кезек қиқаңдатып, қоразданып-қодиланып, екі қолымен ауаны қармап, бет алды ербеңдету Сәбит Мұқановқа жат мінез еді... Шекесінен қарап шәнигендерге мырс-мырс күліп, жорта:

— Дұрыс,— деп қоятыны да бар еді.

Оңашада өз құлағыммен талай естідім — Сәбит Мұқанов өзінің алдындағы жыр дүлділдерінің ірілі-ұсақтарынан да, өз тетелестерінен де, атам заманғы ауыз әдебиеттен де қыруар өлеңді жатқа соғатын. Қиссаларды болса-болмаса да балаң жігіт жұрт алдында жатқа айтып, «қаламақы» да тапқан.

* * *

Өз көзіммен талай көрдім: топ ішінде Сәбит тұрады, жай тұрмайды, әлденедей қызғылықты әңгіме айтып, қасындағыларды қарқ қып тұрады. Көшеде немесе аулада бейтаныс әлдекім жанай өтіп бара жатып, жөн сұрағалы қайрылады. Мәселен, топ ішінде С. Мұқановтың баласы Арыстанмен жасты балаң жігіттер тұрса да, әлгі бейтаныс керегін бас салып, Сәбиттен сұрайды. Неге? Өйткені мұқым қазақ интелегенциясы ішінде алды ең кең ел азаматы Сәбит Мұқанов: жүзі жылы, қабағы ашық, кеудеден итерер кердеңдігі атымен жоқ, жатына да, жақынына да қайрылғыш! Жан баласын жатырқамас үйірсек Сәбиттің ыстық алақаны маңдайынан сипамаған айтулы талант қазақ әдебиетінде табыла қояр ма екен? Ә, қайдам?!

Бүгінде сексеннің сеңгіріне қол созған аға ақын Әбділда Тәжібаевтан бастап, Сәбит Мұқановтың қолтығынан өрбігендер қаншама?!

Мәриям жеңгей айтады:

— Соғыстан кейінгі жылдар болатын... Екі-үш күн төбелері көрінбесе, көрші-қолаңдар:

— Сенің әлгі тәпек балаң мен сорай балаң қайда жүр?— деп сұрайтын. Ондағысы Әбдіжәмил мен Сафуан. Екеуі де әдеби алғашқы талпыныстары тұсында сол үйдің баласы боп, бауыр басып кеткені талайға аян... Жас талапкердің жырақтан төбесі қылтиса болды — көзінен бір таса етпей сырттан бағып, қалам сілтесін қадағалап жүру — Сәбит Мұқановтың ежелгі әдеті болатын. Солардың таланттысының шығармашылығын талдап, пікірлерін білдіріп отыруы, қамқорлығы ең ізгі, әрі биік көрінісі емес пе екен. Мәселен, Тұманбай Молдағалиевтің жиырмадан жаңа асар-аспасында «Социалистік Қазақстан» газетінде ол жайында арнайы көш құлаш мақала жазуы кезінде кімді сүйсінтпеді?! Және өз тайпаласы мен топырақтасын алдымен іздеп, елжірей қалар өзімшіл мінез Сәбит Мұқановқа дарымаған. Оған керегі — шынайы талант, әдебиетке, сол арқылы елге еңбек сіңіретін азамат — Сәбит Мұқанов тым қызыл, солшыл, солақай деп көзі тірісінде де, одан соң да күңкілдеушілер болған. Бәлкім, қазір де табылып қалар, соны айтушылар неге өйтті екен, неге ұғынбай айтады?— деп, ішімнен күмілжіген кездерім бекер екен. Мен әлі арылмаған балалықпен ойлаппын-ау.

Мен білсем, әлгі пікір авторлары алып тұлғаның

әлеумет алдындағы әсер-ықпалы, салмағын жақсы білгендіктен, күрескер сөздердің уыттылығын қайтару мақсатын көздеген. Ықпалсыз сөзден кім ықсын, кім айылын жисын?!

Сәбит Мұқанов революционерлігі мен большевиктігі кейбіреулердің тым оңқай, тым құбақан жолын кескенмен, қалың көпке нұқсан келтірген жоқ шығар, қайта қатарымызды идеялық тұрғыдан шыңдауға көмектескені — факті. Совет жазушысы атана тұра, атына сай большевиктік үгітші әрі насихатшы болу парыз екенін Сәбит есінен екі елі шығармаған.

Туысқан партия мен үкіметіміз әлеуметтік-қоғамдық дамуымыз барысында көтерген жаңа ұранға азамат ретінде саналы үн қосу жолында жаршы ретінде ат салысу — Сәбит Мұқанов тұрақты партиялық тапсырмам деп ұғынған үрдісі. Өз жан-дүниесінің, демек жамағаттық-қоғамдық қажеттілігі!

* * *

Бұл фактіні мен Сәбеңнің өз аузынан бір сұхбат үстінде естіп едім. Кейін кітабынан да кездестірдім.

1928 жылы Сәбит Мұқановтың Ленинград университетіне түсіп оқығаны белгілі. «Өмір мектебінің» үшінші кітабы «Есею жылдарында» автор: «Біздің сабақтарымыз осылайша қызғылықты түрде жүріп жатты. Мен Ғабиттің өтінішін орындап, өзім өтіп жатқан сабақтардың толық программасын да, қолданатын оқулықтарды да оған жіберіп жаттым. Меніңше, кейін қазақ әдебиетінің күрделі жазушыларының бірі болған Ғабит Мүсірепов шын мағынасындағы әдебиеттік сауатын осы программа мен кітаптардан бірінші рет ашты».

Бұл — басқаға болсын дейтін кең пейіл, қамқор жүректің куәлігі. Бұған дейін өзі оқуға кетерде Бурабай орман техникумында сабақ беріп жүрген Ғабитті Қазақстан Мемлекеттік баспасының бас редакторлығына — өз орнынан шақырған да Сәбит Мұқанов екені белгілі. «Тулаған толқынның» кітап болып басылуына қол ұшын бергенінен де хабардармыз. (Ғабеңнің өз сөзі мынадай: «Қысқасы, кітапшаның басылғаны — үлкен қуаныш. Түзегеніңе алғыс 18.IV.1928». Сәбитке жолдаған хатынан).

Бір топарықтан шыққан екі баланың екеуі де қазақ әдебиетінің алыптар тобында қатар қайрат жұмсап, құнды-хұсни қыруар еңбектер қалдыруы — қандай бақыт, қандай мерей!

Екі алып та бір-бірінің қаламгерлік қадірін, азаматтық асылдығын жіті танып, жоғары бағалаған.

* * *

«Бағың жанғаны бір бөлек, бақытты екеніңді сезінуің де керек» депті бір кемеңгер. Сол сияқты алдыңда ағаң бары бір бөлек, сол асыл ағаның қадіріне жетіп жүрсің бе? Әр іні аға жайында толғанса игі! Өзінен кейінгілердің өнеріне мән беріп, мәпелеп өсіруге келгенде Сәбеңдер қандай сергек болған?! Маңдайынан сипаған ыстық алақанның жылуын ұмытпағандардың мойындауы — осыған куә. Әдеби алғашқы тәй-тәйі тұсында да, одан кейінгі қолдау-демеулерінен кенделік көрмегендердің бірі ретінде бүгінгі үлкен аға Әбділда Тәжібаев Сәбит Мұқановтың мемориалдық музейінде өткізген сабағында классик қаламгердің жас буыннан жан-жүрек жомарттығын аямағандығы жайында айта келіп: «Өзі қатарға қосқандарға жолдас деп қарайтын. Міндетсінген кезі жоқ»,— дегені бар.

Жалпының қамын ойлағыш Сәбит Мұқановтан жақсылық көріп, талантын ашқандар қаншама! Солар бүгін, әдебиет пен өнерден алшақ азаматтардың басына іс түсіп қиналған сәттерінде өзгеден бұрын Сәбитке хат жазып, қол ұшын сұрағандары қаншама! Көмек алып, кең айдынға шыққандары қаншама!

Соғыстан кейін армия қатарында қызметте қалдырғандардың ішінен Сәбит Мұқановқа өтініш білдіруі арқасында аулына қайтып, артынан әдебиетке қосылғандарды да білеміз... (Сәбит сабағының бірінде «Қәдімгі Сәбит Мұқанов» атты естелік кітаптың екінші томын шығару қажет деген заңды, орынды ұсыныс айтылды. Меніңше, сол томға әдебиетші С. Мұқанов жайындағы материалдармен қоса азамат, қайраткер, ел ағасы С. Мұқанов жайында молырақ баяндайтын әдебиетшілердің де, әдебиетші еместердің де естелігін қарымдырақ қамтыған дұрыс болар еді).

* * *

Сәбит Мұқановтың мен білетін ең ақырғы шығармасы —«Аққу әні» ғалым, батыр Ғабдуллин Мәліктің өмірнамасына арналған көркем очерк. «Лениншіл жас» газетінде автордың дүние саларынан 10-15 күн бұрын басылды. Үлкен шығарма! Мәлік январьда, Сәбит апрель-

де қайтыс болды. Бірде сау, бірде сырқат Сәбит очеркті кереметтей ұшқырлықпен, қысқа мерзім ішінде — қазақша айтсақ, а дегенше ақ қағаз бетіне әдемі түсірген. Мұнда да өз жүрегінің мейірімін төгу, шуағын тарату, сәулесін тосу бар. Сәбит сабағының бірі — осындай самала қайырымдылық! Замандас! Қәне, ой жүгіртші, өз төңірегіңдегілерге осындай жылу таратып жүрсің бе, жаныңдағылар мен жалпыға жан ашырлық көрсетуің қандай деңгейде?! Мұқановтардың мейірмандығы қалай жалғасуда?

Жалпы адамгершілік тәрбиенің проблемасын қазір біздер қалай қозғап, толғап жүрміз?! Қатыгездік, безбүйректік, тас жүректіктің тұрмыста кезіккен сан алуан фактілері жайында жұмған аузымызды ашпай, «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» деген теріс принципке бой алдырып, ләм-мимсіз қанша жылдарды бастан кешірдік. Ізгіні, игіліктіні, қастерліні — жалпы жақсылық атаулыны сүйсініп марапаттасақ, келеңсіз атаулыны соғұрлым ашына, аяусыз әшкерелеуге тиіспіз! Бұл үрдісте де Сәбит Мұқанов тағлымы ұмытылмас болар!

* * *

Өзіміздің сонау XIV—XV ғасырда өткен ақын-жыраулардан бастап, әйгілі суреткерлеріміздің творчествосын, өмір жолын жіті білетін, олар жайында сөйлесе аға жөнелетін ғалым С. Мұқанов көне орыс әдебиетінен бері тартып, әсіресе XIX ғасырдағы орыс әдебиетін, совет дәуіріндегі көркемдік ойдың көп салалы жетістіктерін алақанына салып отырғандай санап беретіндей әсер қалдырушы еді. Ауызекі әңгіме үстінде шоқтықты қаламгерлердің сөздерінен арнайы-ұдайы келтіріп, өлең-жырларды жиі-жиі жатқа оқитын. Қайран дүние, соның бәрі біз үшін әдеби академия екен ғой!

Алматы—Петропавл поезы. Құпедеміз.

— Таяуда бір журналдан испанның ұлы ақыны Гарсия Лорканың поэзияға берген анықтамасын оқыдым,— деді ағамыз. «Поэзия — невозможность, становящаяся возможной». Оңды ма? Оңды! Сөз дүниесінде ғайыптағыны ғажайып қып жасап бере білген кісі ғана ақын, деп отыр-ау сабазың!.. Енді сен мына бір шумақты тыңдашы:

— Влагой нежной, искрометной
Я наполнил мой бокал,
И одел туман приветный
Мой озябнувший кристалл.

Білесің бе, бұл өлеңді? Мұздай шампан шарабын бокалға құйғанда шыны тершіп шыға келмей ме? Соны ақын көзі қалай шалған?!— деді Сәбең. Әне, бокалыңа қарашы!..

Мен қызарып қалдым. Маған мына сурет-жыр бейтаныс еді. Сөйтсем, XIX ғасырдағы орыс ақыны Баратынский жыры екен-ау!

Енді бірде:

— Борис Пастернактың қап-қара пианиноны аппақ айсбергке теңегеніне таң қалумен келем,— деді С. Мұқанов.

Осындай әңгіме-сұхбаттардан кейін айтылмыш ақын-жазушы мен айтылмыш шығармасын іздеп тауып оқушы едім. Басқалардың, әр текті сөз шеберлерінің жауһар дүниелерін әділ бағалап, соларға шын жүректен сүйсіне білу, сөйтіп өзіне бағра-өнеге тұту — үлкен таланттардың ірі қасиеттерінің бірі екен-ау деген ойды талай түйдім білем.

Сондай ойларға көзегені үшін де Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сияқты саңлақ ұстаздардың рухына бас иесің...

Өле-өлгеніңше ырзалық сезіміңнен айнымай өткің келеді. Мұның аты рухани тағлым емей немене?!

* * *

Қалың оқырман қауым, бүкіл халық сонау «Сұлушаш» поэмасы, «Адасқандар» романы жарық көрген жылдардан бері қарай: «Сәбит Мұқанов енді қандай жаңа шығармасын ұсынар екен, қашан ұсынар екен?»— деп тосып отыратын еді-ау! Мұндай сүйіспеншілікке бөлену — қаламгерге, шексіз қуаныш, зор бақыт! Сирек бақыт!

Қазір ғой халық кейбір қаламдастардың жаңа кітабы шыққанда: «Осы автор өзі не жазды екен?»— деп тым болмаса парақтап шықпайтын да мінез байқатып жүрген жоқ па?! Ондайдың өкпе артары өз кітабы ғана шығар...

Иә, көптің көңілін бір қалдырдың ба — онда ыстық ілтипатты ұзақ уақыт ұмыт, тарихи кезеңдерге татырлық туынды бергеніңше әлеумет назарын өзіңе бұра алмайсың...

Ал Алыптар тобы — әлеумет көңілін қалдырмауға қайрат жұмсағандар, сол арманына жеткендер, сүрінсе тым аз сүрінгендер!

Қалам жауапкершілігін терең сезіну де Сәбит Мұқановтар тағлымының бірі болса керек!

— Армандарын аян-шындық етсін деп тағдыр-тірлік маған талант пен күш-қайрат берді емес пе?! Ендеше, мен неге қажиын?! Көкейде көп дүние бар... Арман-ниеті ортайған ақын-жазушыдан мән шықпайды!.. Тек денсаулықтың мойны босамасын де...

«Аққан жұлдыздың» үшінші кітабы... қазақ этнографиясы жайында көптен бері ішімде дүбірлеп тыным бермей жүрген зерттеу кітап... Мұхтар Әуезов өмірінен бір роман басымда пісіп-ақ жүр...— деп еді бір әңгіме үстінде. Қаламын бір күн қолынан түсірмеген қажырлы аға толассыз ізденеді екен. Құдай маған жолымда не берер екен деп жан-жағына жалтақтау емес, өмір шындығына терең бойлай сұғыну, яғни психологша талдай ұғыну, философша саралау, тарихшыша түгендей пайымдау, аяншақтамау, өзіңді-өзің аямау... білікті тәуекел... Иә, творчестволық мақсатпен толассыз іздену — Сәбит Мұқанов тағлымдарының бірі.

* * *

Өздері айтулы азаматтар — өз замандастарының азаматтығына сүйсінгіш-ақ. Өйткені олар өзгелердің өрендігі мен ерендігінен өз мұраттарының да жүзеге асуын көріп, іштей айызы қанатын шығар...

1967 жылы Алматыдан Қызылжарға поезбен кетіп бара жатқан сапар үстінде Сәбең сыр ғып айтқан бір эпизод ойға оралады.

— Таяуда ғана Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары Титов бізді — Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумы мүшелерін өзіне шақырды. Бір топ адам соның кабинетінде отырмыз. Секретарь орысша айтқанда, бірден өгіздің мүйізіне жармасты, мәселені бүйірінен қойды:

— Шокин Шапықты Қазақ ССР Ғылым академиясы президенттігінен босатып, орнына жаңа адам қоюымыз керек... Соған пікірлеріңіз қандай? Соны естігіміз келеді...

Бәріміз де тым-тырыс отырып қалдық. Мынау ұсыныс біз үшін оқыс, тосын, тым тұтқиыл... Сәлден соң Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы Ғайниден Мұсабаев қол көтеріп, сөз алды.

— Мен өзім президенттікке де, вице-президенттікке де, академиктікке де иегім қышымайтын адаммын. Менің өз лауазымым өзіме жетеді...

— Ал мына маған әлгі ұсыныс атымен түсініксіз.

Жуырда ғана СССР Ғылым академиясының президенті академик Келдыш жолдас Қазақстанда, Алматыда болып қайтты. Қазақ ССР Ғылым академиясында мәжіліс өткізді, республика ғылымының даму, өсіп-өркендеу процесіне ризашылық білдірді. Содан бері үш-төрт айдай ғана уақыт өтті. Сол екі ортада не болып қалды? Қазақстан ғылымы неден ойсырап қалды? Маған осы арасы түсініксіз, Титов жолдас,— деді. Ғайниденнің құлағының тосандығы бар. Өз даусының қаншалықты катты немесе қаншалық солғын-пәс естіліп жатқанын бақылай алмайды. Жаңа дүңк-дүңк еткізіп сөйлеген. Сол тон-сарын басшыға ұнамады ма, жалпы әлгіндей ашқылтым сұрақ қоюын жақтырмады ма, әйтеуір екінші хатшы зілді, әмірлі қатқыл дауыспен:

— Отырыңыз!— деп, столды тарс ұрып қалды.

Әлі орнына отырып үлгермеген Мұсабаев:

— Сіз айқайламаңыз, мен де сіздей коммуниспін. Пәленбай жылдық партиялық стажым бар! Біз сіздің айқайыңызды тыңдағалы келген жоқпыз!— деді.

Республика партия ұйымының екінші басшысы не дерін білмей, тосылып қалды. Сәлден соң:

— Қайтуларыңызға болады,— деді солғын дауыспен.

— Сонымен не керек, бәріміздің ішіміздегі шыншылымыз да, шын батылымыз да Ғайниден болып шықты. Көбіміздің айтатынымызды сол айтқан соң, өзгеміз айтылғанды қайталап, ауыз ауыртқымыз келмеді,— деп, Сәбең таңдайын қағып қойды. Ал Сәбит Мұқановтың өзінің азаматтық батырлығына айран-асыр таң қалып, тамсанғандар қаншама болатын?!

1956 жылы Сәбит Мұқанов анау-мынау тар көлемді мәжіліс-жиында емес, Қазақ ССР Жоғарғы Советі сессиясында қазақ тілінің оқытылуы жайында, оның сол тұста еленбеуі, жоғары оқу орындарында емтиханның ана тілінде алынбауы абитуриенттерге қол байлау болып жүргені жайында, республикада іс қағаздарының орыс тіліндегісімен қатар жергілікті халық тілінде жүргізілмеуі талай-талай қиындықтар туғызып жүруі хақында нағыз большевикше ашық пікір айтуы арқасында, әділдік салтанат құрып, мәселен, жоғарғы оқу орындарында оқуға түсу кезінде қазақ мектебін бітірушілердің ана тілінде емтихан тапсыруына жол ашылды...

Алпысыншы жылдарда Қазақстандағы малшыларға қамқорлықтың жетімсіздігі жөнінде республика үкіметі алдына мәселе қойып Сәбит Мұқановтың хат жазғанын мен өз аузынан естіп едім.

Қазақстан партия ұйымын Скворцов басқарған тұстағы әділетсіздіктер жөнінде коммунист Мұқановтың 1950 жылдарда КПСС Орталық Комитетіне ашық қол қойып, көлемі 25 беттей (машинкаға басылғанда) хат жазғаны да белгілі. Хатты алғаннан кейін КПСС Орталық Комитетінің секретары Поспеловтың С. Мұқановты Москваға шақыртып сөйлесуі республикадағы басшылыққа сабақ болғаны да тарихқа аян. Бұл — академик жазушының, айтулы қайраткердің азаматтық батырлығы эпизодтық сипаттағы үрдісі емес, үздіксіз белсенділік, көптің қамын ойлаудың игі көрінісі. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Теміртау оқиғасынан кейін өткен кезекті бір пленумында Қазақстан үкімет басшысы Д. Қонаевты пленум мінбесінен:

— Уәденің қапшығысың,— деп айыптауы келешектегі келеңсіздіктердің өмірден орын теберін көрегендікпен сезгендей әсер қалдырады қазір.

Бұл — өлермендік емес, өжеттілік, беттілік қана емес — нағыз большевиктік! Егер осындай принциптілік Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мүшелерінің бәрінде болса, кейінгі жиырма жыл бойындағы тоқыраушылыққа республикада саңылау қалмас-та еді-ау деген ой келеді бұл күнде...

Біздің бала кезімізден, пионер кезімізден Сәбит Мұқанов тұлғасы табанды күрескер тұлғасы боп елестейтін. Сонау 1937 жылы қаршадай болсақ та, үлкендер аузынан естідік: «Сәкен Сейфуллин ұсталғанда, «Ол — адал коммунист. Жалынды революционер ақын! Оның Социалистік Отанына берілгендігіне мен сенем! Егер Сәкен «халық жауы» болса, мен де «халық жауымын»,— депті. Сәбит Мұқанов ештеңеден тайынбай, өз ұстазына араша боп. Мұның аты өз басын өлім қатеріне көпе-көрінеу тігу деген сөз! Екінің бірінің емес, миллиондардың бірінің ғана қолынан келер ерлік! Ол ұзақ ғұмырында өрен жастардың, жас әдебиетшілердің идеялық шыңдалуына үздіксіз қамқорлық жасап өтті! Нағыз коммунист Сәбит Мұқанов халық зердесінде ленинизм жолынан айнымаған күрескер боп қалды да! Коммунистік идеялық, Ленин іліміне адалдық, социализм орнату жолында күш-жігерлі құлшыныс Сәбит Мұқанов тағлымдарының ең бастылары деуіміз әділ және сол айна-қатесіз ақиқат та! Қайта құру жаңа кезеңінде әдеби аренаға келген жас қаламгерлер аға буынның айнымас идеялылығын, күрескерлігін, жеңімпаздығын әманда нысана тұта білуі — парыз!

Кейбір әдебиетшілер Сәкен, Ілияс, Бейімбет сынды алыптарымыздың қырықтың бел ортасына жетер-жетпесте қиянат құрбанына айналып, ғұмыр сахнасынан ғайып болғанына ащы өкінішін білдіре келе: «Шынында да солар өздерімен бірге қазақ өлеңінің бүкіл қадір-қасиетін біржолата ала кетпеді ме?»— деп те сауал қойғаны бар.

Бұл сауалдың арғы төркінінен албырттық та, аңғырттық та табуға болады. Тіпті ұшқары түйінге ұштасар жайт та аңғарылатындай... Бір кездегі Махамбет айтқандай:

«Теңім үлгі алмады,
Ауызымдағы желімнен.
Ісім кетті далаға»,—

деп ұлы ағалардың рухының өксуіне ешбір орай жоқ...

Қазақ совет әдебиетінің классиктері С. Сейфуллиннен, І. Жансүгіров, Б. Майлиннен көз жазып қалғанымызбен, солардың қолымен соғылған сәулетті сөз сарайы қиянаттың дүмпуінен құламай, асқақ тұрғандай әсер қалдырып, солар салған дәстүр желісі үзілмей жалғасып жатқанына куәлік етіп, ғайып болғандар мен қадірмен әдебиетіміздің аралығында дәнекер боп екінші толқын ағалар — тағдыр тауқыметін тартса да, өз құтханасында, әдеби ортасында өгіз қара күшімен қалам тербеушілер тұрды. Олар Сәкендерше әдебиеттің партиялылығы мен халықтығы принципін сақтауда өзгелерге, кішілерге жол көрсетті дей аламыз.

Осы саптың ең алдында 1937 жылдан бері қарай Сәбит Мұқанов тұрды деу — әділдік! Мұнда идеялық күресшілдік тағлымы бар! Ендеше рухани мағынада алғанда Сәкендер қазақ совет әдебиетінен екі елі ажырап көрген емес! Қөркем ойымыздың қызыл туын құлатпай, Сәкендердің қолынан қағып алып, асқақтата ұстағандар сол Сәбит Мұқановтар емей кімдер?! Рухани кіндігін туған совет халқынан бір сәтке үзіп көрмеген, дуылдаған тірліктің тамыр лүпілін үздіксіз сезінумен өткен Сәбиттер аға ұрпақ пен іні ұрпақ аралығында алтын көпір бола алғаны — бізге мәңгі мақтан! Ендігі парыз біздің ұрпақтың, бізден кішілердің өтеуіне бұйырған!

* * *

Қаратабан жалшыдан академикке дейін, именшек баладықтан ұлы суреткерлікке дейін, көзге түрткі жетімдіктен көрнекті қоғам қайраткерлігіне дейін самғап өсу, әрине, адам баласын алғаш рет ардақтау дәуірін бас-

таған социалистік қоғамның арқасы. Бұл — талассыз шындық!

Советтік өмір салтының игілігін иемденудің өзі ғана механикалық түрде тұлға дайындап бермейтіні де ескерілуі тиіс. Даяр аска ие болудан дана-кеменгер болып шықпайсың. Әрбір азамат есін біліп, етек жапқан тұсынан бастап, жастайынан тұлға болып қалыптасу үшін жатпай-тұрмай, «екі иінінін жұлып жеп» дегендей жігермен талаптануы тиіс, өзі тарапынан ұмтылыс танытпаған түлек қанша баулысын да түптің түбінде қыран боп жарытпас...

Ал қаршадайыннан қарғыс атқан тұлдыр жетімдіктің таксіретін тартып, өксіп жүрген ұланның күні туып, жолы ашылған дәуірге, күреске араласып, көзін ашып, ылғи да тең-тұстарының алдыңғы сапында атой салып өсуі, оқып-білім жинауы, ғұмыр бойы ой-өрісін өрелетуі, халық игілігі үшін қайрат жұмсай жүріп, азаматтық асқарына көтерілуі — бәрі-бәрі де Сәбит Мұқановтың өмірнамасы да, өнер жолы да екенін танытады. Оның өнегелі өмірін, ұлан-асыр творчествосын салалап-саралап, тереңдеп-көлемдеп зерттеу, жазу, насихаттау енді-енді басталуға тиіс.

С. Мұқановтың Алматыдағы музейінде 1987 жылдың басынан бері қарай «Сәбит сабағы» өткізіліп тұрады. Музей мүлгіген өлі тыныштықтың мүйісі емес, буырқанған өмірдің бүлкілдеген тамыр-тынысындай творчестволық процестің орталығына айналуы керек. Міне, осы мақсатпен музейде жазушының көзі тірісінде қамқорлығына бөленіп, тағлымын көріп өскен, қаламдас жолдас-жоралары, жасы кіші інілері С. Мұқанов творчествосы мен өмір жолын әр қырынан сөз етіп, әдеби сабақтар өткізуде.

Аса дарынды ақын, ғалым Әбділда Тәжібаев алғашқы сабақты бастап, өз ұстазы, әріптес ағасы жайында ұлағатты сөз айтты, інілік ізгі ілтипатын білдірді. Жаңа бастаманы жалғастырған академик Мұхаметжан Қаратаев, Қазақ ССР-інің Халық жазушысы Дмитрий Снегин, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты ақын Сырбай Мәуленов, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Қирабаев, атақты аудармашы, ақын Алексей Брагин әңгімелері де С. Мұқанов творчествосы мен өмірнамасын зерттеуге салиқалы сыбаға болып қосылды. Кейін осындай зерттеулер сериялы кітап болуы да ықтимал.

Роман да, «Әйгілі адамдар» сериясы бойынша жаса-

лар ғұмырнама да, қомақты-қомақты монографиялар мен зерттеулер де — болашықтың ісі. С. Мұқанов тілінің сөздігін де жасау — парызымыз. Тағлымы мол әрі сан қырлы тамаша ғұмырды зерттеу неғұрлым шапшаңдатылса, неғұрлым тездетілсе, солғұрлым жас буынға ұсынар бағра-өнегеміз де өрелі һәм өрісті болмақ.

«Сәбит Мұқанов тағлымы» атты осы кітаптың жарық көруі рухани өміріміздегі елеулі оқиға деп білеміз. Сол себепті өзіміз тарапымыздан түйген азды-көпті ой-толғанысымызды ұсынуды біз де өзімізге парыз санадық...

* * *

Ғасырлар бойы расталған ақиқат тұжырымдар бар. Солардың көбі дерлік мақал-мәтелдерде сәулеленген. «Өз аулында әулие жоқ» немесе «Ағайынға қадірім жоқ бетімді көреді...» Осы екі мақалды халыққа қадірмендігімен мансұқтаған қайраткерді білесің бе?— деп сұрағандарға, мен:

— Ондай адам — Сәбит Мұқанов!— дер едім.

Мен жазушының туған аулында да, ауданында да, облысында да болдым. Мен Сәбит ағамен советтік Түркменстанды да бірге араладым. Мұқановпен Павлодар топырағында да бірге сапар шеккенім бар. Мен соның бәрінде бір шындыққа толық көз жеткіздім: біздің тұсымыздағы қазақ қаламгерлері арасында халыққа бұндай етене жақын, әрі бұндай сүйкімді ешкім болған жоқ. Халықшылдығы тұрғысынан Сәбит Мұқановпен теңесер қаламгерді мен таба алмаймын. Өйткені ол — туған халқына, социалистік отанына қалтқысыз қайратын түгел сарқа жұмсап, төбесімен қызмет еткен азамат!

«Адам боп өс, адал жаса адамша,
Өз басынды мүсіркетпе, аятпа...
Жақсы бастап, жаман аяқтағанша,
Сәтсіз бастап, салтанатпен аяқта»,—

деуімізге де абзал ағалар өнегесі түрткі болып еді.

* * *

Сәбит Мұқановтың азаматтық, ақындық болмысы — бәрі де советтік дәуір жемісі. «Сәбит» деген есіммен «Совет» деген атау керемет жарасымды, үйлесімді, үндес... Классикалық өлеңнің егіз-екі ұйқасындай, ажырамастай

қауышқан тәрізді. Советтік атаулы сәулеттене берер төрдің бәрінде де Сәбит есімі бірге жасай бермек!

Осы эссе-толғаныстың атын да «Есімі елінің атымен үндескен...» деп қоюымыздың мәні де сонда!

1988, февраль

Серке ҚОЖАМҚҰЛОВ

Біздің халқымыз талай-талай талантты ұрпақтарын мақтаныш етеді. Сәбит Мұқанов туған халқымыз ардақтап, қастерлейтін ардагер азаматтардың қатарында.

Түрсынбек КӘКІШЕВ

ЖАҢА ЗАМАН ЖАРШЫСЫ

Әдебиет — таланттар жарысының ордасы. Заманның тілек-мұратын ұғып, өркендеу жолына түскен дарындар өткендерден үлгі тағлым ала отырып, солардың өзімен де іштей бәскелеседі. Өйтпесе ол шын талант емес, қатардағы қоңыр төбелдердің бірі ғана. Өсу үшін белестен асу шарт, ал ел жадында сақтанып қалған таланттар, сөз жоқ, өз өрелері жеткен биіктерге ескерткіш соғып, «шекара» белгілеп кетеді. Кейінгілер одан әрі бара алмаса — жолы болмағаны.

Бір дәуірде өмір сүрген дарындар да бір-біріне ықпал жасап, творчестволық бәсекеге түседі. Жалғыз озу ниеті мақсатқа айналса, онда талас-тартыстан, дау-дамайдан аяқ алып жүре алмаймыз, ал озу, өсу ниетінің негізіне айналса, құдайдың бергені, әдебиет гүлдеп сала береді. Бәйге күшейіп, соны шығармалар дүниеге келеді, халықтың мерейі өседі. Осы соңғы тенденция Октябрьден кейін айрықша қуатпен көрінгенін дәлелдейтін көркемдік көрсеткіштер өте көп.

Шын өнерпаздың өрен тұлғасы уақыт озған сайын даралана да зорая түсетіндігін қазақ совет әдебиетінің негізін қаласқан, оның жарты ғасырлық даму процесіне

қолма-қол араласып, ұзақ уақыт жетекші бағыт-бағдар сілтеп, басшылық еткен, әдебиеттің бар жанрында өшпес мұра қалдырған классик Сәбит Мұқановтың творчествосы айқын дәлелдеп отыр. Оның қасиетті де аяулы есімі совет әдебиеті мен мәдениетінің тарихынан сүбелі орын алып, өзіне тән қасиетпен жарқырайды.

Социалистік Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Мүсрепов Б. Майлиннің туғанына 80 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста Сәбит Мұқановты аса талантты, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезовтердің шоқ жұлдыздарының ортасында тұрғанын айта келіп, «шоқ жұлдыз» деген сөзді әдебиет пен өнер қайраткерлеріне қолданғанда олардың «уақыт жағынан сәтті жымдасқаны, бір мезгілде жана тұра әрқайсысы өзінше шұғыла шашатынын, халық өмірін өзінше әр қырынан, әр алуан биіктіктен жарқырата нұрландыратынын, өзінің поэтикалық шабыт қуатынан айнымайтынын ұғыну керек» деп ескерткен болатын.

Қазақ әдебиетінің тарихында өзінің творчестволық белсенділігі мен қаламының өнімділігі жағынан С. Мұқановқа теңдесе қояр дарын аз. Өзі он алты томға мөлшерлеген таңдамалы шығармаларының жинағына енбей қалған еңбегі қыруар. Бәрін жинап бастырса 30-35 том болары даусыз. Осының өзі-ақ тал бойындағы бар өнерін, қуат-дарынын туған еліне сарқып берген қаламгердің сипатын танытса керек.

С. Мұқанов жайлы жазылған монография, зерттеулер, әдеби-ғылыми еңбектер бірқыдыру, басқа дарындарға қарағанда әлдеқайда мол. Зор дарын туралы осы шағын мақалада оның өнер өткелдерін шола отырып, қазақ әдебиетіне қандай олжа салғанын, қандай мұра қалдырып кеткенін атап өтуді жөн көрдік. Ұлан-асыр мол мұраның қадір-қасиетін айқындайтын, тарих таразысына салатын уақыт келді.

Сәбит Мұқанов — бүкіл совет әдебиетінің ең айбынды және жауынгер солдатының бірі. Қазақ совет әдебиетінің туу, қалыптасу, даму дәуірлеріне белсене араласқан, әдебиеттің партиялық принципін үнемі қатаң сақтауға және жүзеге асыруға, социалистік эстетиканың бар талабына жауап беруге талаптанған, күш-жігерін аямаған, сол жолда талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткерген жазушы.

Советтік қоғам жаңа орнап жатқан кездегі таптық күрестен ушыққан әдебиет майданында Сәкен Сейфуллинге сенімді серік болған идеялық позициясы мықты да

тұрақты жазушы — С. Мұқанов. Қазақта пролетариат жоқ, сондықтан оның әдебиеті болуға тиіс емес дегенді насихаттағандар, көпшілік жағдайда, троцкистік көзқарасты өздерінің теріс пиғылына перде еткенін, оларға көбіне-көп оңшылдар іш тартқанын әрқашан әшкерелеп отырған, өзінің нақты көркем шығармаларымен жаңа әдебиеттің туғандығын дәлелдеген пионердің бірі — Сәбит.

Бұл жолда ол қастанды сындарға да, өтірік-өсекке де, зымиян мысқылға да, дөрекі айғайға да кезікті, бірақ совет әдебиетінің идеялық-көркемдік платформасын сақтауға, оның үстемдікке ие болуына аянбай күш жұмсады. 20-жылдардағы өшпенді шабуылдар, 30-жылдардағы жалған жалалар Сәбиттің идеялық позициясын мұқалта алған жоқ. Бұл — ерекше атап өтер өзекті мәселе.

Қайта құру мен жариялылықтың шипалы шапағатымен қоғамдық, әлеуметтік және көркемдік өмірде болған процесті жаңаша бағалау қажеттігі туғандығын пайдаланып, кейбір сыншы, ғалымдар бұрынғының бәрін салауат қылайық, мүлдем тыңнан пайымдайық дегенді айтып, жазып жатыр. Тіпті әрі-беріден соң біздің жасаған қоғамымыз социализм емес екен деп жүрген профессор Ю. Афанасьевке «Правда» газеті 1988 жылы 26 июльде маркстік-лениндік тұрғыдан түсіндірме беріп, жауапсыз сөйлеушіліктің шегі бар екенін ескертті. Осындайдың елесі Сәбит творчествосы төңірегінде көрініп жүргеніне біраз болды. Әуелі осы жайды анықтап алу қажет.

Сәбит Мұқановты советтік шындықтан, өзі жасаған қоғамнан бөліп алуға еш болмайды. Совет елінің орнығу, құралу, нығаю, өркен жаю кезеңдеріне қолма-қол араласып, барлық уақытта да белсенді творчестволық позицияда болды. Осы дәуірлердің бәрінде де идеологиялық майданның жауынгер солдаты ретінде кезеңдік жетекші идея-пікірлерді дәйекті насихаттап отырды. Уақыт ұсынған негізгі идеялардан Сәбиттің бар бақыты мен қуанышы, қателігі мен кемшілігі туындап жатты. Демек, Сәбиттің дүниетанымындағы қайшылықтардың қай-қайсы болмасын уақытпен, жаңа заманды орнату мақсатымен үндесіп жатқанын естен шығармаска керек.

Әрине, осылай деген уақытта мен Сәбиттің жасаған қате-кемшіліктерін заманға аудара салудан аулақпын. Жаңа дәуірдің ұсынған ұлы идеяларын жүзеге асыруда қандай бұралаң жолдар кездескенін қазір көріп-біліп отырғанымызбен, сол процесс жүріп жатқанда көре-

гендік танытқандар өте аз болды. Пір тұтқанымыздың айтқанына иланып, партиямыздың өзі шалыс басқан кездері болыпты. Міне, осыны өз заманының бел баласы болған Сәбит Мұқановтан еселеп таппасақ, аз таппаймыз. Әркім өз биігіне ұмтылады, әркім өз базарының нарқымен баға береді.

Әрине, жаңа заман орнату романтикасы, билікті қолға алып, ұлы мақсатқа ұмтылу барысындағы зор екпін көп нәрсені кеуделеп жасатқызуда пролеткультшілдердің шапағаты қатты тиді. Оның үстіне мәдени-әдеби саладағы тарихи сабақтастықты дәйекті түсіну жағы да жетіспей жатты. Бұл бүкіл совет елінде болған құбылыстан қазақстандықтар, әсіресе Сәбит Мұқанов құр қалмады. Таптық негізде оянған сана-сезімі асыра сілтеуіне де себепкер болды. Көпшілік жағдайда Сәбитті өрттің өтінде, мылтықтың шаппасында, шабуылдың алдында болғызды. Осыған байланысты Сәбит Мұқанов ірі-ірі қателіктер, кемшіліктер жасап отырды. Алдымен солардың мән-жайын түсіндіріп, содан кейін әдебиетіміз бен мәдениетімізге қосқан ұлы олжаларын, сүбелі үлестерін таратып баяндаған орынды болар.

Пролеткульттық көңіл-әуен біздің елде өте күшті болды. В. И. Ленинніңолардың әпербақандығымен қатты күрескені, арнайы қаулының жобасын өзі жазғаны, Орталық партия комитеті атынан пролеткульттар туралы арнайы хат жариялап, қауіп-қатерді дер кезінде атап көрсеткені тарихқа белгілі бола тұрса да, еңбекші халықтың революциялық күш-жігерінен, романтикалық пафосынан нәр алып, пролетарлық мәдениет үшін күресіп жатырмыз деген желеуді беттеріне перде етіп талай қисынсыздықтарға ұрындырды. Пролеткульт мекемелері 30-жылдарға дейін өмір сүргенде бұрынғылардың бәрін мансұқ етіп,«ақ патшаның қызметінде болған Пушкиндерді, графтығын ұмытпаған Толстойларды, буржуазияның жаңдайшабына айналғандарды, «шекпенді Россияны» жанындай жақсы көрген Есениндерді тарихтың қоқысына лақтыру керек» деп өрекпіп жатқан пиғылдан Сәбит Мұқанов сырт қала алмады. Сылтау себептен де көп еді.

1923 жылы «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» деген мақаласында А. Байтұрсыновтың елуге толғанын даурықтырып өткізбек болғандарға қарсы шыққанда Абай, Шоқан, Ыбырайлардан, өткен ғасырдың басқа атышулы адамдарынан ат-тонын ала қашуына тура келген еді. Оған, әрине, білім өрісінің жетіспеуі де,

субъективтік себеп дегенімізбен, өмір көрінісінің өзі түрткі болды.

В. И. Ленин социализмді сауатсыз халықпен жасай алмаймыз, сондықтан елдің мәдениеті өсуі керек деп білген болатын. Ол үшін: «нужно взять все культуру, которую капитализм оставил, и из нее построить социализм. Нужно взять всю науку, технику, все знания, искусство. Без этого мы жизнь коммунистического общества строить не можем. А эти наука, техника, искусство — в руках специалистов и в их головах» (В. И. Ленин. Шығармалар. 38-том, 55-бет) дегенді рабфактың тыңдаушысы ғана емес, іс басындағылардың көбі түсіне бермегенін жасырмайық. Ақ көйлек киіп, галстук таққаны үшін Сәбитке ұнамаған Сәкен Сейфуллин сынды революционерлерді былай қойғанда, қазақ оқығандарының алаштықтан сауы жоқ деген түсінік қалыптасып жатқан кезде, С. Мұқанов бар құбылыска «қызыл әйнекпен» қарағаны рас. Сондықтан өңге «ұсақ-түйектерді» былай қойғанда қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай туралы Сәбит көзқарасының өзі замана шындығының сырын аңғартып, советтік творчестволық күштердің оң жолға түсу процесін анық көрсетеді.

1923 жылы Абайдың шынжыр балақ, шұбар төстің семьясында туып-өскені көңілге күдік әкеліп, кедейдің жақтасы еместігін айтқызса, жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында Абай төңірегіндегі әңгіме әбден қаулай түскенде, Сәбит өзінің пролеткультттық ойын теориялық тұрғыдан дәлелдеуді қажет деп тапты. 1928 жылы «Әркім өзінше ойлайды» деген мақаласында «Пушкин де, Абай да орыс пен қазақ әдебиетін бастан жаратқандар емес, түйінін түйіп қорытқандар. Қазақтың әріден келе жатқан жақсылы-жаманды әдебиеті боды. Абай кез келген соң даяр таяқтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді.

Абай — байшыл табының ақыны. Оңдап зерттеген кісіге байшылдық-ұлтшылдықтың түп қазығы — Абай.

Абай кедейге көріне қарсы жазған жоқ.

Абай — жаңашыл. Онысында дау жоқ, өз заманында пайдалы адам болды. Әлі де пайдасы бар, онысында да дау жоқ. Абайды орынсыз көтеретіндер бар, ол дұрыс емес»,— деп білді. 30-жылдардың бас кезінде мұраны лениндік арнада игеру қажеттігін айқын сезінгенде «қазақтың ұлт әдебиетіне күшті негіз салған — Абай», сондықтан одан оқып, үйрену керек десе, 1932 жылғы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты атақты еңбегінде, Қазақ-

стан жазушыларының I съезінде 1934 жылы жасаған баяндамасында пролеткультттық ойдың алыс жаңғырықтары ғана сезілсе, 1937 жылы жалғыз қазақ мәдениетінде ғана емес, бүкіл елді дүрліктірген қара күйын тұсында, Сәкен, Бейімбет, Ілияс сынды кемеңгерлерден көз жазып, өзінің қарақан басы дау-шарға түсіп жатқан шақта Сәбит «Абай — халық ақыны» деген өте-мөте принципті мақала жазып, қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет «ағартушы-демократ» деген тұжырым жасады. Оның жетілген, ғылыми жағынан толыққан және Абайдың ұлылығын жарқырата ашқан варианты 1939 жылы Абайдың толық жинағына алғы сөз болып жарияланды. Сол кезде негізге түскен, 1945 жылы М. Әуезов оқып, кейбір кем-кетіктерінен арылтқаннан кейін «басылып шығуы керек» деп тапқан, әртүрлі себептерге байланысты 1964 жылы ғана «Жарқын жұлдыздар» монографиясында жарияланған монументалды еңбегі арқылы абайтану іліміне өлшеусіз үлес қосқанын айтуымыз керек.

Абай төңірегіндегі Сәбит ойларының эволюциясы әшейінгі жай шәлкем-шалыс басқан қадам емес екенін, кезеңіне қарай өзгеріп отырған қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-әдеби көзқараспен сабақтасып жатқанын аңғармау ағаттық болар еді. Мұндай сатыдан Ілияс Жансүгіров те, Сәкен Сейфуллин де, тіпті Мұхтар Әуезов те өтті. Көзқарас эволюциясында Сәбит ойлары барынша ашық, тіпті ащы айтылып, дау-дамай тудыруға себепші болғанын да жасырмайық. Соның ең соңғысы 1951 жылы «Абайдың ақындық мектебі» жөнінде С. Мұқанов пен Қ. Жұмалиевке байланысты болғанын да қаға берісте қалдырмайық.

Бұл мәдени мұраны игерудегі құбылыс болса, әдебиеттің ағымдағы атмосферасында Сәбиттің орны ала бөтен. Советтік әдебиеттің өсу-өркендеуі барысындағы жай-күйлердің бәріне Сәбит барынша белсене араласты. Және жаңа әдебиетіміздің бар қуаныш-шаттығына да, «қайғы-қасіретіне» де Сәбит тіпті Сәкеннен де бұрын ортақ және жауапты. Қазақ совет әдебиеті майданының қолбасшысы Сәкен болса, Сәбит Мұқанов оның ең жауынгер «генералы» болғанын ешкім теріске шығара алмайды. Тарихи шындық мұны жан-жақты дәлелдейді.

Майданға түскеннің жеңісі мен жеңілісі қатар жүретіндігін ескерер болсақ, ондайды Сәбит көп көрді, басынан көп кешірді. Соған байланысты «солақайшыл» деген атқа да ие болды, оны өзі сезіп-біліп қана қоймай, кезінде мойындап та отырды, ашық жазды. Сәбитті даттағысы,

сөзге қалдырғысы келгендер оның өз ой-пікіріне, сөздеріне құйрық жалғап даурықтырып та жатты. Әдебиеттің идеялық тазалығы үшін күресте Сәбит достың да, қастың да бетіне қарамай ашық айтты, жазды. Бақай есебі барлар одан өзіне саяси капитал да, оңай олжа да тапты.

1932 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде «Менің қателерім қандай?» деген еріксіз мойындаудан кейін ешкім зорламай 1942 жылы «Қазақтың XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты еңбегінде, 1964 жылы «Есею жылдары» есімді мемуарлық романында өзі жасаған қате-кемшіліктердің объективтік, субъективтік себептерін ашқанда: «Мен ол кездегі идеологиялық майданда «солақай» аталатын адамның бірі болдым. Өзім қаналушы таптың семьясында туып, Октябрь революциясына дейін қаналған жағдайда өскен адам болғандықтан, «қанаушы тап» дегенге, «қанаушы таптан шықты» деген адамға өш болатынмын» (371-бет) дегендерін шындық, шын сыры ретінде қабылдамасқа шарамыз жоқ. Сәбит творчествосын, әсіресе сыни-ғылыми ой-пікірлерін қарастырған уақытта бұл мәселелерді тасада қалдырмай, мақтау мен даттаудың дәлеліне айналдырмай, адалын ашық айтып түсіндіру сыншы-ғалымдардың міндеті.

Өйткені С. Мұқанов өзінің бұл қателіктерін асқындырып жібермей, дер кезінде түсініп, партияның әдебиет саласындағы саясатын дәйекті жүзеге асыруға ден қойды, негізгі бағыты ұлы арнадан нәр алған үлкен талант әдебиетімізге зор олжа салып, құнды-құнды үлестер қосты.

Сәбит Мұқанов — поэтикалық дарыны көркемдік шеберліктің биік шыңына көтерілген ақын. 20-жылдары Сәбит қазақтың кедейлері мен жалшы-жақыбайларының өмірі мен тұрмысын, олардың Ұлы Октябрьге, революциялық өзгерістерге белсене араласуын жырлап, әлеуметтік шаралардың мәнін насихаттаса, 30-жылдары кешегі шаруаның бүгінгі колхозшыға айналу процестерін бейнелеген, олардың ой-арманы, тілек-мақсатын қалың жұртшылыққа жеткізуге асыққан лирик, өмір оқиғаларын сюжетті желіге тартып, кең көлемді поэтикалық баяндаулар мен толғауларға ұмтылған эпик ақын екені айдан анық.

Қазақ поэзиясы советтік дәуірде көптеген жаңалықтарды бойына сіңірді. Өсиет, нақылы басым, дидактикалық сипаты айқын туындылар С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтің өлеңдерінде

ара-тұра бой көрсеткенімен де, негізінен алғанда олардың өзекті арнасы саяси лирикадан өрбиді.

Азаматтық лирика — заманның даму заңдылығына сүйенген құбылыс. Ескілік қирап, жаңалық орнай бастаған уақытта қазақ ақындары өздерінің жалынды да отты сөздерін әлеуметтік кәдеге асыруға талаптанды. Мұның өзі жаңадан туып келе жатқан жас әдебиеттің ерекшелігі еді. Сондықтан саяси лирика өлеңнің басқа түрлерінен айбынды да алымды болып, жаңа көркемдік әдістің өзекті принциптері бойына дарығандығын аңғартқан-ды. Ел еңбекшілерінің ұлы ерлігі ақындарды өршіл қиялмен қанаттандырып, өлеңнің реалистік мәні жалынды романтикамен жарқырай түскен болатын. Осы қасиет С. Мұқановтың саяси лирикаларына айрықша тән. Демек, мұның өзі — Сәбиттің басқа ақындарға «білек күшін біріктіре» отырып қазақ поэзиясына дарытқан жаңа қасиет.

Қазақ поэзиясының өркендеу жолында тың, соны мазмұнға жаңа түр табу талабы біздің аға ақындарымызда, әсіресе Сәкен мен Сәбитте күшті болды. Бұл арада В. Маяковскийдің, поэтикалық дәстүрін ерекше атау керек, өйткені қазақ өлеңінің мақамы мен әуеніне, ырғағы мен ритміне сыздықтап ене бастаған жаңалық нышандары көбіне Сәкен мен Сәбиттің ізденулерінен туған-ды. Сәбит поэзиясының азаматтық мотиві әбден айқындалып, қорытындылық сипаты бар атақты «Майға сәлем» атты көркем туынды дүниеге келгенше, автордың әрқилы қиындықтарға бой алдырып қалып отырған кезі де жоқ емес.

Өсу, ілгері басу, көркемдік шыңына көтерілу талабы Сәбитке бірқыдыру поэтикалық шалыс қадамдар жасатқанымен де, қазақ поэзиясы мұндай табанды, жігерлі ізденістен зор пайда тапты. Қоғамдық өмірдің бүгінгісін жырлауға, ертеңгісіне барлау жасауға мүмкіндік берген, азаматтық сазы қалың саяси лирика әбден орнықты, жетіле, молыға өркендеді. Сөйтіп, поэзия күрес құралына айналды, халықтың ой-арманы әсем бейнеленіп, озық идеалды орнықтыруға, эстетикалық талғамды жетілдіре түсуге септігін тигізді. Оның үстіне қазақтың он бір буынды қара өлеңі мен жеті буынды жыр өрнектерін іштей түлетіп, екпін-ырғағы күшті жаңа өлең түрлерін жасауға күш салды. Сәкенмен екеуінің бұл жаңалықтары қазақ поэзиясын өркендетуге мұрындық болды.

Қазақ совет поэзиясы тек Сәкен мен Сәбит лирикаларымен ғана өркендегенін баса айтатын болсақ, онда

әділет жолын аттап өткен болар ек. Ол екеуі дамудың ең жетекші күші, өркендеудің серкесі болғанын ескерте отырып, жаңа заманды жырлаушылардың алуан қилысы кездескенін ұмытуға болмайды. Сахна төрінен насихаттар ойдың құдіретті екенін анық сезген Бейімбет Майлиннің диалогке ден қойып, образдар галереясының төріне өзінің қазақы психологиясымен Мырқымбайды отырғызуы, таудан аққан өзеннің тасқынындай жыр-өлеңдерінде өзінің эпикалық құлашын байқатып, поэзияның биік мәдениетіне төтелей тартқан Ілияс Жансүгіровтің, ауыз және жазба поэзияның қорғасындай қорытылған тың үлгісін жасаған Иса Байзақовтың, екпінді жырдан дауыл соқтырмақ болған Тайыр Жароковтың, ауызекі шешендікті ақындық өнердің өрнегіне салған Асқар Тоқмағамбетовтің, жан сырын жайдары шумаққа өру ниетімен ұзақ сапарға шыққан Әбділда Тәжібаевтың, халық тағдырын өзінің өнерпаздық өмірінің өзегіне айналдырып, Майкөл тамын да, Әлі қарттың халін де суреттеген Жақан Сыздықовтың сол жылдардағы ізденістерін қаға берісте қалдыра алмаймыз. Солардың бар творчестволық ізденісі мен өнегесі мол орыс поэзиясының, әсіресе замана қарқынына сай келетін ырғақ пен нақышты дәл таба білген Маяковскийдің шипалы әсері Сәкен мен Сәбит поэзиясында 20-30 жылдары айрықша жарқырап көрініп, профессионалдық өресін биіктеткені даусыз шындық. Сәбит қазақтың лирикалық поэзиясына талай жаңа түр енгізіп, азаматтық әуенді орнықтыруымен дараланатыны да сөзсіз.

С. Мұқановтың толып жатқан лирикалық шығармаларымен қатар жиырмаға тарта поэмалары бар. 20-жылдардың алғашқы жартысында жазылған «Жұмаштың өлімі», «Құрдас», «Наурыз күні», «Пионер», «Альбом», «Жетім қыз» сияқты шығармалардың көркемдік дәрежесі әрқилы екендігін, олардың шын мәніндегі поэмаға қойылар талап деңгейінен шыға бермейтіндігін, қайта сюжетті өлеңге ұқсайтындығын ескерте кету керек. Ал егер сол дәуірдегі көркемдік даму тұрғысынан қарағанда, оларды шартты мағынада поэма деп атауға да болады. Өйткені сюжеттің негізгі арқауы болатын өмір оқиғалары бірде қою, бірде жұқа болса да көрініп қалып отырады. Бұл шығармалардың Сәбит үшін де, қазақ әдебиеті үшін де екі түрлі мәні бар. Бірінші, поэма жанрын тудыру қажет, өйткені біздің бүгінгі адуынды өміріміз лирикалық өлеңнің аумағына сыймай жатыр, оны эпикалық планда жырлау керек деген замана талабы мен көркемдік қажеттілік

әр ақынды, әсіресе Сәбитті терең ойландырған болатын. Ендеше, шын мәніндегі профессионалды поэманың дүниеге келуі қажет еді.

Екінші, әлгі аталған шығармалар Сәбиттің ақындық дарыны ұзақ сонарлы көркемдік баяндауларға икем екендігін аңғартты. Өмір көріністері мен оқиғалары көркемдік нанымдылықпен баяндай білудің өзі сюжетті шығарманы тудыруға творчестволық мүмкіндіктің мол екендігін байқатты.

20-жылдардың екінші жартысында және 30-жылдары жазылған Сәбит поэмаларының ішінен жарлы-жақыбайлардың өмірін бейнелеген «Батырақтың», қазақ жұмысшыларының тұрмысын, олардың Октябрь революциясына, ұлы өзгеріске белсене қатысуын суреттеген «Октябрь өткелдерінің», челюскиншілерге арналған «Ақ аюдың», публицистикалық планда жазылған «Сөз — Советтік Армияның» қазақ әдебиетіне қосылған елеулі үлес екендігін айтып өтіп, «Сұлушаштың» қазақ поэзиясындағы орны мүлде ала бөтен екенін дәлелдеуіміз керек.

Шығарманың «құдайы»— уақыт сыны. Дүниеге келгеніне алпыс жыл болған «Сұлушаш»— күні бүгінге дейін өз оқушысын баурап алып, эстетикалық ләззат беріп келе жатқан этаптық, дәуірлік туынды. Оның құндылығы тек бұл ғана емес. «Сұлушаштың» ең негізгі мәні — қазақ совет поэзиясында шын мәнісіндегі көркем образ жасау проблемасын шешуінде және жаңа арналы поэзиямыздың қалыптасқандығын, бұдан былай ілгері өркендету, көркемдіктің биік шыңдарына өрлеу, ұмтылу процесінің басталғандығын аңғартуында. Сондықтан да аскан көркемдік талғампаздықпен жасалған монументалдық осы шығарма қазақ поэмасының дамуында биік шың болып, әдебиет тарихынан құрметті орын алады.

«Сұлушашты» өлеңмен жазылған роман дегендіктен емес, жалпы қазақ поэзиясына тән дастандық дәстүрді онан әрі дамытып, сюжеттік желіні шытырман оқиғалармен емес, реалистік шындықпен әдіптеп отыруы әрбір кастерленер кейіпкердің характер дәрежесіне көтерілуі, образдық сипат алуына көркемдік шеберліктің еркін жетуі әдебиетіміз үшін ұлы олжа болып, қазақ совет поэзиясында үлкен белес жасады, этаптық шығармаға айналды.

Осы көркемдік асуды біздің ақындарымыз қатты сезінді. Өзінің «Советстан» поэмасымен замананың публицистік образын жасаудың тамаша үлгісін тапқан Сәкен «Альбатрос» (1929), «Социалистан» (1931), «Қызыл

ат» (1932) поэмаларымен әрі қарай жалғастыра түскенімен, шешуші кезеңнің бар көркемдік ауыртпалығы Ілияс Жансүгіровке жүктелді. Расын айту керек, Москваның коммунистік журналистика институтын бітіріп келген кезден бастап Ілиястың ақындық қаламынан шын мәніндегі мәдениетті поэзияның үлгілері үзіліп түсе бастады. Әуелі «Дала» (1930) келді өзінің бар кеңістігімен, содан кейін қазақ әдебиетінде мүлдем жаңа арна — өнер жайлы, өнерпаз тағдыры жайлы ұлы поэмалар легі, әуелі «Күй» (1933), онан кейін күні бүгінге дейін ақындық қуат-күші, тамаша шеберлігі жағынан асу бермей келе жатқан «Күйші» (1934), өмірі естен кетпейтін көркем мұра «Құлагер» (1937) дүниеге келіп, қазақтың жаңа заманындағы ақындық жанының екінші тынысы ашылғандығын дәлелдеді. Міне, осының бәрі ақындық бәсекенің, елдің мерейін өсіріп, көңілін қуанышқа бөлейтін адал жарыстың жемісі болды.

С. Мұқанов «Сұлушаштан» кейін «Адасқандар» романын жазды. Ғажайып құбылыс! Ақынның бірден ірі жазушыға айналуы, салған жерден прозаның ең күрделі түрі — романды қолға алуы қалай? Бұл процеске алдын ала дайындық болды ма және қандай қажеттілік себепкер болды?

Қазақ әдебиетінің творчестволық практикасына, әсіресе С. Мұқановтың өнерпаздық жолына ойлана көз тастаған уақытта бұл процестің ойламаған жерден тап болған олжа, таза кездейсоқтық емес екендігін айқын байқаймыз. Советтік өмірдің алып көріністері поэзияның аумағына сыймай, кең эпикалық планда суреттеуді талап етті. 20-жылдардың екінші жартысында поэмалардың көбейгендігінің де, Б. Майлин сияқты дарындардың прозаға әбден аууының да, Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» мен «Жер қазғандарды» жазуының да себептері осыдан болатын.

Заманның көркемөнерге қойып отырған зор талабын дер кезінде аңғара білетін, дәуір жаршысы болуды өзіне міндет етіп қойған С. Мұқановтың бұл творчестволық қадамы әбден заңды еді. Ал «Адасқандардай» кесек дүниені жазуына келетін болсақ, ең аз дегенде екі себепті атап көрсеткен жөн: біріншіден, романда суреттелген оқиғалардың бәрі де өмірдің өзінен туғандығы, тарихи шындықтан алынғандығы, Бәтес (Бәтима) пен Бүркіттің (Сұлтанбектің) махаббатынан өрбіген трагедияны автордың көзімен көруі, сол 1928 жылғы сот процесінде С. Мұқановтың қоғамдық айыптаушы міндетін атқаруы сияқты

жайларды атауымыз керек. Көзбен көріп, құлақпен естіген өмір шындықтары жазушыға еріксіз қалам ұстатуға тиісті еді. Осы творчестволық қажеттілік сыртқа шығар форманы іздеген уақытта С. Мұқанов прозаның ең ауыр да күрделі түрі романды таңдап алды.

Бұған батылы қалай жетті? деген сұрақ екінші себепті шешіп алуға мүмкіндік береді. С. Мұқановтың бұрын проза жанрымен шындап айналыспағандығы прозаның асу бермес қиындығын сезгендіктен емес, ұзақ уақытты талап ететіндегінен, бүгінгі пәрменді шындыққа қолмақол араластырмай, аз болса да бұра тартатындығынан. Сонымен бірге атам заманнан бері бір халықтың рухани азығы болып келе жатқан поэзияның «уысынан» сытылып шығу да оңай емес. Жоғарыда Сәбит поэмаларының эпикалық масштабқа ұмтылатындығын, сюжет желісінің нық тартылатындығын ескертіп едік. Міне, осы творчестволық мүмкіндік, яғни, сюжетті шебер құра білу өмір оқиғаларын өре білу, әрбір көріністің ішкі сырын ашу, даму перспективасын аңғарту, поэтикалық шарттылықтан азаттық алып, еркін баяндау, қоғамдық-әлеуметтік шындықтарды мол қамту талабы —«Адасқандар» романы қазақ әдебиетінде С. Мұқановтың басы бүтін проза жанрына көшуін аңғартып қана қойған жоқ, сонымен қатар профессионалдық әдебиетті жасау үшін алымы мол, тынысы кең прозаны ерекше өркендету қажет екендігін айрықша ұқтырып, жаңа тенденцияны тудырды.

«Адасқандар» романын оқымаған, одан эстетикалық ләззат алмаған 30-жылдар оқушысын кездестіру қиын. Негізгі кейіпкерлер ғана емес, тіпті қосалқы Әсиялардың өзі ақыл-сананы былай қойғанда сезім дүниесінде, шынайы махаббат әлемінде үлгі-өнегелік сипат танытып, жаңа түсінік-тағылым дарытып отырады. Сондықтан да болар, қазақ романдарының ішінде «Адасқандар» орыс тіліне аударылып, 1935 жылы Москвада «Сын бая» деген атпен шыққанда, көркем шығарманың қадір-қасиетін жыға танитын «Литературная газета» мен социологиялық алып-қашпаға ден қойған «Комсомольская правда» газеті мықтап айтысып, үлкен таласқа барған еді. Ол кезде осы әдеби көрініс қуаныш орнына қасірет әкеліп, «романды жұртшылықтың оқуына тыйым салу, авторын дырылдатып сойып алу» процесіне ұластырған-ды. Қазақстан Жазушылар одағының арнайы шешімімен «Адасқандар» романы әдебиет әлемінен аласталды, авторы емес, романның өзі түрмеге жабылды, жасырын кітаптар қорына тығылды, оқығандар сөзге қалды.

Ал осы фактіге бүгінгі уақыттың тұрғысынан қарасақ, зерделі ой көзін жіберсек, әрине, жеке адамға табынушылық заманында сорпаның бетіне жылтырап шыққандардың бәрі де — адам ба, шығарма ма, зат па,— әйтеуір бәрі-бәрі де қыспаққа түспей қалмағандығына бір көрсеткіш осы болса, екіншіден, бір керемет тарихи процестің көзден тасаланып, көңілден орын ала алмай, көркемдік дүниесінде атаусыз кеткендігін айрықша айтуымыз керек.

Сәбит Мұқановтың жаңа өмірді, советтік шындықты жан-тәнімен жақтаушы, жырлаушы, қолымен орнатушы болып жүрген шағында талай артық сілтеген тұсы кездесті, сондықтан ол өзін «солақайлар» қатарындамын деп есептеді, оны жасырмады. Осындай өмірлік, өнерпаздық мінезі бар Сәбитті саяси-әкімдік және ғылыми-әдеби ортада жұрттың бәрі бірдей мойындай қойғысы келмеді, қайта түймедейін түйедей етіп көрсетуге тырысқандар тіпті өлгенінен кейін де табылды. Соңғылар, «өзі жоқтың көзі жоқ» деп өзінің кезекті құлқыны үшін, алар атағы, шен-шекпені үшін құзғынша әрекет еткенін көзіміз көрді.

Тоқырау кезіндегі әлгілердің тоғышарлық психологиясын зерттеу саласына көшіргендер Сәбит Мұқановтың «Сын бая» («Адасқандар») романы қазақ совет әдебиетінің бүкілодақтық көлемге шыққан тұңғыш туындысы екен деп елеген жоқ, көркемдік санатқа алған жоқ. Ал, шындығына келгенде, бұл көрініс ел болып, жұрт болып, бүкіл көркем өнер саласы болып қуанатын құбылыс еді, өйткені қазақтың жас прозасының алғашқы кесек шығармасы, шын мәніндегі көркем романы бүкілодақтық сыни ой-пікірге азық болып, совет елінде жаңаланған түсінікті ғана емес, әр ұлт, әр халық өзінің нақты үлгісімен, айшықты өрнегімен, ажарлы бояуымен социалистік әдебиеттің көрік-келбетін байыта түсуінің нақты дәлелі еді. Яғни социалистік мазмұнды ұлттық түрмен ажарлап, совет әдебиетінің тұтастық сипатқа ие болуының айғақты бір көрінісі еді. Біз осы құбылысты көркемдік тұрғыдан түсінбей, дөрекі социологияның құрбандығына шалып жібердік те, қазақ совет әдебиетінің өзіндік бетіне біркыдыру уақытқа перде қойып алдық. Әрине, оған әлгіндей объективтік себептермен қатар, субъективтік те сылтау болуы ғажап емес. Қалай дегенмен де «Адасқандар»— қазақ совет әдебиеті тарихындағы айрықша ауыз толтырып айтатын көркемдік-өнерпаздық құбылыс 1959 жылы С. Мұқанов «іштен шыққан шұбар жылан»—«Адас-

қандарды» XX съездің тарихи шешімімен қайтадан тірілтті. «Мөлдір махаббатқа» айналдырды, толықтыра жариялады. Оқушы қауым тағы оған қайтадан лап қойып, ата-бабаларының кешегі сезім күйі, азаматтық келбетіне үңілді. Сыни-ғылыми ой жаңа арнада көрінгенімен, көптеген құптау мақалалар жазылғанымен, менің түсінуімше, өзінің қоғамдық-көркемдік қуаты жағынан «Мөлдір махаббат» романы «Адасқандардың» жанды көлеңкесі ғана болып, бұрынғы жеткен көркемдік биікті еске түсірді.

С. Мұқанов «Адасқандардан» кейін бірыңғай прозаға ауысты дегенде, оның кейінгі жылдардағы поэтикалық шығармаларын мансұқ етпейміз, олардың ішінде қазақ поэзиясына үлес болып қосылармық туындылар да бірқыдыру. Бірақ Сәбиттің ақындық өнері жетекшілік ролінен айрылды да, өзінің орнын мәдениеті өскен, көркемдік шеберлігі толысқан жазушыға берді.

Өтпелі дәуірде туған шығармалардың бәрі бірдей сәтті бола бермек емес. «Екпінді» повесі, «Есіл» романы, бұлардан басқа әр кезеңде жазылған прозаның шағын түріндегі үлгілері өз авторына онша үлкен абырой әпермегенімен де, С. Мұқановтың зор таланты өзінің шын жанрын тапқандығын, осы жолда сүрінсе де көздеген мақсатына, прозаны, жан-жақты игеруге тапжылмастан келе жатқандығын анық байқатты. Ерен еңбектің ірі табысы —«Жұмбақ жалау» (қазіргі «Ботагөз») романы болды.

Бұл роман — Сәбит творчествосында басталған жаңа процесті ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің өркендеу тенденциясын тұжырымдаған этаптық туынды.

«Жұмбақ жалау», ең алдымен, қазақ әдебиетінде социалистік реализм әдісінің әбден орныққандығының айғағы болды. Қоғамдық өмірді шынайы қалпында, революциялық даму барысында бейнелеу сияқты көркемдік тәсіл қазақ прозасында құлашты емін-еркін кеңге сілтетті. Реалистік проза дәстүрінің қалыптасуына, әдебиеттің профессионалдық арнаға түсуіне даңғыл жол ашты.

Типтік образдарды типтік жағдайда жасау, кейіпкердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан нанымды суреттеу, сюжеттің динамикалық дамуы үшін қызықты да тартымды, кейде экзотикалық детальдарды кіріктіруі, жанды оқиғалардың мол болуы, композицияның шымыр болуы, ана тілінің лексикалық байлығын сарқа пайдалану тәрізді творчестволық проблемаларды түбегейлеп шешіп

алуға «Жұмбақ жалау» романы мұрындық болды да, әдебиетіміздің асқар беліне айналды. Міне, сондықтан да академик-жазушымыз Ғ. Мүсірепов оны «қазақ романдарының төл басы» деп санап, прозаның ұлттық дәстүрінің негізінде қаланған шынайы туынды екенін ерекше бағалады. Оны Мұхтар Әуезов те құптады. Сәбиттің творчестволық еңбегінің 25 жылдығы 1946 жылы тойланғанда «Жолы кең жазушы» деген мақала жазып, ағынан жарыла пікір айтқан ұлы Мұхтар: «Сәбиттің өмірі мен еңбегі жазушының бір басының ерекшелігін ғана баян етпейді. Ол қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір күрделі дәуірдің өскен жолын, іздеген мұддесін, жеткен өресін де баян етеді»,— деп табады да, қазақ прозасының профессионалдық арнасына Сәбит қосқан үлесті, яғни «Теміртас» пен «Жұмбақ жалау» романдары «сапа мен көркемдік жағынан қазақ көркем қара сөзінің елеулі үлкен дәуірін танытады. Қазақ романының тарихында талантты, өнімді жазушы Сәбиттің орны — бірінші орын. Жазба әдебиеттің ең қиын, ең мәдениетті түрі бізде болмай тұрған кезде сол үлгіні ең алғаш бастағандықтан бірінші орынға ие болады»,— (II том, 261-бет) деген тұжырымды адалдықпен ұға білетін болсақ, онда есепшотпен айтылған кейінгі «көрегендіктердің» ешбір мәні болмай қалатыны өзінен өзі түсінікті.

С. Мұқановтың «Сырдария» романына дейінгі «Балуан Шолақ», «Біздің заманымыздың геройы», көптеген әңгіме, очерктері өздерінің көркемдік-идеялық дәрежесі жағынан «Жұмбақ жалау» көтерілген биіктен асып түсе алмады. Автордың творчестволық өсу жолы әрдайым ілгері өрлеуге тиісті екендігін белгілі дәрежеде заңға айналдырған уақытта, шегіністер мен мүдірістердің болатындығын, өсу жолында бұралаң соқпақтар кездесетіндігін де естен шығармаған абзал.

Бүгінгі күн шындығын жыр етуді мақсат тұтқан жазушы «Сырдария» романымен қазақ әдебиетіне кезекті олжа салды. Замана талабына сай шығарма жазуда С. Мұқанов өз өнерінің тағы бір ерекшелік сипатын танытты. Бұл роман әр алуан адам тағдырларының ішкі сырларын ашуға, совет халқының достығы мен отаншылдығының түпкі тамырларын кең планда суреттеуге мүмкіндік берді. Жаңалықтың қылтиып көрінген көгін мәпелеп өсіру, жетілдіру, сайып келгенде, орнықтыру, ертеңгі жарқын болашаққа көз тастау сияқты ең озық қасиет жазушының осы еңбегінен айрықша байқалды. Өмір оқиғасын баяндаудан гөрі оның ішіне үңілу, кейіп-

кердің жан дүниесін нанымды психологиялық мотивировкалармен оқушының алдына жайып салу проблемасы бірқыдыру шешімін тапты.

Солай бола тұрса да, бұл романда сюжет желісіне қабыспай тұрған эпизодтар, санаға қона қоймайтын оқыс көріністер, оқушыны алдарқататын экзотикалық әңгімелер де кездесіп қалуы көркемдік тұрғысынан «Ботагөз» биігіне көтерілуіне мұрсат бермеді.

Қазақ әдебиетінде М. Горький дәстүрінің қалыптасуын айтқанда, С. Мұқановтың «Өмір мектебі» атты трилогиясын айрықша атаймыз. Бұл шығарма — М. Горькийден тарамдалған көркемдік ерекшеліктерді творчестволық жолмен игерудің айғағы. Өмір шындықтарының қастерленуі жағынан алғанда Октябрь революциясына дейінгі және одан кейінгі сұсты да жалынды жылдардың бейнесін айна-қатесіз көркем полотноға түсіріп, қазақ халқының қоғамдық өмірін баяндаған эпопеялық сипаты бар шығарма екені және өмірбаяндық роман дәстүрін қалыптастырғаны да рас.

Сәбит творчествосын қазақ совет әдебиетінің тарихынан бөлмей, өз кезіндегі әдеби даму процестерімен тығыз байланыстыра қарау керек. Себебі, тоқырау тұсында тарихи өркендеуді еске алмай, көркем әдебиетке кім қашан келіп, қандай олжа салғанына қарамай, орынсыз ожарлану, жалған сөйлеу, жауапсыз пікір айту, ғылыми негізден алшақтау кездесіп жатты. Соның салдарынан нигилистік көзқарас, яғни өзіне дейінгінің бәрін мансұқ ету тенденциясы байқалғаны да бар.

Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалауы» («Ботагөз») қазақ романдарының төл басы болып қана қалмай, прозамыздың профессионалдық тұрғыдан қалыптасқандығының үлкен эстетикалық көрсеткіші болды. Осыны ағынан жарылып, ауыз толтырып айтсақ, басқаларға үлес қалмастай сезініп, орынсыз тарындық. Сәбит тәжірибесі көпшілік жағдайда «мұзжарғыштың» ролін атқарды. Ал орындаған істер, жазған шығармалар мінсіз деп дәлелдеуге ешкім тырысқан емес. Оны көбіне аспан астында жалғыз өзі ғана болғысы келгендер ғана даурықтырды. Творчестволық жарыспен өркендейтін әдеби процесте Мұхтар Әуезовтің де, Ғабит Мүсреповтің де, Ғабиден Мұстафиннің де айшықты орындары барына, олардың өнімді еңбектері арқасында қазақ прозасының профессионалдық тұрғыдан қалыптасып жатқандығына қарамай, Сәбиттің ролі өзгеше өрелі екенін айтуға жасқана берген кезіміз де жоқ емес.

Қазақ әдебиетіндегі осы процестің сонша құнарлы болуы Мұхтар Әуезов қаламгерлігіне байланысты екенін айту басқаларды мансұқ етумен астаспауы керек. Және жымысқы есебі барлар М. Әуезов арқылы көрініп қалуды ғана емес, омыраулап ілгерлеуді де өзінің шотына қаққаны да көпшілікке аян. Алайда тарих әркімге өзіне лайық орын беретіндігін, қадірлеп құрметтейтінін, ожарлықты аяқ асты ететінін ұмытпайық.

М. Әуезов — қазақ әдебиеті мерейінің айрықша шыңы — «Қазақ әдебиетінің Әуезов дәуірі» деген идеяны ұсынған Есмағамбет Ысмайыловты «Қазақстаннан көшіріп жібермек» болғандар қазір өздері ойлап тапқандай даурығады. Шындығына келгенде, Е. Ысмайылов концепциясының нәрі мынада еді: Сәбит Мұқанов басшы, өзгелері қосшы болған прозадағы көркемдік даму процесі «Жұмбақ жалау»—«Ботагөз» тұсында қазақтың профессионалдық қара сөзінің негізін қалады. Прозаның бар ішкі жанры да, көркемдік арсеналы да түгел көрініп, алуан биіктерге қол созды, қазақ әдебиетінде проза жетекшілік рольге мықтап ие болды. Бұл процеске әрине Бейімбет Майлиннің, Мұхтар Әуезовтің 20-жылдардағы классикалық әңгімелерінің толық қатысы бар, олар қосқан үлес те аз емес.

Ал «Абай жолы» эпопеясы толық аяқталып, бүкілодақтық қана емес, дүниежүзілік мойындау тапқан тұстан Әуезов дәуірі басталды. Ол дәуірдің айрықша мәні — қазақ прозасының ұлттық дәстүрін қалыптастыруы.

Профессионалдық өрені әбден орнықтырып, бір халықтың көркемдік түсінік-талғамын басқаларға ұғынарлық, қабылдарлық деңгейде жеткізе білу, сөз жоқ, ең жоғары биік. Осы биікте әзірге Әуезов қана отыр, сол шыңның басынан өркендеу өткелдерін көрсетіп отыр. Бұл асудан асу бүкіл қазақ өнерпаздарына міндет, сонда ғана халқымыздың эстетикалық өресі биіктей түспек. Осыны анық түсінген Сәбиттің өзі «Аққан жұлдызды» жазуға тиіспін деп есептейді. Өңге жазушылар да қалам қуатын онан әрі биіктетіп жіберуге талаптануда, өйткені олардың басым көпшілігі М. Әуезовтің негізгі талғамын естен шығармады, яғни табиғи талантты толассыз еңбекпен, білім,парасатпен толтыра, байыта, өркендете беру екенін ұқты. Ал басқаша ойлағандар шен-шекпенге, атақ-абыройға көбірек ие болсам, халық жүрегіне «жол табамыз» деген жалған жолға түсті. Содан ырду-дырду, даңғаза-даурықпа көбейді. Жарымжан, көк жасық шығармамен

әдебиетті ластаушыларға жол ашылды. Әдебиеттегі тоқыраудың ең сорақы түрі осылай көрінді. Ал ол жершілдік пен жікшілдікке бастады.

Сәбиттің творчестволық жолының қадау-қадау биігіне көз салғанда оның жанды сипаты әлі күнге дейін сақталып келе жатқандығы осындай ой толғауына азық болған шындықтан көрінеді.

Тарих пен бүгінгінің астасуы әрқашанда шын жазушы үшін зор бақыт, үлкен қасиет екендігін осыдан көреміз.

Көркем прозаны бар нақыш-келбетімен өркендетуге зор үлес қосқан С. Мұқанов очерктер мен сапарнамалар жазды. Тың және тыңайған жерлерді игеру жорығына С. Мұқанов айрықша белсене қатысты. Оның қаламынан туған шығармалар өмірдің өзінен ойып алынды. «Тың толқындары» романының алғашқы нұсқасын айтпағанның өзінде, С. Мұқановтың тың жайында жыл аралатып очерктер жинағын шығарып отырғаны белгілі.

Сондай-ақ өмірге сүйген жардай ғашық болып, оның түр-келбетін көркейтуге, көргенін елге жыр етіп айтып беруге құмар жазушы әлемнің талай елінде болып, Қытайды аралаған әсерінен «Алыптың адымдары», «Цейлон шеруінен», «Адаматаның шоқысы» сияқты сапарнамалардың жақсы үлгісін беріп кетті.

С. Мұқановтың қаламынан 1938 жылғы «Күрес күндерінде» атты пьесадан кейін «Гвардия, алға», «Алтын астық» либреттолары туды. Алайда бұл шығармалар — «Шоқан Уәлиханов» драмасының шығар биігін даярлаған туындылар. Бұлардың қатарына 1945 жылы орыс тіліне В. Шкловский аударған «Нить Ариадны» («Чокан Валиханов») пьесасын да қосу орынды болмақ.

1955 жылы жазылып, күні бүгінге дейін М. Әуезов атындағы академиялық театрда жүріп жатқан «Шоқан Уәлиханов»— қазақ драматургиясының өркендеу жолындағы зор табыс. Осындай бақытқа «Сәкен Сейфуллин» атты сахналық шығармасы да ие болды. Автор театр репертуарына тарихи құнды да тұрақты шығармалар берумен қатар, әдебиеттік образдар көрмесіне Шоқанның, Сәкеннің бейнесін шеберлікпен апарып қосты.

Сәбит Мұқанов өзінің творчестволық өмірінде әдебиетке қатысы болған мәселелердің бірінен де қалыс қалып көрген емес. Бүкіл қоғамдық өмірді жіті бақылап, оның даму барысына белсене араласып отыру — С. Мұқановтың бойына дарыған әдет қана емес, оның өнегелі өмірінің дағдылы қасиеті. Мұны жазушының толып жатқан көркем шығармалары ғана емес, қазақтың әдеби сын

мен ғылымын қалыптастыруға, өркендетуге септігін тигізген 200-ден астам сын мақалалары, том-том болып жарияланған күрделі еңбектері мен монографиялық зерттеулері дәлелдейді.

Әдебиетіміздің сәби шағында «Сынға сын» және «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» (1923 жылы) деген сұсты ескертумен сын майданына араласқан Сәбит жамбасы жерге тигенге дейін өзінің әділ де ашық айтатын әдетінен танған жоқ. Әрине, айтқандарының бәрі кітап сөзі еместігін, асыра сілтеген тұсы да болғанын жасырмайық.

Қазақ совет әдебиетінің идеялық нысанасы айқын, пікірі таза болуы үшін Сәбит Мұқанов аянбай күрескені шын. Мұны «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналында 1926-1927 жылдары көркем әдебиет туралы жазған көлемді де жауынгер мақалаларынан ғана емес, өмір бойы жазғандарынан, тіпті реплика — ескертпелерінен айқын көреміз. Буржуазияшыл ұлтшылдардың зиянды шығармаларын әшкерелеу, теріс пиғылды теориялық қисын арқылы насихаттаған мақалаларды сынау, сөйтіп, пролетарлық әдебиеттің идеялық бағытына қылау түсірмеу, мұрат тұту — Сәбит үшін творчестволық қажеттік қана емес, партиялық борыш болды.

20-жылдардағы сыни еңбектерінде екі түбегейлі мәселеге ерекше назар аударды. Бірінші — орыс әдебиетінен қалтқысыз үйрену, үлгі-өнеге алу мәселесі. Ұлтшыл ақын-жазушылар дегендермен күресу дәуірінде кейбір әдеби дәстүрімізді кеміте сөйлегеніне қарамастан, Сәбит Мұқанов білу, үйрену, білгеннен үлгі алу мәселесін күн тәртібіне қойып, өз ойын айтты. М. Горький мен В. Маяковскийдің новаторлық дәстүрлері қазақ әдебиетінде осындай саналы қадамдармен орын тепті.

Екінші ірі мәселе — советтік платформадағы творчестволық күштерді ұйымдастыру, олардың идеялық-көркемдік бірлігін нығайту проблемасы. ҚазАПП-тың белсенді басшысының бірі болған Сәбит Мұқанов қазақ совет әдебиетіне талай соны талантты тартып, ағалық көмегін көрсетті. Қазіргі аға, орта буын жазушыларымыздың Сәбиттен өнерпаздық жәрдем алмағандары кемде-кем. Әдебиетке жаңа күш тартуда Сәбитпен өңгені былай қойғанда, Сәкеннің өзі теңдесе алмайды. Жекежарым өлеңін қарап, жариялау, жағдайы жоқ дарындарға қаражат беруді былай қойып, өз үйіне паналату да Сәбиттің дәстүрі. Сібірден көшіп келген Ғабиден де, әскерден жалғыз шинелін шұбатып келген Әбдіжәмил де Сәбит

пәтерінің қонағы емес, айлап жатқан тұрғыны болғаны шындық. Тап Сәбиттей талантты жас ұрпаққа еңбек сіңіріп едім деп қазақ жазушыларының не өткендері, не қазіргілері айта алмайды. Бұл жай «материалдық» көмек қана болса бір сәрі ғой. Сәбит әрқашанда өз алақанының жылылығын, жүрегінің кеңдігін жас дарынды демеп, елеп жазған мақалаларымен де, қоғамдық әдеби қауымның көңілін соларға аударуымен де дараланып көрінгенін тарих растайды. Сын көрмей келе жатқан Тайырдан, Асқардан кейінгілердің бәрі Сәбит тезінен өтіп, әдебиетіміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қоскандар.

Дарынды жазушының жауынгер сынға қосқан үлесі осымен шектелмейді. Қазақстан жазушыларының бірінші съезі қарсаңында Саттар Ерубаев пен Рахымжан Жаманқұловқа қайтарған жауабы, қазақ поэзиясының жайкүйі жайында съезде жасаған баяндамасы әдебиеттегі формализмге қарсы бағытталған мақаласы, Сәкен Сейфуллиннің қазақ совет әдебиетіндегі орнын айқындаған еңбектері, Спандияр Көбеевтің әдебиет әлеміне қайта оралуына септігін тигізген шапағаты, батырлар жыры мен айтыс өнері жайындағы зерттеулері қазақтың әдеби сыны мен ғылымына қосқан сүбелі үлестері екені аян.

Күнделікті әдеби процеске сын-ескертпемен, рецензиямен, проблемалық баяндамалармен араласып отырған Сәбит Мұқановтың қазақ әдебиеттануына салған олжасының айрықша принципті мәні бар екендігін айтуымыз керек.

Ең алдымен, Сәбиттің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген атпен 1932 жылы шыққан монументалды еңбегін ауызға алу шарт. Рас, бұл күрделі еңбекте ірі қателіктер, қисынсыз солақайлықтар, кейбір объективтік көзқарастар орын ала тұрса да әдебиет тарихын жасауға бағытталған тұңғыш зерттеу болғанын жасырмайық та, оның мәнмағынасын толығырақ ашайық. Өйткені бұл еңбектің принципті жағы ғана емес, жеке адамға табыну тұсында ой-өрісімізге де, тілге тұзақ салынып, пікір малтыққан шағына да көрсеткіш бола алады.

Қазақ Өлкелік партия Комитетінің мәдениет және насихат бөлімдері мен Қазақстандық марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтының 1932 жылы 10 январьда бірлесіп алған қаулысына дейін жазылып, соңғы нүктесі 1931 жылы 15 майда қойылған, жалғыз саяси-идеологиялық тұрғыдан ғана емес, ғылыми тұрғыдан да айрықша мәні болған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті». I-бөлім. (Ұлтшылдық-байшылдық дәуірі. Буржуазно-национа-

листический период) деген атпен 1932 жылдың апрель айында шыққан монографиялық зерттеудің жалпы тарихымыз үшін үлкен олжа болғанын қазір ауыз толтырып айтуға тиіспіз. Елжас Бекенов 1935 жылы-ақ «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет (Сәбит Мұқанұлының «XX ғасырдың қазақ әдебиеті» деген кітабының I-бөлімшесіне сын)» деп аталған бес баспа табақтық сыни-зерттеу кітабында «Қазақтың өзі жасаған тарихы бар, бірақ бұл күнге дейін жазылған тарих жоқ. Сәбиттің тарихы — сол қазақ тарихының бір саласы, белгілі дәуірдегі әдебиет тарихы. Бұл — қазақ өмірінде тұңғыш шыққан ең бағалы еңбек. Мұндай еңбектің керектігіне, бағалылығына ешбір сөз жоқ» (5-бет) деп бастап, автордың талай ағаттық пен кемшіліктер жібергенін айта келіп: «Бұл тарих — үлкен құрал. Қазіргі қазақтың пролетариат бағытындағы көркем әдебиетінің өсуіне және еңбекші жастардың жаңа салт-санамен тәрбиеленіп өсуіне үлкен көмекші» (72-бет) деп тапқан болатын.

Алайда кейінгі уақытта ол кітаптың қадір-қасиетіне жеттік деп айта алмаймыз. Кітапқа монографиялық портрет болып енген Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұхтар Әуезов, Бернияз Күлеев сынды дарындар төңірегіндегі ой-пікірлердің дұрыс-бұрыстығын былай қойғанда, XX ғасырдың 1905-30 жылдары арасындағы қазақтың буржуазиялық әдебиетінің көптеген шындығы нақты деректермен, мысалдармен ашылған еді. Міне,осы жай «буржуазиялық объективизм» деп табылып, сынаймын, зерттеймін деген желеумен олардың еңбектерін қалың оқушыға насихаттап отыр, ұзақ-ұзақ үзінділер сол үшін керек болған деп «саяси қырағылық» танытып, еңбекті оқуға тыйым салдық. Сонымен бұл кезеңді зерттеуге қара таңба басылды. 1937 жылы бұл еңбек Сәбиттің өзіне пәле болып жабысты. Оның екпіні кейінгі кезде де басылмай, Сәбитті мұқатпақ болған кездерімізде «осындай еңбек жазғаныңды ұмытып бара жатыр екенсің» деп 50-ші және 70-ші жылдардың бас кездерінде есіне түсіріп қойғанымыз да бар.

Ал осыдан не таптық? Қоғамдық-әлеуметтік санасы өскен кейінгі ұрпақтың бүгінде табасына қалдық, ғылыми жалғандыққа ұрындық. XX съездің тарихи шешімін жүзеге асырудың алғашқы сәтінде Сәкен, Бейімбет, Ілияс төңірегіндегі зерттеулер өткенді білуге құмарлықты күшейте бастағанда Тұрар Рысқұловтың еңбегін «дұрыс баяндамай жатырсыңдар, ол анадай-мынадай саяси қателіктерге ұрынған» деген ескі шоқпар қайтадан көтерілген

соң, тарих саласындағы ізденісті іркуге тура келген болатын. Бірақ мәдениеті өскен оқушы жұртшылық өз талабын білдірген шақта олардың танымпаздық құштарлығын болар-болмаспен алдарқатудың амалын таптық. Бұрынғы қалыпқа түсіп, тағы да саяси қырағылықты күшейтуге кірістік. Баспа бетінен кеудесінде жаны бар шындықты айта алмай тосылдық.

Сәбит Мұқановтың 31-жылы жазған ғылыми-зерттеу кітабынан кейін XX ғасырдағы әдебиеттің жай-күйі жайында дені дұрыс бірде-бір еңбек жазылған жоқ, зерттеу ісі жүргізілген жоқ. Бірлі-жарым ғалымдар жазғанын жариялата алмай тауы шағылып, «қырағы көздерден» қорлық көрді. Оған көп дәлелдің бірі — өзіммін. Менің тарихи негізі бар кітаптарымның теперіш көрмей, талай рет жұлмаланбай, жыртылмай, «түзетілмей» шыққаны жоқ.

С. Мұқановтың қазақ совет романының тұңғыш болып есептелетін «Адасқандары» мен қазақ әдебиеттану ғылымының негізіне қаланған алғашқы ғылыми-зерттеу еңбегі «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне» айрықша мән бере тоқтаудың сыры Москваның Қызыл профессура институтының тыңдаушысы болып жүрген уақытта осы екі үлкен және принципті мәні бар туындыларды жазғанын ерлікке пара-пар іс деу емес, соларды бағалау, түсіну саласындағы ресми көзқарастың қалай өзгергендігін көрсету еді.

Жалғыз Қазақстанда ғана емес, бүкіл еліміздің идеологиялық майданына, әсіресе тарих саласына И. В. Сталиннің 1931 жылы «Пролетарская революция» журналына жазған хатының зияны қатты тиді. 1932 жылы 10 январьда ВКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстандық марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның теориялық майданындағы күрестің міндеттері туралы» қаулы алып, тарихты өз ыңғайына икемдей баяндауға ресми жол берді. Міне, осы қаулыдан кейін әсіресе Қазақстан жағдайында кешегі өткен тарихты бұрмалау, Октябрь революциясына дейінгі шындықтардың бүгінгі түсінікке жанасымдысын ғана насихаттау, басқаларын даттау, ең болмағанда үндемеу, айтпай өту, орыс самодержавиесі өкілдері мен орыс халқының ара-жігін ажыратпай бір деңгейде қарастырып, оған әрқашан саяси астар бере тұжырымдау сияқты машықтар етек алды. Соның салдарынан тарихты баяндауда бір жақтылық пен жалғандық, оралып өту, айтпақ

ойға мысал іздеу, не керек, жамап-жасқау процесі 1937 жылдан кейін тіпті күшейді. Осының шалығына кездескен еңбектің бірі — С. Мұқановтың «Қазақтың XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер». Қолда бар материалдарға негізделіп, түбінде жоғарғы оқу орындарына әдебиет тарихы оқулығы болатын мәнді еңбектің сүбелі үш бөлімі ғана жарияланды. Практикалық зәрулік қысқаннан кейін, «мектептерде әдебиет сабағын өтуге құрал жетіспегендіктен, Қазақстан оқу халық комиссариаты очерктің біткен бөлімін кітап қып баса тұруды мақұл көрген»(12-бет). Бірінші бөлімнің «Бостандық күресі» деп аталуының өзі Отанымызды қанқұйлы фашизмнен қорғап қалу мақсатына байланыстырылғаны ашық айтылды. Солай бола тұрса да С. Мұқанов XVIII—XIX ғасырларда Қазақстанның Россияға қосылуына байланысты тарихи және әдеби көп деректерді орағытып өтіп, «Зар заман» ақындарын тұқырта, тартына пікір айтуынан анық сезіледі. Бұл культ қыспағына түскен қоғамдық ойдың көрінісі еді.

«Белгілі дәуірде жасаған ақыны бар, ол ақынның белгілі шығармасы бар ғасыр — қазақ әдебиетінің тарихында XVIII ғасыр. Оған мысал — Бұхар, Тәтіғара сияқты жыраулар мен олардың шығармалары» (7-бет) деп атап қана кеткен. Рас, әділетін айту керек, С. Мұқанов өзінің осы пікірін жақтап, дамытушылар табылған соң, айрықша белсенділік көрсетпеді. Қайта, ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйеніп, бұрынғы ойынан іргесін алыстата бастағандығының нақты белгісі «Жарқын жұлдыздар» (1964), «Халық мұрасы» (1974) атты монографиялық зерттеулері болғанын көреміз.

Осындай жай-күйі бар және Ұлы Отан соғысының ең бір қиын күндерінде жарияланған «Қазақтың XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942) өзіне жүктелген педагогтік және ғылыми міндетті кезеңдік тұрғыдан орындай білген оқу құралы болды. 30-жылдарда жасалған мектеп оқулықтарында шала-шарпы айтылып келген ақындардың творчестволарын анықтауда, әдебиет тарихын дәуірлеудің принципті проблемасын шешуде, келешекте қазақ әдебиетінің тарихын жасау процестерін бағдарлауда белгілі бір роль атқарғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

С. Мұқановтың сыншылық қызметі қазақ әдебиетінің профессионалдық арнамен өркендеуіне, идеялық нысанасының таза болуына, көркемдік шеберлікті игеру талаптарына, жас күштерді мәпелеп өсіруге бағытталса, ғы-

лыми-зерттеу саласындағы сүбелі еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымын өркендетуде орасан зор мәнге ие болды.

Қорыта айтқанда, ұлы дарынның өнегелі де жемісті өнерпаздық жолына шолу жасағанда, Сәбит Мұқанов — қазақ совет әдебиетінің негізін қаласқан, оның өркендеуі үшін орасан еңбек сіңірген аса көрнекті сөз шебері, ел еңбекшілерінің бүгінгі өмірінен, ой-арманынан нәр тауып, шабыттана жырлаған азамат ақын, дәуір шындығын эпикалық деңгейде суреттеген халықтық жазушы, сахна өнерінің өркендеуіне үлес қосқан драматург, қазақтың әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымын өрге сүйреген жауынгер сыншы, парасатты оқымысты болды. Қазақ әдебиетінің мақтанышы Сәбит Мұқанов өзінің өнегелі де өміршең шығармаларымен жасай берері, кейінгі ұрпақтың қалаулысына айналары сөзсіз.

Галина СЕРЕБРЯКОВА

Әрі ерекше, әрі ғажайып XX ғасыр өзімен бірге біздің көптеген жазушыларымызға творчестволық ұзақ ғұмыр ала келді. Адамға қосылған әр жас оның бойындағы шынайы талантты майыстыра алмайды, керісінше, оны шыңдап түзетеді, уақыт талғамымен теңестіреді. Ұзақ өмірдің олжасындай жинақталған даналық, тәжірибе, білім ақындар мен жазушылардың рухани жан дүниесін байыта түседі. Бұл сөзімізге бүгінде 70 жасқа келіп отырған Сәбит Мұқановтың өмірі мен творчествосы тамаша мысал бола алады.

Мұқанов туралы осыдан тура отыз бес жыл бұрын қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаушы Сәкен Сейфуллиннен естіген едім. Бірде орманда сөйілдеп жүргенімізде ол әсерлі әңгімесімен мені аты аңызға айналған Алатаудың етегіне бір-ақ әкелгендей күй кештім. Сейфуллин Сәбитті досым деп таныстырып, оның келешегінің зор екендігін көрегендікпен айтқан еді. Аз ғана сөзбен арманшыл жас жазушының мығым дене бітімін, рухани батыл мінезін әңгімелеп еді. Өмірде бастан өткерген ауыр еңбек, жоқшылық, азап Сәбитті жастайынан шыңдап еді.

Нақ осы уақыттан бері Сәбиттің жазғандарының бәрін де оқып келемін. Оның поэтикалық шабытпен жазылған «Өмір мектебі» трилогиясы мені автордың өзімен де, оның туған өлкесімен де туыстастырып жіберді. Мен Қазақ-

станды, оның бай да озық әдебиетін, әншілерін, жыршыларын, өзгеше сұлу табиғатын сүйемін. Сәкен Сәбит екеумізді 1957 жылы көзбе-көз кездесуімізге дейін-ақ берік достастырып жіберген-ді.

Міне, бүгін Мұқанов талантының көп қырлылығына, күштілігіне сүйсіне, мақтан тұта қараймын.

Қазақстанның қалалары мен селолары да жыл өткен сайын көркейіп келеді. Оның даласы да масаты кілемдей құлпыра түскен. Бүгінде қазақ әндері мен өлең-жырлары да асқақ, әуенді естіледі. Сол секілді Сәбит Мұқанов таланты да ұзақ ғұмырдың өлшеміндей толығып, шырқау биікке көтерілген.

Серік ҚИРАБАЕВ

ДӘУІРІМІЗДІҢ ДАРЫНДЫ ЖЫРШЫСЫ

Сәбит Мұқанов туралы сөз айту — советтік заманда жаңа мазмұнға ие бола дамыған, қайта туу, қалыптасу, есею дәуірлерін басынан кешірген бүкіл қазақ әдебиетінің елу жылдық тарихы туралы әңгімелеумен бірдей. Жаңа ғасырмен құрдас туып, Октябрь революциясымен тұтас қолына қалам ұстаған Сәбит содан бергі саналы өмірін отан халқына, туған әдебиетіне арнап келеді. Жазушы өмірі — тек жаңа әдебиеттің тарихы деу де жеткіліксіз. Ол — өз заманындағы барлық қоғамдық даму мен жаңарудың, қазақ халқының жаңа тарихының куәсі. Социалистік құрылыс ісіне белсене араласқан совет әдебиетінің аса көрнекті қайраткері есебінде Сәбит сол тарихты жасаушылардың алдыңғы сапында болды.

Бүгін жасы жетпіске, әдеби-қоғамдық еңбегіне 50 жыл толып отырған Сәбит Мұқановтың творчестволық жолына көз жіберіп қарасақ, осы сөздің шындығын анық көреміз. Осы бір өткелі көп те өрісі кең жолдың ұзына бойы мен әр қалтарасында Сәбит қалдырған із бар. Ол сол әдебиеттің ірге тасын қаласқан алғашқы бес жұлдыздың бірі болды. Оның замандастары, қаламдас достары — Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров. Мұхтар Әуезов еді. Осы алыптармен бірге Сәбит ұлттық әдебиетіміздің қабырғасын қалап, төбесін жапты. Оның іші-сыртын ақтап, бояп, өрнектеп әп-әдемі үй етіп тұрғызды. Бүгін бүкілодақтық үлкен әдебиеттің алдыңғы қатарынан орын алып отырған осы үйді тұрғызушы көптің бірі емес, Сәбит беліне салмақ түсіре, оның ауыр жүгін арқалаушы аз-

ғана жетекші топтың ішінде жүрді. Сол үйдің іргесіне тас болып төселіп, қабырғасына кірпіш болып қаланып, төбесіне шифер болып жабылған материалдардың ішінде Сәбиттің кесек-кесек кітаптары тұр. Ұзақ жолдың ауыртпалығын көтеріп, аталған достарының советтік мұрат-мүддесін арқалап, бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отырған — ескінің көзі де осы Сәбит.

Өз заманының азаматы және жазушысы есебінде Сәбитті жаңа дүниеге алып шығып, қатарға қосқан — Ұлы Октябрь социалистік революциясы.

Сәбиттің әдебиетке келген дәуірі тарихи дамудың аса бір қиын кезі еді. Октябрь тудырған жаңа идея да, сол идеяны насихаттайтын көркем туынды да оңайлықпен өзіне жол таба қойған жоқ. Революция жаулары жаңа күшті өршітпей тұншықтыруға, сөйтіп өз ықпалын жүргізуге тарысып бақты. Осындай бір қиыншылық жағдайда революцияшыл жаңа шығарма жазып қою ғана жеткіліксіз еді, сол шығармаға жол ашар, ескілікке қарсы күресер қайратты күрескерлер қажет болды. Осы бір тарих алдындағы абыройлы қызметті әдебиетіміздің көш бастаушысы, революционер ақынымыз Сәкен Сейфуллин бастады да, жас қаламгер Сәбит Мұқанов Сәкен ұранына жауынгер үнін қосты. 1922 жылы Орынборда партияның III конференциясына делегат болып барған, сонда Сәкенмен танысқан жас Сәбиттің алғашқы баспа бетін көрген туындысы —«Түсімде» атты әңгімесі еді.

Революция жолын түсініп, күрестің ауыртпалығын көріп келген Сәкенге жетім Сәбит сол кезде көп жағынан балаң, шала сауатты болатын. Бірақ ол жасқаншақ емес еді, қолын байлаған шынжырды үзгеннен басқа оның сол күресте жоғалтар тұлдыры да жоқ-ты. Сондықтан жаланаш батырақ Сәбит сол күрестерде киіп-жарып, еңсеріп еркін жүрді. Оның жауынгер жылдары да солай туды.

Әдебиетіміздің тарихында Сәбит өзінің күрескерлігі ғана емес, өз қолымен жасаған мұрасымен — көркем туындыларының молдығымен де аса үлкен орын алады. Жетпіс жылдың ішінде ол бір күн бел шешіп босаң тартпаған еңбек сүйгіш, бейнеткор жазушы. Өмір рахатын еңбектен тапқан ол бір күн сиясын құрғатып, столдан тұрып көрген емес. Сәбеңнің қажымай-талмай, күндеп, түндеп отыратын кездерін бәріміз де көргенбіз. Жан қинаған осы сағаттардың бәрі босқа кетпепті. Бүгінгі совет әдебиетінің қорында байлығы жағынан оның шығармаларымен тең түсерлік салмақ ешбір қаламгерде жоқ.

Оның барлық жанрда жазған шығармалары Советтік Қазақстан тарихының көркем шежіресі десе болғандай. Жаңа қоғам дамуы жолында Сәбит үн қоспаған тақырып, ол араласпаған мәселе жоқ та шығар. Дәуір тынысын кең танытатын бітім, пішілуі де мол Сәбит кітаптары совет әдебиетінің алтын қорына кіреді.

Сәбиттің жазушылық жолы поэзиядан басталғаны мәлім. Оның алғашқы өлеңдері өз замандастары тәрізді бостандықты, революция әкелген теңдікті жырлауға, сол арқылы Совет өкіметі шараларын насихаттауға арналды. Осы күнге дейін арагідік өлең жазып қоятын Сәбең содан бергі дәуірлерде көптеген лирикалық өлеңдер, поэмалар жазды. Олар тақырыбы жағынан әр алуан. Оның бәрін тізу, талдау бұл мақаланың міндетіне кірмейді. Мен Сәбит ақындығының екі түрлі ерекше сыпатына тоқталуды мақұл көрем.

Біріншіден, Сәбит өзі шыққан төменгі таптың күрескер жыршысы. Өзінің алғашқы өлеңдері «Көңілім», «Неге тудым», «Жалшының зарынан» (бәрі де 1917 жылы жазылған) бастап, ақын өмірден қағажуды көп көрген қазақ жазушыларының сезім күйін жырлады.

«Туған күннен төсегім шоқпыт болды
Көрген күнім жоқтық болды»,—

дейтін лирикалық геройдың ауыр тұрмыс-тіршілігіне ақын өмірімен де, пікірімен де ортақ еді. Қазақ кедейінің ауыр тұрмысы, моральдық жүдеулігі, ұсқынсыз сыртқы кейпі Сұлтанмахмұт өлеңдерінен (әсіресе «Кедей» поэмасынан) кейін Сәбит поэзиясында оқушының көңіліне ұялар, көзін сүйсіндірер өрнек тапты. Оның ауылдың батырақтары туралы жазған өлеңдері мен «Жұмаштың өлімі», «Балбөпе», «Батырақ», «Сұлушаш» сияқты поэмаларын алып қарасаңыз, қаншама қызықты суреттер табасыз. Ақын қазақ кедейінің ауыр тұрмысын жасырмай, сыртқы ұсқынсыз бейнесін сәндемей, сол құж-құж қалпында әдебиетке кіргізді.

«Сіркеге толып бұрымы,
Қырық тесіліп жұлығы
Жылтырады аяғы.
Көйлек-жаулық құрымдай
Қырық құралған жырымдай
Битке қап қой баяғы,

деп келетін Күңшаш та,

«Үнгір көз, мұрны қайқиған
Табақтай беті жалпиған

Шот мандай, түсі қап-қара,
Дүрдік ерні салпиған.

Сақал-мұрты жабағы
Түксіне біткен қабағы
Бұқа мойын, шоң желке
Тырысып жатыр тамағы»,—

деп суреттелетін Қозыбақ та осы ақындық ойдың жемістері. Кезінде бұл портреттерден натурализм іздеген сындар да болған. Бірақ бұл жалған әурешілік еді. Бұл — нағыз революциядан бұрынғы кедей өмірінің реалды суреті болатын. Ақын өзінің таптық позициясын айқындай отырып, кейде бояуды қалыңдата, әсірелеп, үстем тап өкілдеріне ішкі сезім дүниесімен емес, сыртқы түрімен де қарама-қарсы тип жасайды. «Сұлушаштағы» Алтай мен Сұлушаштың тууы мен балалық шағының контрасты суреттері де осылай туды. Шоқпыт бойынан да осыған ұқсас белгілерді табамыз. Өмірде өсіре айтуды білмейтін, барды нақты күйінде жұпыны бейнелеген Бейімбет кедейлері Сәбит батырағынан бұл жағынан өзгеше. Бірақ екі ақынды да заман тенденциясы түйістірді. Кедейге арнап:

«Сен жыласаң, көзден жасым тамшылар
Сен қуансаң, қайғы шерім аршылар»,—

дейтін Бейімбетке қосыла Сәбит те:

«Сен жыласаң, көзімнен қан агызам,
Сен қуансаң, тілімнен бал тамызам»,

деп жазды «Батырақтың» кіріспесінде.

Сондықтан да жиырмасыншы жылдардағы Сәбит поэзиясы күрес кезіндегі кедей өмірінің шындық суретін бейнелеудегі маңыздылығымен бірге, оларға идеялық нұсқау, жетекші үгіт тәрізді еді. Ақын оларды күреске шақыра отырып, ауылдағы батырақтың қатарға қосылып, шаруаға ие болуы процесінің әдеби шежіресін жасады. Шоқпыт туралы цикл өлеңдер осы мақсатпен жазылды. Бейімбеттің Мырқымбайынан кейінгі қазақ кедейінің өткен жолын бейнелеуде Сәбиттің Шоқпытының қазақ әдебиеті тарихында елеулі орны бар. Тап жауларына қарсы қоғамдық өмірдегі күресін әдебиет тіліне көшірген ақынның өткір партиялық тенденциясы осылай туып қалыптасып, өз геройы — кедеймен ол осылай табысты. Осы жолдағы күрес идеясының үлкен бір шешімін ақын «Сұлушашта» түйіндеді: бұл поэма «қазақта тап болған жоқ» деп, байларды тап ретінде жоюға наразылық білдіргендерге қарсы туған еді. Халықтық ертегі сюже-

тін жаңарта отырып, ақын мұнда қазақта бай, кедей табы болғанын, олардың арасындағы таптық күресті әдеби образдармен дәлелдеп көрсетті. Романның кіріспесінің өзінде-ақ Сәбит қазақта тап жоқ деушілерге қарсы батыл өзінің ақындық декларациясын жариялады.

«Жалғанда табынатын тәңірім — табым.
Табы жоқта, тәңірі жоқ — күні жарым.
Табым десем, бұлақтай таудан аққан
Өн бойымды шымырлатып биледі ағын.

...Бесіктен-ақ маған тап белгі таққан
Тапты шаққан — бесікте мені шаққан.
Сап-сары ала, сап-сасық жөргекте де
«Інгә» орнына үйлдеп «тап» деп жатқам.

Есті біліп, етекті жапқан кезде,
Табыма оғын атқандар — маған да атқан
Сақылдаған өмірдің аязында
Тапқа мұз боп қатқан кек — маған қатқан»,—

деп жазды ол.

Сәбит Маяковский дәстүрін игеруге өлең жолдарын бөлшектеу жолымен емес, пікір байлығымен, көркем, образды сөз мағынасын көтерумен, өлеңнің ішкі ырғақ, интонациясын күшейтумен келді. Отызыншы жылдардағы ақынның тәуір өлеңдері «Н — тысяча», «Гүл бағындай Отаным», «Сөз — Советтік Армия», «Поэзия маршалы» сияқты шығармаларда бұл ерекшелік анық байқалады. Ақынның биік патриоттық сезімі мен идеясының айқындығы оның өлеңдерінің қоғамдық күшін де, шеберлік, шешендік сыпаттарын да аша түседі. Жеке адам сезімінің азаматтық есеюін, сол арқылы қоғамдық сезіммен, міндетпен бірігуін осы өлеңдерден айқын көреміз. Бұған «Малшының мақтанышы», «Ол туралы ән мен күй» атты өлеңдер де нақты дәлел бола алады. Осы соңғы екі өленің геройы — қазақ малшысы өз заманын, кәсібін, еңбекпен қоғамнан алған құрметті орнын мақтан тұтады. Ол Москвада Мосторгта, «Мың-мың жан» ішінде социализм заманы шаттығын жырлайтын күй табағын іздеп жүр.

«Ленинның ордені бар қазақ малшы
Пластинка қасында тұрып қарсы:
— Шырағым,—
деді маған,—
әнебіреу

Күй табағын көп қылып сатып алшы.
— Табақ па сізге таңсық?
— Сандығы да керек,
Ақшам жетеді барлығына
Бір мың сомды осыған жұмсап,
тағы
Киім-кешек аламын қалдығына.
Әуелі ақылдасып, дедім:
— Ағай,
Патефон алуының мәні қалай?
Шырағым,—
деді малшы —
драп пальто,
Баркыт, жібек, бастонды кидім талай.

Сөйтіп, герой сезімі қоғамдық шындықты орныктырар патетикаға айналады да, жаңа жағдайда өзгерген адамның ой дүниесінің жаңаруын бейнелейді. Осыдан барып Сәбит поэзиясында көптік, халықтық сезім шаттығы жалпы заман рухын танытар образға айналады. Ақындық монолог пен герой ой-пікірі астасып кетеді, жеке детальдардан гөрі дәуір суретін тұтас бейнелер картиналар молырақ ұшырайды. Ақынның отызыншы жылдары жазған «Жүйткі, қара айғырым», «Ақ ақ», «Колхозды ауыл осындай» тәрізді поэмаларынан да бұл белгілер мол табылады.

Өлең өрнегін жаңартудағы Сәбит жаңашылдығы II буынды қазақ өлеңінің буын санын, ұйқасын сақтай отырып, оны интонацияға негіздей жол-жолға бөлшектеуден байқалады. Осыдан барып ақында диалог мол ұшырайды.

— Қос аяқ.
— Сонын атын дейді Адам.
Келді ме ұстаганда оған шамаң.
— Жоқ.
— Ендеше құтырма, соның құлы —
Құрт-құмырска,
құс,
балық,
Жер-көк,
Жел,
ақ.

Ақын мұндай сөз қолданыска еркін. Сондықтан да кейде телеграмма текстін де («Ақ ақ»), цитатаны да («Майға сәлем») өлеңге сыйғызып жібереді. Оның поэзиясына ән мақамынан гөрі сөйлеу ырғағы, ауыз сөз интонациясы жақын.

Сәбит ақындығының ерекшеліктері, оның бұл саладағы еңбегі, бұл аталған белгілермен шектелмейді. Мен бұл жерде ақын жаңашылдығының екі үлкен сыпатын ғана атап отырмын. Сәбит — советтік дәуірде қазақ поэмасының тууы мен қалыптасуына мол үлес қосқан ақын. Әсіресе сюжетті поэма туғызуда, оның басты геройы етіп қазақ кедейін таңдауда Сәбит әдебиетімізде бірінші болып қалам тербеді. Оның тәжірибесіз қаламы осы ізденісте біртіндеп өсті, жетілді. Егер ақынның алғашқы поэмаларынан («Жұмаштың өлімі», «Құрдас») біз Сәбит гуманизмінің балаң кезін танысақ, жиырмасыншы жылдардың орта кезіндегі шығармалар («Балбөпе», «Батырақ», «Октябрь өткелдері», «Қанды көл» т. б.) оның жауынгерлік сыпатының артқанын байқатады. Ақын поэмаларының геройлары біртіндеп таптық күрес сырына түсініп, қоғамдық аренаға шыға бастайды. «Сұлушаш»— осы жолдағы ізденістің үлкен табысы. Ол ақын творчествосында ғана емес, қазақ поэзиясындағы елеулі құбылыстардың қатарына жатады.

Сәбит талантының үлкен бір қырын танытқан — оның прозасы. Бұрын ұлттық әдебиетімізде кең дамымаған, жеткілікті дәстүрі болмаған бұл жанрды бастаушылар мен дамытушылардың да алдыңғы қатарында Сәбит жүрді. Оның тұңғыш әңгімесі «Түсімде» 1922 жылы жазылды. Одан кейінгі жылдары да жазушы бірқатар әңгіме, повестер жариялады. Олардың көпшілігі қазақ аулындағы әлеуметтік өзгерістер мен теңдікке ұмтылған қазақ кедейі мен әйелдерінің қадамын құптаудан туған еді. Соның бір елеулісі —«Ақбөпенің сыры» повесінде, көркемдігі жағынан әлсіздеу болғанмен, Сәбит өз дәуірінің елеулі тақырыбын, қазақ әйелінің күндіктен босап, қоғамдық іске араласа бастауы процесін көрсетті.

Қазақ прозасы дамуы тарихында Сәбиттің ерекше атап айтарлық қызметі — оның роман жанрын туғызудағы бастаушылық еңбегі. Жиырмасыншы жылдары біздің әдебиетімізде, негізінен прозаның шағын үлгілері — әңгіме повестер көбірек жазылды. Бұл бұрын болмаған жанрды игеру жолы, үлкен прозаға барар іздену жолы болды. Үлкен прозаның алғашқы үлгісі — Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мемуарлық-публицистикалық туынды болды да, нағыз көркем романның белгілерін толық қамти алған жоқ. Жиырмасыншы жылдар тәжірибесі қазақ әдебиетінің енді романға бет бұруы қажеттігін аңғартады. Осы бір үлкен сапарды бастаушы — Сәбит Мұқанов болды. Оның «Адасқандары» (1929)

қазақ совет әдебиетінің тарихындағы тұңғыш роман еді. Бұдан кейін «Теміртас» (1934) жазылды. Көркемдік ізденістерінде жетіспеушілігі байқала тұрса да, бұл екі шығарма бізде жаңа жанрдың туғандығын жариялады. Кейін олар Б. Майлиннің «Азамат Азаматыч», І. Жансүгіровтың «Жолдастар», М. Дәулетбаевтың «Қызылжар», С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ. Слановтың «Дөң асқан» сияқты туындыларымен толығып, романды игеру жағындағы бетбұрыс жаппай көркемдік ізденістерге ұласты. Осы бір үлкен бетбұрыстың, талмай, ұзақ ізденістің кесек табысы — С. Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романы (1938) болды. Кейін өңделіп «Ботагөз» деген атпен жарияланған бұл шығарма қазақ прозасының кемелденіп, шын мәніндегі европалық романды игергенінің белгісі еді. Романды жазу үстінде автор өз тәжірибесімен қоса жанрдың классикалық дәстүріне қатты сүйенді. Шығармаға тақырып, арқау болған революция дәуірінің уақиғаларын ұзақ зерттеп, творчестволық талғампаздықпен екшеді. Соның нәтижесінде «Ботагөз» социалистік реализм әдісін меңгеру жолындағы қазақ әдебиетінің зор табысына айналды.

Романның идеялық-көркемдік табыстары Сәбиттің жазушылық тәжірибесінің, сол сияқты өсу жолындағы ұлттық әдебиетіміздің аса үлкен жетістіктері еді. Онда жазушы революция алдындағы қазақ аулындағы таптық тартыстың асқынғанын, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы мен еңбекші халықтың социалистік революцияға келу жолын, азамат соғысы мен совет өкіметін орнықтыру жолындағы күрестерді үлкен прозашыға тән алымдылықпен, шеберлікпен суреттеді. Роман геройлары да осы күрес үстінде біртіндеп жетілген халық адамдары. Дәуірдің қат-қабат күресі өз заманының алдыңғы қатарлы саналы жасы Асқарды ғана революция идеясына тартып қойған жоқ, теңсіздіктегі қазақ қызы Ботагөзді де жаңаша қайраткер етіп тәрбиеледі. Осы бір майданда үстем тап тарапынан әділетсіздікті көп көріп өскен халық өкілі Амантай да жаңа, саналы күрескер дәрежесіне көтеріледі.

Көп планды, тарихи-әлеуметтік роман есебінде «Ботагөз» дәуірдің нақты бейнелерін ашарлық оқиғаларды кең қамтыйды. Образдарды қоғамдық күрес майданында үлкен қақтығыстар негізінде дамыта отырып, автор олардың іс-әрекеті арқылы тарихи дамудың беталысын, ішкі мән-мазмұнын терең ашады. Оқиғалар шиеленісі

мен оның өткірлікпен дамуы образдарды да типтік деңгейге көтеріп, жан-жақты жетілдіре түседі.

«Ботагөз» романының жарық көруі — қазақ прозасының даму тенденциясын айқындады және оған мұрындық болды.

Сәбит — тарихшы жазушы. Оның жазушылық тәжірибесін қадағалап қараған адамның қай-қайсысы болса да, бұл пікірге қол қоя алады. Жазушы қазақ қоғамының даму жолын, ондағы негізгі бетбұрыс кезеңдерді өз шығармаларында үлкен шыншылдықпен бейнелеп келеді. Бірде дәуірдің тарихи оқиғаларына сүйене, бірде кітаптарын өмірде нақты болған адамдардың іс-әрекетіне құра отырып, ол халық өмірі дамуының бұлтарыссыз шындығын өз творчествосының өзекті тақырыбы етуде. «Адасқандар» болған оқиғаның ізімен жазылғанын білеміз. «Теміртас» та революциядан кейінгі ауылды советтендіру кезінің шындығын бейнелерлік нақты суреттерге бай. «Ботагөз»— болса болмаса да, революциялық күрес тарихының айнасы. Жазушының бұдан кейінгі шығармаларын қарасақ та, олардан осы тарих белгілерін мол табамыз. «Балуан Шолақ» пен «Аққан жұлдыз»— тарихи болған адамдар — қазақ халқының ардагер ұлдары туралы шығармалар. «Өмір мектебі» мемуарлық үлгіде жазушының өзі бастан кешкен тарихи дамудың шындығын дәл суреттейді. Ал «Сырдария», «Тыңдағы толқындар» болса, совет адамдарының табиғатты игеру жолындағы күресінің нақты деректері негізінде жазылған. Әрқайсы әр дәуірдің шындығын көрсете отырып, осылардың бәрі жазушы творчествосында XIX ғасырдың орта тұсынан бастап, күні бүгінге дейін қазақ халқы бастан кешкен ұзақ дәуірдің үлкен эпопеялық шежіресін құрайды.

Осы бір тарихи шындыққа бай, дәуір тынысы кең қамтылған шығармаларға қажет материалдарды халық өмірі, оның қуанышы мен қайғысы, күресі берді. Сәбит Мұқанов өзі де сол халық ішінен, оның қиын да азапты тіршілігінің шығырау түбінен қайнап шықты. Халық мұңын жүрегіне ұялатып, оның көз жасы мен шер-шеменін ойына түйіп өсті. Бұл жағынан оның балалық шағы Джек Лондонға, Максим Горькийге ұқсайтын еді.Осы аталған екі ұлы жазушы сияқты бұл да үлкен өмір мектебінен өтті. Оның бәрі өміртану, бақыт іздеу жолы еді. Осы бір халық басынан кешкен азапты сапарды Сәбит «Өмір мектебі» атты үш томдық тарихи мемуарлық романына арқау етті.

С. Мұқанов — заман талабын тез аңғарғыш, дәуір өзгерістеріне қырағылықпен үн қосып отыратын, белсенді қаламгер. Соңғы жылдары бұрынырақ жазған бірқатар шығармаларына қайта оралып, оларды жөндеуден өткізген жазушының еңбегінде өз шығармаларына деген жауапкершіліктің артуы, көркемдік талап-талғамының күшейе түскені аңғарылады. Оның елеулі шығармаларының көбі-ақ дәуір мен жазушы елегінен қабат өтіп, үлкен бағаға ие болып отыр. «Жұмбақ жалау»—«Ботагөз» болып, «Адасқандар»—«Мөлдір махаббат» болып, «Менің мектептерім»—«Өмір мектебі» болып жөнделді, жаңаланды, толықты. «Балуан Шолақ» та, «Сырдария» да бір-бір қараудан өтті... Оның бәрі жазушы еңбегінің салмағын арттырып, оның кітаптарының идеялық-көркемдік қуатын өсіре түсті.

«Мөлдір махаббат»— жазушы творчествосының елеулі кезеңі. Ол жекелеген жастардың бозбалашылығын қызықтаған күйден кең мағынадағы әлеуметтік романға айналды. Онда ауылды советтендіру кезіндегі тап тартысы, жаңа мен ескінің күресі терең суреттеледі. Туған жер, өскен ел мен адал жарға деген махаббат сезімдерін ардақтап, бас бостандығы үшін күрескен жастардың өмірдің қарбалас қиындығында кешкен өмірі оқушыны иландырады. Советтік гуманизм оларды су түбіне батырып жібермей, жаңа жарық дүниеге алып шыққаны да романның идеялық-көркемдік табысынан саналады.

Сәбит романдары қазақ прозасының тууы, жетілу жолдарын қарастырғанда елеулі белес болатыны даусыз. Жанрдың ішкі ерекшеліктерін зерттей отырып, жазушы оны бүгінгі заман шындығына қарай бұрды, өз дәуірінің актуальды проблемаларын көтеруге және көркемдікпен шешуге арнады.

С. Мұқанов — жан-жақты талант иесі. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында еңбек етіп, оның өркендеуіне айрықша күш салып келеді. Оның «Күрес күндерінде», «Гвардия, алға!», «Шоқан Уәлиханов», «Сәкен Сейфуллин» тәрізді пьесалары ұлттық драматургиямыздың алтын қорына қосылды. Соңғы екі пьеса көп жылдардан бері театр репертуарларынан мықтап орын алды. Жазушының әдеби сын, зерттеу саласындағы еңбектері де ұшан теңіз. Жиырмасыншы жылдардағы идеялық талас-тар кезінде әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялылығы принципін табандылықпен қорғаған отты мақалаларынан бастап, Сәбиттің әдебиеттің дамуы проблемалары-

па үн қоспай қалған кезі болған жоқ. Көп жылдар Қазақстан Жазушылар одағының басшылығында болған ол, өзінің баяндамалары мен сөздерінде де ұлттық әдебиеттің өзекті мәселелерін көтеріп отырды. Оның осы саладағы еңбектері «Өсу жолдарымыз» атты қалың кітаптың негізін құрағанын білеміз.

Сәбиттің зерттеушілік еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымының жас кезінде басталды. Өз замандастары — Сәкен Сейфуллинмен, Мұхтар Әуезовпен қатар, ол жаңа советтік әдебиеттің ескі дәстүрлерін айыруға, оның бағалы жақтарын зерттеп, іске жаратуға тырысты. Осы ниеттен басталып кеткен Сәбиттің зерттеушілік қызметі кейін үлкен монографияларға ұласты. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «XVIII—XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері», «Айтыс», «Жарқын жұлдыздар» (Шоқан Уәлиханов пен Абай туралы зерттеу) атты кітаптар — жазушының ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен табыстары. «Жарқын жұлдыздар» кітабы үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының берілуі — Сәбеңнің бұл саладағы берілген аса зор ғылымдық баға.

Сәбиттің ақындық, жазушылық, драматургиялық туындыларына қоса оның сыншылық, әдебиет зерттеушілік еңбектері өмірді шала сауатты күйде бастаған жетім батырақтың совет өкіметі тұсындағы үлкен білім алып, өз дәуірімен бірге дамып өскенін, жетілгенін анық танытады. Ол — Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі.

Сәбит — шын мағынасындағы халықтық жазушы. Халықтың қайнаған тіршілігінің жуан ортасынан шыққан ол кейін де өзі туған ортадан, халық өмірінен алыстап кеткен жоқ. Оның халықпен байланысы — кездейсоқ кездесулер емес, табиғи туыстық. Күні бүгінге дейін егде тартқан жасына, денсаулығына қарамастан, ол дала кезіп бал жинаған арадай әдеби қорегін туған халқы ішінен іздеп келеді. Ел өміріндегі жаңалықтарға да дер кезінде үн қосып отыруы. Жазушының қоғамдық актуальды мәселелерді көтерген әдеби очерктерінен көрінеді. Қазақ жерінде тың игеріле бастаған кезде партия үндеуіне белсенді үн қосқан жазушы тың даланы талай кезіп, аралап шықты. «Туған жердің тыңында» атты очерктер кітабын жариялады. Туған өлкенің бүгінгі тіршілігі оның «Саяхаттар» атты кітабына материал берді. Шет елдік сапарлар негізінде ол «Алыптың адымдары», «Адаматаның шоқысында» атты очерктер кітабын жазды.

Сәбит тақыр жерге біткен жоқ, белгілі ортада, қоғамдық жағдайда өсті. Бірақ оның өскен ортасы жаңа советтік дәуір болды. Өзінен бұрынғы қалам иелерінен оның айырмасы да осында. Қырыққа келмей жатып, Абай: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» десе, Сәбит 45-ке келгенде:

«Отанның кеңшілігін, таршылығын
Бөлісе жүктегенде тән, шыбыным,
45-те шашқа түскен бурыл қырау —
26 жылдағы бар шығыным.
Бойым мен ойым бурыл емес, бірақ
Күшімді бойы жаспен көрсең сынап.
Кем түсе қояр ма екен,
ойым — жастың
Талайын жеткізбейтін жерде жырақ,—

деп жазған еді. Бүгінгі 70 жасқа келген Сәбиттің ойы да, бойы да сол қалпында. Әлі де «басқа түскен бурыл қыраудан» басқа шығыны жоқ. Осының бәрі үшін ол туған еліне, халқына, партиясына шексіз қарыздар.

Әдебиетке аяғына етік, үстіне қисық жағалы көйлек киіп, күрк-күрк жөтеліп келген орыс мұжығы Максим Горький сияқты, Сәбит те ауылдың жетім батырағының жалбажұлба киімімен, жалаң аяқ күйінде «Қазақ әдебиеті» атты қасиетті босағаны аттаған еді. Оның бұл күйіне үрке, үрпиісе қараушылар да аз болған жоқ. Бірақ олардың көбін ығыстыра Сәбит әдебиеттен өз орнын алды. Ол бүгін сол үйдің қасиетті төрінде отыр. Оның күші — жаңа заман мен оның идеясында. Сәбит «Қазақ әдебиеті» үйінде халықтық принципті жүргізіп, әдебиеттің партиялық туын көтерді — әлі де батыл көтеріп келеді. Бүгін біз бұны айрықша құрметпен айтып, кейінгі жастарға үлгі етуге тиіспіз.

Ал Сәбеңе ұзақ өмір, сарқылмас творчестволық шабыт тілейміз.

Валентина СМИРНОВА

...«Сәбит Мұқанов романының беттерінен советтік Қазақстан кезеңін көресіз, біздің ұлы Отанымыздың тарихын жақсы білгісі келетін кісі бұл кітапқа соқпай өтуіне болмайды».

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР СУРЕТКЕРІ

Асқар ой, асқақ шабыттың иесі Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиетімен біте қайнасып, бірге жасап өткен көрнекті жазушымыздың бірі. Ол қазіргі өскелең әдебиетіміздің тәй-тәй басып, жаңа қаз тұра бастаған сәби шағынан бастап, тік тұрып, төрт аяғын тең басып, ер жеткен өсу кезеңдерін бір ғана өз творчествосымен еске түсіргендей өзіндік өсу, жетілу жолы бар жазушы.

Сәбит Ұлы Октябрьмен бірге туып, соның арайлы шуағынан нәр алып өскен қазақтың жаңа әдебиетінің ілгері басқан, әрбір қадамы мен қарыштаған адымына іркілмей ілесіп, еркін еліміздің ерлік істерін құлшына жырлап келген азамат ақын. Советтік жаңа өмірдің жалықпас жаршысы, табының тапжылмас тарланы, социалистік отанымыз бен туысқан партиямыздың жалынды жыршысы:

«Октябрь — менің анам да,
Октябрь таңы атқан соң
Ие болғам қаламға»,—

деп, ақынның өзі айтқанындай, жазушылық талантына жол көрсетіп, ару анадай қорек беріп, мәпелеп өсірген Октябрь таңы еді. Сондықтан ол алғашқы ақындық қадамынан бастап «табым, халқым, партиям, елім» деп емірене жыр төкті. Октябрь туын ала аттанып, Совет өкіметін нығайту жолында талмай еңбек етті. Социалистік құрылыстың әр кезеңінде еңбекші елмен бірге жүріп, олардың ерлік істеріне дем беріп отырды.

«Уа халқым, ақын ұл ғып мені тапқан,
Тағы да артсаң жүкті талай батпан,
Жолында сен беттеген коммунизм,
Жүгіңді жерге қойып, өлмей жатпан»—

деп, халықтық мақсат пен коммунизм үшін күрес жолында қандай да қиындыққа болсын төзіп, ел үшін аянбай еңбек етуге серт етеді.

Өзінің ақындық, азаматтық борышын бірден осылай дұрыс түсінген Сәбит Мұқанов қазақ жазушыларының алдыңғы сапында тұрды. Ол қазақ совет поэзиясының

ғұлғыштары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиндерге ілесе жыр шертіп, өкшелесе өсті. Совет өкіметі мен социалистік идеяның қалыптасуы үшін бар күші мен талантын жұмсап, адал еңбек етті. Қазақ әдебиетінің социалистік реализм жолымен өсуіне ат салысып, оған қарсы болған буржуазиялық жат идеяларға жол бермей, әдебиетіміздің партиялығы, халықтығы үшін күрес жүргізді. Халық көңіліне қонымды тілмен сөйлеп, олардың көкейтесті мәселелерін көтерді. Еңбекші елдің, жарлы-жақыбайдың көзін ашып, қырағылығын арттырады. Оқуға, өнер-білімге үндеп, жаңа өмірдің қожасы болуға баулыды.

«Ол кезде бола алғам жоқ, рас, әстет,
Мысқылдап сөйлегем жоқ сөзді екшеп,
Жабайы жұрт түсінер деген тілмен,
Жар салдым: «жауды өлтір, өзің өс»,—

деп.

Ақындық өсу жолында бірден көркемдік сапасы жағынан айтарлық еңбек бере алмаса да ұстаған бағыты мен көздеген нысанасы дұрыс болғаны әркімге мәлім. Сәбит Октябрь қарсаңынан бері өлең шығара бастаған жазушы десек, оның осы сол жылдардағы «Неге тудым?», «Жалшының зары», «Көңілім» өлеңдері — қазақ ауылының шындығын дұрыс танытар реалистік жырлар. Панасыз кедейлер мен жетімдер зары бұл өлең жолдарынан айқын естілетін. Революцияға дейінгі қараңғылық торы – діні шырмауын да әшкере ететін. 1918-1919 жылдардан бастап, ақын үстем тап қорлығында езілген кедейлердің зарын ғана көрсетіп қоймай, енді олардың бостандық жолындағы күресін бейнелеп, күні туып, көз жасының тиылғанын суреттеуге тырысты.

«Нелер заман бай аяқты күрмеді,
Жүре алмадық, ойлансақ та жүргелі,
Енді азаттық, ең пәрседен ескенбе,
Бас аяқты алшаң-алшаң ілгері»,—

деп бостандық алған кедейлерге ақыл айтып, ілгері бастайды. Совет өкіметінің жеңістеріне, кедейлердің ел қатарына қосылғанын көріп мақтанады. Алып қарқынды жаңа өмірдің әрбір қадамын мадақтайды.

«Бұл қай кез, коммунизм мезгілі гой,
Сол кезді жырла, тілім, өзгені қой.

Жасаушы бұл бақытты еңбекшілер,
Жолды айқын көсеміміз меңзеді гой»,—

деп жарқын өмірді жасаушы еңбекшілер ерлігін, көсем Ленин көрсеткен жолдың айқындығын айтып, жар салады.

Совет өкіметін орнатушы Лениндей көсем бейнесін жырлауда ақын творчествосына жаңадан қуат құйысып, қанат бітіреді. «Ленин жолдаска», «Азалы күнде», «Ленин мавзолейінде» т. б. жалынды өлеңдерін шығарып, замана талаптарына үн қосады. Ленин мен Октябрь бір ұғымда, құдіретті күш бейнесінде суреттеледі. Ал Октябрь жауларының әрекетін ақын ашына әшкерелейді.

«Үре-үре иттің үні өшеді,
Үргеніне мәз болып ол «өседі».
Оның ойы несіне жалынбақ,
Ит үреді, керуендер көшеді»,—

деп олардың үнін иттің үргеніне ұқсатады. Оған жаңа өмір керуені бөгелмей көше береді деп сенім білдіреді.

Қазақстанда Совет өкіметі нығайып, шаруалар бірігіп, еңбекшілер еңбегі қызған кездегі ел дәулетін, жаңарған жер сәулетін ақын кейінгі өлеңдерінде одан әрі шабыттана жырлай түсті. Шоқпыттай қазақ кедейінің қара түнек жыртық лашығы сәнді-салтанатты жақсы өмірдің берекелі ошағына айналып жатқанын айтты.

Оқу мен өнерге талпынған кедей жастарының ынтажігері де Сәбит өлеңінен қалтарыс қалмайды. «Пионер», «Жас қайрат» сияқты жалынды өлеңдерін ақын сол болашақ иелерін жырлауға арнады.

Теңдік алған әйел, сүйгенін тапқан жастар қуанышы да ақын өлеңдерінде айқын. Күндік пен құлдықтан азат болған қазақ әйелдерінің өз өмірінің қожасы, тең праволы азамат болғаны, олардың еңбек майданына белсене араласып, ел билеу ісіне белсене кірісіп жатқаны айтылады. «Еңбекші әйел, еңбектен», «Бүгін қатын биледі», «Пай-пай, шіркін күлуін» т. б. өлеңдері осындай ерікті әйелдің жаңа өмірін бейнелейді.

Елімізде болған жер бөліс, конфискация сияқты ұлы науқан, зор өзгеріс кезеңдері де ақын назарын аударғанды. Бұл тақырыптарға арналған ақын толғаулары да белгілі дәрежеде халық өмірінің айқын айнасы боларлық маңызды еңбектерден саналады.

Мәдениет пен өнер өріне қарыштай басқан қазақ халқының қарқынды қадамы да Сәбиттің талай жаңа өрнекті жырларын туғызғанды. «Мәдени бәсеке», «Сөз —

Советтік Армия», «Балқаш», «Ақынға», «Домбырадан сәлем» т. б. өлеңдері өскелең совет мәдениетін, ақыны мен әнін, күйін жырлайтын өлеңдер.

Совет авиациясы мен шойын жол құрылысы, ауыл шаруашылығының машиналануы, еліміздің техникалық жетістіктері Сәбиттің тағы бір таңдана жырлаған таңдаулы тақырыптары еді. Әсіресе Түрксиб құрылысы мен колхозды ауыл ақын өлеңін жаңа нұрға бөлеген тың тақырыптар. Советтік конституцияның қабылдануы, біздің елімізде социализмнің нығая түсуі ақын қуанышын одан әрі үдете түсті. Шабытқа қуат бітіріп, шарықтай жыр төкті. «Жүйткі қара айғырым», «Колхозды ауыл осындай», «Өсімпаз ту — алтын заң» т. б. өлеңдері осы кездің таңдаулы туындылары еді. Ақын өлеңдерінің тағы бір кең қамтыған тақырыптары бүкіл одақ көлемінің жайы совет адамдарының ерлігі, ынталығы, жеңімпаз армиямыз бен қолбасы маршалдары, тарихи тақырыптар, ұлы күрескер большевиктер бейнесі, мерекелі күндері, өндірісті өлкесі, алыс даласы мен әсем астанасы, туысқан халықтар жайы т. б. алуан тақырыптар Сәбит өлеңдерінің өрелі өзегі болған-ды.

Отан соғысы жылдарында С. Мұқанов өзінің өткір қаламы мен жалынды сөздерін жауға қарсы жұмсап бақты. Өз бойындағы бар ақындық қуатымен майданға араласып, отан қорғаушылардың алдыңғы сапында тұрды. Соғыстың қатерлі кезеңдерінде жауынгерлер рухын көтеріп, намысын оятар жырлар шығарды. «Майданға хат», «Фашизмнің ажалы», «Гвардеец бауырларға», «Ленин қаласында», «Москва», «Берлин алынды» т. б. өлеңдерімен ақын майдандағы жауынгерлермен тілдесіп, солармен бірге отанын қорғап жүрді. Соғыстан кейінгі жылдарда да ақын шабыты бір мүдірген емес. Советтер Одағының әрбір республикасы туралы, партияның халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру, ел бірлігі, жаңа құрылыстар, тың көтеру т. б. алып адымдарға басшылығы ақын жырының ажырамас арқауы болып келді. Осылайша, Сәбит Мұқановтың ақындық өресі біртіндеп өсіп, өзінің зор биігін көрсетті. Ақындық жолда ол өз бойындағы таланттың салмақты бір саласын танытты. Аға ақын ретінде кейінгі көп жас ақындарға ұстамды ұстаз танылды. Сәбиттің ақындығы қазақ поэзиясы биігінің жоталы өркешіндей анадайдан көз тартады. Ол — негізінен саяси-әлеуметтік лириканың авторы. Ақын өлеңдері еліміздің әлеуметтік өсу жолының шешен шежіресі сияқты сайрап тұр.

Сәбиттің ақындығы тек лирикамен шектеледі десек, онда кем өлшегендік болар еді, себебі Сәбиттің ақындығы одан әлдеқайда өрісті. Ақын лирикамен бірге эпос жанрында танылған жан-жақты қаламгер. Оның қаламынан туған оннан астам поэма бар. Ол поэмалар еліміздің ерлік дастанындай алуан түрлі оқиғаларды қамтиды. Халық өмірінің әр алуан қалтарыстарына көз жіберген ақын, оның сыр сандығын ашқандай өткендегісі мен соңғы кезеңдерін сыпыра сөз қып, жыр кестесін төкті.

Ақынның поэма жазу тәжірибесі 1923 жылы жазған «Жайлаудан» басталды. Бұдан кейін «Пионер», «Құрдас», «Наурыз күні» сияқты толғау ретіндегі ұзақ өлеңдер туды. Бұлар — ақынның сюжетті шығарма беру жолындағы алғашқы іздену кезеңін танытатын шығармалар. Олар әлі буыны қатпаған ізденімпаз жас ақынның шабытын ғана танытты. Қазақ жастарының оқуға деген талабын, еңбекшілердің жаңарып жатқан өмірін мадақтады.

Бұлардан кейінгі «Батырақ» (1926), «Октябрь өткелдері» (1926), «Балбөпе» (1927) жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында жазылған советтік тақырыптағы поэмалары сюжетті шығармаға берік бетбұрысының куәсіндей көрінді. Бұл поэмаларында автор қазақтың кедей-батырақтары мен теңдік алған әйелдерінің жаңа образын жасауға талаптанды. Үлгілі, жаңарған адам бейнесін жасау мәселесін алдына қойып, сол жолда батыл қадам жасады. Өмірі өксумен өткен Қарашұнақ пен Күңшаш бейнелері соншалық аянышты және шынайы. Олардан қалған жалғыз Қозыбақ та әке-шешесінің азапты қамытын киіп, құлақ кесті құл болуға тиіс еді. Бірақ Октябрь таңы оны құлдықтан азат етті. Сүйген жары Гүлжанмен қосылып, ерікті өмір сүрерлік семья бақытын әперді. Қозыбақ бейнесінде автор қазақтың езілген жалшыларының мінез-құлқын дұрыс таныта алады. Ол тек коммунистік тәрбие арқылы ғана санасы өсіп, қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. Поэманың оқиғасы тап күресі аясында алынып, бай мен кедейдің ара жігінің біржола ажырасуымен тынады. Сондай-ақ теңдік алған Гүлжан мен Балбөпе бейнелері де өзінің жаңалыққа құштарлығымен көз тартады. От басы, ошақ қасында өткен күндік өмірден қоғам қайраткері, партия, совет қызметкері дәрежесіне дейін көтерілген, қазақ әйелдерінің бұл алғаш көрінген жаңа бейнесі боп шығады. Әрине, жаңа қоғам адамдарын, жағымды бейнелерді жасауда Сәбит бірден тап басып айтарлық табыстарға жете қалған жоқ-ты. Сөйтсе де, жазушының алғашқы

талабы әрі батыл, әрі өнімді талап болғаны даусыз. Оның үстіне, Сәбит бұл мәселені қазақ әдебиетінде бірінші боп көтерді. Бұл сияқты шындықты ескермеуге болмайды.

С. Мұқановтың поэма жазудағы бастамалары кейін жалғасып, ілгері баса берді. Жиырмасыншы жылдардағы сюжетті эпикалық шығармаларының шыңы дерлік «Сұлушаш» дүниеге келді. Ол 1928 жылы баспадан шықты. «Сұлушаш» тек ақын творчествосы ғана емес, түгел қазақ поэзиясының таңдаулы табысы есептелді. Халық аңызы сюжетінің желісіне құрылған бұл поэма, қазақ еліндегі әлеуметтік күрестің сырын тереңнен ашып, кең толғанады. Поэмада әлеуметтік маңызы зор күрделі оқиғалар қызғылықты баяндалып, реалистік шешім тапты. Әрбір әлеуметтік ортаның өкілдері майданға шығып, олар арасындағы өрелі тартыстар өрістетіле суреттеледі. Дастанның негізгі желісі шындыққа құрылса да оның кейбір көріністері романтикаға толы.

Образ жасау жағынан да бұл поэма автордың өсіп қалғанын толық танытты. Әрбір геройдың іс-әрекеті, кескін-келбеті толымды сипатталып, олардың ішкі дүниесі, жан-сезімдеріне автордың үңіле түскені байқалды.

Шұнақ пен Тезектей шаңырақ басына мініп келген құл мен күңнен туған Алтай бейнесі өзінің шынайылығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ Сұлушаш та өзінше бөлек бейне ретінде қалыптасады. Сұлушаш өз бостандығы үшін күрескен қазақ қыздарының қарлығашындай қанат қағады. Оның шырқап ұшуына бөгет Байболдай байдың қалың малы еді. Бірақ ешбір мал күші Сұлушаштың Алтайды сүйген жүрегіне бөгет жасай алмайды. Алтай мен Қайсар күш қосып, Сұлушашты азат ету үшін күреседі. Бұлардың күресінде батыл әрекеттер бірден байқалады, бірақ қамаған қара түнек оларды дегеніне жеткізбейді. Поэмадағы трагедиялық көріністің сыры да осыған байланысты. Алтай мен Сұлушаштың қосылуы ұзаққа бармайды. Олар ақыры жыртқыштар құрбандығына ұшырайды. Поэма оқиғасы осындай қасіретті өкінішпен аяқталады. Сөйте тұрса да жырдың жалпы сарынына оптимизм тән, жарқын болашақ көрінісі поэмада әлдекайда қуатты. Оқушы аянышты кейіпкерлердің өліміне қиналса да олардың ісі өлмейтініне сенеді. Тілеуберді мен Байболдар күнінің өтіп жатқанына көзі жетеді.


Бесжылдық жылдарында да Сәбит біраз поэма жазып, жаңа өмір сазын шертті. 1930 жылы «Жүйткі қара айғырым» толғауын жазып, жаңа бір бетбұрыс байқатты. Бірақ ол поэма заман талабы дәрежесіне жеткен шығарма

бола алмады. Бұл жаңа түрге бой ұрған ұзақ өлең, не толғау дерлік шағын туынды. Өлең жолдарын бөлшектеу сияқты форма қуалау бұл өлеңнің ұзына бойынан көрініп-ақ тұрады.

1934 жылғы Челюскиншілер жорығына арнап ол «Ақ аю» поэмасын жазды. Бұл поэма кезінде өте жоғары бағаланса да, өзінің көркемдік сапасы жағынан айтарлық дәрежеде емес еді. Сөйте тұрса да, өзіндік түр өзгешелігі бар, дәуірінің санаулы туындысынан есептелетін.

Отызыншы жылдар аяғында ақын қазақ даласының жаңа бейнесін суреттеп, «Колхозды ауыл осындай», қырағылық ерлік, идеяда «Сөз — Советтік Армия» атты ұзақ толғаулар жазды. Бұл толғаулары — терең идеясымен де, көркемдігімен де, көзге түскен шығармалар. Бұнда түр сонылығы, ақын ізденулері белес берді. Осы жылдардағы тағы бір поэма атанып келген шығармасы «Майбұлақтан Москваға». Бұны автордың өзі кисса поэма деп атаушы еді. Келелі оқиғасы жоқ, ақындық жүйеге түспеген, кейіпкер кескіні, түйінді әрекет-қимылы жоқ шығарманы поэма деуге болмаса керек. Бұл — біздіңше, Жамбылдың Москваға аттану сапарын баяндайтын қарасөзбен өлең аралас көркем очерк. Сондықтан, бұл шығарма да өз орнымен бағаланып, өз атымен аталуға тиіс.

ДАРА ТҰЛҒАЛЫ СӨЗ ЗЕРГЕРІ





Мұхтар ӘУЕЗОВ

ЖОЛЫ КЕҢ ЖАЗУШЫ

Қазақстан әдебиет жұртшылығы қазір қазақ әдебиетінің аға жазушысы Сәбит Мұқановтың жиырма бес жылдық еңбегін мерекелеп отыр. Әрі ақын, әрі романшы, әрі драматург және әдебиет тарихының зерттеушісі Сәбиттің аты — қазақ оқушысының мол қауымына өте дақты, анық қымбат аттың бірі. Оның аты бүкіл Одақ елінің оқушысына да мәлім.

Сәбиттің өмірі мен еңбегі жазушының бір басының ерекшелігін ғана баян етпейді. Ол қазақ әдебиетінің тарихындағы аса күрделі дәуірдің өскен жолын, ізденген мұддесін, жеткен өрісін де баян етеді. Сол себепті оның көрнекті, көркем шығармасының көпшілігі қазақтың бастауыш және орта мектебінің барлық оқу құралдарына кірген. Бүгінгі совет жұртшылығының бірнеше буындары өздерінің балалық, жастық шақтарындағы естегілері бойынша да Сәбитті жете біліп, жақсы көреді.

Ленин партиясы өсірген, еңбек елінің адал ұлы Сәбит — Қазақстандағы пролетарлық әдебиетінің ең алғаш бастаушысының бірі. Бұл күнде Қазақстандағы совет жазушыларының алдыңғы буынындағы, ең алдыңғы қатар жазушысы. Ол өзінің еңбектерімен большевиктік, пролетариаттық салт-сананы жас буынға және жұмысшы, колхозшы көпшілікке кең танытуға себепкер болған жа-

ЖАРТЫ ҒАСЫРДЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Бес бұрышты жарық жұлдыз... Совет Одағының мемлекеттік гербінде жайнап тұрған да, Кремльдің бас мұнарасында ұшқынын ататын рубин де, аскан ерлік үшін берілетін орден де, буденовка мен пилоткада да жарқыраған сол жұлдыз. Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушыларды ойлағанымда менің көз алдыма осы бес бұрышты жұлдыз нұр шашып шыға келеді. Олардың саны да, Маяковский айтқандай, әрі жақсы әр алуан, бесеу еді: Сейфуллин, Жансүгіров, Майлин, Әуезов... бесінші — Сәбит Мұқанов. Ол — жиырмасыншы ғасырдың құрдасы, адам баласының жаңа заманасының Октябрьде жарқырап атқан таңында ол әдебиетке алғаш қадам басқан болатын.

Жалғыз тамшыға жалпақ дүниенің сәулесі түсетіні тәрізді, Сәбит Мұқановтың творчествосынан да совет әдебиетінің ең басты қасиеттері, оның жетістіктері мен кемшіліктері, идеялары мен өзіндік сипаты, ашық бояулары мен өрнек құбылыстары айқын көрінеді.

Қазақ совет әдебиетінің негізін салған алғашқы қарлығаштарымыз тәрізді Сәбит Мұқанов та әдебиеттің барлық жанры бойынша өндіре қимылдап, жемісті еңбек етті.

Очерк, әңгіме, повесть, роман, мемуар, өлең-поэма, сын мақалалар, зерттеу еңбектері, пьеса, киносценарий, фельетон — осының бәрі де Мұқанов творчествосынан табылады, оның туған әдебиеттегі туындыларына баға беру үшін, көлемді монографиялық шығарма керек болар еді.

Бұл мақалада бір ғана еңбегіне — таяуда ғана аяқтаған «Өмір мектебі» трилогиясына тоқталғым келеді.

Сәбиттің әдебиетке бұрынырақ келген аға қаламдастары Сейфуллин, Майлин, Жансүгіров ауыл учительдері еді; онымен үзеңгілес Әуезов те учитель болды.

Байдың жалшысынан туған Мұқанов балалық, жеткіншектік шағында, тіпті жігіттік шағының бас кезінде де шала сауатты болды. Бірақ ол кішкентайынан ақындығынан, зейінінің алғырлығымен көзге түсті, халық поэзиясын жанындай жақсы көрді.

Жетімдіктің ауыр тақсіреті, дала кезген күндері, қаршадайынан «Бақыршы бала» атанып, «кісі есігін» паналауы оны өмір тәжірибесімен молықтырды, мұның өзі оның ұзақ жылдар бойына талмай ұмтылған творчестволық жолына азық болды, сарқылмас асыл қазынасына айналды. Сәбит Мұқанов та аш-жалаңаш жүріп білім алып, жолында кездескен қиындықтардың бәрін жеңіп, ең алдымен мәдениетсіздіктің тар тұсауын үзіп тастап, философия, әдебиет пен өнер саласындағы білімдердің мол қорын игеріп, мешеу жалшыдан осы заманғы гуманист жазушы дәрежесіне көтерілді.

Бақташы, жалшы баласының бірден рабфак тыңдаушысы, қызыл профессура институтының студенті, ал содан кейін жазушы болып шығуы оңайға түскен жоқ. Өзінің ұстазы, ақыл тұтар ағасы, ең жақын жолдасы Сәкен Сейфуллин тәрізді, Сәбит Мұқанов та советтік құрылыс, большевизм жолындағы күрескер, советтік қазақ поэзиясын бастаушылардың, советтік қазақ прозасының негізін қалаушылардың бірі болды.

Оның саяси лирикасын былай қойғанда, «Батырақ», «Октябрь өткелдері» атты алғашқы поэмалары да, революциялық жігер-қуатқа, байларға деген ыза мен кекке толы, еңбекші халықтың қолы жеткен жеңісіне деген қуаныш, шаттыққа толы болатын.

Кеше ғана батырақ болған адамның шығармаларында, әрине, көркемдік кем-кетіктер кездескені рас, сол кезге тән белгілі кемшіліктер — ұраншылдық, қарадүрсіндік, схематизм, «тұра шап, тура тарт» жайлар оның басында да бар еді.

Мұның өзі әдеби үйреністің алғашқы сатыларындағы профессионалдық шеберліктің болмауынан туған табиғи салдар еді.

Бірақ Мұқановтың бойына біткен қайтпас қажыр, тайсалмас табандылық, әдебиет майданының жауынгері болсам деген жалынды құштарлық тыным таппады. Ол советтік дәуіріміздің алғашқы жылдарының өзінде-ақ қаламын винтовкаға теңестірген тұңғыш қазақтардың бірі болды.

Дүниені түсінуге, білімге құштарлық, оқуға деген романтикалық ынта, коммунизм орнатып жатқан халықтың дабылшысы, жаршысы болсам деген толассыз ұмтылыс Мұқановтың бүкіл арман-ойын билеп алды да, ол күні-түні тынымсыз еңбек етті. 1928 жылы оның «Сұлушаш» атты көлемді поэмасы жарық көрді. Поэманың негізінде Сұлушаш пен Алтай туралы ертедегі хикая алынғанымен,

жас ақын қазақтың өмір шындығындағы ең маңызды, ең өткір мәселе — әйелдерді күңдіктен азат ету тақырыбын көтерді.

«Поэма тақырыбы бүгінгі заманымыздан әлдеқайда бұрынғы жайларды қамтиды,— дейді С. Мұқанов «Сұлушаштың» орысша аудармасына жазған алғы сөзінде,— Социалистік Қазақстанның қыздары қалың мал дәуіріндегі дәрежесінен әлдеқайда ілгерілеп, биіктеп кетті. Олар емін-еркін жаңа өмірді өз қолдарымен орнатып жатыр, олардың қай-қайсысы да тағдыры жағынан Сұлушашқа мүлде ұқсамайды. Солай бола тұрса да, бүкіл адамзат тарихында өзінше біртұтас дәуір болып табылатын он сегіз жылдан әрідегі өткен заман әйелдерінің теңсіздік пен күңдіктегі тұрмысын білу оқушы қауымға онша қызғылықсыз болмас деп ойлаймын».

«Сұлушаш» поэмасы озбырлықтың, тас бауыр зұлымдықтың, ақсүйектік-рушылдық әдет-ғұрып пен шариғаттың құрбаны болған Сұлушаш пен Алтай басындағы қайғы-қасірет қана емес, ол махаббат гимні, достық пен адалдықтың, ізгілік пен өр көңіл, жалын атқан жүректің жыры, бұл қасиеттері социалистік қоғамда нормаға айналды. Мұқановтың өзі де барлық коммунистермен бірге осындай өмір үшін күресті.

1929 жылы С. Мұқановтың «Адасқандар» (орысша аудармасында «Сын бая») романы басылып шықты. Оның прозалық бұл шығармасына өмірде шын болған оқиғалар арқау етіп алынды.

«Адасқандар» романында С. Мұқанов оқиғаны қызықтыра әңгімелеу, көрген-білгендерінің арасынан іріктеп алып, көпке дейін естен кетпейтін жанды образдар жасау және халық тұрмысын нанымды суреттеу шеберлігін көрсетті. Бірақ жас автор өткір сюжет, шытырман оқиғаға, кейіпкерлерінің ішкі толқыныстарына шамадан тыс елігіп кетіп, өмірдің әлеуметтік жағына онша назар аудара алмай қалды. «Бай баласы» деген тақырыбы таптық жағынан ақталмады. Романда тап күштерінің жіктелуі де, әлеуметтік айқын бояуы бар мінездеме де көрінбеді.

Сәбит Мұқанов арада отыз жыл өткеннен кейін (өзінің «Ұры» атты романына қайта оралған Леонид Летков тәрізді) «Адасқандар» романын қайта өңдеп, олқы жерлерін толықтырды да, «Мөлдір махаббат» деген атпен қайта шығарды.

Егер бұрын кейіпкерлерінің қимыл-әрекеттері баяғы ығыр болған «үштік шеңберінде, үш адамның басындағы мінез-құлық, ой-мақсат арқылы ғана бейнеленіп, мәсе-

ленің әлеуметтік жағынан көңіл бөлінбеген болса, романның жаңа нұсқасында автор өмір шындығының нанымдылығына селкеу жасап, барлығын да әлеуметтік әуенге сауға тырысты.

С. Мұқанов творчествосында да, бүкіл қазақ прозасында да белгілі белес болған келесі туындысы кейініректе қайта өңделіп «Ботагөз» деген атпен жарық көрген «Жұмбақ жалау» романы еді. Онда жас қазақ прозашысы өзі сол кезде ұстаз тұтып, көп еліктеген М. Горькийдің игі ықпалы айқын көрінді. «Ботагөз» бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылдың оқиғаларына, Октябрь революциясы мен азамат соғысына арналған шығарма, ол социалистік реализмнің қазақ әдебиетіндегі елеулі жеңісі болып табылады. Ол жиырмасыншы және отызыншы жылдардағы қазақ совет прозасының басты-басты жетістіктерін қорытындылап, социалистік реализмді және оның көлемді, көркем туынды жасаудағы ең басты принциптері — партиялық пен халықтық принципін қалыптастыру жолы мен прозаның өрлеп дамуының өзіндік сипаттары мен тенденцияларын жинақтады. Сонымен қатар бұл роман қазақ прозасында революция дәуірінің типтік образдарын жасаудың негізгі салаларының бәрін бұрынғыдан анағұрлым дерлік тереңдетіп берді. Мәселен, бас қаһарман Ботагөз бейнесі қазақ әйелінің ұнамды образын жасауда қазақ прозасына тән тенденцияны социалистік реализм негізінде жинақтап, ілгері дамытудың нәтижесі еді. Ал екінші бір бас қаһарман учитель Асқар Досановты алатын болсақ, ол қазақтың халықтың интеллигенциясының типтік өкілі, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин және Мұхтар Әуезов шығармаларынан өзімізге таныс интеллигенттердің жиынтық образы.

1916 жылғы халық көтерілісінің басшысы Амантай жайында да осыны айтуға болады, ол да Мүсірепов пен Майлин пьесаларындағы Амангелді мен Жалбырдың, сондай-ақ М. Әуезовтің «Түнгі сарын» пьесасындағы Жантастың негізгі қасиет, сипаттарын көз алдыңа елестетеді. Романның жағымсыз кейіпкері — баяғы Жорға Нұрым (С. Торайғыров —«Қамар сұлу»), Нұрмағамбет, Олжабай, Салық (С. Сейфуллин —«Тар жол, тайғақ кешу»), Кеңгірбай мен Еспембет (М. Әуезов —«Еңлік — Кебек»), Тілеуберді (С. Мұқанов «Сұлушаш») образдарында бұрын кездескен қазақтың бай-шонжарларының нағыз жексұрын мінез-әрекеттерін бір басына топтастырған болыс Итбай.

Большевик Кузнецовтың образы қазақ және орыс халықтары достығының, орыстың жұмысшы табының екі жақты қанаушылыққа қарсы күресте қазақ еңбекшілеріне туысқандық көмегінің айғағы болып табылады.

Тарихи шындықты революциялық қимыл үстінде бейнелеуде геройлардың характерлерін қалыптасу барысында суреттеуде Горькийдің «Ана» романының айрықша маңызы бар екенін атап өткен жөн. «Ана» Мұқановка да үлкен әсер етті. Мәселен, революциялық оқиғалардың отты көрігінде есейіп, бостандық жолындағы күрескер болып шыққан Ботагөз Пелагея Ниловнаның өткен жолын қайталайды. Ал учитель Асқар Досанов Павел Власов пен оның достарының образдарына көп жайттарда ұқсас келеді. Бұл арада екі шығармада да революция дәуірінің шындығын зерттеуде, оған қатысушылардың образын суреттеуде ортақ бір принцип бар, жеке басының өмірі мен тағдыры қоғам өмірінің үлкен де күрделі оқиғаларымен астасып жататын және көп ретте соған тікелей бағынышты геройларды типтендірудің екеуіне бірдей ортақ принциптері бар. Мұқанов Горькийге мүлде еліктеп кеткен жоқ, бірақ көп нәрсе үйренгені сөзсіз.

Ал егер романның кемшіліктері жайлы айтатын болсақ, сол жылдардағы қазақ прозасына тән кемшіліктер мұнда да бар. Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетіндегі тұтасынан алғанда сәтті шыққан бұл туындыда белгілі характерлерді суреттегенде схематизм бой көрсетіп қалады, психологиялық мотивировка жағында селкеу жерлері бар, сюжеттік негізгі желісіне оншама қиюласып, кірігіп тұрмайтын эпизодтар кездесіп қалады, жағымды, жағымсыз қаһармандарды өте «дәл» жікке бөлу байқалады, кейбір ситуациялар онша нанымды емес, қолдан жасалғандығы көрініп тұр.

«Сырдария» романында С. Мұқанов колхозды ауылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жаңқұрлық еңбегін көрсетті. Жаңа адамдардың образын жасады, қазақ және орыс халықтарының достығын жырлады. Даусыз сәтті жақтарымен қатар, осы заман тақырыбына жазылған бұл романнан да алдын ала құйылып қойған бір қалыптан, күрделі шындықты үстірттеу бейнелеу кеселінен әлі де толық арылмағандық аңғарылды.

Көрнекті прозашы болған шағында да Сәбит Мұқанов өзінің сүйікті жанры поэзияны тастап кеткен жоқ. Ол оған әлсіз-әлі оралып соғып, мазмұн жағынан да, түр жағынан да өзіндік тұлғасы бар өлеңдер мен поэма-

лар туды рды. «Майға сәлем!», «Поэзия Маршалы», «Сөз — Советтік Армия» атты қазақ поэзиясының шын мәнісіндегі ірі жеңісі боп табылатын туындылары осындай.

Маяковский мен Демьян Бедныйдан үйрене отырып, Сәбит Мұқанов қазақтың өлең өнеріне жаңа тәсілдер, жаңа өлшемдер, жаңа ұйқас түрлері мен жыр құралдарын енгізді. Мәселен, С. Мұқановтың алғашқы өлеңдеріне де, отызыншы жылдардағы өлеңдеріне де тән мына бір көлемді метафораға назар аударыңыз:

«Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені,
Жүректің шахтасынан халық оны —
Мыңдаған жылдар қазып, кен тасына
Тереңнен әрең барып жетті қолы.

Жеткен соң қолы сөздің кең тасына,
Кеп күйінде қазына болмасына
Түсініп, қорытуға әкеп төкті
Мидың мың градустық домнасына.

Қалың қаймақ көбікті, беті күлген,
Ажары артық жанған қызыл гүлден,
Сөз тасқыны көмейдің насосымен
Фонтандай атқылады саулап тілден.

Тіл тасқыны құлашын құсырмады,
Болмады бөгет жолда тау шыңдары,
Теңіздей шалқыған сөз кең жайылып,
Мейірі қанып, халық сусындады».

С. Мұқанов драматургия саласында да өзінің күшін сынап көрді. Оның қаламынан қазақтың ұлы ағартушысы, ғалымы, демократы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы әйгілі тарихи драма туды, сол бойынша фильм де жасалды, жуырда ол қазақ совет әдебиетінің негізін салушы, революционер Сәкен Сейфуллин туралы пьесасын аяқтады.

Дегенмен Сәбит Мұқановтың саналы творчестволық өмірі түгелімен дерлік «Өмір мектебі» трилогиясына арналды.

Белгілі бір оқиғаға немесе кезеңге үн қосып қалатын кітаптар да, өз-өзінен жарқ етіп туа салатын кітаптар да бар. Олар өмірдің белгілі бір қалтарысын ғана, автордың жеке басындағы кейбір қасиетті ғана жарқыратып көрсете алады. Бірақ жазушының бүкіл творчествосының өне бойында жасалатыны және оның бүкіл өмірінен бөліп алып қарауға болмайтын туындылар да бар. Егер автор

аса бай, аса күрделі тағдырдың иесі болса; егер, бақытына қарай, көптеген тарихи оқиғалардың куәгері және тікелей қатысушысы болса; егер ол өз заманындағы көрнекті қайраткерлермен дидарласып, қатар жүрген болса, ондай кітаптың салмағы да басым, маңызы да аса жоғары болса керек, көп жағдайда мұндай кітап автордың ең басты кітабы саналады.

Мұндай кітап советтік ұлттар әдебиеттерінде мүлде жоқ деуге болады. Кезінде Садриддин Айнидің өмірбаян кітабы жұртшылық назарын аударды, бірақ онда ғы оқиғалар тек революцияға дейінгі кезеңмен шектеледі.

Сәбит Мұқанов өзінің өмірбаян трилогиясын отыз жылдан астам жазды. Осыдан екі жыл бұрын оның соңғы, үшінші кітабы қазақ оқырмандарының қолына тиді, енді шығарма тұтасымен орыс тіліне аударылып басылып шықты.

Трилогияның творчестволық тарихы өте қызық.

Сонау 20-30 жылдар айрығында жас ақын Максим Горькийдің күшті әсерімен өзінің ең тұңғыш прозалық шығармаларының бірі — өз өмірі жайлы «Менің мектептерім» повесін жазуды ойға алды. Ол аты-жөнінен ғана емес, көптеген көркемдік тәсілдері жөнінен де Горькийдің «Менің университеттерім» атты әйгілі шығармасымен үндесіп жататын. «Менің мектептерімнің» жеке тараулары сол 1930 жылдың өзінде-ақ қазақ тілінде жарық көрді. Оны оқырман қауым жылы қабылдады. Көлемі шағын ғана бұл повесть талай рет жөнделіп, толықтырылып, кеңейтіліп, ақыры көлемі жағынан кесек, мазмұны өте тартымды өмірбаяндық романының бірінші томы болып шықты. 1958 жылы орыс және бүкіл Одақ оқырмандары «Өмір мектебінің» екі томдығымен дидарласты.

Баяндалып отырған оқиғаларына қарай алғашқы екі кітап 1905—1924 жылдарды, ал үшінші кітап одан кейінгі он екі жылды қамтиды. Мұхтар Әуезовтің «Абай» эпопеясында суреттелген қазақ халқының жарты ғасырлық тарихы XX ғасырдың алғашқы жылдарына —1905 жылғы революцияның қарсаңына келіп тоқтайтыны мәлім. Ал Сәбит Мұқановтың трилогиясын алатын болсақ, ол тарихтың жаңа асуында сол эстафетаны қабылдап алып, ілгері тартады да, қазақ халқының одан кейінгі өмір ағымын, үш революцияның және социалистік құрылыс дәуірінің мол суреттерін көз алдымызға көркем тілмен жайып салады.

«Өмір мектебі» кітабында бас кейіпкер автордың өзі, ол сондағы оқиғаларға белсене араласып отырады, за-

мана жайында да толғаныс, тебіреністерін ортаға салады.

Бұл кітап халық өмірін түптен тарта, асықпай-саспай кең қамтиды да, оның салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр құбылыстарын егжей-тегжейіне дейін дәл суреттеп отырады. Біздің көз алдымызда қырық жыл бойғы уақыттың алуан түрлі, қарбалас шиеленіс, қызу және қызық оқиғалары дәл бүгінгідей барлық әрі-нәрімен жарқырап туындап жатады; бұл оқиғалар ұлы өзгерістер мен төңкерістерге толы, бұл өзгерістер тек әлеуметтік өмірдің негіздерінің негізі экономика мен өндіріс характерін ғана емес, сонымен бірге адамдардың психологиясы мен үй ішіндегі қарым-қатынастарына да тән құбылыстар болды.

Романның бірінші кітабында С. Мұқанов революцияға дейінгі қазақ ауылындағы феодалдық-патриархалдық қарым-қатынастардың сонау тереңде жатқан түп-тамырларына дейін өте дәл, өте түсінікті және үлкен шыншылдықпен айқын ашып көрсетті, жан түршігерлік жоқшылық, теңсіздік, зорлық-зомбылықты, отаршылдар мен байлардың екі жақты қанауы мен тепкісін нанымды суреттермен бейнелеп берді. Бірақ суреткер әлеуметтік у әділетсіздіктің түп-тамырын дәл басып, ашып көрсетіп қана қоймай, халықтың терең қойнауында, халықтың жомарт жанының қалтарыс құрышында жыл санап жиналып, қанасына сыймай сыртқа тепкен жаңа да жарқын күштерін көрегендікпен аңғарып, жеріне жеткізе сипаттай білді. Бұл арада көптеген оқиғаларға автордың өзі белсене араласып, көзімен көргені өмірбаяндық мемуарлық шығарманың сәтті шығуына айрықша ұтымды әсер етті. «Өмір мектебі»— аса дарынды, өзгеге ұқсамайтын өзіндік мәнері бар, әңгімеші ретінде автордың өзін-өзі дәл тапқан төл қасиет туындысы. Ол барлық оқиғаны өз атынан баяндау формасын да дұрыс таңдап алған, сондықтан да шығарма желісі соншама нанымды, соншама дәлелді болып, өздігінен құйылып-төгіліп тұрады. Ауылдың жарлы-жақыбайларының қайнаған ортасынан шыққан, барлық ауыл кедейлерінің балалары сияқты, революцияға дейін жетімдік пен жоқшылықтың ауыр қасиетін басынан кешкен үлкен жазушының, қоғам қайраткерінің өмірі кітапта өз халқының бостандық пен қайта өрлеу үшін күрестегі тарихи жолымен табиғи жағынан қиюласып, астасып жатады.

С. Мұқанов баяндап жатпайды, өзінше қорытынды шығарып, үкім кеспейді, уағыз, дәріс оқымайды, ол шын мәнісінде еркін, қарапайым да ұғымды, өзінің көрген, білген, тоқыған, жүрек тебіренісі мен ой елегінен өткен

көрсеңдер жөнінде адам қалай сыр шертсе, ол да солай емін-еркін, ашынажай әңгіме құрады. Әділетке жүгініп, шынын айту керек, кейбір нақты әңгімелер қалай айтылса, солай жазылып, автордың ең басты жайттарды қосалқы дүниелерден айқындап ашып көрсетуіне бөгет жасап та қалады. Дегенмен сырласудың салихалы, сабырлы түрі сырт көзге «болғаны болған қалпында», бейтарап адамның баяндауындай көрінгенімен, оның іш сарайы сарт етіп серпінге, аса күшті ынтызар мен құштарлыққа, жан толғанысына толы, және осы толғаныс шығарманың ішкі бұлқыныс уыттылығымен кернетіп, оқушының жүрек қылын әр қилы әуенге салып шертіп отырады. Автор анау ұнамды, мынау ұнамсыз деп ешкімге өз үкімін тағбайды, қыстамайды. Бірақ осы бір көркем полотноның ерекше қасиеті де қажетті қорытындының оқиға желісінен өздігінше туындап отыратындығында.

С. Мұқанов қоғамның барлық топтары өкілдерінің аса бай портрет галереясын жасады десек артық айтқандық болмас еді. Оның кітаптарында әсіресе халықтың өз ішінен шыққан қарапайым адамдардың, ер көңілді, адал бейнеткорлардың: аңшылар мен малшылардың ұсталар мен ер-тұрман шеберлерінің, етікшілері мен тігіншілердің, зергерлер мен кілемшілердің — өз ісмерлігін мақтан тұтатын және оның үстіне суырып салма ақындығы мен ділмар шешендігі бар, әнші-жыршылығы бар алуан түрлі кәсіп иелерінің образдары өте-мөте тартымды шыққан. Мәселен, саяткер аңшы Ораз бен Аткелтірдің, жаны сұлу халық шеберлері Қабдол мен Хасеннің, Жабайдың, сондай-ақ дарынды домбырашы, ертегішілердің жарқын бейнелері ұмытылмай есте қалады. Солардың арасынан шоқтығы асып, ерекше көз тартатындары — Акан сері мен Балуан Шолақ. Олар — Сарыарқада жырмасының гасырдың бас шенінде өмір сүрген, ел арасында аты шулы өнер ардагерлері, әрі ақын, әрі композитор, әрі әншілер. С. Мұқанов оларды жас кезінде көргендіктен, бірінші кітабында олар жайын аса қызғылықты әңгімелейді, солар арқылы революцияға дейінгі халықтың дарынды ұлдарының қайғылы-қазалы тағдырын бейнелі суреттермен көз алдымызға елестетеді.

Еш уақытта қайталанбайтын, еш бір теңдесі жоқ осы парасатты жандар арқылы Сәбит Мұқанов халық даналығының рухани асыл қазынасын, оның толқын боп атылғалы тұнып тұрған ішкі тегеурінін күштерінің молдығын айқара ашып көрсете білді.

Жазушы басқа бір топты да ерекше сүйіспеншілікпен

суреттейді. Олар — қазақтың революцияға дейінгі үркердей ғана демократияшыл интеллигенциясы: Баймағамбет Істөлин, Спандияр Көбеев, Мырзағазы, Хамит, Ғабит Мүсрепов. Баймағамбет Істөлиннің бейнесі айрықша айқын, ерекше сүйіспеншілікпен суреттелген, әңгіме арқауына оның өлеңдерінің еніп отыруы да сәтті шешім болып шыққан. Жас ақын, халық мұғалімі Істөлин революцияға дейінгі басқа да көптеген ауыл балалары секілді жас өспірім Сәбит Мұқановқа шын жаны ашып, қамқорлық жасайды, ал революция жылдарында коммунистік партияға еніп, Совет өкіметі үшін күресушілердің қатарына қосылады да ақ бандылардың қолынан қапылыста қаза табады. Істөлин образы арқылы жазушы туған халқының бақыты мен бостандығы үшін күреске ұмтылған қазақтың халықтық интеллигенциясының алдыңғы қатарлы азғана тобының революцияға араласуын, онда атқарған ролін нанымды сипаттады. Романда бұл интеллигенция байлар мен молдаларға, билерге және бір кезде самодержавиенің етігін жалаған, кейініректе контрреволюцияға қосылып кеткен Нұрғожа, Есеней, Торсан және Қази сияқтыларға қарсы қойыла отырып суреттеледі.

Шығармада кейбір кейіпкерлердің аты аталғанымен, жан-дүниесі ашып көрсетілмейді. Турасын айту керек, Қазақстан партия ұйымы басшыларының, соның ішінде тамаша большевик Л. И. Мирзоянның образын жазушы сәтті шығара алмаған. Сірә, Л. И. Мирзоянның көрнекті оқиғаларға толы үлкен өмірі С. Мұқановқа тікелей таныс болмаса керек, сондықтан ол белгілі партия қайраткерімен окта-текте кездесулерінің қызғылықты болғанмен, тым қысқа ғана әңгімелеумен қанағаттанған. Қазақтың аса көрнекті ғалымы Қаныш Сәтпаев жайында айтқандары да очерк-суреттеме деңгейінде. Осындай ат үсті, жай хабар түріндегі пайымдаулар үшінші кітаптың басқа кейбір беттеріне де тән. Мәселен, қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігін суреттеуді алайық. Бұл беттер қазақ үкіметінің Орынбордан Қызылордаға көшуіне арналған көркем суретті тараудан әлдеқайда солғын жатыр.

Жаңа өмір орнату, жаңа адамдарды тәрбиелеп шығару, әрине, оңайға түскен жоқ. С. Мұқанов оны жақсы біледі және бұрылыс-бұлтарыстарының тігісін жатқызбай, боямаға салмай-ақ, жаңа дүние орнату жолындағы күресте жеңістеріміз бен жетістіктеріміз үшін қаншама құрбандық бергенімізді бүкпей ашып айтады. Осыған

орай турасын айту керек, «Өмір мектебі»— Қазақстандағы ең ауыр кезеңің (С. Голощекин басқарған шақ деп аталған кезеңнің)— ауыл шаруашылығында өрескел қателер жіберілген 1929-32 жылдардың қайшылықтарын батыл да терең ашып көрсеткен қазақ әдебиетіндегі ең татымды, ең тұңғыш шығармалардың бірі. Жазушы бұл кезеңді партиялық тұрғыда байсалды ой елегінен өткізіп, ол туралы партиялық қажырмен, шын және әділ әңгімелейді. Нағыз халықтық сипатта жазылған бұл еңбегінде суреттелетін жайттардың бәрі де социалистік дәуірдің қым-қуыт қызу оқиғаларын бастан өткізген жауынгердің, коммунист-жазушының көзімен суреттеледі, сондықтан да мұндағы айтылған әңгімелердің бәрі өзінің тарихи нақты шындығымен баурап алады, оқушыны тебірентіп, болған іске кәміл сендіреді, сонымен қатар оған эстетикалық ләззат беріп, заманымыздың ақиқат көркем шындығы жайлы деректерді молайта түседі. Жазушы өзі туралы, өзінің рушылдығы мен оны жеңуі туралы, өзінің үйленуі, баласының тууы туралы жазғанда да ақиқатқа қиянат жасамайды.

«Өмір мектебі» мемуарлы шығарма болғанымен, қазіргі дәуірімізбен үндесіп тұр. Ол тіпті өзінің балалық шағын баяндағанда да біз оның ақырына дейін ақылмен қорытқан айқын позициясы бар осы заманғы үлкен жазушы екенін аңғарып отырамыз.

Атамекен Жаманшұбар Мұқанов үшін бүкіл республиканың тіршілік әрекетін көріп отыратын ертегідегі сиқырлы айнадай. Орынборда ма, Қызылордада ма, Москвада немесе Алматыда ма,— жазушы қай арада жүрсе де өзінің Жаманшұбарына соғып кетпей тұра алмайды. «Трилогиямда баяндалған отыз жылдың өне бойында осылай болып келді,— деп жазады автор соңғы сөзінде.— Одан кейінгі жылдарда да солай. Республика тынысын Жаманшұбардың өмір тынысымен салыстырып отыру менің рухани құштарыма айналды...»

Сәбит өз жүрегіне ең аяулы, ең қымбат нәрселер жайлы айтып отыр. Баяндаудағы лирикалық саз да осыдан, ол айтқан нанбасқа болмайтын детальдардың жылы көрінетіні де, кітаптың аса өміршеңдігі де осыдан.

С. Мұқанов трилогиясы өмірбаяндық «Тар жол, тайғақ кешу» романында бір кезде Сәкен Сейфуллин негізін қалаған қазақ прозасының ең жақсы дәстүрлерін баянды етіп, ілгері дамытады. Оларды бір-біріне ұқсастырып тұрған жайт — екеуінің де документалдығы, автор образының айқын дараланууы, замандастарының көркем

ортреттерін жасауды көп ойластырып, оған көп еңбек сіңіргендігі.

Тағы бір жайтты атап өткіміз келеді. Жазушы орасан көп өз тыңдаушыларымен тығыз байланысын, олардың алдындағы зор жауапкершілігін әр уақыт сезініп отырады. «Жұлдыз» журналының беттерінде «Есею жылдары» жарияланғаннан кейін, оның көп тарауларына сын пікірлер айтылды. Енді бүгін жеке басылуын журналдағы нұсқасымен салыстырғанымызда, С. Мұқановтың көп жағдайда сыншылардың сөзіне құлақ асып, бірсыпыра елеулі түзетулер енгізгенін көреміз.

«Өмір мектебі» юбилейлік жоспар бойынша жазылған шығарма емес. Ол — жоғарыда айтқанымыздай, көп жылдық творчестволық еңбектің жемісі, соған қарамастан, бұл трилогия қазақ совет әдебиетінің Ұлы Октябрьдің елу жылдығы қарсаңында қол жеткен зор табыстарының бірі деп батыл айтуға болады. Және трилогияның өзі данқты елу жылдықтың алдында ғана шықты.

Батырақтан академик жазушыға дейін аса ғажайып, аса қиын асу-белесі бар үлкен жолдан өткен Сәбит Мұқановтың бұл еңбегін тек совет адамдары ғана емес, отаршылдықтың шынжыр бұғауын тас-талқан қылып, жаңа өмір, демократия мен социализм үшін күрес майданына шыққан бүкіл Азия мен Африка халықтары да қызығып оқиды.

Фольклор інжулерін — халық әндері мен күйлерін жинаушы Александр Викторович Затаевич, қазақтың бірінші академигі Қаныш Имантайұлы Сәтпаев, «Қазақстан сандуғашы», қазақ қыздарының арасынан тұңғыш рет СССР Халық артисі атағын алған Күләш Байсейітова, композитор Ахмет Жұбанов, жүз жасаған Жамбыл ақын және басқалар тәрізді С. Мұқановтың замандастарын «Өмір мектебін» оқыған адам өз көзімен көріп, әңгімесін өз құлағымен естігендей болады.

Трилогияның аудармасы жайлы бірер сөз.

Бірінші кітап, шынында, бір топ аудармашының қолынан өтті. Оған В. Шкловский де қатынасты. Ол осы романның бірінші кітабына негіз болған «Менің мектептерім» повесін аударған еді. Бірінші том И. Шухов, Ю. Домбровский және Г. Андрееваның аудармасы бойынша жарияланып отыр. Екінші, үшінші томдарды А. Брагин аударды. Ол автормен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, түпнұсқаның ерекшеліктерін орысшасында да дәл берді және трилогияның қазақша басылуындағы көп кейіпкердің біразын, олардың ата-тегі жайлы шежіре

деректерін С. Мұқановпен бірге отырып алып тастады.

Трилогияны аяқтап, өз геройларымен қоштасарда Сәбит Мұқанов былай дейді:

«Мемуар жанрының өз заңдылықтары мен ерекшеліктері бар — таяуда ғана өткен жылдар жайында, өзіңмен қоян-қолтық өмір сүріп, қызмет істеп жүрген, ойдан шығарылмаған кейіпкерлер жайында жазудың өзі кейде тым қиынға түседі. Берілген бағалардың бірсыпырасы әлі орныгып болған жоқ, ал кейбір кездейсоқ нәрселердің маңызды боп көрініп қалуы да мүмкін».

Бұл еңбекті «уақытқа бағынып отырып жаздым, өйткені ол әр уақытта да халық атынан сөйлейді» деп автор айтқандай, мен С. Мұқановтың осы шығармаға берген өз бағасына орай, үш томдық «Өмір мектебін» жарты ғасырдың шежіресі деп атағым келеді.

«Өмір мектебінің» шын мәнісіндегі нағыз бас қаһарманы мемуардың авторы да емес, кезінде автормен кездесіп, кей сәттерде онымен шиеленісі мол қарым-қатынасы болған жеке адамдар да емес, бұл трилогияны С. Мұқановқа жазып берген халықтың өзі, оның жиынтық образы трилогияның басынан аяғына дейін үзбей қатынасып отырады, сондықтан да біз оны халықтық шежіре деп атауға әбден праволымыз.

Расул ҒАМЗАТОВ

Қымбатты Сәбит, өте биязы да батыл досым, менің сағынышты жүрегіме жақын досым, Қазақстанның жігіті, ақыны, біздің әдебиетіміздің Эльбурстарының бірі, өзіңіздің алғашқы алпыс жылдығыңыз — екі отыз жылдығыңызбен кавказдықтарша қызу құттықтаймын. Сіздің тамаша жұбайыңызға, сізді сүйетін барша жанға өзімнің сәлемімді жолдаймын. Бұл күндері менің сенімді тұлпарымның Алматыға қарай зымырай алмайтынына, оны мәртебелі қонағы ретінде қадірлі Сәбиттің ауласында тұрып ерттей алмайтыныма өкінемін.

Сізге кавказдық қуатты денсаулық және дағыстандық ұзақ өмір тілеймін. Біздің Дағыстанда алпыс — түк емес. Ол — бозбаланың жасы. Алыптарша ұзақ жасаңыз!

СӘБИТ МҰҚАНОВ

Сәбит Мұқановтың шынайылыққа, адалдық пен әділдікке суарылған «Менің мектептерімнің» соңғы бетін жапқан сәтте, шығарма авторының жігерлі де қызу қанды, жарқын бейнесі еркіннен тыс көз алдыңа келіп тұра қалады. Балалық шағы мен жастық өмірін аркау еткен осы автобиографиялық повесінде Сәбит бар болмысымен көрінеді. Жазушының көп жылдар бойы өмірде де, творчествода да тығыз байланыста жүрген таныс жандар ғана емес, тіпті онымен ешқашанда жүздеспеген кезкелген оқырманның да осындай әсер алары сөзсіз. Оның құпиясы автордың жазу ерекшелігі мен осы шығармадан айқын аңғарылатын творчестволық даралығында болса керек. Өйткені өмірді ынтыға сүйетін ыстық жүректі суреткердің сезімталдығы, байқампаздығы мен саналы дүниетанымы бейнелі де қанық бояулар арқылы алыста қалған сүреңсіз балалық шағы мен мұқтаждыққа, зәбір мен бақытсыздыққа толы жастығының суретін алдыңа жайып салады.

Небары сегіз жасында ата-анасынан мәңгілікке айырылған болашақ жазушы күн көрістің, панасыз жетімдіктің ащы қасіретін ерте татты. Қішкентай Сәбит әке қамқорлығы мен ана мейірімін сезіне алған жоқ; оның балаң алақанын өз үйінің ошағының қызуы жылытқан жоқ. Ол байлардың кемсіте лақтырған мардымсыз ас қалдықтары мен кулактың ас үйінің қараңғы бұрышында, даладағы бақташының ауыр еңбегі мен станицаның бай шаруашылығындағы хұқықсыз батырақтың қызғылықсыз тіршілігін де бастан кешті. Революцияға дейінгі жылдарда тар қапаста өмір сүрді. Қайғы мен жоқшылықтың қатал сүрлеуімен жүріп өтті. Әйтсе де мұндай азап пен қиыншылықтың ешбірі оның өмірдің барлық құбылыстарына деген әсерленгіштігі мен қайрымдылығын өзгерте алмады. Кемсіту де, сабау да, қайғы да баланың бойындағы табиғи әуестікті мұқалта алмады. Көзден аққан жас та оның айналадағы дүниеге сүйіне, таңдана, ашқарақтана қарап, ондағы таңғажайып құпия сырды көруге құштар жанарын көлегейлей алмап еді.

Табиғат болашақ қаламгерге зейінділік пен құйма құлақ зерделілікті, көреген көзді, домбыраның шегіндей

мазасыз да қайырымды жүректі сыйлаған. Соңынан совет жазушысы Сәбит Мұқановтың туындыларында әсерлі, шынайы да образды өзіндік тілмен баяндалатын халық өміріндегі әр құбылысты естіп, көре білуі, оны ет жүрегімен сезіну қасиеті де сол табиғаттың өзгеше сыйы болатын. Егер суреткер бала шағында басынан кешкен азапты өмірі, қайғы-мұқтаждығы туралы жазғанда көз жасын көл-көсір етіп шағынбай, керісінше айшықты қанық бояуларды батыл үйлестіре қолданып, өмірді кең көлемде бар шындығымен көрсете білсе, ол — жазушының қаламгерлік ой өрісінің кеңдігі, өмір құбылысының мәні туралы шын көңілден шыққан парасатты пікірінің дұрыстығы.

Тек он сегіз жасында ғана Сәбит ап-айқын ақиқаттың құпиясын ұғынғандай еді. Оның есесіне ол жастайынан ғасырлар бойы халық арасында жалғасып келе жатқан игілікті халық ауыз поэзиясымен таныс болды. Кең сахараны шарлаған әншілер, ұлттық фольклордың тамаша белгірлері мен суырып салма ақындар талантты шәкірт алдына халық эпостарының асыл мұраларын ашып берді. Болашақ жазушы творчествосының бастау мектебі даланың мұң мен шерге толы әндері, импровизаторлардың поэтикалық шығармалары, сиқырлы ертегілер дүниесі еді. Туған халқының поэтикалық дәстүрінің әсерімен жас Сәбиттің кеудесінде өз дүниетанымын көркем тілмен жеткізуге деген талабы оянады. Өзінің ішкі көзқарасын сырлы сөзбен айтуға құштарлығы туады. Бірақ ол кезде Сәбит Мұқанов өзінің көрнекті шығармаларындағыдай түр мен мазмұн бірлігіне жеткізген тіл оралымдарына барабар құралдарды тапқан жоқ-ты.

В. И. Немирович-Данченко «Өткен күндер» атты естеліктерінде өзінің драматург ретінде қалыптасып, Москва көркем театрының іскер жетекшісі болған кезінде жазған шығармасының негізгі ойын көрермендерге жеткізудің жолдары мен тәсілдерін іздеу барысында көп азапты кешкенін әңгімелейді. Белгілі орыс драматургі, сол кездің өзінде орасан зор өмірлік тәжірибесі, биік мәдениеті, мол білімдарлығы бар дәл осылай жазды. Осыдан-ақ он жеті жасар шала сауатты қазақ шаруасының Октябрь қарсаңында жазған алғашқы шығармасындағы творчестволық негізгі ой мен оны жеткізу тәсілдерінің арасындағы қабыспайтын алшақтықтың қандай дәрежеде болғанын елестетіңіз. Бұл — бір. Екіншіден, қазақ совет әдебиетінің аз ғана ірі өкілдерінің қатарында тұрған Сәбит Мұқанов жиырма бес жылдық әдеби қызметінде

рухани өсу мен творчестволық қалыптасудың қаншама соқпақты жолдарынан өтті.

Әдебиет тарихында жарық шоқжұлдыздар шоғырына шапшаң қарқынмен екпіндей көтерілгендер де, ұзақ жылдар бойы жанқиярлықпен беріле еңбек ету арқылы, жігерлілікпен рухани, творчестволық күштерін жұмылдыру арқылы, іздену мен қателесудің, құлдырау мен шарықтаудың адам төзгісіз азаптарын бастан кешу арқылы жеткендер де баршылық.

Тек Октябрь Социалистік революциясы ғана Сәбит Мұқанов бойындағы сирек кездесетін қабілеттің кең ашылуына, оның табиғи дарынының көркеюіне қолайлы жағдай туғызды. Совет өкіметі дала малшысының, оның ішінде Сәбит алғашқы көшбасшыларының бірі болған көркем прозаның табысты өркендеуіне даңғыл жол ашты.

Егер халық ауыз әдебиеті, оның ішінде қазақтың импровизаторлық өнерінің сан ғасырлық тарихы бар дәстүрі болса, ал жазба әдебиеттің поэзия саласының дамуы өткен ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бүкіл творчествосын орыс әдебиетінің А. С. Пушкиннен бастап М. Е. Салтыков — Щедринге дейінгі өкілдерінің идеялық-көркемдік игі әсерімен дамытып, соның нәтижесінде классикалық үлгідегі туындылар жазып биік деңгейге көтерілген Абай Құнанбаев қазақ поэзиясы әдеби тілінің негізін қалады. Ал қазақтың көркем прозасының тууы, қалыптасу процесі біраз кейінірек жүзеге асты. Тек XX ғасырда, яғни совет дәуірі тұсында ғана қазақ прозашыларының еңбектері кең қанат жайып, қуатты даму үстінде болғаны аян. Әрине, Абайдай дарынның классикалық аса талантты жарқын шығарма үлгілері алдында тұрған ақындарға қарағанда, проза саласындағы әдебиетшілердің көп қиындыққа ұшырағаны сөзсіз. Оның үстіне өткеннің сабақ алар әдеби дәстүрі, қажетті творчестволық тәжірибесі жоқ қазақ прозасы әлі де ұлттық жазу стилі мен шеберлігін айқындайтын тіл бедерін іздеу сатысында тұрған жас жанр. Осылардың барлығын ескере отырып, Сәбит Мұқановтың творчестволық тұлғасы жайлы сөз қозғағанда, жазушыны қазақ көркем прозасының көрнекті өкілдерінің бірі ғана емес, оның негізін қалаушылардың бірі деп қараған абзал.

Шындығында, Сәбит қазақ совет әдебиетіне ақын ретінде де кең түрде ат салысты. Ол — бірнеше лирикалық өлеңдер мен поэмалар жинағының, халық аңызының негізінде өлеңмен жазылған «Сұлушаш» романының да авторы. Кезінде орыс тіліне аударылған бұл роман өзінің

биік поэтикалық шеберлігімен, идеялық тереңдігімен, таным әлемінің кеңдігімен ерекшеленеді. «Сұлушаш»— Сәбиттің поэзиялық шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік, көп — ұлтты совет әдебиетінің алтын қорына батыл енгізуге болатын туындысы. Прозадағыдай поэзияда да Сәбиттің өз даусы, өз келбеті бар. Абайдың әйгілі поэзиялық дәстүрлерін жалғастыра отырып, Сәбиттің өзі де қазақтың өлең құрылысына енгізген өзіндік соны қырлары да, ұлттық поэзияның сөздік қоры мен формасын байытуға қосқан үлесі де мол.

Сәбиттің көлемді прозалық еңбектерінің қатарына балалық шақ пен жастық кезеңін суреттейтін автобиографиялық повесімен бірге бүкіл қазақ оқырмандарына белгілі «Жұмбақ жалау» романын да атауға болады. Бұл — үлкен дүние. 1912—1917 жылдары Қазақстанда өрши түскен тарихи оқиғаларды кең, батыл түрде қамтуы, роман кейіпкерлерінің молдығы, күрделі оқиғалар тізбектерінің алмасуы, шиеленісуі, басты тұлғаларды психологиялық тереңдігімен көрсетуі жағынан жазушының бұл шығармасы халық эпопеясына жақын келеді. Шығарма оқиғасы революцияға дейінгі ел өміріне арналғанмен, кітап бүгінгі талапқа толық жауап береді. Сәбиттің бұл кітабынан жаңалықтың лебі еседі. Суреткер мұғалім Асқар мен сүйкімді ару Ботагөздің бейнелері арқылы совет дәуірінде ұлы орыс халқының қолдауы мен көмегінің арқасында бүгінгідей өркендеу сатысына жеткен өз халқының мінезі мен адамгершілік қасиеттерін шеберлікпен нәзік түрде дұрыс көрсетеді. Бүгінгі күннің өзекті мәселелерін сенімді түрде батылдықпен жете зерттеуі, өз өлеңдері мен прозалық шығармаларында республикамыздың қазіргі жай-күйін көрсетуі — коммунист және патриот, совет жазушысы Сәбит Мұқановтың сіңірген үлкен еңбегі. Оның сезімге толы, шынайылыққа суырылған өлеңдерінде көптеген маңызды қоғамдық, саяси оқиғалар арқау болған. Сондықтан оның өлең жинақтарының басым бөлігін туған руспубликадағы социалистік құрылыстың поэзия тілімен жазылған күнделігі деуге де болады.

Тудың қаны, еңбектің тері, өткеннің қайғысы, бүгіннің қуанышы, жарқын болашаққа деген сенім — міне, тағдырдың жазушы Сәбит Мұқановты өз халқымен сабақтастыратын берік дәнекерлер. Бақташы жетімекті халқы өсірді, тойындырды. Оның творчествосына халық әндері, аңыз-әңгімелері дем берді. Әкелік қамқорлық пен аялауға, сүюге мырза осынау ел өз перзентінің ауыр да игілікті

еңбегін, кітаптарының сәтті жазылған әрбір бетін, жүрекке жылы тиер әр жолын жоғары бағалайды.

Маған екеумізге де ортақ ел Солтүстік Қазақстанның әр аулында Сәбит шығармаларының қалай оқылатыны белгілі. Оларды аңыз бен ерлікке толы Ленинград майданының қатал, қаһарлы қысында жауынгер қазақтардың қолынан да көрдім. Сәбит еңбектері қырық төртінші жылдың көктемінде Нарвадағы блиндаждар мен жеркепелерде оқылды. Жазушы үшін осыдан қымбат, осыдан биік кандай құрмет, сый болмақ.

Әрине, осы 25 жыл ішінде Сәбит қаламынан туған шығармалардың бәрі бірдей толық қанды, бағалы дей алмаймын. Ол туралы бүгінгідей юбилей күні де айту айып болмас. Біздің аға жазушымыз, орыстың данышпан жазушысы Антон Чеховтың «жазу әркімнің қолынан келеді, ал сызып тастау нағыз шебердің қолынан келеді» деген сөзін есте ұстағаны мақұл.

Сәбит Мұқанов өзінің жемісті әдеби қызметінің жиырма бес жылдығының творчестволық күші мен таланты кемелденген шағында тойлап отыр. Қазір ол әдетінше зор ынтамен Ұлы Отан соғысының батыры туралы романға кірісті. Сөз соңында айтар тілегіміз, жаңа туындыларыңмен жұмыс істеу үстінде Чеховтың ұлағатты сөзін әрдайым есіңде ұстағайсың.

1946 ж.

МИРМУХСИН

Ташкенттегі бұл күнде «Баһор» деп аталатын үлкен залда Сәбит ағаның тебіреніп сөйлегені, Ғафур Ғұламды бауырына қысып, шын жүректен құттықтағаны, екі халық ақсақалдарының өлеңдерін оқып, жүрекжарды сезімдерін шынайы да асыл сөздермен айтып бергені бүгінгідей көз алдымызда. Оны бүкіл өзбек халқы ұмытпайды.

Досым Сырбай Мәуленовтың елу жасқа толған мүшелтойын Сәбит аға басқарғаны есімде. Сырбай туралы айтқан салихалы сөздері әдебиеттің біз құралпы орта буын өкілдерінің бәріне де қатысты еді. Сәбең өзінен кейінгі жас қаламгерлерге айрықша мейірім-шапағатпен қарайтын және оларға сенетін. Сәбит аға өзінің өткір де

өршіл қаламын сенімді қолдарға тапсырды. Қазақ, өзбек халықтары ғана емес, бұл байтақ Отанның басқа халықтары да оның есімін ардақ тұтады, үлкен суреткер, сүйікті қаламгер деп қадірлейді. Сәбит Мұқанов озық жазушы болумен бірге, көптеген шәкірттер тәрбиелеген ұстаз, туысқан халықтардың әдеби байланыстарын нығайтуға көп еңбек сіңірген қамқор аға еді. Мұндай дарқан дарын, жемісті творчество, өркенді өмір әркімге нәсіп бола бермейді. Бұл — сирек талантқа тән тағдыр... Сүйікті Сәбит аға, міне, осындай еді.

Есмағамбет ***ЫСМАИЛОВ***

«ЖҰМБАҚ ЖАЛАУ»

Қазақ оқушы жұртшылығының қазірде аса сүйсініп оқи бастаған шығармасы, белгілі романист жазушымыз Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» атты романы. Сәбиттің әрбір прозалық шығармасы қазақ әдебиетінде үлкен жаңалық, үлкен оқиға болып отырды. 1930 жылы «Адасқандар» романы, 1935 жылы «Теміртас» романы жұртшылықтың ынтасын айрықша аударған, қазақ әдебиетінде күрделі, кесек шығармалар жасаудағы жазушының кең өрісті суретшілік талантын, батыл адымын көрсеткен факті болса, ал «Жұмбақ жалау» бүгінгі яғни 30-жылдардың ақыры мен 40-жылдардың қарсаңындағы қазақ совет әдебиетінің аса ірі табысы болумен бірге, қазақ әдебиетінде роман жанрының туып, қалыптасу мәселесін творчестволық тәжірибенің үлкен сатысына көтеріп отыр.

«Жұмбақ жалау» романының негізгі бір идеялық, көркемдік маңызы — халқымыздың революциялық күрес дәуіріндегі өмірін жан-жақты суреттегенінде. Империалистік соғыс және социалистік революция дәуіріндегі қазақ еңбекшілерінің бостандық жолындағы күресін роман жанрында кеңінен бейнелеп көрсету жазушы үшін қандайлық абыройлы, жауапты жұмыс болса, бүкіл қазақ совет әдебиетінің алдына қойылған сондайлық абыройлы міндет болатын.

Романда тариҳи өмір бейнесі кең, көп салалы өрісте (көп планда) көрінеді.

Роман үш бөлімнен тұрады. I бөлім —1913 жыл мен 1916 жыл арасындағы қазақ аулының қоғамдық өмірі, II бөлім —1916 жылғы қазақ халқының көтерілісі, III бөлім — Қазақстанда Совет өкіметі үшін күрес (азамат соғысы) дәуірі.

Романның қай бөлімі, қай тарауында болсын қазақ еңбекшілерінің таптық, ұлт-азаттық жолындағы күресі бүкіл Россияда большевиктер бастаған революциялық күреспен тығыз байланысты, сол ұлы күрестің бір-бір саласы екендігі айқын елестейді. Көкшетаудағы Кузнецов, Асқар, Амантай, Ботагөз тағы басқа саналы таптардың араласқан күресі, ұшқынынан шыққан өрттей, ұлғая, қанатын жая келе бүкіл қазақ өлкесін қамтыған ұлт-азаттық қозғалысқа, Октябрь революциясы үшін болған ұлы күреске ұштасады. Жазушы қоғамдық өмір, дәуір бейнесін елестетуде, уақиға, тартыстардың қазығы болып отыратын жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің өмір жолын баяндауда дайын схемаларға ұрынбай және бұрын өзі жазған романдардың кемшілігіне қайта оралып соқпай, жаңа творчестволық іздену жолына, қалыптасқан суреткерлік әдісті берік пайдаланады.

Арқадағы сұлу жер Бурабайдағы Ботагөз, Балғабек, Кузнецовтардың бір елге әмірін жүргізуші болыс Итбайдың, халық батыры Амантай мен мұғалім Асқардың, тағы басқалардың мінез-құлқын, өмір жолдарын нақты бейнелей отырып, жазушы сол кейіпкерлер араласқан қызықты шиеленісі, қат-қабаты мол өмір шындығын жарқын суреттейді. Ол шындық тарихтың фактысы ретінде жалаң баяндалмай, сюжет нанымды тартыс түйіндері арқылы беріледі. Романда 1913 жылдан 1919 жылдың арасындағы қазақ аулының қоғамдық өміріне тән күрделі уақиғалар, күрес тартыстар да, даланың Омбы, Петербург, Қызылжар қалаларымен байланысты саясат дүниесі кең көрінеді. Жазушы романның сюжет өрісін үнемі дамытып, өрістетіп алған. Сан алуан объектімен байланысты уақиғалар, орыс жазушыларының романындағыдай, өз алдына дами отырып, жалпы тұтас сюжет желісіне жинақталып, ширап отырады. Бір тарауда Итбай аулындағы оқиғалар, өмір көріністері кең суреттеліп отырса, сонымен қатар Бурабайда, қалың орман, тау арасында да, Омбыда да, Петербурда да, майданда да, басқа ауылдарда саласала уақиғалар қатар дамып, шиеленісіп Асқар, Амантай, Ботагөз, Алексей, Итбай сияқты негізгі образдардың айналасына жинақтала, түйінделе береді. Шығарма сюжетінің тартымды, жинақты болуы, басты образдардың

өмір жолы қызықты суреттелуі романның құрылысындағы (композициясындағы) үлкен шеберлік, бұл классик орыс, европа жазушыларының роман жазу өнерінің үлгісі.

Романның композициясын дұрыс, шебер құру дегеніміз осы жанр ерекшелігін еркін игеріп алу деген сөз.

Сәбит орыстың озық әдебиетінен қандайлық үлгі, өнеге алып үйренгендігін поэзиясынан жақсы білетін болса да, енді осы романды жазуда да сол үйренгендігі, үйреніп отырып өзінің Сәбиттік ерекшелігін, яғни романды көп планды, қызық сюжетті жаза білетіндігін толық танытып отыр. Демек, «Жұмбақ жалау» романы — социалистік реализм әдісімен қаруланған, біздің халқымыздың ерлік күрес тарихына үлкен суретшілік тұрғыдан қарап жазылған шын мәніндегі көркем шығарма. Көркем шығарманың жаны адамдар образының қалай жасалуында ғой. Романдағы негізгі жағымды образдар Асқар мен Ботагөз, Асқар — қазақ интеллигенті, халық оқытушысы. Қазақ халқының бақытты , мәдениетті болуын, патшалық Ресей мен қазақтың феодал байларының шаруашылық және рухани қысымынан қазақ халқының азат болуын арман еткен, халықтың адал ұлы, қанаушылық, талаушылық, қысым атаулыға ханымен қас — гуманист, халыққа бақыт іздеу жолында Лениндік коммунист партиясын тапқан, шын бақытқа шығу жолы социалистік революция екенін түсінген большевик революционер, интеллигент. Асқар образының мазмұны осындай.

Асқар образының мұндай болуы қазақ жағдайының шындығына жата ма? Толық жатады. Теориялық, мәдениеттік майданымызда бірталай уақыт теріс көзқарас таратып келген кейбір тарихшылар — революцияға дейінгі қазақ интеллигенттерінің бәрі бірдей алашордашыл болды, өйткені оларды бастаушы Бөкейханов, Байтұрсыновтар еді — деп соқты, бұл — бір. Екіншіден, қазақ халқынан революциялық күреске араласқандар болмады, әйтеуір болып қалған революцияның жемісіне «әзір асқа» ие бола кетті деп соқты. Мұның барлығы біздің тарихымызға көріне жала, қиянат еді. Енді бірқатар совет жазушыларымыздың шығармаларында революцияға дейінгі интеллигент образы екі жақты бейнеде, бірде халық жағына, бірде алашорда жағына қосылып кететін тұрақсыз, табансыз адамдар бейнесінде көрсетілген еді. Бұлдағы шындықты дұрыс көрсетпеудің бір көрінісі еді.

Революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясының таптық сыры туралы мәселе Сәбит романында жаңаша

қойылып отыр, байшыл, ұлтшыл интеллигентпен қатар халықтың демократиялық революциялық қозғалысына араласқан интеллигенттер де болғандығын Асқар, Ботагөз образдары арқылы көрсетеді.

«Жұмбақ жалаудағы» Асқар арқылы жазушы қазақ интеллигентінің типтік жаңа образын, социалистік реализм принципіне сыйымды образды суреттейді. Әрине, Асқар бірден большевик бола қоймайды. Ол орыс большевиктерімен сырлас болғанынша қазақ халқын азат ету — ұлттық тар шеңбердегі ұлтшылдықпен ұштасқан қозғалыс жолы деп түсінеді, ұлтшылдар, қазақтың шын қамқоры деп ойлайды. Ол ел талағыш, қиянатшыл, залым Итбайдың қылықтарына, момын қазақты қамшысының астына алып, көшеде жығып салып тепкілейтін зорлықшыл, топас патшаның қарғылы төбеттері — пристав, стражниктердің сойқандарына қатты қарсылық білдіреді де, бірақ ол осы қорлықтан құтылудың жолын таба алмай, көп ойланып, толғанады. Асқардың өсу жолы, бір жағынан, дос санап жүрген адамдарының қас екенін, күрес, тартыс үстінде айырып білу арқылы жетіледі. Екінші жағынан, Асқар орыс большевиктері — Кузнецов, Булатовтардан тура тәрбие алады, оқиды, ұлттардың азаттық алу мәселесін пролетариат революциясының бір міндеті есебінде қолға алу керектігін Ленинның еңбектерінен тікелей оқып түсінеді. Бұрын Асқар патшаның жауыздығына, қанаушылардың айуандық қылықтарына тек қазақ халқы ғана қарсы ғой деп түсінетін болса, Петербурға барғанда орыс пролетариаты патшаға тек қарсы болып қана қоймай, қарсы қимылды белсенді күрес арқылы — патшаны құлату, жою, билікті қолға алу жұмысына кірісу арқылы жүргізіп жатқанын көзімен көреді. Асқардың өсу жолының екінші жағы осылай жетіледі.

Сөйтіп, Асқар большевик революционер болу дәрежесіне ұсақ буржуазияшыл гуманизм, махаббат, жастық әуеніне түсушілік жолдарынан өтіп, күрес, тартыс тәжірибелеріне бірте-бірте төселу арқылы жетеді.

Асқар образының бір айырмашылығы — ол орысша оқыған білімді, тәжірибеде алымды. Орыс большевиктерінен алған тәжірибесін, кітап дүниесінен алған білімін де, өмірдегі күрестен алған үлгісін де, өз бетімен іске асыра біледі.

Біздің бірқатар жазушыларымызда қазақтан шыққан революцияшыл бейнелі образдарды жасанды, қуыс кеуде жан иесі қылып көрсетушілік бар. Бұлар басшылық алып

үйрену дегенді теріс түсініп жүр. «Чапаевтағы» Фурмановты көріп алып осыдан штамп, схема жасап алған. Ақынжановтың пьесасындағы Исатай, Мүсреповтің «Амангелді» пьесасындағы Амангелдісі де, Тәжібаевтың «Терең көліндегі» Болаты да өз бетімен қиын істердің түйінін шешіп, ұлы күресті бастап кетуге дәрменсіз. Бұл образдарда өзіне тән ерекше сипат, мінез аз болады, саналы, еркін творчестволық оймен батыл күреске араласу әрекеттері сезілмейді, көбіне дайын бұйрық, дайын ережені мүлтіксіз іске асырушы сияқты. Жағымды күрескердің жүрегінен ұлы бостандық жолына арналып, қайнап шыққан шын сезім, шын ерліктің жан жалыны (страсть) шалқып еспейді. Қазақ арасынан шыққан күрескер революционерлердің бейнесін бұлай бір жақты, дайын схема түрінде көрсету өмір шындығынан алыстаудың бір көрінісі болып табылады.

Ал «Жұмбақ жалаудағы» Асқар — жансыз, схемалы қалыптың адамы емес, ол тарихи өмір шындығына сиымды, көркемдік шешімі табылған образ.

Ол орыс революционерлерінен басшылықты, білімді жеткілікті алады, өзі оның бәріне соқыр сезіммен емес, саналы, шын жүрегімен түсінеді. Ленин партиясының жолына жан-тәнімен беріледі. Осындай саналы революционер болып шыныққан Асқар азамат соғысы кезінде, қиын-қыстау тартыс, астыртын күрестер үстінде жұмысты өз ынта-жігерімен басқарып жүргізіп кетеді. Өзінен білімі, тәжірибесі аз әр ұлттан құралған партизандардың, қайсысына болсын басшылық көрсетеді. Асқар политкомиссар да, командир да, үгітші де болып жұмыс жүргізеді. Міне, бұл — қазақтан шыққан большевик-революционер, интеллигенттердің шын образы. Бұл — қазақ совет әдебиетінде осы уақытқа дейін болмаған жаңа образ, қазақтың бұқарашыл интеллигенциясының ролін мейлінше көтерерлік, революциялық күрес тарихымызда интеллигенттің ролін айрықша бағалайтын образ.

Асқардың образы тек әлеуметтік әрекетімен ғана көрініп қоймайды, ол жеке қара басымен байланысты іс-әрекет, мінезімен де көрінеді. Жазушы Ботагөзбен екеуінің арасындағы махаббатқа көп мән береді, әрине, бұл махаббат интригасы әлеуметтік тартыс желісінде суреттеледі. Асқардың Ботагөзге қосылу жолындағы түрлі әрекеттердің барлығы да әйелдің бас бостандығы үшін күрес, ал ол күрес — Итбайдың зорлық-зомбылығына қарсы күрес еді.

Әлеуметтік күрестің бір саласы, Асқардың әрекеттері-

мен бірге, ішкі күйлері арқылы (ойы, қиялы, нәзік сезімдері, психологиясы) әр жағдаймен байланысты кең, еркін көрінеді. Асқар, бір жағынан, халық өмірі жайынан, революция жайынан терең ойға бататын, зор ақыл иесі саналы адам болып көрінсе, екінші жағынан, сүйіп, күйе білетін махаббатжанды жас жігіт болып көрінеді. Асқардың сұлу Көкшенің бауыры Бурабайда Ботагөзбен кездесулері, сол кездесулердегі оның нәзік ішкі жан толқындары, қатал күрес үстінде бірте-бірте қалыптасқан достық пен махаббаты олардың болашақ бақытты өмір туралы ұлы арманмен ұштасуы романда нанымды, қызықты суреттеледі. Асқар ұсталып абақтыға түседі, айдалып жер ауады, қуғын, сүргін көреді, соның бәрінде ол революциялық күрес жолына да, Ботагөзге деген махаббатқа айнымас берік беріледі. Сөйтіп Асқар, бір жағынан, ағартушы-демократ, революция солдаты — жауынгер, саяси алғыр комиссар болып көрінсе, екінші жағынан сүйген жарына, жақын досына, сорлы адамдарға жан жүрегімен мейірімді, қамқор, ақ көңіл, бауырмал кейде қуана, кейде қайғыра да білетін гуманист адам болып көрінеді. Амантаймен, Кузнецовпен, Ботагөздің үй ішімен достық қарым-қатынас жағдайында да Асқардың адамгершілік сыр-сипаты нақты елестейді. Асқар образын қоғамдық әрекет жағынан да, адамдық дара қасиеті жағынан да бұлай нақты көркем суреттеу — жағымды кейіпкердің тарихи тұлғасын шын елестету болып табылады.

Асқар образының түп тұлғасы (прототипі) табыла ма деушілер бар. Меніңше, 1912 жылдан революциялық күрес жолына түскен Әліби Жангелдиннің, осы жолда құрбан болған Әділбек Майкотов, Нұрғали Құлжановтың өмірлерінің өзі-ақ Асқардың тарихи шын типтік образын жасауға мүмкіндік береді.

Романда тарихи өмір шындығын түйіндеп, көтеріңкі романтикалық леппен суреттелген күшті орталық образ — Ботагөз.

Ботагөз — қазақтың оқыған саналы әйелі. Революцияға дейінгі қазақ әйелінің өмірі, халі ылғи трагедияға толулы еді, халықтың тұрмыс-салт жырларынан бастап, XX ғасырдағы ақын-жазушыларымыздың шығармасында қалың малға сатылып, сүйгеніне бара алмаған, өз қара басына теңдік, махаббат еркіндігін көксеу жолында зор қайғыға, ауыр азапқа ұшырап, құрбан болған қазақ қыздарының образы көрсетілуші еді. Әрине, бұл қазақ жағдайының жалпы шындығы екені даусыз. Алайда

қазақ әйелдерінің образын бұлай көрсеткенде дәл революция алдындағы жағдаймен байланысты бір шындықтың беті бүркеулі қалып қоюшы еді. Бұл — қазақ әйелінің саналылығы, қоғамның саналы ақыл иесі екендігі, ол тек махаббат үшін ғана күресіп қоймай, жалпы адамдар бақыты үшін де күресе алатын қауым екендігі әдебиетімізде көмескі еді.

Ертегідегі Қарашаш даналығы, Айманның бас бостандығы жолындағы тапқырлығы болмаса, әйелдердің қоғамдық күресі туралы бізде жөнді ешнәрсе жазылмады. Міне, осы олқылық тұрғысынан қарағанда Ботагөз — бүтіндей тың образ. Бұл образдың бойында жалпы қазақ әйелінің басында болатын ортақ сипаттың үстіне, ол — европаша білім алған, өзінің ойы, ақылы, сезінуі бар, орыс, европа әдебиетін оқумен тәрбиеленген қыз.

Қазақ әдебиетінде мұндай образды тудыру — жазушының үлкен творчестволық еңбегі. Ботагөз кім? Ол — оқыған, саналы қазақ қызы, өз қара басын ескіліктің зұлымдық әдет-ғұрпынан қорғай білген, жауыздыққа қарсы, әлеумет өміріндегі теңсіздікке қарсы намысты жүректен күресе білген жігерлі, қайратты әйел. Ботагөз жақсы күйеуге тиюді ғана мақсат еткен традициялы образ емес, ол — жақсы жарды ыстық жалынды махаббатпен сүюді бас бостандығы, ар, намыс бостандығы, адамдар бақыты жайындағы ұлы правомен байланыстыра білген ақыл иесі саналы қазақ әйелі.

Ботагөз Асқарды сыртқы сұлулығына ғана, білімділігіне ғана қызығып сүймейді, оның езілген бұқараның қамқоры, ақылшысы, жанашыры екендігі үшін, жауыздыққа мейірімсіз қас екендігі үшін сүйеді. Ботагөз — Асқардың қара басына, не өз қара басына, не өз туыскандарының қара басына ауыр күндер туғанда жасымайтын, төзімді, өзін үнемі ерлік, жігерлілік дәрежеде ұстай білетін оптимист әйел. Ол барлық жерде Асқардың қорғауымен болмай, оның керісінше Асқарға да, Асқардың достарына да қорған бола біледі. Ботагөздің қоғамдық күрестерін, Асқармен екеуінің қарым-қатынасын логикалық күші берік нанымды шытырман уақиғаларға байланысты жан-жақты әңгімелей, сол сүйікті кейіпкерін нелер қатал өмір сындарынан, нелер ауыр жан күйзелістерінен өткізеді. Бір үйлі жанды асырап отырған ағасы Балғабай ұсталып кеткен, жеңгесі ауру, әл үстінде жатады, міне, осы кезде Ботагөзді Итбайдың адамы зорлап алып қашады. Екінші бір жағдайда ағасы Балғабай дарға тартылып өледі. Қатар өмірдің осындай өте ауыр соққы-

ларына ұшыраған Ботагөздің ішкі жан күйзелісін, сезім дүниесін жазушы айқын елестетеді.

Жазушы Асқар мен Ботагөз арасындағы достық пен махаббатты бұлардың семьялық тұрмысын, сүйіспеншілігі күшті берік семья жөнінде жаңа көзқарасты, жаңа советтік этиканы ұсынады. Екі жас бір-бірін революциялық күрес үстінде де сүйеді, махаббат жалынды, ыстық-ақ болуы мүмкін, бұларда нәзік сезімдер мол болады, бірақ мұның барлығы адамдар бақыты үшін күрес мақсатынан жоғары арман емес, махаббат революциялық күрес мақсатына бағыныңқы түрдегі құбылыс деп қарайды жазушы. Бұл жазушының өзінің бұрынғы «Адасқандар» романындағы «таза махаббатты» дәріптеушілік принципіне қарама-қарсы дұрыс көзқарасты көрсетеді.

Ботагөз образы тарихи өмір шындығынан тым биік, өсіріліп көрсетілген деп дау айтатындар бар. Шындықты романтикалық ажармен әсемдеп, нанымды суреттесе, ол социалистік реализм әдісіне қайшы емес екенін Горькийдің творчестволық тәжірибесі толық дәлелдеді. Оның бер жағында, бұл образдың тарихи шындық негіздері де жоқ емес. Революцияға дейін орысша оқыған қазақ қыздары әр облыста болған. «Айқап» журналының бетінде өлең, мақала жазатын қазақ қыздары, 1914 жылы Семей қаласында жағрафиялық қоғамның мәжілісінде Абай туралы орысша баяндама жасайтын Нәзипа Құлжанова — бәрі де білімді, оқыған әйелдер. Демек, Ботагөз образы қиялдан туған емес, болған, болуға мүмкін өмір шындығынан түйінделіп жасалған. Міне, сондықтан да бұл Ботагөз — қазақ әдебиетінде жаңа образ, жазушының творчестволық ізденуінен туған кесек тұлға.

Қызықты өмір жолымен көрінетін халық батырының жарқын тұлғасы Амантай даңқты халық батыры Амангелдінің тарихи образын еске түсіреді. Романда Амантайдың өмірі арқылы Амангелді образын кеңінен сипаттаған деуге болады. Амантайдың патшалық құрылысқа, Итбай сияқты болыстарға қарсы кекті күресі нанымды, ол әсіресе 1916 жылғы халық көтерілісіне байланысты өте айқын көрсетіледі. Амантай жасынан кедей — аз ата, әлсіз рудан шыққан. Патшаның ұлықтарынан, қазақтың болыс, билерінен қуғын көреді, бірақ ол өзіне қуғын көрсеткен жуандардың, ұлықтардың алдына бас имейді, сол кездегі қазақ жағдайындағы әділетсіздік, жауыздық атаулының барлығына қара күш пен (бунтарлық) қарсы батыл күреске шығады; ол ел көзінде батыр, ер жігіт атанады, оның жүретін жері, паналайтын мекені

Бурабайдың қалың орманы мен қия жартас таулары арасындағы орманшы Березкиннің үйі. 1916 жылғы көтеріліс, онан кейін азамат соғысы дәуірінде халық мақсатын табанға таптағандарға, алашордашыларға қарсы күрес үстінде ол шыңдалып өсіп, халық қозғалысының жетекшісі болып шығады. 1916 жылы көтеріліс кезінде Амантай бастаған топқа үш дуан елдің халқы келіп қосылады. Халық көтерілісі патша үкіметіне қарсы айбынды, қаһарлы күш бейнесінде суреттеледі. Көтерілген елді басуға шыққан жазалаушы жасақтарға Амантай бастаған сарбаздар қатты қарсылық жасайды, жауға оңай берілмейді де.

Жазушы Амантайды қайратты, батыл, ер тұлғада сипаттаған да, оның саяси сана-сезімін, рухани дүниесін де ашып көрсетеді. Ол өзі белсене араласқан күрестің мақсатын әбден ұғынған, неге де болсын сенгіш, аңқау, аңғал мінезді қара күш иесі емес, заманындағы күрделі, қиын істердің жайын түсінетін қырағы, алғыр да, шытырман қиындықтардан құтылып кете алатын айлалы, тапқыр да. Амантайдың осы сипаттары (Амантайдың айдаудан қайтып келуі, тұтқыннан қашып кетуі, түнгі атыста аман құтылуы, жауға шабуыл жасау әрекеттері, Ботагөзді құтқаруы), европаның шытырман оқиғалы (приключенческий) романдарының үлгісінде берілгендігінде байқаймыз. Амантай образдарының бойына мұндай іс әрекеттер өте сыйымды және романның сюжет өрісін қызықтандыра түседі. Бұл сықылды озық мәдениетті елдер әдебиетінде бар жазушылық үлгі, қазақ әдебиеті үшін де, автордың творчествосы үшін де үлкен жаңалық, мұнымен әдебиетіміз молыға, толыға түседі.

Жағымсыз образдардан айрықша көрінетін — Итбай Итбай қазақтың аулындағы жай жебір болыс емес, ол — елді ғана қан қақсатып талап жеудің үстіне, қазақ даласындағы патшаның оң көзіндей итаршы төбеті, тыңшысы. Патшадан шен, шекпен алған үлкен феодал Итбай елді өзінің уысында ұстап, бірде ашық зорлығымен, бірде ізі-түсін білдірмейтін алаяқ, қулық, жебірлік әрекеттерімен көзге түседі. Итбайдың Николайдың 300 жылдық тойына арнап шақырылып Петербурға баруы, жергілікті орыс әкімдерімен, тіпті ояз бастығымен де иық теңестіріп отыратындығы, өзіне қарсы келгендерді талқандап жіберетіндігі, бұл образдың кесек тұлғасын байқатады. Итбай, бір жағынан патшалықтың қысым, талау саясатын, екінші жағынан, елде рушылық, ақсақалдық қатал әдет-ғұрыптарды мықты ұстайды. Мұны жазушы Итбай-

дың үй тұрмысын, өзіне тән даралық мінез-құлықтарын, Ботагөзді зорлықпен алу әрекетін, генерал-губернатор Сухамоловпен кездесуін, Петербурға барған өмірін нақты суреттеу арқылы көрсетеді. Ал 1916 жылғы көтеріліс кезінде Итбайдың ызалы халық қолынан өлуі табиғи заңды да.

Итбай 1916 жылға дейін қарсы тартыстың мықты туы болып тірі келгенде де болатын еді, бірақ оны 1916 жылғы көтеріліс үстінде өлтірумен жазушы көп ұтқан. Әсіресе Итбайға деген халықтың ыза-кегі соншалық қаһарлы екені, міне, осы жерде өте айқын беріледі. Итбайды өлтірудің өзі, біздің осы уақытқа дейін жазылып келген болыстардың өлтіруіндей оңай берілмейді, осы өлім үстінде екінші қатардағы адамдардың (образдардың) өзіндік мінезі, ішкі сезімдері, тосын ерліктері шебер суреттеледі. Бұған Бүркітбай мен Балғабай образы дәлел. Бүркітбай Итбайдың қолындағы атыпкел, шауыпкел жігіті, Итбай қандай қылмысқа жұмсаса да мүлтіксіз орындайтын, тіпті бір кездерде Ботагөзді Асқардан қызғанып, Итбайға алып беруге әрекет жасайды. Мені бақытқа жеткізетін жалғыз-ақ адам — Итбай деп ойлайды. Өзінің шыққан тегі — жалшы, кедей, тек етінің тірлігі, пысықтығымен байға жағып жүрген болатын. Бұнымен Асқар сан рет сөйлесіп, сенің бұл жүрісің арсыздық, намыссыздық деп талай айтса да, оны Бүркітбай құлағына .де ілмеген. Міне, 1916 жылдың ұлы қозғалысы басталды. Кім-кімдік екені көрінді, майданның қара жұмысына кімдер баратыны болыс үйінде сөз бола бастайды. Алынғандардың тізімінде Бүркітбайдың өзі де барлығы сезіледі, осыдан былай қарай Бүркітбайдың іші мұздап сала береді, ол Итбайдың халыққа істеген зұлымдығын, қиянатын айқын сезе бастайды. Итбаймен бірге зұлымдықты судай сапырып талай қиянатты бірге істегендігін түсініп, іштей қынжылады, қалайда Итбайға қарсылардың — өз табы, қалың бұқараның тобына қосылғысы келеді. Ол үшін алдымен Амантайды іздеп тауып, Ботагөзді азат етіседі, онан кейін Итбай аулына Амантайлар шабуыл жасағанда тығылып жатқан Итбайды тауып береді де, өзі сол көтеріліске араласып кете барады. Мұнан былайғы жерде Бүркітбай Амантайдың ең сенімді, ең мықты, ең қайратты серігінің бірі болады. Міне, бұл — (Бүркітбай) өзінің өсу жолымен берілген образ.

Ботагөздің ағасы Балғабай ағайынды үшеудің ішіндегі жуасы да, момыны да, алып қара күш иесі ғана.

Итбай үйінің қара жұмысын күні-түні істей беруден басқаны білмейтін сияқты еді. Бірақ Балғабайдың андасанда жарқ еткен оқыс мінездері байқалып жүреді. 1913 жылы Итбайдың үйіне келген урядник пакет ұрладың деп жәмшік інісі Кенжетайды өлімші қып сабағанда оны көріп тұрған Балғабай бір ауыз тіл қатпайды, бірақ ол іштей тынған, ызаланған, кектенген, сол күні кешке Асқар Итбайдың үйіне кіріп келе жатқанда есіктің дәл аузында қолында қайраулы өткір балтаны ұстап, қалшылдап тұрған Балғабайды көреді. Асқар Тұяқбай балаларының ішіндегі ынжығы, жігерсіз, жасығы Балғабай деп түсінуші еді, енді Балғабайдың мына қалпын көріп, оған іштей сүйсінеді де, сүйсіне тұрып ақыл айтып, оны қол күш жұмсаудан тоқтатады. Ал Итбайды өлтірген күні Балғабай тіпті жарқын көрінеді, екі ағасын айдатып жіберген, Ботагөздің қара басын қанша әуреге салған Итбайға мейлінше кекті, ызалы екендігін сөзбен емес, тағы іспен көрсетеді, оның мінезі де, күші де қара балғадай томырық болса, ісі де соған ұқсас. Халық Итбай аулын шауып, оны ортаға алып, өлтіруге батпай тұрғанда Балғабай топты қақ жарып, қолындағы қайраулы қара балтаны Итбайдың қыл мойнынан сілтейді, қаны қас ежелгі жауынан кек алып айызы қанғандай жайраңдап, топ алдына ойқастап шыға келеді. Жуас, момын адамнан қандайлық үздік ерлік, батырлық қимыл туғандығы, міне осы Итбай аулын шабу оқиғасына байланысты айқын сипатталады.

Романда недәуір жарқын көрсетілген орыс большевиктері Кузнецов пен Булатов. Кузнецов қазақ даласымен тікелей араласы бар, Қазақстан жеріндегі орыс, қазақ революционерлерін, соның ішінде, Асқарды да Омбы, Петербурдағы большевиктік орталық ұйымдармен байланыстырушы, солардың нұсқауын іске асырушы практик революционер болса, Булатов — революциялық қозғалыстың аса көрнекті идеялық жетекшісі. Міне, осы Булатов Асқардың идеялық қалыптасуына күшті ықпал жасады. Ол революциялық күрес жолында шыныққып, табанды, қажырлы жұмыс жүргізуде Асқарға үнемі жетекші, ұстаз Булатов Асқардың рухани дүниесінен мықтап орын алғандығы сондай, ол жоқ жерде де Асқар оны өзімен бірге санайды. Онымен әрдайым іштей сырласады. Булатов романның бес-алты тарауында ғана суреттелгенінің өзінде орыс большевигінің іргелі зор тұлғасы болып елестейді. Асқардың әрбір ісінен Булатовтың басшы-

лығы — Лениндік коммунистік партияның басшылық ролі айқын көрінеді.

Айрықша бір сүйсінетін нәрсе — қазақтың күрделі романында ұлы көсем Лениннің образы суреттелуі. Эпизодтық көлемде ғана суреттелгеннің өзінде Аскар сияқты қазақ жасының ұлы көсемге деген ықыласты сезімі өте нақты көрсетіледі. Аскар Лениннің Финляндиядан келгенін қарсы алған демонстрацияға қатынасады, міне, осы демонстрацияда Ленинді миллиондаған орыс пролетариаты қандай жан-тәнімен сүйетінін көзімен көреді, өзі де Ленинді жан-тәнімен сүйеді.

Романда алашордашыл ұлтшыл Мадиярдың образы біркыдыру айқын. Мадияр залым, айлалы, сонымен бірге Аскар сияқты халық қамқоры болған, халықтың революцияшыл көтерілісіне қосылған, большевик-революционер болған адамдарға аса қатал, мейірімсіз, оңай алғыза қоймайтын айлалы жау.

Алексей Кулаков — бұл қазақ орыс офицері, контрреволюциялық күштің туын мықтап ұстаған, 1916 жылғы халық көтерілісін қырғынға ұшыратудан бастап, азамат соғысы кезінде большевиктерге қарсы аса қатерлі күш болып күреседі. Алексей романның басынан аяғына дейін толық көрінеді. Алейсей, әлеуметтік тартыс майданында ғана емес, сонымен бірге, жеке өмірімен, шытырман оқиғаларымен де сипатталады. Ол Бурабайдағы өз үйінде, Петропавл мен Омбыдағы қызметінде, Петербурда — жоғарғы қауым — офицер топтарының арасында да, 1916 жыл оқиғасымен азамат соғысы дәуірінде де Аскар, Амантай, Кузнецовтарға қарсы тартыстың белді адамы тұлғасында елестейді. Алексей — патшалық құрылысты жақтаушы баскесер, қатал адам болумен бірге, әйел қауымы ортасында нәзік сезімді, тәкаппар мінезді сері жігіт, көрікті әйел көрсе құмарлық сезіміне ерік беретін бұзық адам.

«Жұмбақ жалау» сияқты жаңа, кесек туынды туралы пікірлерімізді бір мақалаға сыйғызу қиын. Біз бұл шығарманың ең негізгі сәтті жақтарына тоқталдық. Романға айтатын сынымыз бен талаптарымыз да бар. Романды оқыған адамдар, соның ішінде Аскар өзінің білім дәрежесінде сөйлемейді, көбіне ауыл жігітінің ой-өрісінде сөйлейді. Марксизм-ленинизм философиясын да, тарихты да, әдебиетті де жете білетін Аскардың диалогтарында, іштей ойланып, толғанған сөздерінде терең мағыналы тапқыр, шешен ойлар түйдек-түйдегімен келіп отырса нұр үстіне нұр ғой. Кейде саяси мәселелерді түсіндіруі

тым жалаң. Амантайға Асқар орыс еңбекшілерінің патшаға қарсы күресін, оны бастаушы Лениннің есімін 1916 жылғы көтеріліс талқандалып аяқталған кезде айтады. Амантайдың бұған дейін неге айтпадың деген сұрауына, Асқар ұмытып кетіппін деп жауап береді. Большевизм идеясымен қаруланған адам саясат, күрес мәселесіне бұлай жеңіл қарамаса керек.

Ботагөз образын әлі де болсын толықтыра, жетілдіре түскен мақұл. Ботагөз оқыған, өжет, пысық әйел делік, бұл өте орынды, нанымды да, бірақ ол барлық қиыншылықтан кездейсоқ құтылып кетеді. Итбайдың қарамағынан Бүркітбай мен Амантайдың көмегі арқасында құтылсын-ақ, ол Қызылжар қаласында Алексейдің қарамағынан құтылуы, онан кейін Алексейдің қолында, тұтқын болған жерде, ешбір қорлық, қиыншылық көрместен тағы оңай құтылып кетуі, тіпті Ботагөздің Асқарсыз өмірінің көбі үлкен қауіпті, өлім, ажал алдындағы жағдайларда өтсе де ол қайғылы, мұңды халде бола алмайды, ылғи мойымас батыр қалпынан айнымайды. Әйелде болатын осалдық, әлсіздік, нәзіктік деген ерекшеліктер Ботагөзге де тән емес пе? Қазақ жағдайына нанымсыз келетін бір жері — Ботагөздің Асанға жалған әйел болып келуі, Асқар ұсталып, кеткеннен кейін, оның досы Асан Ботагөзге ұшырасып, елге алып қайтады. Елде алашорданың оң көзі саналатын байлар бар, солардан жасыру үшін Ботагөзбен екеуі жолда ақылдасып, ауыл, ел көзінде Асан Ботагөзді әйелім дейді, екеуі бір төсекке жатып, тұрып жүреді. Асанның шешесі де шын келінім деп түсінеді, мұның өтіріктігі көп ұзамай ашылады. Бұл сықылды оңай тәсіл қазақ өмірінің ешбір шындығына жанаспайды. Бұл қазақ жағдайында болмаған, болуға мүмкін емес нәрсе.

Романда басты образ Амантайдың қоғамдық күресі недәуір көтеріліп суреттелсе де, оның үйі, бала-шағасы, туысы, семьялық өмірі мүлде көмескі. Оның ең алғашқы күресі атамекен жерін жоқтаудан басталады ғой, олай болса ол жерде оның үйі, ауылы болған. Романда Амантай тек қоғамдық дүниенің қатып қалған адамы емес, онда туыстық сезім — баланы, әйелді сүю сезімі де болу керек, өз үйінің қамы да, жолдасына, досына көзқарасы да көрінуі керек, міне, бұл жағынан алғанда Амантайдың рухани дүниесі толық емес. Бұл — бір. Екінші жағынан, Амантай романның біркатар жерінде жоғалып кетеді. Өте-мөте оның партизан отрядын бастаған қимылдары көрінбейді. Үшіншіден, Амантайдың азамат соғысы кезінде елмен, бұқарамен байланысты әрекеттері, істері тіпті

аз. Міне, мұның бәрі — Амантай образының олқы жақтары. Асанның партизандығы, Итбайдың інісі Елікбайдың Итбай әрекетін тағы да ілгерілетпекші болуы — бәрі схемалы, үстірт, әрі жете суреттелмеген.

Әдеби тілдің нормасы тұрғысынан алып тексергенде романның тілінде бірталай кемшіліктер кездеседі. Ауыр, қиын, сөйлем құрылысындағы ұқыпсыздық, мақалды орынсыз көп қолданушылық, романның кей жері, әсіресе соңғы білімінің бірқатар жері өмір картинасынан гөрі, азамат соғысының тарихи жайындағы публицистикаға айналып кеткені сияқты кемшіліктерді бас-басына талдап көрсетуге болады. Романды «Жұмбақ жалау» атаған. Бірақ шығармада жұмбақ жалау туралы тіпті аз айтылады. Романның осындай аталуын келешекте анықтап аша түсу қажет.

Қазақ әдебиетінде жаңа романның тууы — жаңа салынып біткен зәулім сарай сияқты. Ал әрбір жаңа біткен әдемі, зәулім үйдің әртүрлі міні де болуы табиғи нәрсе. Жаңа романның кейбір кемшілігін осы тұрғыдан, бұдан былай ескерсін деп айтып отырмыз.

«Жұмбақ жалау» романы — тіл көркемдік жағынан да, адамдар образын даралап беру жағынан да, идеялық мазмұны жағынан да, жазушылық мәдениеті жағынан да бүгінгі жұртшылығымыз аса көңіл бөліп, жоғары бағалайтын кесек құнды шығарма. Сондықтан қазақ оқушылары романды қолдан-қолға тигізбей қызығып оқуда. Роман жайында оқушы жұртшылықтың пікірі де өте мол. Халық сүйіп, қызығып оқыған шығарма қашанда болсын сол халықтың әділ бағасын алады.

1939, май.

Леонид ЛЕОНОВ

Республика Жоғары Советінің депутаты, академик-жазушы Сәбит Мұқанұлы Мұқанов талантының алдында басымды иемін. Ол аса ірі талант иесі еді.

ТАЛАНТ ТАБИҒАТЫ

I

Қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаған қарт жазушыларымыздың бірі алпысқа толды. Ал алпыс — аз емес; жас жігітке бұл бір кісінің ғұмыры секілденіп көрінуі ықтимал. Бірақ бір ғажабы, алпыс жылдығын бүгін тойлап отырған Сәбит Мұқановқа қарасақ сол алпыс дегеніңіз қылшылдаған жігіт жасы секілденіп кетеді. Олардың бет-өңі түгіл, ісінен, мінезінен мұқалған қайратты, түйтеленген талантты байқай қоймайсыз. Жылдар өтіп, жас ұлғайып кісі егде тартқанмен, рас, көңіл шіркін қартая бермейді. Ал алпысқа келген Сәбеңнің жүрегінде жас жігіттің ыстық қаны лүпіп соғып тұр десек, әй, өтірікші бола қоярма екенбіз. Сәбең әлі қуатты. Палуан тұлғасында Қап тауындай қайрат бар. Әдебиетіміздің алпысқа келген ақсақалы қазір жыл сайын екі-үш кітап беретін болып жүр. Бұл күш-қуаты қайтпай тұрғанда жазып қалайын деп ойлаған кісінің жанталасуы емес, бұл, бір есептен, Сәбеңдердің ізін басқан жастарға «қане, келіңдер, күш сынасалық» деп бәсекеге түсіп, шындап ұмтылған ең бір қызу шағы сияқты.

Сәбит Мұқанов алпыста. Соның қырық жылын саналы творчестволық еңбекпен өткізді. Сол қырық жылда қырық күн қаламының сиясы құрғап көрген емес десек, асырып айтпасымызды білеміз. Бұл — бір жағынан, жазушының еңбек сүйгіштігіне айғақ. Екінші жағынан, өз бойындағы табиғат сыйлаған асыл талант халықтың қымбат бір қазынасы. Табиғаттың сыйын халқына тарту ету, түбіне дейін қағып беруді мақсат еткен саналы ұлдың жан аямас еңбегі. Түптеп келгенде, бұл елді сүю, еліне адал қызмет ету еді.

Сәбит Мұқанов ата-анасынан ерте айырылды. Қаршадайынан кісі есігінде жалшылықта жүріп, бірде ат айдаушы көшір бала, бірде бақыршы бала, бақташы бала боп рақымсыз, қатал кісілердің қасы мен қабағына қарап күн кешті. Ата-ананың ыстық ықыласын, шексіз махаббатын көре алмай, жетім баланың көңілі қасаң тартып, өзі де қатал боп өсуге тиіс еді. Бірақ Сәбит Мұқанов ата-анасынан тумай жатып айырылғанмен, өзінің табын ерте тапты. Кедей таптың ыстық құшағын саялады. Рас, тар

заманда ішер ас, киер киімнен тапшылық көрсе де, адам баласының мейірімінен кенде боп көрген жоқ, халық мейірімі Сәбеңді де мейрімді етіп өсірді. Өзінің халқы, өзінің табынан өмір бойы көрген мейірімін кейін Сәбең халқына қайырып берумен келеді. Сәбеңнің творчествосын сөз етпес бұрын сол Сәбеңнің бойындағы бір ұлы қасиетін — оның өз табына деген шексіз сүйіспеншілігін айтып алғанды жөн көрдік. Өйткені жазушы творчествосының бір ұшы осында жатыр. Ал творчество деген не? Ол — ең алдымен бір жазушының ғұмыры, басынан кешкен өмір жолы, ұстаған беті. Сонымен, жазушы творчествосы дегеніміз жазушының жаны, рентгенге түскен ішкі сарайы.

Кісінің кейде өзге түгіл өзінен де жасырғысы келетін сезімдері болады. Кісі бетін қарып тұратын ондай сезім, әсіресе жазушыларда көбірек. Басқа кісі өзі ұялған сезімін сыртқа шығармай, жұрт көзінен жасырып қалуы мүмкін. Ал бірақ жазушының оған күші жете бермейді. Қанша жасырғысы келген сезімін де кейін бір шығармасында айтып қойып отырады. Өйткені жазушы жүрегінде оянған сезім — құй жақсы, құй жиіркеніші, жаман болсын — от алған таланттың бір-бір ұшқыны. Бұлт қанша қалың болғанмен жай оғының жарқылын бүркеп қала алмайтыны сияқты, жазушы жүрегінде ұшқындаған сезім де хатқа түспей, жұрт көзіне шалынбай қалмайды. Мұның аты — адалдық, кінәсіздік, пәктік; жазушыға бірден-бір қажет қасиет. Ата-анасының алдындағы баланың адалдығы сияқты, жазушының да өз табының, адам баласының алдындағыс шексіз адалдығы, жанының, жүрегінің тазалығы, бүгіп қалатын бір бүкпесінің жоқтығы қандай бақыт!

Сонымен, қазақ халқы Сәбит Мұқановты осынша неге қадірлейді? Оның творчестволық өсу жолы мен өмір жолының әрбір елеулі кезеңін неге ұлттық мереке етіп өткізеді? Бұған себеп көп. Соның ішіндегі ең бір басты себеп — Сәбит Мұқановтың өз табына, өз халқына деген шексіз адалдығы екені даусыз.

II

Сәбит Мұқанов алпыста!

Ал ол бұлақ бойында өскен құба тал емес. Ол — қия тасты жарып шыққан қара емен. Шыр етіп жарық дүниеге келгеннен бастап, қашан жаңа заманның есігін ашқанға дейін қатал өмірдің тепкісін көп көрген кісі. Бұл бір есептен

бір елдің болашақтағы ірі жазушысын үлкен жолға түсер алдында өмір өз сынынан өткізіп алғаны сияқты. Горький сияқты Мұқанов та өмірдің түбін көрді, өмірдің нағыз шығырау түбінен шықты. Совет үкіметі орнағанға дейінгі қазақ даласында төгілген халық жасы мен қасірет зарын, шер-шеменін көріп, жастайынан бастап халық мұңын жүрегіне түйіп өсті. Ақбас боранда ыққан жылқымен бірге үсіп өлген жалшыны көрді, сүйген жігітіне қосыла алмай, шалға қатын үстіне сатылған қыздың ащы зары құлағында қалды. Мұның бәрі — болашақ ақынның өмір жолы, сабақ алған өмір мектебі еді. Бұл Сәбит Мұқановтың ғана өткен мектебі емес, бұл оны өсірген таптың, кедей табының күрес үстінде өткен мектебі екені анық.

Қазақ — шағын халық. Тірлігіне талшық еткен мешеу шаруа түрі, ел мәдениеті мен экономикасын өсірмей, ғасырлар бойы етегінен басып, шерлетіп келгені белгілі. Сонан келе біздің халықта қай байлық та — табиғат байлығы да, рухани байлық та аз болған жоқ. Бірақ өз байлығына өзінің қолы жетпеді. Табиғат байлығы күні кешеге дейін жер астында тығулы жатты. Атам қазақ өздерінің көшіп-қонып жүрген кең даласының астында алтын, күміс жатқанын сезбеді. Өздерінің түйесі аунап жатқан жерде ертеңгі күні көмірлі, жезді, мысты, мұнайлы қалалардың сәулетті зәулім үйлері орнайтыны, мәдениет орталығы болатыны ойларына да кірмей, селт етпей өтті. Дәлірек айтқанда, күні ертең қатын-баласының аузына қайдан ас әкеліп саларын ойлап, түнімен дөңбекшіп жатқан қазақ түпсіз дүние байлығын жамбасының астына басып жатқанынан қаперсіз еді.

Ал халық бойындағы рухани байлық ғасырлар бойы ұйқыда жатты. Оны ояту үшін халықтың ұлттық санасын ояту керек еді. Совет үкіметі де дәл осыдан бастап, әуелі қара халықтың көзін ашты. Сонан кейін жер астында жатқан байлықты сол халықтың өз қолымен алғызып, халық игілігі мен рахатына жарата бастады. Бұл шақта жырмаға жаңа ғана шыққан жас Сәбиттер меңіреу, мылқау ұйқыдан ояна бастаған халықтың алып кеудесінен алғаш рет пыр етіп ұшқан жаңа дәуірдің — совет дәуірінің сәби балапандары еді. Биыл советтік республикамыздың қырық жылдық мерекесін тойлағалы отырмыз. Ягни Сәбит Мұқановтың да творчестволық еңбегі қырыққа толып отыр. Әрбір үлкен творчествосының тарихы біздің елдің ғажайып тарихымен бауырласып өсті. Бүгінгі той — халық тарихымен бірге жасасқан творчестволың тойы...

Бұл — шындық. Қайсы десеңіз, жазушы шығармасының кай бетін ашсақ та халық өткен жолдың ізі жатады. Әсіресе қазақ халқының кейінгі қырық жылдағы күрес жолдарын көресіз. Мұның шындығына сенгіңіз келсе, сіз бір сәт кейін жаққа көз салып, еліміздің өсу дәуірін еске ала қойыңызшы:

Ең алдымен, қазақ халқы бостандық алған 1917 жыл — бір кезең.

Онан бытыраңқы халықтың басын құрап, колхоздасқан кезі — бір кезең.

Онан, Ұлы Отан соғысы — ауыр сын жылдары — бір кезең. Оның бер жағында 1953-ші жылдан басталған жаңа дәуір қадамдарының қазақ топырағында туған нағыз шежіресі — Сәбит Мұқановтың творчествосы. Жазушының әр кезде туған шығармасынан сол дәуірдің өзіне тән тірлік-тынысы есіп тұрады. Сіз, бейне, қазақтың кең даласына кіріп кеткендей-ақ жан-жағымыздан көк майқара жусанның иісі аңқып, тынысың ашылып қоя береді. Сол даладан бірде Амантай, Асқар, Ботагөз, Теміртастардың жауға сермеген қылышы жарқылдап, ат тұяғының дүбірі естіліп тұрса, енді бірде жаңа өмірге жаппай бет бұрған көшпелі елдің ұл-қыздарының — кешегі қара батырақ Шоқпыттардың екпінін сезіп, өзіңіздің де аркаңыз қозып қалады. Оның бер жағында өз тұстастарыңыз Айбарша, Айжан, Сырбайлар шығады. Олардың ізін өкшелеп кешегі тың көтерген ерлер шығады. Мұның бәрі — жазушы қаламынан туған көркем образ. Егер, шын мәніндегі образ болса, сөз жоқ, заманының туын көтерушісі, тұлғасы да осылар; өз дәуірінің топырағын жарып шығып, сол өмірдің күнделікті қызу тірлігіне араласып жүрген нағыз ерлер.

Әдетте, Сәбит Мұкановтың шеберлігін сөз еткенде сыншыларымыздың ауызына алдымен түсетін бір жай бар. Біздің сыншыларымыз Сәбит Мұқанов сюжетті жақсы құрады, геройларды шытырман оқиғаның ортасына салып, шиеленістіріп береді дегенді бір ауыздан айтып жүр. Бұған біз де қосыламыз. Сонымен бірге, бұл арада бір айта кететін нәрсе мынау. Біздің сыншылар айтқандай, Сәбит Мұқанов жалаң оқиғаны қызықтап, оқиға қуып кетпейді. Ондай жазушы Мұқанов көтерілген қазіргі биікке жете алмас та еді. Біздің ойымызша, шытырман оқиғалар Мұкановтың геройларын өздері іздеп тауып отырады. Оның себебі, жазушының қай қаһарманын алсаңыз да «жеңілдің асты, ауырдың үстімен» жүрген тоғышарлар емес, замана жүгін аркалаған нағыз ерлер; жазушымыз

жырлаған заманымыздың батырлары! Сондықтан, сіз Сәбит Мұқановты заманымыздың жаршысы дейсіз бе, әлде шежіресі дейсіз бе — оның творчествосы осының қайқайсысына да сайма-сай. Қарт жазушы, шынында да, совет дәуірінің жаршысы да, шежіресі де. Қазақ халқының бүгінгі Сәбит Мұқановтың творчествосын мұншалық қадірлеп, ұлттық мерекеге айналдырып, отырған себебі де, міне, осы.

III

Сонымен Сәбит Мұқанов алпыста!

Халқына қызмет еткісі келмейтін жазушы болмайды. Бірақ халық олардың бәрін бірдей тани бермейді. Өзінің творчествосы арқылы халықтың халықтығын танытқан жазушы ғана ел құрметіне бөленбек. Сәбит Мұқанов дәл осындай жұлдызы жанып туған жазушы. Алпыс жылды артқа тастаған жазушы бізге қазақ әдебиетінің қарт батыры секілденіп көрінеді. Ілгеріректе айттық, әлде де қайталап айтайық. Сәбит Мұқанов осы өмірінде бір күн от басында белін шешіп, бейқам отырып көрмеген, үнемі жорық үстінде жортуылда жүрген кісі. Сондықтан болар, әлі күнге дейін қарт жазушы талай талантты-ақ деген жас жазушылардың алдын орап, халық жұмылған ұлы істердің бәрі де Сәбеңнің қаламына бұрын ілініп отырады.

Бір кезде Анатолий Васильевич Луначарский айтқан «пионер — экспериментатор жазушы»— дәл біздің Сәбең. Біздің елдің кең тынысты, ғажайып өмірі бұл күнде айлап, жылдап емес, қазір күн санап, сағат, минут сайын қаулап өсіп келе жатыр. Өскелең өмірдің артында қалып қоймай, өмір жаңалықтарына ілесіп отыру үшін жазушы үнемі ат үстінде жүруі қажет. Мұнан жазушы өз-дәуірінің жауыңгері ғана екен деген ой тумау керек. Жазушы, ең алдымен, өз заманының кемел ойшылы, киядан шалатын қырағы көрегені болуға тиіс. Сонда ғана жазушы совет дәуірінің алып қадамына ілесіп, алдыңғы шепте отырады. Демек, жазушы жаңа тақырыпқа шығарма жазу үшін Сәтбаев ашқан кен қоймасына басқа жұрттан бұрын барып, адам баласының қолына бүгінгі күні ғана түскен жер астының бай қазынасын жұмысшы қазақтың қолынан алып ұстап көруі, тіпті осы байлыққа басқа жұрттан бұрын қануы да жеткіліксіз. Жаңа тақырыпқа шығарма жазу үшін, ең алдымен, жазушы өзінің тұстастарына осынша рух берген құдірет-күштің — қозғаушы күштің сырын біліп

отыруы керек. Бұл, түптеп келгенде, жазушының позициясын белгілейтін бірден-бір фактор да болмақ. Сәбит Мұқанов, міне, дәл осындай партиялық позицияда нық тұрған жазушы.

Орыс халқының тамаша тарихшысы В. О. Ключевский: «Пушкин әлдекандай кездейсоқ бір сезімнің, болмашы ғана көңіл күйінің ақыны емес»,— деген пікірді айтқанды. Ключевскийдің осы пікірін түп-түгелдей Сәбит Мұқановтың творчествосына алуға болады. Мұқанов көңіл қытықтағандай сәл ғана әсердің, жылт етіп, сөне қалатын болымсыз бір сезімнің ақыны емес. Сәбит Мұқанов шапқан сайын құлашы жазыла түсетін кең тынысты жүйрік. Оның мықты бір бақыты — алпысқа келсе де жазуға әлі шаршаған жоқ. Халық та оның жазған шығармаларын оқудан жалыға қоятын емес.

Рас-ақ, Сәбит Мұқановтың оқушылары өзі сияқты қызу қандылау келеді. Бір есептен искусство шығармасы талас-тартыссыз болмайды. Ауызға ілікпей, үнсіз қалған шығарма тумай жатып өлген табыттағы өлікпен тең. Ал Сәбит Мұқановтың қай шығармасын алсаңыз да дуылдаған қызу айтыс үстінде өткені белгілі. Сәбит Мұқанов — үлкен реалист. Ол өмірде болған оқиғаны өз қалпында өзгертпей алып отырады. Шындықтың ұйтқысын бұзбау үшін, кейде, тіпті шығармасын қара дүрсіндеп алудан да қашпайды. Өмірде болған оқиғаны, өмірдің өзінен алған фактіні үнемі жазушы қиялының алдына салып отырады. Сәбит Мұқанов басқа жазушыларға қарағанда шығармасын көп жөндейді. Жылдар өткізіп жіберіп, қай шығармасына да қайталап соғып отырады. Оның себебі жазушы соның бәрінде де шығармасын өмірдің өзіне жақындата түскісі келген ниеттен туатын сияқты.

Рас, кейде, өмір шындығынан ауытқып кететін кезі болады. Ол да тектен тек емес. Сәбит Мұқанов — ақын адам. Қатты толқынбай қолына қалам алмайды. Ондайда жазушы табиғатын ақындық қызбалығы жеңіп, қолындағы поэтикалық материалға оқушыларынан бұрын жазушының өзі қызығып кетіп, өрескелдеу өсіріп алады. Бұл тұста бір айтатын нәрсе мынау: Сәбит Мұқановтың ілгеріректегі романдарынан кейінгі кездегі романдарында көзге түсетін бір ерекшелігі бар. Кейінгі кезде жазған шығармаларының сюжеттік желісіне адам сезімімен бірге халықтың этнографиялық мағлұматтарын, тарихи деректерін мол-мол кіргізіп, сезім мен ойды қатар жұмсап отырады. Бұл — кейінгі кездегі бар шығармасына тән. Кейінгі кездегі өлеңдерінде де суретші Сәбең мен публицист

Сәбең араласып кетіп отырады. Кейде, тіпті публицист Сәбең суретші Сәбеңнің алдына түсіп алып, жол бермей коятын да кезі болады. Бір жақсысы, оқушы көңілін сергек сезіп отыратын тәжірибелі жазушы өзінің публицистикасына қызық оқиғаларды көп-көп кіргізеді. Сонымен бірге оқушысы бұрын-соңды көрмеген соны жолға салып, дәл бір халық тарихын ақтарған ғұламаларша ой шиырына да алып кетеді. Ұмытылып бара жатқан ұлттық салт-сана мен әдет-ғұрыптардың бетін ашып, оқушысының қолына бір кез ескі дүниенің кілтін ұстатып та қояды. Мұның бәрі, сайып келгенде, оқушының ойын байытып, үлкен санаға бейімдейді.

Біз ойымызды жиектеп қалдық. Бұл мақаланы оқыған кісінің, сондай-ақ Сәбит Мұқанов творчествосында кемшілік жоқ па деп ойлауы ықтимал. Жазушының өз сөзімен айтқанда, Мұқанов та «сүйек, еттен жаралған» адам. Және нағыз адам. Басқалар секілді Сәбит Мұқановтың творчествосында да кемшіліктер бар. Сонан келе біз бүгінгі күні әдебиетіміздің сүйікті бір атасының алпысқа толған мерекесінде, оның таудай еңбегінің көлеңке жағына әдейі беттемей, сәулетті, күнгей бетінде қуанғымыз келеді. Тіпті, қаласаңыз, осы қуанышты мереке үстінде халық қағидасын сақтап: «жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» демекпіз.

Сәбит Мұқанов — біздің әдебиетіміздің алғашқы қарлығаштарының бірі. Сондықтан ол кенже қалған әдебиет жанрының бәріне араласты; бәріне де сыбағалы сөз қосқан кісі. Қай жанрды алсаңыз да соның бәрінде Сәбит Мұқанов қаламының ізі жатыр. Сыншыл, қатал оқушы соның бәрінен кемшілік табуы мүмкін. Бірақ әдебиетіміздің тарихынан хабардар кісі Сәбит Мұқанов творчествосындағы кемшілікті біздің әдебиетіміздің даму жолындағы кемшіліктен айыра алмайды. Ертеректегі Сәбит Мұқанов шығармалары бұқара халық пен байшыл-ұлтшылдардың қызу күресінің үстінде туғаны белгілі. Ол кездегі пікір айтатын қабілеті бар сыншылар жасағы жас әдебиеттің жаңа туындыларына пікір айтып, кемшілігін көрсетіп, қате жолдан қақпалап отыра қойған жоқ. Демек, Сәбит Мұқанов секілді көк қанат жас таланттардың тұңғыш шығармаларына сын болмай, негізгі айқас ұлтшылдарға қарсы жүріп жатты. Негізінен алғанда, Сәбит Мұқанов шығармаларында кемшілік болса, ол біреу ғана. Ол — Сәбеңнің асығыстығы. Ал Сәбеңе асықпа деу қиын. Ол бүгінде ондай ақылды ала да қоймайды. Өйткені жазушы қанша асықпайын десе де, өзінің жасаған ұзақ өмірінде

жиған бай материал еріксіз билеп кете береді. Жазушы қанша салмақты болса да, өзі жиған бай материал бейне суы мол дариядай кең арнасына салып алған.

Қорыта келгенде айтарымыз: Сәбит Мұқановтың алпыс жылда берген бай қазынасы баршамызға белгілі. Оның аппақ басында творчестволық әлі қандай ойлар бары бізге белгісіз. Өз ойын, бәлкім, осы мереке үстінде қалың оқушысына өзі айтып берер деп сенеміз.)

Зоя КЕДРИНА

КҮШТІЛЕР МЕН БАТЫЛДАР ТУРАЛЫ

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Абай Құнанбаев жайлы романының эпилогына Мұхтар Әуезов халқын жаңа өмірге үндеген Абай әндері еркіндікті аңсағандарға, алғыр ойлыға, сергек сезімге, күштілер мен батылдарға, күреске әзір жандарға арналды,— деп жазды.

Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романы (Сабит Муканов «Ботагоз». Изд. «Советский писатель», 1949) қазақ даласында Абай алғашқы хабаршысы болған жаңа заманның әсерімен бас көтерген жас ұрпаққа арналған.

Бұл романда қазақ халқының тарихындағы бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңынан бастап, Қазақстанда Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісіне дейінгі кезеңнің маңызды оқиғалары баяндалады. Оқушының көз алдында, бір жағында, ауыл кедейлері мен жаңадан ғана пайда болған жұмысшы табы, екінші жағында, дәулетті тап тұрған бір-біріне қарама-қарсы екі дүниенің күресі өтіп жатады.

Қазақ даласын патша үкіметінің чиновниктері мен полициясына арқа сүйеген мейірімсіз, зорлықшыл жыртқыш-феодалдар биледі. Жаңа оянған қалың бұқара өздерін езушілердің, патша мен байдың сыбайлас дос екенін түсіне бастады. Жер аударылып келген орыс революционерлерінің ықпалымен халықтың стихиялы наразылықтары бірте-бірте саналы қарсылыққа ұласты.

Қазақ халқының ұлы ағартушылары Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов сепкен

дән көктеп, өзінің алғашқы нәтижелерін көрсете бастады. Олар армандаған жаңа адам дүниеге келді.

Мұқанов романының басты кейіпкері Асқар Досанов — орысша семинария бітірген жас мұғалім. Ол өзі кездескен орыс революционерлерінен таптық тәрбиенің бастамасын алады. Ол орыстың классик ақын-жазушыларының көптеген шығармаларын егжей-тегжейлі біледі және өзі де қазақтың тұңғыш журналы «Айқапқа» әйел теңдігі туралы мақала жазады. Асқар өз елінде де, Романовтар әулетінің үш жүз жылдық салтанатына қазақ даласынан «делегат» боп сайланған бай-феодал Итбайдың тілмашы болып барған сапарында да, Петербургте де орыс революционерлерімен достығын жалғай жүреді. Мұнда ол қазақтың ұлттық қозғалысының жетекшісі Базархан Меделхановпен кездеседі және оның тек аты-жөнін ғана Петербург үлгісінде өзгертіп қоймай, өз халқының мүддесіне жоғарыдағы билеушілердің назарын аудартқанына көзі жетеді. Меделхановпен бірге большевик Иван Николаевич Смирнов тұратын мыжырайған үйшікке келген Асқардың «тек ақыл-ойымен ғана емес, бар сезімімен, бүкіл болмысымен осынау бір екінші дүниенің, әзірге тек қаланың шет жақтарында, заводтың күңгірт көшелерінде, ылғалды, жайсыз үйлерде күнелтіп жүргендердің таяу арада өмірдің күрес майданына шығатынын, сөйтіп жеңіске жететінін сезінуі ақылға сыйымсыз. Бірақ Досанов — әлі де тәжірибесіз конспиратор. Ол Петербург полициясының шеңгеліне ілігіп, үш жыл түрмеде отырады, содан соң оны қазақ даласының шалғай бір түкпіріне жер аударады. Сүйгенінен, достарынан айрылған ол өз халқының бақытсыз өмірін терең таниды. Еліне шыныққан революционер-большевик болып оралады.

Соғыс салығы күйзелткен қазақ халқы үшін әрі жат, әрі пайдасыз империалистік соғыс жүріп жатыр, Осы тұста қазақтарды тылдағы қара жұмысқа алу саясаты стихиялық көтерілістердің тууына себеп болды. Бұрын түрме мектебінен өткен аңшы Амантайдың жетекшілігімен көтерілісшілер тобы ұйымдастырылады. Олар сан толтыру үшін он бес пен елу жас аралығындағы кедейлердің бәрін жиырма бесте деп енгізіп жалған тізімді құрту үшін Итбай болыстың ауылына шабуыл жасайды. Көшпелі қазақ елінде паспорт жүйесінің жоқтығын пайдаланған бай балалары мен жақындарының орнына өзіне жақпағандарды өткізіп жіберіп отырады. Итбайдың тоқалы болудан Ботагөздің бас тартқаны үшін болыс оның

бүкіл семьясын құғынға ұшыратады. Оған өштескен Ботагөздің ағасы Кенжетай Итбайды өлтіреді.

Бұл стихиялық көтеріліс жеңіліске ұшырайды. Әйтсе де ол халыққа үлкен сабақ болды. Қазақ елі үшін 1916 жыл маңызы жағынан 1905 жылғы көтеріліспен барабар еді. Оның жетекшілері мен қатысушылары кейіннен Қазақстандағы жас қызыл гвардияның ұйтқысына айналды.

Орыс большевиктері қазақтың қалың бұқарасын советтік құрылысты орнату жолындағы күреске шақырды. Сол күрестің алдыңғы шебінде Асқар Досанов, Амантай, Кенжетай, революционер қыз Ботагөз де болды.

Қазақстандағы ел өмірін кең суреттеуде Сәбит Мұқановтың сіңірген еңбегі — оның осы роман арқылы орыс және қазақ халықтарының мүдде бірлігін көрсетуі болды. Бұған көрнекті мысал — бала күнінен орыс мәдениетін көріп өскен кедей қызы Ботагөздің бұқараның талантты жетекшісі деңгейіне көтерілген өмір жолы. Ботагөз образы — романның үлкен жетістігі.

С. Мұқанов романы — мазмұны жағынан социалистік, формасы жағынан ұлттық шығарма. В. И. Лениннің «әр ұлттың мәдениетінде екі түрлі ұлттық мәдениет болады» деген сөзін автор өз романында шебер көрсетеді. С. Мұқанов халық өмірінің ұлттық ерекшеліктері мен еңбекші ел тұрмысын сүйсіне отырып жазады, оның озық дәстүрлерін зор құрметпен суреттейді. Әдет-ғұрып жолымен Асан да өз өмірін аман алып қалған Асқар жақсылығына орай, өз үйінде кішкентай баласымен Ботагөзді бірнеше ай бойы ақтардан жасырады. Ботагөздің өмір үшін күрес жолында бастан кешкен қиындықтарын бөлісе жүріп, Асан да революция күрескеріне айналады. Сөйтіп, Асанның достыққа деген адалдығы революция ісіне берілгендікке ұласады. Сонымен қатар жазушы феодалдық дәуірдегі адам, әсіресе әйел теңсіздігін айқын суреттейді, феодалдық әдет-ғұрыптың езгісін әшкерелейді.

Халық поэмаларындағыдай, тағдыр ажыратса да өмірде де, өлімде де біріне-бірі шексіз берілген қыз бен жігіттің тарихын суреттеуге арналған бұл роман композициялық құрылымы жағынан да дәстүрлік сипат алған «Ботагөздің» сюжеті халық аңыздары «Еңлік—Кебек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» т. б. сюжетіне ұқсас болғанмен, мұнда ол оптимистік жаңаша сипат алады.

С. Мұқанов романының тақырыбы ауқымды, сонымен бірге автор қиялының шеңбері де кең. Автор қазақ қызы

Ботагөздің тағдырын суреттей отыра бүкіл халық өмірін де қамтиды. Бұл да романның үлкен жетістігі.

Романдағы Ботагөз бен оның семья мүшелері: Асқар, көтерілісшілердің көсемі Амантай, феодал Итбай және оның әкесі, «епті жігіт» Бүркітбай, писарь образдары сәтті жасалған.

С. Мұқанов тарихты реалистікпен баяндауда үлкен шеберлік танытады. Романның кейбір олқылықтары жазушының көтерілген творчестволық биігіне нұқсан келтірмейді.

Ол Қазақстан тарихының маңызды кезеңіндегі халық өмірінің шынайы көрінісін жасады.

1948 жыл, 17 май

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

ҚЫЗЫҚ ТАҒДЫРЛАР

Дала!

Дала тағдыры даланың өзіндей байтақ қана емес, даланың өзіндей сырлы, даланың өзіндей ойлы-қырлы.

Революция дауылы даланы сілкіп-сілкіп алды. Даланың мейірімсіз күндері өтті, қытымыр қысы кетті. Далаға ұлы көктем — адамзат көктемі келді. Дала күн шұғыласына бөленді; түлей бастады, түрлене берді. Бірақ еріген мұз, жібіген тоң көп жерде жылылық емес, жылымық қалдырған-ды. Мұндай жерлерде тіршілік жолы да алашабыр, әрі тар, әрі тайғақ еді.

Ұлы Октябрь даланы сілкіп-сілкіп алды. Дала билеушілерінің тұнығы шайқалды, ұясы бұзылды, желісі үзілді, үміті кесіліп келе жатты. Жаңа заманның жаңа мінезіне олар әуелі тосырқай қарады, содан соң түңіле қарады, ақыр аяғында одан үрейі ұшты. Бұл хал оларды жанталасқа әкелді. Олар шынымен жанталасты, аш қасқырдай анталай шұбырып, кейде қан аңсап, енді бірде қайтадан жан сауғалап, ыдырынып кетті. Бұл бетте олардың тапқан таяныштары, соңғы үміт артқандары, өз оқығандары — алашордашылар болды. Енді солармен ымдаса, жымдаса қалды. Бірақ бұл да ұзаққа бармады, төнген қатер бұлтын серпе де алмады, сирете де алмады. Енді не істеу

керек? Ешбір шара жоқ! Сондықтан олар өз бастарына төнген қатерге де бой үйретіп, сол қауіп астында тіршілік кешті. Бірақ бұл тіршілік әйтеуір күн астында күндікке тірі жүру ғана, яки «күнелткеннің күні артық» дегендей, әншейін «ит мініп, ирек қамшылау» ғана. Соның өзінде де олар «әліптің артын баққан» болды. Алайда бұл дәрменсіздің далбасасы ғана еді.

Міне, дәл осы ортада әрі томырақ, әрі тымырсық, тоңмойын ортада екі жас өсті. Бұл екі жас, бір қарағанымызда екі нәзік гүл тәрізді. Бірақ жасыл төбе баурайындағы құнарлы қара топыраққа көктем жаңбырымен өскен қызғалдақтар емес, қабырғасы қаусап, мұржасы ғана сорайып қалған көне қыстау іргесіндегі күл мен көңге жазғытұрғы қар суымен шыққан жауқазындар еді. Көктем күні, әрине, мұндай гүлдердің бәріне бірдей шұғыла төгеді; жердегі гүлдер де аспанға құштар, күнге ынтық. Бірақ күн нұрына құнарлы жердегі қызғалдақ шешек жарғанмен, көңге өскен жауқазын дұрыс нәрлене алмайды...

Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы, міне, дәл осы екі жауқазын жастың — Бүркіт пен Бәтестің қым-қиғаш қызық тағдырынан туған роман.

Жұртқа мәлім, қазіргі «Мөлдір махаббат» бұрынғы «Адасқандардың» өңделген, толықтырылған, көп жері қайта жазылған жаңа варианты. Ал «Адасқандар» романын жұртшылық кезінде құмарта оқып, сүйсіне қабылдаған болатын. Сондықтан оқушылар тарапынан бүгін мынадай заңды сұрақ туып отыр: идеялық-көркемдік дәрежесі жағынан «Адасқандар» мен «Мөлдір махаббаттың» қайсысы артық? Жазушы не ұтты? Жасыратыны жоқ, кейбір жолдастар «Мөлдір махаббаттың» баспасөз бетінде жарияланған тарауларын оқып, бұл «Адасқандардан» төмен жатқан жоқ па деген күдік білдіріп жүр. Бұл ретте, олар әсіресе романның тіліне мін тағып, автордың стиліне сын айта береді. Осы дұрыс па? Біз бұған жауап беруге тиіспіз.

Жоқ, дұрыс емес!

Неге дұрыс емес?

Дұрыс еместігі сол —«Адасқандар» қазақ совет прозасының балаң шағында, алғашқы адымдарының тұсында туды. Автордың да ол кездегі ой-өрісі, дүние тануы, профессионалдық дәрежесі қазіргісінен әлдеқайда тар және шағын болатын. Сондықтан «Адасқандар» суреттелетін өмір құбылыстары бір жақтылау, барлық шындық тек сүйіскен екі жастың махаббат сезімдерінің

маңында ғана шоғырланған-ды. Ал бұл екі жас — Бүркіт пен Бәтес өмір сүрген кездегі жалпы әлеуметтік жағдай, қоғамдық дамудағы негізгі сипаттар, қазақ даласының хал-күйі автордың назарынан сырт қалып отыратын. Сондықтан болуға тиіс, «Адасқандар» авторының адресіне бір кезде ірі-ірі сындар, тіпті саяси айыптар тағылған-ды. Оны Мұқанов жолдас жуырда «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Мөлдір махаббат» былай жазылды» деген мақаласында еске салады. Біз бұл арада «кімдікі дұрыс: «сын дұрыс айтылды ма, әлде айтылған сынды сынаржақ деп тапқан автордың байлауы дұрыс па?»— бұған жауап бергелі отырған жоқпыз. Біз бұл арада тек бір ғана даусыз шындықты «Адасқандардың» саясиәлеуметтік маңызы кезінде қай жағынан қарағанда да жөндеуді, жаңартуды, жақсартуды керек еткендігін айтуды жөн көреміз. Бір ғана мысал: «Адасқандарда» Мүсәпірдің бейнесі дараланбаған, характері терең ашылмаған еді; тек әйтеуір, бір совет мекемесіндегі қызметкер екенінен дерек, содан соң коммунист екенінен ғана аз мәлімет беріледі. Қазіргі «Мөлдір махаббаттағыдай» оның адам ретіндегі оқшау сыр-сипаты да, азаматтық жағынан келгендегі көптеген кем-кетігі де, түптеп келгенде, тіпті Мүсәпір жаңа, жас құрылысқа жан-жақтан аш қасқырша анталаған тап дұшпандарының қолында зырылдай иіріліп жүрген ұршық екендігі, сөйтіп, оның өзі де сондай бір қаскөйлік құрбандығы екені айқын, терең ашылып көрсетілмейтін. Соның салдарынан, бұрынғы «Адасқандардағы» Мүсәпірдің күнәлі амал-айласынан, қылмысты іс-әрекетінен қатты жиренетін оқушы көңілінде біртүрлі түсініксіз, оқыс сезім қалып қоятын. Осынша қара көңіл адамның совет қызметкері, тіпті коммунист екендігіне өкінбеуге болмайтын тәрізді еді. Ал қазіргі «Мөлдір махаббаттағы» Мүсәпір характерінің адам ретіндегі де, «азамат» ретіндегі де даму логикасы тек қана осындай жымысқы қулыққа әкелетіндігіне ешбір шүбә келтіре алмайсыз. Мұның өзі автор үшін ірі табыс. Міне, дәл осындай өзгеріс — жаңартулар романның соңғы вариантында өте көп. Әсіресе «Мөлдір махаббаттың» қоғамдық-әлеуметтік маңызы мықты биіктетілген. Қоғамдық-әлеуметтік жайлардың бірінші планға шыққандығы сондай, тіпті Бүркіт пен Бәтестің махаббат бақытсыздығы соншалық заңды, ал екеуінің аянышты тағдырлары өздері өскен үміті кесілгендер ортасының құрбандығы ретінде танылады. Романның мұншалық қонымдылығын автордың творчестволық табысы ретінде ерекше атау

қажет.

Енді романның тілі, автордың стилі жөніне келсек, бұл тұстағы сындар да даулы деп білеміз. Сәбит Мұқановтың жұртшылық таныған үлкен жазушы ретіндегі ерекшелігінің өзі дәл осы өзіндік тілі мен стилінде жатыр. Оны мойындамай, автор алдына басқа бір үлгімен жаз деп талап қою — ерсілік болар еді. Рас, романда қажеттіқажетсіз, орынды-орынсыз келтіріле беретін әртүрлі аңыздар, бірқатар жерде шұбалаң баяндаулар, ауызекі әңгімеге лайық сөз, сөйлем тізбектері кездесіп отырады. Бірақ мұны, көп реттерде, романның эпистолярлық сипатына лайық ерекшелік деп білген жөн.

Демек, қазіргі «Мөлдір махаббат» бұрынғы «Адасқандардан» екі есе қалың — көлемі жағынан ғана емес, идеялық, көркемдік тереңі жағынан да өскен, жақсарған роман. Автордың бір кезде оқушы-көпшіліктің ой-сезімін анық баурап, жалпы жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген әйгілі романын қайта жазып ұсынуы — құптарлық нәрсе...

* * *

«Мөлдір махаббат» романының «Сүйген жер» деп аталатын бірінші бөлімі он тараудан тұрады: «Туған жерім туралы», «Туған үйім туралы», «Тағы да тақырлану», «Арпалыс күндері», «Қаңғырған күндер», «Менің әкем — кәмөнес», «Жылан етін қалай жедім», «Топаландағы той», «Туған жерге тез жетем», «Алғашқы ұшқын». Бұл арада романның мазмұнын жарыса баяндап, не қайталап жатпау үшін, әр бөлімнің тұсында тарау аттарын әдейі тізіп отырмыз. Ал әрбір тараудың аты сол тараудың мазмұнын танытып тұр. Сонымен, бұл бірінші бөлімдегі он тараудың өн бойында романның бас геройы Бүркіттің биографиясы жүйеленеді. Әдемі жүйеленеді. Әуелден бірбет, айтқанынан қайтпайтын, өз дегені болмаса, өзгенің ырқына көне қоймайтын қайсар бала әке мейірімін мол көріп, ерке-бұла өскен. Сонымен қатар Бүркіт өз әкесінің өзіне болмағанмен өзгелерге (мұның туған шешесінен бастап Еркін Ержановқа дейін) көрсеткен қорлық-қиянатын да танып өскен. Сонда бір адамның бойында өз туған әкесіне деген қарама-қарсы екі ұдай сезім қатар қалыптасады. Бұл — образдың психологиялық жағынан күрделілігіне әкелетін сырлар.

Бірінші бөлім тарауларынан аңғарылатын екінші бір ұнамды нәрсе — бұл он тараудан тек жеке адамдар

басындағы субъективті жайлар ғана емес, бүкіл ел тіршілігіндегі объективті құбылыстар айқын көрініп отырады. Аумалы-төкпелі, ауыспалы бір өмір; бүгін бай, бағлан адам, ертең тап-тақыр кедей, қаңғырған адам. Бүгін бір қауым жұртқа тізе батырып, ықпал еткен күшті адам, ертең арпалысқа араласып, біресе ығыса қашып, бас сауғалар жер таппай жанталасқан дәрменсіз біреу. Керісінше, бүгін бай есігінде жүрген кедей-кепшік ертеңіне өмір тізгінін өз қолына ала бастаған, ой-санасы ояна бастаған рухани бай кісі болып шығады. Осындай қым-қиғаш, шым-шытырық шындық өзгерістер — өсулер мен өшулер романның тартыстық жағынан күрделілігіне әкелетін сырлар.

Бірінші бөлім тарауларынан танылатын тағы бір ұнамды нәрсе — бұл он тараудың өмір танытушылық мәні. Осы ретте, алдымен, автордың өз өмір-тарихы (биографиясы) үлкен, көрген-білгені көп екенін айту керек. Сондықтан да әр тарауда қою оқиға, кісі қызығарлық құбылыстар бар. Жазушы әр тарауда өмірдің әр бөлігін кесек әңгімелеп, оқушысын қызықтыра тартып отырады да, сол фонда өз геройларының мінез-құлқын, іс-әрекетін аша береді.

Романның екінші бөлімі — («Сүйген жар») сегіз тараудан құралған: «Бүршік түйген бәйшешек», «Ыстық сүйіс», «Тәуекелге бел буу», «Менің сақтаушым», «Өкпелеу», «Сүйген сұлу», «Сәтті түндерде», «Сәтсіз түн».

Романдағы ең өзекті оқиға, автордың өз сөзімен айтқанда тап-таза, мөп-мөлдір махаббат, оқушысын үйіре тартып әкететін нағыз қызғылықты оқиғалар, терең сырлар, нәзік сезімдер дәл осы екінші бөлімнен басталады. Сонда бірінші бөлім қаншама романның әлеуметтік жастығын түзейді дегенмен, біртүрлі, тым ұзақтау экспозиция тәрізденіп қалады. Рас, бірінші бөлімде Бүркіттің биографиясы керек-ақ; оның әкесі Әбуталып, нағашысы Аралбаев, Еркін Ержанов, тағы басқа характерлердің басы көрінеді. Бір ғана жалт етсе де Ғани Мұратбаев бейнесі адамның көз алдында қалады. Бүркіттің туған үйінің жайы әсіресе туған жерінің суреттері, Қызылорда маңы, Қарақұм көріністері әп-әдемі танылады, бірақ оқушы аңсап іздеген үлкен өзек, кең арналы оқиғалар бірінші бөлімнен емес, екінші бөлімнен басталады. Бүркіт үйіне шешесіне еріп Бәтес келген жерден-ақ бүкіл оқиға атаулыда айрықша тартымдылық пайда болады да, сол романның аяғына дейін үзілмейді. Бұл арада композиция дегеннің өзі көркем шығарманың

түріне ғана қатысты нәрсе деген, шығармадағы әрбір бөлек-салақтың өзара қиюласуы деген тым үстірт ұғым екенін айта кеткен жөн. Композиция — көркем шығарманың сырт бүтіндігі ғана емес, ең алдымен, оның ішкі тұтастығы, түр мен мазмұн тұтастығы, көркем шығармадағы шындық құбылыстардың үндестігі, гармониясы. «Мөлдір махаббаттың» екінші бөлімінен кейінгі композициялық бүтіндігі осыған айғақ бола алады. Сондықтан да алғашқы бөлімнің кейбір шұбаландығы осындай әдемі композиция үшін, су бетіндегі шылаудай көрінеді. Екінші бөлімде бұрынырақ, экспозициялық тараулардан танылған бірқатар адамдар (Бүркіт, оның әкесі мен нағашысы, Еркін, т. б.) қатарына енді жаңа геройлар (Бәтес, Қарекең, Қоқым, Самалық, Сасық, Мүсәпір, Жәния, Жұман, Қалиса т. б.) қосылып, әрқайсысы өз мінез-құлқымен, іс-әрекетімен даралана бастайды. Бұл тұста Бәтестен басқа әсіресе Қалиса, Жәния, Мүсәпір, Сасық образдары айқын әрі бедерлі көрсетілген. Айтса аузынан, істесе қолынан келетін, түрі де, сыры да тартымды ақжелең жеңге Қалиса — аса шебер жасалған тип. Бүркіт пен Бәтестің махаббат хикаясына ортақ осы адам оқушыны да мықтап баурап алады. Бұрын-соңды жарық көрген роман-повестерде сүйіскен екі жастың арасында жеңгетайлық роль атқаратын адамдар болатын. Бірақ олардың керекті жердегі бір сәттік ісі ғана сараң баяндалып, өздері көрінбей қалушы еді. Ал Қалиса болса, барлық түр-тұлғасымен, түрліше психологиялық иірімдерімен айқын жасалған образ. Ауыл-үй ортасының бұл сияқты типтік тұлғасы әдебиеттен өз үлесін алған екен!

Бай үйдің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген күң есебіндегі тұйық, жасық, жасқаншақ Жәнияда ғажап сыр бар. Бұл мол аналық мейірімнің, терең ақылдың, нәзік сезімнің адамы. Автор Жәния әрекеттерін сараң суреттеген, бірақ дәл, шебер көрсеткен. Жәния өзіне оқушының ылғи тілектестігін тұтатып, аяныш сезімін шақырып отырады.

Не мал пайдасын, не жан рахатын таба алмаған даланың сасық байы — Сасық, өзіндік ешбір мінезі жоқ (бесхарактерный) Мүсәпір образдары да тартымды суреттеледі. Ал бір көрінсе де бірегей көрінген, тек бір ғана бүйірінен танылса да естен кетпестей танылған әрі оқшау, әрі қызық характер — Самалық! Бұл да бір тың тип! Әрине, Бүркіт, Бәтес, Еркін, Әбеу образдары бұл бөлімде дами түседі.

Жоғарыда аталған көркем бейнелерді бір шолып өт-

кездегі біздің айтайын дегеніміз романда бір-біріне ұқсамайтын әр алуан адамдар бар, олардың әрқайсысында өзіне тән мінез ғана емес, өзіне тән қызық, күрделі тағдыр бар; міне, осы тағдырлар талқысы мен тартысы сол кездегі ірі-ірі оқиғаларды, дәуірлік шындықты әкеліп алға тартады. Елде уақытша қолданылған жаңа экономикалық саясат, бұл тұстағы шаруалар жайы, байлар халі, ішкі-сыртқы күрес-тартыстар, ауылдың тұрмысы, салты, дәстүрі, ауылдағы өзгерістер, тағы басқа осылар тәрізді күрделі құбылыстар романның идеялық мазмұнын бір ғана Бүркіт — Бәтес келесінен кеңірек өріске алып шығып отырады.

Үшінші бөлімде он бір тарау бар: «Еркешора», «Бойжеткен», «Қандай әзәзіл екен», «Мәлімсіз сапар», «Ақылшым», «Қызыл отау», «Құтырған қасқырлар», «Қырсықкан жол», «Тоналу», «Бұл не тым-тырыс», «Менің жындану тарихымнан». Алғашқы екі бөлім Бүркіттің дәптерлері деп аталса, мынау үшінші бөлім («Адасу») Бәтестің дәптерінен деп аталыпты. Сонда бізге бұл алғашқы дәптерлерді қайталамас па екен деген күдік келген. Жоқ, олай емес, Бәтес дәптері, бұған дейін өрістеп келген роман сюжетін одан әрі жалғастырып әкетеді.

Бұл бөлімнің оқиғасы да екінші бөлімдегідей қою. Мұнда да негізгі өзек — мөлдір махаббат сыры одан әрі тереңдей береді. Адамдар өздеріне тың сыр қосып, сипат тауып, тұлғалана түседі. Жаңа кейіпкерлер (Балқаш, Нұрбек, Найзабек, Жолдыбай, Жаңыл. т. б.) қосылады. Олар жөнсіз шұбалаң емес, өздерінің ең қажетті жерінде ғана сахнаға шығып, өз рольдерін атқарып отыратын тәрізді. Өмірдің бүгінгі ұрпақ үшін бейтаныс құбылыстары танылады. Мысалы, қызыл отау жайы аса әдемі баяндалған. Бұл тарауда ең бір жеріне жеткізіле суреттелген Мүсәпір әрекеті. Бұдан кейін Мүсәпірмен шынында да тек мылтық қана сөйлесуі дұрыс. Ал Бәтес пен Бүркіттің ажырасуы дәлелді көрсетілген.

Төртінші бөлім сегіз тарау: «Әкеммен ажырасу», «Шеше», «Нағашыммен ажырасу», «Адал төгілген тер», «Ажал аузында», «Ашылған сұмдықтар», «Кек қайтару», «Бақыттың биігіне» (эпилог).

Бұл бөлім — романның өн бойындағы кең арнамен өріле дамып келген қат-қабат көп оқиғаның саркып құяр сағасы, автордың өз сөзімен айтқанда — шешілген шиелер...

* *

«Мөлдір махаббаттың» күшті жағымен қатар осал тұстары қандай? Бірер сөзбен қысқа ғана соны тұжырымдап өтелік.

Романда әжептәуір шұбалаңдық бар. Көп сөзділік, әсіресе бірінші және төртінші бөлімдерде молырақ.

Талас жоқ, экспозицияда Бүркіттің туған жері, тұрған үйі, өскен ортасы, сол сияқты даладағы хал-жай, әлеуметтік жағдай керек-ақ болсын. Бірақ осылар алтыжеті баспа табақ көлемінде ұзыннан-ұзақ баяндалып, романның негізгі арқауы, өзекті желісі жеткізбей шаршатады. Оның үстіне осы бөлімде жанама оқиғалар, қажеті шамалы көріністер толып жатыр. Мысалы, «Жылан етін қалай жедім» деген тарау, немесе «Топаландағы тойдың» біраз жері артық. «Менің әкем кәмөнес» деген тарау да өз парызын ақтап тұрған жоқ; біріншіден, Аралбаевтың Жәутіковті оп-оңай коммунист етіп, қалтасынан партбилет беруі қанша шындық болса да тым ерсі, мағыналы нәрсені мазаққа айналдырғандай әсер етсе, екіншіден, сол партбилеттің аяқ астынан жат қолына босқа берілгенінен басқа пәлендей роль ойнағанын тағы көре алмаймыз. Ең болмаса, Әбуталыптың жалған коммунистігі оның бір қулық-сұмдығына жараса екен, ол да жоқ, тарау бітісімен анау фокус те таза ұмыт қалады. Осының не керегі бар?

Сондай-ақ әлгібір жыланның етін жеп, сорпасын ішу, тышқан түскен суды ішу, немесе «Әкеммен ажырасу» деген тараудағы көртышқан жайы — әншейін экзотикалық көріністер ғана.

Мұндай созалаңдықтар романның жалпы композициялық тұтастығына кәдімгідей кінәрат келтіретіні даусыз.

Оқушының кез келген көркем шығармадан іздейтіні адам екені мәлім: «әркім-ақ адам түрін көргісі келеді, адам сырын сезгісі келеді. Оқушы «Мөлдір махаббаттан» ол іздегенін, әрине, табады.

Дей тұрғанмен, айтулы сөз шеберіне қойылар айрықша талап пен талғам тұрғысынан сынай қарасақ, осы романда тастан қашалғандай бедерлі жанды портрет аз, оқушыны біржола баурап, тереңіне тартып әкетер «тұтқындағыш» нәзік психологиялық иірімдер сирек. Оның орнына болған істі желдірте баяндау, болар құбылысты әсірелей аңыздау жағы басым.

Осының бәрін ойлану үшін ортаға сала тұра, тоқтар түйініміз: кітапты оқып шығып, ақырғы бетін жапқан

соң күллі романның күрделі шындығын, қым-қиғаш тартысын, алуан түрлі адамдар тағдырын әсіресе Бүркіт пен Бәтестің махаббат хикаясын ойша тізбектеп, көз алдымыздан қайта бір өткізгенімізде «Мөлдір махаббат»— тарлан жазушымыздың түр жағынан тапқан тың өнері, мазмұн жағынан ашқан ірі жаңалығы екеніне шүбәміз болған жоқ.»

1959 жыл.

Евгения ЛИЗУНОВА

«...Өз халқының өткен тарихи өмір жолын ой сүзгісінен өткізуге тырысқан ұлт республикаларының жазушыларын, ең алдымен, 1916 жыл тақырыбы толғандырды: С. Мұқановтың «Ботагөз» романы осы тақырыпқа арналған алғашқы реалистік қазақ романы, меніңше, бұлай болуы тарихи заңды да.

...Ірі шығармаларды салыстыра зерттесек, мәселен, С. Мұқановтың «Ботагөз» романы мен Айбектің «Қасиетті қанында» көптеген ұқсас түйісу нүктелері болғанымен, тақырыптың көркемдік шешіміне әр түрлі жолмен келгенін байқаймыз. Екі романда да оқиғалардың негізгі қозғаушы күші — халықтың өзі: «Ботагөз» романында — Асқар, Ботагөз, Амантай, «Қасиетті қан» романында — Юлчи, Ярмат, Қаратайлардың типтік образдары арқылы көрінген. Бұларда еңбекші халықтың таптық сана-сезімі қанаушыларға қарсы күресте өсіп-жетілгені реалистік тұрғыда суреттеледі. Айбек романының кейіпкері, тап күресінің қажеттігін айқын түсінген батырақ Юлчи көтерілістің белсенді басшысына айналады. Айбек халық тұрмысын, өз кейіпкерлерінің психологиясын асқан шеберлікпен ашып көрсетеді. Жәдид ұлтшылдығының, оның патшалық және жергілікті ат төбеліндей әкімдермен ауыз жаласқан уағыздаушыларының сатқындық ролі айқын ашылған. Романда жәдидтерге еңбекші қауымның интернационализмі өткір түрде қарама-қарсы қойылады. Сәбит Мұқанов «Ботагөзде» көтеріліс тақырыбын дәл осындай идеялық бағытта шешеді.

Бірақ бұл романдардың әрқайсысының тақырыпқа келудегі идеялық-творчестволық өзіндік ерекшеліктері бар. Айбектің кейіпкері — бай жалшысының қызы Гүлнар

өз мүддесі үшін күресе алмайтын дәрменсіз жан, оның бейнесі бар болмысымен өткен кезеңде жатқандай. Мұқанов романындағы Ботагөз — революциялық романтикаға бөленген батыл революционер, жаңалыққа жаны құштар және болашаққа ұмтылған қыздың образы. Ботагөз — автордың қиялы емес, шынайы типтік образ: оның бойына сол замандағы қазақ әйелдеріне тән тамаша қасиеттердің бәрі жинақталған. Сонымен, Мұқанов сонау отызыншы жылдары-ақ Ботагөз бейнесі арқылы бүкіл ортаазиялық әдебиет үшін аса маңызды тақырыпты және олардың жаңашыл дәстүрлерін айқындауда принципті роль атқаратын тақырыпты — Шығыс әйелдерінің тағдыры тақырыбын көтерді. Оқиға ортасынан алынған бұл образ қазақ әдебиетін дәстүр жағынан байыта түсті.

Айбек романы кейіпкердің революция қарсаңында қаза табуымен аяқталады, Мұқанов болса, оларды одан әрі — революцияға, азамат соғысына алып келеді. Тақырыптың мұндай шешімі өзінің барлық жанрында социализм құрылысшылардың жауынгер оптимизмін берік ұстанған отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінде маңызды орын алды...

...Бұл кітаптардың қай-қайсы да социалистік реализм әдісінің дамуына ықпалын тигізді, салыстыра қараған кезде бұлардың әдебиетке әкелген жаңа, тың лебі айқынырақ аңғарылады...

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ

СЮЖЕТ ПЕН ХАРАКТЕР

Көркем шығармада өмір шындығын суреттеуде әр жазушы өзінше өзгешелігімен көрінеді. Барлық суреткерге күні бұрын белгілеп қойған бірыңғай қалып жоқ. Қаламгердің өмір тәжірибесіне, икеміне қарай, алға қойған мақсатына орай бейнелеу амалдары қалыптаспақ. Суреттеу құралдарының қаншалықты пайдаға жарағанын сынайтын өлшеуіш — өмір шындығы.

Қазақ романының қалыптасып, көркеюіне зор үлес қосып келе жатқан жазушы С. Мұқанов шығармаларынан сюжет пен характер жасаудың өзіндік ерекшелігін байқаймыз.

«Ботагөздегі» басты қаһармандардың суреттеу әдісіне үңілсек, жазушының характерді толыстыру шеберлігін тануға болады. Асқар, Амантай, Ботагөз, Итбай сияқты күрделі образдар көптеген суреттеу құралдарын қажет еткен. Ендеше солары қайсы?

Жазушының ерекше сүйіспеншілікпен шығарған тұлғаларының бірі — Асқар. Болашақ үлкен істер атқарғызатын қаһарманды автор жан-жақты мүсіндеуге ұмтылады. Бурабайға Кенжетаймен бірге келген Асқарды алғаш рет Ботагөз көзімен аңғартады. «Орысша киінген қара торы, әдемі жігіт»[1] жас қызға жылы ұшырайды. Осының ізінше Асқардың өмірбаянынан азынаулақ мәліметтер келтіреді. Бұл кейіпкерді таныстырудың жазушы жиі қолданатын тәсіліне айналған. Автор кезкезінде Кузнецовтың да, Бүркітбайдың да, Итбайдың да өмір жолдарынан дерек беріп отырады.

Асқардың өмірі мен кәсібінен хабар беріп қана қоймай, оның қымбат қасиеттерін — туған елін сүйетіндігін: азаматтық сезімінің күштілігін де аңғартады. Асқар Оқжетпестің, көгілдір көлдердің көркін тамашалайды. Туған халқының қараңғылығын, әсіресе қазақ қыздарының оқусыз, білімсіз жүргенін қатты ойлайды. «Асқар оқыған жылдары семинарияда сегіз жүздей оқушының, ең аз дегенде алпыс проценті қыздар екен, бірақ онда бірде-бір қазақ қызы» болмапты. Асқардың бұл пікірлері оның ағартушылық жақтарын әйгілейді.

Осыдан кейін Асқар өмірбаянының тағы бір қызғылықты жақтарымен танысамыз. Ол Омбыда оқып жүрген кезінде бір мезгіл пристанға барып қара жұмыс істеген екен. Сонда жұмысшылардың қанаушыларға қарсы өшпенділігін көреді. Кузнецов секілді саяси сауатты, шыныққан күрескерлердің арасында болады.

Асқарды романға араластырғанда жазушының берген қосымша мағлұматы, жалпы алғанда, осы сияқтылар. Сол кездегі жағдайларды, ортаны, салт-сананы жақсы білетін суреткер кейіпкердің бұдан былайғы іс-әрекетін характер табиғатына байланысты көрсетеді. Асқардың зұлым урядник Кошкиннің сабауынан Кенжетайды арашалап, чиновникті айыптауы әділдік үшін алыса білетін адамды елестетеді. Мадиярмен сөз таластырып, кедей көпшіліктің

---

[1] С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалары. III. т., А., ҚМҚӘБ, 1956, 10-бет. (Тараудағы басқа үзінділер де осы кітаптан).

сөзін сөйлеуі де күрес жолына бара алатындығына даярлық сияқты. Петербургте Базарханмен айтысып, өз дегенінен қайтпайды. Ол Бурабайда генерал-губернатордың құрметіне жиылған қазақтар кешінде ішкілікті татып алмайды. Басқалар мәз болып, шуылдасып жатқанда ол селт етпейді. Осы сияқты сюжеттік әрекет көріністері жиылып келгенде, Асқардың характері едәуір толысып шығады. Асқардың бұлардан басқа да бірталай істері хабарланған. Оның майданға қара жұмысқа алынған қазақ жігіттері арасында үгіт таратуы, совдепте қызмет істеуі, кейіннен Қызыл Армияның саяси комиссары болуы сияқтылар қаһарманның қоғамдық істерін толықтыра түседі. Асылы, С. Мұқанов кейіпкерлерінің әлеуметтік, қоғамдық, майдандағы әрекеттерін көрсетуге ден қойған.

Романдағы басты тұлғалар, осылай, характерінің ең ұтымды жағынан, жұртшылық жұмыстарына, дәуірдің басты тенденцияларына қатысы тұрғысынан елестейді. Амантай да, Ботагөз де, басқа қаһармандар да осы айтқанымызды сыпаттайды.

Кедейдің қорлық көретін күні көп болған. Бірақ оның барлығын санап келтіру қажет емес. Амантайдың астындағы атына Қошкин қызығады. Талай адам әкімнің бетіне келе алмай, пәледен аулақ деп, сұрағанын беріп құтылар еді. Амантай ондайлардан емес. Ол Қошкинге ат бермейді, Итбайдың да ырқына көнбейді. Ол ең қажет жерлерде аз көрінсе де, анық бейнеленген. Жазушыға да керегі Амантайдың басқа істері емес, нақ Итбайлармен, Қошкиндермен қарсыласуы.

Ал үстем таптың өкілі — Итбай тұлғасы да әр қырынан көрінеді. Ол — оқығалар өрісіне қосалқы қызмет етпей, көп әрекетті өзі тудырып отыратын характер. Жазушы Итбай өмірінің кішігірім көріністерін алмай, оның кертартпа ролін ашатын тұстарына әдейі тоқталады. Итбайдың сырт көзге алдамшы кескіні мен іш тереңіндегі шын сыры да байқатылады. Ол — мансап пен байлықтан өзгені аңсамаған, дала жыртқышы. Автор Итбай тұлғасын қолдан қара бояу жақпай, реалистікпен көрсетеді. «Басында тымағы бар, үстінде жағасын қайырған, белін буған ноғайша қасқыр ішігі бар» (32-б.). Итбай әдепкіде маңғаз шонжар сияқтанады. Пакет алып келген Қошкинге онша елпектемейді, «Үйіне төре келу оған таңсық емес. Келген төренің чинінің үлкен-кішілігін ол жеккен аттан, арба, шанадан байқайды. Жаздыгүні пар ат жегіп, пәуескелетіп келсе, қыстыгүні көсем салып пәуескелетіп келсе, олар — үлкен төрелер. Ал жалғыз ат, жабайы шанаға мінетін-

дер — урядник-мурядниктер. Болыстардың ішінде урядниктерден ығысатыны да болады. Итбай ондайдың кісісі емес. Урядникке ықыласы түспесе, ол жөнді қонағасы бермей де қояды» (32-б.) Итбайдың әккілігі қызмет бабының жоғарылығынан ғана емес, тектілігіне де байланысты екенін баяндайды.

Негізінде мансапқор, дүниеқор болып көрінетін Итбай әртүрлі жағдайларда сыпатталады. Бір жерде оның Кенжетайларға зорлық етіп, қоянкөк атты тартып алғаны ескертіледі. Шынында, Итбай «тартысты» тұлға. Ол басқалардан алуды көздейді. Ботагөз сынды жас қызға көз алартып, нәпсіқұмарлық жетегінде кетеді. Өмірдегі ең асыл нәрсе — ар, намыс, ұят дегендерді Итбайлар басқаша түсінеді. Кедейге қанша зорлық етсең де жарай береді деп ойынша берік бекіткен. Басқаға қиянат жасауға оңай баратын адам, өзі де үлкен ұлықтар алдында қамыстай иіліп, басын кеміткенін байқамайды да. Әшейінде ауылда кіммен де болса керенау сөйлесетін Итбай үйіне күткен губернатор соқпай кеткенде, артынан іздеп барып, арақ ішкеніне мәз болады. Губернатордың бір стақан арағын дүниенің асқан мәртебесіндей көреді.

Итбайдың әлгіндей характер шытырманы табиғи өрістеген сюжетте жарасымды ашылып отырады. Демек, Итбай — сыр кескінін әбден өрнектеген кеуек бас емес, әрекеті, қимылы бар тұлға. Ол керекті жерінде сақы, қолы ашық көріне білетін епті. Газетке жазылыңдар деп Мадияр келгенде, біраз қаржы шығарып, алдымен үлгі көрсетеді. Қорыта келгенде, Итбай тұлғасынан қазақтың билеуші қауымының өкіліне тән ортақ белгілер молынан табылады. Итбай — қанаушы таптың атадан балаға ауысқан арамдық, зорлығын туындатып отыратын озбыр.

Бүкіл романға ат беріп тұрған Ботагөздің өз образы қалай? Ботагөз характері шығармада неғұрлым толық көрінетіні шәксіз. Жалпы алғанда, бас қаһарманның бірі етіп қазақ қызын алуы жазушының принципиалды, творчестволық табысы десек артық айтылғандық емес. Революция қарсаңында, төңкеріс тұстарында, азамат соғысы кезінде халық үшін қажымай еңбек етіп, саяси күрескер дәрежесіне жеткен қазақ әйелдері бірен-саран дап болса да кездескені тарихтан мәлім. Қазақ әйелінің халық бақыты жолында күресуі ел өміріндегі прогресшіл көрініс еді.

Романдағы басқа бірсыпыра кейіпкерлерден гөрі даралық нақтылығы анық көрінетіні Ботагөз. Оның образынан революция дәуіріндегі алдыңғы қатарлы, саналы

қазақ әйелдерінің жиынтық, типтік белгілерімен қатар, жеке басының мінез ерекшелігін де аңғарамыз. Алған бетінен қайтпаушылығы, мақсатының биіктігі, адамгершілікті жоғары ұстаушылығы сияқты күрескерлерге ортақ қасиеттерді Ботагөзден таба аламыз. Сонымен қатар оның өжеттігі, намыстылығы, тапқырлығы, бауырмалдығы секілді көзге шалынатын дара келбеті де бар.

Ең алғаш рет жазушы Ботагөздің «қарақаттай мөлдіреген қара көзін» ғана елестетеді. Тегінде, С. Мұқанов адамдарды жекелеген штрих, детальмен ашу жағына көп бармайды. Ол қаһармандарын іс үстінде, әңгіме барысында біртіндеп таныстырып, мән-жайын көбінесе өзі баяндап отырады.

«Ботагөз» романындағы жазушының сюжет пен характер жасау принципін айтқанда бір нәрсені қайталай ескертуіміз жөн. Автор шығармасында қазақ қоғамындағы аса бір тартысты, алмағайып дәуір шындығын беруді көздеген. Негізгі қаһармандары етіп, үстем таптың зорлығын жойып, жаңа дүние орнатпақ болған алдыңғы қатарлы саналы адамдардың және атадан балаға мирас боп қалған байлық пен биліктен айрылғысы келмеген қанаушы қауым өкілдерін алуы өте ұтымды болған. Майданға түсер қаһармандарын жан аямай күресер, не өліп, не жеңісер жерлерінен ұстастыруы романға шыншылдық қасиет берген. Асқарлар, Ботагөздер, Кузнецовтар ескі тәртіп, ескі дүниенің қапас қыспағында қалғысы келмейді, әділдік, адамдық, азаттық үшін қатерлі қиындарға барады. Ал Итбайлар, Кулаковтар әлеуметтік орнын өлмей басқаға бергісі келмейді. Романға талғап алған геройлары, сюжеттік желілері сол дәуірдің шындығына сай келуі —«Ботагөздің» танымдық мәнін күшейтеді.

Дегенмен, «Ботагөз» кейіпкерлерінің басында даралық жағы әрдайым байқала бермейді. Қаһармандарды табына, тобына, әлеуметтік орнына, ортасына, жағдайларға сәйкес жіктей білетін, оларды нағыз өмірлік мүдделері үшін тартыстарға табиғи араластыратын жазушы типтендіру мен жекелеудің (индивидуализация) бірлігін кейде сақтамайды. Тіпті бас геройлардың өзінің тұлғасын таныған ымызбен, олардың жан толқындарын, ойланып-толғануын, нағыз адамдық күйініші-сүйінішін, дара пішінін онша көре алмаймыз. Автор нағыз жан тебіренер жерлерді де барынша жайбарақат әңгімелеп өте береді. Осыдан барып шығарманың аса қажетті шарты — эмоциялығы азаяды.

Жазушы көркемдік суреттеу құралдарының әр түрін қолданады. Авторлық баяндаулар, кейіпкерді төтелеп мінездеулер, портреттер, жанама суреттеулер бар. Бірақ осы құралдар әр кезеңде кейіпкердің характеріне тән ерекшеліктерді аша бермейді. Бейнелеу орнына баяндау жүріп кеткен жерде геройдың дара кескінін елестете алмай қаламыз.

«Ботагөздің» портреттері көп жағдайда жалпылау. Бірнеше портретті алайық. «Қошкиннің мұрты үлкен, қабағы қалың, қасы ұзын, түсі суық, денелі адам еді» (31-бет). Мадияр «...Қара құлын жарғағы, түлкі тымағы бар, кең танау бір қарасұр адам» (103-б.) Базархан «монғол типті, сақалын қырған, сұйық ұзын мұрты бар, кең танау қара кісі». (189-б.) Муратов ...«Басында дөңгелек қара тақиясы бар, шегір көз сары жігіт» (249 б.) «Шөліркеп қалған Асқар сусындағанша, Амантай келіп те үлгірді. Жалпы жобасы сақталғанмен, оның киім киюі де, бет-бейнесі де, сөз әлпеті де бұрынғы Амантай емес, орысша ықшам киініп, тас-түйін боп буынып алған!.. Қазір онда бұрынғыдай қаудиған қалың ұзын сақал жоқ, қара бурыл тартқан сақалын ықшамдай кесіп, бір-ақ тұтам ғып қойыпты» (272-б.).; «Ботагөз Асқардан да жүдеу еді. Оның қазіргі сиқынан бұрын көрген кісі танымастай: көзі сарғайған, ұрты солған, мойны қылқиған, бетіне секпіл түсіп шұбарланып кеткен, еріндері кезерген, саусақтары шілбиген...» (400 б.) Осы мысалдардан автордың кейіпкерді пішіндеулері онша жалпы көрінбейді, қайта әр-қайсысын дәл аңғартатындай. Бірақ, өкініштісі, бұл портреттердің характерге қызмет етіп, жымдасып кетпей, тек жансыз сыпат ретінде ғана қалып қоятындағы. Портрет даралаудың құралы болмай, жеке өзіндік мақсатқа немесе автор көзімен берілген міндетті қосымшаға айналып кеткен. Портреттен мінез көрінуге тиіс қой. С. Мұқановтың басқа шығармаларында, атап айтқанда, «Мөлдір махаббат» романында да портрет көбінше образды ойнатпайтын қозғалыссыз пішіндер болып келеді. Сөзіміз құрғақ көрінбеу үшін сол романнан да бір мысал келтірейік. Жазушы Сасық деген байдың түр-түсін былайша береді: «Ол аса биік бойлы, жуан денелі, ірі сүйекті адам екен. Кескінсіздеу қара бұжыр бетті, тұмсығы жуан, түбі батыңқы мұрынды, шүңірек көзді, қалың ерінді, үлкен ауызды, аралары ашық жалпақ тістері сойдиған, қылы иегіне ыдырай біткен көселеу сақалды, азғантай ұзын қылы екі езуінің үстіне ғана шоқталған сұйық мұртты адамның сопақтау басы, кіші-гірім өгізбен

ғендеседі десе де болады» («Мөлдір махаббат», 1919 ж. 161-бет).

Адамды мінездеуде, психология ашуда, жалпы көркем шығармада диалогтың атқаратын қызметі ерекше. Қандай бір адам болса да ақыл-парасатын, әр нәрсеге қатысын сөйлеу арқылы білдіретіні мәлім. Алайда диалогтың да үлкен шеберлікті керек ететінін ұмытуға болмайды. Нағыз жанды сөз зәру қажеттіліктен тумақ. Жайшылықтағы сөздің бәрі бірдей герой образына керек бола бермейді. Бұл ретте орыстың атақты жазушысы А. Толстойдың бір тамаша пікірін еске саламыз. Жазушыға фантазия қажеттігін айта келіп, өмір деген ұзақ нәрсе, оны түп-түгел қамту қиын, сол үшін, қаһарман бір сөз сөйлесе де, ең керекті сөзді айтсын дейді.

«Ботагөздің» кейіпкерлері негізінде өзіне лайық тілімен сөйлейтінін білеміз. Айталық, Асқар мен Итбайдың, Амантай мен Бүркітбайдың тілдік ерекшеліктері байқалады. Мәселен, Итбай болыс Елікбай інісіне: «Ел ұстау оңай емес, ел деген мұз сықылды: ақырын ұстасаң түсіп кетеді, қатты ұстасаң сынып кетеді. Мынау ел қолында қалып барады, аз күн болса да, бағып-қаққалы отырсың. Жинап ұстамай, айғырсыз байталдардай ыдыратып алма, қорыққанын сыйлайтын заман. Бір жағын сыйлап, бір жағын ықтырыңқырап ұстамасаң болмайды» (158-б.) дейді. Бұл Итбайдың Петербургке жүрердегі сөзі. Мансап жайын қатты ойлайтын адамның лебізі дәл осындай болса керек. Ал Базарбай деген сараң саудагер газетке жазыл дегендерге: «Ойбай, шырағым-ау, мен қағазға шорқақпын ғой. Қазақтың қара тоқпағымен жүрген адаммын. Мен несін білем»,— (108 б.) деп безілдейді. Қол бастаған Амантайдың сөздері де көбінесе ер мінезіне сай. «Ал, жігіттер,— деді Амантай, қоршаған жігіттерге,— «жау аяған жаралы қалады». Өлер, я тірілер жер келді. Саса көрмеңдер, аянбай қимылдаңдар. Қазір саспаңдар. Аттың таңертеңгі шабысы жер-дүниені басына көтереді. Жортақпен ғана жүрейік. Жау сезбесін. Қапысын табу керек» (299 б.).

Бірақ романда қысқа қайырып, тез тұжыратын әңгімені тым созалаңға салып жіберетін, мінез ашпайтын, талғаусыз диалогтар толып жатыр. Немесе кейде кейіпкердің кескін құбылысын суреттеумен-ақ анықтайтын жайларға тұтас беттер кететіні бар. Автор қайсы жағдайда оқиғалар мазмұнын тек диалогпен беруге ғана ұмтылушылығы жалпыламалыққа апармай қоймайды.

Диалог образды дамытушы, толыстырушы болуға

тіс. Күнделік тіршіліктің қарапайым құбылыстарын шығармада талғаусыз алуға болмайтындай, геройларды екеу ара сөйлестіргенде де ең қажеттісін тұжырып, іріктеп алу керек қой. Олай етпеген күнде, айталық қыз бен жігіттің бір кештегі әңгімесінің өзі бір кітап болар еді. С. Мұқановта кейіпкерлер сөзін шектен тысқары көбейтушілік жиі: «Мөлдір махаббатта» да мұндайлар тым көп. Бәтес пен Бүркіттің арасындағы бір әңгіме былайша берілген: «...Сонша ыстық көрінген Бүркіт, Қәкенді ұзатқаннан кейінгі күндердің біреуінде оңаша жолығып, асықпай кеңескен бір шағымызда:

— Ақбота!— деді маған.

— Әу?

— Сен орыстың «драма» деген сөзін естідің бе?

— Жоқ. Ол не сөз?

— Мысалмен айтпасам түсінбейсің ғой. Мысалы, сен екеуміз ғой, бір-бірімізді жас күнімізден сүйдік?

— Сүйдік?

— Біздің бұдан ертерек осындай жақын болуымызға ғой, көлденең біреулер бөгет жасады?

— Рас!..

— Біз ғой, ол бөгеттерге қарамай, бірталай қиын кезеңдерді өтіп, ақыры табыстық?

— Тек осының баянды болуын тілейік.

— Әрине, «драма» дегеніміз осы, яғни екі ғашықтың бөгеттерден өтіп қосылуы.

— Бір жақсы сөз екен онда.

— Жаман да бір сөзі бар оның.

— Иә?!

— Егер әлгі бөгеттер ғашықтарды айырып, аяғы қайғымен бітсе, оның аты «трагедия!»

— Мысалы, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу сияқты ма?

— Иә!

— Ендеше, айта көрме, оны!..

— Онда қызық бір сөзді айтайын, егер бөгет жасаушылар жұрт алдында күлкі болып қалса, оның атын «комедия» дейді.

— Мынау бір жақсы сөз екен!..

— «Театр» деген сөзді естідің бе сен?

— Естідім. Бірақ көрген жоқпын.

— Әлгі —«драма» деген де, «трагедия» деген де, «комедия» деген де театрда ойын-сауық ретінде көрсетіліп жатады...

– Оны естимін, бірақ көрмеген соң түсінбеймін.

— Орыста және бір қызық нәрсе бар.

— Қандай?

— Орыстың кейбір оқыған адамдары басынан кешкен оқиғаларын дәптерге күн сайын жазып жүреді де, «дневник» деп атайды. Енді біреулері, күнде көргенін емес, біраз уақытта көргендерін теріп жазса, оның атын «мемуарлар» дейді. Онысы «естелік» деген сөз.

— Жақсы әдет екен ол.

— Солардан үлгі алған қазақтар, жазып жүрген дәптерлерін «естелік» деп атайды.

— Өзіңде бар ма, ондай естелік?

— Бар.

— Қазір бар ма?

— Бар.

— Көруге бола ма?

— Неге болмасын,— деп Бүркіт, камзолының ішкі қалтасында бүктеулі жүрген жұқа былғарымен тысталған қалың дәптерін суырып берді. («Мөлдір махаббат», 250-251 б.).

Кейіпкерлердің басқа ешкімге ұқсамайтын мінез ерекшелігін суреттеудің жолдары көп. Бейнелеу құралдары дәл қолданылып, әрбір сөз, қимыл-әрекет, сыпаттау қажетті кезінде берілгенде ғана адам тұлғалары жанданады.

«Ботагөз» романындағы образдар басындағы кейбір қайшылық та геройлардың жеке анықтығының аздығынан. Бұл — кемшілік. «Мөлдір махаббаттың» негізгі қаһармандарында типтік пен даралықтың бірлігі мықты. Біз Бүркітті таптық тегі жағынан ғана емес, дәйекті характер ретінде де анық елестетеміз. Сол сияқты Әбудің әлеуметтік орны мен жалпы байларға тән ерекшелігінен басқа, жеке өз басының да натуралдық тұрғысы көрінеді. Бәтес жөнінде де осылай айтуға болады. Романдағы көмескілер — екінші қатардағы кейіпкерлер. Осындағы Еркін Ержановтың, мәселен, кедей арасынан шыққан белсендінің бірі екеніне ойша түсінбегенімізбен, соның ішкі сырлары, армандары қандай дегенде жартымды жауап бере алмас едік. Бүркіттің нағашысы Жақыпбек те сөз жүзінде қанша жамандағанымен, даралық болмысы белгісіз, күңгірт қалпында қалып қояды. Мәселе, бұлардың романда өз қатысуынан ғана емес, характерлерінің түйінді белгілерін танытатын суреттердің кемдігінен.

Романдағы геройлардың прототиптері және оқиғаның басталу, өршуі шығарманың туу тарихы туралы жазушы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында

көптеген анық деректерді хабарлады. Сол мақалада автор Сұлтанбектің (Бүркіттің прототипі) қылмысының нақтылы жағдайларына талдау береді, айыпкерге жасалған сот шешімін жазады. «Сұлтанбектің қылмысын тергеген сот мәжілісі 1928 жылдың 29 апрелінде Қызылорданың жазғы бақшасындағы кинотеатр үйінде ашылды. Сұлтанбек қылмысты істің 136-статьясымен айыпталды. Сот мәжілісіне жәбірленуші қыз Бәтима және бірталай куәлар қатынасты. Үш күнге созылған және аса қызық түрде өткен сот мәжілісі айыпкер Сұлтанбек Әбуовты сегіз жыл тұтқынға ұстауға, одан кейін үш жыл азаматтық құқынан айыруға үкім етті»[1] дейді.

С. Мұқанов сол қылмысқа байланысты түрлі материалды мол қарастырғанын көреміз. Соның арқасында өмірдің шын суреттері романан көп табылады.

Бірақ жазушы болған оқиғалар ізімен еріп отыра берудің кейбір сәйкессіздіктерге апаратынын жете ескермеген тәрізді. Қаншама қызғылықты оқиғалардың өзі де нақ сол, өмірдегі қалпынша алғанда реалистік шығарма туғызуы қиын. «Мөлдір махаббатта» әлеуметтік құбылыстардың жайы, қазақ елінің революция қарсаңынан бастап, байлардың малын конфискелеуге дейінгі талай-талай оқиғаларының жағдайлары айтылған. Олардың өз орнында танытқыштық мәні бар екені шүбәсіз. Дегенмен, кей жағдайда материал характерді «көміп» кеткен сияқтанды. Автордың мақсаты — Бүркіт байдың баласы болғанымен, ниеті бізге жат емес еді, албырттықпен қылмысқа килігіп, қапыда мерт болды, оның советтік жолға түсуіне, жаңаша семья құруына байлар мен байшылар кедергі жасап, кесапатқа ұшыратты демек. Роман ақырында, эпилогта Бүркіт түрмеден босап, жаңа өмір орнатысуға ынталана қайтты деп хабарлайды. Жазушының ойы — советтік шындықтың құдіретті күш екендігін көрсету, ата тегі қанаушы болғанымен, бай баласы да қоғамға пайдалы азамат қатарына кіре алатынын айту.

Романның өн бойында жазушы Бүркіт пен Бәтестің махаббат трагедиясының тарихын мол да, сенімді де баяндайды. Екі жастың характерін де махаббат мәселесіне байланысты анықтайды. Бүркіттің Мүсәпірді өлтіруі де қызғаныш, кек күйігінен екені шындық. Алайда Бүркіт пен Бәтестің бірыңғай ғашықтық хикаяларын түгелдеп

---

[1] С. Мұқанов. «Мөлдір махаббат» қалай жазылды. «Қазақ әдебиеті», 26 октябрь, 1959 ж.

айту геройлардың тұлғасын бұдан да гөрі кеңірек көрсететін мүмкіндікті азайтқан секілді. Бастан-аяқ біресе Бүркіттің, біресе Бәтестің естелігін баяндау қаһармандарды бір жақтылау көрсетеді. Дәл осы арада жазушының өмірлік материал аясынан шыға алмай қалғаны байқалады. Шындық бар да, көркемдік шындық бар ғой. Жазушы аңсары — Бүркіттің түбіне жеткен ескілік, байшылдық дегенді баса көрсету. Мақұл-ақ. Бірақ Бүркітті советтік өмірге алып келу үшін оның махаббатқа беріктігін, мінезінің тұрақтылығын көрсету жеткіліксіз. Бүркіттің әкесімен және табымен күресуі нанымды биігіне жетпеген. Бүркіт әкесінің жемқорлығын бірді-екілі бетіне айтқаны, ұлтшылдардың істерінен іштей түңілгені болмаса, советтік құрылысқа пәлендей іш тартып кете қойған емес. Бүркітті жасанды түрде советтің алдыңғы азаматы қатарына шығармадың деп ешкім де айыптамас. Дегенмен, қаһарманның әлеуметтік, қоғамдық істердегі беті жақсы ашылмай қалуы образды әлсіреткен.

Автор Бүркітті жас кезінен өжет, зерек етіп көрсетеді. Бірақ сол Бүркіт көлемді романның ұзына бойына құмарлық қызығымен, Бәтесті ойлап сергелдеңге түсумен жүреді. Сонымен, Бүркіт қоғамдық қайнаған тартыстардан оқшау көрсетіледі. Ол совет үкіметінің көп істерін ұнататын тәрізді. Бірақ ол өз табынан қол үзіп, ала жіп аттап кеткенімен, жаңа дәуір қазанына түсіп қайнамаған қалпымен қала береді.

Бүркіт өзіне басқалардың достығы мен қастығын Бәтеске махаббатына қалай қарайтындығымен өлшейді. Бәтеске қосылуына қарсы болғандар жаулары да, жақсы шырай көрсеткендер достары болып шығады. Характердің дәйекті, дара суреттелмегі мұрат. Мұндай сипаттар Бүркітте бар. Бірақ оның іріленбеуі қоғамның ең негізгі тайталас тартысынан шет жүруінен. Қорыта айтқанда, Бүркіттің советтік жаңа идея үшін қажыр жұмсап, сынға түскенін танытатын түйін байқалмайды. Алашордашыларды, жемқор байларды ұнатпағанымен, оның іздеген идеалы анық емес. Ал бас герой әсіресе ұнамды герой бір ғана қырынан емес, барлық тұлғасымен, тереңімен көрінбей, авторлық позиция да толық айқындалмайтыны белгілі. Шындығына келгенде, Бүркіт махаббаты алданғанына өкіне білген өжет мінезді жігіт қана. Оның қоғамдық типтік бейнесін ашуға жазушының мүмкіншілігі бар еді. «Мөлдір махаббатта» қазақ елінің оннан астам жылдағы құбылыстары сөз болады. Сол кезең ішінде

Бүркіттің жаны мен ой-санасындағы эволюцияны ашарлықтай талай-талай асу табылуы мүмкін ғой.

Әрине, жазушы Бүркітті елден бөліп, мүлде бейтарап қалдырмаған. Ол оқуға ұмтылады, дүние сырын білуге талаптанады. Оған жәрдемдесуші жандар да бар. Ауылда Еркін, Самалық сияқтылар Бүркіт пен Бәтеске қамқорлық көрсетеді. Бірақ осылардың жанашырлығы үйлесіп, жарасып, сендіріп тұрған жоқ. Жазушы Бәтес пен Бүркіттің қосылуына, оқып білім алуына елдің бәрі тілектес, нағыз қасқүнемдер солардың ата-аналары мен Жақыпбек сияқты ұлтшылдар деген пікірді дәлелдеуді көздейді. Қызылордада Бәтесті қоршаған бір топ адамның шетінен жексұрын болып шығу себебі содан. Оқушы жақсының жақсылығын, жаманның жамандығын іс-әрекетіне, реалистікпен берілген суреттеулерге қарап, өздері бағалай алатындығын ұмытуға болмайды.

Сонымен «Мөлдір махаббаттың» негізгі қаһармандарын сүйіспеншілік төңірегінде нанымды бейнелей алған жазушы оларға қоғамдық, заманалық жүк көтертпей, бір жақтылау етіп шығарған. Автордың алған көлемінде характер ретінде қонымды көрінген Бүркіт пен Бәтес дәуірдің шешуші күрес алаңынан алыстау жатыр.

Алексей БРАГИН

Ол шын мәніндегі қазақ совет әдебиетінің алыбы болатын. Ол қалам тербемеген тақырып, жанр жоқ шығар. Оның бір өзі бір халықтай, асқар Алатау еді.

Рымғали НҰРҒАЛИЕВ

ТАРТЫСТАР, ТҰЛҒАЛАР

I

Сәбит Мұқанов алғашқы драмалық шығармасын жазуға зор творчестволық тәжірибемен, поэзия, проза жанрларында күрделі туындылар беріп, шебер қаламгер ретінде толысқан шағында кірісті, әуелі «Алтын астық».

«Гвардия, алға» либреттолары дүниеге келді. Кейін «Сәкен Сейфуллин» драмасы туды.

Автордың тырнақ алды пьесасы —«Күрес күндерінде», ең алдымен тақырыбының әлеуметтік маңыздылығымен, кейіпкерлердің саяси көзқарастарының айқындығымен, өмір құбылыстарын жан-жақты, кең қамтуымен ерекшеленеді.

Шығармаға драмалық ситуация сәтімен таңдап алынған. Бұрын әдебиетімізде бейнеленбеген, бірақ әсіресе сахналық туынды үшін лайық материалды қаламгер дәл көріп, дұрыс суреттеп, екшеп ала білген.

Қазақстанның солтүстігінде 1919 жылы аз уақыт Колчак билігі жүрген кезде, бұрынғы үстем тап өкілдері қайтадан бас көтере бастады; коммунистердің беріктігін сынайтын екіталай ауыр заман туды; саяси күрестің қыр-сырын анық ұғып болмаған кедей-кепшік екі жаққа бірдей жалтаңдаған кезең келді.

Осындай өлара, тұман айықпаған шекаралық жағдайдағы өмір құбылыстары драмаға арқау болған. Қаламгердің әлеуметтік топтар өкілдерін кең қамту мақсатын көздегені алғашқы көріністен-ақ аңғарылады: қажы Құлым, бай Қозыке, алаш офицері Әбу, атқамінер Нұрмағамбет, ұры Жанат — бұлардың әр тараптан, әр деңгейден шығып жатқан сөздерінің мағынасы, түпкі нысанасы бір. Ол — совет билігіне қарсылық, кешегі ескілікті көксеу, әр жастағы, әр ниеттегі адамдарды тұтастырып, жұмған жұдырық ету. Бұлардың ішіндегі тағы бір қызыл көз пәле — ақ офицері Василий. Барлығының мақсаты — коммунист Жақыпты ұстап алып, азаптап өлтіру.

Осындай сұм ниеттегілер ортасына коммунистің әкесі Қыстаубай келіп, жоғалған қойын сұрағанда, қорқаулар тарпа бас салды. «Көзіңді желкеңнен шығарайын ба?, «әй, кәрі ит», «пошел к черту!»-- міне, әділет іздеп келген шаруаның алатын жауабы осындай балағат сөздер еді.

Драматург әрбір көрініс сайын жаңа кейіпкерлерді әрекетке қосып отырады. Жуандар тобы адамгершіліктен безіп, қанипезерлікке ойысады. Ат, ақша жинап, қару іздестіріп, қанды күреске дайындалып жатқан жендеттер. Алғашқы сценаларда есте қалатын, тілдік, мінездік ерекшеліктерімен көзге түсетін екі персонаж бар: бірі — Құлым қажы, екіншісі — Қыстаубай кедей. Тілі «р»-ға келмейтін сақау, жасы 70-тен асқан қажы орынсыз көп сөйлейді, кемістігін сезінбейді, сөздері өте сөлекет шығады;

мұның үстіне бойына шақ емес, ірілік көрсетіп, қожаңдап, тарпаңдық жасайды; заманының өтіп кеткенін ұқпады.

Қазақстанның кей атыраптарында қазақтар мен орыстардың алғашқы қарым-қатынасы әр түрлі жағдайлар тудырғаны мәлім. Архивтегі кейбір материалдарда қазақ балалаларының ақшаға сатылғаны айтылады. Шоқынған, аты-жөнін христианша қойып алған қазақтар бар. Тілде көп құбылыстар пайда болды: ұғымдар, жаңа сөздер келді.

Исі орысша атаулыға ілесуді жақсылық белгісі санаған, келсін-келмесін орыс сөздерін қыстырып сөйлеуді мұрат еткендер шықты. Кедей, көп жыл орыс есігінде жүрген Қыстаубай шал өзін байлардан, атқамінерлерден артықпын деп санайды, өйткені орыс тілін білем деп есептейді. Сөйлеген түрі былай келеді: «Аққар қаласының қойын бағып, пастух болып отырмын», «малымның құнын платить қылдыр»; «мырза, көрдің бе мыналардың сәпсім обида қып тұрғанын», «пропал баран».

Кейін көп жылдар өткен соң қазақ драматургтерінің бір тобы ана тілін білмейтіндерді күлкі ету үшін, тілді шұбарлап сөйлеуді сахналық бір тәсіл ретінде қолданған болса, Сәбит Мұқанов тіл шұбарлығын реалистік образ жасауға сәтті пайдаланған.

Драманың басты кейіпкері ретінде алынған Жақып алғашқы көріністе-ақ мінез ерекшеліктерін көрсете бастайды. Оның сыры коммунист Сергеймен арадағы сөзінен жақсы белгілі болады. Кедейдің ұлы, жастайынан қиыншылықты көп көрген жігіт әділет, теңдік іздеп большевиктер қатарына келген. Ой-өрісі бірқыдыру нәрсені тануға әлі жетпейді. Қайтадан аспанды қара бұлт торлап, Колчак тізесі елді есеңгіретіп, дүние тарылып, қаракшы қылышынан қан жауып тұрған заманда саяси сауаты, білімі саяз жігіттің жалтақтауы заңды. Оның Ленинді көргісі келуі, Сергейге Ленинмен таныстыр деуі, «Ленинді көретін күн болса, соңынан бірге аттанар ем» деуі — баршасы сенімді қылықтар.

Қаламгер алғашқы пьесасының өзінде драмалық әрекетте — сюжеттің сахналық сипатына көңіл бөлген. Бір шағын көріністен соң тағы бір шағын көрініс ауысып отырады. Оларда мазмұн жөнінен контраст принципі бар десе де артық емес.

Революция нәтижесінде ара жіктері әбден ашылған әр түрлі таптардың өкілдері, тіпті бітіспес, антагонистік таптар нәсілдерінің арасында толып жатқан әлеуметтік күрделі қарым-қатынастармен қоса, қат-қабат адамдық,

жеке бастық байланыстары пайда болғаны рас. Осындай тоғысулар неше түрлі адам тағдырларын шығарды. Талай семьялық, махаббат трагедиялары туды.

Қатар қонбас, заман мүлде қатар қондырмай отырған кешегі үстем тап өкілінің ұлы не қызы кедейдің перзентін сүйді ме? Кедейдің ұлы байдың қызына ғашық болды ма? Өмірде осындай оқиғалар кездесті ме екен? Мұның арты немен тынды?

Бұл өмірде болған, көп ұшырасқан, талай адамдардың ғұмырын жаралаған оқиға ғой.

Дәл осы құбылысты Сәбит Мұқанов пьесасына негізгі тартыс желісінің бірі етіп алады. Драмадағы басты арна — контрреволюционерлер мен коммунистер арасындағы күрес десек, екінші жүйе — Қозыке байдың қызы Зүбәйла мен коммунист Жақып арасындағы сүйіспеншілік хикаясы.

Жақып — Зүбәйла. Сағынып кездескен беттері. Бірақ бұлар Әуезовтің «Қаракөзіндегі», яки Мүсреповтің «Қозы Көрпеш — Баян сұлуындағы» лапылдап жанып тұрған романтикалық тұрғыдағы ғашықтар емес. Әуезов, Мүсрепов кейіпкерлері іштегі өрттей сезімді селдетіп, нәсерлетіп, өлеңдетіп, ақтарып айтса, Мұқанов образдары сабырлы, салмақты.

Жақып пен Зүбәйла арасындағы диалогта реалистік сипат бар. Күнделікті тіршілікте қоңыр төбел, қатардағы қыз бен жігіт аузынан шығатын сөздер. Жақыптың Зүбәйлаға үйленгісі келеді. Оның ойынша қыз әкесінің байлығы бұларға бөгет болмауға керек. Қыз да кет әрі емес.

Іздеп, қолға түсіре алмай жүрген Жақыптың үстінен түскенде, әсіресе күш көрсететін адам — Құлым қажы. Тіл мүкістігі өз алдына, заманының өткенін сезінбей, дүниенің тұтқасы қолында тұрғандай сабасынан асып кіжініп, өкіректенуі күлкі тудырады. Жапалақша жалпылдаған бейшара мықтысынып тұрғанымен, шын мәнісінде аянышты, сорлы кейіп.

Абыр-сабырды пайдаланып жылыстап кеткен Жақыптан соң сахнаға шығатын жалшылар сценасында драматург полилогты, көп дауысты лебізді қолданады. Бірінші актінің соңғы көрінісінде тағы улап-шулап сахнаға шығатын Садри, Әбу, Нұрмағамбет, Василий сөздерінен берекесіздік, бір-бірін анық қадірлемеу, дөрекелік, сатқындық сипаттары анық аңғарылады. Ағаларыңды тауып бермедің деп Қыстаубайдың екі ұлы — Қали мен Бейсенбайды Василий жендет жиырма бес рет шомпылмен ұрады. Л. Толстойдың «Балдан кейін» әңгімесіндегі масқара сұмдықтың қазақ даласында қайталануы!

Арада бір жыл өткен. Билік ревкомның қолында. Тартысатын күштердің ара салмағында көп өзгеріс бар. Екінші перденің алғашқы көрінісіндегі оқиға Қозыке байдың үйінде өтеді. Ерлі-зайыпты адамдардың от басындағы әңгімесінің үстінен шығамыз. Ескі қарым-қатынас, ескі дәстүр, ескі сана. Қалың малы алынған, құданың сөзі әбден бекітілген, оң жақта отырған қыз туралы қатал әке не дер еді? Әрине, әйелін нығыртып, сақ болу, ойын-күлкіден тыйылып, санаулы сағатты тосуды айтар еді. Қозыке — осындай адам. Тілінде майдалық, сипай қамшылау жоқ, «құдай соққан қу қатын-ау» деген дөрекі, дүлей сарын бар. Әйелі Зағипа оңай көніп, тез майысатын адам емес. Зағипаның еркіндігі өз алдына, заман дауылы мұның да мінезіне өзгеріс ендіре бастаған. Еркін, тең, тіпті астам сөйлейді: «Зүбәйла ноқта емес, әр аттың басына бір іле беретін. Ішіңнен шыққан балаң, өзі жалғыз, менің тілімді алсаң, енді балаңның басын шарға салма. Маңдайына жазған осы шығар, «теңі келсе, текке бер» деген. Заман мынау, еркімен кеткен қыз жалғыз біздікі емес. Балаңа батаңды бер де, кінәңды заманға артып отыра бер! Саған не істер дейсің?» (С. Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. V том, А., 1974, 21-бет).

Ойлы, ақылды әйелдің сипатын көреміз. Бұл қалпын ол Қыстаубай келгенде де танытады. Қатпары көп Қозыке Қыстаубайды кекетіп, мұқатып, кісі санатына алмай отырғанда, Зүбәйла іш тартып, жегжат болу үмітінен дәмеленіп тілеу тілегендей. Жап-жас Нұрмағамбет те Қыстаубайды жойып жіберуге заманнан қорқады, бірақ қорлау, мазақтауға дайын.

Драматург бір кейіпкердің ойы арқылы екінші тұлғаны мінездеу тәсілін де қолданады. Зүбәйла монологында Қыстаубай семьясы, Жақыптың бір жыл ішіндегі тағдыры, екеуінің арасында сүйіспеншілік хикаясы айтылса, әпші Сыздық Зүбәйла мен Жақып арасындағы жеңгетай, достық көпірі секілді. Сыздық сөздерінде юмор, күлкі элементтері бар.

Алғашқы пердеде қарсы топтың өкілдері негізінен бір-бірімен сырттай шарпысып, жауласып, қармасып жатады. Енді бетпе-бет келетін шақ туған. Алым-салықтың өкілі Жақып ашық майданға шыққан. Ет, астық талап етеді. Оңайлықпен көніп жатқан үстем тап өкілдері жоқ. Қарсылық, жалтару. Осындай әрекеттер үстінде әлеуметтік көзқарастармен қоса, адам мінездері де ашылады.

Сырт қарағанда тұтас көрінетін жуандар тобы қыл

бұрау қыса бастағанда бір-біріне тап беріседі; ала ауыздық шаң береді; бір-бірін қаба бастайды. Нұрмағамбет Қозыкені шоқпарлап жатыр: Зүбәйла мен Жақып арасындағы әңгімені шалдың бетіне шыжғырып баспақ. Әбу мен Садри екі ұдай. Жақып үстінен жазылған өтірік арыздар, домалақ қағаздар нәтиже бермепті.

Осылардың үрейін ұшырып, революция күндерінің қатал талабымен ащы сөйлеп, қырғи тілді Жақып бәрін темір шеңгелмен алқымнан алады. Басың бар, көзің бар демейді, ашық, батыл, қатал.

Өз үйірінің табанының астындағы құм сусып жылжып бара жатқанын, енді олар жеме-жемге келгенде сүйеніш бола алмайтынын, сұңғылалықпен тез сезген Қозыке жеке бастың қамын ойлай бастайды. Арамдық, эгоистік психология, шаруа мінезіндегі құбылма мінез су бетіне қалқып шыға келеді.

Алдында ғана Зүбәйланы құдалық жолымен ұзатпақ Қозыке енді Жақып қолындағы биліктің күшін көрген соң, аяқ астынан нілдей бұзылып, өзгеріп шыға келеді. Өз басын аман алып қалу үшін ескі дәстүрді бұзудан тайынбайды. Зағипаны да қызын үгіттеуге көндіреді. Қызықты драмалық ситуация. Бірақ автор осы мүмкіндікті жеріне жеткізіп пайдалана алмаған. Зүбәйланың «әкеме көмектес, оны түрмеге қаматпа» деуі де, Жақыптың оған беретін жауабы да оңай. Осындай екі ұдай сәтте — тағдыр таразысының бір басында әке, бір басында сүйген жар тұрған шақта, сөз жоқ, кім болса да зор толғаныс, көп тебіреніске түспек. Саяси сенім, сүйген жарға деген махаббат — бұл арадан әділет жолын табу екінің бірінің қолынан келмейді. Қиналады, іздейді, тіпті қателеседі, адасады. М. Шолоховтың әйгілі Григорий Мелеховы бізге күрделі тағдырымен, адам ретінде, басын тауға, тасқа соққан асау мінезімен қымбат қой.

Дәл, сәтімен табылған тартыс арнасын, күрделі характерлер жасауға мүмкіндік беретін драмалық линияны драматург қожыратып, оп-оңай, қалыпты плакаттық-үгіттік схемаға түсіріп, жеңіл шеше салады. Бұл орайдағы Зүбәйла — Жақып диалогы қарабайыр, жадау.

Прозашы ретінде Сәбит Мұқановтың сюжетке ұсталығы, әсіресе оқыс, қызық оқиғалар жүйесін қиыстыра білудегі шеберлігі, роман жазудағы мол тәжірибесі алғашқы күрделі драмалық шығармасының структурасына ықпал еткен. Пьесада характерлердің ішкі тартыс, психологиясынан гөрі, фабулаға, сырт әрекетке, қимыл-қозғалысқа, сахналық оқиғаға мән берілген. Өз тұсын-

дағы бірқыдыру қазақ пьесаларында отырып алып құрғақ әңгіме соғу, қысыр кеңес шерту, бос сөз көп болса, Мұқанов драмасында сахна эстетикасына көңіл бөлініп, әрекет-қимыл бірінші қатарға шыққан.

Бұл тұжырымның әділдігін әсіресе үшінші пердеге назар аударғанда айқын көруге болады. Бір жүйе оқиға Қозыке шаңырағында өтсе, енді соған қай жағынан алғанда да кереғар, контраст оқиға қыстығүні боранда, Қыстаубайдың шым үйі мен қорасында өрбиді.

Аттың тұяқ серпісіндей, соңғы күштерін салып, қанды жорыққа аттанған байлар мен кулактар ақыры Қыстаубай үйіне де келіп жеткен. Ызыңдаған жел, есік тықырынан қорқып, келе жатқан пәлені сезіп отырған бір шаңырақ астындағы пұшайман жандар қалың жендет сау ете түскенде, жандарын қоярға жер таппайды.

Әбу, Садри, Қозыке, Нұрмағамбет, Игнат... Бәрі де қаһарын төгіп тұр, зұлымдыққа келгенде бірінен-бірі өткендей. Қарулы еркектер қазған ордың екі жағында жатып атысса, не арман. Жекпе-жектің жөні, тіпті бір бөлек. Қара жүрек жан алғыштар жазықсыз, қорғансыз, қарусыз бейшараларды үйіне жеті қараңғы түнде басып кіріп, әй-шайға қаратпастан, сұрақ-жауапқа да келтірмей, тап-тап береді: ақ-қарасын айырмай, өз ығына көнбесе жойып жіберуді ғана білетін фашистік кесапат.

Абыр-сабырдың ішінде Қыстаубай үйіне келген Зүбәйла ірі мінезімен ашылады. Ол анау жалынсыз жандар — Қаратай, Бейсенбайлардан көш ілгері тұр. Әуелі пәленің келе жатқанын хабарласа, артынан дұшпанға батыл қарсы шығады.

Өзгелеріне айтқан сөздерін былай қойғанда, әкесінен іргені бөліп алады: «Адам кезінде сенің қызыңмын, қасқыр кезінде мен саған қыз емеспін». Ойланбастан әкесінің берген жауабы: «Менен туды деп аямандар, бұны да өлтіріңдер!»

Революция жасаған адамдар санасындағы өзгеріс — осы. Бұрынғы көшпелі ауылдағы қыз бен әкені әлеуметтік төңкерістер кезіндегі мына қызбен, әкемен салыстырып көріңіз: айтып болмас айырма, құшақ жетпес алшақтық жатыр. Жазықсыз жандарға, тек бірі — Жақыптың әкесі, бірі — анасы, бірі — бауыры болғандығы үшін маскара жазаны Игнат айтады: «Құлағын, мұрнын кесіп, мойнына тас байлап, Есілдің суына ағызу керек». Өзге қасқырлар да осы бұйрықты үнсіз қостайды.

Зүбәйланы Әбудің кесігімен Игнат тұншықтыра бастағанда ара түсуші — Жанат ұры. Екі жүзділікпен осын-

дай әрекетке әдейі барады, мыстандықпен, өзгелерден асып түсіп қулық ойлайды. Бәрін қырып тастамай, Жақыпты қолға түсірудің бір амалы ретінде Зүбәйланы арашалап алып қалады.

Қанды, қаралы оқиға, өліммен тынған үшінші пердеден кейінгі жаңа көріністе коммунистер ортасынан шығамыз.

Қуақы қалжыңмен шошқаның майын сөз етіп, күліп отырған Сыздық, Алпысбай, күрес жағдайын баяндап отырған Сергей коммунист, түптеп келгенде, Жақып шаңырағының трагедиясына қабырғалары қайысып күйзеледі.

Қысылтаяң кезде жағдайды тез-тез хабарлап айтып жатқан Жақыптың өз үйі ішінің трагедиясын білмеуі сахналық әсерді күшейте түседі.

Достарының қазаны естіртуі де, оны Жақыптың қабылдауы да оңай, жеңіл берілген. Ауыр күйзеліс, терең тебіреніс жоқ, жеңіл-желпі сөздер айтылады. Дәл осындай сәттен кейін қолма-қол Зүбәйла мен Жақыптың махаббат әңгімесіне кірісуі де сенімсіз.

Осы көріністің аяғы сенімді реалистік драмадан гөрі оқыс оқиғаға құрылған детективтік сипатта аяқталады. Баяғы ұры Жанат Жақыпты қолға түсірем деп жүріп, өзі өлім құшады. Сахналық эффект бар. Әсіресе наган көркемдік қызмет атқарып тұр.

Дұшпан ортаның ішкі әлемі соңғы суретте ашыла түседі. Олардың Совет өкіметіне, большевиктерге қарсылығы, дұшпандық-жаулығы тайға таңба басқандай, айқын. Бір-біріне сенімі аз. Сырттай тұтасқанмен, іштей шіріген. Ақ офицері Василий мен Әбу арасындағы диалог шовинистік пен ұлтшылдық ауруына шалдыққан, үлкен әлеуметтік мақсаттар үшін мүлде күресе алмайтын, тоқырағаң, дағдарысқа ұшырағандардың психологиясын танытады. Кеше ауыз жаласқан, саяси мақсат үшін күреспек, бір тілектегі жақтастар қазір ит пен мысықтай. «Бірі: «Его превосходительство, адмирал Колчак айтатын еді: «Қазақта ерлік жоқ» деп, өз алдына правительство болып, алашорда комитетін құрғанда да қазақ елін арттарыңа ерте алмап едіңдер. Сондай бейшаралықтарыңды, міне, енді де көрсеттіңдер»,— деп тұтас халыққа тіл тигізсе, екіншісі: «Орыс халқын сіз де ертіп отырған шығарсыз, господин поручик» деп, одан қалыспай, шаужайдан алып, тістеп, қауып қалып жатыр.

Драманың соңғы көрінісі оқыс оқиғаға, күтпеген шешімге құрылған. Ақ офицері Василий ойлағаннан

өзгеше, мүлде басқа әрекеттер аяқ астынан бел алып кетеді. Шіркеуде жасырынған ақ гвардияшылар түгел қолға түсіп, Жақып, Сергей бастаған коммунистер жеңіске жетеді.

Тұтастай қарағанда қызық оқиғалы пьесада бірқыдыру кемшіліктер бар. Әр түрлі таптардың өкілдері ретінде алынған кейіпкерлер дараланып, характер сомдалып жасалынбағаны көрініп тұр. Әбу, Садри, Құлым, Нұрмағамбет — осылардың барлығын әр жерде оқиғаға араластырып, бәрін сөйлете бергенше, драматург бір-екі кейіпкерді ғана алып, ірілендіріп, типтендіріп шығарғанда ұтатыны сөзсіз еді ғой.

Осындай пікірді Алпысбай, Қамзалар туралы да айтуға болады. Әділіне келгенде, Қыстаубайдың Жақыптан басқа ұлдары Қали, Бейсенбай, Қаратай — санда бар, санатта жоқ, кісі қарасын, персонаж санын көбейткенмен, бұлар көркемдік қызмет атқарып тұрған жоқ.

Бұрын Мұхтар Әуезовпен бірлесіп жазған «Ақан — Зәйра» пьесасы демесе, драматургия жанрында қалам тартпаған Сәбит Мұқановтың алғашқы сахналық туындысында театр эстетикасын бірқыдыру игергендігін көрсетіп, әлеуметтік маңызды тақырыпта сапалы шығарма беруі, сөз жоқ, жазушының өзінің де, сол кездегі әдебиетіміздің де бағалы олжасы болатын.

2

Көлемі жөнінен алғанда күні бүгінге дейінгі жасаған қазақ қаламгерлерінің ішінде ең мол мұра қалдырған Сәбит Мұқанов қандай жанрға, қандай тақырыпқа бармасын, ең алдымен зерттеу, барлау жұмыстарын жүргізетін; оның бұл саладағы ізденістері — арнаулы ғылыми тексерістің обьектісі болуға лайық.

Ұлттық, рухани тарихымыздағы ғажап құбылыстардың бірі, аз ғұмырда бітірген істері жөнінен келгенде күллі әлем ауызға алатын данышпандармен қатар тұра алатын жалғыз қазақ бар десек, ол дау жоқ — Шоқан Уәлиханов. Осы ұлы адамның өмірін, ғылыми еңбектерін зерттеуде екі академигіміз Сәбит Мұқанов пен Әлкей Марғұлан көп жылдар мол еңбек етті; қалың қажыр, зор қайратпен мезгілсіз уақытта туған азамат еңбегінің халқына табыс етілуіне жағдай жасады.

Бірінші жазылған «Шоқан Уәлиханов» драмасынан кейін көп томдық романдар шоғырының алғашқы кітаптары дүниеге келді. Кітапханалар, архивтер, Шоқан

болған қалалар, Шоқан басқан жолдарды Сәбит Мұқанов түгел көрді; шекарадан өтіп Шығыс Түркістан, Қашқарға дейін барды. Ұйғыр халқының қалың ортасында болып келгеннен соң, ойланып, толғанған, тақырыпты терең білуден, материалдың маңыздылығынан барып драматург бір обьектіден өзектес екі шығарма пьеса — дилогия тудырды. Сөйтіп, Шоқанның жас жігіт кезін көрсететін «Қашқар қызы» атты екі бөлімді тарихи драма дүниеге келді.

Пьесаның негізгі арқауына өмірде болған, тарихи дәл фактілер — Омбы кадет корпусын бітірген орыс армиясының жас офицері, Абылай ханның немересі — сұлтан Шоқан Уәлихановтың патша үкіметінің арнаулы әскери тапсырмасымен барған сапары алынған. Рас, сол тапсырмадан оралған соң Шоқан тарихи, этнографиялық еңбектер жазды. Жазушы ол материалдарды пьесаға еркін, кең, сәтімен пайдаланған. Ал пьесадағы бірқыдыру линиялардың, тартыс жүлгелерінің, сарын-идеяның, образдар кескіндерінің автор позициясынан, суреткердің фантазиясынан туғандығы хақ.

Творчестволық аса бай тәжірибе жинақтаған, әбден кемеліне келген шағында жазған пьесасында Сәбит Мұқанов, ең алдымен, реализм талаптарына ерекше ден қойып, өмір шындығын дәл бейнелеуді мақсат еткен. Орталық Азияда мыңдаған жылдар жасаған, өзіндік айрықша мәдениеті бар, тұрмыс-салт ерекшеліктері зор, сан алуан дәстүрлерді, ислам догматтарын берік сақтаған елдің өмірін сенімділікпен бейнелеу үшін, драматург ситуацияларды таңдап, сұрыптап, қызықты персонаждарды таба білген.

Кейіпкерлер саны көп емес, 12 адам; оның бәрі бірдей белсенді әрекетке араласпайды, негізгі тартыста жүргендер осының жартысы ғана. Ремаркада бұлардың түр-түсі, мінез ерекшелігі көрсетілмеген, жас шамалары, кейбіреулерінің кәсібі айтылған. Оқиға өтетін жерлерге, декорацияға қатысты ремаркалар ықшам әрі дәлді: заттар, мекен-жайлар, қимыл-қозғалыс айтылады; музыкалық сүйемел пьесада бастан-аяқ жүріп отырады. Персонаждардың қимылына, жүріс-тұрысына, жүз құбылыстарына, көрерменмен, сахнамен арадағы қарым-қатынасқа байланысты ескертпелер нақты.

Сахна талаптарына орай, қазақ пьесаларының көлемі шағындалып, перделер саны ықшамдалған тұста дүниеге келген «Қашқар қызы» драмасының алғашқы суреті оқырман үшін де, көрермен үшін де тартымды, экзотикалық көріністен басталады.

Әйгілі еңбегінде Шоқанның өзі де жазған, ұйғыр арасында тараған әсіресе Қашқар қаласында етек алған шәукен дәстүрімен танысамыз. Бір еркек, бір кемпір жас әйелдерді қораға айдаған қойдай үйіріп, қамшылап жүр. Базарға сататын мал іспетті. Ресейден келетін саудагерлерге қашан олар елдеріне қайтқанша мыналардың әрқайсысын некесін қиып, әйел етіп береді. Ол үшін қонақ еркек қала әкімдеріне, дін басыларына тарту-таралғы, сый-сияпат көрсету керек, мол пұл беру керек.

Манжүр әкімінің (губернатор) орынбасары Уәлидің сөздері келте, қысқа, шолақ-шолақ бұйрық сөздер. Драматург «Мыстан» деп ат берген кемпір ертегіден, шығыстың үрейлі, қорқынышты ертегісінен келген сұмдық пәленің дәл өзі секілді. Алғашқы сөздерінің өзі-ақ адамның зәресін ұшырады; алдында — көз байлаушы, сықыршы, жан алғыш тұрғандай. Жан әйелдерге айтатын бұйрық-биліктері адам аузынан шыққан лебіз емес, кісі денесін қарып түсіп жатқан шоқ іспеттес.

Драмаға шығыстық колорит, фантастика элементін беріп тұрған кейіпкер Дуана шалмен де алғашқы суретте танысамыз. Әрине, оның аузынан айтылатын өлеңнің бояуын қалыңдатып, көне ұйғыр, көне түркі поэзиясының тіліне жақындата түскенде, әбден дұрыс болмақ еді.

Әуелі көзге ұрып тұрған, бадырайып байқалатын әдетпен таныстырып алған драматург енді Қашқардың ішкі өмірін көрсету үшін медресеге алып келеді. Бәйіт оқып отырған имам бір қарағанда ғана сопы, о дүние қамын ойлаушы, мүлгіген қалпынан түртіп оятып жібердің-ақ болды, жемтікке ұмтылған қарақұсша сілкініп шыға келеді.

Қала әкімінің орынбасары жаңалық атаулыны, оның ішінде Ресейден келген саудагерлер жайын жіпке тізгендей етіп, кімдер барын бажайлап, тәптіштеп, мүләйім, монтаны берілген құлға тән жағымпаздықпен айтып жатыр. Қазы имам не ойлап отырғанын бірталайға дейін білдірмей, қысқа сөздермен тіл қатып, тыңдап отырады. Әңгіме саудагерлердің дүние-мүлкіне ойысқанда, пара жеп дағдыланған көмей шіркіні бүлкілдеп қоя береді: «Көңілдерің ұнататын шәукен табарсыздар! Мұнан арғысы өзінен-өзі түсінікті: сорлы әйелдерді зорлап, алыстан келген жат адамдарға малшы қосақтау; сый-сияпат, байлыққа ие болатын — мыналар. Адам саудасы!

Медреседе пьесаның басты персонажының бірі — Дамолламен танысамыз. Ұсақ-түйек жемтікке құмар болғанымен, ондайдың иісін танауы қиырдан сезгенімен, адам

тануға келгенде Қазы имам кісі таңырқардай жүйрік емес.

Көп жерлерді көрген, мол білімді Дамолланы үлкен ғұламаға санап, бірден оның шылауына түскенін сезбей қалады. Дамолла сөз тізгінін өз қолына алып, әңгіме сарынын қажетті арнаға оп-оңай бұрып жібереді.

Заңды түрде жүретін елшілік, дипломатиялық қатынастар арқылы жасалатын амал-айла, алдап соғу, мұзға отырғызып кету, отқа түсіріп жіберу өз алдына, елеусіз көрінетін, тиын-тебен қуып жүрген сияқты саудагерлерді, бұл пәниден баз кешіп, барлық рақат, күллі ләззат о дүниеде санайтын, аузында алла, қолында құраны бар діндарларды, монтаны, сопысынып жүретін елеусіз тыңшы, көзге түспес, қолға ұстатпас жансыздарды пайдалану арқылы ел ұйтқысын шайқау, береке кетіру дейтін ежелден келе жатқан пәлелі жол және бар-тын.

Алыс Азияның кіндігінде қатпарлы таулар, жалпақ құмдар арасында жатқан Қашқар еліне қиырдағы Англия да, іргедегі Россия да құр аузынан суы ағып бос қарап отырмай, бір тарпып табанға тастай алмастықты ұққан орыс, жымысқы, ұры соқпаққа түскен.

Мына отырған арабша, ұйғырша судай, басында дағарадай сәлдесі бар, мүләйім Дамоллаңыз, халықаралық терминмен айтқанда, ағылшын шпионы, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, жансыз тіміскі, тыңшы, аты-жөні — Адольф Шнайдер.

Көк соқтада, тау-таста талай жорткан жырынды көкжал орыс саудагерлерінің ішіндегі жас жігіттің тегін адам емес екендігін бір қарағанда-ақ байқаған. Әдейі өзі соқтығып, сөйлесіп көрген. Байқағышын, кісі танығыш сұңғылалығын қара. Шоқан туралы: «өзіңнен сырды көп тартуға тырысып, өз сырын алдырмайтын қу сияқты, бұл тыңшыға лайық қылық» дейді.

Фанатик мұсылмандар үшін басты дұшпан кәпірлер — христиандар. Егер сондай қаскөй жаудың тыңшысы орталарында, Қашқарда жүрсе, бұдан аскан сұмдық болар ма?! Бірақ имам да, Уәли де саспайды. Талай құқайды көрген жендеттер емес пе, не істеу керегін іштей біле тұра, касақана, жәдігөйлікпен Дамолланы сөйлетеді. Ізін аңду қажет.

Сөйтіп, Қашқардың ескі дәстүрі бойынша, әрі шаһар әкімдерінің қанжығасын майлау үшін, ең бастысы, жат діннің жасырын тыңшысын қолға түсіріп, көзін жою үшін бір-ақ айла бар, ол — Ресейден келген саудагерлерді тезірек шәукенмен қосақтау.

Өзі сахнаға шыққанша драмалық тартыс, темір қақпан, ауыр талқы Шоқан алдына әлдеқашан құрылып қойылған.

Алғаш рет бірінші перденің үшінші суретінде толық сахнаға шыққан Шоқанның қарсысында тұрған адам — Мыстан. Кемпірдің тілі майда, сөзі жұмсақ. Қашқардың ескі дәстүрін, бұл шаһарға келген еркектің некесіз тұра алмайтынын, екі ортада жеңгетайлықта жүретін өзі секілділердің атын «дәлел», «таппақ» ал аз күн некесі қиылып әйел болғандарды «шәукен» дейтінін бейнебір құранның аятын ұқтырғандай тәптіштеп, тиянақтап түсіндіріп береді. Бұл торға кедей-кепшік, жетім-жесірдің, панасыз-қорғансыздардың қыздары түсетінін тіпті де жасырмайды.

Іштей бұл жат, жабайы дәстүрден түршігіп, тітіркеніп тұрғанмен, Шоқан сырын алдырмайды; оның аузынан көбіне шығып жатқан сұрақ. Айыптау, жазалау, лағнет айту сипатындағы зілді сұрақ.

Қазақтың махаббатты қастерлейтін адамгершілік салты мен Европаның сүйіспеншілікті пір тұтатын гуманистік дәстүрінде тәрбиеленіп өскен, зор интеллект, биік мәдениет иесі Шоқан үшін мынадай зорлық рәсімге бағынудан қиын нәрсе жоқ. Бірақ қарсылық көрсетсе, айрықша тапсырманы орындау былай қалып, өз басы біреудің қанжығасында кетуі мүмкін.

Әрине, Шоқанға тез, оңай шешім қабылдатпай, оның ойланған, толғанған, қиналған-ширыққан сәттерін көрсетсе, драматург көп ұтқан болар еді.

Жап-жас жігітке көрсетілген шәукеннің бірден ұнауы, ақын көңілдің оны елікке балауы, қыз бодауына қала әкімдері не сұраса да оп-оңай көне салуы — мұның бәрі де өмірде болатын, сенуге тұрарлық жайттар. Бірақ Шоқанның ұлылығын танытатын, оның әйгілі юморы, отты қалжыңы, толқынды ойлары әрбір қадамынан көрініп жатса, көркем образ сомдалып жасалмақ еді.

Бесінші суретте көрсетілген мәшіраб тойы сахналық спектакльде музыканы, биді, қимыл-қозғалысты пайдалануға, тұрмыс-салтты, шығыс колоритін танытуға көп мүмкіндік береді. Осындай көңілділік, ән-күй, ырғалған би фонында кездесіп, бір-екі ауыз тіл қатысқан Шоқан — Дамолла сөздері сырт қарағанда бейбіт, елеусіз; ал астарына үңілсеңіз, бірін-бірі алқымнан алып жатыр; біріне-бірі «мына нәрселерді білгеніне қарағанда, сен жай адам емессің, тыңшысың, шпионсың» дегенді мысқылмен, ишарамен жеткізіп тұр. Бұл арбасу ұзаққа созылмаған-

мен, сөзсіз жіберетін оттан, жұтпай тынбайтын селден хабар береді. Шоқанның жол серігі Боқаш, Дамолла шабарманы — екеуі де көрген-білгендерін, естіген-сезгендерін жеткізіп тұрады. Қылыш жүзіне табан басар мезгіл таяу.

Алғашқы сахнадан бастап шым-шымдап бел алған тартыс жүлгелері айқындала бастайды. Қашқар елінің әлеуметтік теңсіздігі, әсіресе әйел халінің ауырлығы, бұл жерге көз тіккен отаршыл мемлекеттердің әрекеті — осылардың әркайсысы адамдар мінездері, характерлер қақтығысы арқылы көз алдыңа тартылады.

Рас, драматург образдардың психологиялық тұрғыдан терең, жан-жақты ашылуынан гөрі, сахналық қимыл-әрекетке, пьеса фабуласының тартымдылығына, сюжет қызықтылығына көбірек мән беріп, баса ден қойған.

Көлемі жөнінен алғанда пьесадағы ең ұзақ сцена — бірінші перденің алтыншы суреті. Басқа көріністерде, негізінен, бірер адамның диалогы қысқа, ықшам қайырылса, мұнда негізгі кейіпкерлер тұтас әрекет үстінде десе, қате емес. Ұзақ, күрделі монолог, шығыс әдебиетінің үлгісіндегі философиялық толғау, мақал-мәтел поэтикасына жақын тұрған қанатты оралымдар, афоризмге жақын тіркестер бар. Әсіресе Дуана тіліне автор мұндай элементтерді орынды түрде, сәтімен енгізген.

Оңаша үйде Шоқан, Шынаргүл. Алғашқы диалог. Олардың алғаш қалай қосылғаны, екеуінің бір-біріне деген көзқарасы, сезімі — бұлар көрсетілмейді. Бір шаңырақтың астында қатар өмір сүріп жатқан қалыптарына кездесіп тұрмыз. Араларында сіз, біз деген сыйластық, қас-қабақтан түсіну бар, бірақ ерлі-зайыпты, некесі қиылған адамдардың жыныстық қатынасы жоқ. Бұл, әсіресе Шынаргүлге батады, қай мінезімнен, нендей қылығымнан жақпадым деп қуыстанады, тіпті шәукен үшін мынадай жағдай намыс секілді. Шынаргүл монологы арқылы Шоқанға әйел көзімен, сезімді, ақылды әйел аузымен мінездеме беріледі. Үйғыр қызы бұрын көрмек түгіл естімеген мархаббатты, қайырымды, сыпайы жігітпен некелесіпті. Кітапқа шұқшиған, қағаз жазған, бұрынғы еркектерден байқалмаған бөлекше қылығын былай қойғанда, жар төсегінен бойын неге аулақ салады. Жақсы көретін секілді, ендеше неге бауырына баспайды? Бұлардың баршасы шәукен үшін шешілмейтін ауыр жұмбақ сияқты. Қішкентай көкірегі қысылып-қысылып кетеді.

Осындай өзімен-өзі әуре жанды әуелі шабарман, артынан мыстан қыспаққа алады. Шоқанның жасырын

сыры бардай-ақ бұлар не іздеп жүр? Мыстан айтқанына көніп, айдауына жүрмесе, бір талдап шашын жұлмақ.

Осы сценадан бастап драмалық әрекетке батыл араласатын кейіпкер — Дуана. Оның аспаннан түскендей, есік-терезесі жабық үйге аяқ астынан кіріп келуінде сиқырлы, тылсым күш бар сияқты. Бұл жұмбақты келіс, білдірмей, көз байлағандай, ғайыптан жоқ болып кету әсіресе дінге, сиқырлы күшке сенетін Шынаргүлге ғажап әсер етеді. Сондықтан да ол үшін Дуана сөзі — құран сөзі секілді.

Келіс-кетісі жұмбақты болғанмен, Дуана аузынан атаның көсем сөзі шығады. Ол — арғы-бергі тарихты, шығыс поэзиясы мен философиясын, ұйғыр шежіресін бес саусақтай білетін ғұлама, оқымысты адам. Әділетсіз әкімнен зәбір көріп, еріксіз дәруіштік, жиһанкездік жолға түскен. Шынаргүлге туған нағашысы екенін айтып қуантады.

Көп нәрсенің төркінін бірден аңғаратын сұңғыла көз Ресейден келген саудагерлердің сырын әлдеқашан біліп қойған: мынау Әлімбаймын деп жүрген жігіт ешқандай да Әлімбай емес, басқа, бөтен. Дуана бір көрген адамын ешқашан ұмытқан да емес, шатастырған да емес. Жиеніне адамша қарап, аз күн рақат, ләззат сыйласа, мұның кім екендігінде қанша шаруасы бар? Қайта қолдан келген жақсылығын аямайды.

Ата немере, нағашы—жиен болып екі мұңлық, екі сорлы табысып, шұрқырасып жатқан үстіне Шоқан келеді. Ол қазір Дамолла жайын қатты ойланады. Қайтсе дұшпанының жолын кеспек? Қайтсе оны жайратады? Әйтпесе анау мұны мерт қылмақ.

Жүйелі ой, жүйрік логика ақыры тығырықтан жол табады. Дамолла — католик, олай болса, бойынан тастамайтын кресі бар, кресті қолға түсіру — Дамолланы қолға түсіру. Осы мақсат, нысана үшін Шоқанға көмектесетін екі-ақ адам бар: бірі — Шынаргүл, екіншісі — Дуана.

Адамшылық сезімі жүректерін елжіреткен нағашы мен жиен орыс офицерінің көмекшісі болып кеткендерін өздері де сезбей қалады.

Тұтас қарағанда «Қашқар қызы» драмасының сюжеті тарихи — документті негіздегі авантюралық-детективті, қызық оқиға сарынында, Шоқан — Шынаргүл, Шоқан — Дуана, Шоқан — қала әкімдері, Шынаргүл — Мыстан араларындағы коллизиялар бірінші актіде азды-кемді көрінеді де, екінші актіде барлық қақтығыс Шоқан —

Дамолла (Адольф Шнайдер) арнасына көшіріледі. Бұл пьесаның қызықтылығын, сахналық әрекет тартымдылығын ұлғайтқанмен, шығарманың әлеуметтік тынысын тарылтып, эстетикалық әсерін солғындатқан.

Әуелгі көріністерде сыр алдырмай, бойын сақ ұстап, сұрақ беру орайында ғана отыратын Шоқан енді ойын кең толғап, кемел шертеді; шешен сөйлейді. Бұл орайдағы монологтарында болашақ үлкен ғалым, қажырлы қайраткердің жүйелі логикасы, жүйрік қиялы, оқыс тұжырымдары аңғарылып қалады. Бөтен орта, алыс өлке демей, Қашқар елінің қайғысын бөліскен қамқор жүрек, оның ертеңгі болашағын ойлап тебіренген азаматты танимыз. Қазақ халқының тағдыры, оның Россиямен мәңгілік бірлігі жөнінде, осы реттегі өзінің тарихи миссиясы туралы айтылатын Шоқан сөздерінде реалистік шындық бар.

Алғашқыда ауыр, қиын дәстүр зорлап тілегендей, еріксіз қосақтағандай болған Шоқан – Шынаргүл бірін-бірі ұнатып, тату-тәтті, ерлі-зайыптың лоззатты, рақатты күндерін кеше бастаған. Шынаргүл Шоқанның жан серігі, сыр бөлісетін, қысылғанда көмек беретін досы. Шәукенімен достығын пайдаланып, Дамолла мойнынан тастамай тағып жүретін дорбашықты әкеліп отыр. Барлаушылық істі ғалымның сұңғыла ойымен ұластырған Шоқан дәл осылай болатынын — дорбашық ішінде міндетті түрде крест жүретінін күні бұрын дәл болжаған екен. Дамолла әшкереленді деген осы.

Осындай Шоқан үшін қуанышты, жеңіс сәтінде Дуана оның өзінің кім екенін айғақтап, дәлелдеп айтып береді: Әлімбай емессің, орыс елінің тыңшысысың дегенді жұрт сөзі етіп жеткізеді. Бірақ бұл дана шал Шоқанды әсте ұстап бермек емес, қалай қолға түспеу, қалай құтылу керек, қайтсе құтқармақ — осыны көбірек ойлайды.

Аз күн бақыт тапқандай болған Шынаргүл көзіне тағы жас үйіріледі, оның именшек, үркек жүрегі айрылысар шақтың таянғанын сезіп, тітіркене шошиды. Көптеген ескі қолжазбалар, көне кітаптар арқылы, ең бастысы Дуана, Шынаргүл арқылы ұйғыр халқын терең тани түскен Шоқан осы мыңдаған жылдық жазба тарихы бар, ежелгі, ер жұрт туралы тебірене толғанады, оның ұлы азаматтарын еске алып, тамаша мұраларын мадақтайды.

Қашқар әкімдерінің өкілдері ретінде алынған имам Қазы мен Уәли алғашқы пердеде шәукен әңгімесі үстінде паракор, жырым жалаған жемқор, дүниеқоңыз кейпінде бір көрініп кетеді. Бұдан кейінгі сценаларда олар жоқ.

Сыртқы ызғар, доңайбаттары сезіледі. Тыңшы, тіміскілер қызметін жақсы пайдаланатын шығыс елдеріндегі ежелгі әдет бойынша шаһардағы барлық өсек-аяң, жұрттың жүріс-тұрысына дейінгі сыбыс-сыбдыр ең алдымен мешітке, оның бас имамына жетіп тұрады. Қалың құран беттерін аударып, ерні жыбырлап, мүттәйім күйде мүлгіп отырған дінбасы бір қарағанда, сырт көзге ғана сүлесоқ, бұл дүниелік шаруамен айналыспайтын әулие, ал шындығында осы елдің, күллі Қашқардың билік тізгінінің бір ұшын мықтап ұстап отыр. Еңкейген қарт, желкілдеген жігіт, еңбектеген бала, төсінен сүт аққан ана — қайқайсысының тағдыры бір ауыз билікпен шешіп тастаса, ешкім мұның қаһарына қарсы тұра алмайды.

Шоқан тапқан айла-ақыл бойынша Дуана бір алуан сөз таратқан. Көп нәрсеге әлі бала көзімен қарайтын аңқау ел түске, болжалға, аянға сенетін уақыт. Әсіресе Дуананың көріпкелі, сәуегейлік дана қасиеті бар деп санайды. Түсінде Дуанаға күллі ұйғыр тәңірдей табынатын Аппақ қожа аян беріп, мешітте имам хатиб болып жүрген Дамолла насарани (христиан) дінінің өкілі, кәпір деп айтыпты-мыс.

Бұдан артық сұмдық, масқара хабар бола ма? Сырт көзге томырық, барлық сыры қатпарланып іште жататын сияқты көрінетін, көбінесе ашылып сөйлемейтін, бір-екі ауыз сұрақпен ғана тыйылып, үнемі тыңдап қана отыратын Қазы осы тұста қатты абдырап, әлекке түсіп, теңселіп кетеді.

Алдына жүгіріп түсіп, ойын айтпай танып отыратын Уәли бұл жолы да дағдылы мінезінен жазбайды. Мешіт ішінде басқа діннің тыңшысы жүр дегенде қойнынан суық жылан шыққандай, үйіне ұры кіріп кеткендей жан түршігерлік күйге түскен Қазы не істеп, не қоярын білмейді. Аузына ілігетін құр сұрақ. Бір сөз, екі сөзден тұратын аңқау бала аузынан шығуға лайық сұрақ. Уәли бәрін біліп, іштей тас-түйін болып дайындалып келген секілді. Сарт-сұрт етқізіп, не істеу керектігін күні бұрын кесіп-пішіп айтып тұр. Айтатыны: «Қиын емес», «Қыстаймыз!» «Тартып аламыз!» Бәрі — Дамолла мойнындағы оның католик дінінің өкілі екендігін көзге шұқып, басқа ұрғандай дәлелдейтін кресін алу туралы сөз.

Драмалық әрекет кернеуі күшейе түседі. Оқиға ширыққан. Діни фанатизм адам басын бір шырмап алса, одан құтылу оңай нәрсе емес. Қазы. Уәли, азаншы арқылы драматург осы халді сенімді көрсетеді.

Көп кешікпей, Қазы — Уәли диалогынан кейін іле-

шала мешітке маңғаз басып, ешкім сырынан хабардар еместей тоқмейіл күйде Дамолла кіреді.

Енді бұрынғы сіз-біз жоқ, қарапайым дипломатия қағидаларын да сақтамастан, Уәли мен Қазы екі жақтан аш қасқыр секілді тап-тап береді. Сұрақ үстіне сұрақ. Басқа, көзге қамшымен ұрып жатқан секілді. Қылғындырып әкетіп барады. Әсіресе Уәли: «Көрсетіңіз», «Беріңіз».

Өлді дегеніңіз — осы. Мойнындағы кіресі пәле-жаладан, зорлық-қорлықтан, ажал оғынан сақтаушы бойтұмар болудың орнына өлім оғы болып тиді. «Кафр! Лағнет! Малғұн!»— Уәли сөзден мән шықпасын сезген соң, күштеп, зорлап мойнындағы дорбашықты жұлып алды. Масқара! Ішінде «Кәләм — Шәриф» емес,-- крес.

Соңғы сәтте Дамолла: «Әлімбайды, Әлімбай»— деп қалған. Мешіт үшін бұл тағы бір өртке түскен шақпақ от секілді.

Шығыс деспотизмінің айғағы іспетті айыпталғанды жазалау сценасында полилог — көп дауысты диалог қолданылған. Бұлардың ішінде, әсіресе кешегі Дамолла, енді аты-жөні анық Адольф Шнайдер дауысы бөлекше дараланып, айқын естіледі. Өз кесігін өзі айтып тұр. Бұл осал тоқпақ емес еді. Атан жіліктей жігіт болатын. Англия тыңшысы болып жүргенімен, түпкі түбірлі ойы — Ұлы Германия үшін, неміс нәсіліне қызмет ету еді. Арманына жетпей желкесі қиылды. Отар, колония жасай алмаған, Европаның кеудесінде қысылып, қымтырылып қалған, мешел бала секілді Германия өрісін кеңейтпек еді. Енді мұның бас сүйегі де анау мұнараны бір елі болса да биіктете түсуге жөнелетін шығар.

Ең соңғы көрініс шиыршық атқан, өлім қаупі тақағанын сезе бастаған Шоқан бар. Адольф Шнайдердің басын шапқан Қашқар әкімдері мұның да соңына түсе бастаған. Дуана хабарласпай кеткелі де көп күн. Көңілге медеу жалғыз нәрсе — Шынаргүлдің таза пейілі, қалтқысыз жүрегі. Бұл сорлы айрылысар күннің жақын қалғанын сезбейді-ау.

Қайдан түскені белгісіз тағы ғайыптан Дуана пайда болады. Қалай келіп, қалай кететінінің сырын енді өзі ашады. Шығыс елдерінде жаугершілік замандарда қорғану мақсатында туған жер асты жолдарының хикаясын шертеді. Сол ескі соқпақтың бірі осы Шоқан — Шынаргүл үйінің астынан өтеді екен. Ешкімге байқатпай, жұмбақты түрде келіп-кетудің сыры осында екен. Дуананың қазіргі айтпақ негізгі сөзі бұл емес еді. Жол қысқарған,

шеңбер тарылған. Шоқан үшін екі-ақ таңдау бар: осында қалса, кешегі ағылшын тыңшысының кебін киіп, басы шабылады; әйтпесе қазірден қалмай қашу керек.

Ауыр да аянышты сәт. Дуана көзінен жасы сорғалап тұрып талақ некесін оқиды. Шынаргүл қалып барады, Шоқан кетіп барады. Осы сценада психологиялық тұрғыдан тереңдету қажеттігін драматург ескермей, келте, шолақ, тақ-тұқ еткізіп қайырып жіберген. Әсіресе Шоқан аузынан шығатын лебіз сырдақ, суық. Тебіреніс, толқу жағы жетіспейді.

Қеңірек толғанған Шынаргүл монологында сорлы келіншектің бірталай шері, Шоқанмен арадағы ерлі-зайыпты күндер жөніндегі өксікке толы сыры бар. Көркемдік заңдылығына жүгінгенде, Шынаргүлдің өзін-өзі өлтіргенінен де оның Қашқар әкімдерінің қолынан опат болуы, қажет десеңіз, Шоқан үшін күйіп кетуі шығарманың әлеуметтік-эстетикалық салмағын да, трагедиялық күшін де ұлғайта түсетін еді.

Драматургтың бұл пьесадағы табысының бірі — жалпы рухы жақын болғанымен, бауырлас халықтың өмірін бейнелеудің оңтайлы әдістерін таба білді: қолайлы, деректі, тарихи негізі бар материалды таңдап алу, тұрмыс, этнография детальдарын пайдалану, музыканы орынды кіріктіру, түркілік, діни лексиканы шеберлікпен, орынды кәдеге жарату — осының бәрі қаламгердің маңызды, колорит — бояуы айқын, қызық тартысты сахналық шығарма тудыруына мүмкіндік берген.

3

Тарихи-ғұмырнамалық драматургияда І. Жансүгіров, М. Әуезов, Ғ. Мүсрепов, М. Ақынжанов, Ш. Хұсайынов тудырған отызыншы-қырқыншы жылдарда жазылған белгілі шығармаларда, негізінен, ұлттық топырақ, қазақ ортасы көрсетіледі; бұларда бірен-саран ғана өзге халық өкілдері кездеседі.

Драмалық туындыға қойылатын шарттармен қоса, басқа ұлт өкілдерінің бейнесін жасау талаптары Шоқан Уәлиханов туралы пьеса жазу үстінде Сәбит Мұқанов үшін қосымша, зор қиындықтар келтіргенін ескеру керек.

Хан тұқымы, орыс армиясы полковнигінің баласы, кадет корпусын бітірген, тәлім-тәрбиені орысша алған, негізгі араласқан адамдары басқа ұлт өкілдері болған Шоқан жөніндегі шығармада бұл орта, осындай қарым-қатынас көрсетілмесе, автор соқыр сүрлеуге түсіп кеткен

болар еді. Реалист суреткер Мұқанов осы жағдайды айрықша ескеріп, «Шоқан Уәлиханов» пьесасында көрермендi Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың жазғы қонақ үйінен бір-ақ шығарады.

Ұлан-байтақ өлке ашса — алақанында, жұмса — жұдырығында тұрған, патша өкіметіне зор әскери еңбектері сіңген генарал-лейтенант алғашқыда жұмсақ, бауырмал адам секілді көрінеді, саяси мәселелерде либерал сияқты. Қыңыраттып, тыртысып, қыржиып, өзге жұртты жақтырмай тұрған әйелін сылап-сипап, еркіне жығылып, өтірік аңқаусып, басқа аңғарға түсіріп жібереді.

Губернатор оңашада, өзімен-өзі ақылдасқандай шақтарда маңындағыларға, жақын-жуыққа, алыс-жатқа баға бере, салмақтай сөйлейді; кейбіреулерінің тағдырын күні бұрын шешіп, кесік-билік айтады; біреу осыған бөгет болар-ау, обал-ау деген ойлар басына келмейді.

Гасфорт пен полковник Шыңғыс Уәлиханов арасындағы диалогта бірқыдыру сыр ашылады. Абылайдың ұрпағы басынан бағы ұшқанын, өткен дәуреннің қайтып келмейтінін жақсы біледі — сондықтан да алғашқылардың бірі болып патша өкіметінің етегінен мықтап ұстаған. Шен де, билік те, байлық та — тіршілікке қажет нәрсенің бәрі осы жолда екенін бұл әбден ұққан. Тіпті болашақ ұрпақ, келешек нәсіл ырыздығы осы беткейде; сол үшін Шоқанды бармақтай күнінен азапқа салғандай етіп, кадет корпусына оқуға берді ғой. Дәл қазір еңкейіп, иіліп, құлдық ұрып тұруында ішкі есеп бар.

Дала әкімдерімен қандай жағдайда, қалай сөйлеудің әдіс-айла, тетік-амалын бүге-шегесіне дейін біліп, үркітіп бұқтырудың, қорқытып шошытудың құралдарын әбден жетілдіріп алған генерал-губернатордың мына сұлтанды өз үйінде қабылдап отырып (сыйлағаны, еркінсіткені емес пе?) айтқаны: «Батыс Сібірді князь Горчаков билеп тұрған кезде, сіз хорунжий шенінде ғана едіңіз. Мен келе сотник дәрежесіне көтерілдіңіз. Одан подполковник... Енді полковник» (5-том, 58-бет).

Аз-кем түйсігі бар кісі мұның астарындағы «сен кеше түкке тұрмайтын, көп жаманның бірі едің; мен сені демеп, қолтықтап, адам еттім, аспанға шығардым. Батыр-ау, осыны қалай білмейсің, осы еңбегімнің төлеуі, ақысы қайда?» деген ишараны оп-оңай ұғады. Жігерлі, қайратты намысты адам ашуланса керек, тіпті бұдан ат құйрығын кесіп кетуі де мүмкін. Ондай ерлік отар елдің ұлынан қайдан шықсын, тәйірі. Күш иесі ұра түскен сайын, мойнын ішіне тығып, бұға түседі сорлы.

Ішен бергені өз алдына, екі рет Петербургке барғаны кімнің аркасы екен? Осы тұста губернатор дала бөрісін жанды жерінен тағы қансыратып қауып алады: «Сіз генералдық дәрежеге көтеріле алмайсыз, оған ақылыңыз жеткенмен, біліміңіз жетпейді».

Таудың басынан төмен қарай бір құлатып жіберіп, қайтадан өзі биікке алып шыққан секілді болып, губернатор енді сұлтанның ұлын ортаға тартады; сен аса алмаған биіктен ол асады, сен ала алмаған шенді ол алады, соның бәрі менің колымда дегендей.

Қазір Омбыға келіп жатқан князьдың патшаға жақындығы, қаласа ойындағы сөзін өткізетіндігі, алысқа самғау үшін осындай адамдарды саты ету керектігін айтады. «Ауыр шығынына төзіп» бүгін оны қонаққа шақырған себебі — Шоқанның болашағына жол ашу екен.

Бәрі түсінікті. Бағанадан бергі көп бұлтақ, түлкі бұлаңның мақсаты белгілі болды. Сұлтанның құрып қойған қақпанының өзі осы. Жемтікке қарай ұрындырып, торға қалай түсірем деп отырған кісі енді қылаң ұрып, қуанып шыға келмегенде қайтеді? Білімге, орыс дәстүріне шорқақтығы рас, көрініп тұрған кемістігін қайтып жасырсын, бірақ дала рәсіміне әсіресе өзі пара жеуге, басқаға, өзінен күштіге асатуға келгенде, әй, алдына қазақ баласынан жан сала қояр ма екен? Ақ орамалға түйген ақшаны қалтасынан шығара бастайды.

Генерал бірден күп етіп, бас салатын тәжірибесіз, түк көрмеген, көзді жұмып жіберетін қомағай сабаз емес қой; жырынды, ақ қаптал; ақырын қарсылық еткендей, ойланғандай. «Алмасаңыз жәбірленем» деген сөзді естуі мұң, қайырым жасағандай болып, кәнігі парақордың ептілігімен сып еткізіп, ақшаны қойнына тығып алады.

Драматург екі көкжалдың психологиялық құбылыстарын мінез ерекшеліктерін осы сценада бірқыдыру сенімді, реалистік тұрғыдан ашып берген. Жемсауын толтырып алған Гасфорт сөз желісін кілт, дереу басқа арнаға бұрып, әлгінде ғана жер-көкке сыйғызбай мақтап тұрған, ұшпаққа өзім шығарам деп отырған Шоқанның басына қара бұлтты торлата бастайды. Патшаға қарсы болып, жер ауып келгендермен Шоқанның байланысы бар деген сөзді үрей, пәлекет, кесапат ретінде ұғындырады. Гасфорттың құбылмалы, екі жүзді мінезі ашыла бастайды.

Драмалық әрекеті күшейту үшін сахнаға жаңа кейіпкерлер шығады. Бұл тұрғыдан алғанда С. Мұқанов пьесаларында қимыл-қозғалыс, динамика мол. Кей ретте

қаламгер іріктеу, типтендіру принциптерін ескермеді, шамадан тыс келіс-кетіске көп көңіл бөлетін кездеріп жасыруға болмайды.

Өзі сахнаға әлі шықпағанмен, Шоқан туралы әңгіме, сөз, оны сырттай бағалау, даттау мол жүріп жатыр. Шартты түрде айтқанда, Шоқан бір төбе десек, қалған кейіпкерлер бір төбе. Оңаша қалып, ойлана сөйлеп тұрған генерал Гасфортты мазалайтын Батыс Сібірдің халқы, экономикасы, тұрмысы, яки әлгі қолдан офицер жасап полковник шенін беріп қойған, төрінен көрі жақын кәрі сұлтан Шыңғыс та емес, ер жүрек саяхатшы, батыл, өр офицер, талантты ғалым Шоқан, соның ісі, соның ойы, соның қай жолмен кететіндігі. Іштей бір есебі жанындай жақсы көретін жиені — Катеринамен қосып, мансап-карьера биігіне өзі көтеру. Қазіргі райына қарағанда, бөгде, суық жолға, жат сокпаққа тартып бара жатқандай. Онда... онда ең алдымен ұстасар дұшпаны болар.

Шоқан басына үйірілген бұлттың қоюлана түсуі пьесадағы тартыс арқауын ширата түседі. Былайғы жұрт, қала өсекшілері әлдеқашан некелерін қиып қойған Катерина мен Шоқан Ертісті бойлап, тоғай аралап, серуендеп келген беттері. Сөз әлпетіне қарағанда, ой, тілек, арман, әсіресе сезім туыстығынан лап етіп жанған махаббат байқалмайды. Оқыған, білімді жастардың бір-біріне тез иліге қоймайтын шәлкем-шалыс, қалжың-кекесін аралас ирониясы мол лебізі де емес, жанды жерден тиетін, оқыстан адамның ішкі сырын, дүниетанымын, моралін ашып беретін, астарлы, емеурінді мағынасы бар диалог. Құрылысы жөнінен қарапайым жасалған қайымдасу. Қыз негізінен сұрақ қоя сөйлейді. Онда жауабы да бар секілді. Жігіт тайқақталмай, жалтармай, көкейіндегісін айтып салып тұр. Қызға ұнайын, әдепті, мәдениетті көрінейін, жалпы жұрт қабылдаған, жағымды пікірді айтайын деген мінездің ұшқыны да жоқ. Қайта былқ-сылқ, екі ұдай қатынасты үзейін, іргені мүлде бөлектеп алайын деген сыңай көрінеді. Сүйіспеншілікті адам жеке басының шаруасы деп қана қарамай, ел, халық тағдырына сабақтастырған азаматтық көзқарас бар. Әңгіме мұндай қияға шығып тұрғанда есті, білімді қыз, Катерина енді тоғышар, тіпті нәсілдік айырма, ерекшелік, артықшылық дегендерді ұстанатын тарпаң, асқақ, ақылсыз бойжеткен болып шыға келеді. Шоқан ағынан жарылғаннан кейін, түсін суытып, бойын аулақ салып, генерал-губернатордың жиені екендігімен сескендіргендей, кейкиіп, кеудесін керіп қоя береді.

Драматург Шоқан туралы басқалардың көзқарасын, мінездерін алғашқы көріністен бастап бергенімен, оның өзін тартыс-әрекетке біртіндеп кірістіреді. Әр түрлі ортада, әр түрлі жағдайда, сан алуан ой-тебіреністе, қат-қабат сезім құшағында жүрген Шоқанмен ұшырасамыз. Қіш-кентайынан көз алдында өскен, қарындасындай жақсы көретін Катеринадан күтпеген мінез, жат пиғыл тапқан соң, басқаларға не жорық. Түсінеді, сыр бөліседі, оқыған, көзі ашық санаған қыздың түрі мынау.

Әдейі шақырткан генерал-губернатор алдында тұр. Автор Гасфорт характерін жасауда бір алуан көркемдік тәсіл қолданған. Әккі губернатор кіммен сөйлессе де, негізінен, ойын, мақсатын сұрақ арқылы білдіреді. Оның аузынан шығатын көбіне сұраулы сөйлем. Қарсысындағы адамға өз пікірін тұжырымды, тиянақты жеткізуді, тіпті анық білдіруді қажет санамайды, керек етсе, сөйлесіп отырған адамды кез келген жерден бөліп кете береді; қалаған арнасына қарай әңгімені жеделдетіп бұрып салып отырады.

Алдында Шыңғыспен отырғанда осы айланы қолданса, енді Шоқанға да сол дағдылы қырынан келген. Бір қарағанда ұғымсыз шәкірттен емтихан алып, «анау қалай?», мынау қалай?» деп отырған қазымыр, ұсақ мұғалім секілді. Шындығында басқаша, сесті, кекесінді ұскын бар.Астарлы, зәрлі, тіпті улы сұрақтар жаудырады. Қазақ сұлтандары, олардың білім дәрежесі, мәдениеті, ислам және Россия, орыс халқының ардақты ұлдары кім? Осыларға қатысты ойларын Шоқан тебіреніп, толқып тұрып, губернатор алдына жайып салады. Ол сөздерге жібіп, жұмсарып жатқан генерал жоқ, тек Шоқан чиновник болуды қойып, демократтық жолға түсіп бара жатыр, патшаға қарсылармен дос деген пікірді бекіте түседі.

Сахнаға екінші зор мансап иесі — генерал-майор Фридерикс шығады. Өр көкірек, кеудесін соғып тұрған мақтаншақ. Шен-шекпенін, мансап-марапатын жіпке тізгендей етіп айтуды жақсы көреді. Саяси, әлеуметтік көзқарастарында нәсілдік, шовинистік менмендік басым. Мұндай аққөз, солақай үшін қазақ секілді халықтан Шоқан тақылеттес оқымысты, жау жүрек офицер шығуы — таң қаларлық нәрсе, әсіресе оның демократиялық идеяларға берілуі — кешірілмес күнә, масқара қылмыс.

Гасфорт Шоқан туралы ойларын әзірге сыртқа шығармай өз ішінде сақтаса, Фридерикс бар дауысымен, жалпы жұртқа естірте, жариялап айтады. Оған салса, Шоқанды өсіру қайда, дәл бүгін желкесін қиып түсіруге әзір. Долбар,

пақсүйер жігітім санап жүрген. Есеп-қисабы мол залым Малтабарға осы көргені де жетеді. Адал, ақ жүрек Катерина қалай шыдасын, жарылып кетті: «Жұрт аузындағы өсектің расқа айналуымен!» «Сүйіскен жарыңызбен!» Қиналған жігіт көрінбейді: «Достық көңілден қабылдаймын, құрметті Катерина Карловна!»

Драматург әр түрлі ситуацияда әр қырынан көрінген Шоқанды сахнаға шығарады. Шоқан — Гасфорт, Шоқан — Фридерикс, Шоқан — Катерина, Шоқан — Жайнақ, Шоқан — Айжан, Шоқан — Сұлтанғазы араларындағы диалогтардан кейін, Шоқан және оның орыс достарымен арасындағы сұхбатты көреміз. Аз ғұмырында мағыналы, ғажап өмір сүрген Шоқан көптеген адамдармен, алдыңғы қатарлы оқымыстылармен, жазушылармен дос болып өткен. Бұлардың ішінде данышпан жазушы Достоевский, ғалымдар Потанин, Семенов-Тян-Шанский, Дуровтар бар. Аса қызық достықтың, Достоевский — Шоқан достығының көптеген іздері, суреттер, хаттар, документтер, естелік материалдар бар. Сәбит Мұқанов осы фактіні пьесада неге пайдаланбағаны белгісіз. Сірә, драма жазылған тұста әдебиеттану ғылымында Достоевский туралы әр түрлі кереғар, алшақ концепциялардың орын алғандығы бұл арнаға бармауы себепші болуы да мүмкін.

Драманың жанрлық заңдылығы табиғи түрде сақталған кезде, шығарма жанданып шыға келеді. Шоқан — Айжан тағы оңаша. Әңгіме беті енді үйленуге ойысқан. Қанша сүйе тұра, ескі ауылдың дәстүрінде өскен есті қыз салтты бұзудан сескенді. Халқына айтатын үгіт-насихатын өз тұрмысынан бастамақ Шоқанды бұл тежеліс, бөгесін қатты қынжылтады, ширықтырады. Қыз ырыққа көнбеген соң, шошыту әдісіне көшпек. Осы орайдағы сөздерде драматизм, кернеу, қажыр бар.

Ауыр ант бере бастаған Шоқанның үстінен шешесі Зейнептің шығуы жағдайды тіпті қиындатады. Хан тұқымының келіні, түбірлі,жуан жердің қызы ақылға салып, ұлын тоқтатпақ. Сөздің жүйесін қуалай келгенде, Малтабарды не үшін иектетіп жүргендерін жасырмайды: шайқалған шаңырақ, кете бастаған береке соның ақшасымен қайта орнына келе ме деген есек дәме.

Ұлы қулыққа бастады. Петербургте басылып шығатын кітабына көп ақша алады екен; шеше байғұс қайтсін, Шоқан шартына көніп қалғандай: «хан тұқымы әйелінен шығатын сенде қанша күш қалып еді» деп, масаттанып қояды.

Келесі сценада Шоқанды әкесі Шыңғыс пен нағашысы Мұсаның ортасынан көреміз. Бұрынғы қазақ дәстүрінде ер-азаматты әсіресе жас жігітті сынап тексерудің, оның білік дәрежесін, ақыл деңгейін, тапқырлығын тану, тексерудің ерекше тәсіл-әдістері болған. Жезтаңдай шешендер, әділ қазы, арда билер небір нөпір, шұрай топ та; қадың тартыс дода ішінде тұспалмен, астарлы, жұмбақ сұрақпен бір-бірінің алдын орап, қиырдан тосып отырар еді. Бір ауыз сауалға берген жауабына қарап, жігіттің келешек өрісін, барар жер, шығар биігін болжап қояр еді.

Халық дәстүріндегі бұл үлгі әдебиетінде кең қолданылды. Абайдың әйгілі бір қара сөзі бастан-аяқ сұрақ, философиялық сауал үлгісінде жазылған ғой. Жауабы да сұрақтың өз ішінде. Мұхтар Әуезов романында жігіт Абайға әккі Құнанбай үш сұрақ қояды. Екінің бірі жауап беретін осал тұспалдар емес, адамның тұлғасын ашатын, ішкі дүниесін түгел төңкеретін, барлық наным-сенім, көзқарасын анықтап беретін, ішек-қарныңды түгел ақтаратын сөздер.

Шоқанның мінезі, жүріс-тұрысы, жұртпен қарым-қатынасы, дүниеге көзқарасы, үйленбек ниеті — осылардың баршасы туралы там-тұмдап жиналып келген әкімдердің, туыстардың қарсылық-наразылығы әке мен нағашы аузынан кекесін боп шығады. Қазақ дәстүріндегі жиен мен нағашы арасындағы әзіл, қалжың, еркелік егес, көп нәрседе, әсіресе әлеуметтік мәселелерде кереғар пікірлерде тұрған адамдардың ащы айтысы, бет жыртысқан қарсылығы. Мұса сөзінің саяр жері: 1) Гасфорт жиеніне үйлену керек; 2) патша әкімдерімен жақын болудың орнына, өкімет қаһарына іліккен айдалып келгендермен үйір жүруі — қате; 3) жарлы-жақыбай, жоқ-жітікті, қорлық-зомбылық көргенді есіркемей, уыста сығып ұстау керек; әлсізді күшті жеу — тәңірдің бұйрығы.

Сонда әке мен нағашы сезім атаулыны жиып қойып, күнің үшін, дәулет-байлық, даңқ-атаққа бола, Катеринаны ал деп отыр. Ар жағындағы есептері белгілі; генерал-губернатормен құда болып кетсе; бұларды жеңетін жау жоқ. Екінші сөз губернатор кеңсесінен шыққан әңгіме. Соңғы байлам хан тұқымының, байлардың ежелден белгілі тас жүрек қаталдығы, соны ұстан деп отыр ғой.

Үшеуін де қабылдамай, қарсы дау айтып, өз пікірінде қалған Шоқан әке мен нағашыдан дәл осы жерде ат кекілін кесіп кетеді.

Бұл сценадағы Шоқан — Мұса — Шыңғыс арасын-

тағы диалогты нағыз диалог — айтыс, диалог — тартыс деп қарау керек. Ұлттық көркемдік ойлаудың драмалық форманы игерудегі жақсы ізденісінен туған эстетикалық игілікті көреміз.

Осы екінші перденің келесі, төртінші суретінде драматург жанр мүмкіндігінің тағы бір түрін диалог-мінездемені пайдаланады.

Әрекетте Шоқанның өзі тікелей, қолма-қол араласпайды, ол сахнада жоқ, бірақ осы көріністегі барлық персонаждың аузындағы сөз Шоқан туралы. Олар бірін-бірі қолдап, құптап сөйлесе де, қарсыласып тартысса да, сөз төріні Шоқанға келіп тіреледі.

Кеше ғана Шоқанға қамқор болған бірқыдыру жақсылық жасаған Гасфорт енді өзі өсірген жігітті қалай мерт қылудың амалын іздеп сарсылады. Қандай жолмен, нендей әдіспен құлатса да бәрібір, әйтеуір ауыздықтау керек.

Сырт көзге сынық, биязы, тіпті жас офицердің көп қасиетін басқалардан артық көріп, жіті сезіп отырған, мінездеуі де өзгелерден ерекше, патшаға сөзін өткізетін князь қастық қылу жөніне келгенде де аспай, саспай, бейне бір жұмыртқаны оңай аршу тәсілін айтқандайақ, іске полицияны қосу керек дей салады. Мұның арты демократтық-ағартушылық көзқарастарын жасырмай, қажет десеңіз дабыралап, бар дауысымен айтып жүрген қайраткердің соңына шам алып түсу, оның жүрген-тұрған ізін бағу, қудалау деген сөз; саяси тұрғыдан сенімсіз деп тауып, мансап, қызмет баспалдағымен көтерілетін жолын кесу, енді самғайтын, шырқап ұшатын шағында топшысын үзу, қылтасын қию, қанатын кесу.

Қас дұшпан ер азаматқа жауыздық жасарда қару талғамайды: немен жайратса да оған бәрібір. Шоқанға қарсы дайындап жатқан улы оқтың бірі — ертең онымен жарыса, сайлауға түсетін Ерден. Сахнаға шығысыменақ сыры мәлім болып қалады: байлыққа мастанған надан, әкімдер алдында жалпылдаған жағымпаз, қара күш, дүлей зұлымдық иесіндей әсер қалдырады.

Қарама-қарсы тілектер тудырған тартыста мінездер өзгеріп, пиғылдар құбылып жатуы — драмалық шығармаларда жиі кездесетін көркемдік құбылыстардың бірі. Ал кей персонаждар мінездік тұтастығынан, бір бағыттылығынан айнымайды, генерал-майор Фридерикс сахна ашылғанда Шоқанды қалай жек көрсе, әлі сол қалпында, қайта Гасфортты табалап, оның өзгерісіне қуанып, зұлымдық әрекеттерін күшейте түскен.

Драматургтың эстетикалық пайымдау мүмкіндігінің кеңдігі Катерина образындағы өзгеріс — трансформациядан байқалады. Әуелде Шоқанды өзі сүйген, Шоқан да өзімді сүйеді деп есептеген, өзімдік санаған жігіті басқа біреудің құшағында тұрғанын көргеннен кейін, кілт бұрылады. Осы тұстағы оның қиналыстары пьесада көрсетілмейді. Логикаға салғанда, әйел көңілінің қызғанышы дұшпандық, бітіспес жаулық болып шыға келуі оп-оңай еді ғой. Мұқанов кейіпкері бұл жолмен жүрмейді. Нағашысы Гасфорт анау генерал-майор Фридерикс, әне біреу тілмаш Сұлтанғазы көзбе-көз Шоқанды мынадай дүлейге — Ерденге айырбастағанда, Катерина лап ете түседі. Шоқан жолында қызғаныш сезімін азаматтық рух жеңген.

Шоқан өмірін, оны қоршаған ортаны, араласқан-білген адамдардың жай-жапсарын жан-жақты, терең зерттеген Сәбит Мұқанов пьесада мүмкіндігінше кең әрі көп құбылыстарды, фактілерді, реалдарды көрсетуге күш салған. Бұл орайда Мұхтар Әуезовтың: «Қазақ тіршілігіне, тарихына жақын қабысатын қалалық, семьялық, қоғамдық, тарихтық және жеке адамдық болмыс шындық пен қарым-қатынастарды суреттеген шағында пьеса жақсы шыққан» деген пікір еске түседі («Әдебиет және искусство», 1954, № 11.).

Төртінші актінің алтыншы суретіндегі ситуация, сөз жоқ, Сәбит Мұқановтың суреткерлік қиялынан туған. Оқиға орыс өнерінің тарихына байланысты, жазушылар, ақындық туралы қызықты естеліктер авторы әйгілі Панаеваның пәтерінде өтеді. Шоқанға қатынасты Панаева қалдырған жазбалар белгісіз болса да, драматург әжептәуір сенімді, әсіресе саяси-публицистикалық сипаты айқын сцена жасаған.

Тағы да драматургтың өзіне етене әдісі бір кейіпкерді басқа персонаждар көзімен көрсету, бірі арқылы екіншіні мінездеу тәсілі қолданылған. Катеринамен кездесеміз. Шоқанға деген сезімі әлі де суымаған, ет жақын жанашырына айналғандай; қызғаныш — жаулық емес, жүрек қамқорлыққа жол берген.

Орыс қауымының ұлт мәселесі, басқа ұлттар тағдырына көзқарасы, әсіресе Чернышевский сөздерінде айқын көрінеді.

Әрине, Шоқанның революционер-демократ Чернышевский еңбектерін оқығандығы, терең білгендігі ешқандай дау тудырмайды. Ал Шоқан Чернышевскийді жете жақсы білді, араласты, сөйлесті, пікір алысты дейтін дәлді деректер қолда жоқ болса да, Сәбит Мұ-

ырттай тон пішуін былай койғанда, жала, ғайбат, өсек-аяңға дейін терген. Көзі тая бергенде, Гасфортты жек көретінін, шамасы жетсе жұтып қоятынын Фридерикс жасырмайды.

Қашанда басқаға дұшпандық, жамандық ойлаған зұлым әдіс-айла талғамайды: оған ашық майдан, жасырын, жымысқы жол — қайсысы кезіксе де бәрібір. Кісінің айтқан сөзін, жүрген-тұрғанын түгел бағып, бір суыртпағына дейін қалдырмай, жарғақ құлағы жастыққа тимей, иесіне берілген ит секілді құйрығын бұлғаңдатып, жымып келіп, хабарлап тұратын тыңшы, тіміскі дегендері болмақ. Ондай сілімтіктерді алыстан емес, жақын-жуықтан, өз маңынан, тіпті ағайын-туысынан, бауырласынан тапса — тіпті олжа. Күндестік, күншілдік, бақталастық дертіне шалдыққан қанипезер әкесін, баласын, қандас туысын, үзеңгі жолдасын құрбандыққа шалып жібергенде, жүзі жанбай, қылаң ұрып жүре бермек — мұндайдың тарихта қанша мысалы бар.

Генерал-мойордың Шоқанға ататын қанды жебесі — оның аталас туысы, орысша білімді, патша әскерінің офицері, тілмаш Сұлтангазы Абылайханов. Алғашқы орындаған тапсырмасы, бірінші жеткізген хабары — екі түрлі өсек: Шоқан есігінде жүрген күніне үйленеді екен-мыс, Қашқарға бармай қайтып келген екен-мыс. Қос генерал мынадай жайға қуанып қалғандай сәтте, аспаннан түскен найзағайдай болып, Петербургтен хабар жетеді: Шоқан патшаның тікелей өз айтуымен астанаға шақыртылыпты, бұл аздай орден берілген, шені жоғарылатылған.

Бұл жағдай Шоқан дұшпандарын қамшымен қақ маңдайдан тартып жібергендей әсер қалдырады. Қарсы күштердің әрекеттері, айла-амалы күшейеді.

Бір кезде байлығынан жердің белі қайысып, қаһарынан дүние тітіркенген хан тұқымы, Қазақстан Россияға қосылғаннан кейін, басынан бағы тайып, қолынан билік кетіп, жалтаң көз бола бастаған. Сауда-саттық, базар көп нәрсенің құнын анықтайтын кез жеткен. Адамдар арасындағы қарым-қатынас ата-текке, руға, бұрынғы таңқа, аруаққа байланысты емес, қалтадағы ақшаға, банкідегі векселіне қарап қалған. Сондықтан Уәлихан тұқымы саудагер Малтабарға жалтаң көз, соған жалпақтайды: Шыңғыстың Гасфортқа берген парасының да, Жақыптың Ертіс жағасына үй тіктіріп, тайраңдап жүруінің де төркіні белгілі, ол — Малтабар қалтасынан шыққан ақша.

Тыныштан тиын тудырып, дүниені күбідей пісіп жүрген саудагер бекер шашылмайды, бірді берсе есесіне екіні алмақ; бұл жолға Малтабар көкейін тесіп тұрған дәулет-байлық емес, Шыңгыстың бәйбішесі Зейнептің қолында, өз қызындай болып өскен сұлу Айжанды тоқал етпек. Ақшаны қапшықтап төксе де, әзір қыз беретін түрлері көрінбейді; Жақыптың бекер зуылдатып, өтірікпен семіртқеніне қашанғы көнсін; қызды қолға түсірмей тұрып, далаға шашатын ақшасы жоқ енді.

Осы орайдағы қақтығыс-интрига ішінде Сұлтанғазы да бар. Оның мақсаты Шоқанға зиянын тигізсе, кім болсын — қолдай бермек. Әсіресе Малтабардың қалталы қасқыр тісін басып отырса, пәленің отына май құймағанда қайтеді.

Шоқан характерін толық ашу үшін драматург ол араласқан орталарды жан-жақты көрсету мақсатын ойластырған. Князь құрметіне берілген банкет сахналық тұрғыдан алғанда, режиссура мүмкіндіктерін ойлағанда, сәтті сцена. Музыка, декорация, костюм байлығы — дәуір ерекшеліктерін байқатуға мүмкіндік береді.

Жоғары қауым өкілдері, ауылда өскен, ерке-шора, сұлтан қызы — Рақия — бұлардың арасында айырмашылық көзге ұрып тұр. Алғашқы көрініс Шоқан тұжырымды ойлар, күрделі пікірлер айтса, мынадай көңілді кезде кекесінмен, ирониямен, өткір ажуамен, келемеждей сөйлейді. Ал Рақия көзімен қарағанда би билеу жаскәрінің, әйел-еркектің денелерін денелеріне жабыстырып, дөңгелеп, ырғалып, изеңдесуі болып көрінеді. Не деген ұят, не деген сөлекет, не деген бейбастақтық деп ойлайды, бұл масқараны сөгеді, әрі ішек-сілесі қатып күледі.

Жек көріп, қолынан келсе көзін жойып жібергісі келетін Шоқан туралы патша жарлығын генерал Фридерикс қуанғандай жәдігөй дауыспен өзі оқиды. Ішінде ит өліп жатса тырс етіп, сыр бермейтін көкбет мінез.

Салтанат кезінде оңаша шыққан Шоқан — Айжан жастық сырын шертеді. Алыстан келе жатқан аяулы, қымбат сезімдер ақтарылған шақ. Жігіт батыл, қыз қарсылығы бәсең. Шөлдеп, аңсап табысқан ләззатты сәт. Дұшпан торып жүр. Оларға құшақтардың қауышқаны қажет. Бұл екеуінің дәл осылай сүйісіп тұруы мойынға бұршақ салып құдайдан тілеп алғандай жағдай еді. Келді сол. Әне — Малтабар! Әне — Катерина! Малтабар Айжанды қалыңы беріліп қойған, бүгін-ертең үйге әкеп түсірер тоқалым деп жүрген. Катерина Шоқанды қиын сапардан ерлікпен қайтқан батыр, романтикалық тұлға,

капов суреткерлік қиялға сүйеніп, оғаштығы жоқ көрініс-ті алға тартады.

Құлақ қойған адам Панаевамен, әсіресе Семеновпен сөйлескен кезде Чернышевскийдің Шоқан сол секілді орыстан басқа ұлт өкілдерінен шыққан озық ойлы, алдыңғы қатарлы, ойшыл, азаттық үшін жанын шүберекке түйіп, күрес жолына шыққан ерлер жөніндегі байлам-тұжырымын аңғарады.

Рас, бұл сценада Панаеваның, яки Чернышевскийдің характері бар десек, орынсыз, дәлелсіз айтылған, жеңілтек түйін болар еді. Анығы осы көріністегі диалогтарда публицистикалық сөздер тым көбейіп адам жүрегін тебірентіп шыққан, оның мінезін ашатын, шын мағынасындағы драматизм әлсіреген. Байыпты қарағанда Семенов — Чернышевский диалогы дәл осы дәуірдегі орыс интеллигенциясының әлеуметтік-қоғамдық күресінің бетін ғана қарпитынын байқау қиынға түспейді.

Денсаулығына байланысты әсіресе толып жатқан рухани күйзелістен кейін Петербургтен Сырымбетке қайтуға мәжбүр болған Шоқан Уәлиханов туған аулына келіп, жұмақ ішіне күп етіп кіріп кетпегені белгілі. Бір кез оқыған, білімді адамның қандай жақсы ел билеуші болатындығын көрсетпек мақсатпен Шоқан сайлауға түспек. Ел ішінің ырың-жырыңы, паралы қапшық, патшаның отарлық саясаты — осының бәрі жиналып, келіп басына ауыр трагедия әкелетінін әзір сезбейді, әрине, таратып, тиянақтап, тәптіштеп берсе осы фактінің өзі бір пьесаға жетіп жатқан дүние.

Қашанда диалогтардың әрекеттілігі, жанды толқынды табиғаты ұмытылса, хабарламалық-информациялық салмақ күшейіп кетпек. Осыдан барып шығарманың реалистік қуаты солғындайды.

Сахнаға тағы жаңа персонаждар шығады. Әрекет үстіне әрекет қосылады. Шоқанға қызмет жасап жүрген жігіт Жайнақ мінез даралығымен ашыла алмаған; ол жүріс-тұрысқа пысық, қағылез; сырт дүниеде не болып жатқанын қалт еткізбей жеткізіп тұрады; адал, елгезек.

Кадет корпусында Шоқанмен бірге оқыған Григорий Потанин ұзақ өмір сүрді; ғылым тарихында маңызды орын алған елеулі еңбектер қалдырды; әлеуметтік көзқарасында, дүниетанымда көптеген қайшылықтары да бар еді. Пьесаның іргелі кейіпкерінің бірі болуға лайық Потанин характерлік даралығымен, мінез ерекшелігімен көрінді деуге келмейді. Рас, драматург күрделі творчестволық проблема — орыс адамдарын сөйлетуде көп ізденіс-

герге барған, олжа тапқан. Патшаны, жоғары қауымды, генералдарды, офицерлерді, ғалымдарды, тілдік ерекшеліктеріне қарай топтаған. Арнаулы фразеология, лексикалық бөлшектер, синтаксистік конструкциялар кәдеге асқан; орыс тілі грамматикасы жобасы бойынша берілген сөйлемдер — кейіпкерлердің басқа ұлт өкілі екендігін айнытпай танытып тұрады.

Осы тәсілді драматург соңғы рет Потанин мен Шоқан кездесетін көріністе де қолданады. Тілді білмей аударма жасайтын, текстті ұқпай зерттеу жазатын шалағайлық, дилетанттық ауруына ұшырамаған, орыс филологиясының талантты өкілі, қазақша жақсы білген, сөйлеген Потанин тілінің өзінен оның басқа жұрттың перзенті екендігі байқалады.

Осы тұста сахнада бірталай уақыттан бері көрінбей қалған Шоқанның екі туысы Жақып пен Сұлтанғазы шығады. Билік-мансап, дәулет-байлық үшін қандас бауырын, тіпті әкесіне не баласын өлтіру — тарихта талай рет кездескен қаралы мысал. Сонау апақ-сапақ, дәл аппаратура, техника дегендер оқымыстылар қолына түсе қоймаған, бұлыңғыр заманда жұлдыздар қозғалысын бүгінгі дәлдікпен есептеп шығарған данышпан Ұлықбектің де түбіне жеткен өз ұлы емес пе еді? Ал мына екеуі туысты сатқанда әртүрлі олжаға кенелмек: өзі де орысша оқыған, өзі де офицер Сұлтанғазы өссем, Шоқан орнын бассам дейді, Жақып болса төре тұқымының басынан қисайып түсіп бара жатқан жығаны қайта түзетпек. Ақшалы қалта Малтабар әлі қыр соңдарынан қалмай жүр. Есіл-дерті, буынына түсіп кеткен жұлын құрт — Айжан.

Сайлау салтанаты көпшілік сценасы арқылы жанды әрекет, қимыл-қозғалыс үстінде беріледі. Бұл тұста сахнаға шығатын персонаж аз емес: генералдар Гасфорт, Фридерикс, шарға түсушілер Шоқан, Ерден, офицерлер Алмазов, Сұлтанғазы, ата-ана Шыңғыс, Зейнеп, көпшілік өкілдері. Қысқа реплика, көп дауысты полилог, шағын диалог, жүріс-тұрыс — осының баршасына екпін, ырғақ береді.

Шарды санап келіп жібергенде, Шоқан 25, Ерден 14 дауыс алып, әділет жеңгендей болып, көпшілік қуанып қоя береді. Зейнеп көзінде жас. Сайлау деген жай ғана көзді алдайтын салтанат, баланың ойыны секілді нәрсе, кім сайланады, кім қалады — оны шешетін мына шулаған тобыр, көп сүмелек емес, өкімет, сол өкіметтің осындағы тұтқасын ұстап отырған генерал-губернатор емес пе?

Гасфорт көзі тірі тұрғанда Шоқанды сұлтан-билеуші сайлатып, жын қағып кетіп пе? Өттім деп тұр ма? Ал саған керек болса, көрсетейін салмақты кім келіп арашалап алар екен қолымнан? Гасфорт қорытындыны заңсыз деп есептеп, сайлауды таратып, Ерденді өз қолынан сұлтан етіп тағайындады. Қажет десеңдер, сайлаудың түкке қажеті жоқ. Тағайындады, бітті. Осындай масқаралық үстінде екінші сұмдық хабар, қанды оқиға жетеді — Малтабар қалың қол жинап келіп, Айжанды алып қашқан, шығарып берген: Сұлтанғазы мен Жақып.

Соңғы, тоғызыншы картина романды түйіндеу стилінде жазылған. Драматургтардың бұл суретті эпилог деп атауы да жарасып тұр. Ремаркада «Қара каска атты Қамбар» күйін орындауды көрсету — көріністің қайғы, мұңға, әрі асқақ трагизмге негізделгенін аңғартады. Бірінші қатарға Зейнеп шыққан. Ауру меңдетіп, кірпігін әрең қағып жатқан жан баласының қасында отырған сорлы ана тебіреніп, еңіреп, Айжан бақытсыздың шерлі, аянышты, қаралы оқиғасын, трагедиялық өлімін әңгіме етеді.

Үлкен қаламгер творчествосын жан-жақты терең зерттеген профессор Темірғали Нұртазин: «Ардагер Шоқанның образымен байланысты тың өмір көріністерін бейнелейтін пьеса жұрттың сүйіспеншілігіне орынды бөленіп, әдебиетіміздің қадірлі туындысы болды»,— деп жазды («Жазушы және өмір», А., 1960, 370-бет.).

Тарихи пьеса тудыруда советтік драматургиядағы үздік үлгілерде қалыптасқан оптимистік идея, ұрпақтар жалғастығы сарынын Сәбит Мұқанов өз қаламгерлік тәжірибесінде айқындай түскен. Тағы да тас босаға, тар өткелде, өлім сәтінде жинақтаушылық, көркемдік қуатын ұлғайтып тұрған, бас-аяғы көлемді, күрделі, мол кейіпкерлі шығарманы сәтті тұйықтап, аяқтаған, поэтикалық, образдық мәні бар көркем детальдар. Мұның үстіне өнердің әр саласында кейін туатын Шоқан туралы кино, скульптура, әңгіме, повесть, роман, зерттеулерде көрінген «көп әуез, сарын, идея, ой «Шоқан Уәлиханов» драмасынан от алып жанып, бастау алып тарағанын мойындамау, сөз жоқ, әділетсіздік болар еді.

Нәзір САФАРОВ

Қадірлі, қандас-жандас қазақ достар. Сәбит ағамыздың туыстары, бауырлары, Қазақстан еңбеккерлері, Қарағанды шахтерлері, тың жер жұмысшылары, Балқаш

балықшылары, Маңғышлақ кеншілері, Алатау, Көкшетау шаруалары, ғылым қайраткерлері, қаламдас жолдастар.

Қазақ халқы ауыр қайғыға батты. Сүйікті жазушысы, үлкен перзенті, коммунист Сәбит Мұқановтан айрылып қалды. Бұл ауыртпалық тек қана қазақ халқының басына түскен қайғы емес, барлық Совет Одағы халықтары, Орта Азия халықтары: өзбек, түрікмен, тәжік, қырғыз, қарақалпақ халықтары, бәлки, бүкіл шығыс еңбеккерлері үшін бірдей ауыр қайғы болды.

Сәбит аға — біз, өзбектер үшін де үлкен ғалым, жазушы, ақын, драматург, өткір публицист, очеркист, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде жүрегімізге жақын еді. Сәбит ағамыз шын мәнінде халық жазушысы еді. Ол кісі өз шығармаларымен туысқан халықтар оқырмандарының көңіліне жақын еді. Олардың арасында Сәбит атаның достары көп еді. С. Айни, Берді аға, Аалы аға Тоқомбаев. Садық Нұрымбетов ерекше, біздің сүйікті ақынымыз Ғафур Ғұламмен бір алманың екі бетіндей еді. Олар ортасындағы достық мейір ұрпақтарымыз үшін үлгі боларлық, кітап жазылса болатындай достық.

Достар, меңіреу өлім сүйікті Сәбитімізден айырды. Бұл қайғылы хабар өзбек өлкесіне де нажағайдай барып жетті. Еліміз қайғы астында қалды. Сол кезде бір топ өзбек жазушылары Сәбит ағамыздың айрылмас досы Ғафур Ғұламның қабіріне бардық. Оның себебі, біздің ұстазымыз Сәбит аға Ғафур Ғұламды өз қолымен топыраққа қойған еді. Біз Ғафур Ғұлам зираты алдында тұрып бұл қайғылы хабарды ол кісіге мәлімдедік. Бір уыс топырағынан алуға рұқсат сұрадық. Міне, мынау қалтада сол топырақ. Рұқсат берсеңіздер, бұл киелі топырақты Сәбит ағамыз топырағына қосамыз. Топырағың торқа болсын, ұстаз Сәбит аға.

Қош, қош, қош.

Дандай ЫСҚАҚОВ

Қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі Сәбит Мұқанов — көркем әдебиетпен бірге оның сыны мен ғылыми саласында да елеулі еңбек сіңірген қайраткер. Академик-жазушы әдебиеттің сынына, теориясына,

тарихына қатысты екі жүзден астам мақала, бірнеше монографиялық зерттеу кітаптарын жазды. Ол — әсіресе әдеби сынға белсене қатынасып, туған әдебиетіміздің тура жолда дамуына айтарлықтай еңбек еткен қажымас күрескер. С. Мұқановтың қаламынан туған сыни мақалалар қазақ совет әдебиетінің алғашқы қалыптасу, даму кезеңдерінде зор роль атқарды.

Әдеби дамудың бірден-бір шарты оның сергек сыны-ның болуы. Ал қазақ совет әдебиетінің алғашқы кездерінде сын кадрлары жетілмеді де олардың ролін қаламгерлердің өздері атқаруға тура келді. Бұл туралы С. Мұқанов былай деп жазды: «Мен өзімнің әлеуметтік тұрмысымдағы негізгі қызметімді көркем шығарма жазу деп ұғатын адаммын. Солай ұға тұра жазушылық майданына араласқалы әдебиет сыны, әдебиет тарихы дейтін мәселелерге де араласып келемін. Бұл араласу көркем шығарма жазуға тема таба алмағандықтан емес, я қол бостықтан емес, бұған мынадай себеп болды.

...Революцияның алғашқы жылдарында тап тартысы өткірленген уақытта «Мен ақын едім, жазушы едім, маған тарих, сын мәселесі неге керек?» деп отыру жауға жәрдем беру сияқтанды. Сондықтан сол кезде ұлтшылдарға қарсы шыққан қазақ совет әдебиетінің әрі аз, әрі жас кадрларының қатарына қосылып, ұлтшылдыққа соққы беруге тура келді. Менің әдебиет тарихына, әдебиет сынына араласу себебім осы еді» («Халық мұғалімі». 1941, № 6, 24-26 б.).

С. Мұқановтың әдебиет мәселелеріне араласа бастауы жиырмасыншы жылдардың басынан басталады. 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде (1 март, № 69) «Қара тақтаға жазылып қалмандар, шешендер», «Қызыл Қазақстанда», С. Сейфуллиннің «Асау тұлпар» кітабы жайлы «Сынға сын» атты мақалалары тұңғыш рет жарық көрді. Ол алғашқы мақаласының өзінен-ақ әдеби қызметті бағалағанда таптық тұрғыдан келу принципін қатал ұстанды. Ал «Сынға сын» Сәкеннің кітабына пікір білдірген белгілі коммунист Нәзір Төреқұловтың мақаласына қарсы жазылған. Өзінің жастығына, сынды алғаш жаза бастағанына қарамастан С. Мұқанов өткір пікір таластарына бара алған. Артық-кем жерлеріне қарамастан бұл мақала қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаған С. Сейфуллиннің шығармашылығына арналып жазылған. Н. Төреқұловтың мақаласымен бірге Сәкентанудың негізін салды.

С. Мұқанов жаңадан дамып келе жатқан қазақ совет

әдебиетінің келешегі үшін сын майданында белсене күресті. Ол қашанда болсын, әдеби процестің, әдеби пікірталастардың қақ ортасында жүрді. Замана бағытын дұрыс түсіне білген қаламгер жаңа әдебиеттің саяси бағдары жөніндегі айтыстарда оның идеялық тазалығы үшін тайсалмай тартысқа түсті.

1926 жылы «Еңбекші қазақ» (14, 15 октябрь) газетінде көлемді мақала жариялап, онда жаңа тұрпаттағы ұлттық әдебиетіміздің өркендеу мәселелеріне кеңінен тоқталды. Кездесіп отырған қиыншылықтарды, кемшіліктерді ащы да болса ашық айтып, алда атқарылуға тиісті жұмыстарды көрсетіп береді. Әдебиеттің дамуына кедергі келтіріп отырған себептердің қатарында ВААП қызметінің қанағаттанғысыз болып отырғандығын, қалам кадрларының жетілмей келе жатқандығын айта келіп: «Қазақстан топырағында әдебиет мәселесі 1922 жылдан бастап қозғалды. «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Ақжол», «Шолпан», «Темір қазық», «Сана», «Лениншіл жас» тағы сол сықылды баспасөздерде әдебиет мәселесі талқылана бастады. Бірақ талқыланудың арты дұрыс талқы болған жоқ. Біреу біреудің жеке қара басына соқтықты; жазуды сынаған жоқ, кісіні сынады; достық, жолдастық дегендерге қарады; «соқыр, надан, ақымақ, есуас, сиыр» деген әдебиет сынауына лайықсыз сөздердің талайы айтылды... Көлденең қараған жұртқа бұл айтыстар сын емес, ұрыс сықылды еді»— деп, әдеби сындағы өрескелдіктерді де дөп басып айта білді. Жазушыларды ұйымдық жағынан нығайту, әдебиет журналын ашу, жас талапкерлерді тәрбиелеу, олардың шығармаларын баспасөз бетінде тұрақты түрде жариялап тұру сияқты ұсыныстарды алға тартады.

С. Мұқановтың осы мақаласы қаламгерлер арасында қызу пікірлер туғызып, газет-журналдар бетінде көптеген материалдар жарық көрді. Мұндай мақалалардың біразында Сәбиттің бағытын қолдаса, енді біреулерінде пікір таластарына барып жатты. Мысалға, С. Мұқанов Қошмұхамед Кеменгеровтің, Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақовтың білдірген пікірлеріне қарсы көлемді мақалалар жазып, өз ойларын кеңірек дәлелдеуге ұмтылады.

Жазушының жиырмасыншы жылдары жазған мақалаларында саяси тұрғыдан баға берушілік басым. Мақалаларының негізгі көпшілігі алашордашыларға қарсы бағытталып, оларды «ұлтшыл» деп жазғыруға көп көңіл бөлінген. Ет қызулықпен кейде артықтау кетіп қалған,

кейде жетіспей жатқан жерлері де жоқ емес. Қалай дегенмен де, С. Мұқановтың қаламынан осы кезде шыққан мақалалар төл әдебиетіміздің дұрыс бағытта өркендеуіне айтарлықтай септігін тигізді дейміз.

Оның бұл кезде жазған сын мақалаларының тақырыбы әр алуан: поэзия, проза, драматургияға, әдебиеттің сынына, теориясына, тарихына байланысты, пролетариаттың көркем-әдеби әдісі социалистік реализм туралы, әдебиетіміздегі Ленин образы, сол кезде әдебиетімізде орын алған ұнамсыз құбылыстың бірі «жікшілдік» туралы, жеке адамның творчествосы жайлы т. б. Бұл пікірлер жазушылардың съездерінде, пленумдарында баяндама түрінде, не тарихи датаға, не ағымдағы әдеби айтыстарға байланысты айтылып отырған.

Отызыншы жылдары әдебиетіміз күшті қарқынмен дамуымен бірге аздаған тоқыраулар, кері кетулер де болды. Мұның өзі тарихи диалектикалық тұрғыдан алып қарастырғанымызда заңды да құбылыс болатын. Сол дәуір әдебиетіне байланысты осындай кемшіліктердің бірі ҚазАПП-тың (Қазақстан пролетариат жазушыларының ассоциясы) жұмысында (1929—1932 ж.) болған қателіктерге байланысты туған еді.

1925 жылы құрылып қазақ совет жазушыларының алғаш басын біріктірген бұл ұйым жаңа әдебиетті жасау жолында тарихи міндет атқарды. Осы уақытқа дейін «қазақ совет әдебиеті жоқ» деушілердің пікірлерінің қате екендігін дәлелдеді. Бұл туралы С. Мұқанов «ҚазАПП-тың құрылғанына алты жыл толуына байланысты «Жаңа әдебиет» журналы бетінде былай деп жазды: «ҚазАПП-ты туғызған жағдай 1925 жылға дейін жасала бастаған қазақтың жас пролетариат әдебиеті еді. Біреулер бұған қарсы болуы мүмкін. Кейбір жолдастар 1925 жылға дейін қазақта пролетариат әдебиетінен ырым болған жоқ. Мұндай әдебиет содан бері туа бастады десіп жүр. Бұл, әрине, не диалектика заңына шалағайлық та, не көріне көзін жұмғандық». («Жаңа әдебиет, 1931, № 6-7). Әдебиетіміз үшін бұл құнды пікірін автор нақтылы дәлелдермен түйіндейді. Қазақстанда жаңа бағыттағы әдебиеттің негізгі революцияға дейін қалана бастағанын, бұған айқын дәлел етіп Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кедей» деген поэмасын алуға болатынын айтады. «Қазақта пролетариат әдебиеті 1917 жылдан бастап-ақ туды, бірақ 1925 жылға дейін бой жаза алмады» (Сонда, 134-бет) дейді. Бұл анықтамаларын сол кезде революция тақырыбына қалам тартып жүрген Абдолла

Асылбековтың, Қасен Нұрмұқамбетовтың, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің өлеңдерінен мысал келтіре отырып тұжырымдайды.

ҚазАПП-тың жаңа әдебиетті жасау жолындағы ұйымдастыру, творчестволық бағыт беру сияқты осындай ірі істерімен қатар бұл ұйымға басшы болған жекелеген кісілердің қателіктерінен белең алған кемшіліктер де болды. Бұл әсіресе ұйым жұмыс істеген соңғы, 30-шы жылдарда қатты көрініс берді. 1936 жылы болған қазақ совет жазушыларының I-пленумында «Қазақ әдебиет сынының міндеттері» жайлы жасаған баяндамасында М. Қаратаев осы кездегі сын туралы былай баға береді: «Расын айтсақ, 30-31-32 жылдардағы сын әдебиеттің өсуіне жәрдемдеспек түгіл, қайта әрі-беріден соң кедергі де болған жерлері болды», («Туған әдебиет туралы ойлар», 1958, 35-бет). Әдебиеттің дамуына бағыт беріп, жол ашып отыруға міндетті сында 30-шы жылдардың бас кезінде жіберілген осындай үлкен қателіктердің түп негізі ҚазАПП-тың жұмыс істеу стилінде жатты. 1931 жылы жазылған жоғарыда аталған мақалада С. Мұқанов осы ұйымда болған кемшіліктерге тоқталады. Ұйымның ең басты кемшілігі РАПП-тың бөлімшесі ретінде ашылып, соның стилімен жұмыс істеуінде, соның платформасын қабылдауында да деп көрсетті. «Бірақ бұл платформа ҚазАПП-тың ол кездегі; бойына кеңірек еді». «Россия жағдайындағы жазушылар мен қазақ қаламгерлерінің жағдайы мүлде басқаша еді. Сондықтан да осы ерекшеліктерді ескере отырып, жұмыс жүргізу керек еді» дегенді айтады. Бұдан басқа да бірнеше кемшіліктер ашып көрсетіледі. Шынында да бұл осы ұйым жұмыс істеп тұрған кездің өзінде-ақ ұйымдағы кемшіліктерді көре біліп, оны батыл көрсете білгендік еді. Өмірдің өзі көрсеткендей, осы мақала жазылғаннан кейін бір жыл өткен соң, 1932 жылы ҚазАПП Қазақстан Жазушылар одағы болып қайта құрылды.

ҚазАПП жұмысындағы кемшіліктің ең сорақысы әдебиеттегі солақайшылық еді. Бұған әдебиет сыны кадрларының білімі, мәдениет дәрежесінің төмендігі және сол кездегі өлкелік партия комитетіндегі Голощекин басшылығының ұлт мәселесін бұрмалаған саясатының нәтижелері себеп болып, өте-мөте өрескел халге жетті. Осының бәрі жиылып келіп, әдебиетте «жікшілдік» тудырды. Сынды көркем шығарманы сынау үшін емес, жазушының өзін сынау үшін пайдаланып, сынды сынампаздыққа айналдырып жіберген кездері де болды. Мұның өзі әдебиетімізде зиянды әсерін тигізбей қойған жоқ.

1930 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде әдебиеттегі «Жікшілдік» мәселелеріне арналған С. Мұқановтың екі көлемді мақаласы жарияланды. Бұл мақалалардың жазылуына сол жылы өлкелік партия комитетінің пленумы ашып көрсеткен «әдебиетте жікшілдік бар», соны жою керек деп қабылдаған қаулысының әсері болды. Осы қаулының дүрмегімен көптеген әдебиетшілер «жікшілдікті құртамыз» деп мақалалар жазды. Пәленшенің жігі, түгеншенің жігі, сен соған қатыстысың деп әдебиетшілер бір-біріне орынсыз тиісіп жатты. Осындай «жікшілдік» жайлы айтысқа Сәбит пен Ғабит, Ілияс арасында болған айтысты қосуға болады. Бұл мақалаларында олар бір-біріне орынсыз кінә тағып, тіл тигізуге дейін барған. Әдеби сынның әлі де болса жетілмеген кездерінде кездесе беретін мұндай бір-бірін орынсыз сынау, қатты кетушілік жайында Пушкин 1836 жылы «Конечно критика находиться у нас еще в младенческом состоянии. Она редко сохраняет важность и приличие, ей своиственные;... не уважение к именам, священным славою, к несчастию, почитается у нас не только дозволенным, но еще и похвальным удальством» (А. С. Пушкин, 7 том, с. 406) деп жазды.

С. Мұқанов осы мақалаларында Сәкен туралы арнайы сөз қозғап, оған тағылып жүрген көптеген жалалардың дұрыс еместігін айтады. «Сыншылар Сәкеннің жақсы жағын жөнді көрмейді. Сәкеннің қателдығын көрсеткендердің кейбірі Сәкенге жік көзімен қарады» («Еңбекші қазақ», 1930, 22 апр.) деп сындағы біржақтылықты ашып көрсетеді. Сол кездегі солақай сыншылардың көпшілігі жікшіл деп сынның зәрін Сәкенге төгіп жатқан болатын. С. Мұқанов «Шынында қазіргі майданның зоры Сәкенге қарсы шығуда емес, алашордашыларға қарсы шығуда» деп, сын қаруын қай бағытта жұмсау қажет екендігін көрсетеді; Сәкенді орынсыз жазғырулардан қорғайды.

"Жоғарыда айтылған партия қаулысының «жікті» жою керек, өзара сынды өрістетіп, өзіңе де сын көзімен қарау керек деген нұсқауларына сүйене отырып, сол кездегі сындағы солақайлықтан көп соққы көрген тамаша туындыларының бірі «Сұлушаш» поэмасын өзі сынап тастайды. Оған қойылған кінә «түрі жақсы, мазмұны нашар» дегенді мойындайды. 1932 жылы 8 февраль күні «Социалистік Қазақстанда» жарияланған «Менің қатем қандай?» деген мақаласында «Мырзабек», «Елге бараммен» бірге «Сұлушашты» да іске алғысыз етіп тастайды. Осы мака-

ласында тағы да бір-екі өлеңін сынап, жарамсыз етеді. Бұларды сынағанда негізінде саяси жағынан қарастырады.

Отызыншы жылдарда қазақ әдебиеті сынында да көркем шығармаға саяси жағынан келіп баға берушілік басым жатты. Әрбір ақын-жазушыдан тек қана революцияны, социалистік құрылысты жырлау талап етілді. Мұның өзі бір жағынан социалистік қоғамдық құрылысымыздың артықшылықтарын көрсету, адамдарды жаңа өмірге лайық етіп тәрбиелеу істерінде аса маңызды міндеттерді атқарса, екінші жағынан, кері әсері де болмай қойған жоқ. Қазақ халқының өткен тарихына арналып жазылып, осы жылдары дүниеге келген С. Мұқановтың жоғарыда айтқан «Сұлушаш», І. Жансүгіровтің күй тақырыбына жазған поэмалары т. б. шығармаларға ескі өмірді жырлаған, ескішілдікті, байшылдықты аңсаған деген кінәлар тағылды. Мысалы, Сәбит Ілиястың «Күй», «Күйші», «Құлагер» сияқты поэмаларын осы тұрғыдан сынайды, бірақ көркемдік сапасының жоғары тұрғандығын атап көрсетеді.

Сәбит Мұқанов отызыншы жылдары творчестволық жолында көп ізденген, орыстың, Батыс Европаның озық әдебиет үлгілерінен көп үйренген ол марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерімен танысады. Осы жылдары жазған сын мақалаларында Маркстің, Энгельстің, Ленинның, Плехановтың, Горькийдің, Белинскийдің, Добролюбовтың, Чернышевскийдің, Пушкиннің т. басқалардың жазғандарына сүйене отырып, әдебиет жайлы толымды пікірлер айтқан. Осындай ізденулердің нәтижесінде творчествода елеулі табыстарға жетті. Басқаларын былай қойғанның өзінде қазақ совет әдебиетінің озық туындыларының бірінен саналатын «Жұмбақ жалау» («Ботагөз») осы жылдары дүниеге келді.

Сәбиттің осы жылдары жазған әдеби сын еңбектерінен оның көп өскендігі, әдебиеттің теориялық, творчестволық мәселелерін жете меңгере түскендігі байқалады. Жалпы Сәбит сынына тән қасиеттердің бірі — әдебиеттің партиялылығы принципін берік ұстануы болып табылады. Жиырмасыншы жылдарға қарағанда осы кездегі мақалаларында ұлы Пушкин «Критика — наука открывать красоты и недостатки в произведениях исскуств и литературы» (А. С. Пушкин, 7 том, с. 159) деп айтқандай, көркем шығармаларды талдағанда оның ішкі, көркемдік жақтарына көбірек көңіл бөле бастағаны байқалады.

Бүкілодақтық әдебиетімізде отызыншы жылдары көп

оңгіме болған негізгі проблемалардың бірі социалистік реализм әдісі болды. Жаңа әдебиеттің атасы М. Горький, Луначарский, Фадеев сияқты қайраткерлер арнайы сөз етті. Соцалистік реализм әдісінің теориялық жақтары негізделіп, жеткен жетістіктер мен жіберілген олқылықтар қызу талқыланып жатты.

Қазақ совет әдебиетінде социалистік реализм жөнінде тұңғыш жүйелі пікір айтқан С. Мұқанов. «Социалды реализм туралы» мақаласында («Социалистік Қазақстан», 1933, 11 апрель) осы мәселеге кеңірек тоқталып, негізгі теориялық түйіндер төңірегінде әңгіме қозғайды. Социалистік реализмнің негізгі принциптерінің бірі — өмірді өсіп-өзгеру, революциялық даму үстінде көрсету болып табылады. Сонда ғана көркем шығарма шын мәніндегі өмір шындығын бейнелейді. Сәбит осы қағидаға сүйене отырып, сол кездегі белді әдебиет сыншыларының бірі Ғаббас Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері» атты кітабында ұсынған «ақын-жазушылар көргенін көргенше, сезгенін сезгенше жазу керек» деген тезисін қатал сынға алады. Көрінгеннің бәрі шындық бола бермеуі мүмкін. Біздің ақындарымыз болғанды болған күйінде ғана емес, алда болуға тиістілерді де жырлауы керек дегенді айтады. Социалистік реализмнің міндеті өмірдегі шындықты көрсету болса, сол шындықты танып-білу таптық тұрғыдан ғана мүмкін. Сондықтан да әрбір пролетариат жазушысы, ең алдымен, тап жазушысы дей келіп, көркем шығармада партиялық, халықтық позицияның айқын болуын талап етті.

Совет әдебиетінің, жалпы дүниежүзілік прогресшіл әдебиеттің дамуында 1934 жылы болған совет жазушыларының бүкілодақтық бірінші съезі үлкен оқиға болды. Съезде пролетариат әдебиетінің негізін салушы М. Горький совет әдебиеті жайлы баяндама жасады. Оның баяндамасында жаңа социалистік әдебиеттің негізгі эстетикалық принциптері егжей-тегжейлі қарастырылып, социалистік реализмнің негізі қаланды.

Осы съезде қабылданған Жазушылар одағының уставында социалистік реализм әдісіне мынадай анықтама берілді. «Социалистік реализм совет көркем әдебиеті мен әдебиет сынының негізгі әдісі бола отырып, суреткерден шындықты дәл, тарихи нақты, революциялық даму қалпында алып суреттеуді талап етеді. Сонымен бірге шындықты дәл, тарихи нақты алып, көркем етіп көрсету еңбекшілерді идеялық жағынан қайта тәрбиелеу, социализм рухында тәрбиелеу міндетімен сәйкестендіріледі».

1934 жылы июнь айында Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезі болып өтті. Онда «Қазақ совет әдебиетінің бүгінгі күйі, келешектегі міндеттері» туралы мәселе талқыланды. Поэзия, драматургия, әдебиет сыны жайлы жеке-жеке баяндамалар тыңдалды. «Кеңес поэзиясы туралы» баяндаманы С. Мұқанов жасады.

Сәбеңнің сын еңбектерінің салмақты жағы поэзия мәселелеріне арналған. Поэзия жайлы айтқан пікірлерінің маңыздылығымен, тереңдігімен жоғарыда аталған Қазақстан жазушыларының бірінші съезінде жасалған баяндама көзге түседі.

Қазақстан мәдениеті тарихында елеулі оқиға болған бұл съезде С. Мұқанов Сәкен Сейфуллиннің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Бейімбет Майлиннің творчествосына кең тоқталып, әдебиет тарихымызда алатын орындарын анықтайды. Олардың шығармаларындағы бұқарашылдық, халықтық тенденцияларды көрсетіп, партиялық принцип тұрғысынан әділ бағалар береді.

Қазақ совет әдебиетінің ірге тасын алғаш қалаушылардың бірі — С. Сейфуллиннің творчествосына алғаш дұрыс баға берген С. Мұқанов.

Съезде жасаған баяндамасында С. Сейфуллиннің творчествосына жан-жақты талдаулар берді. Оның өміріне толығырақ тоқталып, жұмысшы ортасынан шыққандығына, соған байланысты өлеңдерінде жұмысшы тақырыбының басым жатқандығына баса назар аударады. «Қазақта пролетариат поэзиясының тұңғыш ақыны — Сәкен» деп бағалайды. Автор бұл қорытындысын С. Сейфуллиннің өнерпаздық жолының ең негізгі, қадау-қадау туындыларын сөз ете отырып дәлелдейді. Сәбит 1933 жылы «Біздің алдымызда тұрған мәселе — пролетариат, кеңес поэзиясы. Меніңше, бұл поэзияның қазақ әдебиетінде отын алғаш тұтатқан өлең — Сәкеннің «Жолдастары» мен «Жас қазақ марсельезасы» деген өлеңдері[1]» деп жазған еді. Баяндамада осы пікірін жалғастыра отырып, Сәкенді революционер, интернационалшыл тап ақыны деп көрсетеді.

Сәкеннің «Советстан», «Қызыл ат» поэмаларына талдаулар жасалынған. «Советстан» поэмасының қазақ поэзиясына үлкен жаңалықтар қосқанын айтады. «Советстан» түрі қазақ поэзиясына жаңадан түр ашты», «өзінің күшімен және қасиетімен де кеңес үкіметінің ұлы дәуіріндегі ұлы жұмысын, барлық ұлт-ерекшеліктерінің бауыр-

[1]. «Өсу жолдарымыз», 153-бет.

малдық бір ниеттегі дұрыс тілегін толық көрсетеді» деді. Поэмадағы советтік өмірімізді алға кетіп бара жатқан экспрестің екпінді жүрісіне теңеген жаңалығын жоғары бағалайды. «Қызыл ат» поэмасы тақырыбының актуалдылығы дұрыс аталған. Мал шаруашылығын өркендету жұмыстарында жіберілген кемшіліктерді дұрыс, батыл ашып көрсеткен, «күнбе-күндік міндетімізге жауап бере алатын поэманың бірі» дейді.

Қазақ поэзиясында С. Сейфуллин — үлкен дәстүр қалдырған ақын. Сәкеннің басқа ақындардың творчествосына тигізген әсері көп. Бұл туралы Сәбит «Қазақ поэзиясында Сәкеннің мектебі бар»[1]) деп жазды. С. Сейфуллин мен орыс ақыны Маяковский өлеңдеріндегі жақындықтарға көңіл аударады. «Орыс поэзиясында Маяковский қандай орын алса, қазақ поэзиясында Сәкен де сондай орын алады» деген ол.

Сәбит С. Сейфуллин туралы, оның творчествосы жайлы көптеген мақалалар, естеліктер жазды. «Өмір мектебі» трилогиясында ол жөнінде біраз әңгіме болады. Осылардың ішінде Сәкеннің әдеби қызметіне 20 жыл толуына арналған салтанатты жиылыста (1936, 20 июль) жасаған баяндамасын атап өтпеске болмайды. Сәкеннің ғана емес, «бүкіл қазақ совет әдебиетінің бірінші және үлкен тойы» болған бұл жиында оның творчествосын қоғамдық, революциялық қызметімен тығыз байланыста алып қарастырады. «Сәкен Азамат соғысында», «Сәкен НЭП кезінде» «Сәкен социалистік қайта құрылыста» деген тарауларда Сәкеннің өнерпаздық эволюциясы баяндалған, оған тән ақындық ерекшеліктері сипатталған. Сейфулиннің «Асау тұлпар» жинағына, «Қызыл сұңқарлар», «Тар жол, тайғақ кешу», «Советстан», «Қызыл ат», «Альбатрос», «Социалистан» т. б. өлеңдеріне толық анализдер жасайды. Осы негіздерге сүйене отырып, Сәкен Сейфуллинді қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті өкілі деп бағалайды. С. Мұқановтың бұл пікірінің дұрыстығын, әділдігін әдебиет тарихы дәлелдеп отыр.

Қазақ совет әдебиетінің аса талантты өкілдерінің бірі Бейімбет Майлин революциядан бұрын-ақ демократтық бағытта шығармалар жаза бастаған. Октябрь революциясы жеңгеннен кейін жаңа әдебиеттің іргесін қалауға белсене қатысты. Әдебиеттің барлық салаларында өнімді еңбек еткен Майлиннің творчествосы отызыншы жылдары

---

[1] «Қазақ әдебиеті», 1934, 1 август.

бар қырымен көрінді. Бейімбет те әдебиеттегі жолын өлең жазудан бастаған. 1912 жылдан бастап жаза бастаған ақын поэзия жанрында да мол дүниелер жасады.

С. Торайғыровтың творчествосын әңгімелегенде 1918 жылы жазған «Кедей» поэмасын талдайды. Өндіріс тақырыбына жазылған алғашқы поэмалардың бірі екендігін айта келіп «Кедейге» төмендегідей баға береді. «Торайғыруылының бұл поэмасының бағалылығы мынадай: біріншіден, тілі көркем сұлу болса, екіншіден, қазақта жұмысшы табының барлығын, жұмысшы табын қанайтын ірі буржуазияны, жоқшылық, мешеулікті, қазақ халқының бір бөлігі кісі күшімен күн көретіндігін қазақ халқында таптың барлығын сөзімен де, образымен сыпаттайды»[1].

С. Мұқанов «Кедейді» әңгімелей отырып, Сұлтанмахмұттың творчесвосындағы бұқарашылдық, ағартушылық сипаттарды көрсетеді, сонымен бірге ескі қоғамды өзгертуге шақыра алмағандығын да айтады. 1935 жылы болған мәдениет қызметкерлерінің съезінде сөйлеген сөзінде: «Жұмыскердің ауыр тұрмысын суреттей келіп, ол қорлықтан оқу оқыса ғана құтылады дейді. Сәкен қанаушы тапты жоюға шақырады» деп, дәл айтты. Сәбит поэманы осы тұрғыдан «қанаушылардың іргесін күшпен босатып саяси күреске шақырмайды», «оның жұмысшысы сауатсыз қараңғы жұмысшы», «кеңес үкіметінің орнауын қарсы алып, сөзімен оятып, кеңесу ниетіне қосылып кете алмады»[2] деп сынады.

Қазақ совет поэмасының аса көрнекті өкілдерінің бірі Ілияс Жансүгіров отызыншы жылдары кемеліне келіп, ақындық зор талантын танытқан тамаша туындылар берді. Қазақ поэзиясының бесжылдықтар дәуірінде шыққан биігін көрсететін «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» атты поэмалары қазақ совет әдебиетіндегі аса үздік көркем шығармалар. С. Мұқанов І. Жансүгіровті «Қазақ кеңес поэзиясының көрнекті ақынының бірі»[3] деп бағалады. Ақынның жетістіктерін, әсіресе тіл байлығын атап өтеді. Автор Ілиясты көбіне ескі тарихты жазады, жазса «ескі тарихты суреттеуден көп нашар шығады» деп сынаған.

С. Мұқанов — Қалмақан Әбдікадыров, Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Өтебай

---

[1] «Қазақ әдебиеті», 1934, 1 август.
[2] Сонда.
[3] «Өсу жолдарымыз», 1960, 165-бет.

Тұрманжанов, Жақан Сыздықов т. б. ақындардың творчестволарына көңіл бөліп, алғаш пікір айтқан әдебиетшілердің бірі. Жаңа мазмұндағы жас қазақ совет поэзиясының ауыр жүгін алға алып барушылар деген зор үміт-пен оларға қамқор көзбен қарайды. Өлеңдеріндегі жақсы жақтарын қуана көрсетумен бірге кемшіліктерін де айтып, сақтандырып отырды. «Поэзия мәселесі» атты өлеңнің табиғатын, ерекшеліктерін түсіндіруге арналған мақаласында көптеген ақындардың ақындық ерекшеліктеріне қысқаша анықтамалар берген. Қалмақанды «ол өте аз жазады. Және қысқа жазады. Бірақ сол қысқа, аз жазғанында ол ұзақ поэманың сөзін айтып тастайды»[1] десе, Ә. Тәжібаевты «Бір күшті жас ақын Әбділда Тәжібайұлы. Бірақ ол жастығы ма немесе Қалмақандай сөзге мысқылшыл емес салақ. Бірақ соңғы кезде көрінбей кеткені болмаса, ол да сөздің күшті ұстасы» деп, епте сынайды. Тайыр туралы «Тайыр кейде күшті еңбектер береді. Оның кемшілігі түрге өте елігуі, сыртын сырлауға құмарланып кетіп, ішін жалаңаштап алуы» дей отырып, «Сәкен түрлері сақтық тілейтін түрлер» екендігін ескертеді. Жас ақындарды сол кезде орыс әдебиетінде өріс алған формализмнен, түр қуып кетушіліктен сақтандырады. Кейбір ақындардың ізденбейтіндігін, өмірді жырлау әдістерінің жетімсіздігін, оңай ұйқасқа құрылған жеңіл өлеңдер жазатындығына қынжылады. Пролетариат әдебиетінің міндеті өмірді жалаң күйінде ғана суреттеу емес, оның ішкі мәніне терең үңіліп, өсу-өзгерту үстіндегі күйін таптық тұрғыдан көркем тіл арқылы жеткізе білу деп, социалистік реализм әдісінің кейбір принциптерін түсіндіріп отырған. 1937 жылы 25 апрельде Қазақстан Жазушылар одағының пленумында жасаған баяндамасында жоғарыда аттары аталған ақындардың шығармаларына кеңірек тоқталып, кемшіліктерін көрсетіп сынға алған.

1933 жылы жазылып «Поэзия мәселесі» деген атпен «Өсу жолдарымызға» енген бұл мақалада поэзияның теориялық жақтары біршама қозғалған. Поэзия ерте кезде-ақ адамның еңбек ете бастауымен бірге туып, қоғамның дамуымен бірге ол да дамып, түр мен мазмұн жағынан үнемі жетіліп келеді. Таптық қоғамда тап құралына айналған деп, поэзияның шығу, өркендеу жолын шолады.

Автор қазақ совет поэзиясындағы сол кездегі ізденіс-

---

[1]. «Өсу жолдарымыз»., 1960, 158-бет.

терге, әсіресе мазмұн мен түр жаңалықтарына кеңірек тоқталады. Әрбір көркем шығарманың мазмұн мен форманың бірлігінен тұратындығы белгілі. Бұл — диалектикалық бірлік. Бірі жоқ болса, екіншісі де болмайды; демек, көркем шығарма да шықпаған деген сөз. Екеуінің біреуін ескермеу не формализмге, не тұрпайы социологизмге апарып соқтырады. Форманы шығарманың мазмұнынан бөліп қараушылық, оның ішкі мәніне назар салмай тек сыртқы сұлулығына көңіл аудару отызыншы жылдар әдебиетінде кездесті. Бұл әсіресе орыс әдебиетінде формалистер ағымын туғызған ақындарда күшті болды. Олар орыс әдебиетінің алыптары Пушкин, Достоевский, Толстойлардың бізге қажеті жоқ, жаңа заманды жырлау үшін жаңа формалы әдебиет керек деп, өздерінің программаларын ұсынды. Іздену, үйрену үстіндегі қазақ әдебиетіне мұның әсері болды. Осындай үйрену үстінде С. Сейфуллин, С. Мұқанов сияқты ақындар қазақтың өлең жүйесін жаңа түрлермен байытты. Сәбит осы мақаласында қазақ поэзиясында болып жатқан сапалық өзгерістерді түр мен мазмұнға байланыстырып айтқан.

Отызыншы жылдары қазақ әдебиетінде көркем шығармаларды бағалағанда осы форма мен мазмұн бірлігін сақтап отырмаушылық орын алды. Мына шығарманың түрі жақсы, мазмұны нашар, не мазмұны жақсы да түрі нашар деген сияқты талдаулар жиі кездесті. Қазақ өлеңдеріндегі сонылылықтарды әңгімелегенде осы екеуін бөлек алып қараушылық Сәбитте де кездеседі. Тағы бір ескере кететін нәрсе — шығарманы мазмұн жағынан бағалаушылық соғысқа дейінгі әдебиетте басым болды. Отызыншы жылдардың екінші жартысынан бастап көркемдік, эстетикалық тұрғыдан талдауға ұмтылушылық байқалады.

Жоғарыда аталған мақаласында Сәкеннің, Ілиястың, Асқардың, Тайырдың т. б. ақындардың өлеңдеріндегі түр жағынан жаңалықтарға тоқталған. Өзінің іздену жолындағы қазақтың ауыз әдебиетінен, орыс ақындарынан үйрену тәжірибелерін ортаға салған.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 1 июнь күнгі нөмеріндегі оқушылармен пікірлесу ретінде жазған «Екі оқушыға жауап» деген мақаласында осы ойларын жалғастыра түседі. Алғашында ауыз әдебиетінен көп үйренгендігін, кейіннен орыстың Маяковский, Безыменский сықылды ақындарына еліктей бастағандығын айтады. Өлеңнің буын, үйлес, ырғақ сияқты жақтарын қозғап, бөлшектеп (Маяковскийше) жазылған өлең-

дерді оқып түсінудің қиын болу себептеріне тоқталған. Орыстың ілгерішіл бағыттағы озық әдебиетінен үйренген Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаев қазақ тілінде жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін жасады. Қазақ әдебиетіндегі прозаның тарихын әңгімелегенде, оны Ыбырайдан бастап қарастырады. «Жазба әдебиетте проза саласында қазақ әдебиетінде алғашқы талаптанған жазушы Ыбырай Алтынсарин»[1]. Ыбырайдың 1879 жылы шыққан «Хрестоматиясына» алғашқы үлгілердің бірі ретінде едәуір тоқталған. Мұндағы әңгімелерде ауыз әдебиетінің әсері күшті байқалатындығын айтқан. Ыбырайдан кейін прозаның үлгілерін Абай мен С. Көбеев туғызды. Автор бұлардың шығармаларына қысқаша тоқталып өтеді. Қазақ прозасының пайда болып, дамуына озық орыс әдебиетінің игі әсері көп болғандығы орынды атап өтілген.

Әдебиеттің дамуына қоғамдық-әлеуметтік факторлардың тікелей ықпал жасайтындығы белгілі. Кейбір қоғамдық-экономикалық формацияларда әдебиеттің дамуы тежеліп отырса, екінші бір формацияларда күшті қарқынмен дамығандығы байқалады.

Октябрь революциясынан кейін біздің елімізде халық өнерінің сан-саласында даңғыл кең жол ашылды. Үкімет пен партия әдебиетіміз бен мәдениетімізді дамытуға зор көңіл бөліп, жан-жақты жағдайлар жасады. Әдебиеттің даму бағытын анықтап, алдына нақтылы міндеттер қойды. Қазақ әдебиетімен бірге оның проза жанры да жедел қарқынмен дами бастады. Қазақ қаламгерлері қаламдарын алғашында прозаның шағын жанрларында сынап көрді.

Октябрьден кейін қазақ прозасы орыс әдебиетінен үлгі алды. Алғашында қазақ совет прозасы ұзақ әңгімелерден, очерктен, фельетоннан басталды. Ол кез үшін олардың зор маңызы бар еді.

1937 жылы 25 апрельде Қазақстан Жазушылар одағының пленумында жасаған баяндамасында «Қазақ совет әдебиетінде проза жанрын өзгеден бұрын бастаған жазушылар Бейімбет пен Сәкен»[2] деді. Прозаның шағын жанрында көп қалам тербеген Б. Майлиннің жазушылық өзгешелігін атап өтеді. Бейімбеттің әсіресе қысқа әңгімелер жазудағы шеберлігін Сәбит бұрын да жоғары бағалаған болатын. «Бейімбеттің стиль өзгешелігі қысқа

---

[1]. Әдебиет жән искусство, 1939, № 7.
[2]. «Қазақ әдебиеті», 1937, 1 май.

әңгімелер жазуында... Егер Бейімбеттің бір жылда жазған әңгімелерін бір кітап қып бастырса, жеке әңгімелер үлкен романның бөлімшелері сықылды болып барлық әңгімелер түр жағынан да, сюжет жағынан да байланысып тұрар еді. Бейімбеттің тілі — көпшіліктің тілі»[1]. Осы пікірінің жалғасы ретінде «Прозаға Бейімбеттің қыры барлығын, қаламы жүйріктігін «Шұға» дәлелдей алады» дейді. «Қазақ совет әдебиетінің тұңғышы» С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы жайлы «мазмұн жағынан да, көркемдік жағынан да дәмді жазылған мемуар», «саяси тақырыпқа көркем ажар бере білген», «адамды өзіне тартып әкетіп, аяқтамай көзіңді жібермейді», «бұл совет әдебиетінің прозадағы бір көрнекті бұтағы» деп жоғары бағалады.

«Тегі үлкен прозасыз үлкен әдебиет жасау қиын», қазақ совет әдебиетін кең өріске шығаратын үлкен проза болмақ деп жазды. С. Мұқанов қазақ әдебиетінің проза саласында қалам тартып жүрген қайраткерлерді екі жүйеге бөледі. Бірі — поэзия мен прозаны қатар алып келе жатқандар: С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Мәжит Дәулетбаев т. б. Екінші — тек проза саласында жазып келе жатқан жазушылар: Мұхтар Әуезов, Сабыр Шәріпов, Ғабит Мүсрепов т. б. Осы қаламгерлердің бірсыпыра шығармаларына тоқталып өткен. Мұнда проза жанрларында орын алып келе жатқан олқылықтарға баса назар аударғандығы байқалады. «Жансүгіровтің «Жолдастар» атты романының мазмұны тым жайылып кетіп, романның ішкі бөлімдерінде байланыспайтын жерлер, романда пәлендей ролі жоқ, бірер ғана көрініп жоғалып кеткен геройлар көп ұшырайды». Осы сияқты Мәжит Дәулетбаевтың «Қызылжар» романын, Сабыр Шәріповтың шығармаларын тілге байланысты кемшілдіктерін сынға алған. Социалистік өндіріс тақырыбына жазылған роман, повесть, әңгімелердің жоқтығын, бар болса да көркемдік жақтарының жетіспей жататындығын күйінішпен айтты. Қазақ совет прозасында роман секілді күрделі жанрларды жасау үшін орыстың классик жазушыларынан көп үйренуге шақырды.

«Қазақ совет прозасының бүгінгі дәрежесі, жеткен жетістіктері қандай?» деген сұрақтарға жауап беру үшін съезде жасаған баяндамада осы салада отызыншы жылдары туған сүбелі шығармаларға талдаулар жасайды. Автор қазақ прозасындағы романдарға тоқталмастан бұрын роман жанрына байланысты кейбір теориялық мәселелердің жаңсақ айтылып жүргенін айтқан. Бур-

жуазия теориялышларының романды «буржуазия эпопеясы», реализм бағытын әдебиетте «буржуазияның жолы» деген сияқты қате қағидаларын сынға алады. Реализм әдісіне, роман жанрына дұрыс түсініктер береді.

С. Мұқанов соғысқа дейінгі дәуірдің прозалық шығармаларын тақырыптық жағынан «Социализм темасындағы проза», «Тарихи темаға», «Аударма проза» деп бөліп қарастырған, «Жалпы проза туралы» деген тарауда теориялық, шеберлік мәселелерді сөз еткен.

Бүгінгі өмірден, социализм қоғамының тұрмысынан жазылған шығармалардың ішіндегі көлемдісінің де, көркемінің де біреуі Ғабиден Мұстафиннің «Өлім мен өмір» атты романын жаңа жетістік ретінде бірінші атаған. Бұл кітаптың жақсы жақтарын айта келіп, біраз кемшіліктерін де көрсетеді. Өндіріс пен ауыл арасындағы байланыстың жеткіліксіз көрінуі, жұмысшы кадрларының қалыптаса бастауының «еркін суреттелмеуі», образдардың жан-жақты жетіле түспегендігі сияқты бірсыпыра олқылықтарды сынға алған. Кезінде айтылған осындай дұрыс сындарды ескере отырып, Ғ. Мұстафин «Өлім мен өмірді» қайта жазып шықты. «Қарағанды» романы әдебиетімізде өзіндік орны бар озық туындыларымыздың біріне айналып отыр.

Отызыншы жылдар әдебиетіндегі жарқын құбылыстардың бірі Саттар Ерубаевтың творчествосы болды. Бүгінгі күн өмірін суреттеуге арналып аяқталмай қалған романы «Менің құрдастарым» Саттардың зор талант иесі екендігін танытты. С. Мұқанов «Менің құрдастарымды» жоғары бағалап, жазушының творчествосы жайлы нәрлі пікірлер айтты. «Саттар бұл романында сөзсіз зор талант екенін көрсетті. Романның ішінде тамаша ашық бояулы, өрнекті жерлері көп... Бас-аяғы түгелденбеуі романның қызықтығына бөгет болмайды, романды оқушы ынтамен оқиды. Жаңа өмір тақырыбына арналып жазылған Ғ. Слановтың «Арман ағысы» повесіне, Ә. Әбішевтің, Қ. Әбдікадыровтың әңгіме, очерктеріне тоқталған.

С. Мұқанов көркем әдебиеттің, оның ішінде, роман жанрына байланысты кейбір теориялық пікірлерін «Роман туралы» деген мақаласында өрбіте түскен. Бұл мақала «Жұмбақ жалау» романы жайлы оқырмандардан келіп түскен сұрауларға жауап ретінде жазылып, 1939 жылы 10 декабрь күні «Лениншіл жас» газетінде жарияланған. Мұнда «Жұмбақ жалау» романына байланысты жалпы көркем әдебиетке тән бейнелеу әдістерін оқырмандарға түсіндіруге тырысқан.

Осы тұрғыдан тарих пен көркем әдебиеттің, тарихи роман мен тарихи емес романдардың ара қатынастарына тоқталған. «Тарихи романда автор әлеумет тұрмысында болған нақтылы бір оқиғаны алады да, сол оқиғаға қатынасқан адамдардың аттарын өзгертпей, қимыл, мінездерін сипаттайды. ...Тарихи адамдардың қимыл мөлшерінен шықпауға тырысады. «Тарихи емес романда автор әлеумет тұрмысының шындығына сүйене отыра, жанынан оқиға жасайды, өз фантазиясынан сүйкімді, сүйкімсіз геройлар туғызады». Романның осы түрлі түріне орыс, қазақ әдебиетінен мысалдар келтіре отырып, «Жұмбақ жалау» романын соңғы түріне жатқызады. Жазушының шеберлігіне байланысты қолданылып отыратын кейбір көркемдік тәсілдерге соғып, өзінің «Жұмбақ жалау» геройларымен кездесіп қалатын себебін түсіндірген. Автор романның творчестволық тарихымен оқушыларын таныстырады. Өзінің жазушылық тәжірибесіне сүйене отырып, көркем шығармалардың жасалу процесін, образдарды сомдау мәселелерін әңгімелейді. Жазушылар өмір материалдарын зерттеп, әбден меңгеріп алған соң оларды қорытып барып, сол негізде көркем шығармалар жасайтындығын айтады. Жазушының өмір материалдарынан жаңа дүние жасайтын инженер деп атайды. Әрбір жаңа туындының сәтті, сәтсіз шығуын жазушының шеберлік мәселелерімен байланыстырады. «Көркем әдебиет деген не?» деген сұрауға «ол жазушының көркем фантазиясы арқылы еленіп шыққан тұрмыс шындығы» деп жауап береді. Жазушы «Мен қалай жазып келем»[1], «Әзімбайға қосыла алмаймын»[2] деген мақалаларында да өз творчествосы, тәжірибелері жайлы, әдебиет жайлы түсініктерін баяндаған. М. Горький әдебиеттің негізгі материалы — біздің әсерімізді, сезімімізді, ойымызды білдіретін сөз, «литература — это искусство пластического изображения посредством слова» (М. Горький о литературе. М., 1953, 574-бет) деген ғой. Барлық уақытта да көркем шығармаға алдымен қойылатын талап — оған көркем де бейнелі тіл керек. Тіл өнері — үлкен өнер. Ол жазушыдан дарындылықпен қатар көп ізденуді, жанкештілікпен тер төгіп еңбек етуді қажетсінеді. С. Мұқанов та өз тәжірибелеріне сүйене отырып, қалам қайраткерлерін тіл ұсталығына баса назар аударып, сөзден сурет, ойдан өрнек салып, тіл шеберлігін жетілдіре беруге, шығарма шырайы шынайы

---

1. «Жаңа әдебиет», 1931,№ 6, 7.
2. «Қазақ әдебиеті», 1935, 24 декабрь.

көркем тіл болса, соған деген жауапкершілікті күшейтуге шақырды.

1937—38 жылдардағы жеке адамға табынушылықтың салдарынан гүлдене көркейіп келе жатқан қазақ совет әдебиеті орны толмастай ойсырап, трагедиялы тоқырауға ұшырады. С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Ғ. Тоғжанов, Е. Бекенов т. б. көрнекті қаламгерлеріміз жазалауға ұшырап, бірсыпырасы әдебиеттен шеттелді. Осындай орынсыз кіналаушылық С. Мұқановқа да жабылып, азаматтық арына, творчествосына қара күйе жағылды. Жазушыға «ұлтшыл» деген стандартты айып тағылып, партия қатарынан шығарылды. Міне, осындай асыра сілтеушіліктердің барлығы жинала келе әдебиеттің, онымен бірге сыншылдық ой-пікірдің біраз жылдарға дейін тұралап қалуына әкеп соқтырды. Бұдан, әрине, сын мүлдем болмады деген пікір тумасқа керек. Баспасөз бетінде соғыс жылдары бар болмысымен жарқырай көрінген Жамбыл Жабаев бастаған халық ақындарының творчестволары хақында көптеген мақалалар жарық көрді. Мысалы, 1943 жылы өткен халық ақындарының республикалық айтысына арнап С. Мұқанов сәт сапар жазды. Поэзия алыбы Жамбылдың творчествосы жайлы көлемді мақала жазып, оны ақынның 1946 жылы шыққан шығармалар жинағына алғы сөз ретінде жариялады.

С. Мұқановтың соғыстан кейінгі сын мақалаларында әдебиеттің өзекті өңірлерін кеңірек қамтып, шалт кетуден гөрі талдаулар жасауға ұмтылатындығы байқалады. 1947 жылы 22 октябрьде Алматыда өткен жас жазушылардың республикалық мәслихатында, осы жылдың 2 декабрінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Октябрь революциясының 30 жылдығына арналған мерекелік сессиясында, 1948 жылдың 23—25 ноябрь күндері болып өткен жазушылар жиынында, СССР Жазушылар одағының 1948 жылғы XII пленумында Қазақстан Жазушылар одағының 1949 жылғы IV пленумында баяндамалар жасап, қазақ совет әдебиетінің осы уақыттар ішінде жеткен жетістіктеріне кеңінен тоқталды. Осы баяндамалардың негізінде ұлы сыншы Белинскийдің әдеби жыл қорытындыларына арналған атақты мақалалары үлгісінде «1947 жылдың әдебиетінде шолу», «1948 жылдың әдебиетіне шолу», «Тарихи қаулылардан кейін», «Сын және әдебиет» мақалаларын шығарды. Бұларда жекелеген ақын-жазушылардың творчестволарын жалпы әңгімелегеннен гөрі шығармалардағы жетістіктер мен кемшіліктерді нақтырақ талдаушылық басым. Осылардың

қатарында аталуға тиісті көлемді мақаланың бірі —«Тағы да поэзия туралы». Мұнда жазушылардың екінші және үшінші съездерінің арасындағы қазақ поэзиясының жай-күйі заманалылығы, шеберлігі тұрғысынан сөз болып, толымды тұжырымдар жасалынған. Бұл мақалалардың әрқайсысын көлемі жағынан да, көтерген мәселелерінің, айтылған ойларының салмағы жағынан да жеке-жеке зерттеу еңбектері десе де болғандай.

Қазақ совет әдебиетінің белгілі қаламгерлері ішіндс творчестволары хақында С. Мұқанов пікір білдірмегені кемде-кем шығар. Олардың біразына арнайы мақалалар да жазды. Орыс әдебиетінің М. Горький, В. Маяковский, А. Толстой, А. Фадеев, Н. Тихонов сияқты көрнекті қайраткерлері жайлы жылы лебіз білдіріп, үлгі тұтты. С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Торайғыров, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Б. Ізтөлин, С. Көбеев, Ғ. Мүсрепов, Ғ. Мұстафин, Ө. Тұрманжанов, М. Ғабдуллин, Ә. Тәжібаев, Ж. Саин, Ә. Шәріпов, т. б. творчестволары жайлы мақала-естеліктер жазып, жариялады. Олардың творчестволық сырсипаттары, идеялық-көркемдік өзгешеліктері хақында алғашқылардың бірі болып пікір білдірді.

С. Мұқанов күнделікті әдеби процесті үзбей қадағалап, онда жылт еткен жаңалықтарға қуанып өз пікірлерін білдіріп отырды. Ол әсіресе жастардың аяқ алыстарына өзгеше көңіл аударып отырды. Әкелік қамқорлық жасады. Жас ақын-жазушылардың творчестволық дұрыс бағытта болуына, кітаптарының шығуына көмектесті. Ғ. Қайырбеков, Т. Молдағалиев, С. Асанов, т. б. ақындарымыздың алғашқы өнерлі өрнектерін байқап, тұсауын кескен де әдебиетіміздің білгір ақсақалы Сәбит Мұқанов болатын.

С. Мұқанов — қазақ совет әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қалам қайраткерлерінің бірі. Қазақ әдебиетінде ол қалам тартпаған сала жоқ десе де болғандай. Ол поэзияда да, прозада да, драматургияда да, әдебиеттің сыны мен ғылымында да артына ұлан-ғайыр мұра қалдырды.

Жоғарыда тоқталып өткеніміздей, жазушы 20-шы, 30-шы жылдарда әдебиеттің сынына белсене араласса, соғыстан кейінгі кездерде оның мақалаларының зерттеушілік сипаты арта түсті. Сыншылық қызметі толыса келе зерттеушілікке, ғылыми ізденістерге ұласты.

С. Мұқанов ауыз әдебиеті жайлы, оның советтік дәуірдегі көрнекті өкілдері Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Шашубай т. б. туралы, айтыс өнері хақында көптеген мақалалар жазды. 1942 жылы шыққан «Айтыстың» бірінші

томында «Айтыс және ақын» деген бағалы зерттеуі басылды.

Ол қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ кіріскен. Ел арасына таралып, айтылып жүрген, немесе әр кездерде баспадан шығып сақталынып қалған фольклорлық және әдеби мұраларды халық ішінен жинастырады. 1929 жылы (18 декабрьде) «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде «Әдебиет туралы ашық хат» жарнялайды. Мұнда, Қазақстанда әдебиетті зерттеу жөнінде «істелген іс атымен жоқ», сондықтан «біздің міндетіміз аздап болса да, әліміз жеткенше осы істелмей жатқан іске ат салысу» екендігін айтқан. «Әдебиет майданында азды-көпті араласып жүрген адам болғандықтан қазақ совет әдебиетінің өркендеу мәселесінен кітап жазуға бір-екі жылдан бері ойлағап едім» дейді. Осы ойын жүзеге асыруға материалдарының жеткіліксіз болып жатқандығын айта келіп, ел адамдарынан қолда бар қазақ әдебиетінің тарихына қатысты материалдарды жіберуді өтінген.

Осындай іздестіру, жинастыру, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жазушының қаламынан қазақ әдебиетінің тарихына байланысты көптеген мақалалар, монографиялық зерттеулер туды. Қазақ халқының өткен ғасырда жасаған ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов пен кемеңгер ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосы жайлы зерттеулері алғашқы кездерде ғылыми мақалалар түрінде көрінді де, кейіннен көлемді монографияларға айналды. С. Мұқанов қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқанның өміріне арнап екі пьеса («Шоқан Уәлиханов», «Қашқар қызы»), «Аққан жұлдыз» романдарын, «Шоқан Уәлиханов» монографиясын жазды. Бұл жазушы-ғалымның зерттеушілік қабілетінің аса күштілігін көрсетсе керек. Абай туралы да ғылыми жағынан терең, бағалы пікірлер айтты.

С. Мұқановтың тағы бір көлемді зерттеулері «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) мен «XVIII—XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері». Бұл кітаптар XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеп зерттеген тұңғыш еңбектер болғандықтан да кейбір артық-кем айтылатын пікірлер жоқ емес.

С. Мұқанов өмірінің соңына дейін жазушылық қызметімен бірге туған әдебиетті, оның тарихын зерттеуді бір сәтке тоқтатқан жоқ. Ол тек әдебиет қана емес, қазақ халқының өмірін, тарихын, тұрмысын, әдет-ғұрыптарын, мәдениетін аса жетік білетін үлкен ғалым еді. Соңғы кездерде қазақ халқының тұрмысына арналған «Қазақ

қауымы» атты тарихи-әдеби этнографиялық ғылыми зерттеуін жазды. Бірнеше томға жоспарланған бұл үлкен зерттеудің алғашқысы ғана жазылып үлгірді. «Халық мұрасы» деген атпен шыққан бұл кітаптың мақсаты тарихи-этнографиялық шолу деп айқындалған. «Дегенмен, қазақ халқының өткен өмір жолын жан-жақты толық сипаттайтын монографиялық еңбек әзірге жоқ. Басқа халықтар тарихы жайында жазылған мұндай ғылыми еңбектер баршылық... Осы сияқты еңбектерді оқығаннан кейін және қазақ халқының өмірін, тұрмысын ескілікті көне жазбалардан, ауызша әңгімелерден ұққандарымыз бен көзбен көріп, өзіміз куә болған жайларды қорыта келе мен де қазақ халқының өткен өмір жолына тереңірек тоқталып, тұтас бір шолу жасауды алдыма міндет етіп қойдым... Онымен бірге, негізінде қай халықтың болсын өзіне тән кейбір прогресті ұлттық дәстүрлерін білу кейінгі жас ұрпақтарға артық болмас деп санаймыз». (С. Мұқанов. Халық мұрасы. А., 1974, 7-бет) деп жазады жазушы осы кітаптың алғы сөзінде.

Кітап «Шежіре және тарих жайында», «Қазақ халқының ертедегі қоғамдық өмірі», «Материалдық мәдениеті», «Жан азығы», «Жазба әдебиет белестері» деп аталынған бес тараудан тұрады. Осы аттарынан-ақ монографиялық зерттеудің қаншалықты ғылыми жүк көтеріп, өмірлік маңызы бар мәселелерді қозғағанын көреміз. Кешегі жеке адамға табынушылық, тоқырау заманларында, халымыздың өткен тарихын, мәдениетін әңгімелеудің өзі «ескішілдік» деп бағаланып, әсіресе қоғамдық ғылымдарымыз тұралап қалған тұстарда мұндай еңбектің жазылуын үлкен ерлік деп бағалау керек. «Шежіре» деген сөздің өзінен ат-тонды ала қашып, үркіп жүргенімізде, академик-жазушымыз оған сын көзімен қарап дұрыс пайдалана білсек, тарихы тасқа басылып қалмаған қазақ сияқты халықтың өткен өмірін білуге қатысты маңызды мәліметтер табуға болатындығын айтып берді.

«Халық мұрасының» соңғы екі бөлімі әдебиетке арналған. Халық өміріндегі ауыз әдебиетінің қызметін жоғары бағалаған жазушы оны «жан азығы» деп атаған. Қазақ фольклорын батырлар жыры, ғашықтық жырлары, қиссалар, айтыстар, діни айтыстар, дара ақындар творчествосы деп жіктеп, қарастырған. Ауыз әдебиетінің дамы түсуі дара ақындардың шығуына жағдай жасап, кейіннен жазба әдебиетке ұласқанын Абайды айта отырып дәйектейді. Зерттеудің өзіндік ерекшелігі де халқымыздың өткен

тарихын сөз еткенде ауыз әдебиетіндегі мәліметтерді кеңінен пайдаланғандығында жатыр.

Өз халқын шын сүйіп, нағыз ұлы бола білген С. Мұқановтың бұл кітабы — туған елінің тарихы мен мәдениетіне деген шынайы сүйіспеншілікпен, үлкен жүрекпен жазылған еңбек. Халқымыздың өткендегі өмірін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін білгісі келетіндерге бұл кітаптың берері мол. Ойын қозғап, жаңа ізденістерге бастары анық.

С. Мұқанов халықтың қалың ортасынан шығып, жаңа тұрпаттағы қазақ совет әдебиетінің сәулетті сарайының шаңырағын көтерісті; негізін қаласушылардың бірі болды. Ғылыми ізденістерін жиырмасыншы жылдардағы сын, зерттеу мақалаларынан бастаған ол жалпы қазақ әдебиетін жетік білетін академиктік дәрежеге дейін көтерілді; академик-жазушы атанды. Осыншалық жолдан өтіп, биік белеске шыққан ғұлама жазушының артында қалған мол мұрасының бір парасы — әдеби еңбектерін бір ғана мақалада қамтып шығу мүмкін емес. Октябрьден кейінгі әдебиетіміздегі орны Шолпан жұлдыздай жарқырап тұрған әдебиет алыптарымыздың бірі — Сәбит Мұқановтың көркем творчествосымен қатар әдебиеттің сыны, тарихы саласында жазған еңбектері де арнайы көлемді зерттеулерді қажет етеді.

Орыстың көрнекті мәдениет қайраткерлерінің бірі А. В. Луначарский көркем сөз шеберлерінің әдебиеттің сынымен айналысуын тамаша құбылыс деп бағалаған. Әдебиетті шын сүйген нағыз үлкен жазушылар ғана әдебиеттің сыны саласында да елеулі еңбектер қалдыра алған. Социалистік реализм әдебиетінің негізін салушы А. М. Горькийден бастап, Фадеев, Федин сияқты атақты жазушылар сынды әдебиеттің басқарушысы ретінде пайдаланып, оған үлкен мән берді. Қазақ совет әдебиетінде осындай биік деңгейде көрінген көрнекті жазушыларымыздың бірі — кәдімгі Сәбит Мұқанов.

«ҚЫСЫ-ЖАЗЫ ЕЛ КЕЗІП...»

Әдебиетіміздің ардақты ақсақалы, аты аңызға айналған жазушы Сәбит Мұқановтың очерк, публицистика саласынан да қалдырған мұрасы мол. Ол — қазақ совет очеркінің қаз тұрып, қалыптасуына, өркен жайып, өрге басуына белсене ат салысқан суреткерлердің бірі. Ұлы Горький үлгісімен Сәбең жиырмасыншы жылдардың аяғынан өмірінің соңғы күндеріне дейін осы жауынгер жанрдан қол үзген жоқ. «Таңның атысы, күннің батысына қарамай дала кезген, бал жинаған арадай, біздің Сәбең қысы-жазы ел кезіп, өмірдің, сол өмірді жасап жатқан еңбеккер адамның табыстары мен ерлік істерінен сусындап, өзінің жазушылық фантазиясын толықтырып, байытып отырады» деп жазған еді атақты ақын Жұмағали Саин 1961 жылы «Халық жазушысы» деген мақаласында. Сәбит Мұқановтың өзі де «Қазақ әдебиетінің» Жаңа жылдық интервьюінде (1965 жылғы 1 январь) «Менен елді көп шарлайтын жазушы жоқ. Жұрт не істеп жатыр екен, соны көріп қайтқым келіп тұрады. Бір жерге шығып келсем, жазып келемін» деп ағынан жарылды.

Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында «Еңбекші қазақ» газетінде басылған «Петергоф», «Көш жолында», «Қарсақпай жолында» деген жолжазбаларынан бастап, 1935 жылы Магнитогордағы қазақ жұмысшыларына арналған бірнеше суреттеме («Магниттен», «Магниттің маңдай адамдары» т. б.) — Сәбеңнің алғашқы очерк туындылары. Осылардың ішінен мысалға 1925 жылы жазылған «Көш жолында» деген жолжазбаны алып қарайық. Мұнда автор Қазалыда, Жосалыда, Қармақшыда, Жалағашта аялдаған жерінен, Ақмешітте (қазіргі Қызылорда) болған күндерінен, сонда көрген-білгендерінен қысқа-қысқа елес береді, «екі құлағы екі кесек ет, аяқ қолдары түйенікіндей, басы төңкерген кішкене қазан — атақты қазақ балуаны» Қажымұқан, «өзінің бұралмалы әніне салғанда, жұрттың арқасын қимылдатып, жүрегін тербеткен» сандуғаш әнші Әміре, «қазақ елінің ойы-қырының әндерін жиып, мың қазақ әнін баспаға бастырған ұлы еңбекті адам» Затаевич бейнесін көз алдына келтіреді.

«Қарсақпай жолында»— төрт бөлімнен («Шөлде», «Ботпай», «Дабыл», «Зорман қаласы») тұратын көлемді очерк. Ол «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 12, 17, 23, 28 июльдегі номерлерінде жарияланған. Жолжазбаның желісі — жазушының сол жылы Қарсақпай сапарынан алған әсерлері, Жосалы станциясынан автомобильмен Қарсақпайға қарай жол шеккенде байқағандары, көкейіне түйгендері. Осынау о шеті мен бұ шеті көз жеткісіз, ит аркасы қиян далада не көп, кіреші көп екен. Бәрі де Қарсақпайға беттеп барады. Жазушы солардың біреуіне жолығып: «Қайда барасыңдар?»— деп сұрайды. Әлгі кісі: «Қарсақпайға», — деп жауап береді. Сөйтсе, кіреге тартқандары — мыс қорытқанға керек, бір көкшілдеу түсті жұмсақ балшық екен. Автор жолжазбаның бірінші «Шөлде» деген бөлімінде кірешілерді сөзге тартып, олардан бекет жайын, жатар орын, баспана жайын, тіпті ішетін тамағына дейін сұрап біледі. Бірақ кірешілерге жағдай жасалмағаны, бекеттер маңында тамақ сататын орынның жоқтығы, су қайнататын дәу қазанның настығы авторды қатты қынжылтады. Ерсілі-қарсылы ағылып жатқан қыруар кірешінің ішетіні ащы іркіт пен лай су, жейтіні көгерген құрт пен қатқан бауырсақ деп түңіледі автор. «Мыңдаған кісілер құйылып жататын сол бекеттерге мәдени істердің ұшқынын апарып, кірешілердің демалыс кезінде, конған кезінде көңілін жұбатуға болар еді, мәселен, қызыл мүйіс ашып, газет, журнал, әдебиет кітаптарын неге қоймасқа» деп ой түйеді ол бір уақыт.

Ал жолжазбаның «Ботпай» деген бөліміне жазушының Байқоңырдағы бір шахтаға түсіп, жер астында көмір қазып жатқан шахтерлердің ауыр да ғаламат еңбегін көргендегі байқағандары өзек болған. Очеркті оқып отырғанда, ол кездегі шахталар мен осы заманғы шахталардың жер мен көктей айырмашылығын бірден сезесің. Тіпті басқаны былай қойғанда, жазушының шахтаға түсердегі және шахта ішінде көрген машақатын айтып жеткізу қиын. «Сізге өтірік, маған шын,— деп жазады автор,— биіктігі жарты кезге зорға толатын бір үңгірге етпетімен жата ғап, кіріп кеп кеттім, манағы еңкейіп жүретін штрегім ұшпақ сықылды екен; тым болмаса тізеңмен демеуге келсе де жақсы гой, о да жоқ. Жылаңша қарнымызбен сырғанадық та отырдық».

Жолжазбаның «Дабыл» атты бөлімінде жиырмасыншы жылдардың аяғында «Қызыл Қазақстан» деп аталған, бұрынғы Қарсақпай заводының тіршілік-тынысы сөз болады. Заводты асықпай аралай жүріп, Сәбең сол кез-

деп қазақ, орыс жұмысшыларының жасақталу, қалыптасу кезеңдерін елестетеді. Ал «Зорман қаласы» деген соңғы бөлімнің арқауы — автордың жұмысшы үйлерінде, пәтерлерінде болғанда, заводтың мәдениет орындарын көргенде көңілге тоқығандары. Автор орын алған олқылықтарды бүкпейді, жасырмайды, қол байлау болған жайттарды табанда, сол қалпында айтып отырады.

1940 жылы Қазақтың көркем әдебиет баспасы «Қазақстан» атты очерктер жинағын шығарды. Міне,сол жинақта Сәбит Мұқановтың бірнеше очеркі бар. Солардың бірі — «Алтын дала» деген очерк. Мұнда республикамыздағы алтын кендерінің тарихы, алтын өндірісінің Совет өкіметі жылдарындағы табыстары үлкен жазушының ұшқыр қиялымен, қызықты мысалдармен әсерлі түйін тапқан. С. Мұқанов Степняк кен көзінің тұңғыш ашылуы күндерінен тартымды елес береді. Рудникпен бірге жасасқан адамның біреуі, Степняк қалалық Советінің депутаты, 76 жастағы карт Бейсеков Орманның әңгімесі арқылы жазушы Степняктің революцияға дейінгі мүшкіл халін, алтын өндірудің қарабайыр әдісін елестетеді. Алтын кен орнын кәдеге жаратамын деп қаншама жанталасып баққанмен, ағылшын концессионерлерінің қолынан түк келмегенін автор мысқылдай жазады. Бұдан соң жазушы рудникпен бірге жасасып келе жатқан Есімов, Бәйішев, Анашкин сияқты еңбек ардагерлерінің өмір жолымен таныстырып, олардың тағдырын Степнякпен бір арнада қарастырады. Совет дәуіріндегі Степнякті, оның озат адамдарын суреттеу үстіндегі жазушының қаламы ұшқыр, бояуы ажарлы. Сәбит Мұқанов осы аталған адамдарды «былай еді, мынадай еді» деп, өзі суреттеп жатпайды. Бұл жерде ол басқаша тәсіл қолданған. Озат жұмысшылардың өмірбаян хикаясы олардың кейпін ашуға жетіп жатыр. Мәселен, Есімов Ақан былай дейді: «Ол кездегі шахтаның ең тереңі он кез, одан әрі баруға техниканың күші келмейді. Он кез шахтада қазылған алтын кенін жұмыскерлер шелекке салып, сыртқа қолмен тартып шығарады. Штренбах алтынды тастан айыратын кішкене завод салды. Бірақ алтын жуатын қазанға кен тасын бұл күнгідей дробилкамен емес, жұмыскер балғамен үгіп береді. Қазіргі заводта алтынды әлдене орнынан тоскауылдап ұстап, бірлі-жарымды процент қана болмаса, далаға жібермейді ғой. Ол кездегі заводта алтын жуатын қазанның түбіндегі сынап ұстаған алтын ғана алынады да, 25-30 процент алтын ысырап боп, құммен далаға төгіледі...

— Сіз қай жұмыста болдыңыз?

— Мен заводтың пешіне көмір тастайтын кочегар болдым.

— Көмірді қайдан алдыңыздар?

— Онда тас көмір жоқ. Жағатынымыз қарағайдың көмірі. Сол көмірді пешке тастау жұмысында күн сайын 15—16 сағаттан тұрам. Қашан қалжырап жығылғанша жұмыстан қолым босамайды. Сондағы айлық ақым қанша деңіз? Бір сом елу тиын.

— Сонымен күн көрдіңіз бе?

— Көрмегенде қайда барасың, басқа барар жер жоқ.

— Міне, шығарма кейіпкерінің осы айтқандарынан оның өксікпен өткен өмірі, Степняктің сол кездегі бейшаралық бейнесі көз алдында тұрады.

Ұлы Отан соғысы кезінде де С. Мұқанов жазған талай тәуір дүние бар. «Социалистік Қазақстан» газетінің тапсырмасымен колхоздарға, МТС-терге барып, ол жанқиярлық еңбегімен майданға көмектескен өрен жандардың өр қимылын бейнеледі. Айталық, Сәбең «Майдан тірегі» деген очеркінде Қостанай облысы, Урицкий ауданының Жангелдин атындағы колхоз мүшелерінің майданға көмегі, егін ору, шөп шабу жұмыстары жайлы ой толғайды.

Сәбит Мұқанов «Правда» газетінің тілшісі куәлігімен соғыс жылдарында майданның алдыңғы шебінде болып, бірсыпыра очерк жазды, олардың кейбіреуі «Правда» бетінде де жарық көрді. Ал қазақтың қаһарман қызы, Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметова туралы «Батыр қыз» деген очеркі «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды, кейін талай рет жеке басылымдарға, жазушының шығармалар жинақтарына кірді.

Соғыс сұрапылы үстінде жасалған Мәншүк бейнесі шындықтан алынған. Өз очеркінің оқиға желісін аға жазушымыз батыр қыздың бір жолғы қаһармандық қимылына құрады. Ол жинаған, зерттеген фактілерін ажарландыра келе Мәншүк ерлігінің келісті суретін береді. Сәбең салған жерден оқушыны қызықтырып, Мәншүктің ұрыс шебінде үгітшілік міндет атқарып жүрген сәтін оқиға кәдесіне жаратады... Бөлімше көп кешікпей үлкен шабуылға шықпақ. Соның алдында әрбір жауынгердің борышын жақсылап ұғындыру үгітшілерге жүктелген. Үгітшілердің бірі — Мәншүк Мәметова. «Өзің өлме, жауды өлтір, ал мерт бола қалсаң, дұшпанға кек жібермей, жастығыңды ала кет!» Міне, солдат шинелін киген қазақ

қызының жауынгерлерге айтқан сөздері осындай еді. Мәншүктің өзі де осы сертте тұрды.

Ал соғыстан кейінгі дәуірде атақты жазушы өмірге бұрынғыдан да батыл араласып, көркем очерк арқылы совет адамдарының жарқын өмірі мен еңбектегі ерлігін шабыттана жырлады. «Саяхаттар» атты қалың кітап — мұның айқын дәлелі. «Саяхаттар» деген атынан да көрініп тұрғандай, Сәбит Мұқанов республикамыздың көп жерін аралап, жеке қалалардың, кәсіпорындардың, колхоздардың, мәдениет мекемелерінің соғыстан кейінгі кең тыныстың тіршілігінен жиынтық мағлұмат береді, еңбек адамдарының асқақ шабытын жырға қосады («Каспийге саяхат», «Арқаға саяхат»). Ал «Алатау төңірегінде», «Украинаға саяхат» деген сапарнамаларының арқауы — бауырмал Қырғызстан мен Украинаның соғыстан кейінгі шыққан белестері, алған асулары. Екі очерктің екеуі де қазақ оқушыларын туысқан республикалардың шаруашылық, мәдени жетістіктерімен таныстырады, олардың арғы-бергі тарихына, тұрмыс-салтына ой жүгіртеді. Бұларда жұртты қызықтыратын өрелі оқиғалар, елеулі фактілер көп. Соғыстан кейінгі жылдары Сәбеңнің қаламынан Ыбырай Жақаев, Нұрмолда Алдабергенов туралы очерктер туды. Бұл очерктерде майталман ардагерлер, бәрінен бұрын еңбек сүйгіштігімен, айқын да кесек мінезімен, рухани өсуімен, жан сұлулығымен дараланады.

Академик жазушының шет ел тақырыбынан жазған очерктері де едәуір. «Алыптың адымдары», «Адамата шоқысында», «Халықтық Германияда» деген очерк кітаптарында С. Мұқанов Қытай Халық Республикасына барған сапарының жайын әңгімелейді; Цейлоннан, Герман Демократиялық Республикасынан алған әсерлерін ортаға салады.

Совет жазушылары делегациясының құрамында Сәбең 1956 жылдың жазында Қытайға барып қайтқан еді. Осы елді алпыс күн аралағында көрген, білгендерінен, оқиға желісін өрбітіп, жазушы өмір орнатып жатқан қытай халқының өткен-кеткен тарихынан, мәдени қазынасынан, ғасырлар бойғы тіршілігінен мол мағлұмат береді. 1949 жылғы революциядан кейін бұл елде болған керемет өзгерістерді де автор айшықты өрнекке салған.

Цейлон (қазіргі Шри-Ланка) сапарынан жазылған «Адамата шоқысында» деген очеркінде Сәбең тәуелсіздікке, бостандыққа қолы жеткен елдің ұлттық даму жолына түскендегі әуелгі қадамын тілге тиек етеді. Цейлондықтардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, ежелгі мәдени

ескерткіштері туралы баяндалатын беттер де қызыға оқылады.

Сәбит Мұқановтың қаламынан 1965 жылы «Халықтық Германияда» деген очерк туды. Бұл очерк жеті бөлімге («Көргенше асығу», «Берлинде», «Өзге өлкелерде», «Форверст», «Бухенвальд», «Күрес және жеңіс», «Соғысқа қарсы») топтастырылған. Осылардың бәріне ортақ арна — Герман Демократиялық Республикасының соғыстан кейінгі жылдардағы жетістіктері, кешегі қанды қырғын тағлымы, жаңа соғыс өртін тұтандырушыларға, империалистік агрессияға қарсы күрес. Осы тұрғыдан автор Бухенвальд лагерін кең сөз етеді, фашизмнің жантүршігерлік жауыздығын «ұрпақтар білсін деп» тағы еске түсіреді.

Тың және тыңайған жер игеру туралы Коммунистік партияның шешімдері мен ұрандары С. Мұқанов творчествосына да үлкен шабыт берді. Тыңға шабуылдың алғашқы айларынан-ақ жазушы тың өмірін көремін, тың тақырыбын зерттеймін деп, солтүстік-шығыс облыстарды аралады. Қаңтардың қаһарлы аязына, шілденің қапырық аптабына қарамай, колхоз, совхоздардың фактілерін тірнектеп, өмір құбылыстарына шұқшия үңілді.

Қазақ жазушылары мен ақындарынан тың жайында алғаш қалам тербегені де, оза шапқаны да Сәбит Мұқанов болды десек, әсте қателеспейміз. Қандай да болсын саясишаруашылық науқандарға, маңызды оқиғалар мен құбылыстарға дарынды сөз шеберінің жүрек сырын айтпай, қоян-қолтық араласпай қалған күні жоқ. Сол сияқты тың және тыңайған жерді игеруге бүкілхалықтық жорық басталғанда да даңғайыр жазушы өзінің суреткерлік талантын ұштай түсті. Халқымыздың ерлік ісін, тың батырларының жойқын еңбегін бейнелеу үшін жазушы, ең алдымен, әдебиеттің жедел жанры очеркті қалады. Ай өткен сайын, жыл өткен сайын оның ұшқыр қаламынан сан қилы көркем очерктер туып жатты, бұл очерктерді орталық және республикалық газеттер мен журналдар бірінен соң бірі жариялап жатты. Тың тақырыбына жазатын әдебиетшілердің Бүкілодақтық кеңесінде тың хикаясының көркем әдебиетте бейнелеу жайына тоқталып, тыңға арналған кейбір шығармаларға сын пікірлер айтты, сонымен бірге еліміздің барлық жазушыларын тың өңіріне келуге, ондағы атқарылып жатқан қыруар істерді өз көзімен көріп, шабытты бейнелеуге шақырды.

«Меніңше, совет жазушысының басты міндеті

социалистік құрылысты жырлау, — деді Сәбең, — тың көтеру осы зор құрылыстың бір бұтағы. Ендеше ол туралы жазу да, совет жазушылары, біздің міндетіміз. Ол міндетті өтеу үшін, біз жұмысты тыңы көтеріліп жатқан өлкелердің ісін зерттеуден бастауымыз керек. Тыңның не екенін білмей алмай, тың туралы жазу, әрине, қиын. Осы мақсатпен мен 1954 жылдың жазын Қазақстанның тыңы ең көп көтеріліп жатқан солтүстік облыстарында өткіздім. Онда көрген-білгендерім очерк түрінде республикалық және одақтық баспасөзде жарияланды».

Айтса айтқандай, Сәбит Мұқановтың тың жайында жазған очерктері «Туған жердің тыңында», «Тыңда тұнған байлық» деген аттармен екі рет кітап болып шықты, «Новый мир» журналында басылды, республикалық газет, журналдар мен «Правда» бетінде жарияланды. Солардың сүбелісі «Туған жердің тыңында» деген очерк. Жазушы тыңға шабуылдың алғашқы жемістерін әңгімелеуге келгенде тартымды штрихтар алып, келісті сөз тізбектерін қолдана білген. Бұл очерктен біздің салған жерден оқитынымыз Сәбиттің туып-өскен жерінің тарихынан елес. Жазушының балалық шағын өткізген бір кездегі Жаманшұбар ауылы мен Дос жайлауы — енді тың алқабы. Мұнда ондаған жаңа совхоз қоныс теуіп, мыңдаған гектар егіс жыртылды. Ал топырағы құнарлы осы өңір ширек ғасыр бойы пайдаға аспай жатқан еді.

Туған жердің тыңы қалай игеріле бастады? Оны Отан кәдесіне жарату оңайлыққа түсті ме? Міне, очеркистің бұдан былайғы айтатындары осылар. Мидай далаға қиыр шеттерден тоғысқан патриоттардың сол бір аптапардағы қуанышы мен қобалжуы, оларға деген жергілікті халықтың, партия, совет органдарының ізгі қамқорлығы көркемдік бояуын тапқан. Жергілікті халықтың, әсіресе қазақтардың тың игеріледі дегендегі қуанышының шегі болмады. Бұл түсінікті де. Өйткені тың игерілсе, олардың ауыл-аймақтарының бейнесі өзгереді, өздері де дәулетке қарық болады. Жазушы тұрғын ел тарихының кәдімгі шежіресіндей, 102 жастағы Алдаберген карттың қуанышын әдемі суретке құрады. «Тусырап жатқан жерлердің бәріне егін себер күн болар ма екен?»— деп, арман ететін қарияның ту далада тұңғыш боразда тартуға ағылған тракторлар тасқынын көргенде қуанышы қойнына сыймайды. Бұл очеркте жазушының бір ұткан жері, ол — халықтар достығын нанымды бейнелейді. Қазақстан даласына түс-түстан келгендердің ішінде неше сан ұлттың адамдары бар еді. С. Мұқанов орыстар мен қазақтардың, украиндар

мен армяндардың бір-біріне деген туысқандық қарым-қатынасын жылы лебізбен сүйсіне суреттейді. Совхоз директоры Григорьянц, трактор шы Коновалов, жұмысшы Аңдамасов, тағы басқалары — әр ұлттың өкілдері. Бірақ олар тату-тәтті тұрады, олардың Советтік Отанды көркейтуден басқа арман-мақсаты жоқ.

Жазушы Қазақстанға тың игеруге аттанған жас патриоттарды Москваның Қазан вокзалында тұңғыш шығарып салушылардың ішінде де болған екен. Бұдан алған әсерлерін, жас түлектердің өршіл талабы мен ой-арманын автор «Москва» деген публицистикалық очеркінде жақсы түйіндейді. «Алғашқы жеміс», «Бірінші ұялар», «Мәдениет ошақтары» деген очерктерде қайсыбір қиыншылықтарды жеңген, сөйтіп, ұшы-қиырсыз тың көтеріп тастаған совет адамдарының қажырлы еңбегі, әуелдегі палаткалар мен қостардың орнына қаз-қатар сән түзей бастаған совхоз орталықтарының көрікті көшелері, олардағы тұңғыш мәдениет ошақтары сөз болады. Сондай-ақ, бұл туындыларда бір топ механизатордың образы бар. Мәселен, жаңадан құрылған «Украина» совхозында бірінші болып трактор рулінде отырған Степан Шоломаның, Докучаев атындағы совхоздың таңдаулы бригадирі Владимир Иванченконың іс-қимылын жазушы олардың өмірімен, үй тұрмысымен, ой-мақсатымен қабыстыра суреттейді. Бұлар тыңның тұңғыш түлектері еді. Бұлардың алдын кес-кестеген кедергілер де, қиындықтар да аз емес-тін. Бірақ оған мойыған патриоттар жоқ. Қайта олар қиыншылыққа қаская қарсы тұрып, еңбек үстінде шыныға түседі. Жазушының бригадир шатырында қонақ болуы, Иванченко үй ішінің ілтипатты, меймандостық қалпы, бір топ жастың үйлену тойы, трактор шы Анатолийдің ғашықтық хикаясы — жылы лебізбен жазылған мәнерлі елестер.

«Литературная газета» өзінің 1959 жылғы 22 декабрьдегі «Партия шақырады!..» деген бас мақаласында КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы тарихи сентябрь Пленумынан кейін совет әдебиетіне жарқын беттер қосқан, партияның ауыл шаруашылығы саласындағы жоспарларын орындауға белсене ат салысқан, күрестің қайнаған ортасына, жұмыстың ең қиын учаскесіне аттанып, өмірді барлаған, жаңашылдарды қолдап, кертартпалармен алысқан Овечкин, Николаева, Тендряков, Калинин, Смуул, Дорош, Троепольский, Залыгин сияқты қаламгерлердің қатарына Сәбит Мұқановты да қосты. Міне, бұл Сәбеңнің очерктік творчествосына берілген зор баға еді.

1956 жылы жазушының тыңға арналған жаңа очерктері одақтық оқушыға жетті. Партиямыздың Орталық органы «Правданың» бетінде жарияланған «Дала достары», «Новый мир» журналының оныншы кітабында басылған «Тасқабақтың төбесінде» деген очерктері С. Мұқановтың өмірге ілесіп отыратын, саяси, мемлекеттік науқандарға кезінде үн қосатын азамат жазушы екенін танытты. Екі очерктің екеуі де публицистикалық сарынмен жазылған. Екеуінде де жазушының өз республикасы үшін, оның жер байлығы, егін байлығы үшін, тамаша болашағы үшін мақтаныш сезімі бар.

Сәбит Мұқановтың бұдан кейін жазған очерктерінен байқайтынымыз, ол — жазушының өз республикасын,— Қазақстанды шыңға көтере мадақтауы. Қостанай мен Петропавлдың тың алқабын, Бетпақдала мен Шу бойын, Жетісудың астықты, әрі малды өлкесін суреттегенде, Сәбит Мұқановты бәрінен бұрын өз республикасының байлығы мен болашағына деген мақтаныш сезімі билейді. Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының құрылғанына 40 жыл толуына арналған «Қырықтың қырқасында» деген публицистикалық толғауында Сәбең былай деп жазған еді: «Менің көз алдымда туған өлкем — Қазақстан асу-асу белдерден асып, бір шыңнан бір шыңға көтерілді. Ол өзінің қырық жасында қандай шыңға құлаш ұрғанын мен жақсы білемін, өйткені біз бірге өсіп, бірге толысып келеміз. Мен республикамның тууы мен өсу жолдарының куәсімін... Баяғыда, бір ашаршылық жылы біреу: «Бидай — ас, алтының — жай ғана бір тас» деген екен. Ал қазіргі қазақ ауылдарында «Алтын — бидайда» деген мақал бар. Бұл сөздің растығын күнделікті өмірден айқын көріп келеміз. 1955 жылға дейін астық өндіру жөнінен Қазақстанда мақтана қоярлық мәз ештеңе жоқ еді. Енді біздің республика тың игерген небары бес-алты жыл ішінде Украинадан асып түсіп, Россия Федерациясын өкшелеп келеді. Өлкеміздегі астық мұхиты Отан байлығын арттырумен бірге жергілікті тұрғындардың тұрмысына айтарлықтай жаңалық әкелді. Сәулетті үйлер салынып, колхоз, совхоз қалашықтары көркейді. Қай ауылға барсаң да, қуаныш пен бақытты, әсем жарастықты көресің».

Сәбит Мұқанов тың туралы очерктерін, түптеп келгенде, жастарға арнайды. Мұның да лайықты орны бар сияқты. Тың және тыңайған жер игеру, сөйтіп, елімізде астық молшылығын жасау күресінде совет жастары асқан құрмет пен даңққа бөленді. «Жеңіс жыры —«Жиырма

бес» деген очерк — тың түлектерінің үш жылғы жасампаздық жемісті еңбегіне түйінді байлау айтқан, көтеріңкі үнмен, асқақ серпінмен жазылған публицистикалық шығарма. Қазақ халқының ең сүйікті әні «Жиырма бесті» осы очерктің лейтмотиві етіп алып, Сәбең жастардың тындағы ерлік ісін өзінің көріп, білгендері арқылы шебер баяндайды. Жастардың жеңбейтін қиындығы, жастардың алмайтын қамалы жоқтығына жазушы жаны да ракат табады. Ол «Асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады» деген, сол сияқты «Кәрі келсе — асқа, жас келсе — іске» деген қазақ мақалдарын орынды келтіріп, осы тұста тыңның жас түлектері өмірінен әдемі ой кестесін жасайды. Ол мейлі Қостанай облысының Хмельницкий атындағы совхозына Болгариядан келген жастардың достық көмегін жазсын, мейлі Социалистік Еңбек Ері Иван Рудскойдың ерлігіне қайран қалсын,— міне, соның бәрінде жазушының қуанышы жастар қуанышына ортақ. «Жастық жыры мәңгі жасайды, бұл жырдың аты —«Жиырма бес» деп аяқтайды өзінің осы очеркін автор.

С. Мұқановтың ендігі бір сүбелі еңбегі —«Тындағы темір жолдың төңірегінде» деген очеркі. «Атбасардан Қорғанға тартылатын бір темір жол біздің жайлау- жайлаудың қалың ішін жарып, Жаманшұбардың желкесін, Достың ығын басып өтеді!.. Бұл жолдың бойына станциялар салынғанда, біреуі Достың жағасына орнайды!» деп аяқталушы еді Сәбеңнің «Туған жердің тыңында» очеркі. Жазушы ол кезде тек болашақтың жолдарын ғана айта алды. Ал сол болашақтікі деген жолдар бас-аяғы бір-екі жылдың ішінде салынып бітті. Енді қиялдағы емес, шын бар жолды жазушы өз көзімен көрді. С. Мұқановтың дербес очерк арнаған темір жолы Қорған—Пески деген атпен салынған темір жол еді. Осы жолдың бойымен жүре отырып, оның төңірегіндегі өзгерген өңірді шола отырып, жазушы тың игерушілердің өмірінен қызықты әңгіме қозғайды.

Елуінші жылдары «Бүгінгі ауыл осындай», «Көзі ашылған бұлақ», «Тірі ескерткіш» деген очерктер жазып, С. Мұқанов Алматы облысының бүгінгі биігінен алдағы асуына көз жіберді. «Көзі ашылған бұлақта» тындағы Рославль совхозының алғашқы құрылу, қанаттану жазы сөз болады. Очеркистің «Көзі ашылған бұлақ» деп отырғаны — Мәтібұлақ аймағы. Мәтібұлақтың аржағына шықсаң, Қарой мен Бозой деп аталатын қайқаң жатқан кең дала кетеді. Мәтібұлақта атақты ақын, әрі композитор Кенен Әзірбаев тұрады. Сәбең өзінің Кененмен сыр

шерткен әңгімесі арқылы осы өлкенің табиғат көрінісін, бергені мен беретінін келістіре суреттейді. Ал Еңбекші-қазақ ауданының «Қаратұрық» ауылынан Тағанбай, Сиражитдин секілді алдынғы қатарлы шаруаларды «Бүгінгі ауыл осындай» деген очеркінің басты кейіпкерлері етсе, «Тірі ескерткіш» очеркінде Кеген ауданының шопаны, Социалистік Еңбек Ері Сайдахмет Қорғасбаевтың кесек тұлғасын мүсіндейді. «Шоқанның төбесіне салт көтерілген Сайдахмет таңертең осы арада көрген тірі ескерткішімізге ұқсап кетті... Тірі ескерткішке ұқсаған Сайдахметке де, оны қоршаған сұлу табиғатқа да, жанжақтағы ылди-өрді жаба жайылған қалың қойларға да тамашалап қарап тұрған менің есіме, қазақ елінде «қойшы» деп аталатын еңбекші адамдардың бұрынғы және бүгінгі халі түсіп кетті. Революциядан бұрынғы ауылда қойшыдан еңбегі ауыр да, байдың қорлығын артық та көретін жалшы болмайтын. Енді, міне, совет заманында сол қойшы — Отанның ең ардақты азаматының бірі. Осы біріне-бірі от пен судай жанаспайтын екі заманның да куәсі — Сайдахмет Қорғасбаев. Бұрын қорлықта жүретін ол енді Социалистік Еңбек Ері...» деп түйеді ойын автор.

Осы арада көркем сөздің майталман шебері тыңды әрдайым есінен шығармағанын айта кету керек. Ол тың — қой шаруашылығы. Қазақстанда мал шаруашылығын, оның ішінде ең алдымен қой шаруашылығын шұғыл өркендетуге жағдай да, мүмкіндік те жеткілікті. Орталық Қазақстан, Шу бойы, Балқаш төңірегі — қой өсірудің ең қолайлы, ең шұрайлы аймағы. «Сарыарқада» деген очеркте басынан аяғына дейін сөз болатын мәселе — осы екінші тың. Автор әлденеше жүздеген километр жол жүріп, Орталық Қазақстанның жер жағдайымен жақсылап таныса отырып, мал шаруашылығын қайтсе мықтап өркендетуге болады деген сұрауға жауап іздейді.

Сәбит Мұқановтың соғыстан кейінгі жылдардағы очерктерінен байқалатын бір жайт — очеркистің көкейкесті мәселелерге жұртшылық назарын аударуы. Жазушының жіті көзі кейбір пәтуасыз көріністерді, басшы органдардың салдыр-салақтығынан, жауапсыздығынан болған кемшіліктерді тез шалып қалады. «Туған жердің тыңында» очеркінде ол көшелер мен орамдардың тәртіппен орнамауын сынайды, поселкелердің архитектуралық құрылысына өз ұсыныстарын айтады. Ал «Тасқабақтың төбесінде» деген очеркінде кейбір басшы орындарды сынап өтеді. Әйгілі жазушының айтатыны — астық ысы

рап болмаса екен, орылған егін бүлінбей, суға тимей, мұқият сақталса екен. Жазушы әсіресе құрылыс-монтаж басқармаларына наразы. Ол астық сақтайтын қоймалардың жетіспейтіндігінен республикада мыңдаған пұт астық далада қалғанына қынжылады. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен Қазақстан Тұтынушылар одағының атына да жазушының қатал сыны бар. Тың игеруші колхоздар мен совхоздарда саяси, ауыл шаруашылық, көркем әдебиет кітаптары жетіспейді, уақтылы кино көрсетілмейді, артистердің гастрольдері сирек. Егін жинау сияқты қауырт науқан үстінде де еңбекшілердің мәдени демалысын ұмытпау керек,— автор, міне, осыны мегзейді.

Малшылардың үй тұрмысы, киіз үйлер дайындау, қойшының иті, малшылардың балаларын оқыту, су проблемасы — міне, осылардың бәрі жазушы қаламына ілікқен. Очеркист осыларды еріккеннің ермегі болсын деп жазбаған сияқты. Қайта очеркті оқығанда, едәуір талабынан мал шаруашылығына, оның жетекші саласы — қой шаруашылығына қам жеген, малшылар өміріндегі елеулі кемшіліктерді байқап, көкейкесті ойларын ортаға салған шабытты публицист көз алдында тұрады.

Әйгілі қаламгер тың игерілгеннен бергі ондаған жылдар ішінде тың тақырыбына соқпай кеткен екен. Бір барған жеріне қайта-қайта барып, бір жолыққан адамына тағы жолығып дегендей, ол тыңмен бірге түлеген өңір, тыңға бауыр басқан өрендер жайынан ақтарыла сыр шертті. Майталман жазушы ең алдымен өзінің Жаманшұбар мен Дос жайлауын екі елі есінен шығарған жоқ. Өзінің «кіндік кесіп, кір жуған» жерінің совхоз орнағаннан кейінгі өзгерген, гүлденген бейнесін көзінен өткеріп, кәрісі бар, жасы бар, ауылдастарының шат-шадыман тұрмысын тамашалап, Сәбең енді «Жақсы шұбар» деген очерк жазды. Сонау жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы Жаманшұбардың күйкі көріністерінен елестер келтіреді де, очеркист енді оның тың игерілгеннен кейінгі өзгерістері мен жаңалықтарын оқушы алдына тартады. Докучаев совхозының директоры Ткачевтің, суландыру жүйесінің инженері Ескендір Қәкелеевтің, мектеп директоры Махмет Дәрібаевтің айтқан әңгімелерінен ой сабақтап, жазушы туған жерінің жаңа тарихын, жаңа кескін-келбетін публицистикалық өрнекке салады. Өзінің жерлестерінің, ағайын-туғандарының сөздері арқылы ол енді мынадай түйін жасайды: «Тұла бойында телегей-теңіз егін тұнған, қаптап өскен орманы бар, суы да, астығы да мол, жұрттың өңі түгіл, түсіне

кірмеген өлке, тың көтерілгеннен кейін темір жол жүрген, малы да, егіні де осынша кең жерге әрең сыйып тұрған дала жаман болушы ма еді? Ол қазір «Жаман шұбар» емес, Жақсы шұбар! Оны бұдан былай осылай атау керек!».

Сәбит Мұқанов 1958 жылы, Қазақстанның мол астығы үшін күрес күндерінде солтүстік облыстарды тағы аралады, тың батырларынша бел шешпей, егін жинау жорығының алдыңғы шебінде жүрді. Міне, осының нәтижесі — «Қызыл ту ауданында», «Алтын таулар» деген очерктер. «Қызыл ту ауданында» деген очерктің арқауы — жазушының өзі айтқандай, астық үшін аттаныстың алғашқы адымдары, сол жылғы көктемгі егіс жұмыстары. Шетсіз, шексіз Қызыл ту даласындағы ғажап өзгерістерді, жер-жердегі қаһармандық қимылды көзімен көрген жазушы осыншама ерліктің сырын еңбек адамдарынан, тың түлектерінен іздейді, сөйтеді де, Федор Трофимович Моргун сияқты совхоз директорының басқару, ұйымдастыру өнерін баяндайды. Тың игерілгеннен кейінгі үш-төрт жылда істелген істерді көрсетуге келгенде Сәбең өзінің бұрынғы қаламгерлік әдісіне басып, қызық-қызық деректер, мағлұматтар келтіреді.

«Алтын таулар» очеркінің өн бойында өрбіп отыратын, астық үшін арпалыстың небір қарбалас сәттері, мейлі Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданында болсын, мейлі Көкшетау облысының Рузаев ауданында болсын, диқандар мен механизаторлардың қажырлы еңбегі жазушы жанын жадыратып, қаламына жел береді. Сәбең қай жерге барса да, толассыз дән тасқынын, тың жорығындағы жойқын күшті көреді. Соның бір мысалы — озат комбайыншы Фағанауи Шахлимов ерлігінің елесі. Аға жазушы оның егінді орып, бастырудағы қажырлы қимылын көз жазбай бағдарлап, әдемі бояулармен айшықты бейнелейді. Сол екі ортада осынау башқұрт жігітінің өнегелі өмірбаянымен, Ұлы Отан соғысындағы қаһармандық жолымен таныстырып өтеді. Сөйтіп, озат комбайншының бейнесі оқушы зердесінде қалады.

Ұлан-асыр астық майданының кең арналы картинасын бере отырып, жазушы аталған очерктерінде өзінің бұрынғы әдетінше, тың атырабының көкейкесті проблемаларын қозғайды. Мәселен, жерді күтіп ұстау, аздырып-тоздырмау төңірегіндегі оның пікірлері ой саларлық. «Тозығы жеткенді түзеу қиын, көнеленгенді жаңарту оңай» дейді ол.


Сәбит Мұқановтың бай публицистикалық мұрасында 1972 жылы жазған «Торғай тынысы» деген очеркінің орны бөлек. «Торғай тынысы»— әйгілі суреткердің республикамыздағы ең жас облыстардың бірі — Торғай облысына барып қайтқан сапарынан дүниеге келген туынды. Сәбең бұдан бұрын, 1967 жылы Торғай туралы бір очерк ұсынған еді. Онысы «Торғай тұлғасы» деп аталатын. Екі очерктің екеуінде де алдымен Торғай өміріне тарихи сипаттама беріледі: Торғай даласынан шыққан атақты адамдар әңгімеленеді. Бұл атақты адамдар, Сәбең сөзімен айтсақ,—«қазақтан шыққан алғашқы ағартушы, Орта Азия мен Қазақстанда орыстың атақты педагогі Ушинскийдің идеяларын тараткан»,-- Ыбырай Алтынсарин; «қазақтың бірінші большевигі, революционері»— Әліби Жангелдин, «халық батыры, 1916 жылы қанаушыларға қарсы көтерілген қазақ даласындағы бірінші қызыл комиссар»— Амангелді Иманов. Алғашқы очеркте қарт қаламгер өзінің Торғай даласын 1936 жылы көру сәтінен елес береді де, оның содан соң Совет өкіметі жылдарындағы өзгерістерін өрнектейді, ал соңғы очеркте Торғай тыңы игерілгеннен кейінгі бел-белестерді баяндап шығады. Сол сияқты мұнда жас облыстың тіршілік-тынысы, алдынғы қатарлы адамдары, зәру проблемалары тілге тиек болған.


Қорыта айтқанда, соңғы жиырма жылда Сәбит Мұқановтың әртүрлі саладан жазған очерктері мен суреттемелері, публицистикалық мақалалары көп. Әрине, мұндай қыруар публицистикалық мұрада жеке кемшіліктердің кездесіп қалуы табиғи нәрсе. Мәселен, жазушы кейде жадағай, сүреңсіз баяндауға үйір. Натуралистік суреттеулер, көп сөзділік, шұбалаңқылық, ұсақ-түйек фактілердің қызығына түсіп кетушілік — бірқатар туындылардың міні. Бірақ ел өмірін білемін, тың шежіресін зерттеймін деген кісіге С. Мұқанов очерктерінің пайдасы үлкен. Оның публицистикалық мұрасын оқи, зерттей келе жазушының көптеген абзал қасиеттерін аңғарамыз. Бұл қасиеттер — оның әр уақыт алғы шептен көрінгені, өмірді ерінбей-жалықпай зерттеуі, өмір фактілерін тірнектеп жинауы. Ал халық өмірінен үйрену, халық өмірімен тығыз байланыста болу, сөйтіп, шындықты бейнелеу — совет суреткерінің қашаннан ізгі мақсаты.

29.01.88 ж.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ТАЛАНТ ПЕН ТАЛПАМ





Ғабиден МҰСТАФИН

Аға жазушылардың бірі — Сәбит Мұқанов. Әдебиетімізде ол қатынаспаған жанр кемде-кем. Ол бірде ақын, бірде прозашы, бірде сыншы, бірде драматург, кейде журналист. Оның шығармалары, әсіресе поэзиясы біздің көркем шежіреміз сияқты. Ұлы Октябрьді, азамат соғысын, НЭП-ті, бесжылдықтарды, Ұлы Отан соғысын — елімізде болған елеулі өзгерістердің бәрін жырлаған. Қазақ совет поэзиясын жасауда Мұқановтың орны үлкен. «Сұлушаш», «Октябрь өткелдері», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» сияқты поэмаларын бас қылып, поэзиямызға ондаған мың жол өлеңдер қосты. Соларды ішінде жаңалық, новаторлық аз емес. Әлденеше пьесалар, романдар берді. Тақырып сонылығы, жанр байлығын әдебиеттік сипаттардың негізгі түрі десек, Мұқанов мақала, очерктерімен, ұсақ пьесаларымен әман алдыңғы қатарда жүрді.

Сәбит өзін осылай ұзақ жолда сынай келіп, кейініректе екі роман берді. Екеуін де орыс тілі арқылы бүкіл совет халқы оқып отыр. Ол — өздеріңізге мәлім «Ботагөз», «Сырдария» романдары.

«Ботагөз» туралы «Правда» газеті кезінде былай деп жазған «... Сәбит Мұқанов Қазақстандағы халық өмірінің өрлеу кезеңдерін тарихи шындыққа сай көрсететін шын мағынасындағы үлкен еңбек жасады».

«Правда» айтқандай, «Ботагөз» шын мағынасындағы үлкен еңбек болды. Оның бас геройы Аскар — жаңа

ойдың, революциялық күрестің адамы. Бұндай образды, халқымыздың революциялық күресін көрсететін бұндай романды біздің ішімізде әзірге тек Мұқанов жасады. «Ботагөз» романын қазір Совет Одағынан сыртқы елдер де оқып жатыр.

Тәкен ӘЛІМҚҰЛОВ

МОЛ ПІШІМ

«...Сәбит Мұқанов — қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірінен саналады. Бұл — әділ баға. Бірақ бұл бағаны нақтылау, анықтау, дәлелдеу шарт. «Негізін қалау» деген ұғымға қай тұрғыдан келуге керек? Мезгіл жағынан ба, жанр жағынан ба, жалпы творчествосының ішкі-тысқы сипатынан ба, немесе туған әдебиетке қосқан жаңа сарыны, енгізген жаңалығы тұрғысынан ба? Осындай сұрақ көбейе бермек. Оның әрқайсысы жеке жауап талап етеді. Және ондай жауаптың әрқайсысы дербес мақала жазуға тұрады. Шындық осылай болғандықтан, мен Сәбит Мұқановтың әдебиеттегі орны туралы өз ойымды жинақтап айтқым келеді.

Ең әуелі, Сәбиттің өмір тарихы жайында. Сәбит сайын сахарада, Сарыарқада туып-өседі. Ол кез Россиямен аралас-құралас мықтап орын тепкен кез еді. Сәбит өмірден, ортадан жаңаша әсер алады. Фирдоусидің «Шахнамасын» тәржіме бойынша жатқа айтып, «жыршы бала» атанған Сәбит бірте-бірте орысша сауат ашады. Осыдан кейін ол жыршылықтан мүлдем қол үзіп, өзі өлең шығарады. Октябрь революциясын қарсы алған өлең осы тұстан басталған. Екінші сөзбен айтқанда, Октябрь төңкерісі Сәбит Мұқановты қиссашылықтан ажыратты. Адамның ұғымын уақыт, қоғам өзгертеді деседі. Бұл әрине, даусыз шындық. Бірақ сол ұғым болмысқа да байланысты сияқты. Күні бүгінде қиссашылар көп. Молдалар да баршылық. Сәбитті солардан басқа жолға түсірген оның табиғи дарыны. Бұл дарын өз халқына немен қызмет етуді білген.

Өнер сапарын өлеңнен бастаған ол бірте-бірте қара сөзге ауысады. Қара сөзді «Түсімде» деген тәрізді фельетоннан бастап, ұлтшылдарды әшкерелейді. Бірақ бұның бір өзінің жеткіліксіз екеніне көзі жеткенде ол халық

өмірін, ел тағдырын бейнелейтін байсалды, мағыналы прозаға ауысады. Аттатып айтсақ, оның алғаш атағын шығарған шығармасы --«Адасқандар» романы. Бұл романды жазғанда ол Москвада Қызыл профессура институтында оқып өзіне жететін білім алған. Романдағы компоненттер тұтастығы осыған айғақ. Кітапқа енбей қалған басы артық тарауларын мен бертінде, 1952 жылы қолжазбаның өзінен оқығанмын. Жұртшылыққа мәлім, «Адасқандар» екі ғашықтың — Бүркіт пен Бәтестің тағдырына құрылған. Бірақ махаббат туралы жазылған осынау романда қаншама әлеуметтік-қоғамдық сыр бар. Бұнда үстем тап өкілдері сирек көрінеді. Бірақ барлық бәле солардың ырқынан тарайды. Олар ауыл қызы Бәтестің басын айналдырып, сүймеген сұмырайға — Мүсәпірге қосады. Бүркіт оны атып өлтіреді. Түздіктердің қарымқатынасы, намыс туралы ұғымы, сахара салты, табиғат суреті қайталанбас қалпында көрініс тапқан. Осы сахарада тіршілік құрған темір ұстасы Еркіннің образы бұрын қазақ әдебиетінде болмаған. Жұмысшы табының өкілін С. Мұқанов әрлемей, әсірелемей немесе қарадүрсіндетпей, иланымды, әділ суреттейді. Осы роман А. М. Горькийдің сүйікті кітабының бірі болған. Сөйте тұра кітап орысша шыққанда сынға ұшырады. Жастар газетінің бірінде Бүркітті «Байский отпрыск» деп жазды. Ау, әдеби герой әртүрлі бола береді ғой. Жаңа заманға үйлесіп, ұлтшылдарға қарсы күрескен байдың баласы батыр болса, оны жылмағай етіп көрсету керек пе екен?. Сайып келгенде, әңгіме — образдың шыншылдығында. Бұған, әрине, жазушылық тенденция қосылады.

Сәбит Мұқанов батыс әдебиетінде болған ситуацияны қайталамай, көшірмей, бұралқы сюжетке ұрынбай, романның қырын, сырын қазақ топырағынан алған. Оның Бәтесі Баян да емес, Жібек те емес, жаңа заманда оянған, жаңалыққа талпынған қыз. Оған оқушының көзі ғашық боп қалады. «Адасқандар» көзқарақты қайраткерлердің әсіресе Сәкен Сейфуллиннің арашасы арқасында ақталған. Әділет жеңген. Сөйте тұра, тарихтағы қаяуды еске түсіруде бір себеп бар. Әдебиет — өте-мөте күрделі, қиын құбылыс. Оны бағалауда кейде әдебиет зерттеушілер қателеседі. Бұған мысал келтірсек, «байшыл эпос» туралы бертінде болған айтыстың бір өзі жетіп жатыр. Одан кейін «тартыссыздық» қисыны шыққанда жазу мүлдем оңай боп кетті. Бұдан кейін «кішкене адамның» жан дүниесін уағыздау тұсында ірі характерге зәру болдық. Мен өзім әлеуметтік-қоғамдық өмірден қағыс қала-

ның романды қабылдамаймын. С. Мұқановтың «Адасқандарын» даралап айтуда осындай гәп бар...

Әр жазушының өз жамбасынан келетін жанры болады. Сәбит Мұқанов әңгіме жанрынан баян таппады. Оның есесіне ол қазақта тұңғыш көлемді роман жазды. Бұл «Жұмбақ жалау» еді. Бұл романда негізінен революция қарсаңындағы Орталық Қазақстан суреттеледі. Сол кездегі тап тартысы өз мөлшерінде көрініс табады. Бұнда байсалды прозаның бойына жараспайтын эпитет жоқ. Баршасы суретпен жеткізіледі. Бірер мысал, автор Итбайды «надан бай еді» демейді. Бірақ Итбайдың надандығы Петроградқа барғанда кнім ілгіш даяшының оқалы шапанына қызыққанынан байқалады. Кейін ол елге келгенде, ыстық шілдеде Аскарға: «Ұятты қойып, дамбалшаң отыр» дейтіні және бар. Осының бәрі ойдан шығаруға болмайтын көрініс. Демек, романға қойылатын негізгі шарт өмір шындығы екен. Бұл үшін автордың көргенбілгені, естігені, әсері өте көп болуы керек екен. Сәбит Мұқановтың ел үрдісінен, халық өмірінен бақтағаны оның естелік кітаптарынан орын алған. Сіз «Менің мектептерімді» оқыңыз. Максим Горькийдің «Менің университеттеріме» еліктеп жазылған екі томдық бұл кітап тамаша. Автор тарихи адамдарды, деректерді, уақиғаларды жасырмай, асырмай жазады. Өзі бейне бұғып, тасада тұрса да оның білгіш екені сайрап тұрады. Бұнда құдды Горькийше шешілу бар. Қарапайымдылық пен шындық бар. Осы екі томдық кейін «Есею жылдарына» ұласады. Онда өмірді табиғи түрінде көрсетуден гөрі социологиялық тәсіл басым. Автор суреттеудің орнына баяндайды; кей құбылысты, кісіні, қарым-қатынасты өзі бағалайды. Бірақ соның өзінде «Есею жылдарында» екінің бірі жазбаған деректер бар.

Сәбит Мұқанов — қазақта ең өнімді жазушы. Мол дүниеде олпы-солпылықтың болуы да мүмкін. Мәселен, маған «Теміртас» пен «Сырдария» басқа романдарындай әсер етпеген. Неге? Бұрын біріншісінде социологиялық сарын басым, екіншісінде «іштілік» жоқ. Неге жоқ? Қыр елінде туып-өскен Сәбит дихандардың тұрмыс жүйесіне мінез-құлқына, өзара қарым-қатынасына сондайлық жетік емес. Дәм-тұз татысқан ел»— әлі қанға сіңген ел емес. Жақсы лепес, әрине, жарым ырыс. Бірақ тұтас ырысқа жеткізу үшін сол жермен біте қайнасу керек. Сәбиттің қымыз туралы жазған очеркін оқыңызшы. Половцыларды аралаған итальяндық саяхатшы Марко Полоның жазбасынан бастап, Сәбит қымызды осы күнге

шейін таратады. Дәрігерлік дерекке сүйеніп, оның құрамын әңгімелеп кетеді.

Сәбит Мұқановтың ең ширақ, селкеусіз шығармасы — «Балуан Шолақ». Бұл повесте, біздіңше, екі сыр бар. Бірінші, Сәбит сюжет құруға шебер жазушы. Екінші, тақырып, яғни геройдың өмір тарихы оған бүге-шігесіне шейін белгілі. Бұған, әрине, Көкшетау атырабының табиғаты қосылады. Балуан Шолақ ояздың қызын алып қашқанда қыздың шашын жел қалай сипайды? Бұл жазғы Көкшетау желі. Көз жеткіземін десеңіз, сол аймақты аралаңыз. Әрине, жаздыгүні. Осы секілді Сәбиттің «Адасқандарда» Торғайдың Қызбелін суреттеуі ғажап. Сіз қыздың беліне ұқсаған сол жерді барып көруді аңсайсыз. Көркем прозаның бір құдыреті осындай.

Әдебиетте өзгемен жарысып жазу бар. Озған жазушыны көзқарақты жұртшылық таниды. Әдебиетте өзгені қайталау бар. Өзін қайталау және бар. Сәбит Мұқанов өзгені қайталаған жоқ. Өзін бірақ рет қайталады. Оның «Мөлдір махаббаты»— баяғы «Адасқандарды» қайталау. Және сәтсіз қайталау. Сәтсіздік неде? «Мөлдірде» махаббатқа қатысы жоқ жайттар орын алған. Сонымен, әлеуметтік-тұрмыстық романның желісі селкеуленген. Бұл жайында осы мақала авторының кезінде жарияланған мақаласы бар. 1956 жылдың күзінде Қазақстан Жазушылар одағының пленумында сөйлеген сөзі және бар. Бұның бәрін еске түсіруде астамшылдық немесе пендешілік жоқ. Тек қана әдебиеттің мүддесін көздеу бар. Шығарма туралы сын және қалмақ.

Осы жағынан келгенде, С. Мұқановтың «Аққан жұлдызын» әрнеге балап жүр. Шындығында, бұны төрт аяғын тең басқан көркем романға, әсіресе эпопеяға балау — орынсыз. Бұл — әдеби зерттеуге, бәлкім, эссеге жуық. Көлемді бұл кітаптан келешек ұрпақ Шоқан Уәлиханов хақында көптеген құнды мағлұмат алады. Қомақты кітаптың құндылығы да осында.

Осы орайда айта кетуге тура келеді. Осы күні жанрдың арасын біріктіру ниеті байқалып жүр. Бұндай тенденция әдебиетті өсірмейді. «Іш пыстыратын жанрдан басқаның бәрі жақсы», деп Вольтер айтқандай, әр жанрдың өз міндеті, өз қызметі бар.

Әдебиетшінің шаруашылығы — әдебиет. Ендеше ол әдебиеттен ересен білімдар болуға міндетті. Осы жағынан келгенде, Сәбит Мұқанов үлгі-өнеге алуға тұратын кісі. Сегіз қырлы, бір сырлы Сәбит әдеби іліммен де айналысқан. Оның «Айтыс» деген мақаласын оқыңыз. Бүгінгі,

кешегі суырып салма ақындардың төркіні тым әріде екенін дәлелдегенде, тұжырымды оқушының санасына қалдырады. Түйсігі бар оқушы бұл мақаладан қазақ халқының тапқыр, әсершіл, өнершіл халық екенін аңғарады. Бұның өзі: «Айтыс, өлең түздіктердің ежелгі серігі» деген тәрізді жалпы сөзден әлдеқайда терең, Сәбит өзінің екінші бір еңбегінде қазақ өлеңінің түрлі түрін түсіндіреді. «Қара өлең», «Қайым өлеңдер» әдеби оқулықта бар. Біз «кер өлеңді» Сәбиттен білдік. Түздіктер қиялының ұшқырлығы осы өлеңде.

Әдебиет зерттеуде Сәбит Мұқановта жалпылама сөз, жадағай түсіндірме жоқ. Абайтануда ол күлдібадам шәкірттік кезіндегі, кейін түзеткен Абайдың: «Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл» деген жолдарын бірінші түсіндірген адам — Сәбит Мұқанов. Ол осы Абайдың дінге көзқарасын қалайша талдаған?

Абай:

«Көңілге шақ, шүбә ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын».—

деді ғой. Осыны Сәбит тамаша түсіндіреді. Абай, әлбетте, материаллист. Сөйте тұра ол о дүниені де ойлайды. Бұны әдебиет тілінде кейіпкердің қобалжуы, көңіл күйінің ауысуы дейді. Осындайды талдауға бармайтын әдебиетші — құр жандайшап. Әдебиеттің, бұл арада, поэзияның маңызын айту оңай, оны дәлелдеу қиын. Әсіресе қазіргі дәуірде зерттеу де, сын да мейлінше нақтылықты талап етеді.

Көркем әдебиеттің тілі әдеби халықтық тілдің екшелген түрінен құралады. Бұның бірі екіншісіз өмір сүре алмайды. Осы жағынан келгенде, Сәбит Мұқановтың тіл байлығы, сөз кестесі тіптен тамаша. Бұны Ғылым академиясы зерттер. Менің өзім әдебиетші боп қолданған, бәлкім, енгізген таңсық, соны сөзін жадымда тұтамын. Бір-екі мысал. «Мүрдем кетпек» деген сөзді кім қолданды? Сәбит қолданды. Бұның арғы төркіні арабтың «мүрді», қазақша «мұрты» ма, медицинадағы «морф» па, онда менің жұмысым жоқ. «Шикі өкпе» (яғни піспеген бала) Сәбиттен бұрын қазақ жазушысының аузынан түспеген. «Көзқарақты» да Сәбиттен шықты. «Танық» деген сөзді осы күнге шейін екінің бірі біле бермейді. Ескі сөзден жұрт ат-тонын ала қашатын кезде «іллә імді» Сәбит қолданды. Және оның арабшасын алмай, «ылайымда» деп қазаққа сіңірді. Және де айтуға тура кеп тұр. 1957

жылы фестиваль кезінде маған арабтың бір жазушысы автограф берген. Соны бірнеше кәрі әдебиетшіге көрсеткенімде олар жазуды ажырата алмады. Сәбең көзілдірігін киіп үңіліп:

— Бұл «Әл-місри» және «Ахмет» деген сөз,— деді.

Сонда мен баяғы киссашылдық шағын есіме алдым. Сөз арасында оған бала кезімде Ащысай кенінен хат жазғанымды айттым. Сәбең ризалық бейіл білдірді. Соның қабатында ол өзіне оқушыдан хаттың шамадан тыс көп келетінін айтты. Арада бірнеше жыл өткенде, Сәбең оқушылардан, тамыр-таныс, ілік-шатыстан келген хаттың бір жүз қырық төрт папка болғанын, үйде шкафқа симаған соң Академияға өткізбекші екенін айта келіп:

— Пусть лежат. Никому не мешают,— деп, тұнжыршегір көзін сүзіп, шүйілді. Артынша тыжырынған. Бұның себебі маған таныс. Мүмкін, папкалардың керегіне құмәнданған шығар. Мүмкін, мені сынаған шығар. Немесе басқа бір реніші бар шығар. Не де болса, сол көрініс көз алдымда.

Сәбит Мұқановтың бір мінезі менің есімде. Ол реніскен, ұғыспаған жазушыға, ақынға хат жазушы еді. Осындай хатты мен Қасым Аманжоловтың үйінен көргем. «Осы сырымды ұқсаң, баяғыдай құшақтап сүйемін», дегені есімде. Несі бар, өрелі әдебиетте осындай үрдіс бұрыннан бар. А. П. Чеховтың жазысқан хаты — алты том. Сәбеңе, мүмкін солардан жұққан шығар.

Сөздің аяғы бірте-бірте естелікке қарай ауысып бара жатыр. Бұның да, меніңше, сөкеттігі жоқ. Әңгіме сайып келгенде, кімді қалай танытуда ғой. Сәбең кең пейілді кісі еді. Ол Қазақстан Жазушылар одағының председателі кезінде менің мүшелікке өтуіме көмектесті. Кейін Қасым Аманжоловқа байланысты бір мәселеде қатты айтысып қалдық. Сәбит «Қазақ әдебиетіне» мені сынап мақала жазды. Жаңылмасам, мақаланың аты «Басы ашық мәселені тұмандатпайық». Араға беделді кісілер кірісіп, мақала жарияланбай қалды. Осыдан кейін бір ұшырасқанда мен Сәбеңе өзімнің пұшайман боп жүргенімді айттым. Сәбең:

— Өзің не оттап тұрсың? Сәбиттің көрген құбыжығы осы дейсің бе?,— деп, қолын бір-ақ сілтеді.

Мен оның машинасына мінгесіп кеттім.

Кейін Москвада Горький атындағы институтта оқып жүргенде Сәбеңді «Динамо» стадионына ертіп бардым. Ол қақпашы Леонид Ивановты нұсқап:

— Әй, анауың доп қаққыш екен,— деді.

Сонда білдім, ол өмірде футбол көрмеген екен. Оның есесіне ол бірде мені Никитск қақпасындағы шіркеуге ертіп апарды. Шоқынған діндарлар, әрине, таңырқасты. Былай шыққан соң Сәбең:

— Көргеннің зияны жоқ, бала,— деп бір қойды.

Мен осы шіркеуде Пушкиннің Наталья Николаевна Гончаровамен неке қиысқанын айттым. Сәбең:

— Осыны Алексей Толстойдан да естіп едім,— деп, әудем жердегі Спридановкаға көз тастады. Онда Алексей Толстойдың үйі бар. Ол туралы Сәбит Мұқановтың «Каз. Правдада» естелігі жарияланған.

* * *

Шығарма саралаудан да, арагідік естеліктен де көріп отырсыз, Сәбит Мұқанов мол пішілген жазушы. Мол дүниеден шағын нәрсе жасауға болады, шағыннан мол дүние жасау мүмкін емес. Мақаланың «Мол пішім» аталуы да сондықтан.

1980 ж.

Құлбек ЕРГӨБЕКОВ

АРМАН ҒҰМЫР, АЯҚТАЛМАҒАН ЭПОПЕЯ

«(Аққан жұлдыз» романының творчестволық лабораториясынан)

«Байқаймын, творчестволық күшім кеміп барады. «Аққан жұлдызды» аяқтай алсам жақсы болар еді...»

С. Мұқановтың баласы Маратқа жазған хатынан.

Сәбит Мұқанов творчествосындағы өзіндік толымды, толғақты сыры бар шығармасының бірі — аяқталмай қалған «Аққан жұлдыз» романы. Шығарма — жазушының ой жоспарымен де, жазылу процесімен де қызғылықты сырға арқау болардық туынды. Роман жазушының ең соңғы шығармасы, әлде өмір бойы ойға алған асыл арманы болғандықтан ба, авторды қилы-қилы күйге түсірген. Шығарма үстінде жолданған хаттар, осы романды жазу процесінде С. Мұқановтың түрлі творчестволық көңіл күйді бастан кешуін дәлелдейді.

Аяқталмаған «Аққан жұлдыз» романының творчество-

лық тарихы қиын-қызық, өте күрделі процесс. Ол туындының дүниеге келгеніне де біршама уақыт. Шығарма аяқталмаған деп, жазушының қайта қарамағанын тілге тиек етуден әдебиет ғылымы ештеңе ұтпайды. Қолда барды — барынша, жоққа дауа не?— деп, түрлі бағытта карастыру қажет. Эпикалық туындының тағдыры, творчестволық лабораторияның сыр-сипаты жайлы ойланатын уақыт жетті. «Аққан жұлдыздың» творчестволық тарихын, тағдырын сөз ету — әдебиетіміздің көкейтесті көп мәселесіне жетістік әкелері сөзсіз.

Ойлап қарасақ, «Аққан жұлдыз» тарихына үңілу бір роман төңірегіндегі ғана әңгіме емес екен. Ол алдымен Шоқан Уәлихановтай ғылым дүниесінің ғажап феномені жайлы сөзге бастайды. Сонымен қатар ол бір кітап тарихы, лабораториясы ғана емес, жазушы көңіл-күйін бақылауға айналады. Неге десеңіз, бұл роман — жазушының соңғы шығармасы, соңғы көркем ойы. Жазушы көзін жұмар сәтте мынау ыстық дүние көз алдынан дөңгеленіп ұшып жатқанда ұзақ жолға шығарып салған роман бұл. Шығармасымен, өзі дүниеге әкелген кейіпкерімен қоштасу, бақылдасу — қазақ әдебиетінде Сәбит Мұқановта кездескен құбылыс. Жоғарғы интеллектілі қаламгер дүниеден өтерден біраз күн бұрын сап-сау отырып, кітапханасымен, жеке шығармаларымен жылап қоштасқан. Сонда дүниеде жартыкеш қалып бара жатқан ең соңғы шығармасымен қоштасу жазушыға оңай болмаған шығар. Осы оймен қарасақ бұл шығарма творчестволық тарихын іздеу, жазушы өмірінің ең соңғы жылдар, айлар күндерін бақылау да болып табылады ғой.

Бастапқыда трилогия, кейін тетралогия болып жоспарланған тарихи романның «Аққан жұлдыз» деген атпен алғашқы екі кітабы жарық көрді. Бұл шығарма жайлы ішінара сын да естіліп қалып жатады. Көркем шығарма және оқушының қабылдау процесін ескерсек, түрлі пікірлердің болуы заңды. Алда әлі талай зерттеу еңбектеріне арқау болатыны да басы ашық мәселе. Бүгін сол келешекте кеңінен зерттелер туындының творчестволық тарихына қатысты кейбір мәселелерді әңгімелесек дейміз. Өйткені, «Аққан жұлдыз»— аяқталмауына қарамастан жазушыны көп ізденіске салған, ұзақ уақыт екшелген, біраз шығармаларының дүниеге келуіне себепкер болған туынды.

Әу бастан әңгіменің бетін ашып алар бір мәселе — аяқталмаған «Аққан жұлдыз»— жазушының көркемдік қасиеті кемел, аса бір бағалы шығармасы емес, асы-

ғыстау жазылған, қайта қарап шығуға үлгермеген — құба төбел туындысының бірі. Қазір тарихи роман деп ат қойып, айдар тағып дабырлатып жүрген кей көлемшіл шығармалармен аяқталмауына, асығыстығына қарамастан, үзеңгі қағыстыра алатыны да рас. Бірақ «кісі жаманға қарап жақсы бола ма?» деп ұлы Абай айтқандай, бүгіні бар, ертеңі жоқ ондай шығармалармен салыстырып не ұтамыз. Әр жазушыны өз мүмкіндігіне орай әңгімелеу керек қой. Біздің ойымыз осы!

Жазушы Сәбит Мұқановтың әдебиетімізге ертелі-кеш әкелген рухани, көркемдік олжалары аз емес. «Аққан жұлдыз» романының жазушы қалаған «ғимараттармен» салыстырғанда біраз кемшілігі бар. «Өмір мектебі» секілді мемуарлық табысты шығарманың әсері ме, әлде жазушының ойлау жүйесінің мемуарлық машықта қалыптасуы ма, тарихи романға автордың кейіпкер болып еніп кетуі, араласып кетуі жиі. Шоқан өмірін шым-шытырық оқиғалар шарпысуы арқылы қоюлата, күрделендіре түспек ойдағы автор сюжеттік желіге жанасымы аз оқиғаларды қосарлай баяндап кетеді. Естелік көп. Суреттеу орнына баяндау басым. Әлеуметтік салмақ тартар материалдарды сұрыптап пайдалану орнына, автордың экзотикалық жайларға түсуі жиі. Солай бола тұра, «Аққан жұлдызда» бағалы сипаттар да мол.

«Аққан жұлдыз»— алғаш ойға оралауынан, көкейде толып, пісіп жетілуіне дейін, толғанып, жазылып бітуіне дейін үлкен жазушының өзге «перзенттеріне» ұқсай бермес өзгешелігі, өзіндік өзгеше сыры бар шығарма. Ол қандай сыр?

Совет әдебиетінің үлкен қаламгері, С. Мұқановтың досы Алексей Толстой «Петр Бірінші» романы жайлы: «С первых же месяцев февральской революции я обратился к теме Петра Великого. Должно быть скорее инстинктом художника, чем сознательно, я искал в той теме разгадки русского народа и русской государственности»,— деп жазады. Байқайсыз ба, февраль революциясы қарсаңында қолға алынған «Бірінші Петр» романы жазушының өмірінің соңына дейін бітпей кетті. Уақыты жетпеген болар? Жоқ, мұның сыры басқада. Толстойдай суреткер бұл тарихи роман тұсында қаншама көркем дүниелер берді.

Жазушы уысына түсетін, түспей әуреге салатын материал болады. Жазушы еркіне бағынатын шығарма бар. Сондай-ақ жазушыны еркіне бағындыратын шығарма бар. М. Горькийдің Москвадағы музей-үйі ғылыми қызметкер-

лері А. Толстойға «Бірінші Петр» тақырыбын, көптеген тарихи материалды осы пролетариат әдебиетінің ұлы атасы берді деседі. Замандас, қанаттас қаламгер талант бейімін байқап, бағалап өз көңіліндегі жазсам деп толғанып жүрген тақырыбын, жиған материалымен қоса сыйлау әдебиет тарихында кездеседі. Біздіңше, Горькийді де, Толстойды да ойландырғаны —«Бірінші Петр» тақырыбының күрделілігі болатын. Ал Горькийдің кейін Толстой романын өте жоғары бағалауында («Біздің әдебиетімізде «Петр Бірінші»— бірінші нағыз тарихи роман»— деп бағалаған. Қ. Е.) осындай себеп жатады. Ал романның ұзақ жазылуында тарихи архивтік материалдардың санада қорытылуынан өзге де, жазушы дүниетанымының әлі де біртіндеп қалыптасуы себеп. Содан соң А. Толстой әрбір архивтік дерекке өте сақ, жіті үңіліп мұқият сілкіп, сұрыптайтын болған. Міне, осындай творчестволық қиыншылықтар Сәбит Мұқанов алдында да тұрды.

Біз А. Толстой шығармасын алға тектен-тек тартып отырған жоқпыз. Мұнда С. Мұқановқа, оның «Аққан жұлдызына» тағдыр болып тоғысар сыр бар. Енді сол сыр ұшығын таратып, творчестволық лаборатория құпиясына енейік.

СОҚПАҚ СЫРЫ

Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романын, дұрысы Шоқан Уәлиханов жайлы тарихи көлемді шығарма жазуды А. Толстой секілді тым ерте армандаған. Бірақ Шоқан тақырыбы, оның түрлі қалаларда, берісі Совет Одағы, әрісі шет елдерде бұқпантайлап жатқан өмірбаяндық, қайраткерлік деректері қандай тақырыпты болмасын жедел ойлап, тез жазатын өнімді қаламгерді тәуекелге жібермей алдынан шығып, адымын тұсай берген. Ақыры жазушы тақырып еркіне көніп, өмір бойы факті іздеп, дерек тірілтіп, ой қорытып, шығарма жайлы армандаумен болды.

Қандай шығарма да жазушының творчестволық принципі, жазу мәнер-машығына бағынса керек-ті. Сәбит Мұқанов прозасын бағдарлаған оқырман оның қай-қай шығармасын да төрт-бес ай, жыл, жыл жарым уақытта бітіретінін байқар еді. Осындай, факті-дерекпен бір рет танысып алып, шығарманы жазу үстінде пісіретін дағдысы «Аққан жұлдыз» үшін іске аспай қалды. Шығарма жазушыны мықтап, шырмап тұсады.

Қайталап айтқанда, Шоқан жайлы тарихи роман жазу

Сәбит Мұқановтың есіне тым ерте оралған. Содан жазушы түрлі архивтерді ақтарып творчестволық процесті бастан кешкен. Және Ш. Уәлихановтай отызға жетпеген жасында ордалы ой айтып, ұрпағы тамсана зерттерлік мол мұра қалдырған тарихи тұлға жайлы шығарма жазудың ұзаққа созылатынын да амалсыз мойындаған. Сондықтан да бұл шығарманы ойға сақтап, кезекті туындыларын жаза берген. Шоқан тақырыбы ұзақ уақыт кезек күткен. Бір ғажабы, жай кезек күтіп тұрмай, тақырып жазушыны дүркін-дүркін мазалап, қозғап отырады. Әр сапардан немесе дүркін-дүркін оралып ойланудан өлең, очерк, мақала, пьеса, монография... дүниеге келді. Сол себепті де С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романына бел шешіп кірісуі тым беріде — алпысыншы жылдары болуына қарамастан, ойға оралуы, ізденісі өте ертеден басталған деп пікір түюге әбден болады. Және әр белдеуде — уақыттың белгілі бір межесінде дүниеге келген «Сыбызғының сыры», «Ариадна арқауы», «Қашқар қызы», «Шоқан Уәлиханов», «Алыптың адымдары», «Жұпархан», «Жарқын жұлдыздар» секілді көптеген мақалалар, жолжазбалар, көркем және ғылыми еңбектер тарихи шығарманың творчестволық лабораториясына қатысады.

Ойлап қарасақ, сонау ғасыр басында —1913 және 1921 жылдары, ел ішінде жыр-хисса айтып жүрген жетім бала Сәбиттің, кейінгі ревкомның «Хан ордасында» болу фактілерін де осы процестен тысқары қарауға болмастай. Өйткені, Сәбит секілді санасы ояу өлеңші бала жастайынан «Хан ордасы» жайлы ел арасы аңыздаған аңыз әңгімесін естіп, қанып өседі. Ал екі реттік сапарда сол естіген-білгенін көзбен көріп тиянақтайды. Әсерленеді, қызықтайды, көргенін жадына түйеді. С. Мұқановтай тума таланттың бала кезгі таза көркем қиялы, ойсанасы естігенін, көргенін қалт жібермей іліп қалар, сүзіп алар зерек емес пе?

Ел арасында қаһарлы ревком —«Қара бөрік» атанған жылдарында (1921 жыл), хан ордасына барған сапарында Сәбең біраз әңгіме деректерді Шоқанның немересі Қоқыштан жазып алғандай. Автор кейін «Жарқын жұлдыздарда» (1964) сол жазбаларының жоғалуын өкіне есіне алады. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады. Жиырмасыншы жылдары С. Мұқанов тек ревком ғана емес, революциялық таптық жырлардың да авторы. Өнер жолына түскен өлеңші бала, жас ақын. Ол сол жолы хан ордасының тарихына қызығып, естіген-білгенін хатқа түсіріп алған. Тарихи үлкен шығарма жазу ойына

оралмаған да шығар, бірақ тақырыптық қызығушылық оның санасында осы сапарда оянуына дау жоқ. Оған қосымша, естігенін қойын кітабына қондыра беру қаламгердің қартайғанда тапқан дағдысы емес қой.

Бұл фактілерді романның творчестволық тарихына қатыстыру үшін мынадай жайды да естен шығаруға болмайды. Жазушы кейін саналы мақсатпен «Аққан жұлдызға» дерек жинау үшін арнайы ел аралаған. Міне, сол сәтте бала қиялдағы көркем суреттер қайта түлеп, түрленіп шыға келеді. Қайта тіріліп, көркем шығарма компонентіне айналады.

Жазушы қиялына, ой-санасына осы тақырыпты тағы да ұялатудың бір себебі бар. Жиырмасыншы-отызыншы жылдары бар жанрда жалын атып жаза бастаған Сәбиттің Шоқан есіміне сан тарау жолда жолығыспай тұруы мүмкін емес. Кездесудің бірін еске алайық. «Шоқанның жарияланбаған біраз материалына 1928 жылы кезіктім. Сол жылы... СССР Ғылым Академиясының осы қаладағы (Ленинград авт.) қолжазбалар архивімен шұғылданып жүріп «23 фонд» аталатын материалға тап болдым. Бұл материалды бірінші ақтарушы адам мен екенмін» (С. Мұқанов. «Жарқын жұлдыздар», 1964, 17-бет) — деп жазды. Қазақ ғылымына бұйырған несібе дерлік бұл байлықтың жас жазушыны ойға қалдыруы заңды. С. Мұқановтың Шоқан тақырыбына қызығушылығын туғызған бір себеп осы.

Жазып тастауға қолында өмірбаяндық дерегі аз, ғылыми мұрасын талдап үлгірмеген жас жазушының тәуекелі бармаған. Бірнеше романды қатар жазып жүрген отызыншы-қырқыншы жылдары С. Мұқанов Шоқан мұрасын алдымен ғылыми тұрғыдан сұрыптауға кіріседі. Осы бағыттағы алғашқы мақаланың («Коммунист», 1941, № 4) Шоқан мұрасының халықтық сипатына арналуы тегін емес. Ш. Уәлиханов секілді хан тұқымынан шыққан ғалымның мұрасын халықтық деп таныстырып, танытпай тұрып, көркем шығармаға арқау ету ол жылдары мүмкін емес-тін. Уақыт талабы сол. С. Мұқановтың шоқантанудың белгілі зерттеуші маманына айналуында, әу баста осындай творчестволық мұрат жатады.

Күрделі тарихи тұлға жайлы роман жазу үшін қаламгерге үлгі боларлық шығармалар орыс әдебиетінде болмаса, қазақ әдебиетінде ол жылдары әлі төбе көрсете қоймаған кез. Дегенмен жазушы көлемді тарихи шығарма психологиясын байқау райында «Ариадна арқауы» аталатын пьесаға барады. Шығарма қазақ-орыс тілдерінде

жарық көрген. Драматургия туындысы Сәбитке тарихи толымды шығарма жазу үшін әлі де біршама дайындықтың қажеттігін байқатқандай. Қалай десек те С. Мұқанов қырқыншы жылдары Шоқан тақырыбына біраз дайындық жасап үлгереді. Бұл пікір үшін дәлелге сол жылдары жоғарыдағы пьесадан өзге ғалым С. Мұқанов қаламынан туған көптеген мақалаларды атауға болады. Содан соң майданнан жазылған мына хат та солай деп пікір топшылауға ерік береді.

«Артықша қадірлі Сәбит! Көптен бері мен бір майормен үйір-шүйір болып жүрмін. Ол Европа елдерінің бірсыпырасының тілін біледі. Ақын. Онымен, бірінші рет, пленге түскен немістерден жауап алып отырған жерінде кездескен едім. Ол сізді сұрады. «Адасқандарды» жақтаушылардың бірі едім дейді. Өзінің де кітаптары бар, әдебиет сыншысы... Марк Осипович Чегановский. Менің айтайын дегенім: осы адам қазірдің өзінде Шоқан Уәлиханов жайында кітап жазып жүр екен. Көп жерлерін оқиды. Өте жақсы біледі. Әдемі жазған. Шоқан жайында не білесің деп ол мені мазалап болды. Мен не білейін. Сізден сұрайтыным: Шоқан туралы жазылған, жазылып жүрген мақала, материалдарды мүмкіндігі болғанша осы адамға жіберіп отыруға болмас па екен? Ол сізге көп-көп сәлем айтты. Өзі де хат жазбақшы.

Жекен». 30.VI.43.

(Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архиві, 1634 фондысы.)

Бұл хатта бірнеше мәселе тоқайласқан. Шоқан өміріне сол кездің өзінде орыс жазушылары қызығады. «Адасқандар» орыс тіліне «Сын бая» деген атпен аударылып, жарық көргенде жазушылар қауымы екіге жарылып, шығармаға бір-біріне пікірі алшақ екі типті мақалалар жариялады. Журналист-жазушы Ж. Жұмаханов айтып отырған М. Чегановский Шоқан тақырыбына ықыластылығымен бірге, сол жазушылар арасынан «Адасқандарды» жақтайтын болып шығып отыр. Бәрінен қымбаты — хаттың басқаға емес, С. Мұқановқа арналуында. Мұнда үлкен сыр бар. С. Мұқанов сол жылдары майдандағы жауынгерлердің тылдағы өкілі болғаны да рас. Талай қамқорлық жасаған. Дегенмен, ол қырқыншы жылдары Шоқанды ғылымда зерттеп, көркем пьеса жазғандығы, осы екі бағытта көпшілікке өте-мөте танымалдығы себеп деп ойлаймыз.

Жазушы қырқыншы жылдардың аяғында Шоқан жайлы тарихи шығарма жазуды біржола шешкен. Бірақ

бел шешіп кірісіп кетуге, тақырып табиғатын ғылыми еңбектер мен драматургия жанрында байқаған жазушы әлі де біраз материалдың қажеттігін сезеді. Бұған қосымша жазушы елуінші жылдары «Адасқандарды»—«Мөлдір махаббат», «Жұмбақ жалауды»—«Ботагөз» деген атпен толықтырып, қайта қарап шықты. Толықтырды деген аты болмаса жазушы жаңа роман жазып шыққандай бейнет кешті. Мұның бәрі қол байлау еді.

Елуінші жылдары жазушы тарихи шығармаға біржола бет қойды. Ол өзінің «Кезекті жоспарым» атты қолжазбасында 1952 жылы былай деп жазды: «Менің кезекті тақырыбым Шоқан Уәлиханов (1838—1864). Қазақтың бұл тұңғыш ағартушы демократ ғалымы өмірі мен қоғамдық саяси қайраткерлігін зерттеумен он бес жылдан астам уақыттан бері шұғылданып келемін. Ол туралы архивтік материалдар мен әдебиеттер өте-мөте мол. Ол Достоевский, Майков, Дуров, адмирал Литке, Семенов Тянь-Шаньский, Бекетов, Менделеев, Ципин, Радлов, Потанин т. б. XIX ғасырдағы орыс оқымыстылары және жазушыларымен тығыз байланыста болған. Уәлиханов тұлғасы енді маған айқын. Ұзамай ол жайлы шығармаға кірісемін».

Міне, осылай деп жазғанына қарамастан, ол Шоқан өскен ел арасын осы жылдары қайтадан бір аралап шығады. Шоқан сапары ізімен Қашқарға бару үшін СССР Жазушылар Одағы басқармасына өтініш айтады. Ойлап қарасақ, жазушының осы жылдардағы ізденісі екі бағытты екен. Бірі — іргелі, зиялы қалалардың архивін ақтару, екіншісі — Шоқан өмір сүрген дәуір, ол қатынаста болған орта жайлы аңыз-әңгімелерді жинау.

Мұның қай-қайсысы да тарихи шығарма үшін жазушы табиғатын ескергенде қажет-ақ. Архивтерден жазушы тек қана Шоқан жайлы материал іздемейді, ол әлгінде өзі айтқан қайраткерлер, жазушылар, генерал-губернаторлар, т. б. жайында да деректер іздейді. Ол Шоқан ізімен жүріп, 1956 жылы Қашқарға да барып қайтты.

Расында да жазушы Шоқан оқыған Омбы кадет корпусының тарихы, түрлі тарихи географиялық қоғамдар жазбасы, ғалым, жазушы еңбектерін тауып, жете танысқан. Олардың көбі қазір жазушының музей үйінде түрлі қолтаңбамен сақтаулы. Жолдаған хаттарында өзі де айтып отырады. Уәлихановпен достасқан ұлы қайраткердің бірі Ф. М. Достоевский болса, С. Мұқанов қаламгердің Семейдегі музей үйінің меңгерушісіне былай деп хат жазады: «Достоевскийдің музей үйінің ашылу

хабары мені қатты қуандырады. Шоқан Уәлихановқа қатысты материалдарды тексеріп қарауға байланысты, маған әрдайым Достоевский жайлы материалдармен де істес болуға тура келді. Ол жайлы көп оқыдым. Оның өз шығармаларын толық дерлік оқып шықтым». Бұған қосымша айта кететін бір жай, жазушы Ф. М. Достоевскийдің Москвадағы музейінде де бірнеше рет болыпты. Жолыққан кезімізде музей меңгерушісі Г. В. Коган: «Сәбит Мұханович әсіресе соңғы жылдары жиі келетін. Қосылған, жаңарған экспонат көрсе жібермей қадағалай танысып, ризашылық білдіретін. Көл-көсір көңілін айтып келген сайын қолтаңба қалдыратын»,— деді. Қазір жазушы столында, жартылай оқылған «Неизданный Достоевский» (1971) атты еңбек жатыр...

Бір-бірімен үндесіп, бірін-бірі толықтыратын фактілер творчестволық процестің кей қырын ашуға себепкер. Жазушының ізденімпаздығын байқатады. Бір өкініші, автор жинақтап алған мол материалын әзірге екі кітапқа сығымдап қана жұмсап үлгерді. Тамырын тереңге тартқан ұлы достықты жазушының әлі әр қырынан көрсету ойы бар еді.

Жазушының егіз стихиясының бірі тарих болса, екіншісі — ел аузындағы естелік аңыз-әңгімелерге саяды. Алтын бесік ел ішінде Шоқанның өзін көрмесе де көзін көргендер, ол жайлы талай әңгіме естіген жандар көптеп кездеседі. Тарихи шығармаға материал жинайтын жазушы үшін, әсіресе әңгімешіл прозашы С. Мұқанов үшін аңыз, естелік әңгімелер көптеген міндет атқарады, сан орайда пайдаға асады.

Бұл орайда М. Жылқыбаев (Көкшетау), З. Уәлиханов (Қоқыштың баласы, Шоқанның немересі, Солтүстік Қазақстан облысы), Өтеулин (Қостанай облысы) деген ел ақсақалдарының есімі бізге айқын. Жазушы кейіпкерінің бірі — Хакім Бекішев былай дейді: «Сәбең алпысыншы жылдары ауылға жиі келіп, көнекөз қарияларды бір үйге арнайы жиып алып, Шоқан жайлы сұрағыштайтын. Әсіресе біздің көршіміз Зүбәйірді қасынан қалдырмай әңгімелесетін. Осы кісінің есте сақтау қабілеті-ай, шіркін. Тұнып тұрған сыр сандық деуші еді».

Расында бұл кісінің қолында пікірін түйіндерлік документ те бар. Ол жазушы жолдаған мынадай мазмұнды хат: «Құрметті Хакім! Бұл хатты жазудағы мақсатым, біріншіден, амандық білдіру, екіншіден, кейбір өтініштер айту.

Сенің үйіңнің қасында Қоқыштың Зүбәйірі бар еді

ғой. Содан өткен жаз жолыққанда бір нәрсені жазып алуды ұмытып кетіппін, ол: Уәлінің Сырымбет тауына қай жақтан келуі, бәйбішесінің аты кім екендігі, бәйбішесінің балаларымен қай мекенде қалуы, Айғанымның кімнің қызы екендігі, оған үйленгенде Уәлінің неше жаста, Айғанымның неше жаста екендігі,— міне, осы мәліметтер маған өте тығыз түрде керек. Сондықтан сен осы хатты алған күні Зүбәйірді тап та, білетін әрпімен (мүмкін арабша болар) табан аузында жаздырып, бір күннен қалдырмай авиапочтаға салдыр. Міне, осы өтінішті өте тез орындауыңды сұраймын.

Құрметпен *Сәбит.*
16.III.1962 жыл. Алматы».
(Хат кейіпкерден алынды).

Жазушы жолдаған бұл хат мәліметіне қарап отырып, алпысыншы жылдарға дейін оның тарихи фактінің негізгі түйінін, романға қажетті қарапайым деректі білмеуі қалай деп күдіктенуге де болады. Бірақ С. Мұқанов қойын кітапша жүргізгенімен, есте тұту қабілетіне ерекше сенген адам. Көп деректі санасында ұстап та жүре беретін болған. Ал жоғарыдағы хатта романға қажетті оқиғаны білмеуден гөрі, білетінін қайта нақтылау, тиянақтау байқалады. Әйтпесе білетіні сұрақтарынан-ақ көрініп тұр ғой.

Қостанай облысында тұратын фототілші С. Әбілғазин бір кезде Шоқан ата-анасы мекендеген «Хан жатқан» т. б. тарихи жерлерді аралағанда (қасында бұрын Қостанайда мұғалімдік еткен, башқұрт халық жазушысы Сайфи Құдаш, халық ақыны Омар Шипин, шежіреші Өтеулін болған. Қ. Е.) сапарлас болып, көптеген тарихи суреттер түсіріп алған. (Суреттер жазушы музейінде сақтаулы)

Тағы бірде журналист жазушы Жайық Бектұров былай дейді: «Бұдан біраз жыл бұрын ол (С. Мұқанов) Ленинградқа барады. Белгілі ғалым В. А. Обручевпен жолығады, бұл ғалымның қайтыс боларының аз-ақ алды екен. Шоқан Уәлихановтың орыс достары жайлы, өзі жайлы деректер сұрайды».

Фактілер жазушының архив деректерімен бірге көптеген кейіпкерлерді көрген-білген жандардың естелік әңгімелерін молдап жиғанын байқатады. Үлкен тақырыпқа батылдық керек дегенімізбен, тәжірибелі қаламгердің өзі де дайындық жолдарынан өткенін көреміз.

Көп жылдық мехнаттан соң ақыры «Аққан жұлдызға» желі тартылды. Ол Шоқан жайлы ұзақ жылдар

бойына жиған-терген факті дерегін, ой топшылауы негізінде жазылған, ғылыми-публицистикалық ғұмырнамалық «Жарқын жұлдыздар» (1964) болатын.

Әдебиетіміздің аға буын қаламгері Сәбит Мұқанов, Шоқан Уәлиханов жайлы тарихи көркем шығарма жазу үшін 1965 жылдарға дейін ұзақ уақыттар бойына сарыла материалдар жинады. Жауапты тақырып үшін тыңғылықты дайындық жүргізді. Дайындық үстінде өнімді еңбектенетін қаламгер көптеген жаңа шығармаларын жазып шықты. Мемуарлық «Өмір мектебі» трилогиясын да сыйлы аяқтады. Әдебиетіміздің әр жанрында Шоқан өмірінен жеке шығармалар жазып, жариялады. Дегенмен, жазушының өзі айтқандай уақыт та қусырып келе жатты. Хат, күнделік секілді мемуарлық жазбаларынан жазушының романға кірісер алдында қатты ойланып-толғанып, әрі асығатынын, әрі аяқтай алмын ба деп күдіктенетінін байқаймыз. Ол бауырлас досы, башқұрт жазушысы Сайфи Құдашқа 1965 жылы 30 апрель күні: «...қолға жедел алатын шығармам «Аққан жұлдыз» деген есіммен жазатын Шоқан Уәлиханов туралы трилогия болуға тиісті. Ендігісін саулық және тыныштық біледі» деп хабарлады. Осы жылдың 6 ноябріндегі хатында тағы да «...бір ай демалып, енді «Аққан жұлдыз» (Шоқан Уәлиханов туралы) романына кірісу талабындамын. Үш кітап жасамақпын. Көпке созбауға тырысамын, себебі қазақтың:—

«Арғымақ аттың белгісі
Арыған сайын тың жортар,
Артымда жүгім қалар»,—

деген жыры есімде... 65 пен 70 те бірталай жас» (Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архиві) — деп толғана сыр ашады.

Задында жазушы трилогияны бастамас бұрын бітіре аламын ба жоқ па, көркемдік сапасы қандай дәрежеде шығады деп күдіктенген. Ойланып-толғанған. Қалай дегенде де қолға жиналған көп жылдық материалға қарап тәуекел еткен. Өзіне танымал деректерді тым болмаса эпикалық еркін баяндап жеткізетініне сенген. Ұзақ жылдық ізденіс, жиналған көл-көсір материал жазушының олай етпеуіне мүмкіндік бермейтін де еді. Романды қолға алмауға жазушы шын мәнінде дәрменсіз еді. Солай етті де.

Көп күттіріп, шау тартқан қаламгерді көпей толғанысқа түсірген шығарма да басталып кетті. «Аққан жұлдыздың» бірінші кітабының қолжазбасының басында «9.7.III.1966 ж.» деген белгілер тұр. Романның бірінші кітабының творчестволық лабораториялық сырына ортақтасар жеке жазбалар аз. Өйткені ұзақ мерзімдік материал жинау, ой қорытудан соң жазушы өзі айтқандай, шығармаға шұғыл кірісіп, жылдам жазған.

Басталған істі аяқтамай дамыл алмайтын, шығармасын сом шабытпен жаратуға тырысатын Сәбең дағдыдан жазбаған. Рас, ұлғайған жасқа орай сарылып, стол басында көп отырмаған. Бірақ көлденең кейбір күдікті беттетпей, бір отырғанда еңсеріп жазған. Шау тарта бастаған шабытты да, салқындай бастаған ойды да жыпжинақы ұстаған. Бұлай еңбектенудің нәтижесі жазушы көңілінде жақсы әсер қалдырған. Ол 1966 жылы 15 апрель күні өзбек совет жазушысы Хамит Ғұламға: «Мен биыл Өзбекстанға баруды күзгі айларға, яғни сентябрь мен октябрьдің біріне жоспарлап едім. Тегі сөйтемін ғой деймін. Оған дейін босана алмайтын себебім: шалдың жасы алпыс алтыда бола тұра, ауыр жұмысқа кірісіп қалды, ол — Шоқан Уәлиханов туралы «Аққан жұлдыз» есімді трилогия жазу. Соның бір кітабын биыл бітіріп, 67-жылдың жоспарымен бастырмақпын.

Жалпы көлемі жүз баспа табақтай болар деп шамалаған бұл шығармаға кірісерде, «күшім жетер ме екен» деп қорқа соғып едім, жаза келе ол қауіптен арылдым. Жас кездегідей тым сарылмай, саулықты сақтай отыра жазсам, әлі де шабатын күйім бар сияқты. Көлденең кесір кездеспей осы бетпен бара берсем, 70 жылдық мерекеме дейін, трилогияны түгел аяқтармын деген үміттемін»— (жоғарыда аталған фонды) деп жазды.

Осы хатта творчестволық лабораторияға саятын бірнеше сыр бар. Олар —«күшім жетер ме екен», «саулықты сақтай отыра жазу», «жүз баспа табақ көлем», «1966 жылы бірінші кітапты» «70 жылы трилогияны түгел бітіру» болып табылады. Хаттан тағы бір байқалатыны бұрын күй таңдамай жазатын қаламгер, енді тұрақты, кесімді мерзіммен жұмыс істей бастайды. Творчестволық лабораторияны әңгімелеу қазақ әдебиетіне еркін енбеуіне қарамастан, қызықты, қажетті факторға саналады. Сонда бұл сырды кімнен білуге болады? С. Мұқанов жазу тәртібіндегі бір ерекшелік, көлемді шығармаға қажетті ма-

териалдарын жинап, ойында әбден қорытып алып, саяжайға (дачаға) кетіп қалады. Тапжылмай отырып жазатын қаламгерге жағдай жасаушы — жазушы жары Мәриям. Достарына жазған хаттарында жары Мәриямның еңбегін ерекше бағалай айтып отырады (екінші кітапқа байланысты келтіріледі Қ. Е.). Жоғарыдағы дағдыны Мәриям апамыздан сұрағанымызда, романның жазылу процесінде бастан-аяқ басы-қасында болған ол кісі мына жайларды айтты:

«Сәбит таңертең ерте тұрып, көше бойлай бір-екі сағат бойын сергітіп, серуендейтін. Шамасы осы сәтте ой қорытады ма деймін. Сағат тоғызда тамаққа оралады. Стол үстінде де әңгімеге көп араласпай, өзімен-өзі болады. Жылдам тамақтанып алып, түскі бірлерге дейін тапжылмай жазады. Көңілі түскен кей сәттері бір сағаттай артық отырып қалатын. Ондайда, мен көп отырғызбауға тырысып, тамаққа шақырғыштаймын. Өйткені артық отырысты денсаулығы көтермейді. Ал түс қайтқан соң кітап оқу, музыка тыңдаумен болатын. Қештетіп тағы да көшеге беттейді». Жазушы жары айтқан жайлар түгелімен творчестволық лабораторияға қатысады. Шындығында қандай музыка тыңдағанына дейін анықтау қажет пе еді? Бірақ, біз тым тәптіштей бермей бір мәселеге аялдадық. Ол — бар жан-тәнімен жаңа шығармаға берілген жазушының қолы қалт еткенде қандай еңбектер оқығаны.

— Шығарма оқу. Жазушы шабытқа демеу, ойға сүйеу көрді ме екен, әйтеуір жұртты өзіне тәнірідей табындырған ұлы Гете шығармаларын қолға көбірек алыпты. Молырақ оқып, қолтаңбаларын молырақ қалдырыпты. Солардың кейбірін келтіріп өтейік: «Страдания юного Вертера». Соңғы беті. «Бұрын бір оқығам, «Аққан жұлдыз» үшін тағы бір оқыдым. С. Мұқанов. 10.V.1966 жыл.» «Фауст» екі томдық, «Аққан жұлдыз» үшін соңғы оқуым. Бұрын нешеу екенін тәнірім білсін. Соңғы оқуым. 31.XII.1966. Алматы».

Сондай-ақ, жоғарғы повесте астары сызылған мына жолдар да «Я бережно собрал все, что мне удалось разузнать об истории бедного Вертера, и думаю что Вы будете мне за это признательны. Вы не откажете его уму и сердцу в любви и уважении и пролете слезы над его участью»— оқушысын ойландырады. Мүмкін данышпан Гете шығармалары жазушы көңіліне ұйыған талай күдікті таратар сенім болған шығар-ау.

Осы жазбаларға жалғаса сыр ашатын дерек — қазақ әдебиетінің де, қаламгердің де байырғы досы Галина Сере-

бряковаға жолдаған мына хаты: «...Уәлиханов жайлы роман —«Аққан жұлдызды» жазуды жалғастырудамын. Сізге айтқанымдай, трилогия болмақ. Бірінші кітапты баспаға, осы жылдың аяғында бермекпін. Жұмыс әзірге жақсы жүруде. Сәбит Мұқанов. I.VIII.1966 жыл» (Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архиві, 1634 фондысы бойынша).

Бұл хаттар, жазбалар «Аққан жұлдыздың» алғашқы кітабының жазылуы жайлы қаламгер лабораториясынан біраз мәселенің бетін ашады. Творчество үстіндегі жазушы психологиясын танытады. Көңіл күдігіне қарамастан алғашқы кітап ақындық шабытпен жылдам, жүрдек жазылған еді. Осындай ізденіске толы творчестволық тебіреністі бастан кешкен бірінші кітап жылдан артық мезгілде бітті. Алғаш жоспарлағандай Октябрьдің елу жылдығына трилогия бітпегенмен, бітім-болмысы көңілдегідей бірінші кітабы туды. Оның салыстырмалы түрде жылдам және сәтті аяқталуында бірнеше себеп бар. Олар әсіресе материалдың мол жиналуы, роман оқиғасының негізі қазақ даласында өтетіндігі. Қазақ даласының ойқыры, рулық-таптық тартыстарының сыры кәнігі романшыға мейлінше танымал-ды. Танымал объектіде бала Шоқанды тұлғалау аса қиынға түсе қоймаса керек.

Сонымен, жазушы көңілінде жақсы әсер қалдырған шығарма аяқталды. Қолжазбаның соңғы бетінде «8.V.1967» деген белгі тұр.

Екінші тыныс

Әуел бастан ашық айтатын нәрсе — романның екінші кітабы алғашқысымен салыстырғанда баяу жазылған. Және жазушыға недәуір қиындықтар келтірген. Мұның белгілі себептері де бар. Ол Шоқанның Омбылық ортасы, ғалымдық шын тұлғасын танытатын сәттерге жазушының енді келуінен. Әрбір елдің бетке ұстар қайраткерлерімен ынтымақ табысқан достарының жайы. Шоқан бұл кітапта ұлы тарихи тұлғалармен қарым-қатынаста бейнеленуі керек-ті. Және жазушының бетке алғаны тарихи хроника емес, сол себепті автордың Шоқан өмір сүрген қоғам қайшылықтары жайына куә болуымыз керек. Өткен ғасыр шындығын шынайы көркемдік талапта суреттеп беру оңай емесі әмбеге аян. Талаптың сондай күрделілігі шығар, романның екінші кітабының жазылу процесі көптеген қиындықтар келтірген, жазушыны қиналысқа салған. Ол қолда

бар материалдарды нақтылай отырып, тағы да дерек іздеуін тоқтатпайды, арнайы сапарға да шығады.

Сапар жайын айтпас бұрын, уақыттық жағынан алда мына бір екі хатқа тоқтала кету қажет. С. Мұқановтың творчествосынан кандидаттық диссертация жазбақшы ниеттегі аспирант Камаров Ассилидин (Тәжік ССР-і) көмек сұрайды. Қайтарған жауабында жазушы белгілі газет-журналдар тізімін атай келіп: «...қазір осыдан артық көмек көрсете алмаймын. Шоқан өмірі мен қызметі жайлы «Аққан жұлдыз» атты трилогияның екінші кітабын жазу үстіндемін»,— деп жауап береді. Бұл шығарма үстіндегі қызу қанды қаламгердің шабыт суытпау мақсатын байқатса керек. Және бір автор «Эпическое освоение действительности в «Школе жизни» С. Муканова» деген тақырыпта ізденуші К. И. Бурмистрова (Курск қаласынан) да жазушыдан жәрдем күтеді. Қайтарған жауабында жазушы «Аққан жұлдызға» қатысты кей мәселелердің бетін аша кетеді. 1968 жылы 24 майда жолдаған хатта: «Сіз қазір менің не істеп жатқанымды сұрайсыз. Жауап берейін. Соңғы жылдары мен Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі жайлы «Аққан жұлдыз» деген роман-трилогия жаза бастадым. Бірінші кітап, қазақ тілінде 1967 жылы жарық көрген, қазір Алексей Брагин орыс тіліне аударуда. Екінші кітап үшін еңбектенем. Трилогияны өзімнің жетпіс жасыма орай 1970 жылы аяқтауды ойлаймын. Орындала ма, жоқ па — оны уақыт көрсетеді», (Орталық архивтің аталған фондысы) дейді Сәбең. Хаттан бірінші кітаптың орыс тіліне аударыла бастағанын, жазушының келесі кітапқа күш салуда екенін көреміз.

Әңгіменің бетін жазушыны сапарға бастаған себепке бұрайық. Шоқанды ғалым-жазушылармен қарым-қатынаста бейнелеу үшін автордың аз тер төкпегені аян. Соның бірі романда ұнамды, көркемдік сипатта толымды суреттеліп үлгерген Д. Банзаров — Ш. Уәлиханов достығы алыс сапарға — Бурятияға да бастап барған. Талай еңбекті зер сала оқуға итермелеген. Ең алдымен ескертер жайт — бұл екі ғалымның аралық қатынасын байқататын тарихи дерек әзірге байқалмайды. Ол жазушы қолына да түспеген. Бірақ жазушы буынсыз жерге шышақ ұрып отырған жоқ. Мұнда жазушыны қызықтырарлық саликалы себептер жатыр. Біздің жобалауымызша тарихи фактінің болмауына қарамастан сол кездегі ғалымдардың көбісімен-ақ еркін байланыста болған, бірыңғайлас орта — бұратана атанған халықтан шығып, бірегей бағытта еңбектенуші екі ғалым бірін-бірі білмеуі кісі сенерліктей

емес. Ендеше, жазушы гипотезасы, қайталап айтқанда, тарихи деректің болмауына қарамастан, логикалық жағынан ұтымды. Көркем шығарма үшін қонымды.

Екіншіден, фактінің болу-болмауын былай қойғанда достықты көрсетуді мұрат тұтқан автор ой, көзқарасы сәйкесетін екі тұлғаның достығын өзара тар шеңберде ғана көрсетуге мүмкін еді. Тіпті Шоқанды Шығыс Сібірге саяхат жасатпай-ақ (автордың өзі де саяхаттамай-ақ) екі ғалымды Омбы не Петербургте кездестіріп, таныстырып, табыстыруға болғандай. Бірақ жазушы мұндай жеңіл жолды қаламаған, екі ғалымның ортақ пікірге келіп, ұқсас тағдыр кешуіне ықпалды әлеуметтік факторды іздеген. Екі тұлға арқылы бүкіл шығыстық бұратана халықтардың шын сырын, орайлас тағдырын, өкінішті өмірін тереңнен толғап ашуды көздеген. Мүмкіндігінше тарихи романның атмосферасын кеңейтуге, әлеуметтік астарын қалыңдатуға тырысқан.

Және бір ой оянды. Романның екінші кітабында Шоқанның Сібірде Есқараны кездестіруі тегін емес деп ойлаймыз. Жазушының Сібірге айдалған Қожықтың тоғыз ұлының тағдырын қазбалауы ше? Өткен ғасырда түрлі жала-айыптаулармен Сібір айдалған дала боздақтарының тағдыры да ақжүректі жазушыны он ойлантып, тоғыз толғантқан. Бұдан шығатын қорытынды,— Сәбең қаламгерлер арасынан тұңғыш ертелі-кеш Сібірге жер аударылған қазақтардың тірлігін бейнелеуге тырысқан.

Осындай автордың өзіндік концепциясынан келіп, оның Шығыс Сібір жөніндегі сарыла ізденуі шыққан. Іздеу сапарға да апарған, көп салалы әдебиеттерді зерттей оқуға да итермелеген. Қысқасы, Сәбит Мұқанов бурят халқының бүкіл өмірі мен этнографиялық салт-сана, дәстүрін зерттей келіп, екі ұлт тағдырын салыстыра суреттейді. Жазушы бұл бағытта ғылыми, тарихи, экономикалық, фольклорлық әдебиеттерді көптеп оқығаны аңғарылады.

Әңгіме романның жазылу тарихы жайлы ғой. Ендеше, жазушы ізденісін, өзіндік көркемдік концепциясын анықтарлық деректерге ерік берелік. Хаттар сөйлейді. «Тағы не жазсам екен, менің қымбатты досым! Туысқан халықтың адамдары арасындағы достықты «жалпы» емес, нақты, жеке қатынастарға құру керек. Мен Бурятияға барғанша олардың тамаша ұлдарын сирек қана білуші едім, енді міне, олар менде ондап саналады. Сіздердің республика Жоғарғы Советі Президиумының председателі, жолдас Хахаловпен тұрақты байланыстамын. Ол

тамаша адам! Және Сізбен. Сіз маған бурят Пришвині секілді сезілесіз. Өздеріңіздің бурят табиғатының адал ұлысыз Сіз. Олар Сізге көп қарыздар. Және Сіз де оларға»— деп жазады бурят жазушысы Жигжитовқа. Немесе, жоғарыда аты аталған. А. У. Хахаловқа: «Еліміздегі халықтар арасындағы достық жасанды жағдайға емес, туысқандық шын ынтымақтастыққа негізделуі керек. Әділетін айтсам, Сіз менің өз туғаныма айналдыңыз!» деп жазады (Жоғарыда аталған фонды).

Қарапайым хат жолдарында көлгірсуден аулақ, шынайы достық, шын пейіл жатыр. Жазушының көркем шығарма үстіндегі халықтар достығы жайлы өзіндік көзқарас — концепциясын да біз осы хатта айтылған пікірден табамыз. Расында да қаламгер шығармадағы Шоқан мен Доржи достығына дәл осындай көзқараспен келген. Жазылмақ роман табиғаты, авторлық мақсатты жазушы әрдайым осы Хахаловқа сыйлас көңілден хабарлап, қуантып отырыпты. Дос-жар еңбегіне буяттық бауыр да аз қуанбағандай. Көңілдес екі жан арасындағы толассыз хат-хабарлар осылай дейді. «Өткенде айтқанымдай,— деп жазады жазушы Хахаловқа,— Шоқан Уәлиханов жайлы роман-трилогия жазудамын. Уәлихановтың, бурят халқының ұлы азаматы Доржи Банзаровпен жеке достығын суреттейтін сәттерінде, бурят табиғаты, халқы, тағдырын көрсетуге тырысамын. Айрықша Банзаровты!»

Айтса айтқандай, жазушы романда бурят халқының ұлы азаматы Доржи Банзаровқа айрықша көңіл бөліп, аса жауаптылықпен суреттеген. Банзаров — Уәлиханов достығына арналған беттерде ерекше шабыт тасқыны, көңіл сүйсінтер жылылық бар. Еске алсақ достық жалаң суреттелмейді, ел өмірі, этнографиялық салт-дәстүрі Бурятияның тамаша сұлу табиғатына байланыстырыла, тармақта суреттеледі. Осы ретте романның шабытты беттерінің қалай туғанын байқататын, жазушының іздену бағытын танытатын бір-екі хатын келтірейік: «С. А. Гуреловтың Сіз жіберген «Байкал сыры» атты кітабын оқи бастадым. Мол ләззат берді. Буряттар жайлы жазамын. Әзірге бір материал жетпейді... Ондай материалды Қяхта музейінің директоры (сол жуанның фамилиясы қолымда болмай қалды) уәде еткен. Бірақ әлі жіберген жоқ. Мен оған тағы жазам» деп хабарлады Хахаловқа жазушы. Тағы бірде А. У. Хахалов Сәбеңді Бурятияда өтетін кезекті СССР — Монғолия достық кездесуіне қатысуға шақырады. Ал жазушы болса: «...8 май күні таудағы демалыс үйінде меңі жеңіл инфаркт ұстаған еді. Дәрігер-

лер қорқақ халық қой. Олардың айтуынша, маған жақын екі-үш айда алыс жолға шығуға, онда да поезд, самолетпен жүруге болмайды... Кездесуге қатысу, монғолдар және буряттар жайлы, жерлеріңіз бен байлықтарыңыз жайлы білімімді молайтар еді. Олар қазір еңбектеніп жатқан романым «Аққан жұлдыз» үшін де қажет-ті. Қалай болғанда да, сауығысымен бауырлас Бурятияға тағы бір рет барып қайтуды армандаймын. 21 май, 1968»— деп, қиналып жауап қатады. Аз да болса бұл фактілер автордың жоғарыда айтқандай, бурят табиғаты, халқы, тағдырын бейнелеуде бірсыпыра еңбектенгенін байқатса керек. Табиғатта ғажап сұлулық бар. Барлық шығармаларында жалғаса көрініс беріп келе жатқан Сәбеңнің ақындық, лириктік суреткерлігі тарихи романда кездесе бермейтін еді. Сол ақындық қуатты табиғат аясында суреттелетін достық тұсында қайта тауып табысамыз. Пейзажист-суреткердің маңызды шабыт, сырлы, нәрлі тіліне қызығамыз. Сапырылған байлық суреттеліп, астарында теңсіздіктің зарлы күйі ойнайды. Екі дара тұлға достығы арқылы тағдырлас екі «кіші» халықтың өткен ғасырлық зар-күйі осылай суреттеледі шығармада. Шоқанды ойландырып, Банзаров өлімімен аяқталатын тарау шығарманың жазылу үстінде-ақ Бурят елінде аударылып «Байкал» журналына жарияланып, оқырмандардан ықылас-ілтипат табуы осыдан.

Ойланыссыз, тебіреніс-толғаныссыз жаныңды жадыратар жақсы шығарма тумақ емес. Дегенмен, Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыздың» екінші кітабы үшін айрықша қиналған. Алғашқы кітапты жеңіл жазып шыққан жазушы, екінші кітап үстінде күдік пен сенім аралас тоқсан толғанғаны байқалады. Жазушы бір хатында: «жалпы осы еңбекке кешеуілдей кіріскенімді сеземін. Менің көптеген замандастарым (Федин, Соболев, Шухов, Айбек. Мүсрепов т. б.) жазуларын тоқтатқалы қашан. Олар қазір жазылған қорын құнттаумен ғана келеді. Және әлемдік әдебиетте өзінің жетпіс жасында өміршең шығарма берушілер аз» (К. И. Бурмистроваға жазған хаты 24.V.1967 жыл.) — деп күдікке беріліңкіреген сезім танытады. Ойлана, толғана отырып жазса да, жазушының бұл пікірін «Аққан жұлдыз» романының бар табиғатына тұтастай көшіре салғымыз келмейді. Көңілдің бір күйсіз сәтінде жазылған жолдарды тікелей екінші кітаптың творчестволық лабораториясымен байланыстыра қарасақ, жазушының қаншалық қиналыс-қынжылыспен еңбектенгенін байқаймыз. Көп жыл жиналған материалды

мүмкіндігінше тарихи прозада тарата, хатқа түсіріп кетуге талпынғанын көреміз.

Дәл осы психология, тап осы көңіл күйді баласы Марат Мұкановқа 1969 жылы апрель айында жазылған мына хатынан да байқар едік. Онда, «Тым қатты шаршадым. Болмашы ғана жазатын жолдар қалуына қарамастан Шоқан жайлы екінші кітапты ешқалай аяқтай алмай қойдым»,— дейді жазушы. Осы шаршау белгілерінің кейбірін «Аққан жұлдыздың» екінші кітабынан көрсек кездейсоқ емес.

Осындай психологияны танытатын тағы бір дерек қолымызда бар. Жазушының соңғы ғылыми еңбегі «Халық мұрасы» этнографиялық очеркінде Мәлгәждар Әуелбековтың есімі айтылады. Өмірін заң жолымен өткеріп келе жатқан бұл кісіні 1922 жылы Сәбең милиция мектебіне оқуға тапсырған екен. Жас жағынан құрдас, бірге өскен Әуелбеков жазушымен көңілдес екен. Романның жазылу кезеңінде соған Сәбең: «Кешегі отызда, қырықта, кәтте елудің ішінде, мен ұзақ отырып көп жазатын кісі едім ғой. Ол қайрат қазір жоқ. Бұрын бап тілемейтін Сәбит енді бап тілейді: ұйқысы қанбай, күтімі жетпей жаза алмайды. «Тәңірі» маған бабымды табатын адал жар беріп, күтім жағым жақсы. Сонда да қазір күніне 2-3 сағаттан аса отырсам, қарақұсым аши бастайды. Нервім де мықты емес. Қайдан мықты болады, шала сауатты 19 жасымнан Ленин жолына түсіп, тап күресінің қайнаған қалың ішінде жүрдім. Содан қажып қалыппын» (Бұл хат Солтүстік Қазақстан облысында тұратын М. Әуелбековтың қолынан алынды. Қ. Е. 10.I.1973 ж.)— деп жазды. Бұл — жазушының ең соңғы хаттарының бірі.

Осындай дағдыда еңбектенген жазушы көп қиналыстан соң романның екінші кітабын 1969 жылы 20 август күні аяқтайды. Жазушы осы сәттегі қуанышты көңіл-күйін жасыра алмай, «Ура, Маратик! Мені соңғы жылдары қинап болған (әсіресе соңы) «Метеордың» екінші кітабын бүгін біттім. Және өз ойымша табысты» деп жазыпты.

Сонымен, көпжылдық еңбектенудің нәтижесінде, трилогия болып жоспарланған «Аққан жұлдыздың» алғашқы екі кітабы дүниеге осылай келген еді

Үшінші тыныс

...Оқушы көңілінде бір сауал қалып барады. Ол —«Аққан жұлдыздың» қалай аяқталуы жайлы. Жазушының алда жазылмақ келесі екі кітабы турасындағы ой жоспарларының жайы. «Аққан жұлдыз» қалай аяқталмақ еді? Оқушы жұртшылықтың ынтызар көңілін ойлағанда қызық сауал, жазушының енді қолға қалам алмайтындығын еске алғанда қиын сауал. Бұл сауалға кезінде жазушының баласы Марат Мұқанов, роман аудармашысы Алексей Брагин әр қырынан келіп, өз болжамдарын айтысты. Оларды қайталап алмас үшін біз тапқан тарихи дерегімізге сүйене отырып, мәселенің кейбір жайларын ғана әңгімелейік. Біздің алдымызда екінші кітаптың жазылу үстінде 1968 жылы 16 октябрь күні Семей қаласының тұрғыны Р. Қорабаевқа жолданған хат жатыр. Онда жазушы романның үшінші кітабы жайлы сыр ашыпты. «Хаттың сыртындағы штампқа қарағанда, сізді архивте қызмет атқара ма деп ойлап қалдым. Егер олай болса, архивтің қарамағында Шоқан туралы Ф. М. Достоевский туралы және Врангель туралы сақталған материалдар жоқ па екен? Соны хабарласаңыз, тағы да көпкөп рахмет айтар едім.

Үшінші кітап жетпісінші жылдардың басында бітпек. Әрине, олардың өресі бірінші кітаптан кең болмаса, тар болмауға тиіс» (Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архиві, 1634 фондысы),— дейді Сәбит Мұқанов.

Әзірге қолға түсіп отырған соңғы хат-мәліметтің бірі осы. Шабыт суымай жазылған хатта романды тамамдау жайлы игі ойлар бар. Романға қатысты тарихи дерек-фактілерді әлі де сұрағыштап отыр. Жазушы екі кітаптан соң келесі томдарға қажетті материалдарды тағы бір қарап сұрыптағанда, шығарманың тетралогиялық планға көшкенін айтады. Уақыт өте келе, жетпісінші жылдары жазушы шығарманың аяқталуына күдіктенген рай танытады. Баласы Маратқа жазған хатында 1971 жылы былай дейді: «Байқаймын, творчестволық күшім кеміп барады. «Аққан жұлдызды» (III және IV кітаптар) аяқтай алсам жақсы болар еді...» Айтқанындай, қаламгер романның екі кітабын аяқтап үлгере алмады.

Аяқталмаған «Аққан жұлдыз» жайын ойлағанда біздің есімізге — совет әдебиетінің үлкен жазушысы, С. Мұқановтың үлкен досы — Алексей Толстой тағдыры орала береді. Қос трилогиясын қатар алып келе жатқан қаламгер «...встала передо мной проблема: какую из

этих двух не оконченных трилогий закончить —«Петра» или «Хождения по мукам» (А. Н. Толстой, VI т., стр. 633, 1953 г.) деп жазған екен. Осы жолдарда «Азапты сапарда» трилогиясының сәтті бітіміне қуанған автордың, «Бірінші Петр» романының аяқталмасына өкініші қосақтаулы жаткандай көрінеді... Көп уақыттар бойына «Өмір мектебі» мен «Аққан жұлдыз» романдары үшін қатар еңбектенген Сәбит Мұқанов қаламдасы Алексей Толстойдың тағдырын қайталамауға тырысқан. Бірақ жағдай, тағдыр қоспады. Өмірде достық қарым-қатынасы, өнерде үлгі-өнегесі ұқсас қос қаламгердің әдеби жолы аса бір ұқсастықпен аяқталды...

Бірақ жазушы таныған ақиқатынан қорқып, қолына қалам алмай қойған деген пікір тумау керек. Өз өмірі жайлы ақиқатты сезе тұра ол жазуын жалғастыра берген.

Алғашқы екі кітаптан соң Шоқанның ғалымдық кемел шағын бейнелеу үшін жазушы тарих пен этнографияға бой ұрып, «Қазақ қауымы» атты еңбегін жазды. Осы кезеңде романнан тарихи этнографиялық очеркке, очерктен қайта романға ауысып, барынша асығулы. Тіпті ағартушы өмірі трилогияға сыймайды екен, тетралогия жазам деген райдан қайтып, үш кітаппен аяқтамақшы да болды. Мұның бәрі өмірінің соңын түсініп те, түйсініп, қолға алған шығармасын бітіруді соңғы арманы еткен жазушының қапылысты қарбалас қимылы.

Жуырда жазушы архивінен тағы бір дерек табылды. Қалың қызыл папка. Сыртында жазушының өз қолымен түсірілген «Аққан жұлдыз» III кітап» деген белгі бар. Алып қарағанымызда С. Мұқановтың III кітаптың да біраз беттерін жаза бастағанына куә болдық. Табылған материал: бірі — он төрт он бес парақтық араб әріпті қолжазба да, бірі — тасқа басылған жиырма бет. Зады, қолжазба үшінші кітаптың алғашқы, басылғаны соңғы нұсқасы болу керек, екеуінің арасында ұқсастық та, алшақтық та бар.

Қолжазбаның басталуында Сәбеңнің өз қолымен түсірілген мынадай таңбалар бар. «Аққан жұлдыз» III кітап 24.I.1973 жылы басталды». Бұл фактіден мынадай қорытынды шығаруға болады. Жазушы ойланып-толғанумен, «Қазақ қауымы» атты еңбегін жазумен біраз уақытты өткізген. (Осы орайда айта кететін тағы бір жай — жазушы осы мерзімде өзінің 16 томдық таңдамалы шығармаларын да баспаға дайындап берген. Ол 15 томдық ішінде, қайта жазғандай күрделі жөндеулерден өткендері де бар.) Ақыры осындай тәжірибе қорытудан соң, үшінші кітапқа

жиналып, сұрыпталған материал санамда пісті-ау деген сәттен бастап романның үш тарауын қамтыған. Тарау аттары:

1. «Жыраққа жиналу». («Белгісіз бұйрық» деген тақырыпша қосақтаулы жүр).
2. «Алыстағы арман».
3. «Тағдырдың тұсауы».

Ал тасқа басылған нұсқасы екі тараудан тұрады. Мұның негізі жоғары қолжазба бола тұра,біраз өзгерістер енгізілген. Басы артық сөйлемдер мен характер ашуға септігі жоқ жолдарды, кейбір қайталауларды қысқартқан. Тараулардың аты өзгерген. Аздаған осындай өзгерістердің кездесуіне қарамастан, соңғы нұсқа тарауларына тоқтаумен шектелейік.

Алғашқы тарау —«Сергелдең сапары» аталыпты. Онда жаралы Шоқанның Бурабайдан Омбыға келуі. Дәрігерлердің күтімінде болуы баяндалады. Омбы әскери орталығының Шоқанға қатысы байқалады. Шығарманың өн бойына желі тартып келе жатқан Шоқан — Айжан махаббаттық драмасынан да біраз сыр ағытылады. Әкесі Шыңғыс, шешесі Зейнеп, нағашысы Мұса, қала берді, Омбының шенқұмар ортасы екі жасты қоспау қамында. Тарау Шоқанның айығуымен, Катеринаны кездестірген Айжанның өкпелі қабағы, Зейнептің Айжанды Шоқан рұхсатынсыз ешкімге бермеуге келіскен уәдесімен, Шоқанға ілесе келген қауымның Бурабайға қайтуымен аяқталды.

Ал «Жыраққа жиналу» аталатын екінші тарауда Шоқанды Гутовскийдің Орта Азияға саяхатқа жұмсауы сипатталады. Деңгейлес ортаның Шоқанға қызыға, күдіктене, күндей қараған көзқарастарын, Уәлихановтың Орта Азияға саяхат алдында архивтер ақтарып жырақ жолға жинала бастауын байқаймыз. Жазушы қаламының әлі табы кетпеген екі тарау қай жағынан болмасын алғашқы екі кітаптың жанды, заңды жалғасы. Сол алғашқы екі кітапқа тән жетістікті де, сол кітаптарға тән кемшілікті де осы жиырма бет қолжазбадан кездестіреміз. Жазушының соңғы көркем ойы —«Аққан жұлдыз» осындай тағдыр кешті.

Әдебиетте тарихи тақырыпты меңгеру жайында жазушы әдіс-тәсілі, қаламгерлік машығы, ұстанар принципі әр түрлі. Жазушы А. Толстой «Бірінші Петр» жайлы замандастары жазып қалдырған естелікке тарихи тұлғаның өзі дүниеден өткеннен кейін туған нәрсе деп сенбейтін рай танытады. Ал бәз бір қаламгерлер тарихи

ғақырып дегенде, дәуір, өткен тарих, тарихи жекелікті еркін типтендіреді. Тек айтылар идея, адамдар дәуір деңгейіне сыймды болса жеткілікті. Көркем шығарма — тарихи шежіре емес деп қарайды олар.

Тарихи тақырыпқа сан мәрте барып жүріп, бір әрпі аунап түспейтін, бір шындығы өзгермейтін таза тарихи шығарма жазған қаламгер Сәбит Мұқанов емес. Ол «Өмір мектебі» мемуарлық шығармасының үшінші кітабында ғана нақты тарихи фактілердің ізімен жүреді. Онда да көркемдеу, типтендіруден тысқары жатқан жоқ. Осындай тәсілде қалыптасқан қаламгер бүгіннен бір ғасыр әріде жатқан тарихқа, әрине, еркін барады. Жазушы үшін сол дәуірдегі қазақ халқының ортақ тағдыры, оның Шоқандай демократ ғалымының ұлылығы, Россиядағы жағдай тарихта қалыптасқан көзқараспен сәйкес шықса, суреткерлік жеке концепциялар түйсе жеткілікті. Расында Шоқан өмірін таза тарихи өлшеммен тұлғалау үшін Франция басылымдарын ақтару қажет болар еді. С. Мұқанов Шоқанның Францияға барғаны жайында қолына аса көп материал түсіре алмаған, тек заң қызметкері, Шоқанның замандасы Врангельдің жазбасымен ғана таныс болса керек-ті. Алайда Шоқан өмірінен деректі шығармалар жазып жүрген П. Қосенкоға айтқан сырына қарағанда қосымша хаттар тапқанға ұқсайды. Бірақ біз әзір жазушы архивінен ондай материал кездестірген жоқпыз.

Шоқан — аса күрделі, алуан қырлы тарихи тұлға. Оның барша қырын суреттеуге батылы бармаған жазушы, ертегішілер мен әңгімеші авторды қосалқы кейіпкер етіп пайдаланады. Бұл Сәбит Мұқанов үшін тым өрескелдік емес, фольклорлық мотивте қалыптасқан қаламгердің еркін эпикалық стиліне жатады.

Романның жазылған бөлігі, әлі Шоқан өмірінің негізгі кезеңдеріне кіріспе. Жазушы әлі «Шоқан басталар шақта» (Т. Ахтанов) жүр. Міндеттің қиыны да, қызығы да алда еді. Ол — Шоқанның Қашқар сапары, Шоқанның Франция сапары. Қазақ халқына әділет әкелу үшін болыс болу ниеті. Ғалымдық тұлғасының қалыптасуы. Басқаға қиындық келтірерлік Қашқар сапары арнайы ғалым ізімен жүріп өткен Сәбең үшін жеңіл түсері даусыз. Әсіресе «Қашқар қызы» мен «Шоқан жазбасы» бұл мәселеде жазушыға көмекке келерлік дайын жүйе болатын.

Сонымен «Аққан жұлдыз» аяқталмай қалды. Бізге (соңғы ұрпаққа) бәрінен қымбаты — жазушының «Аққан жұлдызды» аяқтай алмасын сезе тұра, бейнеткорлықпен

материал жинап, еңбеккорлықпен, табандылықпен бітіріп кетуге тырысқан үлкен оптимизмі. Бұл көркем творчество мұратына берік сенген қаламгерде ғана болатын құбылыс, үлкен қасиет қой... Аяқталмаған шығарма, көріп отырғанымыздай, бір «Аққан жұлдыз» ғана емес, гәп аяқталмағандықта да тұрмағандай. Бұл жерде әңгіме жартыкеш шығарманың тууы, оқушысына жету жолында дербес ғибраты болатындығында. Соңғы нүктесі қойылмай, баспаға автордың өз қолымен апарылмаған талай шығарма оқушысына өз аяғымен жетіп жүр. Басқаша айтқанда, авторынан жанрлық мүсіні айқындалып, көркемдік келбеті көрініп барып қалған шығарма әдебиет қосына еркін араласып кете барады. Бұған А. Пушкин прозасы, А. Толстой трилогиясынан бастап бірталай мысалдар жүгіндіруге болады. Аяқталмауына қарамастан «Аққан жұлдыз» таңдамалы шығармалар санатында жазушының «Он алты томдық шығармалар жинағында» қайта басылды. Орыс тіліне аударылып бірнеше дүркін жарық көрді. Шығарманың өрісі кеңейді. Қазір романды әрқилы әдеби проблемаға қатысты сөз етуге әбден болады. Міне, қазақ әдебиетінің үлкен қайраткері Сәбит Мұқановтың соңғы романы —«Аққан жұлдыз» жайлы қолда бар деректер, кейбір ойлар осындай.

1980—88 ж.

Серік МАҚПЫРОВ

«ЖҰМБАҚ ЖАЛАУ» РОМАНЫНЫҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ТАРИХЫНАН

Туған әдебиетіміздегі үлкен прозаның әлем танығын бүгінгі биіктігіне көтерілуіне оның социалистік реализм методын меңгеруі, шеберлік шебін алуы тұрғысынан қарасақ, академик М. Қаратаев айтқандай, қазақ романының осы жолда үлкен үш саты, үш кезеңнен өткендігін көреміз. Бұл шеберліктің үш сатысы қазақ совет әдебиетіне соны жаңалық, тың бетбұрыс, зор көркемдік табыс әкелген үш көрнекті туындыларға —«Тар жол, тайғақ кешу», «Жұмбақ жалау», «Абай жолына»— байланысты еді.

Халқы сүйген қалаулы қаламгер Сәбит Мұқановтың 1938 жылы жарық көрген «Жұмбақ жалауы»— қазақ романының, жалпы қазақ совет әдебиетінің жетілу, кемелдену жолындағы екінші шеберлік сатысы.

Роман барша жетістік-жаңалығымен қазақ әдебиетінің 30-жылдарда қандай көркемдік биіктікке көтерілгендігін танытқан, оның жиырма жыл ішіндегі табысын қорытындылаған кезеңдік шығарма болды.

Жалпы әр жазушының да творчествосында ол мейлі көп я аз жазсын, оның ең басты туындысы аталар бір шығармасының болары кәміл. «Тыныҡ Дон» М. Шолохов үшін, «Абай жолы» М. Әуезов үшін, міне, осындай мәнге ие ғой. Екі жазушының да суреткерлік құдіретін танытып, талантына табынтқан туындылары бұлар. Шолохов та, Әуезов те осы шығармаларын жазуға суреткерлік ғұмырларының көп жылдарын арнаған. Мәселен, М. Әуезовтің өзі: «Абай» және «Абай жолы» романдарын жасау менің бүкіл творчестволық өмірімдегі сүйікті ісім десем болады» деген ғой. С. Мұқанов үшін «Ботагөз» романы дәл осындай мағына-мәнге ие десек, артық айтқандық емес. Өйткені Мұқанов осы туындысын жазуға (материал жинауы, тәжірибе қорытуы, жазуы, шығарманы әлденеше өңдеп, редакциялауы бар) барлығы жиырма жылға жуық өмірін арнаған екен. Осы бір фактінің өзі «Ботагөздің» Сәбең творчествосынан қаншалықты орын алатынын айқын білдірмей ме?!

Біздің ендігі әңгіземіздің арқауы — Сәбеңнің «Жұмбақ жалауды» жазуға қандай дайындықпен келгендігі, романның творчестволық тарихы хақында болмақ.

1922 жылдың күзі. Азамат соғысының дауылы басылған шақ. Білім алу мақсатымен жас ақын, ҰОН-ның бұрынғы жауынгері Сәбит Мұқанов Орынбор рабфагіне оқуға түскен болатын. Оқи жүріп ол әдеби процеске де барынша белсенді ат салысуға тырысады, қаламын ұштай түседі. Білім қуған күндер өтіп жатады. Бірде рабфак басшылығының атына: «Сіздерде Сайым деген болыстың баласы жасырынып оқып жүр» деген арыз түседі. Іздестіре келгенде, ол болашақ жазушымен курстас Сұлтанғазы Қыдыров деген болып шығады. Оның Сайымның баласы екендігі, әкесінің мейірімсіз қаталдығымен аты шыққан әйгілі болыс болғандығы, ақыры 1916 жылы көтерілген халық қолынан сазайын алғандығы мәлім болады. Арғы тарихы, әкесінің жайы осылайша анықталған соң, жау баласы оқудан шығарылады. Сұлтанғазы Қыдыровты оқудан шығару, ісін қарау, айыптау мәселе-

леріне өзгелермен қатар Сәбит те белсене араласады. Рабфак өмірінде бұл оқиға біраз әңгіме тудырады. Мәселенің басы-қасында болып, оған қызу араласқан жас ақын оның біраз жайларына қанады. Осы оқиға зерделі, талапты жасқа бір қызық ой тастайды. Сайым болыстың мейірімсіздігі, оның халық қаһарына ұшырауы оған екі таптың — кедей мен байдың арасындағы бітіспес тап күресінің айқын көрінісіндей сезіледі. Сөйтіп, ол осы оқиғаға қызыға, үлкен әлеуметтік мән бере отырып, Сайым өміріне байланысты өзі естіген оқиға, мәліметтері негізінде халықтың революциядан бұрынғы өмірі жайлы туынды жазсам деген ойға келеді. «Жұмбақ жалауды» жазу туралы алғашқы ой, идея жазушыда, міне, осылай туған. Бұл жөнінде қаламгер өзінің «Роман туралы» (Өсу жолдарымыз. 1960.,223—228 беттер) деген мақаласында баяндайды.

«Жұмбақ жалауды» жазу туралы алғашқы идея туған уақыт пен шығарманың нақтылы қолға алынуы арасында он екі-он үш жыл (1922—1935) жатыр. Бұл аз мерзім емес. Романды азды-көпті сөз еткен әдебиетші ғалымдардың барлығы да осы мерзімді автордың іздену, үйрену жылдары, тәжірибе жинақтау кезеңі болды деп дұрыс тұжырымдайды. «Жұмбақ жалаудың» жазылуына, сәтті шығуына игі әсер еткен бірнеше факторлар бар. Олар: 1) жазушының осы аралықта түйген өз тәжірибесі, революция тақырыбын меңгеру тұрғысында әр жанрда, әсіресе проза жанрындағы жемісті ізденістері; 2) бай дәстүрлі аға әдебиет — орыс совет әдебиетінің алдыңғы қатарлы өкілдерінің творчестволық ықпалы; 3) өскен орта — қазақ әдебиетінің 20-жылдар мен 30-жылдардың алғашқы жартысындағы жетістіктері.

Қазақ әдебиетінің аталған кезеңдегі жетістіктері дегенде біз «Тар жол, тайғақ кешу», «Жолдастар», «Қызылжар», «Азамат Азаматыч» секілді тақырыптас-төркіндес туындылардың тәжірибесін айтамыз. Сондай-ақ, бұл кезде Мұқанов ұзақ уақыт материал жинаған, тәжірибе жинақтаған тақырыптың бірі —16 жыл оқиғасы әдебиеттің басқа жанрларында да (мәселен, повесть, драма) кеңінен көріне бастаған (Б. Майлин, М. Әуезов, т. б.) болатын. С. Мұқанов туындысын жазу барысында қаламдастарының кемшілік-жетістіктерін мықтап ескерген.

Аға әдебиеттен тағлым алды дегенде біз 20-жылдардың ортасында-ақ революция тақырыбын көркем меңгерудің үлгісін салған Дм. Фурмановтың, А. Серафимовичтің, А. Фадеевтің т. б. творчествосын еске аламыз. Ұлт

әдебиеттерінің жас өкілдері үшін «Чапаев», «Темір тасқын», «Тас-талқан» секілді шығармалар шеберлікке үйрену, тарихтың ұлы бетбұрысы кезеңіндегі халық тағдырын, оның арманы мен күресін көркем танытудың өнеге мектебі болды. Ұлы Горький тағлымы, революциялық дәуірдің жаңа қаһарманын бейнелеудегі жаңашылдығының әсерлікпалы С. Мұқанов үшін өлшеусіз ғой. Қаламгер, міне, осындай мектептен, орыс әдебиетіндегі осындай озық дәстүрден нәр алды.

Әрине, озық дәстүрдің орны ерекше десек те, творчестволық істе өзіндік талант, өзіндік тәжірибенің маңызы да айтарлықтай ғой. Талант қана озық дәстүрді творчестволықпен қабылдап, лайықты жалғастыра алады. Осы ретте С. Мұқанов романының сәтті шығуында айтылған жайлармен қатар өзіндік ізденіс, тәжірибенің де орны бөлек. Сәбең «Жұмбақ жалауды» жазуға өзіндік қомақты тәжірибемен келді. Бұл тәжірибе оның бұған дейінгі әр жанрда жазған шығармаларының кемшіліктерінен құралады. Ол өзі діттеген революция тақырыбын әуелі ақындық тілмен жырлады. Өйткені ол — жаңа әдебиет босағасын өлеңмен аттаған ақын. Бірсыпыра поэмаларында («Батырақ», «Октябрь өткелдері», т. б.) халықтың күреске келу жолын, жаңа тағдырын бейнеледі, өлеңдерінде де осыған баса көңіл бөлді. Осылайша ақындықтың үлкен мектебінен өтіп барып прозаға бет бұрды.

Қазақ совет романының туы, қалыптасуында С. Мұқановтың бастаушылық ролі даусыз. Мұны кезінде басқа емес, М. Әуезовтің өзі айтқан болатын: «Қазақ романының тарихында талантты, өнімді жазушы Сәбиттің орны — бірінші орын. Жазба әдебиеттің ең қиын, ең мәдениетті түрі бізде болмай тұрған кезде сол үлгіні ең алғаш бастағандықтан бірінші орынға ие болады» (Шығармалар. Жиырма томдық. XVIII т. 286-бет, 1985). Демек, Мұқановтың революциялық тақырыпты меңгеру жолында жасаған прозадағы сан қилы ізденістерін, екінші жағынан, әдебиетімізде роман жанрын жасау, оны қалыптастыру жолындағы да жемісті еңбек болды дей аламыз. Бұған жазушының «Адасқандар», «Теміртас» секілді алғашқы романдары дәлел болады.

С. Мұқанов бұл романдары арқылы жаңа жанрдың заңдылықтарын, оның өмір шындығының күрделі картиналарын көркем бейнелеудегі мүмкіндіктерін игерудің қиын сатыларынан өтті, қажетті тәжірибе түйді. Ең бастысы, өмірді терең, жан-жақты зерттемей тұрып, бейнелер жай-

ларды, адамдар тағдырын санаңда айқын елестетпей тұрып, шынайы да көркем, толыққанды өмір келбетін беретін шығарма жазуға болмайтынына көзі жетті.

Міне, осындай үш салада жинақталған тәжірибені қорыта, жетілдіре отырып С. Мұқанов романды жазуды қолға алды. Бұл 1935 жылдың басы еді. 1938 жылдың басында жазушы бар тәжірибе, талантын сарқа жұмсаған, жазылуы үш жылға созылған шығарманың соңғы нүктесі қойылды. Роман осы жылдың соңын ала көркем әдебиет баспасынан «Жұмбақ жалау» деген атпен кітап боп басылып шығып, жекелеген тарауларымен алдын-ала танысып, соңын асыға күткен қалың оқырманның қолына тиді. «Жұмбақ жалау» міне, осылай дүниеге келген.

Біз сөз басында келешекте «Жұмбақ жалау» аталар шығарманы жазуға түрткі болған, алғаш жас ақынға ой салған оқиға — Сайым болыс тағдыры дедік. Сайым оқиғасы осы туындының жазылуына басты себепші негізгі оқиға десек те, романның сюжеттік негізіне жатқан бірден-бір өмір шындығы емес. Олай болса, жазушы шығармасын жазу барысында қандай-қандай өмір материалдарын пайдаланды, оларды қалай өнер шындығына айналдырды деген сауалдың жауабы бізді Сәбеңнің творчестволық лабораториясына бастайды.

XX ғасырдың басындағы қазақ аулының күйі ақ патшаның орыс шаруаларын қазақ даласына күштеп қоныстандыру саясаты, 1913 жылы Петербургте Романовтар династиясының патшалық құруының 300 жылдығының тойлануы, бұған Торғай облысы қазақтарының атынан болыстық управитель Сайым Қыдыровтың құттықтаушы делегат болып қатысуы, 1916 жылғы 25 июньдегі майданның қара жұмысына жігіт алу туралы патша жарлығы осыған байланысты Торғай қазақтарының көтерілісі (Қарабалық болысындағы көтеріліс, ереуілдеген халықтың Сайымды өлтіруі, т. б.) алаш лидерлерінің халыққа, революцияға қарсы жүргізген ашық жаулық әрекеттері, чехословактар бүлігі әсерімен болған контрреволюциялық бас көтерулер, Октябрь революциясының Қазақстандағы жеңісі,— міне, романда көркемдік бейнеленуін тапқан негізгі тарихи оқиғалар тізбегі осылар.

Жазушы осыншалық мол әрі саяси зор оқиғалар мен өмір фактілерін келісімді суреттеу үшін нендей әрекет жасады, қандай мәліметтерді пайдаланды? Жалпы қаламгер пайдаланған материалдар көзі қандай?

С. Мұқанов романды жазу барысында мынадай материалдар көзін пайдаланған: 1. Баспасөз материалдары

(революциядан бұрынғы —«Айқап» журналы, «Қазақ» газеті, сондай-ақ, орталық, аймақтық басылымдар, советтік баспасөз, атап айтқанда, «Ауыл», «Еңбекші қазақ», т. б.);
2) Архив материалдары ягни нақтылы тарихи документ-деректер (1916 жыл оқиғасы Қостанай уезіндегі халықтың бас көтерулері. Болыстық управитель С. Қыдыровтың өлімі туралы іс. Аменгелді көтерілісі туралы материалдар, т. б.);
3) Жазушының 16-жыл оқиғасына, тікелей Қарабалық көтерілісіне қатысқандардан алған хаттары және өзінің Қарабалық болысында, Ақмола, Жетісу өлкелерінде болып, көтеріліске қатысқандардан естіген әңгімелері, естеліктері;
4) Автордың өз өмірінің материалдары.

Осыншалық мол әрі сан алуан өмір материалын бір ғақырып, бір арнаға тоғыстыру, оны көлемді романның сюжеттік өзегіне енгізу уақытпен қатар автордан үлкен талғам, еңбекті, белгілі дәрежеде суреткерлік дағды мен шеберлікті талап етті. С. Мұқанов романды жазу үстінде үлкен шеберлік мектебінен өтті.

С. Мұқанов — өмір фактісіне аса жауапты қарайтын жазушы. Бұл «Жұмбақ жалаудан» ерекше сезіледі. Мұнда автордың шығарма сюжетін неғұрлым шындық жайларға, фактіге жақын құруға ұмтылғанын көреміз. Ал «Ботагөз» аталған (1948) романның екінші нұсқасында өмір фактісінен біраз алшақтау бар, мұнда автор творчестволық еркіндікке барынқыраған.

«Жұмбақ жалауда» автор өмір фактілерін неғұрлым дәл, жақын бейнелеуді мақсат тұтқан дедік. Автор пайдаланған өмір материалдары мен олардың шығармада көркемдік бейнеленуі бұл ойымызды дәлелдей түседі. Осындай айтулы тарихи факт, оқиғаның бірі — Петербургте Романовтар әулетінің патшалық құруының 300 жылдығының мерекеленуі. Кітапта осы оқиға тарихи шындық деңгейінде өте нақтылы, әсерлі көрініс тапқан.

Патша салтанатының юбилейі 1913 жылдың февралінің 21-23 аралығында өтеді. Бұл туралы хабарларды (дайындық, өтуі жөнінде) орталық газет-журналдармен («Россия», «Русское слово», т. б.) қатар жергілікті баспасөз («Айқап», «Қазақ») де жиі басып отырған. Мәселен, «Айқап» журналының өзінде 1913 жылдың басында юбилей, оған қатысатын делегаттар жөнінде үш рет хабарлама жарияланған. «Айқап» осы жылдың 29 январындағы 2-номерінде «Юбилей туралы» деген арнау-

лы хабар басып: «Келешек айдың 21 февралінде патша ағзамның нәсілі Романовтардың ұлы Россия тағына мінгеніне 300 жыл толу себепті бүкіл Россия зор салтанатпен тойлауға даярланып жатыр» деп жазды. Журнал февральдағы 3-номерінде осы тақырыппен тағы да мақала басып, онда осынау патша юбилейіне қатысатын делегаттармен (мәселен, Сайымның аты аталған) таныстырып, оларға біраз тілек-талаптар қойған.

Юбилейдің өту барысы туралы «Россия», «Русское слово» секілді орталық газет-журналдармен қатар жергілікті газеттер де (Мәселен, Верныйда шығатын «Семиреченские областные ведомости» газеті, т. б.) барынша тәптіштеп жазып отырған. Автор романның осы патша салтанатын суреттейтін беттерін жазарда жоғарыдағыдай баспасөз материалдарын толығынан қажетінше пайдаланған. Әсіресе патшаның семьясымен шіркеудегі мерекелік намазға қатысуын көрсеткен эпизодта очерктік нақтылық бар. Жазушының өзі де осындай көпке мәлім тарихи оқиғаны негізсіз жаза салмағанын романдағы мына жолдар арқылы аңғартып өткен: «Юбилей 1913 жылдың 21 февралі күні болатын еді. Газеттердің хабарлауынша (астын сызған біз — С. М.) юбилей тәртібі былай...» дей келе 21, 22 февраль күндері болатын мереке жайын сөз етеді.

Аталған юбилейге және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты екінші бір тарихи болған жайларды автор кейіпкерлері Амантай, Итбайдың іс-әрекеттерін беруде, характерлерін ашуда ұтымды қолдана білген.

Біз жоғарыда патша салтанатына қатысушының бірі Сайым Қыдыров екенін айтқанбыз. Бұл жөнінде нақтылы деректі жазушы болашақ шығармасына материал жинастыру барысында «Айқап» журналынан ойда жоқта кездестірген болатын. Журналдың 1913 жылғы 4-5 номерінде Сайым болыстың суреті басылып, оған мынадай түсініктеме берілген екен: «21 февральда Петербурда болған тойға (юбилей) барып, құтты болсын айтуға Торғай облысынан сайланған волостной управитель Сайым мырза Қыдыровтың қазақтың бұрынғы киіміндегі көрінісі. Сайым мырза Петербурға осы түрімен барды». Міне, осы Сайым — әдеби бейне Итбайдың басты прототипінің бірі.

Қарабалық болысы Сайым өмірде қатал, айлакер, патшаға малайлық қызметімен әбден жағынып, түрлі шен-шекпенге ие болған адам. Орынборда оқыған, оның орысшаға жетік, сауатты болғандығын ресми документ-

терде (Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сб. документов. Изд-во АН СССР. М., 1960. с. 581) айтылған.

Педагог-жазушы С. Көбеев те «Орындалған арман» кітабында өзінің Сайыммен бірге оқығанын, сол кезде-ақ оның менмен, үстемшіл бай мырзасы болып көзге түскендігін, ақыры мұғаліммен келіспей, оқуды тастап кеткендігін жазады.

Сайымның болыс кезінде халыққа жасаған қысымы атышулы июнь жарлығынан кейін тіпті де үдеп кетеді. Ақыры жауыз болыс көтерілген халық қолынан ажалын табады. Осы оқиға шындық өмірде қалай болған және оның романда көрсетілуі қалай? Сайым өліміне байланысты патша өкімет орындарының жүргізген жазалау шарасы қандай?

Күні бүгінге дейін «Жұмбақ жалау» яки «Ботагөз» жөнінде пікір қозғаған әдебиетші, зерттеуші жолдастар Итбай бейнесін сөз еткенде оның прототипі Сайым болыс, оны 16 жылы халық өлтірген дегеннен әріге бармай жүр. Шындығында Сайым Итбайдың түп негізі (прототипі) болатын болса, оның халық кекшілдерінің қолынан өлу фактісін, барша жағдаяттарды анықтау қажет емес пе? Сайым өлімі шындығында автор суреттегендей ме? Әлде...

Қазақ ССР Орталық архивінен жалпы 1916 жыл оқиғаларына, сондай-ақ Қостанай Қарабалық болысындағы көтеріліс тарихына, тікелей Сайым болыс оқиғасына байланысты іс-қағаздарды қарастырып жүріп, бұл мәселенің анығын ашып берген документтерді кездестірдік. (Қазақ ССР Орталық архиві. 25-қор, 1-тізбе, 417-іс, 390-қор, 1-тізбе, 2-іс т. б.)

Шындық оқиға — Сайымның өлтірілу жайы — төмендегідей:

1916 жылдың 25 июнінде бұратана атанған халықтардан майданның тыл жұмыстарына жігіт алу туралы патша указы (бұл — ел есінде «июнь жарлығы» деген атпен мәлім ғой) шығады. Болыс, билер бұл науқанды әділ жүргізген жоқ, олар бұл істі баюдың қосымша бір көзі деп білді. Сөйтіп, дәулеттілердің балаларының орнына жарлының жалғызы, жоқ-жітік зорлықпен аттандырылмақшы. Сайым болыс та елді қорқыту, патша бұйрығын күшпен іске асыру саясатына белсене кіріскен.

Қарабалық болысы — үлкен ел. Ел іші дүрбелең, халық наразылығы күннен күнге зорайып барады. Топ-топ болып атқа мінген, гу-гу әңгімелескен жігіттер. Ел назары

болысқа суық. Халық наразылығын қорқытып басу әрі жігіттердің тізімін тексеру мақсатымен (алдында ғана көрші ауылдарда халық Сайымның съезд шақырып, тізім тексерем деген арам ниетін болдырмай тастаған-ды) болыс II июль күні кешкілік қасында писарі Горбунов, судья Бекхожин, көшірі Ташмұхамедовтер бар № 5 ауылға келіп, құдасы Берден Таңсықовтың үйіне түседі. Ертеңіне, 12 июль күні таңеретеңгілік № 7 ауылдың адамы Есмұхамедов деген келіп болысқа жасырын записка ұсынады. Запискада: «Қымбаттты Сайым! Егер мүмкіндігің болса, поселкаға (орыс арасына дегені — С. М.) қаш, сені өлтірмекші!» деп жазылған. Сайым осы хабарды алысымен дереу № 4,7 ауылдардың өзіне сенімді, берілген ақсақалдарын көмекке шақырып жедел адамдар аттандырады. Бірақ сәлден соң-ақ болыстың жіберген адамдарын алдарына сала, бұлар отырған үйді бетке ұстай тас түйін болып шауып келе жатқан 200-300 қаралы атты көрінеді. Сайым бас сауғалар мүмкіндіктің жоғын аңғарып, қасындағы кісілермен отырған киіз үйді іштен бекітіп алады. Қаһарлы топ тасырлата шауып келіп үйді қоршай тұрып, болыстан әуелі адам тізімін беруді талап етеді. Қорыққан, шарасыз болыс оларға тізім салынған сандықты бергізеді. Әбден ашынып, кек қанжарын суырған халық тізімге қанағаттанбай: «Болыстың өзі шықсын, әйтпесе, өлтіреміз!»,— дейді. Сөйтіп, болыс отырған үйді ат тұяғымен таптап, көтерілісшілер Сайымды сыртқа сүйреп алып шығып, өлімші етіп сабайды. Содан соң оны аяғынан шылбырмен іліп алып атқа мінген халық ауыл шетіндегі Сарыбақсы көліне қарай сүйрете шаба жөнеледі. Кейін барып көрген кісілердің, оқиғаның басы-қасында болған куәлардың тергеуде айтқан жауаптары бойынша (записка берген Есмұхамедов, көшірі Құлы Ташмұхамедов, Ахмет Жүсіпов, Сәкиев, т. б.) Сайымды көтерілісшілер көл жағасында ұрып-соғып, өлмегесін пышақпен бауыздап өлтірген, саусақтарын кесіп, документ, киім, ақша, т. б. бағалы заттарын алған. (25-қор, 1-тізбе, тергеу протоколы). Жауыз болыстан халық, міне, осылай кек қайтарған. Ел билеушілерден қаншама қорлық пен азап көрсе де 16-жылы атқа мінген көпшілік кез келген болыстың аулын шауып, оларды жаппай өлтіре бермеген. «Көтерілісшілер ең жеккөрінішті патша чиновниктерінің, болыс әкімдерінің, байлардың сазайын берді» (Қазақ ССР тарихы, 1 том, 610-бет, 1957.). С. Қыдыров, міне, осындай халыққа тізесі әбден баткан, ең жеккөрінішті болыстың бірі болатын. Сондықтан да ол халық қаһарына ең алды-

мен ұшырады. Жалпы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Торғай облысындағы көтеріліс айрықша екені белгілі. Мерзімі жағынан Қарабалық көтерілісі — (Сайымның сазайы берілетін) осы өлкедегі ең бірінші ереуіл, патша мен оның жандайшаптарына қарсы қазақ даласы білдірген алғашқы ұйымдасқан тегеурінді үлкен қарсылық, царизмнің тірегінің бірі — болысты өлтірген қарулы қарсылық.

Сайым — қатардағы патша малайларының бірі емес, орыс чиновниктеріне, губренаторға дейін жақсы білетін беделді, белгілі болыстың бірі. Сондықтан да оның өлімінің арты ел үшін үлкен дауға, зобалаңға айналады. Қыдыровтың өлімін естіген бойда Торғай облысының генерал-губернаторы М. М. фон Эверсман Қарабалыққа Троицкіден дереу жазалаушы отряд жөнелткізіп, артынша өзі де келеді. Көтеріліс күшпен басылады. Алғашқы кезекте болыс өліміне қатысы бар деген 70 адам қамауға алынады. Елде үлкен тергеу ісі басталады. 19 июльде, Сайым өлімінен бір апта соң Қостанай уездік приставы Невейкин болыс аулына кеп тергеу ісін қайта жалғастырады. Біраз күнге созылған тергеу барысында жүзге жуық қазақтардан жауап алынады. Бірақ мәселе сонда да нақтылы анықталмай, болысты кімдердің өлтіргені белгісіз болып қала береді. Ақыр соңында өлген болыстың жесірінің арызымен, жақындарының, көшірінің көрсетуімен тағы да 17 адам, сәл кейінірек және 8 кісі ұсталады. Бұларды енді көп тергеп жатпай, басында этаппен Қостанай түрмесіне айдап апарады да, кейін Троицкіге әкеп қамайды. Көтерілісшілердің ісі Троицк округтік сотына беріледі. Айыптыларды тергеу, жазалау істеріне тергеушілер мен сот мүшелерін айтпағанның өзінде уезд начальнигі Кирбятьев пен генерал-губернатор фон Эверсманға дейін белсене қатысады. 1916 жылдың ноябріне Қарабалық көтерілісшілерінің ісін Қазан соғыс округінің уақытша дала соты қарайды. Сот қанша адамды жазалауға үкім шығарды, олар кімдер еді? Жазушының өзі: «...дарға асылғандарға сот құрған Қазан соғыс округінің дала соты екен, архивтен іздеп оны таптым...» (Өсу жолдарымыз. 224-бет) десе де, бұл дерек әзірше қолымызда жоқ. Бірақ біз бұл зәру сұраққа қажетті нақтылы жауапты Троицк большевиктік партия ұйымының сол кездегі мүшесі С. С. Ужгиннің Троицк және Қостанай большевиктерінің осы көтеріліс кезінде қазақтар арасында жүргізген жұмысы туралы естелігінен (Кітапта: Восстание 1916 года в Казахстане. Сб. документов. Алма-Ата, 1947,

с. 36-43) таптық. Басқаша түрліше топшылауларға, болжамға қарағанда оқиғаның қызу ортасында болған адамның естелігі шындыққа дәлірек келетін секілді. С. Ужгиннің айтуынша, Қарабалық көтерілісшілеріне құрылған соғыс соты Троицк қаласында, ноябрь айында өткен. Он алты адам айыптылар орындығында отырған. Бірнеше күнге созылған мәжіліс қорытындысында төрт адамды — Бекмұхамедовты (дұрысы — Бекмағамбетов), Рысқал Сейітовті (дұрысы — Рысқұлұлы Сейіт), Абдолла Сәденовті және Алпысбай Қомпаевты — дарға асуға үкім шығарылған, қалғандары ақталған. Сотталғандар февраль революциясына 17 күндей қалғанда (1917) Троицк түрмесінің қорасында дарға асылған.

С. Ужгин естелігінде айтылған жайлардың растығын біз Сайым өлімін баяндаған екінші бір дерек арқылы да білеміз. Ол — осы Қарабалық оқиғасына тікелей қатысушы Мырзағали Бошанұлының «Ауыл» газетінің 1926 жылғы 31 июльдегі номерінде «16 жылғы Қарабалық болысындағы оқиға (Сайым болыстың өлімі)» деген атпен жарияланған естелігі. Бошанұлы Сайымның өлтірілу жайын (архивтен табылған тергеу протоколындағы куәлардың жауабымен дәл келеді) баяндай келе естелігін: «Дарға асылғандар: Сәденұлы Абдолла, Қомпайұлы Алпысбай, Рысқұлұлы Сейіт, Бекмағамбетұлы Нұрмағамбет деген азаматтар еді. Топырағы жеңіл болсын!» деп аяқтаған. Біздіңше, оқиғаның бар шындығы осы. Қостанай уездік әкімшілігі жүргізген ресми тергеу іс қағаздарында да, рапорттар мен куәлардың мәлімдеулерінде де осы төртеуінің аты-жөні басқалардан гөрі жиі аталады. Сондай-ақ, Сайымды өлтірушінің бірі Абдолла Сәбденов екендігін проф. Т. Нұртазин «Бейімбет Майлин» атты монографиясында (229—300 бетте) дәлелдеген.

Осы аталған шындық жайлар, Сайымның өлімі романда қалай берілген?

Сайым бізге мәлім жігіттердің тізімін тексеру мақсатында көрші ауылдарда жүргенде өлтіріледі. Романда бұл факт өзгеше етіп алынған. «Жұмбақ жалауда» Итбай халық қаһарына өз ошағының басында ұшырайды, себебі, оның үйі — зұлымдық ұясы, ал зұлымдық ұясын түп-тамырымен құртып жібермек керек. Фактінің өзгеру себебін осылай түсіну керек. Ал Итбайдың өлтірілу эпизодында шындыққа дәл келетін де, одан алшақтау да детальдар бар. Итбай «Жұмбақ жалауда» бізге мәлім, Балғабай («Ботагөз» аталған нұсқада (1948) — Темірбек) балтасынан ажалын табады. Текске көңіл аударалық:

«...Жұрт ойыса шауып, алды бір кезде ошарылып тоқтады. Астындағы атын борбайлап, шоғырланған жерге Бүркітбай келсе, Итбай шала жансар сұлап жатыр екен. Үстіндегі киімін, денесін жер айырып тастаған. Айнала қоршаған жұрт Итбайдан қорыққандай, аттан түспей, көздерімен атып тұр» («Жұмбақ жалау», 257-бет). Келтірілген үзіндідегі суреттеу жоғарыдағы Бошанұлының естелігі мен Сайым өліміне байланысты тергеуде айтылған мәліметтерге дәл келеді. Мұның өзі автордың қолында болыстың өлтірілуі жөнінде нақтылы деректердің болғандығын, оның Қарабалық оқиғасын бүге-шігесіне дейін зерттеп білгендігін көрсетеді.

Халық өкілі Балғабай (Темірбек) Болыстың басын балтамен шауып өлтіреді. Шындық фактінің тағы да бір өзгерген жері осы ара. Жазушы болған жайды жақсы біле тұра неге бұлай еткен? Бұл біздіңше, біріншіден, автордың оқиғаны барынша әсерлірек етіп берсем деген ниетінен туған өзгеріс. Шындығында бауыздап өлтіру — жауыздық, қанышезерлік, ал болыстың басын балтамен шауып түсіру, сөз жоқ, жантүршігерлік кесек қимыл, бірақ, ұсақтық емес, ірілік, бітіспестік белгісі. Екіншіден, бұндай батыл, кесек әрекетке Балғабайды (Темірбек) бастаған күш — халық кегі, ал халық әрекетінде ұсақтық жоқ. Бұл еңбекші таптың жауыздыққа қарсы бел буып шыққан сәттегі ширыққан ыза-кегінің, қаһарының жарқын көрінісі. Балғабай болса халық үкімін орындаушы. Балғабайдың балтасы бүгін жауыздық өкілінің басын алса, халық алдында тұрған ертеңгі міндет жалпы зұлымдық атаулының түп тамырын қопару екендігін жазушы осы деталь — эпизод арқылы шебер аңғартқан. Өмір фактісі осындай идеялық арнаны терең таныту мақсатында қажетті өзгеріске түскен. Ал Сайым өліміне байланысты тағы бірқатар шындық жайлар, айталық, көтерілісшілердің болыстың киімін, бағалы заттарын алуы, оның саусақтарын кесуі, автор құр тізбектей беруді жөн көрмеген. Бұнысы дұрыс та. Автордың мақсаты — халық қанышезер болыстан қалай кегін алды, міне, осыны үлкен план, әсерлі суретпен көрсету ғой. Ал өмір материалының кейбір фактілері, ұсақ-түйек детальдары шығарма сюжетіне айналар кезде дәлелді себеппен сырт қала беретіні — өнер әлемінде жиі кездесетін заңды құбылыс. Сайым оқиғасының роман беттерінде бірсыпыра өзгерістермен берілуін осылай ұғыну қажет.

Көркем шығарманы, онда бейнеленер алуан түрлі жағдаяттарды жазу барысында автордың бірыңғай нақтылы

шындық жайларды ғана тірек етпей, өзінің көрген-білгенін де іске жарататыны белгілі. Бірақ бұл жерде Г. Ибсен айтқандай, творчестволық ісіңізге негіз болу үшін сіздің өміріңіз соншалықты мазмұнды болуы шарт. С. Мұқанов өзі суреттеп отырған 16-жыл, Ұлы Октябрь оқиғаларының тікелей куәсі. Жаңа заман үшін күрескен жауынгер ұрпақ өкілі ретінде оның өмірі — кейінгіге үлгі, мазмұнды. Итбай болысты өлтіру эпизодын суреттеуде жазушы өзі куә болған, көзімен көрген жайларды қосымша факт ретінде тиімді пайдаланған. Ол — өз еліндегі Ыбыр болыс оқиғасы. Жасөспірім Сәбит 1916 жылы ереуілдеген жігіттердің Ыбыр болыстың аулын қалай шапқанын, халық қаһарынан зәре-құты қалмай қорыққан болыстың май салған кебежеге тығылғанын, ашулы жігіттердің оны кебежеден суырып алып, аяусыз ұрып-соғып, өлтірмекші болғанын, болыстың әупіріммен аман қалғанын өз көзімен көргені бар-ды. (Өмір мектебі, 1-кітап, 1970, 348—350 беттер). Зердесіне терең тоқылып қалған осы ерекше көріністі жазушы көп өзгертпей, тіпті кейбір детальдарына дейін қаз-қалпында (болыстың кебежеге тығылуы, жігіттердің одан болысты суырып алуы, ұрып-соғу, балта, т. б.) алған, іске жаратқан. Салыстырыңыз: Итбайдың Амантай жігіттерінен қорқып жалшысы Сыйқым үйінің кебежесіне тығылуы, одан Бүркітбайдың суырып алуы. Әрине, бұл эпизодтың өмірдегі басты түп негізі — Сайым болыстың өлтірілу жайы. Автор осынау халық қаһары мен қайтпас күші, жігері айқын танылған оқиғаны неғұрлым жанды, реалды бейнелеу мақсатында негізгі фактіге қоса өз басынан өткерген жайларды қосымша дерек көзі ретінде тиімді пайдалана білген. Нәтижесінде бұл таптық тартысқа толы, саяси мәнді эпизод көркем де шынайы шыққан.

Біз жоғарыда Сайым өлімінің соңы елді зобалаңға ұшыратқанын, көптеген адамдардың жазаланғанын, 4 адамды дарға асқанын айтқанбыз. Енді осы шындық жайлардың романда қаншалықты бейнеленгенімен назар аударалық. Автор бұл ретте де шындықтан ауытқымай, болған оқиғаларды дәл бейнелеуге ұмтылғанын көреміз. Бізге мәлім, Қыдыров өлімін естіген бойда Торғайдың генерал-губернаторы фон Эверсман Торицкіден Қарабалыққа жазалаушы отряд жіберткізіп, кешікпей сол жерге өзі де келген, айыптыларды қатаң жазалауды тапсырған. Бұл туралы М. Бошанұлы аталған естелігінде: «...Июльдің жиырмалары (Сайымның 12 июль күні өл-

тірілгенін еске алыңыз) шамасында 150 атты казак, автомобильмен губернатор да келіп түсті» деп жазады.

Романда бұл жай шындыққа сай төмендегіше берілген: «Итбай өлгеннен кейін автомобильмен Омбыдан келген генерал-губернатор Сухомлиновтың жиналған жұртқа айтқан сөзі қысқа болды.

— Үкіметке қарсы бас көтергендер рақымсыз түрде қиратылсын! Ауылдарының күлі көкке ұшырылсын! Елге бастық болғандардың тірідей жонынан қайыс алынсын. Оларға ок шығын қылмай, аңдай азаппен өлтірілсін. Ит қазақ енді қайтып бас көтере алмастай болсын. Патшаға адал қызмет үстінде қаза тапқан Итбай Байсақалов семьясының пайдасына осы арадағы бес болыстан жылына бес мың сом шығын берілсін». (Жұмбақ жалау», 285-бет).

Бір есте сақтар жай романға арқау болған негізгі оқиғалардың дені шындық өмірде Қостанай уезіне қарасты жерлерде (Қарабалық болысы, Торғай, Троицк маңы, т. б.) өткендігі мәлім. Ал романда бұл оқиғалардың біразы Қызылжар маңында, Омбыда, енді бірі Көкшетау уезінде (Бурабай, Шортанды маңы) болған етіп суреттеледі. Мұның мәнісі не? Мәнісі сол жазушыға Қостанай уезінен гөрі Көкшетау жері, Көкше табиғаты кеңінен таныс болғандықтан, ал Қызылжар болса, автордың кір жуып, кіндік кескен туған жері ғой. Осы себепті де автор шығармасында суреттелер оқиғалар орнын өзіне етене таныс географиялық ортаға ауыстырған. Бұл да жазушылық дағдыда жиі кездесетін ерекшелік. Осыған байланысты романда баяндалар жер-су, қала аттары, әкімшілік орындары, патша әкімдерінің аты-жөніне дейін енді қостанайлық емес, көкшетаулық болып алынған. Міне, романда Итбай өлтірілгеннен кейін оның аулына шындық өмірдегідей Торғай генерал-губернаторы фон Эверсман емес, Көкшетау уезі қарайтын Омбы далалық генерал-губернаторы Сухомлиновтың (бұл да тарихи тұлға) келуі, жазалаушы отрядтың болыс аулына енді Троицкіден емес, тура Омбының өзінен аттандырылу себебі осында.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс — халқымыздың бостандық жолындағы күрес тарихының жарқын беттерінің бірі. Халық тарихы туралы жазу, оны кейінгі ұрпаққа көркем тілмен шынайы жеткізе бейнелеу — қашан да жауапты іс. Осындай жауапкершілік деңгейінде көрінуге ұмтылған. С. Мұқанов шығармасында көтеріліс жайын

тарихи шындыққа сай, нақтылы өмір материалдарын молынан пайдалана отырып, келісті кестелей алған.

Жазушы шығармасында үлкен талғаммен қарай отырып өнер шындығына айналдырған өмір материалдары, нақтылы деректер бұнымен шектелмейді. Үлкен туындының өне бойынан, онда суреттелген заман уақыт келбетіне, қилы-қилы адамдар тағдырынан тарих дамуын жаңа арнаға бұрған буырқанған революциялық күрес кезеңінің көркем тынысын, өмір шындығын көреміз.

Өмір шындығын пайдалану деген ұғым — тек сюжетке қатысты ғана емес, адам бейнесін тұлғалауға, даралауға да тікелей қатысты ұғым. Көркем бейнені сомдау, даралау барысында жазушы прототипті пайдаланады, бұл өнер заңдылығы десек, бұның өзі сайып келгенде өмір шындығын көркем игерудің, іске жаратудың өзіндік бір тәсілі ғой. С. Мұқанов — бұл тәсілді жиі, сәтті қолданған қаламгердің бірі. Бүгінде оның сөз болып отырған романындағы басты кейіпкерлердің өмірде өз негізі — прототиптері болғандығы анықталып отыр. Автор олардың кейбірімен өз өмірінде етене жақын, таныс болса, енді бірімен өмір соқпақтарында, тап күресі майданында кездескен.

Роман кейіпкерлерінің ішінде әсіресе Асқардың түп негізі кім деген мәселе әлі дұрыс шешімін тапқан жоқ. Ол жөнінде әркім әркилы пікір айтқан. Ғалымдардың бір тобы (М. Қаратаев, жазушының өзі де бар) Асқардың прототипі деп революционер ақын С. Сейфуллинді атаса, екінші бір топ (Е. Ысмаилов, Е. Лизунова, Е. Ғабдіров) Ә. Жангелдинді, Ә. Майкотовты, Т. Бокинді атаған. Алдымен соңғы пікірді ұсынушылардың дұрыс та, бұрыс та жағы бар екенін айтуымыз керек. Дұрысы — Асқардың прототипі Жангелдин деушілер бұл жөнінде автордың өзі бірнеше рет айтқан белгілі мәлімдеуге сүйенеді. Проф. Т. Нұртазин бұл тұрғыда былай деп жазған: «1955 жылы, 3-декабрьде Қазақстанның жас жазушыларымен кездескен әңгімесінде С. Мұқанов «Ботагөз» геройлары жөнінде біраз дерек береді. «Кітапта Амантай деген халықтық герой бар дейді ол. Оның образын жасағанда Аменгелді мен Жетісу көтерілісін бастаған қайраткердің тұлғасына сүйендім. Ал Асқар образына негіз болған — Жангелдин. Сөйтіп, өмірде болған адамдардың тұлғаларына сүйене отырып кітаптың кейіпкерлерін жасадым» («Жазушы және өмір». 1960, 220-б.). Аталмыш образдың прототипі жөнінде әртүрлі пікірдің тууына себептің бірі осы авторлық мәлімдеу болса, екіншіден, Ас-

қардың революциялық іс-әрекеті, күрескерлік өсу, қалыптасу тағдырынан бізге Қазақстанда революцияға белсене қатысқан басқа да аяулы азаматтарымыздың өнегелі өмірі елес беретіндіктен деп білу керек.

1954 жылы, Қазақстан жазушыларының III сьезінде жасаған баяндамасында Ғ. Мүсрепов С. Мұқановтың туындысын жоғары бағалай келіп, «Асқарды кезінде Белинский айтқан «таныс-бейтаныс» деп атауға болады» («Әдебиет және искусство», № 11, 1954) деген-ді. Асқардың осы «таныс-бейтаныстық» қасиеті себебінен әдебиетшілердің оның тұлғасынан тек Жангелдин немесе Сейфуллин секілді бірер ғана адамның революциялық саналы өмірінің жарқын белестерін көріп қоймай, Т. Бокин, Ә. Майкотов, т. б. азаттық үшін арпалысқан жандар ғұмырын тануы заңды нәрсе. Зерттеушілер пікірлерінің дұрысқа келетін жағы осы. Ал жетімсіз жағы аталған тарихи тұлғалардың ешқайсысы да (Сәкенді қоспағанда) жеке алғанда Асқардың түп негізі бола алмайды. Олай болса, Асқардың түп негізі кім? Біздіңше, Асқардың негізгі прототипі (бірден бір емес!) ретінде алдымен Сәкен Сейфуллинді атаған жөн.

Жазушы Асқар бейнесін жасауда Сәкеннің саналы өмірін басты желі, негіз ете отырып, халқымыз тарихында есімдері зор құрметпен аталатын басқа да тарихи адамдардың өмір деректерін тиісінше пайдаланған. Ә. Жангелдин, Т. Бокин, Ж. Қыстаубаев, т. б. өмірі қаламгер үшін Асқар бейнесін даралай түсуде, типтік дәрежеге көтеруде пайдаланылған қосымша материалдар көзі болған. Осы тұрғыдан келіп аталған қайраткерлерді образдың қосымша прототиптері деп тану орынды.

Тегінде Асқардың көптеген іс-әрекеттері С. Сейфуллин өміріне жақын, ұқсастау келетіндігін ескермеуге болмайды. Осы ретте М. Қаратаевтың мына пікірі көңілге қонады: «...Көп ретте Асқар образына Ә. Жангелдин өмірінің негіз болғаны рас-ақ шығар. Бірақ, көбіне-көп негіз болған Сәкен Сейфуллин өмірі екендігіне күмән жоқ. Омбыдағы семинарияда оқу, одан келіп ауылда мұғалім болу, революциялық көзқарастары үшін түрмеге түсу, революцияға азамат соғысына қатысқан қазақ интеллигенциясының алдыңғы шебінде болу, Совет өкіметін өз қолымен орнатысу — мұның бәрі Сәкен Сейфуллин өміріне дәп келетін деректер» (Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. 1965, 271-272 б). Бұл — дәлелдеуді қажет етпейтін айғақты нәрсе. Асқардың «Өмір өткелдерінен» Сәкен өміріндегі өте-мөте қиын-

шылық кезеңдердің де көрінісін аңғаруға болады. Бұл ретте бір мысал. Романның үшінші бөліміндегі 3-тарау «Ақтардың азабы» деп аталатыны белгілі. Осы тараудағы Асқардың Ботагөзге жазған хатында баяндалатын оқиғалар (оның ақтар қолына түсуі, Н. қаласынан Қызылжарға, одан Омбыға айдалуы, жол бойғы ақтардың оларға жасаған айуандық әрекеттері, вагондағы азапты өмір сапары, т. б.) бізге Сәкеннің атаман Анненковтың азап вагонында басынан кешкен белгілі хикметтерін анық еске түсіреді. Бұған қоса жазушының өзі де өмірінің соңғы 10-15 жылында сүйікті қаһарманына негіз болған адам Сәкен Сейфуллин деп мәлімдеп келді.

С. Мұқанов, коммунист жазушы, өз кейіпкерінің прототипі деп әуелі Ә. Жангелдинді, кейін С. Сейфуллинді атағанда екі сөйлеген жоқ-ты! Көкірегінде ұстазы, досы Сәкен есімі мен бейнесі бола тұра оның бұлай деуінің белгілі себебі болды... Халқымыздың көптеген аяулы ұлдары еліміз тарихындағы бір ауыр кезеңге байланысты жазықсыз жазаға ұшырағаны мәлім. Осы көптің ішінде Сәкен сияқты халық қадірлісі де болды ғой. Міне, осы тұста жарық көрген кітаптың кейіпкерінің прототипі сол Сәкен еді деп ашық айтуға жазушының мүмкіндігі болмады. Сондықтан да ол геройының түп негізі деп Ә. Жангелдиннің, халқымыздың басқа бір қадірлі қайраткерінің, есімін атаған. Бұл да жай айта салу емес, біріншіден, жазушы Әліби өмірінен де азды-көпті деректер, детальдар (оның тұңғыш революционер екендігі, т. б.) алды, екіншіден, ол осынау екі даңқты тарихи адамдардың өмірлерінен үлкен рухани ұқсастықты — халық ісі үшін қасиетті күреске берілгендік пен революционерге тән коммунистік табандылықты да көре білген еді.

Жылдар өтті. С. Сейфуллиннің қадірлі есімі қайта қалпына келтірілді. Сәкен туралы еш бүкпесіз шындықты айтуға енді халық та, қаламгер де ерік алды. Міне, осы кезден бастап С. Мұқанов Асқар образының тууына Сәкен өмірі негіз болғандығын әдеби кештерде, кездесулерде айтып жүрді. Бұл жөнінде өзіміз куә болған бірер факт келтірейік. 1970 жылдың майында, өзінің 70 жасқа толу құрметіне байланысты Республикалық А. С. Пушкин атындағы кітапханада өткен оқырмандармен кездесу кешінде жазушы «Ботагөз» геройлары туралы әңгімелей келіп: «Асқар образына негіз болған — Сәкен Сайфуллин ағамыз. Бұл есімді белгілі жағдайларға байланысты көпке дейін айта алмай келдік» деді.

Советтік Қазақстанның 50 жылдық мерекесі қарсаңын-

да Алматыдағы «Алатау» кинотеатрында өткен қазақ фильмдерінің байқауы «Ботагөз» кинофильмімен ашылған (1970 жылдың 21 августы) болатын. Фильм алдында жазушы С. Мұқановпен және картинаны түсірген творчестволық коллективпен көрермендердің кездесуі өткізілді. Осы кеште жазушы көпшілік сұрағына орай Ботагөз бен Асқар бейнелерінің жасалуы туралы айтып берді. «...Ал Асқарға келсек,— деді жазушы,— бұл қазақтың оқыған учителінің образы. Қазақтың советтік әдебиетінің негізін салушы ардақты ағамыз Сәкен Сейфуллин — Асқар образының прообразы».

Осындай беделді авторлық мәлімдеулерге және өзіміздің бірсыпыра дәлелдерімізге сүйеніп бұл мәселені осылай доғаруға болар да еді. Бірақ олардың (тип пен прототиптің) өмір жолы, іс әрекеттерінде «дөп келетін деректермен» қатар өзгешеліктер де бар ғой. Бұларды есепке алмастан, Асқардың түп негізі Сәкен дей береміз бе? Әдеби герой мен прототиптің арасында өмірбаяндық жайлар қаншалықты дәрежеде болуы керек? Бұған жауапты аға әдебиеттен іздеп көрейік.

М. Горькийдің «Ана» повесінің басты геройлары аналы-балалы Ниловна мен Павел Власовтың өмірде прототиптері болғаны мәлім. Олар — Сормово жұмысшысы, революционер Петр Заломов пен оның анасы Анна Кириловна. Жазушы өзінің кейіпкерлерін жазарда бұл екеуіне бекерге тоқталған жоқ. Шынына келгенде Сормово демонстрациясында, пролетариаттың сол кезгі кең өріс алған революциялық қозғалысына белсене қатысқан басқа да адамдар болды ғой. Жазушының көрегендігі сол көптің ішінен өз кейіпкерлеріне неғұрлым сай, жұмысшы революционерге тән қасиеттерімен айқын танылған жандарды таңдап ала білуінде.

С. Мұқанов та өзінің бас кейіпкерін жазарда түрлі толғаныс сәттерін басынан өткізген. Романды жазуға кірісерден көп бұрын бас кейіпкердің интеллигенцияның өкілі, мұғалім болатындығы әбден кесіп-шішілген жай-ды. Бұның бір себебі жазушының 1926 жылы «Ауыл» газетінде 1916 жыл оқиғасына қатысушыларға арнап жазған хатына халық мұғалімдерінен көп жауап келуінде де жатқандай. Жазушы болашақ бейнеге лайықты прототип іздегенде көп қиналған жоқ, оның көңілінде көптен ұялаған, өзі жақсы білетін бір аяулы есім бар-ды. Ендігі ізденіс осы адамның — бұрынғы мұғалім, халық таныған күрескер, ақын, азамат, мемлекет қайраткерінің өмірін негізге ала отырып, ойдағы образды сомдау, соны биік көр-

кем дәрежеге көтере бейнелеу бағытында жүруі керек болды.

Асқар бейнесінің түп негізі жөнінде жазушы бізден жеке әңгімесінде мынаны айтқан болатын: «Қазақ интеллигенциясынан шыққан революционер большевик бейнесін жасауда С. Сейфуллин маған басқалардан анағұрлым лайықты көрінді. Өйткені, Сәкен — менің санамда бірталай орныққан, толыққан адам. Мен Сәкен жайлы алғаш 1919 жылдың басында Омбыда оқып жүргенде Жұмабай Нұркиннің аузынан есіттім. Ол маған «Сәкен Сейфуллин деген ақын бар, қазір абақтыда, нағыз халық ақыны да, халық үшін күресуші де, міне, сол,— деді. Кейін Сәкенмен кездестім, қызметті бірге істедім те. Асқар бейнесін жазу керек болғанда елесін ұстаған адамым — Сәкен». (Бұл әңгімелесудің қолжазбасы менде сақтаулы).

Шындығында қаламгер санасында болашақ кейіпкердің кім болатындығы, кәсібі, түр-тұлғасы, іс-әрекеті іштей ұзақ қорытылып, айқындалып, жетілмесе, нанымды образ тумақ емес. Жазушы еш қалтқысыз өзінің ақын көріп, анық сезінгенін, кімді ұнатып, нені ойлағанын жазуға тиіс. Сондықтан да болар қаламгер атаулы болашақ кейіпкеріне прототип таңдағанда көбіне-көп өздері етене жақсы білетін адамға ғана тоқталған. Бұл ретте «Самое большое значение в художественной работе имеет, то что писатель сам пережил, видел, или с кем близко сталкивался» деген А. Фадеев пікірі ойымызды толықтыра түседі.

С. Мұқанов бас кейіпкерінің негізі ретінде Сәкенді бекер таңдаған жоқ. Ақын туралы алғаш естігендерінен 1919 жылдан бері оның жүрегінде Сәкен бейнесі берік орнады. Сәкенді ол революцияға, халыққа өмірін арнаудың ең зор үлгісі деп білді. 20-жылдардан бастап онымен бірге қызмет істеді, жақын араласып, Сәкеннің азаматтығы мен адалдығын, халқым деп соққан жүрегінің лүпілін көрді, ұстаз, аға, дос деп сүйді.

Жазушының ойынша болашақ шығарманың бас қаһарманы мұғалім болумен қатар Қазақстандағы революциялық күрес оқиғаларына белсене қатысқан, сол тарихи ұлы кезеңнің ыстық-суығын басынан түгел өткерген жан болып суреттелуі басты мақсат еді десек, бұл жағынан да Сәкен қаламгерге аса қолайлы кандидатура болды. Өйткені, өзі, өмірі сол дәуірдің жанды куәсіне айналған одан артық ревлюцияға қатысып, оның бар тауқыметін тартқан жанды табу мүмкін емес те еді. Жазушының Сәкенге тоқталуының тағы бір салмақты себебі біздіңше, осы.

Тип, прототип дегенде өмірде бар адамның айна-қа-

тесіз көшірмесі деуге болмайтындығы қашаннан мәлім жай. Кезінде солақай сыншылар «Ананың» кейіпкерлерінің жазылуы, образ бен прототип арақатынасы жөнінде теріс түсінікте болып, Павел мен Ниловна образдарын аналы-балалы Заломовтардың дәлме-дәл көшірмесі ретінде қарауға дейін барған. Горький Власовтар бейнесін жазарда олардың прототиптерінің бүкіл өмірін бүге-шігесіне дейін қамтып, әлдебір «көшірме» жасауды мақсат етпеген. Повестің жазылу тарихын арнайы зерттеген С. Касторский бұл ретте былай деген: «Многие черты их и можно сказать наиболее яркие (революционно-пропагандистская деятельность, участия в первомайской демонстрации, арест, суд) взяты Горьким для своих героев из жизни Заломова и его матери». («Мать» М. Горького (творческая история повести).Л., 1940, с. 60). Бұл аз болса, Власовтың прототипі Петр Заломов көзі тірісінде: «Произведение Горького не является простым пересказом моей жизни и жизни моей матери. Горький взял эти две жизни лишь как канву для своего художественного произведения» (Аталған кітап, 63 б.) деген-ді. Көп мәселенің шешімін осы сөз бергендей. Түйін: қаламгер геройларына негіз болар прототип өмірінен бәрін емес, сол өзі суреттер кезеңге (біздің мысалымызда революциялық дәуір) неғұрлым тән типтік іс-әрекеттерін ғана екшеп алады. Осыдан келіп прототип пен образ әрекетінде ұқсастықтар мен қатар айтарлықтай айырмашылықтар болуы да өнер табиғатына тән құбылыс деп тануымыз керек. Горький геройлары мен прототиптері арасындағы айырмашылықтар осыны аңғартады. Айта берсеңіз, Петр Заломовтың Павел Власовтың бірден бір прототипі емес екендігі, образдың қосымша модельдері болғандығы да ғылымда мәлім.

Осы секілді ерекшеліктерді біз Асқар мен оның негізгі прототипінің өмір жолдарынан да байқаймыз. Әдеби герой Асқар бізге белгілі Итбай болыска еріп Петербургтегі патша салтанатына барып, орыс большевиктерімен танысып, саяси тағылым алатын болса, С. Сейфуллин өмірінде мәселен, мұндай факт болмағаны мәлім. Сондай-ақ бұлардың жеке бастары, мінез-құлық, өнер, семьялық жағынан да айырмашылықтары көзге түседі. П. Заломов пен П. Власовтың өмір жолы, іс-әрекетіндегі айтарлықтай айырмашылықтар алдыңғысын соңғысының прототипі деп атауға бөгет болмағаны секілді Мұқанов геройы де Сәкенді Асқардың негізгі протоипі деп тануымызға кедергі бола алмайды. Әдеби кейіпкер — тарих емес, өнер

туындысы. Сондықтан да Асқар образынан Сәкен өмірінің көшірмесін іздеуге болмайды. Әдеби кейіпкер әрекетінде, ой-толғанысында прототип өмірінің барлық қырсыры түгел көрініс беруі мүмкін емес, әсте бола қалған жағдайда да көркем образды белгілі бір тарихи кезеңде ғұмыр кешкен адамның дәл көшірмесі деп тану ағаттық болар еді. Мәселен, М. Әуезовтің Абайы — тарихи Абайдың өмір деректері негізінде жазылған образ. Бірақ осылай екен деп біз эпопеяда бейнеленген Абайды анау тарихи тұлғаның айна-қатесіз көшірмесі дейміз бе? Жоқ қой. Әдеби қаһарман Абай — өз прототипінен анағұрлым биік, дара тұлға, өнер туындысы. Бұл — тарихи шығарма кейіпкерінің жасалу тағдырынан мысал десек те, мұның өзі екінші жағынан, геройы белгілі бір прототипке негізделіп жазылған барлық көркем туындыларға да ортақ заңдылық.

С. Мұқанов кейіпкерінің прототипі, досы С. Сейфуллинмен Асқар бейнесін, жалпы шығарманы жазу барысында талай рет әңгімелесіп, пікір алысқан екен. Әрине, жазушы Сәкенге бас кейіпкерінің тұлғасын кімнің өміріне негіздеп жазып жүргенін айтпаған, бірақ жазушылық мақсаты хақында ой бөліскен деп қорытынды жазуға болады. Бұл жөнінде автор кезінде бізбен жеке әңгімесінде (1970 жылдың 24 ноябрі) былай деген-ді: «Жұмбақ жалауды» жазуды 1935 жылы бастадым. Сәкенге «Жұмбақ жалаудың» арабша жазылған алғашқы нұсқаларын оқып та бердім. Сәкен: «Қазақтан шыққан большевектердің образын жасаудағы алғашқы қадам екен» деп құптап, тыңдады. Кейін де романның дайын тарауларынан бірқатар үзінділерін оқып көрді. Романды ол түгелдей оқып, баға бере алмады. Оған ол үлгіре алмады». Бұл да бір ерекше ескерілуге тиісті факт.

Ізденіссіз, творчестволық, адамдық биік мұратсыз жасалған кейіпкердің «өмірі» де ұзақ болмақ емес. Асқар — жазушы сүйіспеншілігінен туған өміршең образ, бейне азаттық ғасырының шымылдығын ашқан ұлы Горькийдің «Ана» повесінің бас қаһарманындай адамзаттық асыл мұраттар үшін күресуші жаңа адамның төл әдебиетіміздегі жарқын бейнесі.

Сонымен, С. Мұқанов геройлары роман беттеріне өмірдің өзінен келді, бар жақсылы-жаманды алуан адамдық күрделі мінез-сипаттарымен өмірдің өз лебін ала келді. Қаламгер адам образдарын жазуда, оларды тұлғаландыра түсуде өмір шындығы — прототипті кеңінен пайдаланды, творчестволық тұрғыда іске жаратты. Прототип өмірін

тірек нүктесі, басты нысана ете отырып, сол типтес, сарындас адамдар тағдырын, сан алуан өмір материалдарын жинақтай, саралай келе, толық қанды, авторлық мұратына сай образды жасады. Жазушы нанымды, реалистік образ жасау шеберлігін, міне, осылай меңгерген. Бұл сын сапарда Сәбит Мұқановқа қайталап түйіндесек, шығармасында бейнеленер дәуір сипатын, сол кездегі халық психологиясын, революциялық күрес диалектикасын, бір сөзбен айтқанда, ұлы өмірді жетік зерттеп білуі көмекке келді.

Ой түйіндей келе айтарымыз дәуір тынысын терең толғайтын толық қанды көркем де шыншыл шығарма жазуда қаламгерге іріктеліп, жинақталып алынған өмір фактілері қаншалықты қажет, маңызды болса, шығарма идеясын арқалаушы басты тұлғаны — образды мүсіндеу үшін де соншалықты дәрежде бұл өмірдің тағы бір ұлы шындығы өмірде болған адам әрекеті, тынысы керек.

Түрсын ЖҰРТБАЕВ

«СЕНІҢ КЕЛУІҢ — ШЫН КЕЛУ...»

(Сәбит Мұқанов және Мұхтар Әуезов)

Өнер адамдарының арасындағы өзара қарым-қатынас, достық тілек-ниеттер әр түрлі жағдайда қалыптасып, өмір өзегіне айналады. Тіпті қиын-қыстаяқты мол, қарбалас күндердің өзінде де жомарт жүректі жандар бір-біріне қол ұшын беріп, қолтығынан демеп жатады. Ондай ізгі қадамдар қашанда жан сүйсінтеді. Алайда олардың көзқарасы үнемі ұштаса бермейді. Әсіресе өнер адамдарының жолы өзге мамандықтың иелеріне қарағанда бұралаңы мен бұрмасы көп, «соқтықпалы, соқпақсыз» болып келеді. Сондықтан да қазақтың екі ой алыбы — Мұхтар мен Сәбиттің бір-біріне деген пейіл-ықыласының кейде риясыз ашық болуы, кейде көлеңке түсіп отыруы заңды. Біздің ойымызша, ол үшін қос дегдардың бірін қаралап, екіншісін ақтаудың реті жоқ. Олардың әрқайсысы өзінің өмірлік мұратын, өнердегі ілхамын қорғады. Қазір: «Мұхтар мен Сәбит үнемі айтысып келді. Олар — бітіспейтін дұшпандар еді»— дегенді жиі естиміз. Рас, араларына от жағып араздастырушылардың ырқында кетіп, қатты-қатты сөз айтысып, қабақ шытысқан тұстары да кездесті. Әсіресе

1951 жылғы «қара дауылда» екеуінің егесі шыңына жеткен. Бірақ та олар өзінің жеке басының араздығын қиын сәттерде ұмытып, халық мүддесін тізе қоса отырып, ортақтаса көтерген. Біз, шағын мақалада Мұхтар мен Сәбиттің «жаулығына» емес достығына, күйіндіретін емес, сүйіндіретін мінездеріне тоқталғымыз келеді. Осының өзінен қос алыптың өмірінен тәлім-тағлым алатын біраз жай аңғарылса керек-ті.

Ашығын айтсақ, олар өздерінің өткізген отыз жылғы ғұмырында бір-бірімен тіл табысуға ұмтылыпты. Соның бір кепілі — араларына салқындық түскен кезде өзара жазысқан хаттары. Хат жазушы — Сәбит. Барлық хатты Москвадан жолдаған. Соның ішіндегі ең маңыздысы — 1932 жылы Мұхтар түрмеден шыққаннан кейінгі Сәбиттің жолдаған достық сәлемі. Өзге-өзге, бұл ізгі тілек Мұхтарды ерекше қуантып, серпілткені анық. Өйткені...

I

Сол кезде Мұхтарға ауыр соққан жайдың бірі — ұзақ жылдар бойы өмірдің ащы-тұщысын татқан достарынан, пікірлестерінен көз жазып қалуы еді. Оның үстіне Ахмет Байтұрсынов сияқты рухани ұстазын, Жүсіпбек пен Мағжан іспетті абзал жандардың орнын кім баса алсын. Ілияс пен Қалибек қана қасынан табылды. Дегенмен де, өзге жазушылардың барлығы оны сыртқа тепті десек — шындыққа қайшы келеді. Соның ішінде он жылдай газет беттеріндегі мақалалары арқылы айтысып келген, Мұхтар түрмеден шыққаннан кейінгі жазушылар үйіндегі жиналыста танысқан Сәбит Мұқанов та жәрдем қолын созды. Сәбит ол кезде Москвада оқуда болатын. Сонда жүріп Мұхтарға хат жазды. Өзге емес, тура Сәбит Мұқановтың достық көңіл бөлуінің маңызы ерекше болатын. Өйткені, ҚазАПП-тың лидері болған Сәбиттің беделі үлкен және оның пікірімен өкімет те, өнер иелері де санасатын.

Әрине, уақыт талабы, өнерге деген көзқарас өзгерді. Мұхтар да, Сәбит те «ет қызуымен» айтылған пікірлерінен қайтып, Абайдың қаралаушысынан насихаттаушысына, зерттеушісіне айналды. Сәбең Мағжанды да, Мұхтарды да мойындады. Оған 1933 жылы 21 февральда Мұхтарға, 1934 жылы ноябрьдің екісі күні М. Горький мен оның әйелі Пешкованың көмегімен түрмеден босанған Мағжанға жазған хаттары дәлел. Екі хатта да Сәбит пікір таластыра отырып, ойын ашық айтады. Біз, сол кездегі саяси және әдеби ортаның жай-күйін толық білдіру макса-

тымен хатты қысқартпай, сол қалпында келтіреміз. Және Мұхтарға тағылған айыптардың біразы осында қамтылған. Сондай-ақ, екі алыптың қарым-қатынасы жөнінде орынды-орынсыз, дәлелді-дәлелсіз айтылып жүрген қауесетті жоққа шығару үшін де керек. Сәбит өз өмірінде үш рет Мұхтарға хат жолдапты. Соның ең біріншісі төмендегідей.

«21 февраль 1933 ж. Москва.

Мұхтар!

Бұдан бірер жыл бұрын біз екеуміз екі таптың жыршысы ек. Марксизм объекті мен субъектіні бірінен-бірін айырмайды. Объективно тап тартысында бір-бірімізбен майдандасқан адам болғандықтан, сені білмеймін, менің өз қара басымды алсақ, сені субъективно да ұнатпайтын ем. Сөйткен саған менің осы хатты жазуымның өзі көлденең қараған адамға ұқпайтын нәрсе сықылды көрінуі мүмкін. Өйткені тап тартысы біз майдандасатын кезде күшеймесе кеміген жоқ. Таптар біткенмен, тап өкілдерінің татулығы болу мәселесі әлі ерте. Және қарсы таппен біз татуласып жақындаспаймыз, жоямыз.

Сенің газеттерге жазған хатыңды, Жазушылар ұйымының жиылысында айтқан сөзіңді оқыған адам, марксизмге таныс адам, әрине, бұл хаттағы жазғанға таңданбайды. Бұл — заңды хат. Адам тас емес. Адамның дүние тануы тұнған су емес. Бүгін дұрыс деп санаған пікір ертең қате болуы, қате пікірден адамның қайтып, жаңа, дұрыс пікірге көшуі адамның адамдық қасиетіне сыйымды нәрсе. Марксизмнің идеализмнен, дөкір (грубый) материализмнен айырмасы: әр нәрсені қозғалыс түрінде (в движении) алады, ой-сананы тұрмысқа, материалды өмірге тірейді. Адам баласының өмір тануы ретінде, өзгермейтін ең соңғы ғылым — марксизм болатын себебі де осы. Марксизм өмірді танудың дұрыс әдісі (метод). Сондықтан ол: барлық өмірдің өркендеуін диалектикалық материализм көзімен таныған сықылды, өзінің өркендеуін де осылай таниды. Марксизмді ленинизм өркендетуі... дұрыс ғылымнан туған нәрсе.

Олай болса, сенің хатыңды, сөзіңді көріп марксшіл адам таңданбайды. Бұл заңды, табиғи нәрсе деп табады. Бір таптың жоқшысы болып жүріп, екінші тапқа көшу, тарихта бірінші рет болған нәрсе емес. Сондықтан сенің пролетариат тілегіне келуіңді де адал келу деп ойлаймын. Бұл — сенің көңіліңді көтеру емес, шыным. Біреулер сенің

жазаға тартылғаныңа байланыстыруы мүмкін. Оған повод бар да. Өйткені Достоевский жазаға тартылғаннан кейін, төңкеріс пікірінен пышақ кескендей айырылып, барып тұрған реакционер болғаны мәлім. Күшке көнетін кісі де, көнбейтін кісі де болады. Ескі пікірінде шын қатқан тұрақты адам, жазаның ауыры — өлімге бара алады. Менің де өз қара басым сені қорқудан емес, ұяттан келген адам (не перед страхом, а совестью) деп ойлаймын. Олай болса. күдіктің орны болмауға тиіс. Және болуға мүмкін де емес. Өйткені әрбір адамгершілік санасы бар адамның негізгі ойы — біреуді біреу құлданбауда, адам баласы теңдес өсуде болу керек. Бұған сөз жүзінде: Каутский де, Чемберлен де қарсы емес. Қәтте, «Пуанкаре-война» атын алған Пуанкаре де қарсы емес. Лига нацияны Пуанкаре құрған. Лига сөзде қару тастауды кеңес қылғалы қанша болды? Бірақ әңгіме сөзде емес, істе. Марксизм іс пен сөзді қатар алады. Олай болса, іс жүзінде адамды адаммен теңдестіруге қандай жол дұрыс апара алады? Қай топ оны істеуге әлі келеді?

«Өндіріс құралы жеке меншікте тұрғанда, біреуді біреу құлдану қалмайды»,— деген Маркс. Бұл — марксизмнің негізгі жолының мықты бір бұтағы. Адам — қоғамдас мақұлық. Жеке адам өзін өзі еш уақытта асырай алмайды. Қоғам мүшесі біріне-бірі көмектесіп, бірінің жоғын бірі табады. Олай болса, олардың бірлесіп жұмсайтын құралы ортақ және өндірушінің өз еріктерінде болу керек. Пролетариатқа шейінгі тап, біреуді біреу құлдану негізінде құралған тап болғандықтан, бұны істе жүзеге асыра алмайды. Жүзеге асырса өзін-өзі жою керек. Өзін-өзі жою олардың қолынан келмейді.

Маркс неге пролетариатты басқа таптан таңдап алды? Қара шаруаның да біразы еңбек иелері, оларды неге алмады? Маркстің пролетариатты таңдауы — олардың өзгеше боп жаралғандығы емес, олар да адам баласы. Олардың өзге таптан өзгешелігі — жекешілдік бағыт, меншік жоқ. Оларда еңбек ортақ. Олар — ортақ тұрмысқа үйренген, сондықтан олардың ортақ қоғам жасауға әлі келеді. Энгельс: «капитализмнің пайдасы, өндіріс құралына ортақ, меншіксіз адамдарды өндіріске жиып, ортақ қоғам жасауға способный пролетариат жасап берді»,— дейді. Маркс адамға қарсы емес. Ол адамды адам жеуге қарсы. Ол қанаушыны жоюға ұран тастаушы. Осы шын мағынасындағы адамшылық өмір жасауға әлі келетін тап — пролетариат. Оған пролетариаттың тұрмысы куә. Маркс-

тың пролетариатқа сүйенуі, марксизмнің пролетариат идеологиясы екендігі осыдан.

Маркстің еңбекшіл қара шаруаға сүйенбегені — онда жекешілдік бағыт күшті. Қара шаруа пролетариатпен одақтасқан күнде ғана социализмге бара алады. Іс жүзінде адамды теңдестіру, пролетариаттың қолынан ғана келсе, кімде-кім пролетариатқа қарсы болса, сөзінде пәленмін дегенмен, ол адамгершілікке қарсы. Бұны түсінген адам, сөз жоқ, пролетариат тілегіне көшеді. Марксизм — адам баласының миллиондаған жылдар жасаған күресінің, өркендеуінің ең жоғарғы мұнарасы. Кімде-кім осы мұнараға шықпаса, биік мұнарасы, коммунизмді көре алмайды. Сондықтан сен сықылды адамдардың марксизмге келуі, ең алдымен, адамгершілігін өтегендігі.

Сенің бұдан былайғы әдебиет — шығарма жұмыстарында біраз қиындықтар болуы мүмкін, өйткені сен пролетариат тілегіне қарсы болған адамсың, сондықтан пролетариат саған біразға дейін сене алмайды. Сен «қателесем бе» деп, біразға шейін жалтақтық істеуің мүмкін, «жасасын» жағын басыңқырауың мүмкін. Пролетариат, әрине, сенен оны тілемейді және ондай шарт қоймайды. Пролетариат — сынды, өзара сынды жақсы көретін тап. Кемшілігін жасырмайтын тап. Ол кемшілікті ашуды тілейді. Бірақ қалай ашады? Мәселе осында. Біздің тұрмыстың жарық жағымен қатар күңгірт жағы да бар. Ол — күңгірт, пролетариатқа закономерный емес, ол ескі таптан қалған мұралар. Оларды ашу (жолы) — социалистік реализм. Бірақ ашқанда пролетариатша ашу керек.

Қазақстанның былтырдан бергі жағдайында перегиб арқылы біраз қиындықтар болды. Бұл қиындық, пролетариаттың таптық тілегінен туған қиындық емес, жеке адамдардың дұрыс басқара алмағанынан туған қиындық. Осы қиындық біраз адамдардың ішіне күдік салуы: «марксизм ұсақ ұлттардың жүрер жолы бола алмайды» деген ойға кетіруі мүмкін. Әрине, ол марксизм ғылымына піскен адамның ойы. Марксизм — дұғалық емес, істің құралы. Төңкерісшіл пролетариат төмен қалған ұлттарды социализмге апара алады. Ол біздің одақта дәлелденді де. Ал Қазақстан жайында болған перегибтерге, марксшіл адам сын көзімен қараумен бірге, перегибті жоюға жәрдемдеседі.

Бұл сөздер, әрине, үгіт емес, (сен сықылды пікірі ержеткен адамды үгіттеудің өзі, бір жағынан қарағанда, балалық болар еді) марксизмнің негізін айтқандық.

Мен өзім партияға өтірік кірген адам емеспін. Бірақ

басында ақылмен емес, жүрекпен кірген адаммын. (Бұл демагогия емес). Өйткені мен партияға кіргенде марксизм ғылымының негізін шала білетін адам едім. Бірақ партияға кірдім. Осының өзі странно көрінуі мүмкін. Бірақ онда түк таңдану жоқ. Бұл — марксизмнің құрғақ теория еместігіне марксизмнің тамыры еңбекші халықтың ішінде өсетіндігіне дәлел. Марксті білмеген еңбекшілер толып жатыр. Марксизм солардың ішінен өскен. Біреулер шен үшін партияға кірді. Біреулер күн көріске кірді. Мақтануын ішіне ала сөйлегенде, менде мұның бірі де болған жоқ. Білім кемдігінен болған қателікті былай қойғанда, мен өз қара басымды таза, пролетариаттың ісіне берілген адаммын деп санаймын. Күңгірт жақтарым болды. Бірақ мен қоғам ісіне қатынасып, бір жолда келем деп тарих алдында мақтана алам. Келешек өз алдына.

Өскен сайын (ой өсуін айтам) адам, әрине, объективно бола бастайды. Мен өз қара басым тұрмысқа объективно қарай алғаным сықылды, (осы күнде) Қазақстан жағдайының қазіргі күйіне объективно қарай алам. Қазақстандағы қазіргі еңбекші таптың перегибтен көрген қиындығына іші ауырмаған адам — коммунист емес. Олар — баққұмар, арамтамақтар. Бірақ құр іші ауырып қою, күрестен қол тарту болар еді. Оның арты кеңес үкіметінен, социалды идеядан қайту болар еді. Оған өз қара басым бара алмаймын. Партияның бұл перегибті түзеуге әлі келуіне сенем. Құр сенім де ешнәрсе болмайды. Біздің мақсат — перегибті түзеуіне көмектесу. Көмекке әркімнің мамандығынан құралы бар. Біздің құрал — көркем әдебиет. Сондықтан біздің мақсат — көркем әдебиетпен қазақ еңбекшілерінің тұрмысын түзеуге жәрдемдесу, партияның кәсіпке, колхозға ұстап отырған жолын түсіндіру.

Біз Алматыда көріскенде жөнді сөйлесе алғамыз жоқ. Біздің сенімен сөйлескендегі мақсатымыз, сені үгіттеу емес, түзелем деп алған бетіңе жолдастық көмек көрсету. Сол көмек, кеңес ретінде осы хатты жазуға тура келді. Хатта толық пікірді айту мүмкін емес, менің бұл хаттағы міндетім, бар мәселені айтып бітіру емес, бірінші — сөзіңе сенгендігімді білдіру, екінші — пікірімді айту.

Егер сен бұрынғы Мұхтар болсаң, «қанжығада көрісермізбен» айдай берер ек. Қазір ол пікірден, әрине, аулақпыз. Түзелуіңе бізден керекті жәрдем болса, қолдан келгенше аянбаймыз. Сенің міндетің —біздің алдымызда емес, пролетариаттың алдында (біз де соның ішіндеміз ғой) сөзіңді іс жүзінде ақтау.

Жолдастықпен, Сәбит Мұқанұлы».

Біздің ойымызша, Сәбиттің бұл сенімін Мұхтар толық ақтап шықты. Саяси-таптық қарсыласын бауырына тартқан Сәбеңнің осы қадамын нағыз азаматтық қасиет ретінде бағалауға толық негіз бар. Әрине, олардың араз боп айтысып жүрген кездері де болды. Бірақ оған әлі талай жыл бар еді. Ең бастысы — Мұхтардың басына күн түскенде Сәбиттің жанынан табылуы.

Мұның өзі Мұхтарға дәл уақытында, ділгір шағында жасалған ұмытылмас жақсылық еді.

II

Араға үш жыл салып Сәбит өзінің «пролетарлық уәдесін» орындады. 1934 жылы Жазушылардың бірінші съезі өтті. Онда әсіре солшыл РАПП таратылып, тұңғыш рет «ұйымсыз жазушыларды» қатарға тартып, оларға творчестволық еркіндік берілді. Мұхтар ол съезге қонақ ретінде шақырылды. Қайтып келгеннен кейін, өзінің бұрынғы шығармаларын қайта бастыруға мүмкіндік алды. Ал тәуекелге бел буып, жариялауға ешкімнің дәті бармады. Сенімді, беделді адамның сәт-сапары қажет еді. Ондай мүмкіндіктің ретін табу да қиын, ал барлық жауапкершілікті бір адамның мойнына алуы — одан да қиямет еді. Соған қарамастан, Сәбит Мұқанов «бәйгеге басын тігіп», редакторлықты өз мойнына алды. Әңгімелердің қайта басылуының мақсатын оқырмандарға түсіндіру үшін екі бірдей алғы сөз жазуға тура келді. «Ескілік көлеңкесінде» атты шағын жинаққа «Жазушыдан түсінік», дәлірек айтсақ, «өзін өзі ақтау» сөзі берілді.

Ерлікті тәуекел тудырады «Тәуекел түбі жел қайық — өтесің де кетесің» дейді халық даналығы. Дұрыс пайымдау, алайда заман көшіндегі тарихи қажеттілікпенен шыңдалған осы сөз — бүгінгі идеологияның түсінігіндегі ескірген термин. Мемлекеттік саясаттың қатпары қалың, торабы тоқсан тарау. Әрбір тұжырым, ұғым, еркін пікір — өте нәзік талданған. Істің, сөздің мың түрлі астары суыртпақталып шығады. Соны көре, біле тұрып, автордың өзі кібіртіктеп, тосырқай ұсынған қолжазбаға редактор болып, оны барлық «айыбынан» ақтап алу — шын ерлік, рухани тәуекел, адал достық еді. Бұл — Мұхтардың алдын орап, «айналып» үйіріліп шырмала берген «ескішілдіктің» шапанын жамылып, Сәбиттің өзі де «қара тақтаға жазылуға» бел буды деген сөз. Араға екі жыл салып сол «ерлігі үшін» «халық жауының қалпағын киерін» білген жоқ, әрине. Ол үшін ең басты мақсат халықтың аяулы

азаматын қатарға қосып, әдебиетті Мұхтарсыз, Мұхтарды әдебиетсіз қалдырып, жетімсіретпеу еді.

Міне, Сәбит Мұқановтың, Сәбиттің, Сәбеңнің азаматтығы осында. Сол үшін Мұхтар Әуезов, Мұхтар, ұлы Мұхаң оған қарыздар. Себебі — сол бір отамалы тұста Мұхтар бері өтпей, ескі жағалауда қалып қойса, онда кейінгі творчестволық тағдырдың желкені көтерілмей, алыста қол бұлғап қала берер еді. Бүгінгі күнге, яғни келешекке кешігіп жеткен рухани кеменің бірі ғана боп қалу қаупі төніп тұрды. Сондай сынақ шағында Сәбит қол ұшын беріп, жағаға шығарып алды. Заман ағысының толқынымен кетпес үшін Мұхтарға «бір-екі сөз», жылы сөз жетпеді. Сол лебізді «Ескінің көлеңкесі» жинағының беташары ретінде Сәбит Мұқанов айтты.

Екі алыптың арасындағы адамдық, пендешілік байланыстар хақындағы алып қашты сөз, тіпті өсек-аяң көп. Бірақ олардың бір-біріне жасаған азаматтықтары туралы айтуға келгенде сараңси қалады. Баспасөз, хат-қағаз беттері де бұл ретте жомарттық танытпайды. Сондықтан да «өзгеге қиса да өлімге қимаған» иықтас жандардың иірімі мол өміріндегі шуақты шақтарының белгісі есебінде, жинаққа жазылған Сәбит Мұқановтың «Бір-екі сөзін» толықтай келтіруді парыз деп санадық.

Ондағы сынның да, сырдың да астарын, зиялы жан «ішпен сезер...» Сыртқа итергенсіп отырып, бауырына тарту да қырғи қабақты, көлденең көзді алдамсыратқан өзінше бір «із тастау» еді. Онсыз мақсатқа жете алмайтын.

Сол «із тастау» мынадай:

«Жолдас Мұхтар Әуезұлының бұл жинағына төңкерістің бастапқы кезінде жазған әңгімелері кірген. Идеологиялық жағынан бұл шығармалар тұрмысқа пролетариат көзқарасымен қарап жазылған шығарма деп айта алмаймыз.

Дегенмен, бұл әңгімелерді басу қажет. Өйткені өткен өмірдің мұраларынан пролетариат түгел жерімейді, «адамның ақылы тапқан заттардың бәріне сын көзбен қарап, керектісін алады» (Ленин). Мына әңгімелер де сондай сын көзбен қарап, бүгінгі өмірдің пайдасына жарататын құралдың бірі. Олай дейтін себебіміз: бұл әңгімеде Мұхтар тұрмысқа байлар, феодалдар табының көзімен қарай отыра, солардың идеологиясына арқа тірей отыра, сол кездегі бірсыпыра шындықты ашады.

«Қорғансыздың күніндегі» қара ниет болыстың әлсізге істеген айуандығы, «Оқыған азаматтағы» «ақ жүрекпін» дейтін оқыған жігіттің барып тұрған қара жүректігі, аз

да болса, сол заманның шындығын ашқандық. Әрине, Мұхтар ол кезде болыс пен оқығанды сынап, шірігін ашқанда, қиянатшылды жою, түбірімен құрту, солар сүйенген негізді құрту керек деген қорытынды айтқысы келген жоқ. Осы кемістіктерді көрсетіп, шіріген тұрмысты бүтіндегісі, өндеп жамағысы келді. Бірақ әңгіме Мұхтардың мұндай субъектілік пікірінде емес, объектілік шындықта.

«Лев Толстой — орыс төңкерісінің айнасы» деген тарихи еңбегінде Ленин: «Егер шын суретші болса, төңкерістің ең болмаса белгілі бұтағын көрсетпей отыра алмайды» деген. Шекспир, Гете, Пушкин сықылды жер жүзіне атақты классиктердің пролетариатқа қасиеті — идеологиясында емес, өз дәуірлерінің шындығын аз да болса көрсетіп кеткендігінде. Пролетариат өткен өмірінің біраз шындығын солардың шығармалары арқылы біледі. Өткен өмірінің шындығын дұрыс ұғумен бұрынғы өмірдің күресі тығыз байланысты.

Олай болса, идеология жағынан пролетариаттық болмағанмен, Мұхтардың бұл әңгімелері арқылы ескі ауылдың кейбір шындықтарын, қанағыш таптың еңбекшіге істеген зорлығын аз да болса көреміз. Қанағыш тапты бүгін жойып жатқан бізге бұл әңгімелер объективно жәрдем істейді.

Бұл әңгімелер пролетариатқа қандай сабақ болса да, жазушы Мұхтардың өзіне де сондай сабақ. Мұхтар — қазір байшылдық бағытының залалдығын түсініп, кеңес тілегіне көшіп отырған жазушы. Осы басып шығарған әңгімелер болсын, басқа еңбектері болсын, идеологиясын былай қойғанда, Мұхтардың ірі суретші екеніне айқын дәлел. Сондай ірі талантын бұдан бірнеше жыл бұрын шірік тұрмысты түзеуге жұмсаса, енді нағыз, жас, күшті, келешегі бай тұрмысты құрысуға жұмсауға тиісті. Сондықтан өткен қатесі мен бүгінгі түзелуін салыстырып, содан сабақ алуға, бұл әңгімелер Мұхтардың өзіне де көп көмек істеуге тиісті.

Сәбит Мұқанұлы.
Алматы 8.VI. 35 ж.»

Кітап шықты. Мұхтардың беті ашылды. Бірақ тағдыр талқысы мұнымен аяқталған жоқ. «Ескілік көлеңкесіне» жазылған алғы сөз бір жылдан соң Сәбиттің өзіне оқ боп атылды. Әйгілі отыз жетінші жылдың «қара дауылы» тұсында Сәбит Мұқанов та зауалға ұшырап, орнынан алынды. Іле партия қатарынан шығарылды. Оған себеп

болған нәрсе, «Қазахстанская правда» газетінің сентябрь айының ортасындағы санында жарияланған белгілі мақаладағы мына жолдар:

«Қазақ даласын совет келгеннен бері қара пәле қаптаған деп суреттеу, ақ боран астындағы өліктей суреттеу ұлтшыл жазушының шығармаларындағы негізгі идеялық мотиві болатын. Әуезовтың бұл әңгімесінің сарыны да сол ізбен кеткен сарын. Совет үкіметінің жолына, саясатына қарсы жазылған бұл әңгімелердің бүгінгі жұртшылыққа қаншалықты керек екенін автор Әуезов те, кіріспе сөз жазған Мұқанов та, редактор Жаманқұлов та түсінсе керек еді. Бірақ практикада бұлай болмай шықты, ұлтшыл бағыттағы әңгімелерді басып шығарды».

Әуезовтің бұл жинағына кіріспе сөз жазған Мұқанов жолдас былай дейді: «Олай болса идеология жағынан пролетариаттық болмағанмен, Мұхтардың бұл әңгімелері арқылы ескі ауылдың кейбір шындықтарын, даналықтарын, еңбекшіге істеген зорлығын аз да болса көреміз... Осы басып отырған әңгімелер болсын, басқа еңбектері болсын, идеологиясын былай қойғанда Мұхтардың ірі суретші екеніне айқын дәлел» (5-бет). «Өзі идеология жағынан жат, зиянды болсын, сөйтсе де, ол бізге пайдалы, керек нәрсе»,— дейді. Егер, шығарма пікір, идея жағынан бізге қарсы, залалды болса, ол шығармада ешбір шындық жоқ, ондағы көркемдік зат идеяға бағынулы болады. Идеясыз, пікірсіз ешбір көркемдік — көркемдік болып танылмайды. Мұқанов жолдас Әуезовтің шығармаларының зиянды пікірлерін ашып, алдын ала жұртшылыққа ескертіп айтамын деп, өзі теріс пікірлер ұсынып отыр. Мұқанов шын қырағы болса — Әуезовтің бұл әңгімелерін бастырмауы керек еді. Бірақ бұған Мұқановтың да, Жаманқұловтың да большевиктік батылы жетпеген. Жазушылар ұйымы бұл сорақылықты да көрмеді, бұл жайында жұмған аузын ашпай отыр».

Мынадай айыптаудан кейін «жұмған ауыздар» ашылмай қоймады. Сыншы-идеолог өзіне қажетті сөздерді де дәл тауып, логикалық тұрғыдан сондай шебер қиыстыра білген. Бұл да «мақсат жолындағы күрестің» бір оңтайлы тәсілі. Ең пысық, опасыз түрі. Әуезовтің «шаруасын бітіріп» алған соң, Ілиясқа, Сәбитке ауысып, Р. Жаманқұловтың сыбағасын берді. Оларға тағылған айыптың құны тым қымбатқа түсті. Ілиястың өлеңдерінің идеялық «контрабанда» екендігін дәлелдей келіп: «Жау» деген өлеңінде, Әуезовтің әңгімелеріндегідей, ескі феодалдық ауылды көксеп, арман қылады»,— деп тұжырым жа-

сады. Бұл мақала Ілияс пен Р. Жаманқұловтың қылмысын әшкерелеген, олардың «жапон империализмнің агенттері» екендігін дәлелдейтін «үш айғақтың» бірі ретінде тіркеліп, үкім есебінде қабылданды. Сәбит Мұқановтың партиядан шығарылуына «септігін» тигізді.

Өзге—өзге, бүкіл саналы өмірін пролетариатқа қызмет етуге жұмсаған Сәбит үшін партия қатарынан шығарылудан артық әділетсіздік жоқ еді. Осындай ауыр жазаға ұшырауына Мұхтарға жасаған жақсылығының да «себі» тиді.

Мұны Сәбит Мұқановтың азаматтық ерлігі деп те бағалауға болады.

III

Қашанда дананың орны толмайды. Сондықтан да оларды данышпан деп атайды. Бірақ оны мойындау да, мойындату да оңай емес.

Егерде Мұхтардың өмірі кіл жақсылықтан құралды, үнемі жазықсыз жапа шекті, оған жасалмаған жауыздық, көрсетпеген қиянат қалмады, дос таба алмады, халық қолдамады және оны өзі сезінбеді, тұрмыста да жарым көңіл күй кешті, ылғи да от пен судың ортасында жүрді, жалғыз қалды десек, оның тұлғасын биіктетемін десек — өкінішке орай, бір кесе шайының өзін күдіктене ішетін секемшіл, жапа шеккен жасқаншақ жан етіп көрсеткісі келген дүниелердің пайда болғаны да рас — онда шындықтың бетін шымылдықпен бүркегеніміз және бұдан асқан қиянат, бұдан асқан сұрқиялық, бұдан асқан жала болмайды. Мұхтарды қорлаудың ең оңай жолы бұл! Мұхтарды ешкімнің мүсіркеуге хақысы жоқ және мүсіркетпеген де. Еркелесе — еркелеткен шығар. Бірақ басына шығарып, басындыртпаған. Өз есесін емін еркін алып, емін-еркін төрде отырған. Қатты ренжітіп, өкпелесіп, ұзақ сілкілескен кездері бар. Ол — дұшпандықтан, өшпенділіктен ада, таза пендешіліктен туған ұсақ реніштер. Мүмкін, кейбірінің тым ушығып барып басылуы да. Ал Мұхтардың көзін жойып, атын өшіру үшін исі қауым бірігіп, қасақана қастандық әрекет жүргізді деу — оқиғаны өз ыңғайына бұра, әдейі өршіте түсу үшін әрекеттенгендердің далбасасы.

Рас, Сәбит Мұқановпен біраз уақыт ренжісіп, араларын суытып алғаны шындық. Оны жасыру — екеуін де жала мен өсектің өртінде қалдыру деген сөз. Әуеліде

әзіл-қалжыңнан басталған өкпе-наз біразға дейін түсініспеушілікке итермелеген. Кейбір мәжілісте, отырыста Сәбит те шалған, Мұхтар да қарымтасын қайырған. Бірақ бұл реніш екеуінің өзара жеке бастарының кірбіңінен асқан жоқ. 1949 жылы «Абай» романының екі кітабын бірінші дәрежелі Сталиндік (Мемлекеттік — Т. Ж.) сыйлыққа және 1959 жылы Лениндік сыйлыққа ұсынған өзге емес тура Сәбит Мұқанов болатын. Мұндай кесек мінезді адамдар халық игілігіне қуанбаса, кері тартпайды. Ал екі алыптың араздығынан пайда тауып, қасақана өрт қоюшылар болған. Және көбінің аты қазір ұмытылған, еске түсірудің өзі қиын, кім екені белгісіз жандар. «Кешке жақын Мұхтарды пәлен мен түген қисайтып кетеді, оны таңертең ана адам барып қайта түзейді»,— деген Айқын Нұрқатовтың қанатты мысқылы содан шыққан.

Иә, «пәлен мен түгендердің» кесірі тиді. Олардың атын атаудың өзі артық. Бұдан былай Сәбитпен арадағы түсініспеушіліктеріне ашық тоқталамыз. Өйткені, бұл мәселені анық айтып, бағасын беріп, өз орнына қоятын кез жетті. Олар бітіспейтін дұшпандар емес-тін. Заман ағымында, уақыт екпініндегі өтпелі жайларды екі түрлі көзқараспен қабылдаған, алайда мақсаттары ортақ халықтық тұлғалар. Қысылған сәттерінде қол ұшын беріп, бір-бірін демеп отырған. Сондықтан да Мұхтардың өміріне көлеңке түсіріп, жүрегіне жара салғандардың әрқайсысының атын атап, түсін түстемей-ақ, халқымыздың тауып қойған «пәленше мен түгенше» деген емеуірін есімін пайдаландық. Дегенмен де қисынсыз қазымырлықтан, орынсыз алакөзділіктен арылып, ой желісінен адасып кетпес үшін жинақтап алдық. Сондай-ақ, сол «пәленше мен түгеншелер» кейін кешірім өтінген және олардың балаларының бетіне шіркеу түсіру — шындыққа жаны ашығандық деуге жатпайды. Уақыт оларға өз үкімін шығарып үлгірді. Ал әркім оқиға ілігінен «пәленшені» танып жатса, ақтап ала алмаймыз. Өйткені бықсық әңгіменің біразы әлі өшкен жоқ. «Түгеншенің» арасынан:

«Но ненавистником Шекспира
я был лишь только от того,
что был завистником Шекспира
И современником его»,—

дегендей, өзін-өзі жазғырып, мойындаса, талай шындық калпына келіп, дүние көші ауған теңін түзер еді-ау.

Ол үміт әлі ақталған жоқ. Ақталар ма? Оны сол «пәленшелер мен түгеншелердің» ар-ұятына тапсырамыз.

Мұхтардың тағдыры хақында толғағанда бұлтартпайтын, айтуға да, айтпауға да болмайтын шындықтардың ұшырасатынын жасырып қала алмайсың. Үндемей кету — шындыққа қиянат.

1940 жылы халқымыздың өнер саласындағы тұңғыш әдеби-мемориалдық музейі Семей қаласында құрылды. Сондай-ақ Абайдың туғанына жүз, қайтыс болғанына қырық жыл толуын мемлекеттік дәрежеде атап өту жөнінде Қазақ ССР Халық Комиссарлары советінің арнайы қаулысы шықты. Бұл — бұрынды-соңды творчество қайраткеріне көрсетілмеген құрмет еді. Сол тұстағы Мұхтар Әуезовтің үйдегі, түздегі өміріне, жалпы әдеби ортаның тынысына қанық Қайым Мұхаметқановтың естелігі арқылы жазушының творчестволық толғанысы мен тіршілігінен мағлұмат ұсынамыз.

«Әлі есімде, қырқыншы жылы Мұхтар мені Алматыға шақыртып алды. Обкомға сол кездегі СССР Ғылым Академиясының қазақ бөлімшесінің президенті Қаныш Сәтбаевтың атынан телеграмма жолдапты. Бұдан ілгерідегі «құралайдың салқыны» тұсында пединституттың студенттері атынан хат жазып, Сәбит Мұқановтың лекция оқуын өтінгеміз. Ол кісі қашан жағдайы түзелгенше Семейде болды. Мұхтардың сәлем хаты арқылы Әбділда Тәжібаев келген. Егер менің төрелігіме салса, кейде ағалығінідей, кейде өкпешіл баладай қарым-қатынаста болған бұл екі адамның өзара байланысын онша түсіне бермейтінмін. Асылығы болса — Әбділданың өзі айтсын. Ақын емес пе, талай-талай қызықты өткердік. Бір күні біздің үйге ұқыпты киінген, бұйра шашты адам келді. Қолында үлкен саквояжы бар. Мені сұрады. Мән-жайды білген соң: «Мен Әлкей Марғұланмын. Мына қонақ үйден мені алып кет. Міне, Мұхтардың хаты. Іші толған қандала. Екіншіден жұмыс істетпейді. Бар, заттарымды алып кел»,— деді. Әлкеймен осылай таныстым. Үш ай бойы архивті ақтарды. Өзгелердей емес, табандап отырып алады. Ешқайда шықпайды. Мен серуендесе екен деймін. «Уақыт жоқ. Көрмеймісің, жұмыс істеп отырмын» деп өзіме ұрсады. Бұл адамдардың барлығымен Мұхтар арқылы таныстым. Әйтпесе, әлі аты белгісіз адамды академия қайтсін. Әдебиет тарихын, оның ішінде Абайды зерттеп жүргенімді біледі.

Ол уақытта поездың жүрісіне сенім аз. Неше тоқтап, неше жүреді. Мұхтарға телефон арқылы хабарластым да, аттанып кеттім. Бірінші Алматының вокзалы мен Алматының арасы елсіз иен. Таңға жуық келіп жеттік. Перронда

ешкім жоқ. Ішке кірсем, ескі шапкісін көзіне түсіріп Мұхтар қалғып отыр. Мені қарсы алуға шығыпты. Өкімет Күләш пен Шараға бір машина бөліп берген. Бензинді өзі таппаққа уәделесіп, соны сұрапты. Қарсы алуды Есмағамбет Ысмайыловқа тапсырыпты. Тәуліктеп кешіккен поездан күдер үзген ол ұйықтап қалып, түнделетіп өзі келген беті екен. Содан әңгіме басталып, үзіліс көрсекші. Сәске әлетінде Сәбит звондады. Сөздері естіліп тұр.

— Әй, Мұхтар, сәлеметсің бе? Әлгі Қайым сенің үйіңде ме? Берші трубканы,— деді. Алдым. Бірден дүрсе қоя берді.— Менің үйім тұрғанда, онда нең бар. Сен маған туыс емессің бе? Нақ ат басын тірейтін отауын. Керей, уақ қашан бөлініп еді. Қалжың ғой. Тез жет. Ет асулы, дайын.

Мен Сәбиттің саңқылдаған дауысын естіп тұрған Мұхтардан ұялдым.

— Қонаққа шақырды ма? Бар. Ұят болады. Бірақ түскен, жатқан үйіңді ұмытпа. Қай уақытта, түн ортасы болса да кел. Қонып жүр,— деді.

Шындығына көшкенде, екі сыйлы адамның қас-қабақтары маған онша ұнамады. Араздыққа, бақталастыққа қимадым. Қазақтың қарабайыр қалжыңына жатқыздым. Сәбең құшақ жайып қарсы алды. Арғы-бергі жайдан әңгіме-дүкен құрдық. Талай естеліктер шертілді. Мағжан ақынның өзін тәрбиелегенін, Орынборда шанаға ақ боз ат жегіп, көшірі болғанын, «Алтын мүйіз» ресторанының алдында ұзақ тұратынын, өзінің оған қарыздарлығын айтты. Абайдың тойына дайындыққа Мұхтармен бірлесе күш салғаны қозғалып, іле Мұхтардың өзіне ауысты. Жазушылығын асқақтата мақтап, өздерінің оған ілесе алмайтындығын мойындап: «Ол Абайдың тәлімінен нәр алған. Білім уызын жасынан қанып ішкен» дей келіп, күдікті бір жайды суыртпақтады. Екі алып та қазір жоқ. Алайда қалжыңға сүйесе де, Сәбеңнің сол сөзі, шындығында да, реніш тудырарлықтай еді. Жастығым-мастығым емес пе: «Сен Мұхтардың өзіне айтшы, ол қуанып қалады. Айта алмай жүр ұялып. Ол — Абайдың бел баласы»— дегенін малданып, түнгі үште Мұхтардың үйінің есігін қақтым. Өзі ашты. Қуанып:

— Е, бәсе, келер деп күтіп ем және мына тарауды үш рет жазып шығара алмап ем. Жаңа ғана сәті түсіп, қыбын таптым. (Ол Абайдың жас өлім туралы күйінетін тұсы). Жүр. Кімге оқырымды білмей отыр едім,— деп кабинетіне бастады.

Сұрағымды таңға қалдырып, романның тарауын тың-

дадым. Аяқ алысы кең, сөзі ірі, «Ақ білек» атты ертеде оқыған бір әңгіменің жазылу мәнерін еске салады. Содан таңертең дастарқан жайылып, ортаға самауыр қойылды. Ептеп бой жылытып, тершіп алдым. Лекцияға кетуге ыңғайланғанда:

— Мұха, сізде сүйіншіге лайық қуаныш бар ғой. Бұрын білмеппін. Сіз Абайдың бел баласы екенсіз ғой,— деп салғаным.

Түтігіп кетті. Өңі қабарып ап, ал кеп сөйледі дейсің. Бір сағаттың ішінде түгімді қалдырмады. Ең соңында:

— Саған мұны Сәбит айтты ғой. Мен сені біледі, оқыған, мәдениетті, сауатты адам деп жүрсем. Сөйлеме! Ей, Абай қай жылы өлді. Ал менің әке-шешем ше? Салыстыршы. Қалай дәтің барды,— деп үйден шығып кетті.

Албырттық па, аңғалдық па? Кім білсін. Аярлығым жоғы анық. Дүние қарауытып, үміт үзіліп, бет күйіп, естен тандым. Содан бір полковниктің үйіне барып, он күн жатып алдым. Не істеймін? Әйтеуір көшеге шыққан бір оңтайында іздеткен адамдары мені дедектетіп Мұхтардың үйіне алып барды.

— Е, келдің бе? Сендер кете беріңдер,— деді де, маған бұрылды.— Ей, ойлашы өзің, кімге кім өкпелеуі керек. Елдің айтқанына ілескен кім? Өкпеледің бе деймін саған? Жатқан үйіңе қонбай, неге қаңғырасың. Семейге Фаяға звондадым. Ол да үрейі ұшып отыр.

— Сізге қоштаспай қалай кетемін. Жүгім де осында.

— Солай ма? Бәсе!— деді.

Адал жандар ойындағысын жасырмайды. Қайым аға да сондай аяулы адамның бірі. Ең қымбаты — шындық. Сол шындықтың ұшын ұстатқаны үшін де рахмет. 1937—1939 жылдары бір-бірін жат көзден, қырын қабақтан қорғап жүрген Мұхтар мен Сәбиттің арасына, ел аман, жұрт тыныштa сызат түсіпті. Қайым ағаның әңгімесіне қарағанда, қырқыншы жылдардың ортасында-ақ екеуінің қырғи қабақ болғаны байқалады. Қалай екенін кім білсін, Сәбең, Сәбит Мұқанов — әйтеуір, Мұхтардың тегіне күмән келтіруден танбаған. Ол пікірін ешкімнен қысылып-қымтырылмай ашық айтып жүрген. Сөз салмағын, астарын білетін саликалы адамның осынау қылығын түсіну қиын. Сол үшін талай рет «сыбағасын» алса да, бір сәт өзіне өзі тыйым салмағаны өкініште.

Мұны қалай түсіндіруге болады? Оған ешкім де кесімді төрелік айта алмайды. Тек екі дегдардың өздеріне ғана мәлім ішкі ерегес бұл.

Міне, сол кезде Сәбит Мұқанов Москвада жүріп Мұх-

тарға тағы да хат жолдайды. Он бес беттей бұл ұзақ хатты орыс тілінде жазыпты. (1934 жылы Мағжан Жұмабаев түрмеден босанып шыққанда оған да орысша хат жолдапты. Т. Ж.) Іштегі бар өкпе-назын жасырмай, ашық айтыпты. Біз екі жазушыны бір-біріне қарама-қарсы қойып, айыптастырудан аулақпыз. Бірақ шындық — бәрінен жоғары. Сол үшін аталған хаттан үзінді ғана ұсынып, реніштің түп мәнісін ашу мақсатында ғана мысалға жүгінеміз.

Әдетте, кез-келген өкпе, реніш дақпырттан туындап, бірте-бірте ушығады. Хаттағы Сәбит Мұқановтың Мұхтар Әуезовке таққан «айыптарының» бәрін ақиқат деуге болмайды. Оған қарсы айтылатын Мұхтардың да өз уәжі, пікірі болғаны анық. Бірақ Сәбитке қандай жауап айтқаны бізге беймәлім. Мүмкін, келешекте табылып та қалуы мүмкін. Біз тек қолда бар дерекке ғана жүгінеміз. Хат тым ұзақ. Сондықтан да қысқа-қысқа үзіндіге қанағат етуге тура келеді. Москвадан жолданған сәлем былай басталады...

«Қадірлі Мұхтар!

Біз соңғы төрт-бес жылда ғана етене танысып, араласқұралас болдық; осы уақыттың ішінде бір-бірімізге сен деп сөйлесу әдетімізге айналды. Сондықтан да менің жолдастық, ашық әрі, былай қарағанда, қатты-қатты айтылғандай көрінетін осы хатымда саған «сен» деп қарапайым сөйлеуімді көңіліне алмауыңды өтінемін. Біз бір қалада тұрып, жиі кездессек те, саған осы мазмұндас хат жазсам-ау, деген ой баяғыдан мазалап жүр еді. Бұндай тілек саған жат көрінгенмен, маған жат емес. Ашығын айтайын, әр адамның өз кемшілігі болады. Сенің бойыңдағы кемшіліктің бірі сол — сен тым өкпешілсің, кейде түкке тұрғысыз нәрсеге бола шала бүлінесің. Сондықтанда өз пікірімді саған ашық айтуға батылым жетпеді, ал хат жазуды ыңғайсыз көрдім.

Егерде Москвадағылар сенің мен туралы пікірлеріңді маған айтпағанда, мен әлі де біраз уақытқа дейін тәуекелге бармас едім. Гослитиздаттағылар маған сенің: «Мұқановтың «Жұмбақ жалауын» біз білеміз, ол — нашар шығарма, оны жақсы еткен Дроздов» деп түсінік бергеніңді айтты. Және сондағылар мынаны жеткізді: сен «Қазіргі қазақ әдебиеті жинағына» жазған өз мақаланды оқып шығып, «Сәбит Мұқанов — қазақ әдебиетіндегі жетекші жазушылардың бірі» деген сөзді оқып қатты ашуланыпсың. Сол кезде саған өз қолыңмен жазылған мақаланың қол

жазбасын көрсетіпті, сен қызарақтап қысқа ғана: «Мен сызып тастайын ендеше» депсің.

Бұл сөздерді естігенде, менің төбе шашым тік тұрды. Егерде осың шындық болса, менің тура айтқаныма кешір, онда сенің Құнанбай заманынан қаныңа сіңген тобықтылық қаның ойнап кеткен болу керек. Біз карама-қарсы топтың қатарында жүргенде де, менің сен туралы пікірім жоғары болатын. Мен сені біздің заманымыздың ең ірі таланттарының бірі, тек қазақ жазушыларының арасында ғана емес, сондай-ақ көп ұлтты Одағымыздағы жазушылардың, соның ішінде, орыстарды қоса қанда да ең мәдениетті адамның бірі деп есептегемін (қазір де солай ойлаймын). Сенің жоғарыдағы сөздеріңді естігенде, мен «Мұхтардың да осындайға ебі бар ма еді?» деп таң қалдым.

Мені жек көрінішті көрсеткеніңе, не менің беделімді төмендетіп, қорлағаныңа ренжігемін жоқ. Мүлде олай емес! Меніңше, жазушы өзін өзі қорлайды. Жақсы шығарма жазсаң — сен жақсысың, жаман жазсаң — сен жамансың.

Кейде қолдан жасалған бедел болады, оның ғұмыры қысқа. Егер сен менің «дәрежем» туралы білгің келсе, оны мен өзім-ақ айтамын. Мен — өсіп келе жатқан жазушымын. Бұл сөзім саған түсініксіздеу көрінуі мүмкін. «Сен қайдағы өсіп келе жатқан жазушысың, жасың қырықтан асты, шашыңа ақ кірді, жиырма жылдан бері жазып келесің»,— деуің де мүмкін.

Бәрі де дұрыс. Бірақ та мен сенің назарыңды мына нәрселерге аударғым келеді:

Сен екеуміз әдебиетке әр түрлі жолмен келдік. Сен Европа біліміне сусындап барып қолыңа қалам алдың; ал мен болсам шала сауатты, Европа, Россия, Шығыс классикалық әдебиетінен мүлдем мақұрым едім, тіпті қазақ әдебиетінің өзін нашар білетінмін. Маған білім берген совет мектебі. Менің алғашқы білім баспалдағым — Орынбордың рабфагі болды, онда мен 1922—1926 жылдары оқыдым. Бұл мектептен де мен алуға тиісті білімді толық бойыма сіңірмегенімді мойындаймын. Бар уақытымды қоғамдық-саяси жұмыстарға жұмсадым. Иә, совет адамымын деп есептейтін адамға басқаша істеу мүмкін емес-тін. Буржуазиялық ұлтшылдармен күрес жүріп жатты; өліспей беріспейтін күрес еді ол. Осы ұлы күресте саналы адам: «мен әуелі оқу оқиын, содан кейін күреске түсем» деп бәрінен шет қалып, қолын қусырып отыра алмайтын. Күрестің қандай тең емес жағдайда өршігені сенің есіңде

ме? Алашорда жазушыларының білімі бізден жоғары еді. ал біз (мен бұл арада ұлтшылдармен жан аяспай күрескендерді айтып отырмын) совет өкіметінің мықтылығының арқасында оларды жеңе алдық.

Міне, сол бір шешуші айқастың тұсында мен рабфактағы оқуға дұрыстап көңіл бөле алмадым, бар ынтасын оқуға жұмсаған менің сабақтастарыммен (Ғабит, Үміт т. б.) салыстырғанда, олардан көрі нашарлау оқыдым. Ол үшін өкінемін де, өкінбеймін де».

Реніштің түп төркіні — белгілі. Сол баяғы ауыздан ауызға таралған қауесет. Сәбитке Мұхтардың пікірін жеткізген адамдардың ниет-пиғылы қандай еді, бұл сөздердің айтылғаны рас па, өтірік пе? Оны анықтаудың мүмкіндігі енді туа қоймас. Мұхтар жауап хат жазбаған. Сондықтан да саралап-талдаудың өзі ілтипатқа жатпайды. Өйткені, дерексіз топшылау екеуінің сыртынан тон пішу болып табылады.

Дегенмен де, Сәбит Мұқановтың бұрынғы хат жазбақ болып жүргеніне қарағанда және Қайым Мұхаметқановтың естелігінен байқалғанындай, екеуінің іштей өкпелесуі 40 жылдардың басында-ақ басталған сияқты. Оған не себеп? Жоғарыдағы хаттың үзіндісінен байқалып қалғандай, ең бірінші басты мәселе — әдебиетке, оның көркемдік дәрежесіне Сәбиттің Сәбитше, Мұхтардың Мұхтарша көзқараспен қарауы еді. Мұхтар «Абай» романын жазып бітіргеніне бір жыл толса да, ол әрі жарық көрмеп еді. Бұл шығарманың баспада ұзақ жатып қалуына (әрине, сол кездің өлшемі бойынша) Сәбиттің де ықпалы болмай қойған жоқ. Ол романды Сәбең де жоғары бағалады, кейде орынсыз талаптар қойды. Соның біразын қабылдағанмен, біразын Мұхтар қабылдамады. Жарықшақ осы арадан туған. Іле алма-кезек міндесу басталып кетті. Соның бірі — осы хат. Сәбит Мұқанов өзінің де кемшілігін мойындайды. Алайда сол кемшілікті нағыз кемшілік деудің орнына, ол өзінің «таза советтік күрескер» боламын деп оқуға мән бермегенін ақтап алады. Тіпті Мұхтардың білімге ерте сусындағынын мін ретінде бетіне де басады.

Міне, бұл — Сәбит Мұқановтың қателігі. Ол өзінің әлсіз жерін біле, түсіне отырып соны ескермеді. Жалаң идеямен жақсы көркем шығарманың тумайтынын сезе тұрып, соған көңіл бөлмеді. Әрине, сыннан қорытынды шығармады деген сөз емес бұл. Егерде, дәл осындай сынар езулеп пікір қозғайтын болса, Әуезовтің де сөз табатыны түсінікті. Сәбең одан әрі өзінің «өсіп келе

жатқан жазушы екендігін» дәлелдей келіп, ойын былай өрбітеді:

«Енді мен сенімен, соңғы 2—3 жылда екеуміздің арамыздағы қарым-қатынастың неліктен нашарлап кеткеніне тоқталғым келеді. Оның негізгі себептері мыналар сияқты: сен соңғы жылдары (мүмкін бұрыннан-ақ шығар) осы жарық дүниеде ешкімге есе-теңдік бермейтін, бәріне қызғанышпен қарайтын, әсіресе Мұхтар Әуезовтің жолын кескестейтін, өзінен басқаны ойламайтын Сәбит Мұқанов дейтін бір зұлым бар сияқты. Сен биыл «Социалистік Қазақстанның» ұйымдастырған жиналысында дәл осылай дедің. (Жақшаның ішінде айта кетейін, алашордашылдар да оларға қарсы күрескенімде мені осылай атаған, бірақ та өмірдің өзі көрсеткеніндей, совет өкіметінің буржуазиялық мемлекеттің орнын баспағаны сияқты мен де олардың орнында отырғаным жоқ).

Сенен: «Мұқанов бізді қызғанады» дегендегі, «біз» дегенің кімдер екенін түсіндіруді өтінемін? Сен қазақ әдебиетінің барлық өкілдерін ой елегінен өткізші, солдардың ішінде мен көмектеспеген бір адам бар ма екен? Тіпті соңғы 3—4 жылдың ішінде қырғи қабақ боп жүрген Ғабиттің өзі де оның творчестволық және мәдени өсуіне менің септігім тимеді деп айта алмайды. Ол жазушылардың бәрі де ол туралы менің мәжбүр етуімсіз-ақ жазды. Осы да қызғаныш па? Осы саған қызғанышпен қарайтын менің нем бар? Сенің қазақ мәдениетіндегі, әдебиетіндегі алатын орның өте зор. Бірақ та сен әдебиетте қандай орын алсаң да, мені осы орынға апарып сыйғыза алмайсың. Менің өз шаруашылығымды емін-еркін орналастыратындай әдебиеттегі өз жерім өзіме жеткілікті, ендеше менің жеріме түсіп кетеді деп секемденуіңе еш негіз жоқ.

Сенің кейбір жекелеген шығармаларыңа айтқан сыни пікірлерім саған деген қызғаныштан емес, менің көзқарасымнан туып отыр. Ашығын айтқанда, мен сенің соңғы жылдарда жазған шығармаларыңа көңілім толмайды. Сенің ол дүниелерің әлжуаз, жасық. Мен сенің совет дәуіріне дейінгі және совет дәуірінен кейінгі шығармаларыңды салыстырдым. «Қыр суреттерін» «Шатқаламен», «Қараш-Қарашты» «Хасеннің құбылыстарымен», «Қаракөзді» «Тастүлекпен» салыстырдым. Алғашқы аталғандары нағыз көркем дүние, ал екіншісі — құр схема, бейімделу ғана. («Абай» пьесасы мен «Абай» романы туралы кейінірек тоқталамын). Менің есептеуім бойынша, совет өкіметін мойындағаннан кейін Советтік Қазақстанның

өмірінен алынып жазылған он шақты пьесаң бар екен. Айтшы, сонда осының ішінде көркемдігі жағынан «Қаракөзбен», не «Еңлік Кебекпен» теңдесетін біреуі бар ма? («Еңлік-Кебек» туралы пікірім жоғары. Мен оны бұл арада сенің совет дәуіріне дейінгі әдеби қайраткерлігіңнің тұсында жазылған шығарма деп бағалаймын).

Турасын айтқанда, совет тақырыбы туралы ізденістерінің кезінде сен өзіңе де, қазақ әдебиетіне де абырой әпермейтін бір пьесадан кейін бір пьесаны жаздың. Мұның себебі не? Талантың бар (жақшаның ішінде тағы да ескерте кетейін: сенің біліміңді біздің заманымыздағы, европалықтарды қоса есептегенде де, ең озық жазушылардың білімімен тең деп есептеймін. Бұл — жай қыстырма сөз емес, нақты дерекке негізделген менің түсінігім).

Ендеше, дәл осы жағдайда совет тақырыбына көркемдік қуаты күшті шығарма жазуыңа не бөгет бар? Мен оның субъективті де, объективті де себептерін білемін. Объективті себебі мынада: сен өзіңнің саяси қателігіңді мойындағаннан кейін, 10 жыл бойы өзің саналы түрде қарсы күрескен қоғамдық өмірдің ағымына жылдам бейімделу қиынға соқты. Адам дегеніңіз кез келген қалыпқа оңай түсіре қоятын өлі зат емес қой. Адам тек дүниені қайта құрып жатқандарға өзі қарсы жүріп, оларға көмектессе ғана жүзеге асады. Менің ойымша, сен соларға қол ұшынды немкеттілеу ұсынатын сияқтысың: «Сен совет өкіметін шын көңіліңмен мойындаған жоқсың» деп ойламаймын. Оған менің дәлелім де жоқ. Бірақ сенің ең үлкен осалдығың сол, өткен күнәларыңнан қашқың келеді; ол туралы ешкімнің жақ ашпауын тілейсің, оны айтқан адам — саған жау. Әрине, кез келгенді сылтауратып өткен кінәларды бетіне баса беру — адамға ауыр тиетінін білемін. Алайда, құрметті Мұхтар, саған бұлай ешкім жасаған жоқ қой! Әдебиет тарихы жазылғанда немесе жазушының творчестволық жолы талданғанда, өзіңнің күнәңнан өзің қашып құтыла алмайсың. Қалай қашып құтыласың! Сен 1932 жылдан жаза бастаған жоқсың, одан ерте қолыңа қалам алдың ғой. Совет өкіметінің бағытына сен ашықтан ашық қарсы күрестің емес пе. Соның барлығының із-түзсіз жуылып-шайылып кетуін қалайсың ба? Ол әдебиетке де, сенің өзіне де ешқандай пайда әкелмейді ғой! Менің ойымша, сен өзіңнің күнәңнан бекер қашып жүрсің. «Қолыңмен істесең — мойныңмен көтер».

Егер сен өзіңнің жаңа көзқарасыңа шын сенетін

болсаң, онда күнәңа пысқырып та қарама, ол туралы жазса — жаза берсін, шыда! Өзіңнің жаңа жұмысыңды істе! Бұрынғы қателеріңді айтқаны үшін ешкіммен де жауласпа, әсіресе біздің Москвадағы мәселелерімізді шешіп, көмектесіп отырған Дроздовпен өштесудің еш қажеті жоқ. Оның мақаласынан мен ешқандай жамандықты көріп отырғаным жоқ.

Істің түпкі нәтижесіне келгенде, мәселе сенің күнәларыңда емес, совет жазушысы деген атты қалай алып жүресің, соған байланысты...»

Бұл арада Мұхтардың «жазушы» деген атқа кір түсіріп, абыройын кетіргені меңзеліп отырған жоқ. Қайта «Абай» романы арқылы туған әдебиетін шырқау биікке көтерді дейді. Алайда Сәбит Мұқановтың ойының астарында қалайда Әуезовты шеттету пиғылы байқалады. Салқындық сезіледі. Тіпті салқындық емес, онымен ескі дұшпандарша сөйлеседі. Мұхтарға ондай қағажу көру онша таңсық емес. Дегенмен де, он жыл бойы қарауылдың ұшында тұрып, нысанаға үнемі іліне беруі — жүйкесін тоздырғаны да шындық. Мұны Мұқанов та мойындайды, түсінеді, бірақ, айтуын да қоймаған.

Неге?

Хатты оқып отырғанда ешқандай оғаштық жоқ сияқты. Бәрі де дұрыс көрінеді. Алайда, айыптай сөйлеу, Мұхтарды өзімен тең ұстамай, алшақтау тұрып сөйлесетіні байқалады. Біріншіден, Мұхтардың 1932 жылға дейінгі шығармаларын неге совет дәуірінен бұрын жазылған деп бағалайды. Керісінше, «Қорғансыздың күнінен» «Көксерекке» дейінгі дүниелер 1920—1928 жылдары жазылды ғой. Екіншіден, Сәбиттің өзі жиырмасыншы жылдардағы «асыра сілтеген» қателіктерін мойындай отырып, сол қателіктерін көрсетіп, Абайдан бас тартудың теріс пікір екенін дәлелдеген Мұхтардың мақаласы неге «ашық жаулық» ретінде бағаланады? Демек, ол дұрыс айтты емес пе. Үшінші: «Қолыңмен істегенді — мойныңмен көтер»— деп нығырлай тұқыртып алады да, «оларға пысқырып та қарама» деп ақыл береді. Төртінші: «1932 жылдан соң сен бірде-бір көркемдігі жоғары шығарма бермедің» деп бағалайды. Сонда, «Абай» трагедиясын, «Абай» романын көзге ілмей, жай қатардағы туындының есебіне қосуға бола ма? Он жыл да емес, бүкіл өмірінде дәл «Абайдай» бір шығарма жазған жазушы — нағыз жазушы ғой. Әлде, ол «совет жазушысы» атану үшін аз ба? Және хатының басында Сәбеңнің өзі санға емес, сапаға жүгін демей ме? Бесінші, 1941 жылға дейін Мұхтар

совет жазушысы атанбап па еді. Ендеше, сол уақытқа дейін одақтың тізіміне ілінбеуі қалай?

Міне, гәп осында.

Екі жазушының арасындағы араздық осыдан басталып, бірте-бірте ұлғая түскен. Бірі — кеме капитанының, екіншісі кемедегі жолаушының орнында болған. Жағдайлары да, қоғамдағы беделдері де әр қилы. Қиын кезде қол ұстасып, ауыртпалықты тең бөліскен қос алып бейбіт күнде көңілдеріне көлеңке ұялатқан. Бір-бірін айыптауға көшкен Сәбит Мұқанов: «Сен тарихи тақырыптарда үлкен беделге ие болдың, оның ішінде «Абайға» дейін халық әдебиетіндегі дайын сюжетті пайдаландың («Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Бекет», «Қалқаман — Мамыр») және оларды тың шығарма деп ұсындың. Сен кейде өзіңше, халық сюжеті жұтаң болатын, мен оны байыттым деп ойлайсың. Меніңше, олай емес сияқты. Сенің нұсқаң, асып кеткенде, халықтық нұсқамен теңеседі, бірақ одан жоғары емес»— дейді хатында.

Бұл — қиянат.

Қазір жоғарыдағы Шәкәрімнің дастандары халыққа кеңінен мәлім болды. Ал оны пьесамен салыстыруға бола ма? Екеуі — екі бөлек дербес туындылар. Ал енді осы пікірі үшін Сәбитті қаралауға бола ма? Жоқ.

Ол кейін өз қателігін түсініп, алғашқы пікірінен бас тартты. Осы хатта да «Абай» трагедиясы жөніндегі бұрынғы пайымдауларының жаңылыс айтылғанын, өзінің әділетсіздік жасағанын ашық мойындады. Тарихи тақырып туралы тұжырымдарының терістігін түйсіне келіп, байсалды пайымдауға көшеді. Кейбір сынының орынсыздығын да тілге тиек ете отырып, «Абай» романына жоғары баға береді. Бірақ та пьеса мен романды бір-біріне қарсы қойып, қарабайырлау тәсілмен салыстырады. Бұл шығармалардың жанрлық өзгешелігін былай қойғанда, жазушының көркемдік шешімі мен әлеуметтік-философиялық астарының мүлдем басқа екендігін ескермейді. Ал мұны аңғармау, өзге өзге, Сәбит Мұқанов іспетті тәжірибелі қаламгерге мін еді. Және үлкен мін. Оның бұл мінезін Мұхтардың теріс түсінуі де заңды.

«Сен «Абай» пьесасында Абайдың образын жақсы жасадың. «Абайды» оқу кезінде мен өзімнің біраз наразылығымды білдірдім. Содан кейін мен бұл мәселенің төңірегінде көп ойланып, менің пікірлерім қате екен деген тұжырымға келдім. Гуманист есебіндегі Абай образын сен тәуір шығардың. Бірақ та «Абай» пьесасындағы өзге образдардың толық бітпей тұрғаны жөніндегі пікірімнен

қайтпаймын. Москвада жасалған соңғы нұсқаны оқымағаным өкініштi. «Абай» романы туралы пікірім жоғары. Өзінің көркемдігі жағынан ол пьесадан әлдеқайда биік тұр деп есептеймін және нағыз шебер Европа прозашыларының романдарымен қатар тұр.

Қайталап айтамын, роман жақсы, екінші бөліміне де сондай сәттілік тілеймін.

Бізде «Тарихи тақырып» деген сөздің өзін құбыжық көретін адамдар бар, бұл — тарихты бағаламау. Мәселе, не туралы емес, қалай жазуда. Егерде тарихи тақырыпты марксизм-ленинизм идеологиясы тұрғысынан жазса — онда тұрған жаманшылық жоқ, керісінше, тамаша ғой. Ондай еңбекті бағаламау — оңбағандық. «Абай» романында сен толық қанды совет жазушысы есебінде сөйлейсің, мен мұны еш қызғанышсыз-ақ мәлімдеймін. Бірақ бұл соңғы пікір емес. Сен нақты тарихи дәуірде өмір сүріп отырсың, сондықтан да сол дәуір туралы оқырмандар сенен «Абаймен» парапар шығарма күтеді және олары орынды да.

Менің тарихқа тіксіне қараған кездерім де болды. Жоғарыда айтқанымдай, баяғыда өтіп кеткен сол күндеріме сын көзбен қараймын. Материалистік диалектикаға негізделген менің қазіргі пікірім бойынша, менде әке де, шеше де, халық та жоқ (тек тап бар — Т. Ж.) деген адам нағыз сатқын. «Мен қазақпын, өз халқымды сүйемін» деп айту — коммуниззм принципіне қайшы келмейді. Лениннің өзі де орыс халқының ұлы екенін мақтанышпен айтты ғой. Өте жақсы әрі күшті айтылған. Тек өз халқына деген махаббатың коммунизм прииципіне қарсы келмесе болғаны. Біздің халқымыздың кейбір тарихи кезеңдеріне үрке қарағаныммен, мен ешқашанда халқыма дұшпан болған емеспін. Мен өзім шыққан халықты сүйдім, қазір де сүйемін, өйткені ол — көпшілік, оның да қаналушылары бар. Бұрынғы кездерімдегі Абайды жете бағаламауым және басқалары менің халыққа қарсы екендігімнің дәлелі бола алмайды. Өзін халықтың жоқшысымын дейтіндермен бұрын да жарыска түсіп келдім, қазір де жарысуға (қызмет етуге — т. ж.) дайынмын».

Мұндай жалаң даңғазаға құрылған желөкпе сөздерді әлі де естіп қалуға болады. Ол өсектер Сәбит Мұқановтың тірі кезінде де айтылған. Әрине, жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. Тек қана Кенесары Қасымовтың ұлт азаттық көтерілісі туралы бірде оны қостап, бірде оған қарсы шығып, үш рет мақала жазыпты Сәбең. Оның ішінде, Мұхтардың «Хан Кене» пьесасын тек сыни

пікірінде тілге тиек етіп, Кенесарыны мақтаған тұсында оны қалыс қалдырған. Осы хаттың бас жағында «Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты халықтың нағыз достарына да қамшы ойнаттым. Ол менің теориялық білімімнің жетімсіздігінен еді», деген сөздер бар. Бұдан кейін де, тура он жыл өткен соң Сәбит Мұқанов Кенесары көтерілісіне «феодализмді көксеген, қазақ халқының жаулары ұйымдастырған бүліншілік» деп баға берді.

Ал «Алаш» партиясы туралы да осындай екіұдай пікір білдірді. 1937 жылға дейін Сәбит Мұқанов: «Октябрь революциясына дейінгі «Алаш» қызметінің қазақ халқы үшін прогрессивті әсері болды» деп келсе, кейін мүлдем кереғар пікірді ұстанды. Жекелеген ірі тұлғалар жөнінде де екі ұшты бағалар берді. Соның ішінде, Мұхтар да бар еді. Заман ағымына қарай солай айтуға мәжбүр де болған шығар. Алайда «Сәбит Мұқанов қазақ халқының тарихына үнемі шабуыл жасаумен болды» дегеннің де шындығы шамалы.

Бұл арада Сәбит Мұқанов сол қауесетке қарсы шығып отыр. Себебі, сондай пікірді қоздырушының бірі — Мұхтар Әуезов деп түсінген. Халық тарихы туралы әр кездегі қарама-қайшы пікірлеріне тіпті кейде, оқиғаның тым асқынып кетуіне тосқауыл қоюдың орнына, сол ағымға өзі де қоса араласып кетуіне қарамастан, Сәбит Мұқанов өзінің туған халқын сүйген. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев туралы мәліметтерді оларды ауызға алуға болмайтын күннің өзінде мақалаға кіргізуінде, әрине, сынап отырып, үлкен мән бар. Ол да күрестің бір түрі, ең болмаса, атын елдің есінде қалдырудың амалы еді.

Бұл хат екі ой алыбының арасындағы қарым-қатынастың қаншалықты қиын болғанын байқатады. Әрі олардың сол кедергілерді жоюға ұмтылғаны да аңғарылады. Сол үшін «жүрегіне кір жасырмай» көңіл кірбіңдерін бір-біріне ашық айтуды мақсат еткен, яғни жариялылықты жан демеуі ретінде ұстанған. Сондықтан да, өзара пікір алмасуларының негізіне әдебиет, өнер, тарихи кезеңдер, дара тұлғалар туралы көзқарастары ғана арқау болмаған, жеке бастарының да мүдделері қозғалған. Өкінішке орай, өзара кінәласулар да шаң береді. Несі бар, ол да өмірлік құбылыс. Мұндайда, Сәбең тізгінді өз қолына алған да Мұхтар «қорғаныста жүрген». Ірі-ірі айтыстарда ғана Әуезов сұңғуір қайық сияқты толқынның бетіне көтеріліп, «жалын көрсеткен». Қолдағы деректер осылай тұжырымдар жасауға негіз қалайды. Кейде олар өздерінің

осынау қалыптасқан жағдайына үйреніп те алған сияқты.

«Мен өзімнің соншама ұзақ, сонымен қатар ауыр-ауыр пікірлер айтқан хатымды аяқтап келемін. Бұл хатты мен саған соншалықты қатты соққы беріп, көңіліңді қалдырып, ренжіту ниетінен жазып отырған жоқпын. Алайда, құрметті Мұхтар, біз зиялы қыздарды дайындайтын оқу орындарының шәкірті емеспіз ғой, біз өзімізді совет жазушысы — большевиктер деп есептейміз, сондықтан да не ойлайтынымызды, қандай мәселелер бізді толғандыратынын жасырмауымыз керек. Менің әлі де үнсіз қалуыма болатын еді, бірақ та жоғарыдағы айтқан жайларымды ішіме түйіп жүре беруді намыс санадым. Мұны мен, біздің ортақ ісімізге, қазақ совет әдебиетін жасау жолындағы жұмысымызға кез келген ұсақ-түйектер кесірін тигізбеу үшін жаздым.

Мен саған өзімнің достығымды құштеп таңбаймын, алайда біз араласа-пікірлесе, өзара түсінісіне отырып жұмыс істеуге міндеттіміз.

Мен төзе де, құпияны сақтай да аламын. Егерде сенің «Мұқанов — қызғаншақ» деген сөзің жанымды жараламаса, мүмкін, бұл хатты әлі де жазбаған болар едім. Бұл сөз менің адамдық сезімімді қатты қобалжытты. Мен адамдармен жауласа да білемін. Бірақ маған мұны өмірдің өзі үйретті және тым ерте үйретті. 7 жасымнан жетім қалуым — күштілердің қорлауына қарсы тұруға үйретті, кек алуға итермеледі. Алайда жауларыма, әсіресе Октябрь күндерінен кейін соншама қатыгездік жасағам жоқ. Бірақ жауларымның жауы екендігімді бұғып қалмадым, мен олармен арадағы күресте адамдардың қарым-қатынасына тән дәрежедегі тәсілдерді қолдандым. Қазір де солай істеймін. Мүмкін, жекелеген адамдар сенің санаңды: «Мұқанов — қатыгез, қауіпті адам» т. б. деп улап тастаған шығар, оларға сенбе. Мен сенімен ашықтан-ашық жауласуға да жараймын, бірақ егер екеуміз де бір платформада — совет әдебиетінің платформасында тұрсақ — онда өштесудің қажеті қанша?»

Иә, оларға өштесіп, кек қуысудың қажеті жоқ еді. Ол өздерінің жеке бастарына да, қоғамдық пікірлерді қалыптастыруда да, туған халқының мәдениетінің дамуына да зиянын тигізетін еді. Кейін кесір келтірді де.

Осы арада ашық айта кететін бір жай Сәбит Мұқанов Мұхтар Әуезовті үнемі өзінің саяси қарсыластарының тобына жатқызып келді. Осы хатта да «бір платформада болсаң» деуіндегі емеуріні де сонда жатыр. Дәл осы «кілтипан» олардың арасын толықтай, жарық-

шақсыз қабысып кетуіне мүмкіндік бермеген. Елуінші жылдардың басында да сол сөзді қайталады. Себебі: ол мұның барлығын шын көңілімен «таптық тұрғыдан» бағалады. Тіпті, отыз жетінші жылы партиядан шығарылып, жұмыстан қуылған кезіндегі сергелдеңді де ол сталиндік репрессиядан емес, «ұлтшылдардан» көреді. Осы хатында:

«1937 жылдан бастап менің өмірімде аздаған өзгеріс болды. Сонда адамдардың үш тобы маған қарсы жағдайды пайдаланып қалғысы келді: 1. Менің ежелден келе жатқан жауларым — алашордашылдар ашық қимылдағаны, жасырынып жүргені бар, бәрі де қуаныштан қолдарын шапалақтап, билеп: «Аха, Мұқановтан күш кетті, енді оны мүйіздеуге болады» десті. 2. Әдебиеттің айналасындағы бұзақылар, сатқындар, Сәбит Мұқанов қана емес, бүкіл қазақ әдебиеті жұтап қалса да, міз бақпайтын арандатушылар. 3. Әлі де тәжірибесі аз жастар, олар іштерінен мені сыйласа да «жағдайға» бейімделіп, өз көзқарасына қарсы болса да, «сын айтқансыған» болды»,— деп түсініктеме береді.

Сәбит Мұқанов осынау сойқанды жазалауларды шындығында да «халық жаулары» істеп отыр деп сенеді және сол тұстағы өзіне айтылған жалақорлардың арандатуларын өзінің кінәсі, қателігі ретінде мойындайды. Осыған қарағанда Сәбиттің өзі де «Қара құйынның» артындағы арыстанның тырнағын байқамаған, ол науқанның әлеуметтік астарын толық түсінбеген. Сондықтан да әуел бастағы бағытын өзгертпеген, еш күмәнсіз солай болуға тиісті деп сенген.

«Мен коммунист, нағыз совет жазушысы, партияшыл болғандықтан да осыншама қиындыққа төзіп бақтым, бірақ кінәм де болды. Ол кінәлар менің жан дүниемнен шыққан ақыл-ойымның жемісі емес, менің сыртқы түсініктерімнің қателігінде жатыр. Қалай екенін білмеймін, мен 1937 жылға дейін мен саясат әлемінде адамдардың екі ғана тобы бар, олар қарама-қарсы екі топтың мүддесін қорғау үшін бір-бірімен саналы түрде ашық айтысқа шығады деп есептедім. Егер де адамның саясат жағынан сауаты жоғары болса, ол мейлі жау болса да ойындағысын жасырмай, ашық күреске түсетініне сенімді едім. Міне, мен өзімнің осынау қате түсінігім үшін сүріндім, ол пікірімнің терістігіне өзімнің қатты таяқ жеген соң ғана көзім жетті. Бұл құлауымды достарым мен жауларым сан-саққа жорыды. Достарым (мен нағыз совет адамдарын айтамын!) саяси күресте әлсіздік жасағаны үшін

Сәбит Мұқановты аямай соғу керек, бірақ өлтірмеу керек, оның өз қатесін түзетуге мүмкіндік берейік десті. Ал жауларым — өлтіруді тіледі. Ол оңбағандардың бұл ісі жүзеге асқан жоқ.

Мен осының бәрін түсіндім, түсіндім де Октябрь күндерінен бері ат салысқан ісіме көзсіз белсене араластым. Өзімнің бүкіл болмысыммен біте қайнасқан партиядан тыс жұмыс істеу (ол жылдары Сәбит Мұқанов партия қатарынан шығып қалған — Т. Ж.) психологиялық жағынан маған ауыр соқты. Бірақ та мен өзімнің ішкі ренішіммен қасарыса күрестім, ол өкпенің маған творчестволық жағынан кесір тигізбеуін ойластырдым.

Жұмысыма еш зияны тимеді. Қайта, тырнақша ішіндегі «партиядан тыс өмірімде» мен бұрынғыдан да көп жұмыс істедім.

Мен өзімнің және бүкіл елдің алдында сынақтан өттім. Мені бұрынғыдан көрі қатты сынағысы келетін достарымның бар екендігін білемін. Бірақ та өз қатемді өзім сезіне отырып, ежелгі әдетімдегідей большевикше еңбек етемін».

Өзінің идеясына осыншама көзсіз сенген адамдар аз. Олар «жасырын жаудың» барлығына шын сенді. Тіпті күдіктенбеді де. Қателіктері де сонда.

Ал ол репрессияның тарихи-әлеуметтік себебі мүлде басқада екені қазір айқындалып отыр. Сәбитті ол үшін де жазғыруға болмайды. Басты себебі — Себеңнің ақ жүректілігінде, ұстанған идеяға деген шүбәсіз сенімінде. Кей кезде жан-жағына байыппен қарамай, тәуекелге бел шешіп кірісіп кетуінде. Мүмкін, оның өзі адамның бойға біткен мінезімен де ұштасып жатуы.

Сөзінің аяғын: «Мен совет өкіметінсіз тамаша өмір сүруге болмайды. Совет өкіметінің өмір сүруін мен тек идеологиялық тұрғыдан ғана емес, жан-тәніммен қалаймын»,— деп аяқтайды.

Сәбең бұл сертінен өле-өлгенше айныған жоқ.

Әрине, машинкамен басқанда 15 беттік бұл хатты түгелдей келтіріп, талдап шығудың ыңғайы да жоқ, қажеті де аз шығар. Бірақ қалайда айтылуға тиісті. Өйткені, екі ұлы адамның арасындағы түсінбеушіліктің себебін білудің өзі де — сабақ, таным тағлымы. Екіншіден, Мұқанов пен Әуезовтің арасындағы қарым-қатынасты әр саққа жүгіртіп, дақпырт таратып жүргендердің сыпсыңына тыйым да салар деген үміттеміз.

Мұхтар мен Сәбиттің арасындағы қарым-қатынас көңіл кірбіңінен көрі азаматтық асыл қасиеттерге жыға негіз-

делген. Олар жеке басынан халықтың, өнердің мүддесін жоғары қойған. Өкпеге қиса да өшпенділікке қимаған. Соның бір айқын мысалы —1957 жылы Сәбит Мұқановтың Ленинградтан Ғабит Мүсреповке жазған хаты. Онда «Өзіңе белгілі, 1943 жылы Орталық Комитет тағы да Жазушылар Одағын басқар деп ұсынғанда, мен жалғыз ғана тілек қойдым, оным — со жылға дейін «судимосы» мойнында жүрген Мұхтардан бұл лағынет қамытын түсіру. Бұл тілекті үкімет пен партия қабылдады да, Жоғарғы Совет председателінің кабинетіне бүкіл Президиум болып жиналып, азаматтық бетіндегі қара күйені сүртті»,— деп жазды.

Бұл — Сәбит Мұқановтың Мұхтар Әуезовке жасаған үшінші жақсылығы.

Күн бар жерде — көленке түспей тұрмайды. Тек соның барлығына адамгершілік, азаматтық тұрғыдан қарау керек. Сонда ғана адам өмірі мағыналы өтпек. Сәбеңнің, Сәбит Мұқановтың бір тағлымы осы болса керек.

Қайрат РАЕВ

ТАРИХИ ДЕРЕК ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Қазақ совет әдебиетінің алғашқы қарлығаштары, бүгінде әдебиет әлеміндегі алыптар тобы деп аталып жүрген ақын-жазушылардың қай-қасысы да төл әдебиеттің қалыптасу кезеңінде әр жанр саласына өзіндік үлесін қосып, жаңа соқпақтың даңғыл жолға ұласуында ерен еңбек сіңіргені белгілі. Одақ әдебиетіндегі, одан кеңейе келе әлем әдебиетіндегі озық дәстүрлерді ұлттық бояу, нақыштармен ұштастыра отырып алғашқы деген атқа ие болсам деп жан ұшыра жасалған жанталастан мүлде ада, таза көңілдің жүрек жарды тұңғыш қадамдары екені даусыз.

Қашан да жаңа бастаманың сәтті де, сәтсіз де қырларының тайталаса бой көрсетуі — табиғи құбылыс. Әрине, өнер туындысының оның қай дәуірде, қай ортада дүниеге келуінен гөрі оның көркемдігі басты қасиеті, өлшемі болып қала береді. Әйтседе В. И. Ленин өсиет еткендей, әр шығармаға талдау жасап, саралау тұрғысынан келгенде оған бүгінгі биік талап деңгейін алға тартып, менсінбей, ат үсті асығыс түйін айтудан аулақ

болғанымыз абзал. Керісінше, қолда бар тарихи мұраларға құрметпен қарау, оларды өз дәуір тұрғысынан бағалау, әдебиет тарихында өзіндік орны болған азды-көпті еңбектердің тереңіне бойлап, әділ төрелігін айту — бүгінгі ұрпақ парызы.

Жоғарыда айтқанымыздай, әр салада қалам тербеп соңында мол мұра қалдырған академик-жазушы Сәбит Мұқановтың әдебиеттегі орнының қаншалықты маңызды екені айқын нәрсе. С. Мұқанов ат салыспаған жанр жоқ десе де болғандай. Соның ішінде жазушы творчествосының өзекті бір арнасын драматургиялық туындылары құрайды. Тақырыптары әр алуан, көркемдігі әр деңгейдегі бұл жанр саласындағы еңбектерінің ішінде біз сөз еткелі отырған «Сәкен Сейфуллин» пьесасы табыс белесі болып саналады.

«Сәкен Сейфуллин» жол үсті жазыла салған дүние емес. Ол бұған дейін де Сәбит қаламынан «Көкірегі көрегендер», «Алтын аймақ», «Бурылтай», «Біздің үй», «Ақан мен Зайра» (М. Әуезовпен бірігіп) «Балауға келіңіздер», «Жеңіс жыры» секілді т. б. көпшілікке белгісіздеу пьесаларымен бірге, «Қашқар қызы», қазақ театрының жетістігі болып танылған «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде» іспетті толымды еңбектер бергеннен кейін творчестволық мол тәжірибенің жемісті шағында дүниеге келді. Әрі халық арасында өмірімен де, өнерімен де аты аңызға айналған Сәкеннің көркем әдебиетте сомдалуына күш салып, бүгінде арналы Сәкентану ісінің бір тармағын бастап берді. Сәкен — Сәбиттің революциялық күрес жолында тізе қоса от кешкен сыңары, идеялық жолына бағыт берген ұстазы. Сондықтан да Сәбиттің алғашқылардың бірі болып Сәкен тақырыбына қалам тартуы заңды еді.

Қазақ даласындағы революция дауылпазы өмірінің бір кезеңін суреттейтін бұл пьесада автор ақынның революция күндеріндегі күрес жолын, тар жол, тайғақ кешуде бастан өткерген тартысты жолдың шешуші сәтін суреттеуді, аяулы кейіпкерінің образын жан-жақты ашып көрсетуді мұрат тұтқан.

Шығарманың дүниеге келу тұрғысынан алғанда халық тарихындағы ақтаңдақтардың сеңі бұзылып, нақақ күйе жағылған ел перзенттерінің ақталатын алғашқы кезеңімен тұспа-тұс келеді. 1956 жылғы КПСС-тің XX сьезі шешімдеріне сәйкес Сәкен, Ілияс, Бейімбет мұралары қайта жаңғырды. Баспасөз беттерінде олардың еңбектері жекелеп те, топталып та қазақ және орыс тілдерінде жария-

лана бастады. Осынау үлкен қуанышқа Сәбит аталмыш пьесасын шашу етіп тартты.

Жазушының творчестволық лабораториясында жинақталған материалдар мен фактілердің молдығы, олардың жүйелі сұрыпталуы Сәкен тақырыбының Сәбит үшін кездейсоқтықтан барған тақырыбы емес, жылдар бойы жазушыны толғандырған үлкен шешім екенін дәлелдейді.

Әрі ұстаз алдындағы парызын терең сезінген адамгершілік куәсі десек әбестік болмас.

Революционер өміріне байланысты әрбір ірілі-уақты деректердің ыждағаттылықпен қатталып, жүйеленіп отырылуы жазушының болашақта Сәкен жайлы үлкен дүние беруді жоспарлағанын көрсетеді. Сәкеннің өзіне байланысты ел аузында аңыз боп тараған әңгімелерді, суреткердің өзі куә болған оқиғаларды, тіпті Сәкен ұрпақтарының да өмірлік фактілерін (ұлы Аянның өліміне байланысты анықтамалық қағаз т. б.) мұқият сақтауы осыған дәлел.

Пьесаның беташары іспетті жетекші сөзінде драматург өзінің жан толқынысын төмендегіше жеткізеді:

«Аса сүйікті Сәкен аға!

Өзің ірге тасын қаласқан социалистік совет өкіметі елу жасқа толды. Ол және оның жемісті бір бұтағы Советтік Қазақстан саяси жақтан да, экономикалық жақтан да, мәдениеттік жақтан да, дүние жүзіндегі ең күшті мемлекеттердің қатарына қосылды.

Осы жетістіктердің 50 жылдық ұлан-асыр тойы жасалып жатқанда, сен ақ сақалыңмен, ақ шашыңмен мәжілістің төрінде отырсаң, қандай жарасымды болар еді, халқыңа қандай қуаныш болар еді!..

Бірақ сен өлгенмен, қасиетті есімің өлген жоқ, халқының коммунизмнің игілігіне сен атқарған еңбектердің жемісі жыл сайын көбеюде, жыл сайын дәлелденуде, жыл сайын халқыңның құмарын қандыра түсуде!..

Сенің күреске, жеңіске толы ғажап өмірің, социалистік қоғамға, оның болашағына өлшеусіз зор үлгі. Біз бүгін сол бай өміріңнің бір ғана бөлшегін театр сахнасынан халқыңа көрсеткелі отырмыз. Егер спектакльдің кем-кетігі болса, саған деген шексіз сүйіспеншілігіміз үшін кешірім ет.

Ардақты аруағыңның алдында, зор құрметпен бас ием — пьесаның авторы».

Бұл драматургтің Сәкенге деген шынайы сезімі еді...

Пьесаға арқау болған оқиға желісі Сәкеннің «Қызыл сұңқарларымен», «Тар жол, тайғақ кешуімен» өзектес.

Оқиғаның өту мерзімі, мекені, пьесада көрінетін тарихи тұлғалардың революция жолындағы күресі үш шығармада да сарындас. Бірақ бұдан Сәбит Мұқанов дайын фактілерді көшіре салған деген ұғым тумаса керек. Өйткені «Сәкен Сейфуллинмен» танысқанда, оның мүлде бөлек көркем шығарма болып шыққанына көз жеткізуге болады. Кезінде С. Мұқанов баспасөз беттерінде «Қызыл сұңқарлардың» сахнаға қойылуымен байланысты («Социалистік Қазақстан», 1932 жыл, II декабрь) сын-ескертпелерін ашық айтқаны мәлім. Пьеса авторының сол тақырыпқа қайта қалам тербеп, оралуын өзі атап көрсеткен олқылықтардың орнын толтырып, қазақ совет әдебиетінде, оның ішінде дарматургияда революционерлер бейнесін биіктете көтеру мақсатынан туғанын айтуға болады. Сәбиттің көп ізденіп, қажырлы еңбек етуін, оның осы бір пьеса төңірегінде бір-бірінен өзгешелігі мол, (араб, латын графикасымен жазылғандарын есептемегенде) бірнеше варианттардың жазушы архивінде сақталуы дәлелдейді. Олардың персонаждар құрамы жағынан да, оқиға желісінде де өзгешеліктер жеткілікті.

Пьесаның тақырыбы — Ақмола губерниясында 1918—19 жылдар аралығында совет өкіметін орнату жолында Сәкен бастаған революционерлердің күрес жолы, қиын сында шыңдалған халықтар достығы, характерлерді даралауда жазушы әр түрлі көркемдік тәсілдерді драмалық конфликтілермен шебер ұштастырады. Пьесада негізгі үш желі: революционерлердің күрес жолы, Сәкен — Надежда — Хамит арасындағы драма, әйел теңдігі мәселелері жарыса қатар өрбіп отырады. Осы арада айта кетер бір жайт, пьесаның бар варианттарында басты кейіпкерлер мен оқиға мазмұнында жақындық болғанмен, сол оқиғалар түзілісінің әртүрлі болуына сәйкес қосалқы персонаждар да өзгеріп отырады. Сондықтан уақыт жүйесін басшылыққа алып, бұрынғы нұсқадан кейінгінің қаншалықты толығып, автор нендей детальдарға, қандай себептермен көбірек назар аударған деген мәселелерге тоқталу қажет. Осындай мақсатпен қолымызда бар бес нұсқаның ішінен «Дала дауылпазы» деген атпен берілген 1967 жылғы нұсқаны тірек ете отырып, оларды өзара салыстыра карастырдық. Бұл нұсқа ендігі жерде I вариант, «Жұлдыз» журналының 1966 жылғы 1 санында жарияланған тексі — II вариант деп аталады. III вариант — 1966 жылғы сахнаға қойылуға рұқсат мөрі басылған қолжазба, IV вариант —1966 жылғы қолжазба күйінде

сақталғаны, V вариант — жазушының 16 томдық таңдамалы шығармалар жинағына енген нұсқасы.

Драматургтің басты мақсаты қазақ даласындағы революция бесігі Ақмола губерниясындағы күресті, оның жетекшісі Сәкен бейнесін ашу болғандықтан, негізгі желі де осыған сәйкес өрбиді. Совдеп жұмысы, большевиктер партиясының іс-әрекеттері бірінші планға шығады. Драмалық конфликт қарама-қарсы екі топтың арасындағы шиеленіскен күрес үстінде ширыға түседі. Бұл кезең болшевизмнің уақытша әлсіреп, ақ гвардияшылардың осы нүктедегі уақытша үстемдік құруын көрсетеді. Ленин идеясының болашағына сенген революционерлердің азап вагонында, абақтының көмескі карцерлерінде көрген қиыншылықтарда шыңдалып, біріге түскен құрыштай беріктігін суреттейді. Драматург бір оқиға төңірегінде әркелкі көркемдік тәсілдерді пайдаланады.

Совдеп үйінде, Сәкеннің тұтқындалуына байланысты көрініс қалада басталып жатқан бүліншілік хабарының жету жолы әркалай. I,II варианттарда ол баспадан газетін ала жүгіріп келген Хафиз сөздері арқылы белгілі болып, Сәкендер дайындыққа кіріседі. III вариантта ақтардың әрекетін Карас Карпович жеткізеді. Ал IV,V варианттарда Хафиз бен Патракеева хабары сахнадағы қарбаласты тездетеді.

Түнгі күзетте отырған сәтінде алдын-ала ұйымдастырылған жоспар бойынша жаулары Сәкенді қолға түсіреді. Өмірлік материалға жүгінсек, Сәкен өз пәтерінде тұтқындалады, автор пьесада бұл ситуацияны кеңсеге көшірген. Шайтанов операциясы да аздаған элементтермен өзгеріп отырады. Автор Сәкен өмірінің әлеуметтік сипатын ашу үшін, қиын-қыстау сәтте жанына анасын әкеледі. Жамал образы типтік образ. Оның бүкіл болмасынан перзенті үшін отқа да, суға да түсуге даяр ана бейілі көрінеді. Жамалға революцияның маңызынан гөрі баласының амандығы қымбат. Жамал үшін адамның бақыты — үй болу, тұрмыс түзеу деп ұғынатын ана арманы басым. Шешуші сәтте жанұшыра балапанын қорғаған қарлығаштай Сәкенге төнген ажал аузына өз кеудесін тосады. Сәкеннің қолындағы қаруға жармасып басу айтады.

Жамал: (Сәкеннің қалтасынан суыра берген наганын ұстай ап) Атпа күнім!.. Қанды сен төкпе, олар төксін!.. (Қолын күштегендей төмен басады. Таялып қалған Төлебайға) Жаңа танымым ғой, кескініңді!.. Кетіп қапты ғой, адам бейнең!.. Қасқыр сияқтысың ғой, қойға шабар!.. (Омырауын жартып) Мә, әуелі мені ат, қара жүз!

(III варианттан). Міне, Сәкен алған тәрбиенің бір ұшығы — батылдықтың бастауы ана мінезінен жарқ етіп көрінеді. Мұқанов Жамал образын инверсиялық тәсілмен берілген сөзі арқылы күшейте түскен.

V варианттағы бұл эпизодта Жамал орнын Надежда ауыстырады. Төлебай орнына Шайтанов шығады. Конфликт екі бағыт ұстанған жезде мен балдыз арасында өрбиді. Бұл өзгеріс драматург фантазиясының кеңдігімен қатар, әр варианттың өзіндік динамикалық дамуынан туындайтын заңдылық болып табылады. Колчакшылардың зұлымдық істері мен большевиктердің қайсарлығын қатар қамтитын көріністер, I,IV варианттарда толығырақ бейнеленеді. Қалғандарында бұл көрініс түсіріліп қалған. Ал лагерь өмірі сол кезеңдегі шешуші фактор болғандықтан, автор оны бар вариантына кірістірген. Әрі жалпы мазмұнын сақтай отырып, ситуацияларды түрлендіріп қолданады. I вариантта Шафрак жасырын жолмен түрме әкімшілігінің сеніміне кіріп алып астыртын жұмыс жүргізеді. Әрі сырттағы көтеріліс пен түрмедегілердің дәнекершісі. III варианттағы өзгешелік түрмеге Америка армиясының майоры Айрестің келуі, тұтқындармен, оның ішінде Сәкенмен сөйлесуі Шайтановтар тобының мысын басса, керісінше, Сәкеңдер тобының мәртебесі өседі. Осы Айрес V вариантта да қатынасады, бірақ ол басқа қырынан, озбырлық өкілі ретінде танылады. Ал IV вариантта абақты өмірі тікелей көрсетілмегенмен, кейіпкерлер сөзінен аңғарылады, Бөкейхановтың Сәкенді райынан қайтаруды көздегені кездесуінде ашылған.

Бұдан аз-ақ бұрын Сәкенді паналап келген Үмітжан мен Есентай махаббаты пьесадағы қосалқы желі ретінде басталып, соңында революциялық күрес желісімен біртұтас дүниеге айналады. Екеуі де көтеріліс басшылары түрмеде, айдауда болғанда, олардың ісін жалғастырып, ендігі жерде күрестің орталық кейіпкерлеріне айналады. Революционер деңгейіне көтеріледі. Қаладағы бір жасырын ұйым жұмысы олардың ошақ басынан басталады. Ұйым мүшелері: Шафран, Досов, Надежда, Есентай, Үмітжан т. б. әрекеттері барлық нұсқада бірдей, әрі нанымды суреттеледі.

Пьесаның бірді-екілі көрінісінде кездескенмен, азулы қалпынан оңайлықпен ажырағысы келмей айбаттанған адмирал Колчактың бет бейнесі әртүрлі орта өкілдерімен сөйлескенде, қарым-қатынас үстінде құбылып отырады. Ол өзінен әлсізге қандай үстем болса, күштінің алдында сондай жалтақ, мүләйім болуға тырысады. Әсіресе Гайда-

мен әңгіме үстінде оның іштегі буырқанып жатқан ашуын сыртқа шығаруға дәрмені жетпей пұшайман күйге түсуі көп нәрсені аңғартады. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен тартатын» аумалы-төкпелі заманда адмиралдың бейшара болмасқа шарасы қайсы?! С. Мұқанов Қолчактың ішкі сезімін оның сөз саптауы арқылы да, ремаркалық істер арқылы да толықтырады. Анненков, Шайтановтар да амалсыздың күнін кешіп, екі ұдай күйде жүрсе де қол астындағыларды әлі де тықсырудан ләззат алатын, білегі жуан «мықтылар». Бұл Шайтановтың Төлебай, Хамиттерге көрсететін қырынан, репетиция өткізіп жүрген көпшілікке жасаған озбырлығынан танылса, қазақ даласын қанмен суарған Анненковтың бар дүниеге қолын бір-ақ сілтеп, маскүнемдікке салынуы, бір стакан арақ үшін сыбайласы Шайтановқа қылышын жалаңдатуы сүйекке таласқан ызалы төбеттердің ырылдасқан таласын көзге елестетеді. Сөйтсе де ол (Анненков) анау айтқан ақылсыз емес, жеңілістің себептерін өз әлінше іздейді, әрі таба да біледі. Большевиктерге деген өшпенділігінде шек жоқ. III варианттан басқа нұсқаның бәрінде олардың ұйымының әрекеті бір ізбен берілген.

Драматургтің бірде алып, бірде қосып отырған оқиғасы Сәкеннің жастарды өнерге баулып спектакль даярлау барысындағы ісімен байланысты. Бұл эпизодты автор орталық кейіпкерінің тағы бір қырын ашумен бірге, ел арасындағы Сәкен беделінен хабардар етіп сол қара халық қамы үшін күрескен ердің образын сомдау үшін пайдаланған. Сәкеннің азаматтық қасиетін толықтыра түсетін пьесаның өнбойына тартылған желі — Надежда екеуінің сезімі. Оларға кедергі жасау ниеті Хамит тарапынан байқалғанмен, шынайы сезім алдында аярлықтың қандайы да әлсіз. Өйткені ол екеуінің арасындағы махаббат қиындықта шыңдалған сезімнен туады. Әуелгінде Сәкеннің өз басының амандығы үшін, оны революциядан аулақ кетуге үгіттейтін Надежда кейін өзі де сол күрестің бел ортасында жүреді. Азап вагонында, абақтыда, жасырын ұйымда атқарған қызметі — Надежданың саяси көзқарасының айқындалып, үлкен өмір жолына нық сеніммен қадам басқанын, азаматтық өресінің өскенін дәлелдейтін оқиғалар. Надежданың өсу жолы пьесаның барлық вариантында өте ұқсас жүйемен өрбиді. Оның сахналық бейнесінің жан-жақты көрсетілуі образ жасауда автор шеберлігін айқындай түскен.

Ендігі мәселе — Сәкеннің абақтыда жатқан кезінде жауларының оны алдап, саяси бағытын өзгерту үшін жа-

саған әрекеттері және оны автордың әр нұсқада көрсету жолдары жайлы. I, IV варианттарда бұл оқиға бірдей берілген. Мұнда Алаш партиясының жетекшісі Бөкейханов «Қолчакшылдар мен одақтастарының кекесін сөздерінен құтылу үшін» Сәкенге жанашырлық танытқан сыңай көрсетіп, оны үгіттеуге тырысқан қулығы жүзеге аспай қалады. Екеуінің арасындағы сөз қақтығысулардың жалпы сарыны бірдей болғанмен, екі вариантты салыстыра келгенде IV вариантта Сәкен сөзі ұранға айналып, жасандылыққа бой ұрған. Оған қарағанда, I варианттағы текстер нанымды. Оны төмендегі үзіндіден байқауға болады.

Пьесаның II варианттында Сәкенмен сөйлесіп, оған «жаздым-жаңылдым» деп қолхат жазғызу идеясы Төлебайдан туады. Әрі оның түпкі есебі де сенімді. Сәкеннің ел ішіндегі беделін жетік білетін Төлебай толқу үстінде отырған көпшіліктің бетін қайтарып, өздерінің соңынан ертудің жолы — Сәкеннің адастым деген қолхатын алу, деп тұжырымдайды. Бұл жоспарын Бөкейхановқа да айтады. Және Сәкенмен өзі сөйлеседі. Міне, осы арада айтар жайт, бір ұсынысты екі вариантта екі адамға айтқыза отырып, Сәкен жауабын қарсыласының білім деңгейіне,жас шамасына, олардың қоғамдағы орнына қарай драматургтің тапқырлықпен өзгертуі де ізденіс ізін аңғартады.

I вариант

СӘКЕН — Совет өкіметінің сүйенері — еңбекші халық. Ол — әр ұлттың жүзден тоқсаны. Тоқсанды тұншықтыруға оның шамасы келмейді.

Бөкейханов — Сонда...

Сәкен — (сөзін бөліп) — Кешіріңіз, Әлеке! Сізді мен саяси жағынан дұшпан көргенмен, қара басыңызды кадір тұтатын кісімін. Маған сіздің осы мәселелерді не себепті қозғағаныңыз түсініксіз болып тұр.

Бөкейханов — Неге?

Сәкен — Мен сізді сана-сезіміңіз марқайған, тұрақталған адамға санаймын. Өзімді де сондай адам көрем. Олай болса, саяси сенім де сіздің мені, менің сізді өз жағымызға аударып әкетуіміз мүмкін емес. Ендеше, пайдасы не осы сөзді ілгері созып?

II вариант

Төлебай — Қажет болса, жазасың.

Сәкен — Қандай қажеттік бар онда?

Төлебай (шегелеп) Не өлу, не тірілудің қажеттігі. Хат жазсаң — тірі қалуың мүмкін. Ал жазбасаң... (кідіріп қалады)

Сәкен — Айт! Аяқта сөзіңді!..
Төлебай (созбақтап) А-тыла-сың!
Сәкен — Сол ма, қорқытқанда айтар бар сөзің?
Төлебай — Одан әрі не сөз бар?
Сәкен — Сөз көп. Жан мына сен сияқты тоғышарларға ардақты...
Төлебай (сөзін бөліп) Саған ше?
Сәкен — Маған да ардақты. Мақалшы бола қалдың ғой, сен, әлгінде. Сол қазақтың: «Мал — жанымның садағасы, жан — арымның садағасы» деген мақалын естіп пе ең?
Төлебай — Естідім. Оның бұл араға қажеті не?

Сондай-ақ Төлебай — Бөкейханов қарым-қатынасы да екі вариантта екі түрлі сипатта беріледі. I вариантта Төлебай Бөкейханов алдында жуас, айтқанды орындаушы ғана болса, II вариантта ол айтарын қаймықпай жеткізетін дербес тұлға ретінде көрінеді. Керісінше, әуелгі нұсқада өз-өзіне сенімді, сөзі нық Бөкейханов, кейінгісінде Төлебайға кіріптар сияқты. Ол үнемі пікірлесімен «Төлеш», «шырағым» деген сөздерді қосып айтып, жарамсақтана сөйлейді. Соңғысы, әрине, уақыт талабы мәжбүр еткен қателіктің салдары. Шығармада образ жасау түгіл, атын айтуға тыйым салынған кезеңде жазылған дүниеден әр сөзден ілік тауып, тырнақ астынан кір іздеу бүгінгі көзі ашық ұрпаққа жараспаса керек. Қайта Сәкен аузымен айтылатын пікірлер үстірт болса да Бөкейхановтың тарихи орнынан, беделінен хабар беретіндей. Неге екені белгісіз, бұл эпизодтар III, V варианттарға мүлде енбеген.

Шығарманың композициялық құрылымына келгенде кейбір варианттарда оқиғалар сабақтастығынан бөлектеу «Жетекші сөзінің» енгенін айтуға болады. I варианттағы «Жетекші сөзі» пьеса авторының атынан осы шығарманы жазудағы мақсаты, өз кейіпкеріне деген сүйіспеншілігі айтылып, ол пьесаның кіріспесі іспетті әсер береді. IV вариантта жетекші сөзі әр акт сайын берілген. Онда өткен оқиғалар мазмұны (өтіп жатқан көріністер аралығындағы) баяндалып, ұзақ мәлімет түрінде айтылады. Мұны автор көркемдік тәсіл үшін емес, шығарманың көпшілікке кеңірек түсінікті болуы үшін пайдаланған. Бірақ бұл жанр табиғатына үйлесімсіз, ұзақ-сонар көлемімен де сыйымдылық танытпайды.

V вариантта пролог түрінде берілген Сәкен сөзінде

оны революциялық күрес жолындағы арман-мүддесі, жастарды сол жолға шақырған идеясы жинақталған.

Пьесаның аяқталуында да бірқатар айырмашылық бар. I вариант лагерьдегі большевиктер тағатсыздана тосқан көтерілістің басталуымен бітсе, II, V вариантта Сәкеннің бостандыққа шыққаннан кейінгі кезеңімен, Қызыл Армия мен партизандар отрядының бірігуімен, ал III, IV варнант қаладағы жасырын ұйымның түрмедегілерді босату үшін күреске аттануымен аяқталады.

Осы жоғарыдағы аталған үлкенді-кішілі айырмашылықтардың орнына қарай, шығарма кейіпкерлері де алмасып, өзгеріп отырады. Әрине, олардың дені Карас, Гүлжан, Үмилә, Халифат т. б. секілді қосалқы персонаждар.

Қолжазбаларды салыстыра келгенде, олардың ішіндегі 1967 жылы жазылып «Дала дауылпазы» деген тақырыппен берілген нұсқасының көркемдігі жоғары екеніне көз жеткіздік. 3 актылы, 7 картиналы тарихи драмада жалпы саны жиырма екі кейіпкер бар. Драматург олардың басты тұлғаларын өз мінез ерекшеліктерімен көрсетуге ұмтылады.

Бір қарағанда, автордың өзі де кейіпкерімен бірге жүріп, оның басынан өткерген сол оқиғаларды әбден жатық білетініне күмән келтірмегендіктен, бұл туындыны Сәбит үшін оңай жазыла салған дүние деуге де болатын секілді. Бірақ жазушы лабораториясымен етене танысқан сайын оның әрі жақын, әрі қымбат жан бейнесін көркем шығарма арқылы сомдап, оны өз биігінде көрсету үшін қаншама творчестволық азапты бастан кешкенін танығандай болдық. Оның үстіне пьесаның сыншысы — талғампаз халық үшін Сәкен көптің бірі емес, ол — аты аңыз боп тарап кеткен ірі тұлға. Міне, осыдан келіп жазушының үлкен жауапкершілігі де туындайды.

Сәкен — ел бостандығы үшін күрескен жалынды революционер ғана емес, ол — ақын, творчество адамы. Осы екі қасиеттің тоғысып, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы арқылы ашылуға тиіс. Сәкен бойындағы басқа да адамгершілік сезімдерінің шынайы көрініс табуы пьесада қалай жүзеге асырылған деген тұрғыда сөз етер болсақ онда, ең алдымен, характер сомдауда Сәбеңнің кейіпкерін қақтығыс, тартыс үстінде танытар шеберлігін атауға болар еді. Пьесада Сәкен характері әр көрініс сайын толыға, ашыла түседі. Үмітжан мен Есентайды ескіліктің шырмауынан босатып, бас бостандығын әперіп қана қоймай, оларды қанатының астына алып, қамқорлық көрсетеді. Олардың саяси көзін ашып, күреске

тартады болашағына бағыт береді. Бұл тұрғыдан келгенде Сәкен әділдіктің, махаббаттың қорғаны, жастардың ақылшы ұстазы.

Бірде өнер сүйген жастардың жетекшісі, бірде ән мен жыр төгілткен ақын-композитор, енді бірде Надеждадай аруды аялай сүйген жігіт ретінде танылуы Сәкен образын жандандыра түсетіндей. Әрі сол қасиеттері оның революционер ретіндегі азаматтық бейнесін толықтыруда ұтымды роль атқарып тұр. Мәселен, пьесаның алғашқы картинасында өнерді өмір деп бағалаған Сәкен, оны өздері дайындап жатқан спектакльдің шырқын бұзып, баса көктей жетіп келген Шайтановтан да, Төлебайдан да қорғай біледі. Ал Шафран, Абдолла бастаған топ тапсырған совдеп жұмысының маңызын одан жоғары қояды.

«Азап вагонындағы» Сәкеннің есінен тануы да нанымды. Өйткені таза көңіл, ақ тілеу жолында күресіп жатқандардың көз алдында қорлық көріп, зардап шегуі ақын жүрегіне тым ауыр. Ол бір сәт жан азабымен арпалысып, сандырақтайды. Бірақ бұл ортада да Сәкен өлеңдері үміт отын сөндірмейтін, көпшіліктің рухани тіregіне айналады. Абдолла аузымен айтылған сөз Сәкен өлеңдеріне берілген әділ баға. Ол: «Әу, жолдастар-ау, біз қанша кейігенмен, Колчактың осыдан артық көрсетер «рахаты» жоқ. Өйтіп жанымызды жегеннен көңіл көтерейік Сәкеннің өлеңдерімен. Ашыққанда соларды азық қып, тоңғанда солармен жылынып келе жатқан жоқпыз ба, азаптың осы вагонында?»— дейді.

Сәкен бойындағы тағы бір қасиеті — адамға сенгіштігі. Ол Хамитқа да, Қарапайға да күдік келтірмейді. Алыстағыны қырандай қырағылықпен көретін Абдолланы қанша сыйласа да, оның күдігіне иланбайды. Екеуін де жамандыққа қимайды. Дегенмен жолдастарының сөзін жерге тастай алмағандықтан Хамитті жұмыстан шығаруға мәжбүр.

Сәкен жолдастары үшін басын қатерге де тігіп, анталаған жау әскерінің ортасынан Хафиз Ғиззатулинді медпунке Надежданың қолына әкеліп тапсырады. Түрменің ауыр азабы дертке шалдықтырған Абдолланың әл үстінде жатқанын көріп, өз басын аман құтқару үшін жасырын ұйымдастырылған шарадан бас тартады. Не болса да, өз жолдастарымен бірге көруге бел байлайды. Әрине, басталған ісін аяқтай алмай, жау қолынан мерт болу қандай адамға да жеңіл емес. Қолында кісен, торда қамаулы тұрған Сәкеннің ah ұра қоштасуы табиғи мо-

нолог арқылы берілген: «Діншілдердің «қияметтің қыл көпірі» дегені осындай халдің мысалы екен. Біздің өмір сондай көпірдің үстінде ғана қалды. «Оңға тайсаң — жалынды от, солға тайсаң — сақылдап қайнаған су» дегендей, қай жағымызға тайсақ та аранын ашқан ажал!.. О, ажал!.. Сен жалмамайтын жәндік жоғын білем. Бірақ табиғи өлім бар да, төтенше өлім бар. Бізге сол, төтеншесі кездесіп тұр!.. «Жетем бе» деген арман көп... Ажал аяқ астында!.. Оның қанды аранынан құтылар-құтылмасымыз неғайбіл. Егер құтыла алмасақ, еңбекші халық, болашақ ұрпақ, бәрің де бақұл болыңдар!.. Көздегенім сендердің бақыттарың еді, сол күрестің жолында арманда кетіп барам!!.. Хош, халық!.. Хош, ұрпақ!..»

Қанша революциялық рухта шыңдалса да, ол да ет пен сүйектен жаралған адам. Сондықтан жақсылықтың хабаршысындай зарықтырып күттірген Есентай мен Үмітжан әні естілгенде ақын жүрегі жарыла қуанып, өшкен үміт қайта маздайды. Пьесаның соңында Шафран мен Сәкен жауға қарсы күреске қол ұстаса аттанады.

Сәкенге қарсы топтың ішінде көбірек көрінетіні — Төлебай Нұралин. Төлебай — Сәкеннің жастайынан бірге өскен құрбысы. Екеуі революция күндерінде екі топтың өкіліне айналады. Олардың идеялық көзқарастарының алшақтығы өздерін де бітіспес дұшпан етеді. Сәкеннің әділдік жолында жасаған істері Төлебайға аяздай батады. Ескілікті көксеген Төлебай жиенінің атастырған қалыңдығын Сәкен әдейі тартып алып, басқа біреуге күшпен қосқандай қабылдайды. Жаңа заманның үнін естігісі келмейді, жаңа тұрмысты көргісі келмейді. Атқамінерлердің әдетіне басып, қай жерде де зорлық-зомбылық көрсетуге даяр ол Сәкенге көпшіліктің ортасында әдейі қақтығысады. Ал әкесі мен ағасының түрмеге жабылуы («контрибуциясын» төлемегені үшін) Төлебай үшін «сүйекке түскен таңба» Совет өкіметін танығысы да келмейді. Сөзі өктем, көкірегі өсік Төлебай Сәкенмен ат құйрығын үзіседі біржола. Бұл қақтығыс диалог арқылы былай беріледі.

Төлебай — Мен кешегі сөздің нақтылы жауабын ала келдім.

Сәкен — Қандай сөздің?

Төлебай — Елдің игі-жақсыларының бәрін абақтыға жапқызасың да білмеген боласың, ә?

Сәкен — (түрегеп) —«Контрибуциясын төлемегендерді» де.

Төлебай — Қайдағы контрибуция соларың? Сен білген

орыс тілін біз де білеміз. Орыстар «контрибуция» деп, соғыста жеңілген жақтың, жеңген жаққа төлейтін шығынын айтады. Сенің қаматқан қазақтарың, олардың ішінде менің әкем — Барлыбай мен ағам Олжабай қайсыңмен соғысты?

Сәкен — Ондай терминді қолданған мен емеспін, совет өкіметі.

Төлебай — Қолдана берсін. Совет — әлі ешкімнің де танымайтын өкіметі.

Сәкен — Танымасаң сен танымайсың. Сен сияқты қанаушылар тобының адамдары танымайды. Еңбекші халық таниды...

Төлебай — Ол — қысыр кеңес туралы кейін сөйлесе жатармыз. Қазіргі сөз әкем мен ағамды босатасың ба, жоқ па?

Сәкен — Оны Совдеп шешеді.

Төлебай — Мен Совдеп-мовдебіңді білмеймін, сені білем: босатасың ба, жоқ па?

Сәкен — Босатпаса не қыласың?

Төлебай — Ақтық сөзің бе, бұл?

Сәкен — Менің ғана сөзім емес, Совдептің сөзі.

Төлебай — Отпен ойнайсың, Сәкен!

Сәкен — Мен тап тартысында немен ойнауға да әзірмін.

Төлебай — Онда өкпелеспейміз ғой, бірімізге-біріміз?

Сәкен — Әрине.

Төлебай — Қанжығада көрісуге бейіл боламыз дегенің ғой бұл?

Сәкен (нық дауыспен) — Болсын.

Төлебай бетін осылай ашып алғаннан кейін Сәкеннің, оның ұйымының көзін жоюға құлшына кіріседі. Хамит арқылы Совдептің астыртын әрекеттерін біліп отырып, оны құлатуға күш салады. Кейін ол қарсы топтың белсенді жандайшаптарының біріне айналады. Төлебай — соңғы сағатта тұяғын серіпкен қанаушы таптың типтік бейнесі.

Пьесадағы елең еткізер кейіпкер — Әлихан Бөкейханов. Ол осыдан жиырма екі жыл бұрынғы шығармада, әрине, атын атамақ түгілі, еміс-еміс естілер күбір сөздің өзін тыңдауға қорқатын тұста жазылғандықтан Алашорда партиясының белді мүшесі ретінде советке қарсы деген түсінікте ғана берілуі заңды. Бірақ Сәбит Мұқанов оның идеясын жалпылама көрсеткенмен, Әлихан Бөкейхановтың халық тағдырына деген жанашырлығын орыс билеушілерімен теңдесе сөйлесуі арқылы толығырақ ашуға тырысқаны байқалады. Ол Бөкейхановты кейбір жандайшаптар секілді жалтақ, жағымпаз етіп көрсетуден

аулақ. Сәбит Мұқановтың Бөкейхановы аз көрінсе де, Советті қаламаса да, халық үшін жанын қиятындай биік тұрған жан.

Пьесадағы революционерлер тобының жетекшілері ретінде танылатын Шафран, Досов бейнелерін жан-жақты тереңірек көрсетуге күш салмаған. Олар тек Сәкен образын толықтыруға, оның кейбір қырларын ашуға септігін тигізетін қосалқы персонаждар деңгейіне қалып қойған. Бұлармен салыстырғанда Абдолла Асылбеков характері толық көрінеді. Абдолла тарихта болған, пьеса авторының өмір жолында өзіндік із қалдырған революционер болуы оның тұлғасының тұтастай, нақтылана көрсетілуіне септігін тигізген. Ол — Сәкеннің қатерлі сәттерде кеңес беріп, ақылдасар жанашыры. Мәселен, Сәкеннің сеніміне кірген Хамиттің, оның төңірегіндегілердің жымысқы әрекеттерін Абдолла қырағылықпен, аңғарымпаздықпен қалт жібермей таниды. Қиындыққа қайыспай, қарсы тұрып азап вагонының тар қапасында жолдастарына басу айтып, оларды жігірлендіруші Абдолланың сөздерінен де төзімділік аңғарылды. «Тар жол, тайғақ кешу» кезінде де ол көпшілікті соңынан ерте біледі. Абдолла сөзі маңайындағыларға рухани дем береді. Сәкеннің әндерімен көпшіліктің көңіл-күй пернесін дәп басады.

«Сәкен Сейфуллин» пьесасының бар вариантында бірдей көрінетін орталық кейіпкердің бірі — Хамит. Ол — Сәкеннің жиені. Атасы — Тоқа, бүкіл Ақмола уезінің қазағын уысында ұстаған атақты би. Омбы гимназиясында оқыған, білімді. Бірақ саяси көзқарасы әлі қалыптаспаған толқымалы кейіпкер ретінде нанымды шыққан. Өйткені шын мәніндегі революцияның маңызын түсіне алмай сергелдең күйде жүр. Болашағын айқын аңғара алмағандықтан ол ертең қандай күн туады деген жалтақ оймен Төлебайдан да біржола суысып кете алмайды. Сәкенді де қимайды, ортада жүреді. Сәкеннің өз басын сыйлағандықтан ғана оған қызмет етуге бейіл. Ал жеке бастарының тіршілігіне келгенде оған іштей егесіп, тісін қайрап жүреді. Сондықтан да Хамиттің осал жерін дәп басқан Төлебай тобы оны өз пайдасы үшін жұмсайды. Пьесадағы бір желі Сәкен — Надежда — Хамит арасындағы байланысқа құрылған. Сәкен мен Надежданың қарым-қатынасын не деп жорырын білмей жүрген Хамиттің секемшіл көңіліндегі отқа Қарапай да, Төлебай да май құя түсіп, Сәкенге қарсы айдап салады. Революциялық жолда қолқылдақтық танытып, мұрнынан сөйлеп момақансып жүргенмен, омыртқаңды қуалап миыңа шапқанша ешбір із-

түзін білдірмеуге тырысатын жұлын құрттай сүйкімсіз бола тұра, сырт қарағанда ол махаббатқа тұрақты шынайы сүйетін қылықты жігіт сияқты көрінеді. Аңдап отырғанға Надеждаға деген сезімі де алаяқтықпен ұласып жатыр. Ертең толайым ақтар жеңіп жатса, Шайтановтай азуы алты қарыс атаманның балдызына үйленсе қор болмайтын жағын алдын-ала ойластырып жүрген ішкі есеппен астасып жатыр. Оның іс-әрекеті екі жақтың күрестегі салмағына қарай ауытқып отырады.

Сәкенге қарсы топтың ірі өкілдері Колчак, Анненков, Шайтанов болса олардың ел арасындағы жандайшаптары Төлебай, Қарапайлар кезек-кезек тартыс үстінде көрінеді. Өлім алдында жан-дәрмен жанталасып соңғы тұяқ серпілетін сәті жеткенін біле тұра, сезе тұра қасарысқан қимылын, Колчак өкіметінің қазақ жеріне табан тіреген арпалысты мезгілін барынша шиленістіруде автор тарихи фактілерді шебер қияюластырған. Әр образды ашуда диалогтар, ремаркалар, монологтар бірін-бірі толықтырып отырады. Өз армиясының илеген құмдай ыдырауы, шет елдік одақтасардың тиянақсыздығы адмирал Колчактың діңкесін құртады. Оған француз генерал-полковнигі Жаненнің қаннен-қаперсіз сауық іздеп, одан қала берсе адмиралмен санаспай жолға жиналуы бір соққы болса, екінші соққыны ащы шындықты жайып салып беттен алып төске шауып отырған өз сыбайласы Анненковтан алады. Оның әрекеті ажалдың жақындағанын мойындата түседі. Ал өздері санатқа қоспай жүрген бұратана елдің болар-болмас әрекетінің өзі шымбайына батады.

Осылайша бірі өсіп, бірі өшіп бара жатқан екі таптың тартысты күресі драмалық шығармада әсерлі шешім табады. Сөз жоқ, «Сәкен Сейфуллин» пьесасы — жазушының ғана емес, ұлттық драматургияның табысты бір белесі. Бұл шығармада суреткер шеберлігінің шыңдалу кезеңі мен қазақ совет әдебиетінің эволюциялық жолы тоғысып жатыр.

Әйтсе де кешегі тоқырау жылдардың салқынының Сәбит Мұқанов творчествосына да аз тимегенін айтпауға

болмайды. Жазушының творчестволық еңбектері жекелеген «құдайлардың» нұсқауымен сан кедергілерге ұшырады. Соның бір дәлелі — кезінде қазақ театрының табысы боп танылған аталмыш пьесамен қатар «Қашқар қызы» да, «Шоқан Уәлихановы» да театр репертуарынан жазушының көзі тірісінде-ақ алынып тасталуы. Сәбит Мұқановтың қаламдас інілерінің бірі Жайық Бектұровқа жазған мына хатынан жағдайды толық түсінуге болады. Сондықтан хатты толық беруді жөн санадық:

«Құрметті Жайық!

Омбыдан және Қарағандыдан жазған хаттарыңды алдым. Сәкенге біраз қызмет атқарған екенсің, ол үшін сансыз рахмет.

«Сәкеннің» спектаклі Алматы драма театрында 14 рет көрсетіліп, бәрінде де адам сыйғысыз аншлагпен өтті. Қарағанды мен Целиноград театрларында да солай өтуіне өзің куәсің. Одан бері де жақсы өтіп жатыр деп естігем.

Халық осынша бағалаған спектакльге Республикалық газет-журналдарымыздың біреуі де үн қатпастан тыптыныш жатыр. Одан кейін көрсетілген кейбір жобалғы спектакльдерге құлаш-құлаш мақала беріліп жүргенін оқыған боларсың. «Сәкенге» республикалық газет-журналдардың үндемеуін маған, я Сәкенге байланысты екенін түсіне алмай қойдым. Қай «Құдайдың» бөгет болып жүргенін де білмеймін. Өз ойымда, бұл пьесаны «Октябрьдің 50 жылдық тойына арнап жаздым» деп, «Октябрьді жасасқан большевиктердің бейнесін көрсеттім» деп түсінген едім. Халық та осылай ұғып жатқан сияқты; өйткені спектакль сайын залда лық толған халық, үздіксіз овация жасап, ретті жерінде күліп те, жылап та отырады. Көрермендердің Қарағанды мен Целиноградта да сөйткеніне өзің куәсің. Біз, әдетте, «тарихты халық жасайды» дейміз. Ендеше, баспасөздердің халық пікірімен санаспауы мен үшін таңқаларлық іс. Неге олай болу хақиқатына партия ұйымдары арқылы жетеміз, әрине. Бұл жайда өзім үлкен реніштемін.

Бірге жасаған сапарларымыз туралы «Жұлдыз» журналына жіберген очеркің келген. Оның басылуында, Сәкен себеп болып жатыр ма, басқа себеп бар ма — тез байқастырамын. Өзім сендерден ажырасқалы тауда демалыс үйінде болып, қалаға оралдым.

Сәлеммен, Сәбит Мұқанов».

5. II. 1968 жыл, Алматы.

(Қазақ ССР-інің
Орталық Мемлекеттік архиві,
фонд 163,4 1-тізім, 96-іс.)

Ғұмырнамалық драманың озық үлгісі —«Сәкен Сейфуллин» жаңа заманның жаңа талабына сай, сахна жолымен халқына қайта оралады деп сенеміз.

ТҮСІНІКТЕР

Ғабит Мүсрепов — (1902—1985), жазушы, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Мақала «Ой әуендері»(А., 1978 ж.) жинағынан.

Са́муил Маршак — орыс совет жазушысы, Лениндік сыйлықтың лауреаты. «Лен. жас» 13 ноябрь, 1950 ж.

Темірғали Нұртазин (1907—1977), фил. ғыл. докторы, профессор, «Жазушы және өмір» кітабынан алынды.

Шыңғыс Айтматов — қырғыз совет жазушысы, Лениндік және СССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері. «Қаз. правда» газетінің 1973 жылғы 20 апрельдегі санында «Незабвенный образ» деген атпен көңіл айту ретінде орыс тілінде жарияланған.

Қажым Жұмалиев — қазақ совет әдебиетінің зерттеушісі, профессор, Қаз. ССР ҒА. корреспондент мүшесі, «Кезеңдер сәулесі» атты кітабынан.

Дмитрий Снегин — орыс совет жазушысы. С. Мұқанов музей-үйінің қолтаңба кітабынан.

Мәлік Ғабдуллин — (1915—1973) — Совет Одағының Батыры, профессор, СССР педагогика ғылымдары академиясының академигі. «Лен. жас» газетінің 1950 жылғы 24 май күнгі санында жарияланған.

Ян Ленчо — чехославак жазушысы. Музей үйінің қолтаңба кітабынан.

Бейсембай Кенжебаев — әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Шындық және шеберлік» атты кітабынан.

Петр Проскурин — орыс совет жазушысы, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Қәдімгі Сәбит Мұқанов» жинағынан.

Әбділда Тәжібаев — ақын, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қаз. ССР халық жазушысы. 1987 жылы 17 февральда ашылған «Сәбит Мұқанов сабағының» алғашқы баяндамасы.

Бибігүл Төлегенова — СССР халық артисі. «Торғай таңы» газеті, 26 апрель, 1980 ж.

Хамит Ерғалиев — ақын, Қаз. ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР халық жазушысы. Арнайы жазылған мақала.

Ионас Шимкус — Литва совет жазушысы. «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» жинағынан.

Мүзафар Әлімбаев — Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Арнайы жазылған мақала.

Серке Қожамқұлов — қазақ театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. «Торғай таңы» газетінің 1980 ж. 26 апрельдегі санында жазушының 80 жылдық юбилейіне байланысты айтылған.

Түрсынбек Кәкішев — әдебиет зерттеушісі, фил. ғыл. докторы, профессор Мақала арнайы жазылды, алғаш рет жарияланып отыр.

Галина Серебрякова — орыс совет жазушысы. «Каз. правда» газеті, 1970 ж., 29 май, күнгі санынан.

Серік Қирабаев — СССР Педагогика ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі. Мақала 1960 жылғы «Жұлдыз» журналының 7 санында жарияланған.

Валентина Смирнова — әдебиет зерттеушісі. «Лит. газетаның» 1949 жылғы 14 май күнгі санында «Свет из России» деген атпен жарияланған.

Ханғали Сүйіншалиев — фил. ғыл. докторы, профессор, Арнайы жазылған мақала.

Мұхтар Әуезов — «Жолы кең жазушы» 20 томдық таңдамалы шығармаларының 18-томы, 283-беттен алынды.

Александр Фадеев — орыс совет жазушысы. «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» жинағынан алынды.

Нәзір Сафаров — өзбек совет жазушысы. Жазушы қайтыс болғанда қабір басында сөйлеген сөзі. «Қаз. әдебиеті» газетінің 1973 жылғы 1 май күнгі санында жарияланған.

Дандай Ысқақов — әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты. Арнайы жазылған мақала.

Төлеубай Ыдырысов — журналист. Арнайы жазылған мақала.

Ғабиден Мұстафин — жазушы, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.«Кәдімгі Сәбит Мұқанов» жинағынан.

Тәкен Әлімқұлов — белгілі жазушы, әдебиет зерттеушісі. «Жұлдыз» журналының 1980 жылғы 5 санында жарияланған.

Құлбек Ергөбеков — сыншы, публицист. Мақала арнайы жазылып, алғаш рет жарияланып отыр.

Серік Мақпыров — әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты.

Тұрсын Жұртбаев — сыншы, публицист. Арнайы жазылған мақала.

Қайрат Раев — С. Мұқанов музей үйінің қызметкері. Арнайы жазылған мақала. Алғаш рет жарияланып отыр.

Түсініктерді жазған Нәйла МҰҚАНОВА

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖОЛ ТАПҚАН БАР ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮРЕГІНЕ

Ғабит Мүсрепов. «Халқымыз таныған жазушы» . 4

Самуил Маршак

Темірғали Нұртазин «Жазушы және өмір» . 9

Шыңғыс Айтматов

Қажым Жұмалиев. «Ой тілмашы — сөз» . 18

Дмитрий Снегин

Мәлік Ғабдуллин «Көрнекті жазушы» . 27

Ян Ленчо

Бейсенбай Кенжебаев «Жалынды саяси лирика» . 31

Петр Проскурин

Әбділда Тәжібаев. «Сәбит Мұқанов туралы сөз» . 39

Бибігүл Төлегенова

Хамит Ерғалиев «Жырдың ақ бас ағасы» . 52

Ионас Шимкус

Мұзафар Әлімбаев «Есімі елінің атымен үндескен» . 71

Серке Қожамқұлов

Түрсынбек Кәкішев «Жаңа заман жыршысы» . . . 100

Галина Серебрякова (Орысшадан аударған Қ. Раев.)

Серік Қирабаев «Дәуіріміздің дарынды жыршысы» . 124

Валентина Смирнова

Ханғали Сүйіншәлиев «Заманымыздың заңғар суреткері» . 136

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ДАЛА ТҮЛҒАЛЫ СӨЗ ЗЕРГЕРІ

Мұхтар Әуезов «Жолы кең жазушы» . 144

Александр Фадеев

Мұхаметжан Қаратаев «Жарты ғасырдың шежіресі» . 149

Расул Ғамзатов

Иван Шухов «Сәбит Мұқанов» (Қазақшалаған Ж. Дәулетбекова) . 162

Мирмухсин

Есмағамбет Ысмаилов «Жұмбақ жалау» . 167

Леонид Леонов 180
Әбдіжәмил Нұрпейісов «Талант табиғаты» . 181
Зоя Кедрина (Орысшадан аударған Қ. Раев) . 188
Зейнолла Қабдолов «Қызық тағдырлар» . 191
Евгения Лизунова . 199
Рахманқұл Бердібаев «Сюжет пен характер» . 200
Алексей Брагин
Рымғали Нұрғалиев «Тартыстар, тұлғалар» . 211
Нәзір Сафаров . . 242
Дандай Ысқақов «Дарын қыры» . . . 243
Төлеубай Ыдырысов «Қысы-жазы ел кезіп» . 265

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ТАЛАНТ ПЕН ТАЛҒАМ

Ғабиден Мұстафин . . . 280
Тәкен Әлімқұлов «Мол пішім» 281
Құлбек Ергөбеков «Арман ғұмыр, аяқталмаған эпопея . 287
Серік Мақпыров «Жұмбақ жалау» романының творчестволық тарихынан 310
Тұрсын Жұртбаев «Сенің келуің — шын келу» . 331
Қайрат Раев «Тарихи дерек және көркемдік шешім» . 358
Түсініктер 375

УРОКИ САБИТА МУКАНОВА

Литературно-критические статьи

(На казахском языке)

Редактор Б. Акбузауова
Художник Ш. Байкенова
Худ. редактор Ж. Касымханов
Тех. Редактор Н. Сайфуллина
Корректор С. Умишева

ИБ № 4780

Теруге 21.02.90 жіберілді. Басуға 31.08.90 қол қойылды. Қалпы 84×108$^{1}/_{32}$. № 2 кітапты-журналды офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 20,16. Шартты бояу көлемі 30,41 Есепті баспа табағы 21,22. Тиражы 5000 дана. Заказ 524. Бағасы 1 с. 60 т.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфия кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің, Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі 41-үй.

С 28 **Сәбит Мұқанов тағлымы:** Әдеби-сын мақалалар (Құраст. Н. Мұқанова, Қ. Раев.— Алматы: Жазушы, 1990.—384 бет, суретті.

ISBN 5-605-00675-4

Халқымыз сүйген қаламгер, қазақ совет әдебиетінің классигі С. Мұқанов творчествосының тағлымды жақтарынан сыр шертер бұл кітапқа әдебиетіміздің негізін қалаушы М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сынды қаламдас-тұстастарынан бастап, Одақ көлеміндегі айтулы сөз зергерлерінің әдеби-сын мақалалары еніп отыр. Әдебиетіміздің барлық жанрында бірдей қалам тербеген сарабдал жазушымыздың әдеби ізденістеріне яғни творчестволық лабораториясына жете үңілген ғылыми мақалалар жинақтың құнын арттыра түсетіні сөзсіз.

С $\frac{4603020100-146}{402(05)-90}$ 173—90

ББК 83.3 Каз

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«Жазушы» баспасынан жыл сайын жүздеген кітап жарық көріп жататынынан хабардар боларсыз.

Сіз алдағы уақытта қай ақын-жазушының көптен ескерусіз қалып келген қандай шығармалары жариялануын қалар едіңіз?

Ақыл-кеңес тілек-өтініштеріңіздің кітап соңында көрсетілген адреске жолдауыңызды сұраймыз.

Үстіміздегі жылы «Жазушы» баспасынан төмендегідей жаңа кітаптар жарық көреді:

БИ АҒА (Бейімбет Майлин туралы естеліктер).
МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ. Шығармалары.
Зейнолла Серікқалиев. АҚ ЖОЛ. Әдеби сын.
МҰРА. Мақалалар, очерктер.
Шәрбәну Құмарова. ЖЕРДІҢ ТҰЗЫ. Роман.

